


821.512.122  
M86 -4  
к



ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ



9

+



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРАЛІГІ

# ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

А.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ «ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ»  
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

821.512.122 - 1 +



M86  
К

# ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

9

Мақалалар  
Зерттеулер  
Абай шығармаларына  
түсініктемелер



АЛМАТЫ "ЕЛ-ШЕЖІРЕ" 2011

УДК 821 0  
ББК 83\*3 Қаз  
М 80

**Қазақстан Республикасы**  
**Байланыс және ақпарат министрлігі**  
**Ақпарат және мұрағат комитеті**  
**«Әдебиеттік маңызы әдебиет түрлерін шын ару» бағдарламасы**  
**бойынша басып шығарылды**

Шығармалар жинағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында тайындалды

Жауапты редакторы филология ғылым ғылымының докторы профессор Тұрсын Құсқабайұлы Ахметов

**Пікір жазғандар**

С. С. Қирабаев ҚР ҰҒА-ның академигі филология профессоры

Р. Ф. Нұрғали ҚР ҰҒА-ның академигі филология профессоры

А. С. Еспенбетов филология профессоры


Коллажбалаар мен фотосуреттер «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» Қоғамдық қорынан алынған

Жинақты құрастырып баспаға тайындап түсініктемелерін жазған Ерғол Исламұлы Ибраһимов

**Мұхамедханов Қаным**  
**М 80** Контотмдық шығармалар жинағы IX том Алматы І т-шежіре ҚҚ  
2011 І 9 384 бет

ISBN 978-601-7317-06-5

Ғалым әдебиет сыншысы драматург Қайым Мұхамедхановтің көп томдық шығармалар жинағының тоғызыншы томына әдебиет тарихы өнер театр жайлы жазған зерттеулері мен мақалалары және Абай өлеңдеріне жазған ғылыми түсініктемелері еніп отыр. Қ. Мұхамедханов жаңа құрылып қалыптасып келе жатқан театр жұмысына белсене араласып, сыни мақалалар жариялап отырған. Абайдың өлеңдері мен поэмаларының мәтіндеріне ғылыми түсініктемелер жазу ғалымның ұзақ жылғы табанды еңбегінің жемісі. Ғалым терең энциклопедиялық біліммен және текстологиялықтығының канондық нәтижелерін басшылыққа ала отырып, Абай шығармаларының мәтін жеріне жеткізе зерттеп, бірігіп түсіруге ұмтылған. Аталған еңбек көптеген жылдар бойы тұрыс оқытмай, өзгеріске ұшырап жүрген Абай өлеңдерінің тұпқалығымен мен мәнін ашуға негіз боған.



УДК 821 0  
ББК 8373 Қаз

ISBN 978-601-7317-06-5

© Мұхамедханов Қ. 2011  
© І т-шежіре ҚҚ 2011

## БІРІНШІ БӨЛІМ

---

### МАҚАЛАЛАР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

#### Баймағамбет Айтқожаұлы (1870-1932)

Абайдың алдында ботып, ұлы ұстаз акынның өсиетін көп тындап, тағтым алған, талапты акын шәкірттерінің бірі - Баймағамбет Айтқожаұлы

Баймағамбет Абай мектебінің акыны деген атакты ақтаған адам Олай деймізге дәлел оның Абай шығармаларының үлгісінде жазған өлеңдері және Абайдан естіп, ұққан вақиғалар негізінде жазған дастандары ботады Баймағамбет Айтқожаұлының шығармалар жинағы жексе кітап ретінде 1915 жылы басылып шыққан Сондықтан Баймағамбетті Абай мектебінің акыны дейміз Баймағамбеттің толық өмір тарихы зерттеліп, жазылған емес Акын жайында аздаған шағын мәліметтер ғана бар Сол мағлұматтарды келтірейік

Бірінші, «М О Әуезовтің қолжазба мұрасы» («М Әуезов архивінің ғылыми сипаттамасы») деген, 1977 жылы басылып шыққан кітапта Баймағамбет туралы Сапарғали Бегалинның шағын мәліметі жарияланған Онда С Бегалин былай дейді «Мен көргенде, Абай әңгімесін жап-жақсы білетін кісі Баймағамбет Айтқожаұлы еді Ол кісінің әдебиеттен де хабары бар болатын, ол қазір тірі кісі Солардан әлі де болса, толығырақ жинау керек»

Абай туралы Баймағамбет Айтқожаұлының айтуынан (Тобықты, Шыңғыс елінің) «Абайдың бір мінезі өзі бір нәрсеге бет қойып кіріспеуші еді Егер кіріссе, ол нәрсенің үткен-кышкісіне, жақсы-жаманына қарамай, соны іске жаратуға құмар еді Егер кезі келіп біреуге қалжыңға тірелсе де, соны бір қайтармай қоймаушы еді»

«Абайдың өзі көңілі түссе, бала демей, аянабай ойнап отыратын мінездері болушы еді». – деп айтар еді. Жінаған Бегалықты Сапарғали (50-60 бет)

Сапекеннің Баймағамбетпен кездесіп, әңгімелескен уақыты 1930-1931 жылдар шамасы болса керек. Бұт мағлұматтан Баймағамбеттің Абайды аса жақсы білетінін көреміз.

Екінші, «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары» (1959) деген кітабында. Әбіш Жиреншин Баймағамбет Айтқожаұлының туған жылын – 1865 деп, өлген жылын – 1932 деп көрсетіп: «Абаймен аталас Бөкен руының адамы. Абай ауылына келіп, апталап жатып, ұлы акынның өсиетін тыңдап, көп тағлым алады...» (2 бет). – деп, мағлұмат береді.

Үшінші, 1962 жылы Абай ауданына барған сапарымда Баймағамбетті жақсы білетін Тілек Орынбаев ақсақалға жолығып әңгімелескен едім. Тілек ол кезде Қасқабұлақта тұратын. 79 жастағы қарт адам еді Баймағамбет жайында сөз қозғағанымда, оны ерте кезден жақсы білетінін айтып келіп, Тілек былай деді: «Сіздің Баймағамбет деп отырған адамның шын аты Баймұхамед болатын. Оны ел Баймағамбет деп атап кетті. Баймағамбеттің әкесі Айтқожа. Тобықты ішінен Бөкен атадан. Бөкен дегеніміз: Шаһкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» кітабында аталатын: Қалқаманмен бір туысқан – Байбөрі деген адам

Баймағамбет мұсылманша жақсы сауатты, көп оқыған, көп білетін, сөзге жүйрік, акын адам еді Абайды көрген, Абайдан көп өнеге алған адамның біреуі осы – Баймағамбет. Оның Абай туралы, тағы басқа өлеңдері болатын Баймағамбет 1932 жылы, 62 жасында, Семей қаласында қайтыс болды».

Тілекеннің айтуына қарағанда, Баймағамбет Айтқожаұлы 1870 жылы туған болады. Баймағамбеттің өмір тарихынан біздің білетініміз осы айтылғандар.

Акынның өлеңдер жинағы 1915 жылы, Семей қаласындағы «Ярдам» («Жәрдем») серіктігі баспасынан басылып шыққан. Жінақ кітабы былай аталады: «Шың мақсұттар». Шығарушысы, таратушысы: Шығыс елінің Баймағамбет Айтқожаұлы.

*Семипалатинск.*

*Типография Т-ва «Ярдам». 1915 г.*

Жинаққа акынның тоғыз өлеңі, екі дастаны кірген. Шығармалардың жинақтағы басылу ретіне қарасак, Баймағамбет өлеңдер жинағын жариялауда алдына айқын мақсат қойғаны байқалады. Сондықтан жинағын «Шын мақсұттар» атаған.

Жинақ кітабының беті «Ескі акындар» деген өлеңмен ашылады.

Қисса жазған акынның өлеңдері,  
Пәлен бай, пәлен батыр дегендері, –

Оқу шының әп сәтте оты қайтып,

Балаға да мәлім ғой төмендері, – деп, мақтау өлең айтып, «Сөз қадірін кетірген» акындарды Абай өлеңдерінің үлгісі бойынша сынайды. Осыдан кейінгі өлеңі «Абай қандай» деп аталған.

Кешегі айтылған Абай сөзі.

Әркімнің мәлім болды сыр-мінсі.

Білмегенге қараңғы қайда жүрсе.

Білгендер әдетінен болды мезі, – деп, Абайдың ақындық қасиетін жырлайды.

Осы ескі өлеңнен кейін «Мың бір түн» ертегісінің бір уақиғасы негізінде жазылған дастаны келеді. Баймағамбет «Мың бір түн» уақиғасын әуелде Абайдан естіп қанған.

Тұрағұл Абай баласы былай дейді:

«Өзім көргенде, «Мың бір түннің» кітабын оқып, алғашқы біздің елді «Мың бір түнмен» таныстырған менің әкем», – дейді. (Абай. Толық жинақ 1933 ж., 397 бет).

«Мың бір түнді» ең алғаш Абайдың аузынан естіп, құлағы қанған адамының бірі, әрине Баймағамбет болған. Ол «Мың бір түн» кітабын өз көзімен көріп, оқыдым демеіді: «Бұрынғы бір ескі сөз құлақ қанған» дейді, яғни естіп білгенін айтады. Абайдан естіген әңгімесінен акын тілімен суреттеп жазуды мақсат етеді.

Бұрынғы бір ескі сөз құлақ қанған.

«Ғалайтқын Ғабдысамат» деп атанған.

Өзгертіп ортасынан сөзін бөліп.

Алдына оқу шының қайта апарған.

Оқушының естіген бәрі білер.

Демейміз құмар болып қайта тілер.

Жазу шының мақсаты қандай екен.

Алдыңнан анық сынап, байқап жібер.

Мерх ерттей қатарлап тізген қаріп,  
Оны да қараңыздар бір аударып.  
Басушыдан тілеймін қатасызың,  
Жаңылмай ретімен қойса апарып.

Бір ертекті бөлдім де жаздым қысқа,  
Ұзын сөз ұнаулы емес біздің тұсқа.  
Жазуға, басуға да ынғайлы боп.  
Қосылар бас-аяғы сонымды ұста..., дейді.

Ақын дастанның максатың, жазылу жайын баяндай келіп,  
уақиға кіріседі:

Айтпақ сөзім осы еді «Мың бір түннен»,  
Көрі ертек баяғыдан әркім білген.  
Мағлұм бәріңізге Мәжіт бай,  
Бұлайша бұрын бірақ айтпай, –  
деп бастап, Мәжіттің асқан байлығын сипаттайды. Қартайғанда  
көрген жалғыз ұлының атын Ғалайтдін Ғабдысамат қойған  
екен. Ғалайтдін алты жасынан бастап оқу оқып, өнер, білімге  
жетік жігіт болады.

Әсем үшін оқытты әрбір тілді.  
Борекелді дегендей ғылым білді.  
Бұл күндерде он беске жасы толды,  
Оқуменен өткізді тоғыз жылды.

Скрипка тізіліп гармондары,  
Адам тимей қозғалып органдары.  
Ән салған. ат жорғалап, ер күресіп.  
Не кылса да келеді дәріктері.

Сөйтіп, Ғалайтдін сегіз қырлы өнерпаз: музыкант, әнші, әрі  
ер жүректі жігіт болады. Оның адамгершілігін ақын былай су-  
реттейді:

Адамдарға сөйлеген өңі жылы.  
Дүниенің безенген түрлі гүлі.  
Жұмсақ мінез, жылы сөз, құрбысына  
Қошаметті шын мырза дейді мұны, –  
дей келіп, оның тағы бір мінезі: «Қатерлі іске ерлігі қатты  
құмар», – дейді.

Дастанның бас кейіпкерін сипаттай келіп, ақын енді нағыз  
уақиғаға көшеді. Ғалайтдін отыз жігіт жолдас алып, Балсұра  
шаһарынан саяхат сапарына аттанады.

Аттарын, азаматын алған таңдап,  
Жау қайдалап жастар да жүр жаутаңдап.  
Қару -жарак, азығы төрт пар атта.  
Нар түйеге теңдеді қаз-қатарлап.

Бұлар таныс емес жолда адасып, зәңгілерге кез болады.  
Зәңгінің кез болыпты қалын жауы,  
Оған жоқ кез келгеннің алынбауы.  
Оларға адам қаны судан арзан,  
Үйректен оңай болар бауыздауы.

Әскерге толған екен тау мен тасы,  
Бұршақтай домаланған адам басы.  
Бәрін де мал мен жанның қалды басып,  
Құтылды басшы менен байбатшасы.

Сөйтіп жолдастарының бәрі қырылып, тек көшбасшы Камалітдин мен Ғалайтдин екеуі ғана аман қалады. Бұл екеуі бет-бөстімен қашып, тау-тасқа тығылады. Ғалайтдин бір жұмадай ауыр азап шегеді.

Су ішті, жуа жеді бір жұмадай,  
Қайтпеді аш-жалаңаш зар жыламай.  
Осы өзен құятұғын Бағдатқа,  
Тоқтай тұр, ендігісін көп сұрамай, –  
деп ақын бұл арада шегініс жасап. Бағдат шаһарын, оның патшасы һарон Рашидті, патшаның уәзірін, ақынын, мінезін суреттеп кетеді. Бұдан кейін барып Ғалайтдиннің Бағдатқа келген жайы суреттеледі.

Бағанағы зарлаған бала қайда,  
Келерлік мезгіл болды бұл маңайға.  
Ханның жайы айтылды уәзірмен,  
Жазушы бишараны қозғамай ма.

Сегіз күн дамыл алмай жүрді ұдай,  
Уақыт жоқ еркелейтін бұрынғыдай.  
Бағдаттың осы айтылған қаласына,  
Әкеліп кездестірді оны Құдай.

Көрінді қараңғыда жарк-жұрк.  
Ентелеп келе жатыр жылдам жүріп.

Түн ортасы болғанда эсер жетіп,  
Бір жерге құлай кетті дымы құрып, –  
деп. Ғалайтдиннің жатқан жері, қаланың түнгі көшесі суреттеледі.

Ендігі уақиға Бағдат қаласында өтеді. Ғалайтдиннің Хасан деген ишанмен жолығып сырласқаны, не себеппен Хасанның үйінде болып, оның қызымен танысқаны баяндалады. Сөйтіп, дастанның екінші бас кейіпкері Хасанның қызы – Зүбайдәтіл Ғауида болып шығады.

Бұл қыз да, Ғалайтдин сияқты оқымысты, өнерлі, музыка тілін терең білетін болады. Ендігі уақиға желісі, осы өнерлі екі жастың арасындағы махаббат мәселесін суреттеуге арналған.

Бұрын бірін бірі білмейтін қыз бен жігіттің махаббат сезімін тебіреніп оятқан, екеуін бір-біріне ынтық еткен – музыка, ән – күйдің, әсері болады. Ғалайтдин өзінің ішкі сырларын, көңіл күйін ән-күй арқылы мәлімдейді.

Бәйт соқты, ән косты күйін тартты,  
Салған сайын бірінен бірі артты.  
Бойы балқып естіген жылағандай,  
Өзінің көбінесе мұңын айтты.

Басында бай болғанын, мырза екенін,  
Мәжиттің бай Балсура ол мекенін.  
Жау тонап, жаяу қашып, бейнет көрген  
Қайғылы өзін қосып мұңда екенін.

...Қыз естіді, таң қалды тартқан күйді.  
Жып-жылы құлағына майда тиді.  
Дене жібіп, қозғалды тамыр соғып.  
Тамылжитты шырқаған әнін сүйді.

...Қыз денесі от болып елжіреді.  
Көздің жасы толықсып мөлдіреді.  
Көтерген зарлы күйге шақырғандай,  
Есікке екі көзі телміреді, –

деп, жігіттің ән-күйінен әсері әдемі де көркем суреттеледі

Оқушы қауым дастанды өздері оқып, танысқаны дұрыс шығар. Ақын дастанының идеялық-көркемдік қасиетін, махаббатқа, өнер-білімге, табиғат суреттеріне арналған

өлеңдерінен айқын аңғарамыз Дүниедегі ең күшті мәселенің бірі – махаббат деп білген акын:

Махаббаттын байқаңыз күші қандай,

Максұтына қу жанын ұшырғандай.

Екі көңіл шынымен сүйіскенде,

Болады оны айырған кісі қандай?! –

деп. махаббаттың қадір-қасиетін мадақтайды. Табиғат көріністерін суреттеуге келгенде:

Тал көктеп, қайын ақтан киім киіп,

Керіліп, кербезденіп басын ііп.

Ақ жібек те оралып арқасында.

Жемістер салбырап тұр жерге тиіп.

Көк құрақ сылдырласты, сынқыл қағып,

Басына үлгілдекпен үкі тағып. –

деп өсімдіктер дүниесіне жан бітіріп, өрнектеп суреттейді.

Баймағамбет ән-күй, жалпы музыка өнерінің қасиеттерін сипаттауға арналған өлеңдерінде, белгілі музыкант, әнші, акын Мұқа Әділхановтың шығармаларынан үлгі алып отырғаны. Мұканың іргі әсері анық байқалады.

«Мың бір түн» ертегісінің, Абайдан естіген қызықты бір тарауын, өзінше өлең кылып жырлаған Баймағамбеттің «Ғаламтдин Ғабдысамат» атты дастаны – талантты акынның, әдеби маңызын жоймайтын, көлемді көркем шығармасы.

Бұдан кейінгі шағын дастан – «Софы Аллаяр». Акын дастанын былай бастайды:

Және бір көңілдегі сөздің басы,

Іші ұзын, сырты қысқа ең ұйқысы.

Софы Аллаяр екенін қандай адам,

Жазушының білгізбек бар ынтасы.

Бір күнде қарайды екен Бұхар ханға.

Атағы жерді жарып, шықты аспанға.

Аллаяр – осы ханның бір сұлтаны,

Жол бермей жеке шыққан таласқанға.

Асау төре әшкере елге атанды,

Биледі сұлтан болды бірқатарды. –

деп. Аллаярдың қатал мінезді, қаһарлы сұлтан болғанын, жазықсыз жандарды жәбірлеп, ұрып-соғатын озбырлығын айтады. Дастанның енді бір кейіпкері былай суреттеледі:

Сол заманнан мәлім ғой Ғұбайдолла,  
Ғылымның көзін ашқан жалғыз молла.  
Өні жұмсақ, жылы жүз, майда сөзді.  
Сылып-сылып салады елін жолға ...

Уақиға: ғалым молла Ғұбайдолланың «асау төре» Аллаяр-  
мен қандай халде кездескенін суреттеуден басталады:

Базарға біреу барып, тері сатты,  
Асау төре кез болып, ұстап апты.  
Ұрды, соқты, қолынан алды жұтып,  
Хазірет тәнір айдап кез боп қапты.

Келсе бір жаңа шәкірт – жас баласы,  
Қан ағып анадайдан бас жарасы.  
Шапағат рахымы түсіп кетті,  
Төре ұрған мәлім болды ақ-қарасы

Уатты, сабыр қыл деп сылап-сипап,  
Мейірімді шын демі кетті құлап  
Төрені мінезінен жеркендір деп,  
Аллаға дұға қылды, кешу сұрап.

Сөйтіп, хазірет зұлым төрені «мейірімді, рахымды қып,  
көңілін жұмсарт, жүрегін нұрға толтыр» деп Алладан тілек  
тілеп, дұға қылады. Ғұбайдолланың тілек-дұғасының қабыл  
болғаны. Аллаярдың жүдеп-жадап, мүсәпірлік күйге түскені,  
Құдай үшін деп, кешірім сұрап, хазіреттің алдына келгені, одан  
бата алғаны баяндалады.

Аллаяр аксарбас айтып, елінен кешірім сұрап, мешітке ба-  
рып тәубесіне келеді. Сөйтіп, «тентек төре» Софы болады:

Софы Аллаяр атанып, болды сопы,  
Махаббатпен дуылдап ғашық оты.  
Қараңғыда жарқ еткен жалғыз ердің,  
Кітаптарын кара да, сөзін оқы.

Маңынан шайтын лағын жоғалыпты,  
Кіршіктей таза жүрек ағарыпты.  
Қиямет қайымға ше қалғандай ғып,  
Төрт кітап матнаме шығарыпты –

деп, дастан осылай аяқталады.

Аллаяр софы, 18 ғасырдың орта кезінде өмір сүрген,

мұсылман әлеміндегі әйгілі софы ақындардың бірі. Оның «Ғазизаға бағыштау» деген шығармасында: төрт пайғамбарға Алладан келген төрт кітап аталып айтылады. Ол кітаптар: Мұсаға келген кітап - Тәурат, Дәуітке келген - Зәбұр, Исаға (Ғайсаға) келген - Інжіл және Мұхаммед пайғамбарға келген кітап - Құран

Баймағамбет ақынның «Төрт кітап шығарыпты» деген сөзі осы аталған кітаптарға байланысты болады. Аллаяр софының кітабы, қазан төңкерісіне дейін, қазақ арасына да тараған. Абайдың зер салып, терең зерттеп оқыған көп кітаптарының бірі - Аллаяр софының шығармасы болғаны белгілі.

Абай өзінің «Кітап тасдық» деп атаған философиялық трактатының ғибадат туралы түсінік беретін жерінде айтқан өз пікіріне дәлел ретінде, Аллаяр софының ділмәр сөзін (афоризм) мысалға атады «Шәкірліктен ғибадаттың бәрі туады. Енді зипһар ғадаләт, шапағаттан босамандар. Егер босасаң, иман да, адамдық та, һәммасы босанады. Аллаяр софының бір фәрәддән жиз фәрәдә бижай деген басына келеді», - (38-сөз) дейді.

Баймағамбет ақын «Софы Аллаяр» дастанын Абайдан естіген әңгімесі бойынша жазған деуімізге де болады «Кітаптарын кара да, сөзін оқы» дегеніне қарағанда, Баймағамбеттің Аллаяр шығармаларымен таныстығы байқалады.

«Шын мақсұттар» жинағында, «Софы Аллаяр» дастанынан кейін, ақынның жеті өлеңі жарияланған. «Өзіміз үшін қарыздар» атты өлеңінде: «Бұрылмай жолмен жүріп, ізде Алланы», - деп мұсылмандық қағидасын насихаттайды. «Өмір суреті» деген өлеңінде жаратылыс дүниесін өзінше суреттей келіп,

Бұлардың жайын білер ғылым өлшеп,

Ойды қозғар, ойлансақ бойды теңеп.

Адам ойы жетерлік терен теңіз,

Оқымай махрұм қалған өзіңе есеп, -

деп қорытады. Енді бір өлеңінде: байлыққа тойымсыз нәпсі, ашкөздік, қанағатсыздық мінездер сыналады.

«Өтер өмір» өлеңінде: бодандық мәселесін, әшкерелеп, ашып айта алмаса да, емеуірінмен мысалдап сөз ете келіп,

...Жамандық жақсылыққа тез жетеді,

Еркін жетіп алған соң еңіретеді.

Бүгін озған тұрмайды үнемі озып,

Аяндап асығыссыз о да өтті, -

деп жамандықтан өмірі ұзақ болмайтынын айтады.

Баймағамбет ақынның саяси-әлеуметтік көзқарасын – «Тұзу жол» деп атаған өлеңінен айқын көреміз. Ақын бұл өлеңін: қиын-қыстау тар заманда, ұлт-азаттық жолындағы күреске басын байлап шыққан. Әліхан Бөкейханов бастаған, алаш көсемдеріне арналған:

Құдайың бол деп еді кімге көмек,  
Пайғамбар хадисінде айтты не деп:  
– Миллат үшін жиналған адамдарға,  
Бол деді өлгеніңше соған себеп.

Отыр ғой Орынборда «казак»<sup>1</sup> жылап,  
Мұқтаж ғой былтырғыдан биыл тым-ақ.  
Бір келіп жұмасына мұнын шағып,  
Ғарызын естімейді біздің құлақ.

Айғайлап ана жылдан «Қыр баласы»-,  
Көрініп көкіректе тұр жарасы.  
Неше жыл жалғыз жүріп жаһан түзде,  
Жолдастың көрінбейді бір қарасы.

Үш-төрт-ақ адам екен айналасы,  
Олардың ішінде жоқ бай баласы.  
Максұтын талаппенен іздегенде,  
Ұялар ақша деген қайнағасы. – дейді ақын.

Патша заманында, Алаш қайраткерлерінің тура аттарын атап, олардың ерлік күресін суреттеп, көсіле жазу мүмкін емес еді. Алайда осы өлеңінің өзінен-ақ, ақынның идеялық ой-пікірін анық түсіне аламыз.

Сөйтіп, Баймағамбет, Шаһкәрім, Көкбай, Тұрағұлдармен бірге, Алаш көсемдерінің жолында болған ақын екенін көреміз.

«Өзіме білінеді кәрілігім» деп басталатын соңғы өлеңінде, ақын жеке басының мұнына қоса, Ресей империясының отарлау саясатының салдарынан береке-бірлігі кетіп, жер билігінен айырылып, зорлық-зомбылықтың қасіретін шегіп отырған елінің кайғысын шертеді.

<sup>1</sup> 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап, Орынборда жұмысына бір рет, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар шығарып тұрған «Қазақ» газетін айтады.

<sup>2</sup> «Қыр баласы» - Әліхан Бөкейханов – Қ.М.

«Шың мақсұттары» кітабы 1915 жылғы басылымы бойынша, өзгеріссіз жариялап отырмыз. Ақынның шығармаларына өзі қойған атаулары да сақталды. Бұрынғы басылымында қате басылып кеткен кейбір жеке сөздер, өлең жолдарын түзету мүмкін болмағанын ескертеміз.

*Алғы сөз. «Шың мақсұттар»*

\*\*\*

## Айтыс

Отан соғысы кезінде біздің кеңес әдебиеті, көркем өнер онан сайын өркендеп өсіп, ел тілегіне сай іс істеп, халық алдындағы, Отан алдындағы, майдан алдындағы борышын абыроймен ақтап отыр.

Ел бақыты үшін, ұлы Отанымыздың тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан ерлеріміздің, еңбек ерлерінің данқы жер жарған ерліктері біздің қалам қайраткерлерін, халық ақындарымыздың талантын онан сайын арттырып, терең мағыналы көркем шығарматар, өлең, жырлар, батырлық дастандар жазуына бой ұрғызып, қиялын шырақтатты.

Халық ақындары - қан майданда халық үшін толарсақтан қан кешіп жүрген жауынгерлердің ерлік бейнесін көз алдына елестетіп жырлаушылар. Халықтың қуанышына қуанып, күйінішіне күйініп, көңіл күйін шертуші шеберлер. Еліміз оларды сондықтан да ардақтап, лебізіне ынтық боп сағынып отырады. Ел басына ауыр күн туып, ер басына сын туғанда халық ақындары да қалың елмен бірге қаламын найза, өлеңін оқ етіп, жауға қарсы аттанды. Ұлы Отанымыздың азаттығы үшін ерлік күресте бар өнерін, бар жігерін салып, еңбек стуге. Ақындарымыздың өшпес өлеңдерінде халық үшін құрбан болған панфиловшы 28 қаһарманның ұмытылмас ерліктері, ардақты аттары мәңгі сақталмақ.

Қазақтың ер ұлы Төлегеннің, Сыпатайұлының, Мәншүк батырдың және Гастелло сияқты ерлердің аттары ақын жырының арқауы болып отыр. Ақындарымыз данқы жер жарған қазақ батырлары Мәлікті, Бауыржан Момышұлын өздерінің жалынды жырына бөлеп отыр. Халық ақындары әлеумет ұраншысы. Олар жауды тез құрту жолында жанаямай еңбек стуге, еңбек өнімін онан сайын арттыруға бүкіл бұқараны жұмылдыруда.

Отанымызға зұлым жаудың кара күші қаптап, жау зеңбірегі зіркілдеп, жер тітіретіп, көкті күңірсенткен күнде ақындарымыздың да қаны қайнап, опасыздық жасаған дұшпанға ыза, кек жырын нөсерлетті. Олардың домбырасының күйі де өзгерсе қалды. Жырынан жауға қаһар шашты. Өткір тілін жау жүрегіне қанжардай қадай жырлады.

Халық жырының алыбы Жамбыл бастаған казак ақындарының жауынгерлік жырлары жаудың өзегін өртеп, ел мерейін үстем етіп отырғаны әлемге мәлім. Сондықтан да халық ақындарының өнерін бұрынғыдан да өркендеуіне зор маңыз беріліп, кең жол ашылып отыр. Қауіпті жаумен қан майданға түсіп, өмір не өлім күресі басталған күндерде қазақтың айтысы үдей түсті.

Айтыс – казак халқының атам заманнан бері келе жатқан ақындық өнерінің ең өткір, ең алғыр, ең ұтымды бір түрі болатын. Айтыс – ауыз әдебиетінің ең күшті саласының бірі.

Айтыс – ақынның ақындығын, қиялының ұшқырлығын, ақылының көлемін, ой-өрісін, тіл орамдылығын, тапқырлығын сынайтын бір сын кезеңі.

Айтыс көрінген ақынның қолынан келмейді. Айтысқа өзіне-өзі сенімді топтан торай алғызбаймын деген саңтақ, жүйрік ақындар ғана түседі.

Айтыста – орамды өткір тілді, қияннан қиясын тауып кететін, қиялы шынға өрлеген өрен жүйрік, ақиқатты шын мәнісінде суреттейтін ақын жөнеді.

Қазіргі айтыс халқымыздың күнделікті өмірінің, тұрмысының бейнесін бұлжытпай тап басып, дәл айтатын болғандықтан, жұртқа өзгеше жақын, елдің өз өмірінің жыры. Сондықтан айтыстың саяси, тәрбиелік, үгіт насихаттық қасиеті күшті.

Семей облысы ақындық жөнінен бүкіл Қазақстандағы алдыңғы қатарлы облыстың бірі. Біздің облыста Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл данасы Абай туған. Алдымыздағы болғалы отырған Абайдың туғанына 100 жыл толатын мерекесіне қазақ халқы, бүкіл Қазақстан болып даярланып жатыр.

Сол Абайдан үлгі алып, жолын қуған 15-тен астам халық ақындарымыз бар. Олардың ортасында Қазақстан көркем өнеріне еңбегі сіңген қайраткер ақын Нұрлыбек, ертеден белгілі қарт ақын Төлеу, Сапарғали ақын және композитор Шәкір Әбенов, Дүйсекеев, Әмірсенов, Есенсары секілді ақындарымыз бар.

Осы ақындарымыздың көпшілігі облыстық айтысқа қатысты. Өздерінің аудандарының, колхоздарының, өндіріс орындарының Отан соғысы күндеріндегі табыстарын жырлады. Майдаңдағы, елдегі еңбек ерлерін, даңқты адамдарын шаруашылық және мәдениет майданындағы өнегелі істерін ақындық асыл сөзбен ел алдында әйгілі.

Сонымен қатар айтысқа түскен аудан, колхоз, өндірістердің кемшілік жақтарын сынады. Сөйтіп, айтысқа түскен облысымыздың белгілі ақындары айтыстың асқан әсерлі күшін көрсетті. Майдаңға көмекті онан сайын күшейтіп, жеңіс күнін жеделдетуге. Қазақстанның 25 жылдық мерекесін, Абай мерекесін мақтан етерлік табыстармен қарсы алуға, алдымыздағы егіс науқанын ойдағыдай аяқтауға облыс еңбекшілерінің назарын аударды.

Облыстық айтысқа түскен ақындардың айтысын қорыта келіп, арнаулы комиссия айтыста көзге түскен әйгілі қарт акын Төлеу Көбдіковке, республикамыздың көркем өнеріне еңбегі сіңген қайраткер Нұрлыбек Баймұратовқа және айтыстың құрметті білі, облысымыздағы ең қарт акыны Нұрғали Тұңғатаровқа ат бастатқан бағалы сыйлық беруді, акын Сапарғали Әлімбетовке, Тәнірберген Әмреновке, Есенсары Құнанбаевқа, Рахымбай Дүйсекеевтерге сныр бастатқан бағалы сыйлық беруді ұйғарды.

Осы жайларды еске ала отырып, еңбекшілер депутаттарының Семей облыстық совет атқару комитеті айтысты өткізу жұмысына белсене қатысқаны үшін Қырықбаев Сәдуақас (Жарма), Әсенов Омар (Аякөз), Ахметов Рахымжан («Қоғам бірлік» колхозінің председатели), тағы басқа жолдастарға алғыс жариялап, бағалы сыйлықтар тапсырды.

Ақындарымыз айтыстан кейін көктем егісін сапалы өткізу үшін, колхозшыларға көмектесуге аттанды. Ақындар айтысын ауыл мен ауылдың, колхоз бен колхоздың, өндіріс пен өндірістің арасында үнемі өткізіліп отыруға көңіл бөлу керек.

Біздің акын жазушыларымыз, халық ақындары өздерінің ақыл-ойын, өнер білімін зұлым жауды жеңу ісіне аянбай жұмсауда. Ендігі жерде халық ақындарының айтысын бұрынғыданда жақсы ұйымдастырып, сапалы өткізетін болайық.

*«Екінді», 30.03.1945 жыл.*

## «Әдебиет және искусство» журналындағы кейбір құнсыз шығармалар

«Әдебиет және искусство» журналының 4-санын қолыңызға алғанда ең алдымен «Әдебиетіміздің жиырма бес жылы» деген бас мақаланы оқисыз. Бұл бас мақалада қазақ совет әдебиетінің 25 жыл ішіндегі табыстары айтылады. Әрине, қазақ совет әдебиеті 25 жыл ішінде елеулі табыстарға ие болғаны белгілі. Бірақ бұл мақалада жалпы «табыс» деген сөздің шеңберіне акын - жазушылардың жазғандарының бәрін әкеліп сыйғызған. Талғаусыз, таңдаусыз «бірақ жауап» берген. Акын-жазушылардың аттарын тізбектеп, шығармаларының аттарын шұбыртып тіркеп өткен де осының бәрін – «табыс» деп атаған.

«Іргелі ақындарымызбен бірге Қуандық Шанғытбасов, Ілияс Есенберлин сияқты жас ақындарымыздың күрделі еңбек бергендіктері – қазақ әдебиетінің жас кадрларының жақсы өсіп келе жатқандығын көрсетеді» – дейді, осы мақалада. Акын, жазушыларымыздың еңбектерін дұрыс бағалап, әділ сынап, жетіскен жактарын атап көрсетіп, кемшіліктерін айтудың орнына орынсыз мақтау «іргелі акын», «күрделі еңбек» деп даурығу сияқты жауапсыз пікір айта салу әдетке айналған. Осындай жаман әдет, әдебиетіміздің өсіп, өркендеуіне кесел келтіретін зиянды әдет – біздің Қазақстан жазушыларының арасында етек алып кеткені, бұл әдеттің аяғы Орталық Партия Комитетінің «Звезда», «Ленинград» журналдары туралы қаулысында көрсетілген кемшіліктер мен қателіктерге әкеп соққаны айқын.

Алексей Максимович Горький совет жазушыларына әлдеқашан мынаны ескерткен болатын: «Бізде әдебиет жұмысын тұманды көмескі атпен «творчество» деп атау әдет боп кеткен. Менің ойымша бұл зиянды сөз. Өйткені, ол сөз әдебиетші мен оқушының арасында қалай да бір айырмашалық тұғызады: оқушы адам таңқаларлық жұмыс істейді, ал, жазушы ең жоғары сатыдағы әлдеқандай өзгеше жұмыспен шұғылданып, соны жасайтын («творит» ететін) сықылды, кейде бұл сөз гипнозалық әсер етеді. Бұдан әдебиетшілердің жана дүние құратын жалпы союздық армияның қатарынан шығып «жрецтердің» өзгеше бір аристократтық группасы болмаса онан гөрі түсінікті сөзбен

айтқанда көркем өнер топтарының группасы болып кету қаупі туралы» (М. Горький «Проза туралы» 1933 ж.).

Біздің жазушылардың арасында не жазса соны «творчество» деп мадақтау, бірін-бірі дәріптеп орынсыз көтеру, тіпті біріне-бірі бас іліп «табыну» сияқты дөрескі мінездер бар.

«Әбділді. Қапан сынды алған ірге,  
Ақындар жазса шығар бөтен түрде.  
Тілеме менен сөздің кызыл гүлін.

Біз бір жан сол өлеңге әзір кірме...» – деп Ілияс Есенберлин «Сұттан» деген поэмасының басында Әбділді, Қапанға «табынып», бас иеді. «Сыйға сый» дегендей Қапан да Ілиястың бұл мадақтауын еске алып, оның «Айша» поэмасына жазған «Сөз басында» орынсыз мақтап:

«Сонан соң ол (Ілияс) кейбір ақындар секілді, немісті онбаған жау, сұмырай деп жаман сөзбен жалпылап сыбамай немістің зұлымдық сипатын дәл бергендей өзінше тсңеу табады

«Семіз неміс бассан кетер жарылып.

Қаңдаладай қаңға тойған быртытқан ... – дейді. Неміске жаңа образ береді» дейді. Мақтағанның жөні осы, деп жауапсыз айта салған. «Семіз неміс», «Қаңдаладай быртытқан» деген сөзді естілмеген жаңалық екен, ел таңғала қояр ма екен?!

Біз бұл мақалада жоғарыда айтылған «Әдебиет және искусство» журналының 4-санындағы кейбір шығармаларға тоқталмақпыз. Бас мақаладан соң Қуандық Шанғытбасовтың – «Арма, республикам!» деген өлеңіне кездесесіз. Бұл өлең Қазақстанның 25 жылдығына арналған. Өлеңнің ең алдымен таңырқататын аты «Арма, республикам!». «Арма» деген сөзге аз бөгеліп отырасың да, ақынның «жаналығын» қайдан келген «жаналық» деп ойлайсың.

«Дегенге, арма жібек, арма Жібек,

Түйедей ботасы өлген зарла Жібек» – деген «Қыз Жібек» операсындағы. Бекежан есіне түседі. «Арма» деген сөздің, қазақ тілінде қазір қолданудан шығып қалған көне сөз, архаизм екенін табасың. Ақынның мұндай «жаналығына» таңғаласың. Ақын Қазақстанның 25 жылдық мерекесін өзінше құттықтамақ болған. Бірақ, ақын өз елін білмейді. Қазақстанда жасамаған көктен түскен адам сияқты: «Арма, республикам!» деп, айғай сатып амандасады. Өлеңінде не мағына, не көркемдік жоқ. Оқушы түсіну былай тұрсын, оқып шығудың өзі қиын. Өзінше жаңа түр тұғызам деп өлеңнің қасиетін кетіреді.

25 жыл өмір сүріп отырған социалистік Қазақстан мүлдем көрінбейді «Женшетай, сабаңа құйшы қымыз», «Тайларыңды ерттеші жеткіншектер», «Той бастарға дайында, ер жігіттер» деген сияқты бос сөздерді қайталай береді. Бұл өзімен-өзі болып орынсыз мақтанған елігіп өмірден қалып қойған дандайсыған ақынның «шығармасы»

Бұл журналда М. Тауұлының – «Жыртық дәптер» деген шығармасын оқымыз. Тауұлы:

«Ол тірі. бар бұл өмірде.

Өлген ажал – ол емес», – деп ағылшын әдебиетіндегі романтизмнің уәкілі Шелли (1792-1822) деп эпиграф алады да әңгімесіне кіріседі

«Бала көтерген қарт ана мен Оқжетпестің етегінде міне осымен екінші рет ұшырасып отырмыз» деп бастайды. автор. «Өткен жолы да осы арада. Бұрабай көлінің жағасында, бөбекті әлділтегендей, баяу ғана ыңқылдап отыр еді», дейді. «Бүгін де сол орнында. Бірақ, бұл жолы бөбексіз отыр. Тек Оқжетпеске телміре қарап қалыпты». Иесіз далада егіліп отырған кемпір: көкрек керіп қатты күрсінді де: мен бір шерлі жанмын шырақтарым. Әңгіме сұрап не қыласыңдар менен», – деп мұнаяды. Автор: «Неңдей қайғы, анажан тым болмаса естелік» деп қолқа салады.

– Жоқ, жоқ шырақтарым қинамаңдар. Баласы көрген ауыр азапты айт, деп анасынан сұрамас болар. Айта алмайды сұмдықты ана деп. – ана безек болады. Бірақ, Тауұлы ананың қайғысын білуге құштар. Ақырында болмаған соң ана сырын айтады. Бұлар енді «аласа қоныр үйдің сыртында отыр».

– Назымжан, құрбыларыңа ас әзірле, – дейді ана келініне.

Автордың қолына «тозығы жеткен ескі дәптер» тиеді. Енді ескі дәптер сөйлейді. «10 сағат. Небары 10 сағат. Содан кейін мен жоқпын. Аттай тұлап, көңілді көкке өрлеткен ерке жүрегім соғуын мәңгі тоқтатады.. Мен өлікпін» Автор қолына тиген ескі дәптердегі «Солдат сырын» оқи бастайды. Онда жаңағы ананың баласының (Мұраттың) жау қолында өлім алдында жазғандары. Жаудың көрсеткен ауыр азабын баяндайды. Төсіне темір қыздырып басқаны, тісін сындырғаны, т.т. азаптар. Ол біресе қиялданады. Талықсыйды. Қиялмен Оқжетпестің басына да шығады. Өткен өмірін елестетеді. Әскерге кетерде анасына сүйгізбей кеткенін арман етеді. Автор ескі дәптерден адам шошыйтын ауыр халдерді оқып отырады.

– Қайран құтыным-ай! – деп ана зарланып отырып тыңдайды. «Көз. Қайғылы ана көзі – бұдан аянышты не бар екен», деп автор әрі қарай оқи береді.

«Жас жарым катып барады артымда, ойламай қалай тұрармын, қолыңда қаршадай перзентім қалып барады. Оны қалай ойламайын... әкең қайда, байғұс бата. Қандай халде жатқанын білесің бе сен. Таныр ма едің көрсен. Танымас едің. Шошып кетер едің дәл қазіргі түрімнен. «Француздың жазушысы Виктор Гюго (1802-1885) ойына түседі. Гюгоның шығармасындағы өлім жазасына кесіліп түрмеде жатқан әкесіне кішкентай қызын әкеледі. Бала әкесін танымайды.

«Сорлы балам. Дәл осы күн үшін, осы кездесу үшін бір кездерде көзіңнен жас төгесің ғой, деген едім-ау» деп. Мұрат та: «Қайран бөбегім. Бірнеше жыл өткеннен кейін есін кіріп, жігіт болғанда, осы жазғандарым қолына түссе қалса, қандай қайғырар екенсің сен де...».

Сүйген жар да, бата да ұмытар. «Жастықтың өзіне тән заңы бар».. «қайғының тұғырында сорлы ана қалады» Мұрат айтатынын дегенін айтып бітіре алмайды. Ана бұл дәптерді майданнан қайтқан біреу әкеліп бергенін айтады. Қайғы ұмытылар, кек ұмытылмас деген қорықтыңдымен Тау ұты әнгімесін аяқтайды.

«Жыртық дәптерде» осындай жеке адамның басында кездесетін қайғылы хал сипатталады. Автор шығармасының басынан аяғына дейін өлімді баяндайды. Оқжетпестің түбінде елден ерекше күніреніп отырған кемпір. Автор ол кемпірді алғашқы көргенде де «ыңкылдап», зарлап отырады. Екінші көргенде де сол баяғы орнында тапжылмай күніреніп отырады. Өмірге сырт беріп «Оқжетпеске телтіріп» отырған бір жан. Авторда сол шерлі адаммен бірге күніреніп: «Алтын күн, қызыл нұрға малынып, әсем Көкшеге иек артып батып бара жатыр екен. Ананың да, біздің де көзіміз күн нұрына шағылып тұрған Оқжетпеске түсті», – дейді.

Совет жазушысы өмір шындығын осылай суреттей ме екен. Шындық өмір қайда. Жау қолына түскен жауынгердің ауыр азапқа ұшырайтыны рас. Бірақ, оның жауға қарсы күресте еткен ерлігі қайда. «Жыртық дәптерде» ерлік, күрес мүлдем жоқ. Геройы тек екі жылға тарта партизан болған. 104 рет жауынгерлік тапсырма орындаған Құрғак шифр. Майдан өмірі өлім алдындағы адамның қайғысымен, ел өмірі өмірден үміт

үзіп, күніреніп отырған ананың зарымен беріледі. Осындай шығармадан совет жастары қандай үлгі, өнеге алмақ.

Өмірде бұлай үмітсіздікке салынып суреттеу социалистік реализмге мүлдем жат нәрсе.

XIX ғасырдағы реализмнің, Бальзактан басталатын «классикалық», сыншыл реализмнің социалистік реализмнен айырмасы – оның келешегінің жоқтығы екенін Горький әлдеқашан айтқан болатын.

«Жыртқы дәптердің» авторы Европаның XIX ғасырдағы Шелли, В. Гюго сияқты жазушыларына еліктеп, Горький бастаған даңғыл жол социалистік реализм жолынан мүлдем шығып кеткен. «Шіркін Виктор Гюго, бір шығарманың ойыма түскенін қарашы... О, француздың атакты жазушысы, адам жанының қайғысын терең суреттей білгенінді енді ғана ұққандай болдым ғой» дейді әңгімесінде геройының ауызынан.

Автор В. Гюгоға еліктеп XIX ғасырдағы француздың жазушысына бас нем деп отырып, өз өмірінен, өз заманынан қол үзеді.

«Егер әлеуметтік геройымыздың, егерде біздегі болып жатқан өмірдің жана жағдайларын туғызып отырған мәдени революциялық энтузиазмды романтизм деп айтатын болсақ, иә деп жауап береміз. Бірақ, әрине бұл романтизмді Шиллер мен Гюгоның, символисттердің романтизмімен шатастырмау керек», – дейді, Горький.

Тауұлы ананы суреттегісі келген екен. Горькийдің өлімді жеңген анасынан үлгі алмайды. «О, француздың атакты жазушысы...», – деп Гюгоға табынуы орынды болып па!

Совет әдебиетінде жеке адамның қоғам өмірінен, халық мақсатынан ауа жайылып, өзінің ойына келгенін жаза беруге жол жоқ. Өйткені Совет әдебиеті халыққа қызмет етеді.

Журналдың осы санында «Сипат сыры» деген С. Бегалиннің әңгімесі басылған. Төкен деген жігіт госпитальдан емделіп шығып, 3 айға демалыс алып Алматыға келеді. «Төкен хабарсыз барып Нәкенді кенеттен қуандырмақ». Нәкен кім? «Қыр мұрынды кара көз», «тал шыбықтай бұралған», «Төкеннің Қайыркенді тастап қызыққаны да Нәкеннің осы көркі еді. Нәкеннің алғашқы кездегі нәзік жұқа келбеті, жүре келе толыққырап әдемілене түскен, оның үстіне Нәкеннің тыраштан киінуі шырайға шырай косты» – дейді автор. Ол сен әдемі

деген сайын айна алдынан кетпейді, қасты қырады, шашты піреді, ерінді езуге жеткізе бояйды, кірпікті кірпінің тікенегіндей тікірейтеді» деп суреттейді.

Сол Нәкен сағынып келген Төкенді: – Жөніңді тап. Үйдің несі бар, – деп қуып шығады.

Енді ол Қайыркендікіне кетеді. Онда барса іт арсылдайды.

Совет жауынгерінің бейнесі бұрмаланып суреттелген. Төкенде ар да, намыс та жоқ, көрсе қызар, принципсіз бір ез жан. Майданнан келіп тұрақ таба алмайды.

«Сипат сыры» ешбір қасиеті жоқ, нағыз құнсыз шығармасымақ, мұнда совет адамдарының шындық өмірі бұрмаланып, адам жиіренетін етіліп суреттелген. Ұстамсыз, идеясыз «шығарма». Журналдың осы санында басылған, жұртшылық жиірене қарап отырған Мұстафиннің «Есеп» скетчі мен «Сипат сырының» сарыны да, сапасы да бір, деп айтуға әбден болады.

«Звезда», «Ленинград» журналдары туралы Орталық Партия Комитетінің қаулысындағы, Жданов жолдастың баяндамасындағы атап айтылған қателіктер мен кемшіліктерге «Әдебиет және искусство» журналы да ортақ.

*«Екпінді», 27.10.1946 жыл.*

\*\*\*

## **Ығылман ақын (1876-1931)**

XX ғасырдағы казак әдебиетінің тарихынан көрнекті орын алатын ділмәр ақынның бірі – Ығылман Шөреков.

Ығылман Кіші жүздің өзінен бұрын болған арғысы атақты Абыл-жырау, Махамбет, Шернияз, бергісі Мұрат, Базар жырау сияқты үлкен ақындарынан үлгі өнеге алған толғаулы жырдың шебер жырау ақыны.

Ығылманның туып, өскен жері – Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы.

Ығылман жас күнінен ақындық өнеріне беріліп, өзінен бұрынғы данқты ақындардың өлең, дастандарын, халық батырлары жайындағы тарихи ерлік жырларды көп жаттаған жыршы болған. Ығылман ел қамын ойлаған ерлердің ерліктерін сипат-

тайтын халык жырларын, батырлык дастандарды жырлау мен қатар сол үлгі де өз жанынан талай жырлар шығарған. Халык қазынасының нәрлі қасиеттері Ығылманның ақындық өмірінің негізгі суаты, кең арнасы болады.

Елдің мұңын мұң еткен, елдің жырын жыр еткен, өнері мен өмірі халык мақсатымен, арман тілегімен біте қайнаскан өз алдындағы елге әйгілі ақындарды Ығылман өзіне ұстаз санаған. «Қазақтың өткен ақындары» деген өлеңінде Ығылман шешендіктің үлгісі саналып, халыққа аты аңыз болып кеткен Жиреншеден бастап, тарихи талай ақындарды жыр еткен. Халықтың сүйікті ақын, жырауларының, дітмөр, шешендерінің Ығылман өзін мұрагерімін деп санаған:

... Ақын болып кім өтті,  
Абай, Нұрым, Абылдан,  
Кеуделері кең еді,  
Сөзі жіпке тағылған,  
Малай, Кете-Шернияз,  
Шерлілер сөзін сағынған,  
Шекерден шырын дәмі бар,  
Тындағанға жағынған,  
Жаскілең Бакы тағы өтті,  
Онбесінде қағынған,  
Ежелгі жүйрік осылар,  
Мойнына тұмар тағынған,  
Беріште-Мұрат, Матайдан,  
Жаңдар өтсін нағылған,  
Дуды көрсе құтырып,  
Қарт бұрадай шабынған,  
Маскар, Бабас, Имантай,  
Нағашы жұртым осылар,  
Қосылған келіп қанымнан...

Ығылманның осындай толғаулы жырларының тақырыбы, халықтың қадірлі ақындары, әділдікті жақтаған елдің «тен-тегі мен телісіне» қаһарын тіккен, «ұры мен затымға» қарсы күрескен өткір тілді шешен, жалынды жырлы жыр тауы болады. Халық үшін қара басын құрбан етіп

Ел шетіне жау келсе,  
Жан аямай қорғау мен,  
Ерлігі елін сақтаған...  
Сүңгім сүйір болсын деп,

Егеу менен дақтаған,  
Қытышым кайғыр болсын деп,  
Шарға да кайрап таптаған  
Садағым сайлы болсын деп.  
Сары көнмен кантаған  
Беріштегі белгілі ер —  
Исатай мен Махамбет.  
Күнінде жұрты мақтаған

(«Өткен батырлар туралы») елдің ерлері — Ығылманның сүйіп жырлайтын, елінің сүйсіне тыңдайтын жырлары болған

Өткен ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың еңбекші бұқарасы саяси-шаруашылық қысымын қандай көрсе, рухани қысымның да сондай тар қыспағында болғаны да мәлім. Отаршылдық саясат, ескі әдет-ғұрыпты қолдап, қазақ жуандарының ескішілдік, кертартпа салтын өрістетіп, еңбекші бұқараны наландық шырмауында ұстап қараңғыстыққа қамап, қанау мақсатында болды.

Халықтың еркіндікті көкесп, жаңа өмірге ұмтылған тілегі мен мақсатын, өнерге, білімге бой ұрған таланты мен талабын ескі жақты қанау, қысып тұншықтырып, бой жазғызбауға, құлашын жайғызбауға амалы мен айтасын, қара күшін, зұлым саясатын барынша қолданды. Бірақ, жауынгер халықтың тас бұлақтай талантына, өршіл өнеріне, биік мақсатына қара күш бөгет бола алмады, халық ақындарының тілін кісендеп, аузын қақпақтай алмады.

Халықтың қанаушы тапқа, ескі өмірге қарсы ыза мен кегін болашаққа бой ұрған арманы мен тілегін, қысымшылықтың тас қамалын талқан қытуға жар салған күрестің бейнесін көрсететін батырлықты жырлаған халық ақындары, әнші-композиторлары болды. Жамбыл мен Шашубай, Нұрпейіс, Доскей, Балуан-Шолақ пен Жаяу-Мұса, тағы басқа, әншілердің шығармалары қазақ халқының келешегі зор күшті талантының, рухани қасиетінің сол күннің өзінде-ақ болашақтағы бейнесін көрсететін.

Ығылман ақын міне осы айтылған топқа жататын ақын. Ығылман жоғарыда атап өткен толғаулы жырлардан басқа қазақ халқының бостандық жолындағы Исатай, Махамбет бастаған ерлік күресін сипаттайтын кең көлемді, уақиғаты ұзақ дастан жазған. Ақынның бұл дастаны тарихи шындық уақиғаны

баяндайды 1836-1838 жылдарда Кіші жүз казактарының патшаға, ханға шыққан күресін көтерілістің негізгі себепін, отаршылықтың қысымын, катап ханның, мейірімсіз сұлтандардың, жебір билердің бұқараға көрсеткен озбырлығын – ақын толық әшкере етеді. Азаттық ұранын шақырып, көтеріліс тұын көтеріп елді қан майданға бастап, халық үшін бастарын құрбан еткен қайсар батыр, оның қанды көйлек жорықтағы жолдасы жалынды ақын, қайтпас ер Махамбеттің жарқын бейнесін, тұтас тұтқасын Ығылман дастанында тамаша суреттеген. Халықтың жігер-қайратын, сарқылмас күшін, жауына деген ыза, кегін халық ақыны Ығылман бар өнерін сала жырлаған.

... Даусын естіп халқымын,  
Ұйқымнан жатқан тұрғанмын.  
Ел камын жеген ер үшін,  
Шыбын жанын пйда еткен –  
Мен бір даяр құрбанмын, дей келіп:  
... Ерлерді еске түсіріп.  
Шешен бір сөзді қарманған.  
Базарға салып барымды.  
Баяндап өткен Нарынды,  
Бір шығайын арманнан.  
... Ел камын жеген ерлердің,  
Сөз білген жанда хақы бар.  
Жоктаған күнде арымды, –

деп ақын өзінің халық алдындағы азаматтық борышын терең түсінген. Осындай еліне енбек етіп, ерлікпен қаза тапқан батырларды жыр етуге ақын өзінің күшті талантын жұмсайды. Бұл жөнінде енбек етіп, тарихқа көп үніле қарағанын дастанынан толық көреміз. Тарихи уақиғаны ақындық көркем тілмен суреттей отырып, ақын тарихи шындықтың шегінен биіктей де шықпайды. Көтерілістің әрбір кезеңіндегі уақиғасы, жылы, күні, көлемі, жер жайы болсын шындық қалпында жырланады.

Ақын дастанда Исатай, Махамбеттің күрес үстіндегі екі үлкен ұрыс кезеңін жырлау арқылы ерлердің тұтқасын жасайды. (1836 жылы хан ордасына шабуыл, 1838 жылы Исатай қаза табатын соңғы ұрыс).

Дастандағы бас тұтқа Исатай батыр болғандықтан ақын оның өмірі мен енбегін, адамшылығын, мінезін, ақылы мен қайратын, сырт бейнесін, сезім сырын-барлық жақсылық қасиеттерін қалдырмай суреттеп береді.

Қайым қылып заманын,  
Хандардың бұзған қаматын.  
Ұранға шыққан Ағатай,  
Бірге тұған Есіркеп  
Аруақты бабасы.  
... Ағайынның арына,  
Қарындастың камына  
Қысқа күнде қырық шапқан  
Қысылғанның панасы –  
Асыл едің Исатай.  
Ер Тайманның баласы. –

деп бастап. әділдігін, қайсарлығын, сабырлығын. «Қаһарын төккен дұшпанмен қан төгіспей тынбайтын» ерлігін алған бетінен қайтпайтын халқының сүйікті ұлы екендігін ханға қарсы халық үшін күрескенін:

Исатай сонда сөйлейді:  
Хан не сенің неткенің.  
Нашарға зәбір еткенің.  
Бір осы емес көп болды,  
Тұзуліктен кеткенің.  
Мықтыға момын күш қылмас.  
Пақырды неге шеттедің. –

деп уақиғаның шиеленіскен жерін осылай бастап, көркем тілмен шебер суреттеп, ұзақ жырдың желісін тартады. Бұдан былай Исатайдың күрес үстіндегі ерлігі жырланады. Батырдың қайғысы мен хасіреті, мұң-шері ішкі сезім сырына дейін толық суреттеліп дастан халық батырының ел үшін ерлік күрес үстінде жауына бас имей келешекке зор сеніммен қаза табуымен аяқталады.

Дастанда Махамбеттің ерлігі сипатталған:

... Тұра атмады дәт тұтып,  
Кездескен соң өшімен.  
«Ағатайлап» ат қойды,  
Ағатай енді несінен.  
Баспа шекпен үстінде,  
Бәйге тарлан астында  
Тап сол жыты Махамбет,  
Отыз тоғыз жасында.  
Исатай Махамбеттің:

Есенғұл. Үбі. Танағар.  
Есенкелді. Қасқара.  
Есен-Аман. Шекшекей,  
Патуан Тәни қасында  
Алман, Тоғай. Ерсары.  
Қожахмет, Қалдыбай.

сияқты батыр жолдастары ерліктерінде акын майдан үстінде көрсетеді.

Хан Жәңгір бастатқан Қараұыл - Қожа. Балқы. Бекмағамбет. Геке (полковник) Баймағамбеттер арқылы жау бейнелері суреттеледі.

Исатай мен Махамбет халық күшінің, халық қаһарының жауға қарсы күрестегі бейнесі болып, дастаннан негізгі орын алған. Ығылманның «Исатай - Махамбет» дастанының барлық қасиетін бір мақалада толық жазу мүмкін емес.

Исатай, Махамбет уақиғасы Махамбеттің өзінен бастап, Шернияз, Мұрат шығармаларында да жырланған. Бірақ, ұлы уақиғаны терең зерттеп, жинап, көлемді көркем шығарма етіп, ұзақ уақиғалы ерлік, тарихи дастан етіп жырлаған Ығылман акын. Ығылман – идея жағынан болсын, ақындық жағынан болсын Махамбеттің көрнекті мұрагерінің бірі.

«Исатай – Махамбет» дастаны нағыз отаншылдық сарында жазылған, тарихи әдебиет қасиетімен бірге тәрбиелік маңызы зор шығарма. Исатай – Махамбет сияқты халқының баяқты үшін күресте құрбан болған бабаларының ерлігі олардың баяқты ұрпақтарына үлгі.

«Исатай - Махамбет» дастанымен халық ақыны Ығылман әдебиетіміздің тарихынан құрметті орын алады.

Биыл ақынның туғанына 70 жыл, өлгеніне 15 жыл толды.

*«Екінді», №75, 14 сәуір 1946 жыл*

## Орыстың атақты мысалшы акыны (И.А.Крыловтың өлгеніне 104 жыл толуына)

Ұлы орыс халқының ұлы мәдениетінің тарихында ерекше көзге түсетін, әлемге әйгілі тұлғалардың бірі Иван Андреевич Крылов.

Крылов көзі тірісінің өзінде - ақ бүкіл орыс халқының мақтанышы болып танылған. «Крылов мысалдары» атты кітап сол кездің өзінде елдің қолынан түспейтін, ардақтап оқытын кітабы болған. Крылов жалпы халықтың «тіліне жеңіл, жүрегіне жылы тиетін» көркем әдебиеттің тамаша үлгісін тудырған халық акыны.

Крылов мысалдарда суреттелетін бейнелер халыққа соншама түсінікті, оның тілі әрі қарапайым, әрі көркем, айқын, мазмұны терең. Крылов мысалдары халықтың асыл мұрасына айналып кетеді. Оның мысалдары халықтың даналығы мен терең ой – пікірінің, тіл байлығының үлгісі болып ел аузынан түспейтін мақал-мәтелге айналған.

Сондықтан да Крыловты орыстың ұлы акыны Пушкин, Гоголь, Белинскийлер бір ауыздан орыс халқының біте қайнаған шын халық акыны деп бағалаған.

«Ұлы орыс халқының тамаша бай тілі өмір сүретін болса, Крыловтың даңқы барған сайын арта бермек», – деп Белинский 1840 жылы айтқан екен. Ұлы сыншының Крыловқа берген бағасы мүлтіксіз дәл келді. Болашақты жүз жыл бұрын болжап айтқан данышпандық ойы адасқан жоқ.

Орыс әдебиетінің тарихында орыс жазушыларының ішінен тұңғыш дүниежүзілік даңққа ие болған Крылов болды. Крыловтан соң дүниежүзілік мәңгілік даңққа ие болған орыстың ұлы жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Тургенев, Лев Толстой дүниеге келіп, орыс әдебиетінің даңқын онан сайын арттырды.

Крылов әдебиет тарихында өзінің мысал жазудағы шеберлігі мен теңдесі жоқ жазушы болып саналады. Крыловтан бұрын жүздеген, мыңдаған жылдар бойы әйгілі болып келген мысалшылар – Эзоп, Федор, Лофонтен сияқты әлемге белгілі жазушылар бар еді.

Бірақ, әдебиеттің бұл саласында (мысал жазуда) өзінің ерекше тіл байлығымен, мысалдарының терең мазмұнымен, өмір шындығымен соншама қабысып, қоян – қолтық келуімен, көркемдік қасиетімен Крылов мысалдары ол акындардың шығармаларынан әлдеқайда жоғары болды.

Иван Андреевич Крылов 1769 жылы Москва қаласында туы. 1844 жылы дүниеден озды. Крыловтың әкесі ұзақ уақыт солдаттық қызметте жүріп, кейінен барып офицерлік чинге жетеді. Крылов тоғыз жасқа келгенде әкесі қайтыс болады. Крыловқа әкесінен қалған мұра бір кішкене сандық кітап болады.

Крылов өз әкесінен оқып хат таниды. Оқуға, жазуға үйренеді. Бар көрген «мектебі» сол ғана болды. Бірақ, Крылов жас күнінен кітап оқуға өз бетімен ізденуге, білімін толықтыруға мықтап кіріседі. Ешбір мектеп бетін көрмей-ақ Крылов білімін қай саласынан болсын кенже қалмайды.

«Крылов негізгі Европа тілдерін білді, оның үстіне, Альфьерин сияқты елу жасында ескі грек тілін үйреніп, алды», – деп жазды Пушкин 1825 жылы.

Крылов математика пәнін де тез меңгерді. Өз бетімен скрипка ойнауды үйренеді, артистік таланты күшті болды. Өз шығармаларын көркемдеп, бейнелеп оқуға да шебер екен. Қысқасы, Крылов қандай өнер білімнен болсада құр қалмаған дарынды, талапты адам. Сол талабына сай Крыловтың таңдап түскен жолы көркем әдебиет болды.

Әкесі өлгеннен соңғы Крыловтың жастық шағы жокшылықпен өтеді. Тұрмыстың ауыр азабын, ашы зарын көп тартады. Ауыр тұрмыс, бірақ бай өмір көреді. Бай өмір - халық өмірі. Халықтың ортасында болып, оның мұн-зарын, салт-санасын, әдеп-ғұрпын бай тілін, алғыр ойын терең сезіп, толық біту болашақ ұлы жазушы Крыловқа үлкен мектеп, өмір мектебі еді.

Крылов он жасында патшаның паракор, затым чиновниктерінің ортасында қызымет істейді. Бұқара халықтың олардан көрген әділетсіздігі, қорлығы жас Крыловтың көз алдынан өтіп жатады.

Осы жайдың бәрін алғыр ойлы жас Крылов жүрегінде сақтап, көңілінде тізе береді. Кейін жазған: «Шортан», «Шаруа мен қой», «Шаруа мен өзен», «Түлкі мен суыр» деген

мысалдарының тақырыптары осы бір кездегі өміріндегі көріп, көңілінде тоқылған көріністер.

Крылов бұл кезде Тверь қаласында тұрушы еді. Жазушылық мақсатты алдына қойған Крылов 1782 жылы көп қиындықпен Петербургке келеді. 1783-жылы «Кофейница» атты күлкі драмалық шығармасын жазады да Брейткопф деген кітап бастырушыға ұсынады. Ол Крыловтың шығармасын сатып алады. Крылов ақша орнына кітап алады.

Осы кезден бастап Крылов театр мен жақындасып, драманың бар жанрында да пьесалар жазады, түрлі журналдарға қатысып, сатиралық шығармалар бастырады. Өзі де кейіннен ажуа – мысқыл журнал шығарады. Крыловтың бұл кездегі жазған көптеген пьесалары, сатиралары өмір шындығынан алынып жазылған, патшалық құрылысты ажуалайтын ашы мысқыл болады. Крылов үкіметтен қуғын көреді.

Крыловтың жазушылық өмірі 1805 жылдан басталады дегуге болады.

Крыловты әдебиет тарихынан құрметті орын әперіп, атак – даңққа иеткен оның мысалдары дедік. Мысал жазуы осы 1805 жылдан басталады. Жазушы, тек осы жылы ғана әдебиеттегі өзінің анық, сара жолын табады.

Осы жылы Крылов Лофонтеннің «Емен мен шілік», «Күйеу таңдағыш қыз», «Шал мен үш жігіт» сияқты мысалдарын аударып, Крыловты оқыған халық оны аударушы деп ұқпайды, мысалдың тамаша үлгісін тұғызушы деп ұғады.

1808 жылы Крыловтың тұңғыш өзі шығарған «Ларчик» атты мысаты жазылады. Сонымен 1805-1809 жылдың арасында Крыловтың жазған 23 мысалы «Иван Крыловтың мысалдары» деген жинақ болып шығады. Содан былай Крылов мысалдары үздіксіз басылып отырады «И. Крылов мысалдарының неше рет басылып шыққанының есебі жоқ... Мұндай табысқа Россияда Иван Андреевич Крыловтан басқа бір жазушы не болып көрген емес» деп жазды В.Г.Белинский.

Крылов мысалдары өзі өмір сүрген заманның барлық жайын қамтиды. Патшаның зұлымдық саясаты, чиновниктердің, соттардың паракорлығы, бұқара халықтың ауыр тұрмысы – қысқасы Крылов мысалдарынан орын алмаған өмірдің бір де бір саласы болмайды. Реалист акын Крылов өзінің данышпандық мысалдарымен өз заманына үкім айтады.

1812 жылы Отан соғысы Крылов мысалынан ерекше орын алады. Патриот акын Александр I патшаның топастығын шенейді. («Мысық пен аспазшы», «Бөліс» мысалдары) Напальсонға қарсы күрестегі Қу тузовтың қолбасшылық бейнесін сипаттайды. («Обоз», «Ит ұясына түскен қасқыр», «Қарға мен тауық», «Шортан мен мысық»).

Крылов екі жүздей мысал жазған акын. Крылов мысалдары шын халық мүддесін жырлау бағытында Пушкин, Грибоедов, Островский, Салтыков-Шедрин, тағы басқа ұлы жазушыларға айқын жол ашып берді.

Қазақтың XIX ғасырдағы ағартушы – акындары Ыбырай Алтынсарин, Абай өздеріне Крыловты үлгі етіп алып, оның мысалдарын тұңғыш рет қазақ тіліне аударды.

Ұлы орыс халқының мысал жазушысы ұлы ақыны Крылов біздің заманда бүкіл совет халқының сүйіктісі, мақтанышы болып, даңқы онан сайын артуда. Данышпан сыншы Белинскийдің айтқаны айнымай іске асты.

*«Екінді», 21.11. 1948 жыл*

\*\*\*

### **Қазақ әдебиеті заманымыздың талабына сай болсын**

Әлеуметтік идеологиядан, оның бір түрі әдебиеттен таптық күрестің бейнесі көрінбей қалмақ емес. Таптық қоғамда қай тап үстем болса, сол таптың идеологиясы да үстем болатындығын Маркстің әдекашан дәлелдеп кеткені мәлім.

Ленин ұлт мәдениетін сөз қылғанда, әрбір елдің ұлттық мәдениетіндегі таптық айырмашылықтарды айқындап, ашып көрсетті. Лениннің ұлттық мәдениеттегі таптық мәселе жөніндегі пікірі Сталин жолдастың данышпандық еңбектерінен ерекше орын алады. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің өркендеп өсуінің даңғыл жолын кемеңгер көсем Сталин көрсетіп берді. Ленин – Сталиннің данышпандық ұлт саясатының арқасында Советтер Одағы халықтарының мәдениеті гүлденіп өсті.

Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің өсуіне партияның Орталық Комитеті, көсемдеріміз


Ленин – Сталин тікелей басшылық етіп, үнемі көңіл бөліп отырды. Қазақ совет әдебиеті революциядан бұрынғы демократиялық бағыттағы қазақ әдебиетін толық меңгере отырып, ұлы орыс халқының әдебиетінен үлгі-өнеге ала отырып, халықтан шыққан таланттарды өсіре отырып, сонымен бірге, қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм жолымен өсуіне кедергі жасап келген ұлтшыл – байшылдарға қарсы күресе отырып өркендеп өсті.

Бірақ, соңғы жылдарда қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу жөнінде Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты, қазақтың кейбір әдебиетшілері өрескел қателіктер жіберді. Мұны Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» 1947 жылғы 21 январьдағы қаулысында атап көрсетті.

Алматы қаласындағы ғылым, әдебиет және көркем-өнер қайраткерлерінің жиылысында «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» туралы жасаған баяндамасында Шаяхметов жолдас Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының, сол сияқты кейбір әдебиетшілердің тіл, әдебиет мәселесі жөніндегі өрескел саяси қателері мен бұрмалаушылықтарын ашып көрсетті. Ол былай деді: «Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелерін мұндай өрескел қате және ғылымға қайшы әдіспен баяндау салдарынан өткен заманның әдебиет мұрасының бәрі, қазақ халқының әдебиет өкілдерінің бәрі бір жақты, тек жақсы жағынан зерттелді. Осыдан келіп өткен заманның әдебиет өкілдерінің бәрі жалпы ұлт, жалпы халық қамқоры деп көрсетілді».

Шаяхметов жолдастың бұл сөзі жоғарғы дәрежелі мектептерде әдебиет сабағын оқытуда қолданылып жүрген программадағы қателіктерді де айқын көрсетті.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму жолын, программада тарихқа сай келмейтін үш дәуірге бөледі: бірінші дәуір XIX ғасырдың бірінші жартысы, бұл дәуірдегі әдебиетті – Ресей патшасының отаршылдық саясатына қарсы Исатай, Махамбет, Кенесары, Наурызбай, Есет, Бекет т.б. бастаған қазақ халқының көтерілісін сипаттайтын әдебиет деп. Екінші дәуірді – «Зар заман» әдебиеті деп, үшінші дәуірді ағартушылық бағыттағы әдебиет деп жіктейді. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін бұлайша



көрсету Лениннің әлеуметтік қоғам өмірінің дамуы жөніндегі көзқарасына, сол сияқты тарихи шындыққа қайшы келеді.

Бірінші дәуірде құралды көтерілістің қандайын болсын талғаусыз қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі деп есептеген. Мысалы. Есет Көтібаровты ұлт-азаттық көтерілісінің басшысының бірі деп, осындай адамдардың атына байланысты өлең жырды қазақ халқының ұлт-азаттық күресін жырлайтын әдебиет делінген. Шынында Есет Хиуа ханына арқа сүйіп, патша әскерінің жеке горнизондарына, қазақ ауылдарына шабуыл жасасып, ақырында патша үкіметінің сенімді адамдарының бірі болып қызмет еткен адам.

Екінші дәуірдің – «Зар заман» әдебиеті деп аталуының қателігін және зиянды пікір екенін Шаяхметов жолдас баяндамасында ашық айтты. Бұл кездегі Шортанбай, Мұрат, Дулат, Базар – жырау т.б. акындар Қазақстанның Ресейге қарауының прогрессивтік мәнін түсіне алмады. Бұл акындар патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы халықтың наразылығын белгілі дәрежеде білдіре отырса да, қазақ ауылына капиталистік қатынастың енуіне қарсы болды, жалпы алғанда олар феодалдық – рушылдық қалыпты дәріптеді.

Ал, қазақ әдебиетінің программасын жасаушы біздің әдебиетші жолдастар, Лениннің екі Ресей бар – бірі помещиктердің, капиталистердің, патша чиновниктерінің Ресейі, басқа халықтарды қанаушы және Европадағы жандарма рөлін атқарған Ресейі, сонымен қатар екінші Ресей бар, ол – еңбекші бұқараның революцияшыл Ресейі, алдыңғы қатарлы ғылымның, әдебиеттің, көркем өнердің отаны болып отырған Ресейі, деген қағидасына қайшы келетін «Зар заман» әдебиеті деген зиянды «теорияны» тауып алған.

Үшінші дәуір – «ағарту мәселелеріне бет бұру». Бұл дәуірге программада XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы әдебиетті жатқызады. Программаның бұл бөлімінде Қазақстанның Ресейге қосылуының тарихи маңызын толық ашып көрсету мәселесіне көңіл бөлінбеген. Қазақстанның Ресейге қосылуына байланысты бұрын быт-шыт болып жүрген қазақ халқының басы қосылуы, Қазақстанға капиталистік қарым-қатынастың ене бастауына жол ашылуы, қазақ халқының отырықшылыққа, егін шаруашылығына ыңғайласуы сияқты өзгерістер болды. Қазақтың алдыңғы қатарлы адамдары орыс халқының

мәдениетіне жакындасты. Ұлы орыс халқының алдыңғы мәдениет қайраткерлері қазақ халқының өсуіне күшті әсер етті.

Қазақ халқы 1847 жылдарда Батыс Қазақстанға жер ауып келген Т. Шевченко, одан соң Омбы, Семей жакка жер ауып келген Буташевич – Петрашевский, Дуров, орыстың атакты жазушысы Ф. М. Достоевскийлер сиякты орыс, украин халқының патшаға қарсы күрескен, ел камын ойлаған адал ұлдарын көрді. Бұлар қазақ халқына және басқа езілген ұсақ ұлттарға туыскандык, адамгершілік көзбен қарап, олардың сана сезімін оятып, өнер-білімге шақыру ниетінде болды. Орыс халқымен бірге басқа ұлттардың да патшаға қарсы тізе қосып күресуін көкседі. Орыс халқын, ұлт азаттығы үшін күресіп жатқан басқа халыктармен достыққа шақырып, туыскандык ниетте тәрбеленген орыс әдебиетінің, мәдениетінің дана қайраткерлері – Пушкин, Лермонтов, Герцен, Белинский, Салтыков-Щедрин, Некрасов, Добролюбов, Чернышевскийлермен таныстырды. Сөйтіп, XIX ғасырдағы ұлы орыс халқының терең ойлы даналары, акын, жазушы, сыншылары, атакты ғалымдары Ресейдің басқа туыскандас жұрттарының алдыңғы қатарлы адамдарын рухтандырып, оларға үлгі-өнеге болды.

Ресейдегі туысқан елдердің алдыңғы қатарлы халық ағартушылары азербайжанның – Рашид Әфендиев, татардың – Қажом Насыри, қазақтың Ыбырай Алтынсарин сиякты педагогтары орыстың ұлы педагогі К. Ушинскийден өнеге алып, оның үлгісімен өздерінің оқу кітаптарын жазды.

Украин халқының адал ұлдары – Т. Шевченко мен И. Франко, грузиннің – Акакий Церетели, Осетиннің – Коста Хетагуров, қазақтың – Абай, Шокан Уалихановы, Ыбырай Алтынсарин сиякты акын, жазушы, ғалымдарының әдеби еңбектеріне, әлеуметтік қызметтеріне Чернышевскийдің әсері күшті болды.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының программа-сында орыс халқы мен қазақ халқының және Ресейдің басқа халықтарының азаттық жолындағы күресі мен мақсатының бір екендігі айқындалмайды.

Қазақ әдебиетінің тарихы Советтер Одағы халықтарының әдебиет тарихымен тығыз байланысты екенін, сол сиякты қазақ халқының – феодалдар мен байларға, хандар мен отаршыларға қарсы ғасырлар бойғы күресінің тарихымен тығыз байланысты

ексенін естен шығармау ымыз керек. Қазақ әдебиеті тар көлемде, тек қана ұлттық тұрғыдан қаралып зерттелмеуі керек. Қазақ әдебиетінің интернационалдық қасиетін айқын көрсету қажет.

Октябрь революциясының алдындағы қазақ әдебиеті тарихының программасында да елеулі қателіктер, бұрмалаушылықтар бар. Бұл кездегі қазақ акындарының бәрі дерлік революцияшыл – демократтар болып сипатталған. С. Торайғыров, М. Көпеев, Н. Орманбетов, С. Дөнентаевтардың ұлтшылдық сарында жазған шығармаларының сыры ашытпайды. Бұл сияқты акындардың еңбектеріне бір жақты қарауға болмайды. Олардың бастарынан кешірген өмір кезеңдеріне сәйкес, тарихи шындыққа сәйкес әдеби еңбектеріне толық ғылыми талдау жасау керек. Программада Омар Қарашев сияқты ұлтшыл - байшыл акынды, халық қамын ойлаған демократ деп сипаттаған.

Қазақ әдебиетінің XIX-XX ғасырдағы тарихының программасындағы саяси өрескел қателіктермен, бұрмалаушылықтардың қысқаша мән-жәйі осындай.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде басты қателіктің бірі – қанаушы таптардың өкілдері әдебиеттен мол орын алып, ал, байлардың, хан, билердің заманында өзілген халықтың өмірін суреттейтін прогресшіл әдебиет өкілдеріне тиісті түрде көңіл бөлінбей келгендігінде болды.

Программадан Абайдан соңғы дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихындағы прогресшіл бағытты сипаттайтын Абайдың акын шәкірттері орын алмаған. Абайдан өнеге алып өскен акын шәкірттері сол дәуірдің өзінде қазақ даласында прогресшіл бағыттағы әдебиеттің, акындық мәдениетінің үлгісін көрсетті. Абай шәкірттері Абайдың өлеңдерін халыққа жайып, Абай аударған орыс, Батыс Еуропа акындарының (Пушкин, Лермонтов, Крылов, Байрон, Гете, т.б.) шығармаларымен қазақ халқын таныстырды. Қазақ жұртшылығы Татьянаның хатын, Пушкин, Лермонтовтың поэмаларын, Крыловтың мысалдарын осы Абай шәкірттерінен тұңғыш рет қазақ тілінде естіді. Ақылбай, Мағани, Көкпай, Әріп, Кәкітайлар Абайдың акын шәкірттері, Абайдың жолын қуып, ұты орыс халқының, Батыс Еуропа әдебиетінің дәстүрін ұстап, домбыраның орнына қолдарына қалам алып, мәдениетті акын, жазушылар болды. Өздерінің әдеби еңбектерінде, жазған тақырыптарында ұстазы Абай сияқты гуманист. Жазған шығармаларының

мазмұны, идеясы терең Еркіндікті көкसेген, жауыздыққа қарсы күресіп, тағдырға бас имейтін адамдардың тұлғасын сипаттайды

Ақылбай, Мағауиялар XIX ғасырдағы орыстың, Батыс Еуропаның романтикалық әдебиетінің әсерімен тамаша поэмалар жазады. Бұлардың бұл сарында жазылған поэмалары Байронның Шығыс поэмалары, Пушкиннің Оңтүстікте жазған поэмалары сияқты прогресшіл бағыттағы шығармалар. Абай шәкірттері Абай өлген соң ұлы ақынның идеясын ілгері дамытып, Абайды қазақ жұртына кең таныстырып, оның тұңғыш өлеңдер жинағын жарыққа шығарып, еңбегі мен өмірін жазады. Абай үлгісімен орыстың жаңа әдебиетін қазақ тіліне аударуға кірісті Горькийдің «Челкаш» әңгімесін, ана тақырыбына жазылған бірнеше әңгімелерін тұңғыш рет қазақ тіліне аударды

Мұсылмандық сопылық кертартпа оқудың дәуірлеп тұрған кезінде, панисламизм ұранын көтерген дәуірде Абайдың, оның шәкірттерінің әлеуметтік еңбегі, әдебиеттегі ұстаған бағыты – революциядан бұрынғы қазақ халқының мәдениетін, Советтік Қазақстанның мәдениетімен жалғастыратын ең прогресшіл бағыт болды.

Ұлтшыл – байшыл ақындар жас қазақ совет әдебиетін тұншықтыруға тырысып, реакцияшыл романтизм сарынында ескі феодалдық ауылды мадақтап, жырлап, совет үкіметіне қарсы дұшпандық әрекет жүргізген кезде, Абайдың көзі тірі ақын шәкірттері совет үкіметін қуанышпен қарсы алып, ұлы көсем Ленинді жырлады.

Әріп ақын Лениннің өмірімен еңбегін суреттеп «Ленин» атты биографиялық поэма жазады. Осы Әріп 1924 жылы Ленин өлгендегі қазақ халқының ауыр қайғысын сипаттайтын тамаша өлең жазады. Ленинге арнаған Әріп өлеңдеріндегі күшті ақындық қасиетін сөз қылмағанда, ақынның көсемнің өмірі мен еңбегін толық білетінін, шын сүйіп зерттегенін, большевиктер партиясының тарихын білетінін айқын көреміз. Әріптің Ленинге арналған бір өлеңі орыс мектептерінің X класына арналған орыс әдебиеті хрестоматиясына енген. Ама! не, Абайдың осындай ақын шәкірттерінің шығармалары қазақ әдебиетінің бірде-бір хрестоматиясынан орын ала алмай келді.

XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басындағы қазақ

әдебиетінің өсу жолындағы жаңа дәуірінің, прогресшіл әдебиет өкілдері – Абай шәкірттерінің қазақ әдебиеті тарихының программасынан орын алмау таңқаларлық нәрсе

Ал, XIX ғасыр мен XX ғасыр әдебиетінің программасынан реакцияшыл романтик акын Шәңгерей Бөкеев пен бұржуазияшыл-ұлтшыл акын Омар Қарашевті көреміз. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті өзінің қаулысында біздің көп әдебиетшілеріміз өткен заманның мұрасына сын көзімен қарамай, біржақтылықпен, тек жақсы жағынан ғана баға беріп келгенін айтып көрсетті.

1904 жылы қайтыс болған, жоғарыда айтылған акын Мағауия (Абайдың баласы) өзінің «Еңлік-Кебек» атты поэмасында байлар, билер, ақсақалдар үстемдік құрған кер заманның жауыздық бейнесін терең суреттеп бас бостандығы үшін күрескен Еңлік пен Кебектің қатал билердің адамшылық шегінен шыққан билігі бойынша ат құйрығына таңылғанын баяндайды. Өлер алдында Еңлік билік айтқан биі Кеңгірбайға (Қабекене).

«Қабекен емес сенің атын қабан.

Қабан тұ бі шошқа ғой білсең надан», – дейді бұдан 60 жылдар бұрын жазған поэмасында билік бейнесін Мағауия осылай суреттейді. Ал, Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының кейбір ғылыми қызметкерлерінің қазіргі еңбегінде Кеңгірбай би халықтың қамқор данасы болып сипатталады!

Совет адамдары жақсы мен жаманды әбден айыра біледі. Өмір ілгері басқан сайын совет адамдарының әдебиетімізге қоятын талабы да зорая түседі. Совет халқы әдебиет тарихын ғылыми жолмен терең зерттеп, тарихқа, өмір шындығына сәйкес көрсетуді талап етеді.

Жастарға коммунистік тәрбие беруде, олардың мәдени өсу жолында әдебиет оқу кітабының маңызы зор. Смайлов, Жұматиев, Бекқожин жолдастар жазған орта – орташа мектептерге арналған әдебиет кітаптарында өрескел қателіктер, бұрмалаушылықтар көп орын алды.

Ғылыми терең мазмұнды, маркстік-лениндік методология негізінде жазылған, жастарды Ленин - Сталин партиясын шексіз сүйетін, советтік отаншылдық рухында тәрбиелей алатын дәрежеде қазақ әдебиетінің оқу кітабын жасау Қазақстан әдебиетшілері мен педагогтарының басты міндеті.

Республикамыздың әдебиетшілерінің көпшілігі қазіргі қазақ совет әдебиетін зерттеу мәселесін мүлдем ұмытып жүр. Қазақстан Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты Қазақ Совет әдебиетінің теория, тарихи мәселесіне арналған бірде-бір құнды еңбек жазған жоқ деуге болады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысы біздің оқытушылық жұмысымыздағы программамыз болуға тиісті.

Қазақ әдебиеті мемлекетіміздің тілегіне сай тәрбие жұмысындағы күшті құралымыз болсын.

*«Екінді», 14.05.1947 жыл.*

\*\*\*

### **Абай музейі ұлы ақынның атына сай болсын**

Ұлы Октябрь революциясына дейін Қазақстанда тек екі музей болды. Семей мен Жетісудағы бұл екі музей шағын ғана экспонаттар сақталған өлкетану музейлері еді. Қазір Қазақстанда жиырмадан астам музей бар.

Музей саяси – тәрбие беретін ағарту мекемесі болғандықтан социалистік мәдениет үшін күресте құрметті орын алады.

Сол жиырма музейдің бірі Семей қаласындағы Абай музейі. Абай музейі ақынның туғанына 95 жыл толған жылы – 1940 жылы, 16 октябрь мереке үстінде ашылды. Музей ақынның Семейге келіп жүрген кездерінде, 1875-1980 жылдар, үнемі түсіп жүрген үйлерінің бірі – Абай проспектісі 83 үйде (бұрынғы Загородная көшесі) ұйымдастырылған болатын.

Абай музейі Қазақстандағы тұңғыш әдебиет музейі.

Абай музейін ұйымдастыру алғашқы кезде зор қиыншылықтарға кездесті. Ол қиыншылықтар біріншіден, музей жұмысын білетін кадрлардың жоқтығы, екіншіден, Абайдың өмірімен творчествасын сипаттайтын музейге қажетті экспонаттардың сақталмауы еді.

Музей жұмысын ұйымдастыруда Советтер Одағында толып жатқан музейлердің /А. Пушкин, Л. Толстой, М. Горький т.б./ іс тәжірибесін пайдалануға да алғашқы кезде Абай музейінің жағдайы келмейтін еді. Оның себебі ол музейлердің қоры

– қолжазбалармен, басылған кітаптармен, хаттармен, естеліктермен, суреттермен, тарихи адамдардың үй-мүліктері т.б. заттарымен тағы басқа материалдармен лыққа толы болса, Абай музейі бұл жөнінде аса қиын жағдайда еді.

Үкімет пен партияның қамқорлығының, сара басшылығының арқасында, Абайды сүйген халықтың, мәдениет қайраткерлерінің, ұлы ақынның ескерткіш – музейінің ірге тасын қаласуға белсене қатысуының арқасында Абай музейі ол қиыншылықтарды жеңді.

Музейдің негізгі экспонаттары болып саналатын ақынның өміріне, тұрмысына, творчествосына тікелей қатысы бар өз заттары, қолжазбасы, хаттары, суреттері, т. б. Музей қызметкерлерінің міндеті соларды іздеу, зерттеу, көмегі тиетін адамдарды іздеп есепке алу еді. Бұл жөнінде Абайға қатысы бар заттардан /үй мүлкі, сурет, т.б./ 1940-41 жылдар 56 нәрсе есепке алынған. Соның нәтижесінде Абайдың ері, белбесуі, қалтасағаты, /1954 жылы ұрланыпты/, Абай үйінің қымыз тегенесі, ожауы т.б. бірнеше заттар табылып музей қорына кірді. Бұл жөнінде Абайды көрген, оны жақсы білетін адамдар – марқұмдар ақын Төлеу, немере қызы Уасила және қазір тірі келіні Кәмәлия, немересі Израил, Аркам т.б. көп көмек көрсетті.

Музей алғашқы ашылғанда бетке ұстар экспонаттар музейге – Мұхтар Әуезов тарту еткен Абайдың 1896 жыл түскен фото-суреті, 1887 жылы суретші Тобановский Абайдың тура өз тұлғасына қарай қолдан салған суреті /бұл сурет облыстық музей қорынан табылған еді/, сол сияқты Сәбит Мұқанов музейге сыйлаған Абайдың 1909 жылғы өлеңдер жинағы еді. Бұл да жоғалып кеткен/.

1941 жылы С. Мұқанов Абай музейіне Шоқан Уәлихановтың 10 жасында түскен негізгі фото-суретін берді. Бұл да музейдің бағалы экспонатының бірі.

Абай музейінің қорына Қазақстан суретшілері бірталай үлес қосты.

Абай музейі алғашында «Мемлекеттік әдебиет музейі» болып ұйымдастырылып, оның алдында Абайды зерттеумен бірге қазақ әдебиетін зерттеу міндеті қойылған болатын. Осыған байланысты Абай музейі бірталай бағалы әдеби материалдар жинады. 1941-1950 жылдардың арасында Абай музейінің қолжазба қорына Абайдың жарияланбаған 15 өлеңі, Абайды

көрген адамдардың 50-дей естеліктері қосылды. Абайдың 10 жыл бойындағы басынан кешкен халін сипаттайтын архив мағлұматтары. Абайдың барлық орыс достары жайындағы материалдар толық жиналып, Абай музейінің қорына қосылды. 1950 жылы акын Сәбит Дөнснтаевтың өз қолымен жазылған өлеңдері түгел дерлік музейге алынды Мағани. Ақылбай ақындардың өлеңі, поэмалары түгелге жуық жиналды. Сол жылы әлі әдебиет әлеміне белгісіз, XIX ғасырдың орта кезінде жазылған /үлкен дәптерде сиямен жазылған/ «Қозы Көрпеш Баян сұту» поэмасының бір нұсқасы табылды.

Поэманың көлемі 7-8 баспа табақтай. Уақытасы Қарабай, Сарыбайлардың әкесінен басталады. Сол дәйектерде Алатау қазақтарының өлеңдері деген ондаған орысша жазылған өлеңдер бар.

Семейде болған жергілікті өлке зерттеуші, әдебиетші, суретші, ағайынды Белослюдовтардың бірталай бағалы қолжазбаларын Н. Белослюдовтың әйелі /суретші/ марқұм Ольга Дмитриевна 1950 жылы Абай музейіне әкеліп тапсырған еді. Бұл қолжазбалар қазақ әдебиеті үшін, Абайды зерттеу ісінде әдеби-тарихи маңызы бар. Бір дәптерде Абайдың кейбір өлеңдерін орысшаға аударған, Абай туралы жазған.

Н. Белослюдов пен В. Белослюдовтың /ағашқысы Семейде, екіншісі Томскіде/ 1910, 1911, 1912, 1914, 1915 жылдар жазысқан хаттарында қызықты материалдар бар. Екі-үш жылы бойы жазысқан хаттарында Абай өлеңдерін орысшаға аударуға талаптанып аудармашы іздегендері айтылады. Енді бір хаттарында қазақ сөзтегілерін аударуды ақылдасады. Бір хатында «Қозы Көрпеш Баян сұту» поэмасын 3000 жол етіп аударғаны хабарланады. Тағы бір хатында «Қазақ» атты басылып шыққан /орысша/ поэма қазақ өмірінен 15 сурет жасап бергені айтады.

Абай музейінің қолжазба қорында Абай қоры сөздерінің 1910 жылдардағы қолжазбасы тағы басқа көптеген тарихи бағалы материалдар бар. Бұның бәрі әзірше қозғалыссыз, зерттеу күтіп жатқан, бағалы материалдар. Келешекте зерттеліп, жарыққа шығып қазақ әдебиетінің қорына қосылуға тиісті.

Ал 1950 жылдан бері Абай музейінің қорына бірде – бір материал қосылмаған. Шынында Абай музейінің есебінде зерттейтін, іздейтін көп заттар, материалдар бар

Музей көрме емес. Ол – ғылыми-тарихи ағарту орны. Ол

әсіресе, Абай музейі, 5-10 жылдың ішінде шын мағынасындағы қалыптасқан әдебиетке айнала алмайды. Ол үшін музей ісін шын беріліп, сүйіп, ерінбей талмай, байсалды еңбек ету қажет. Алдымен музейдің қорын үздіксіз толықтырып, байыту қажет. Әдейі зерттеу жұмысын жүргізу үшін материал керек.

Музей ғылыми-ағарту, мәдени-тарихи мекеме болғандықтан оның өзіне сай ғылыми библиотекасы болуы керек. Абай музейінің іргесі қалана бастағанда ең алдымен қолға алынған игілікті істің бірі – Абай музейінің библиотекасын ұйымдастыру болатын.

Сол реттен Абай музейінің библиотекасы ұйымдастырылып үкімет бұл іске зор мән беріп, Абай музейінің шын ғылыми библиотекасы болуына зер сатып, одан қаражат аяған жоқ. Сондай қамқорлықтың арқасында Абай музейінің библиотекасы Абайға тікелей байланысты бар және музей қызметкерлерінің ғылыми зерттеу жұмысына қажетті бағалы кітаптармен толықтырылды.

Кітаптар Абай көп пайдаланған, өзі құрметті мүше болған статистика комитетінің Семейдің жағрафия қоғамының библиотекасынан 1940-41 жылдар көп кітап Абай музейінің библиотекасына қосылды. Орыстың ірі жазушысы Ф. Достоевскийдің, жергілікті оқымыстылар Кошинның, Белослюдовтардың, доктор Павловтың т. б. библиотекасында сақталған сирек кездесетін кітаптар, журналдар Абай музейінің библиотека қорына алынды. Москваның, Ленинградтың библиофильмдерінен Абай музейінің өтініші бойынша көптеген кітаптар келді. Тағы осындай жолдармен Абай музейінің библиотекасы сан жағынан емес, сапа жағынан Семей қаласындағы бірден бір ғылыми библиотекаға айналған еді.

Абай оқыған медресенің әдебиет, тарих жайындағы т. б. бағалы кітаптары Абай музейіне алынды.

Қазақстан ғылымы да бұл жөнінде көп көмек көрсетті. Абай музейі 1951 жылға дейін Москвадағы Ленин библиотекасынан, Ленинградтағы С. Щедрын атындағы библиотекадан үзбей кітаптар алып пайдаланып келді.

Абай музейінің библиотекасында: Л. Толстойдың шығармалары/1889, 1990, 1903 жж./Пушкиннің/1855, 1857 жж./, Некрасовтың/1873, 1886, 1899 жж./, Белинскийдің/1860, 1898 жж./, Добролюбовтың/1885, 1901 жж./, Достоевскийдің/1862,

1894, 1895 жж./, Тургеновтың /1898 ж./, Майлер А. /1898ж./, Ломоносовтың /1850 ж./, Державиннің /1884, 1851 жж./, Гогольдің /1857, 1894, 1900, 1902 жж./, А. Кольцовтың /1892 ж./, Рылсеевтің /1893 ж./, Лесковтың /1900 ж./, Островскийдің /1896 ж./, Лермонтовтың т.б. орыс классиктерінің толық таңдамалы шығармалары жиналған еді.

Сол сияқты Батыс Еуропа классиктерінің орысша басылған кітаптары: Гетенің толық жинағы /1827, 1867, 1865, 1875, 1901жж./ Гейнениң /1904 ж./, Шиллердің /1901 ж./, Канттың /1867 ж./ т. б.

Олардан баска Карамзиннің «Россия мемлекетінің тарихы» /12 том/, «Энциклопедический словарь» /1891-1905 жыл 82т/, «Большая энциклопедия» /1902 ж. 20 том/, журналдың «Современник», «Вестник Европы», «Отечественные записки», «Библиотека для чтения», «Вестник иностранный литературы», «Исторический вестник», «Дело», «Русский вестник» т. б. Ондаған журналдар Абай музейінің библиотекасының қорында болатын.

Өте сирек кездесетін Алматының Пушкин библиотекасының бір-ақ данасы Вильяминов – Зерновтың тарихының бар томы Абай музейінде болатын. Бес жүзден астам Абай оқыған медреседен алынған аса бағалы әдебиет, тарих кітаптары Абай музейінде сақтаулы. Бұл кітаптың бәрі Абай заманында Семей библиотекаларында болған.

Абайдың ақындығын, дүние тануын зерттегенде, Абай білімін қайдан толықтырды дегенде жауап беретін бір сала осы кітаптар. Бұл кітаптардың Абайға тұралай қатынасы бар. Абай музейіне зор мән беретін бай қордың бірі – оның библиотекасы.

Амал не бұрынғы мәдениет министрлігі Байғалиевтің бұйырығымен музей директоры Тұтқышев жолдас осы кітаптардың 900-дей томын әр библиотекаға таратып жіберген. Ойланбай берген бұйрықты ол-онай орындай салмай, Тұтқышев жолдас жергілікті партия, совет орындарымен ақылдасуы керек еді.

Бұл қатты қынжылатын жай.

Абай музейінің алғашқы құрғанда үкімет пен партияның нұсқауы осы музейдің негізінде келешекте республикада мәні бар Абай атындағы зор әдебиет музейін ұйымдастыру болатын. Олай болса Абай музейінің қорын ашу емес, жинау үздіксіз толықтырып беру керек еді.

Музейде Абайдың 1922 жылы Ташкент қаласында басылған өлеңдер жинағы бар еді. Мағажия. Кәкітайлардың фото-суреттері «оригинал» бар еді. Бұлардың бәріде жоғалған көрінеді. Бұл екіншіші уәкіге Абай музейі үшін орны толмас шығын.

Абайдың 1889 жылы Омск қаласында шыққан «Особое прибавление Акмолинским областным ведомостям» газетінде басылған өлеңдерінің 1909 жылдан бастап шыққан Абай шығармаларының және Абай туралы шыққан әр тілдегі кітаптардың түгелдей Абай музейінде болуы қажет.

Ленинградтағы Шокан архивінде жатқан Абайдың 1866 жылы Омск кадет корпусында оқып жүрген інісі Халиттоға жазған хаттары тағы осындай толып жатқан материалдар Абай музейінің қорында болуы керек.

Бұның бәрі музейдің іске асыратын басты жұмыстары. Осы күнге дейін Абай музейі туралы айтылған сын, талап тілектер тек көрмеге /выставка/ қойылатын талаптардың көлемі болып келеді. Шағын ғана музейдің экспоната жайында пікір айту, экспозицияны әділ айтылған сын, талаптарға сай өзгерту қиын жұмыс емес. Біз ұлы ақынның музейінде ғылыми биік тұрғыдан қарап, оның келешектегі бағытын айқындауына керек.

Бұл жөнінен қарағанда Абай музейінің бағыты әлі анық айқындалған емес сияқты. Музей алғашқы ашылған жылдары «Абай мемлекеттік әдебиет музейі» деген атпен оқу ағарту министрлігінің қарауында болды. Одан соң барып, мәдениет ағарту мекемелері басқармасының қарамағына көшті. Ал, 1947 жылы Қазақстан Ғылыми Академиясының қарауына ауысты.

Ғылым Академиясының қарамағында болған жылдар Абай музейінің өміріндегі ең мағыналы жылдары болды. Ғылым Академиясының басшылығымен музейдің ғылыми тұрғыдан қаралған жұмыс планы шеңберінде әдебиет зерттеу ісі жөніндегі планы жасалып, музейдің келешек бағыты айқындалған болды. Музейдің экспозиция қоры, қолжазба библиотека қоры әжептәуір молайып өсті. Музей қызметкерлері белгілі тақырыптарға арналған әдеби-зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Музей мәдени – ағарту, саяси тәрбие жұмыстарына белсене қатысты. Абай жайындағы материалдар жинау мақсатымен экспедициялар ұйымдастырылды. Тағы сондай игілікті істер басталған еді.

1953 жылы барып Абай музейі «Мемориальный музей» дәрежесіне түсіріліп Мәдениет министрлігінің қарауына ауыс-

ты. Мұзейдің штаты, қаржысы қысқарып іргілікті басталған іс тоқырап қалды.

1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуын есімізге алып өткізуімізге байланысты мұзейдің экспозициясы қайта құрылған. Экспозиция Қазақстан суретшілерінің Абайға арналған еңбектерімен толықтырылған. Ал, мұзейдің экспозициясын ұйымдастыру принципі мұзейге лайық болмай шыққан. Абай тұрған үйді тарихи шындыққа сай қалпына келтірудің орнына жарқылдаған жалған әшекеймен толтырып бутафорияға айналдырған. Бұл ойланатын мәселе.

Мұзейдің ғылыми тұрғыдан қарап жасаған белгілі жұмыс планы жоқ. Ешқандай әдебиет зерттеу жұмысы жүргізілмейді. Мұзей мәдени – ағарту, саяси-тәрбие жұмысынан сырт қалған. Лекция баяндамалар жасау, баспасөз мақала жазу жоқ. Бірлі жарым болса сауатсыз жазылғаны байқатады. Жакында болып өткен Абай туғанына 110 жыл толуын еске алғанда да мұзей сырт қалды. Мұзей Шолоховтың 50 жылдығына елең өткен де жоқ.

Абай мұзейі әр жылда әр мекеменің қарамағына көше беріп, басқа қызметкерлерін айтпағанда, мұзей өмір сүрген 13-14 жылдың ішінде 11-12 директорының ауысуы – Абай мұзейінің жұмысына, келешегіне көп кесел келтірді.

Біз жоғарыда мұзей қорынан жоғалған, қолды болған бір нәрсенің орны толмас бағаты заттар жайын айттық. Әлі де болса қолдан қолға өтіп жүрген, Абай мұзейінің қорында не қалып, не қойғанын білмейміз. Бұл зерттеу керек ететін іс.

Абайдың қайтыс болуына елу жыл толуына байланысты Қазақстан Министрлер Советі 4/IX-54 ж арнаулы қаулы қабылдады. Ол қаулыда ұлы ақынның атына мұзей ұйымдастыру үшін Алматыда үй салынсын делінген. Олай болса келешекте Абай атында Алматыда мұзей ұйымдастырылғанша қазіргі Абай мұзейі бұрынғы қалпында әдебиет мұзейі болып қала тұруы керек еді. Қазіргі Абай мұзейі болашақ мұзейдің қорын жасауда көп жұмыс істеуі қажет еді.

Алматыда Абай мұзейі ашылғанда барып, Семейдегі мұзей мемориальный мұзей болып қала бергені жөн болған болар еді. Бұл тиісті орындардың әлі де ойланатын ісі деп білемін.

Абай мұзейін ұлы ақынның атына сай дәрежеге көтеру әрі жауапты, әрі құрметті міндет.

*Семей. 1955 жыл*

\*\*\*

### Латыштың ұлы ақыны (Ян Райнистің туғанына 90 жыл толуына)

Латыш халқының атакты революционер ақыны Ян Райнистің аты тек Латыш еңбекшілеріне ғана емес, дүние жүзіндегі озат ойлы прогресшіл адамзатқа мәлім. Оның шығармалары Совет Одағындағы бірнеше халықтардың тілдеріне аударылып, көптеп басылуда. Ал, оның пьесалары туысқан советтік республикаларының театрлары сахнасында қойылады.

М. Горький 1934 жылы совет жазушыларының бірінші съезінде жасаған баяндамасында Ян Райнистің ірі ақын екендігін атап өткен еді.

Райнис поэзиясы 1905 жылғы бірінші орыс революциясының өрлеген кезінде кең қанат жайды. Бұл революция Райнис творчествосына ерекше әсерін тигізді. Дарынды және сезімтал ақын шығармаларында сол дәуірдегі жұмысшылардың қанаушыларға қарсы өшпенділігін, бостандық ату үшін ұмтылған еңбекші халықтың тілегін сүйсіне жырлады. Оның поэзиясы латыш еңбекшілерінің патша мен помещиктерге қарсы күрестерімен тығыз байланысты. Райнистің ақындық таланты бостандықты көкесеген өз халқына қызмет ету мақсатына арналды.

Ян Райнис (шын аты Ян Кришьянович Плиекшан) 1865 жылы 11 сентябрьде бұрынғы Курляндия губерниясы Ворслонан хуторында туы. Оның әкесі латыш буржуазиясы ортасынан шыққан болатын. Ұлы ақын өзінің жас кезінде әкесінің қарамағында батырақтар арасында жні болды. Зерек жас бата олар айтқан өлеңнен, әуенді сөздерінен орыс, латыш, белорустардың ауыр тағдырын, бостандыққа деген үмітін біліп, ұғып жүреді. Сонымен қатар болашақ ақын бостандыққа бой ұрған халықтың ауыз әдебиеті – рухани бай мәдениеттік мұра, халықтың асыл қазына екенін түсінеді. Ақынның өз шығармаларының нәр алған бір мол саласы осы фольклор болады. Сондықтан да, оның барлық творчествосы әсіресе, драматургиясы халық даналығының бай және терең бұлағы фольклорға негізделген.

Райнис жасында Гривдегі неміс мектебін бітіріп, онан кейін Ригадағы неміс буржуазиясы мен помещиктерінің балалары оқитын гимназияға түседі. Мұнда оның оқыған негізгі

пәні неміс тілі мен классикалық әдебиет болады. Райнис гимназияда жүріп болашақ латыш революционері Петр Стучкамен танысып, дос болады. Гимназияда ол өз халқының әдебиеті мен тарихын, сондай-ақ, басқа халықтардың әдебиеті мен тарихын бар ынтасын сала үйренеді.

Осы кезде Райнис дүниежүзі әдебиетінің классиктері: Гомер, Эсхил, Софокл, Шекспир, Байрон, Пушкин, Лермонтовтарды құныға оқиды. Осы әдебиеттерді көп оқуы оның эстетикалық сезімінің өсуіне, демократиялық бағытқа талпынуына, ой-өрісінің кенеюіне мүмкіндік береді. Райнис үшін, әсіресе, орыстың классик ақын-жазушылары шағармаларының зор әсері болады. Орыстың ұлы ақыны Пушкин Райнистің ерекше қадір тұтып оқыған, үлгі алған ақыны болды. Лермонтовтың бостандыққа бой ұрған жалынды, қуатты өлеңдері Райнисқа ерекше әсер етеді.

Райнис гимназияны бітірісімен, 18 жасында, орыстың сүйікті ақыны Пушкиннің «Борис Годуновын» латыш тіліне аударды. Райнистің дүниежүзі классиктерінің шығармаларымен өз халқын таныстырудағы зор еңбегінін алды Пушкиннен басталды.

Орыс халқының ұлы ақынының реалистік бағыттағы данышпандық, шын халықтық, адамгершілікті жырлаған әдеби мұрасы өзінің терең идеясымен, асқан көркемдігімен Райнисқа өнеге болды. Райнис орыс халқының фольклорын да сүйіп оқыған. Райнис гимназияны бітірген соң, 1884 жылы заң ғылымын оқып, үйрену үшін Петербургке келеді. Ол мұнда студент жылдарында орыс әдебиетін бұрынғыдан да тереңірек оқып, үйреніп, революцияшыл демократтардың еңбектерімен танысады. Университетте орыстың тамаша оқымыстыларының, материалистер Менделеев пен Бехтеровтың лекцияларын тыңдайды. Плехановтың марксистік еңбектерін оқиды. Орыстың прогрессивті ғылымымен танысу оның материалистік көзқарасын қалыптастырады.

Революциялық озық идеямен қаруланған Райнис латыш буржуазиясы мен буржуазиялық ұлтшылдарына қарсы ашық күрес жүргізе бастайды. 1888 жылы «Кішкене бөгелектер» атты сатиралық жинақ шығарады. Бұл жинақ сол кезде ықпалы жүріп тұрған латыштың реакцияшыл буржуазиясының қара ниетті істерін әшкерлейтін еңбек еді.

1891 жылдың декабрінде Райнис Латвияның демократиялық газетінің («Диянас Лапа» - «Күнделік листок») редакторы болады. Акын бұл газеттің төңірегіне Латыш интеллигенциясының Москва мен Петербургтен оқып шыққан ең озат өкілдерін топтастырады. Газетке жарияланған Райнистің көркем шығармалары және басқа да еңбектері латыштың реакцияшыл буржуазиясына, оның баспасөзі мен түрлі ұйымдарына батыл қарсы күрестің құралы болды. Онда әдебиетте реализмнің болуы, еңбекші халықтың өмірінің дұрыс көрсетілуі және үстем таптардың озбырлық әрекеттерінің әшкереленуі керектігі талап етілді. Бұл латыш әдебиетінің тарихында «жаңа ағым» (Яуна Страва) деген атаққа ие болды. Олар Маркс пен Энгельстің еңбектерінен үзінділер басып, Плехановтың еңбектерін насихаттады.

Мұнан соңғы жылдарда Райнис Швейцарияда, Германияда болды. А. Бобльмен кездесті. II интернационалдық конгресіне қатынасып Ф. Энгельстің сөзін тыңдады. Жұмысшылар қозғалысымен танысты. 1894 жылы Райнистің талабымен Латыш социалист интеллигенциясының мәжілісі ұйымдастырылып, онда социалистік идеяны насихаттау мәселесі талқыланды.

Революциялық негіздегі жасырын топ – «Жаңа ағымның» құрылғанын білген жандармерия, оның ізіне түсті. Патша үкіметі «Жаңа ағымның» іс-әрекетін басқарушы Райнисті тұтқындап, онан кейін Псковқа жер аударды. Онда ұлы акын өз уақытын босқа өткізбеді. Шекспир, Гейне, Гете, Ибсен, Шиллер, Пушкин, Лермонтов шығармаларын латыш тіліне аударумен шұғылданды.

Ол жерде аударылып жүріп «Фаустын» аудармасын аяқтады. Лермонтовтың «Демон» поэмасын аударды. Райнис Псков, Вятка губерниясында айдауда болғанда Пушкиннің «Борис Годуновын» аударып бастырады, Пушкин туралы очерк жазады. Райнис айдауда жүрген орыс революционерлерімен тығыз байланыста болып, лениндік «Искраны» алып үзбей оқиды. «Искраны» оқу Райнистің марксистік теория мен тактика туралы мағлұматын тереңдете түседі.

Ол 1903 жылы айдаудан өз Отанына Латвияға қайтып оралады. Бұл кезде революция дауыты көтеріле бастаған болатын. Оған Райнис те қызу араласты. «Оттар және түн», «Дауылдар егісі» атты өлеңдер жинағы мен «Жартылай идеалист» атты драмасын жазып, бастырып шығарды. 1905 жылғы револю-

ция күндерінде ол өзінің революция ісіне шын берілгендігін көрсетті.

1905 жылғы революция сәтсіздікке ұшырағаннан кейін ұлы акын ұзақ уақытқа Латвиядан кетуге мәжбүр болады. Сол жылдың декабрінде ол өзінің әйелі демократияшыл акын Аспазия екеуі Швейцарияға эмиграцияға кетті, онда 1920 жылға дейін тұрды.

Райнис бұл уақытта жеңіліс пен сәтсіздіктен корқып, үрейленбеді және қажымады. Алыс жерде жүрсе де Отанының келешегіне сенді. Эмиграцияның қиын жағдайында да Райнис өз халқына адат қызмет етуді ұмытпады. Революционер акын бұл кезде «Жаңа күш», «Үнсіз кітап», «Олар ұмытпайтындар» атты өлеңдер жинағын, «Алтын ат», «Индулис және Ария», «Сок, самат жел» атты драмасын жазды.

Акын бұл кездегі шығармаларында кейбір мәселелерді түсінуде марксистік көзқарасты жете меңгере алмады. Соның салдарынан 1912-1914 жылдарғы жұмысшы қозғалысынан жаңа құ атты тасқынын дұрыс бағалай білмеді. Лирикаларында субъективтік сарын көбейіп, оның пьесалары өзіне тән бұрынғы өткірлік қасиетінен айырыла бастады. Бірақ, ол 1914-1918 жылғы империалистік соғыстың сипатын дұрыс түсінетінін көрсетті.

1917 жылы Райнис Россиядағы буржуазиялық февраль революциясын құттықтайды. Бірақ, бұл революцияның 1905 жылғы революция көтерген саяси идеяны жүзеге асыруға дәрменсіз екенін түсінді. «Мен үшінші революцияны тосамын» – деп жазды.

Акын өзінің барлық өмірі бойында орыс халқын және оның бай, ұлы мәдениетін жоғары бағалады, оның келешегінен зор үміт күтті. Ол Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының жеңісін зор құанышпен қарсы алды.

Ян Райнис 1929 жылы 12 сентябрьде қайтыс болды. Бүгін 11 сентябрьде Латыштың ұлы акыны Ян Райнистің туғанына 90 жыл толды. Ұлы акынның бай әдеби мұрасы: ондаған том өлең, поэма, пьесалары, ондаған том аудармалары, очерк, мақалалары – көп ұлтты туысқан совет халқының мәдениет қорының асыл қазынасына қосылды.

Совет халқы Ян Райнистің еңбектеріндегі халықты бостандыққа шақырған ізгі ойларын жоғары бағалайды, оның есімін әрқашан қадір тұтады. Революцияшыл ұлы акынның жарқын бейнесін мәңгі ұмытпайды.

*«Екпінді», 11.09.1955 жыл.*

## Ибраһим Алтынсаринның таңдамалы шығармалары

Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты казактың атакты ағартушысы, ірі педагогі, талантты ақыны әрі жазушысы Ибраһим Алтынсаринның таңдамалы шығармаларын жарыққа шығарды.

Алтынсарин еңбектерін реттеп, баспаға дайындаған, алғы сөз және Алтынсаринның өмірі жайында мақала жазған тарих ғылымдарының кандидаты Б. Сүлейменов.

Бұл кітап И. Алтынсаринның дүниеден қайткаты тұңғыш жарыққа шыққан таңдамалы шығармалары. Бұған дейін Алтынсарин еңбектерінің кейбір нұскалары ұсақ кітапша болып басылып және орта мектептерге арналған әдебиет оқулықтарында кейбір шығармалары жарияланып жүрген еді. Бұл баспаларда Алтынсарин өлеңдерін бұрмалаушылық, акынның өзі жазбаған басқа біреулердің шығармаларын Алтынсарин өлеңдері деп жариялау сияқты кемшілік, қателіктер орын алып келген еді.

Алтынсарин еңбектерін баспаға әзірлеуде, бұрынғы болып келген кемшіліктерді ескере отырып, құрастырушы Алтынсарин еңбектеріне нақты ғылыми тұрғыдан қарап, акынның көзі тірісінде баспадан шыққан еңбектеріне сүйеніп және архив материалдарын зерттеп игілікті еңбек еткен.

Алтынсарин шығармалары Қазақстанның жоғары оқу орындарының тіл әдебиет факультеттерінде, жеті жылдық орта мектептерде оқылады. Қазақтың атакты ағартушысы, педагогі Ы. Алтынсарин педагогика тарихынан да құрметті орын алып отыр.

Алтынсаринның таңдамалы шығармалары алты тараудан құралған. Бірінші, екінші тарауларға И. Алтынсаринның 1879 жылы жарыққа шыққан «Қазақ хрестоматиясы» және «Мақтабат» атты кітаптарында жарияланған өз өлеңдері, балаларға арнап жазған әңгімелері кірген.

«Қазақ хрестоматиясы» орыстың ұлы педагогтерінің үлгі-өнегесіне, бай тәжірибесіне сүйене отырып жазылған қазақ тіліндегі тұңғыш оқу кітабы еді. Алтынсаринның бұл кітабы жазылғанға дейін ана тілінде баспадан шыққан казактың оқу кітабы жоқ болатын және қазақ тілі мектептерде сабақ болып

оқытмайтын. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясын» жазып тұңғыш рет қазақ тілін, қазақ әдебиетін сабақ етіп мектепке енгізді. қазақтың ана тілінде өлең, қара сөзбен көркем шығармалар жазумен бірге өнер-білімінің қай саласында болсын ғылыми еңбек жазуға болатынын іс жүзінде дәлелдеп берді.

И. Алтынсарин қазақтың әрі бай, әрі таза, әрі көркем тілін, жазба әдебиет үлгісімен өзінің тамаша өлеңдерін, балаларға арналған көркем әңгімелерін жазып қазақтың әдебиет тілінің тұңғыш ірге тасын қалап берді. Сол тілмен қазақ әдебиеті тарихында проза жанрының, балалар әдебиетінің негізін салды. Қазақтың ауыз әдебиетінің бай қазынасының асыл мұраларын, қазіргі советтік шығыс әдебиеті классиктерінің үлгілерін зерттеп пайдалана отырып, орыстың XIX ғасырдағы классик әдебиетінен өнеге алды. Қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің өсу, өркендеу жолында ұлы мектеп, адастырмас темірқазық – ұлы орыс халқының әдебиеті мен мәдениеті екенін терең түсінді.

Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясында» өз шығармаларын, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жариялаумен қатар орыстың ұлы жазушысы, педагогтерінің – Л. Толстойдың, Крыловтың, Ушинскийдің, Паульсонның қазақ оқушыларының түсінігіне сай келетін шығармаларын аударып бастырды. Сөйтіп, Алтынсарин қазақ даласында орыс мәдениетінің, орыс әдебиетінің алғашқы жаршысы, жалынды насихатшысы болды.

Алтынсарин қазақтың ана тілінің, әдебиетінің тазалығын сақтау ниетімен, ислам дінінің қауіпті әсерінен қорғау үшін, қазақ елін орыс мәдениетіне қоян-қолтық жақындастыру мақсатымен «Қазақ хрестоматиясын» орыс әрпімен бастырған еді.

Кітаптың үшінші тарауында Алтынсаринның «Қазақтарға орыс тілін үйренудің бастауыш құралы» атты еңбегі кіргізілген. Бұл еңбек Алтынсаринның қазақ жастарына орыс тілін үйрету ісін мақсат етіп жазған ғылыми зор еңбегі. Орыс тілін үйретуде, оқытуда қазақ тілімен грамматикалық салыстыру жасау әдісінің тамаша үлгісін көрсетіп берді. Алтынсаринның бұл кітабы оқытушы, оқушыларымыз үшін әлі де маңызын жоймаған, көп үлгі, өнеге алуға үйрететін еңбек.

Кітаптың төртінші тарауында Алтынсаринның халық

ағарту мәселелері жайында жазған ресми хаттары, ой-пікірлері жарияланған. Бұл тарауда Алтынсаринның халак ағарту ісіне аянбай атсалысқан, жеке бастың тағдырынан халық тағдырын жоғары санап, сол жолда ұмытылмас еңбек еткен ағартушы – кайраткердің адамгершілік ұлы тұтқасын көреміз.

Кітаптың бесінші тарауына Алтынсаринның 1870 жылдар жазып, жарияланған казактың әдет-ғұрып, салт-санасы жайындағы этнографиялық маңызы бар ғылыми екі мақаласы енгізілген.

Алтыншы тарауда Алтынсаринның халық ағарту жұмысы, мектеп оқу, оқыту мәселелеріне байланысты жазылған хаттары кіргізілген.

Алтынсаринның бұл хаттарынан оның казак даласында оқу-ағарту ісіне сінрген баға жетпес еңбегі, ағартушылық қызметі, педагогикалық идеялары, айқын көрінеді. Қатыгез бай-феодалдардың, ру басылардың, дін өкілдерінің менгеру тобының ортасында, патша әкімдерінің арасында ағартушылық туын көтеріп майданға шыққан Алтынсаринның басынан кешкен ауыр халі, көп наданмен алысқан кайраткердің өмір кезеңдері осы хаттар арқылы көз алдына келеді.

Алтынсарин өз халқына үлкен сеніммен қарады, халқының келешегі зор екенін түсінді. 1862 жылы жазған бір хатында «Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды бірақ оқымаған халық» десе, енді бір хатында «Қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен жазуына мәдениет пен білімнің тілі деп қарайтын болады, оларға құмары артады және азды-көпті орыс рухында өседі», – деп жазады.

Алтынсарин ағартушылық қызметінің алғашқы қадамында, мектеп ашып, бала оқытуға мүмкіншілік болмаған кезде, казактың бірнеше баласын өз үйінде орысша оқыта бастайды. «Жанымда төрт шәкіртім бар, – соларды оқытып жатырмын. Қазақтарға орыс тілін үйретуге арналған оқу құралы – олардың жетекші оқу құралы болып тұр» дейді.

Алтынсарин көзінің тірісінде екі класстық орталық төрт орыс – казак училищесін, бір қолөнер училищесін, казак қыздары үшін бір училище, болыстық бес мектеп, орыс балалары үшін арнаулы екі училище ашты. Гимназияларда, реальное учили-

шеле, университеттерде оқитын қазақ балаларының жоғары дәрежелі білім алуына көмек ету мақсатымен елден жәрдем жінау жұмысын ұйымдастырды

Алтынсаринның баға жетпес тарихи еңбегі, оның ағартушылық қызметі, әлеуметтік қызметі, педагогикалық көз қарастары өмірі мен жазушылық еңбегі кітапты құрастырушының көлемді мақаласында талданып айтылған. Алтынсаринның саяси-әлеуметтік, педагогикалық көзқарасының қалыптасуына игі әсер еткен орыстың революционер - демократтары, педагогтері, ұлты жазушылары болғаны мақалада атап көрсетілген.

Алтынсарин қазақтың тұңғыш инспекторы, оқытушылардың білімді, тәжірибелі ұстазы. Оқытушыларға басшылық етудегі үлгі-өнегесін, қамқорлығын Мазохин, Соколов сияқты оқытушылардың Алтынсарин қайтыс болған соң жазғандарынан айқын көреміз. Алтынсаринды оқытушылар әкім емес, әкесіндей бағалаған. Ол мектептерге барғанда ақыл, кеңес берумен қатар өзі сабақ өткізіп, оқытушыларға үлгі-өнегені іс жүзінде көрсетті. Ол құрғақ әкімшіліктен аулақ болған.

Алтынсаринның біздің оқу - ағарту жұмысымызда өнеге бопарлық істері көп. Оны тәжірибе жұмысымызда пайдалана білуіміз қажет. Алтынсарин феодалдық ортадан шыққанымен халық мақсатын бәріннен жоғары санап, өзі шыққан ортадан, рулық салт-санадан аулақ болған демократ, гуманист болды.

Алтынсаринның тарихи еңбегін өз замандас тарапы сол кездің өзінде бағалай білді. Ломоносовтың еңбегі Россия үшін қандай орасан зор болса, қазақ халқының алдында Алтынсаринның еңбегі де сондай зор деп жазды. «Оренбургский листок» 1884 жылы Еңбекші халық, қазақ жастары Алтынсаринды құрметті ұстаз, сүйікті ақын, қамқоршы деп білді. «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді, мен қайтып жалғыз болайын» — дейді Алтынсарин.

Алтынсарин өзінің шын бағасын тек Октябрь революциясынан кейін алды. Оның есімі қазір СССР халықтарына мәлім болып отыр. Алтынсаринның «Таңдамалы шығармалары» мектептерде, институттарда оқытушылар, оқушы, студенттер үшін әдебиет, тіл, тарих, педагогика салаларындағы ғылыми қызметкерлер мен жалпы оқушы жұртшылық үшін аса бағалы құрал, қажетті кітаптың бірі.

Кітапқа Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясында»

басылған казак ауыз әдебиет нұсқаларының бірталайы кірмей қалған. Ол нұсқалар Алтынсарин творчествосының нәр алған негізгі бір саласы болатын.

Академия баспасы үшін кешірілмейтін текстологиялық қателер де көп кездеседі. Мысалы: «Сіз (сізге) шын берілген босыңыз (досыңыз) ...» (337-бет). 175 бетте *будущее время* мен *настоящее время* – дағы «тартамын» деген сөз өзгермей бірдей берілген. (Шынында *будущее время*да тартармын, тартарсын тағы сондай болып басылтуы керек).

Алтынсаринның орысша жазған еңбектерін казакша аударып беруде әжептәуір еңбек сіңіргені байқалады. Бірақ, келешекте осы аудармаларды ғылыми тұрғыдан карап Алтынсаринның казакша жазған еңбектерін басшылықка ала отырып, өзінің казакша жазудағы стилін, тілін, сөз қолдануларын ескере отырып аударған жөн болар еді. Мұндай кемшіліктер келесі баспада ескерілуі керек.

Ендігі жерде Алтынсаринның толық жинағын жұртшылық асыға күтуде.

*«Семей правдасы», №98  
08.05.1956 жыл.*

\*\*\*

## Екі кітап Сын және библиография

Қазақстанның оқушы жұртшылығына акындық өнерімен танылған, белгілі қалам қайраткерлерінің бірі – Мұзафар Әлімбаев әдеби қорымызға биыл екі үлкен үлес қосты. Ол – оның көркем аударма еңбегі – «Мақал – сөздің мәйегі» және Сулхан-Саба Орбелианидың әдебиет әлемінде ежелден әйгілі «Ғибратнамасы»<sup>3</sup>.

Халықтардың лениндік достығы, пролетарлық интернационализм идеяларын насихаттаудың идеологиялық қуатты құралының бірі – көркем аударма жұмысына Коммунистік партиямыз әр қашан зер сатып, көңіл аударып келеді.

<sup>3</sup> «Мақал – сөздің мәйегі» (Әр елдің мақал-мәтелдерінен) 228 бет. Сулхан-Саба Орбелиани – «Ғибратнама» 284 бет. Екі кітапты да Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1963 жылы басып шығарған.

Көркем аударма – әрбір халықтар әдебиетінің өзара достық қарым-қатынасын күшейтіп, әр ел әдебиетінің бір-біріне игі әсер етіп, бір-біріне үлгі-өнеге ауысып, жедел дамып, өркендеп өсуіне кең даңғыл жол ашады.

Мұзафар Әлімбаевтың сөз болып отырған көркем аудармаларының әдеби-әлеуметтік, саяси-идеялық мәні де осында. Әрбір еңбек елі ежелгі ескі заманнан бері ұлы арман, тәтті қиял етіп келе жатқан мұн – мүдделері, тілек-мақсаттарының бір екенін, ол мақсат – бостандық, ерікті еңбек, ақатты тұрмыс, бақытты, бейбітшілік өмір екенін бейнелеп беретін идеологиялық құралдардың бірі де – көркем аударма.

Көркем әдебиеттің қайнар көз бұлағы, негізгі бір саласы – халықтың ауыз әдебиеті. Ауыз әдебиеті – халық даналығының айқын үлгісі. Жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті әр қашаннан өзара тоғысып, бір-біріне нәр беріп, нәр алып, бірін-бірі толықтырып, жұптасып дамып, көркемдік түр жөнінен түрленіп, идеялық-мазмұны тереңдеп, байып отырады.

Халықтың ауыз әдебиетінің мол бір саласы, терең мағыналы, мазмұнды бір түрі – макал-мәтелдер. «Макал – сөздің мәйегі» атты кітапта Мұзафар Әлімбаев әр елдің: абхаз, адыгей, азербайжан, араб, армян, афған, ассирия, бенгал, вьетнам, грузин, даргин, жапон, индонезия, корей, курд, калмак, қырғыз, қаракалпак, монғол, неміс, орыс, осетин, өзбек, парсы, татар, тәжік, түрікмен, түрік, украин, ұйғыр, қытай т.б. – барлығы елу бес елдің макалдарынан іріктеп алып, мән-мазмұнын сақтап, ұлттық, әдебиеттік көркемдік қасиеттеріне нұқсан келтірмей, көркем аударуға творчестволық еңбек еткен. Санаты еңбек сапалы, сәтті болған. Кемшілігі жоқ десек әділетсіздік болар еді. Кемшілігіне кейінірек кідіреміз. Аударманың әр жерде аздап кібіжіктетіп, кідіртетін кездері бар. Аудармашы автордың «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» өтуден аулақ екені хақ.

Макал-мәтел – халықтың ғасырлар бойы басынан кешкен өмірдің ащы тәжірибесінен тұған пікір қорытындысы, заманнан-заманға өтіп, сыннан-сынға түсіп, халықтың ақыл-ой көрігінен болаттай қорытылып шыққан.

Өнегелі сөз шырыны. Макал-мәтелмен айтқанда да «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деуге болады. Халықтың аса көркем, терең ойлы, кең ақылды, бай уақиғалы «Аязбұл» әңгіме

– ертегінің сайып келгендегі мақсат – қорытындысы «Аяз елді біл, құмырсқа жолыңды біл!», – деген екі-ақ ауыз нақытмен түйіліп, сол түйінді сөз мәңгі өлмейтін мақалға айналғанын білмейтін адам жок шығар

Мақал-мәтелдің терең мағынасына сай, көркемдік, өлеңге тән қасиеті тағы бар. Осының бәрін ойлағанда және әр елдің тіл. әдет - ғұрып. шаруашылық - тұрмыс т.б. өзіне тән ерекшеліктерін еске алғанда басқа тілден мақал-мәтелді қазақшаға аудару мойынға жеңіл міндет алу болып табылмаса керек. Мақал. «Ұзын арқау, кең тұсауға» аударушыны жібермейді.

Енді аудармашының өзіне де сөз беріп көрейік. Ең алдымен Қытай халқының мақал-мәтелдерінен, үлгі ретінде, мысал келтірейік. Ертеде елдің жазулы заң-законы болмаған дәуірде дау - жанжалға, талас-тартысқа, қисық-қыңырлық, ұрлық-өтірікке, әділетсіздік - зұлымдыққа т.б. сан - атуан құбылыстарға шешім-кесім, жол-жора, билік-үкім айтқанда, көбінесе халық даналығына – мақал-мәтелдерге сүйеніп айтқан екен.

Қазіргі Қытай басшыларының біздің Ұлы Отанымызға, партиямыз бен үкіметімізге нақақ өтірік жала жауып, «беттің арын белге түйіп», «қызыл тілде сүйіск жокка» салынып отырған жағымсыз қылықтарын қытай халық мақалдары қалай түйрейтінін олар аңғара ма екен! Алдымен қытай халық мақалдарынан мысал келтіруді мақұл көргеніміз де сол. Сонымен бірге Мұзафардың аудармасының сапасын да сын таразысына тартып көруге болады. Әріпті танымасаң да, халықты таны! Арын таза болса, ұйқың да таза болар. Пірі көп жердің, кірі де көп. Зұлымының заны – зұламат. Әбігердің аузы жабылмас. Өзі білген ақыл ғой, өзін жеген – батыр ғой. Халықтан айрылдым дегенше, қанатымнан қайрылдым де. Жамандығыңды айтқанның бәрі бірдей қасың емес, жақсылығыңды айтқанның бәрі бірдей досың емес. Өзгені қалай мінесің, өзіңді солай міне, өзіңді қалай келтірсең, өзгені де солай келшір. Өтірікті өмірдің өзі әшкере етеді. Жолдан адассаң, үйге қайтарсын, сөзден шатассаң неңді айтарсың?! Көлгірсіген төре көптің қанын арқалар.

«Халық айтса – қалп айтпайды», – дейді қазақ мақалы (қалп қырғыз сөзі: өтірік, жалған, қате мағынасында. Қ.М.). Енді бірнеше елдің мақалынан мысал: Өмірі жаманның өлімі де жаман (абхаздан). Өткелге жетпей етігінді шешпе. Алаяқтан ақылшың

болмасын (адыгейден). Анасы есірткен айдалада қалады. Моллада аяу жоқ, жыланда аяқ жоқ. Азаптың зоры – жұмысы жоктық. Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын. Қаламынның ұшында – найзаның күші бар (азербайжанның). Ұлыңды өзін жөнге салмасаң, өмір тезге салады (арабтан). Гүлден жылан зәр жияды, ара бат жияды (армяннан). Түлкінің алдағанынан арыстанның татпағы артық (ассириядан). Кішіпейілдік – кемеңгерліктің көркі (жапоннан). Бағынышты бол, жалынышты болма (корейден).

Мұндай мысалдарды Мұзафар аудармасынан көптеп кездестіруге болады. Бұл талапты, ойшыл, шебер аудармашының жеріне жеткізе еткен тиянақты еңбегінің игілікті жемісі. Бұл сияқты осы кітаптағы толып жатқан мақалаларды қазақ жұртшылығы жатырмай, жатысыбай, өзінің қолтума, төл мақал - мәтелдеріндей жадына тоқып алуында сөз жоқ. Осы аудармалар қазақтың мақал - мәтел қорына шар тараптан келіп, құйып жатқан мәлдір бұлақтай рухани байлық.

Мұзафар орыс халқының мақал - мәтелдерін зер сала мол аударған. Орыс халқының екі жүз елге тарта аударылған мақал -мәтелдердің дені-ақ сәтті шыққан. Мысалы: Ақиқат жолында азап шеккен де абырой. Көміл сені білген және де біледі. Баланың білеі ауырса, ананың жүрегі ауырады. Буының қатпай білім ал. Шарапка қандым дегенше шатакқа қалдым де. Тапқан анаң емес, баққан анаң. Қолпаштаған дос емес, қол ұшын берген дос. Көппен ішкен дәм тәтті. Өтірік айтсаң өлмессің, елдің бетін көрмессің.

Лак, лезгин, неміс, түрік, монғол, мадагаскар, малай халық мақал-мәтелдерінің аудармасы тілге орамды, көңілге қонымды – ұтымды шыққан. Аудармаларымен қатар қазақтың бұрын жарияланбаған мақал-мәтелдерін жинаққа қосып, Мұзафар Әлімбаев жолдас халықтың ауыз әдебиетін қадағалап жинаушы – зерттеушілік ісіне де көңіл бөлетінін көрсетеді. Бұл салада кітапқа кірген екі жүзден астам мақалдың, бізше жиырма-отызынан басқасы ел аузынан жинаған Мұзафар еңбегі екеніне дауымыз жоқ. «Жиырма-отызынан басқа» дегеніміз құрғақ сөз болмас үшін бір ғана мысал келтірейік. Кітаптың 84-бетінде дүние байлығын өлең еткенде мақал-мәтелдерді мысалға келтіріп:

Өз естігін тар болса, дүниенің.

Кендігінен көрмессің дәннені.

Торғай артық жердегі – қолындағы.

Ұшып жүрген тырнадан әуедегі, – демей ме? 71-беттегі «Самал ішсең қымыз жок» – деп берілген ежелден белгілі мақал сыңар аяқ, жарымжан болып қалыпты. Аяғына: «Байтал мінсең, құлын жок» деген жолы жалғанса тұлғасы тұтас болар еді. Осы топтағы мақалдардың ішіндегі кейінірек пайда болған, бірақ әлі қалыптасып болмаған, сын тезінен өтпеген, нағыз халық мақалдарының сапында қаз тұру дәрежесіне жетпегендері де бірлі-жарым бар. Мысалы, «Қотыр сиырға кілем жараспас» (84-бет). Жалпы сиырға кілем жараса ма?! «Сабаумен тұлақты ұрып қалғандағы дыбысқа сабау да ортақ, тұлақ та ортақ». (82-бет). «Құдайдан бата сұрасан әке береді» (85-бет). «Кәрі кемпірлер көріссе айрылыспайды» (74-бет) – осы сияқты мақалдар көкейге қонымсыз көрініп тұр. Сол сияқты әр елдің тілінен аударылған кейбір мақалдар қазақшасында киноы қашып, әлі де болса шебер аудармашының творчестволық шешімін тілеп тұр. Мысалы, «Ақынға алыс Бағдат – қол сілтем жер», «Құныққан (?) іт құдыққа қарайды» (12,13-беттер), «Айыбы – аздығы (ақша жөнінде)», «Орақ ұстағанмен (яғни егіншімен) ұрыспа» (36-бет). Осы мақалды «Егіншімен егеспе» деп аударса қайтер еді? «Балықты өз майына қуырып...» (41-бет) сияқты анда-санда әр жерден қыруар мақал-мәтелдердің ішінен інінің жасуындай дәрежеде ғана көрінетін кемшіліктер Мұзафардың «Мақал – сөздің мәйегі» атты аяулы кітабының бетіне шіркеу бола алмайды.

Кітапта қазіргі уақытта пайда болған: «Жаксы редактор түзейді, жаман редактор күзейді» деген сияқты сан атқан ұтымды ойлы мақалдар да кездеседі. Бұл кітаптың тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік мәні ерекше зор. Бұл еңбек әр жылда толықтырылып шығып отыруы қажет. «Мақал мәңгілік!!».

В. И. Ленин аз сөзбен терең ойды түйіндеп беретін, тап басып, дәл айтатын әрі әсерлі, әрі ұтымды нағыз халықтық мақалдарды жоғары бағалап зер сала зерттеген. Ұлы көсем ондай мақалдарды өз сөзінде, еңбектерінде аса бір ұқыптылықпен әр кезде пайдаланып отырған В. И. Ленин: «Мейлінше қиын құбылыстардың мәнін ғажап түрде дәл білдіретін бейнелі сөздер болады», – деп нақыл сөздің маңызды қасиетін, сыр-сипатын ашып береді.

Халық мақал-мәтелдері қолына қалам алған әрбір татапкер-

ді бейпіл жел сөзден аулақ болуға, сөзге саран, ойға бай болуға үйретеді. «Макал – сөздің мәйегі» - атты жинақ – біздің әрбір үгітші, насихатшының қолында болатын кітап.

Мұзафар Әлімбаевтың аударған екінші кітабы «Ғибратнама». Бұл кітапты жазған бұдан үш жүз бес жыл бұрын дүниеге келген, екі жүз отыз сегіз жыл бұрын дүниеге салған, грузин халқының дана жазушысы Сұлхан-Саба Орбелиани. Ол –

... Өлді деуге сияма, ойландаршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, – деп Абай айтқандай, мәңгі өлмейтін кітап жазып қалдырған данышпан Сұлхан-Саба Орбелианиды өз замандастары: – кең ақылды данышпан, оқымысты ғалым, терең ойлы философ, даналықтың түпсіз дариясы, – деп зор құрметтеп, мақтаныш еткен. Оның тұтас ақындары:

Баласы Орбелиани Сұлхан-Саба.

Қыран жетпес биікке жеткен – дана, – деп асқақ жырға қосып ардақтаған. Сұлхан-Саба ұты гуманист-ағартушы, акын, кеменгер мемлекет қайраткері Грузиннің мәдениет тарихында кесек тұлға.

Орбелианидің «Ғибратнамасы» әлемге әйгілі, бүкіл адам баласына ортақ әдеби шығармалардың қатарынан құрметті орын алған, ешқашан ескірмейтін асыл мұра. Кітапта бір жүз елу екі әңгіме бар. Ол әңгіменің әрқайсысы терең ойға, ақыл парасатқа, тапқырлыққа, сергек сезімге, ұшқыр қиялға, өмірлік бай тәжірибеге хатық даналығына негізделген аса қызықты уақиғаға толы. Танғажайып тамаша хикаялар, кейде ғибратты мысал, астарлы ащы ажуа, өткір сын, сайқымазақ, кейде кекесін-мысқыл, кейде ақжарқын озыл, көңілді күлкі түрімен көркем суреттеліп, шебер баяндалып отырады.

Орбелиани шығармасында өз заманының әдет-ғұрып, салт-санасын, әділетсіз заң-заңын, еңбек елін сзуші шонжарларды, қара жүрек қатгез әкімдерді, зымыян дін өкілдерін, өзімшіл озбырларды, паракор пасықтарды, екі жүзді жағымпаздарды, салпаң құлақ пітіңелерді, алаяқ, сұрқия сұмдарды, дүниеқоңыз, тон мойын топастарды, көлгір жәләп жандарды – бәрі-бәрінің де бет пердесін сыпырып, маскара етіп әшкерелейді.

Бұл жөнінен «Ғибратнама» нағыз әлеуметтік сатира, дінге қарсы сілтеген атмас селсебе деуге болады. Шығармадағы кейіпкерлердің аузына жазушы мынадай сөздер салады: «Жа-

ман патшадан көш ілгері қойшылар көп». «Жауыз молданың шошқадан несі артық?» Қайыршы құдайға құлшылық еткенде: «Кеуденнен жан шыққанша адамға нәр тамызбас.. өлдім десең карамайтын Алладан айналайын!». – дейді. Жазушы енді бір әңгімесінің кейіпкерін тұлкіге: «мені жоғарғы сот етіп қойған аң патшасы арыстан», - дегізіп сөйлестіп, өз заманының заңын сайқымазақ етеді. Осындай әділетсіздік, зұлымдыққа қарсы тұратын халықтың қалың ортасынан қайнап шыққан ары таза, жаны биік ақылды, ойлы қарапайым адат азаматтар бейнесі шығармада жарқын беріледі.

«Ғибратнамадағы» бір жүз елу екі әңгіме бірінші-бірі туып отырады. Уақиға басталғаннан өзегі үзілмей аяқталады. Шығарманың композициясы шебер құрылған, тілі көркем, әрі қарапайым. «Ғибратнама» әлде қашан орыс тілінде, ССР Одағының туысқан халықтары тілінде, неміс, поляк, венгер, чех, ағылшын және басқа тілдерде әлде неше қайтара көп тиражбен басылып шыққан. Енді бүгін Мұзафар Әлімбаев игілікті еңбек етіп «Ғибратнаманы» қазақ әдебиетінің қорына қосып отыр. Аудармасы көңілге қонымды, тілге жеңіл, сезімге әсерлі болып сәтті шыққан. Аудармаға жеңіл кәсіп ретінде қарамай, халықтың рухани нәсібі деп қарау – аудармашы жазушының азаматтық борышы, негізгі қағидасы. Мұзафар сол қағиданы берік ұстаған. Аудармаға кең талдау жасап «Ғибратнама» екінші басылуында аудармашы есіне алатын кейбір пікір білдіру, мәслихаттасуға бұл арада орын тар.

Кітаптың соңында Сұлтан-Саба Орбеллинидің өмірі, заманы, әдебиет, өлеу мәттік қызметіне арналған грузиннің академик – жазушысы Георгий Леонидзенің монографиясын (қазақша еркін аударған жазушы Ісләм Жарылғапов) беру өте орынды болған.

Максим Горький «Ғибратнаманы» жас шағында оқып: «Адам өзі тілегендей дәрежеге қолын жеткізер құдіреті барын осымен мың рет дәлелдеді», – деп тұжырымды терең пікір айтқан екен. «Ғибратнама» халықтың құмартып оқитын қадірлі кітабы.

*«Ертис», 24.08.1963 жс.*

## Көрнекті ғалым – әдебиетші (Профессор Бейсембай Кенжебаев 60 жаста)

Көрнекті қазақ әдебиетшілерінің бірі, филология ғылымының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтың туғанына осы жылы 2 ноябрьде 60 жыл толады.

Бейсембай Кенжебаевтың қолына қалам алып, газет қызметіне араласа бастағанына бұдан 40 жылдай бұрын еді. Ол кезде жалынды жас комсомол Бейсембай өзінің журналистік қадамын, Қазақстанның коммунистік баспасөзінің жауынгері серігі – «Лениншіл жас» газетінің жұмысына белсене қатысып, мақала жазудан бастады. Содан бері ол баспасөз қызметінен қол үзген емес.

Қазақстанда шығатын газет, журналдарға жазған көптеген мақалаларымен Қазақ совет әдебиетінде отызыншы жылдың алдында-ақ талантты әдебиет сыншысы болып таныла бастады. Қолына қалам алғаннан бастап қазақ совет әдебиетінде әдебиет сыны, әдебиет тарихы, әдебиеттің теориялық мәселелерімен шұғылданауда. Б. Кенжебаев – қазақ әдебиетінің сан атуан келеді мәселелерін зерттеу, жазу ісінде ұзақ жылдар мол еңбек етіп келе жатқан, тәжірибесі көп, оқымысты әдебиетшілеріміздің бірі. Ол қазақ әдебиеті тарихының әр кезеңін, әрбір саласын зерттеп көптеген мақала, кітаптар жариялады. Қазақ халық творчествосынан бастап, 1916 жылдың поэзиясы, XX ғасыр әдебиеті, Жамбыл творчествосы, Қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, айтыс, фельстон жанрлары туралы, түр және дәстүр туралы «Қазақ совет баспасөз тарихынан» деген еңбектерін еске алсақ Кенжебаевтың еңбек сүйіштігін, өз ісіне барынша берілген ғалым-әдебиетшінің жарқын бейнесін танимыз. Ғалымның үнемі көп көңіл бөлетін басты тақырыбының бірі – Абай. Оның «Абай туралы пікірлер» атты мақаласы 1935 жылы басылып, содан бері: «Абайдың қара сөздері», «Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы», «Абай өлеңдерінің ритмикасы», тағы басқа бірнеше мақала жазды.

Бейсембай Кенжебаевтың көп жылдардан бері көп еңбек сіңіріп, арнайы зерттеп келгені – XX ғасыр әдебиеті. Сол көп жылғы еңбектің жемісі – «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты үлкен монографиялық еңбегі.

1958 жылы басылып шықты Бұл еңбегінде Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұқаметжан Сералин, Әріп Тәнірбергенов, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев творчествосын жан-жақты терең зерттеп, әдеби талдау жасаған. Және 1916 жылдың өлең-жырларын зерттеген. Бұл еңбек – Бейсембай Кенжебаевтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан келелі үлесі. Осы монографиясы үшін филология ғылымының докторы атағы берілді.

1962 жылы ғалымның еңбегін партия мен үкімет жоғары бағалап оны Ленин орденімен наградтады. Педагог – ғалым Бейсембай Кенжебаев талай әдебиет оқытушыларын даярлап, талай жас әдебиетші – ғалымдары тәрбиеленіп, өсіруде ерінбей, талмай еңбек етіп келеді. Ол С. М. Киров атындағы қазақ университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

Коммунист – ғалымның әлі де көп жасауына шын көңілден тілек білдіріп, 60 жасқа толған мереке күнімен құттықтаймыз!

«Ертіс», 01.11.1964 жыл.

\*\*\*

### Қаһарман қыздар

Революциялық күреске әр азаматтармен бірге еңбекші халықтың қалың ортасынан шыққан қазақ әйелдері де белсене қатысып, ерлік көрсетті. Солардың ішінде Семей облысының қазіргі Жарма, Аякөз аудандарында ақ бандыларға қарсы күресіп, ерекше ерлік көрсеткен екі әйелдің есімін зор мақтанышпен еске аламыз. Білісай Байғаранова (Жарма ауданы) азамат соғысы жылдары ақ бандыларға қарсы күресте ерлік ісімен көзге түсіп, ел аузында «Ер Білісай» атанған.

Ер жүрек партизан Айқыздың есімін мақтаныш еткен халық оны: «Аякөздің Айқызы» деп зор құрметпен атап, есінде сақтайды.

Сол кездің өзінде-ақ Жарма мен Аякөздің екі ақыны Білісай мен Айқыздың ерліктеріне арнап жазған поэмалары, әсіресе Аякөз, Жарма, Ақсуат аудандарында ел аузында жатқа айтылып жүрген. Білісай туралы поэманың авторы, оны жақсы білетін жерлесі, Қазақстанның белгілі халық акындарының бірі, марқұм Сапарғали Әлімбетов (1888-1956) еді.

Білісай қандай еркекке болса да әлі қаптал жететін қайратты, ер тұлғалы, сымбатты адам болыпты. Акын Білісай бейнесін былай суреттейді:

Кең маңдайлы, қыр мұрынды, қаймақ ерін.  
Арық та, семіз де емес, әлім-берім.  
Қоңыр сұр, қолаң шашты, бүркіт көзді  
Қаз дауыс саңқылдаған, қандай керім.

Ақ саусақ, алма мойын, сырты сымбай.  
Тік иық, кең жауырын, белі қындай.  
Не еңкіш, не төстігі қайқаң емес,  
Әйелге дене бітпес болып мұндай.

Білісай ауылына қару-жарак асынған ақтардың қол шокпары,  
қанқұйты жөндет Смағұл деген азғын келіп, әлек салады Жа-  
удан үрейленген ел намысын, ауыл-аймақ абыройын қорғап.  
Білісай Смағұлға қарсы тұрады. Ақ бандыларды арқаланған  
Смағұл Білісайға қол көтеріп, қамшы жұмсайды.

«Таяқ тиген соң әйел жылап-сңіреп, жалынып-жалбарына-  
ды» деп ойлайды Смағұл. Білісай ондай әйел емес-ті. Арым-  
нан жаным садаға дейтін, ар-намысын аяққа бастырмайтын,  
тәккаптар, өр мінезді, жаны биік, жігерлі жан болатын.

Ол ұрған соң, алды әйел жағасынан,  
Найзасын салар демей сағасынан.  
Бұл әйелді төмен деп кім айтады,  
Бағасы қандай ердің бағасынан.

Бүрісті Смағұлдың құты кетіп,  
Әйел күйді бет-аузын түтін етіп.  
Желкесінен басканда жер құштырды,  
Қоймастай мұның жанын бүтін етіп.

Өкшесімен тепкенде кетті талып,  
Сол бойымен кіргізді қораға алып,  
Бесатарын, нағанын түгел алды,  
Ат мінетін немені күшке салып, –  
деп бейнелейді акын Білісай апамыздың батырлығын.

Аптыққан жаудың әптігін басып, жер етіп жеңген Білісай,  
Смағұлды есінен тандырып, қораға кіргізіп тастайды. Ендігі  
істі ерімен, ауыл-аймағымен ақылдасып, істемек. «Ежелгі жау  
ел болмас, жау аяған – жараты» деген шешімге белін бекем  
байлаған Білісай. Смағұлды өлтіру керек, әйтпесе, өзімізді  
өлтіреді деп, кесіп айтады.

Бірақ ауыл адамдары Білісайдың тілін алмайды «Смағұлды босатсақ, аман қаламыз. Білісайға сені өлтіртпедік, деп шынымызды айтсақ, жақсылыққа жақсылық табамыз» – деп ойлап босатып жібереді

Смағұл босап кете сата, Білісай ауылды дереу баска жерге көшірудің қамына кіріседі «Сендерге ешбір затап келтірмеймін, сендердің жолына жаным құрбан, ағатайлар» – деп ант-сү ішіп кеткен Смағұл дереу ақ бандыларға барып, Білісайдан көрген қорлығын айтады. Ақ бандылар Білісайдың көше атмай қалған ауылын өртеп, көп адамды атып, шауып өлтіріп, ойына келгендерін істейді

Бәрін шапты спырша желкесінен,  
Бірін жарды тұйысқа өркешпен  
Қойдай шұлап, қозыдай маңырады.

Жарманың қан ағызды өлкесінен. – дейді акын

Бұл тарихи поэмада 1919 жылы болған уақытқа нағыз шыншылдықпен суреттелген. Поэмада жау қолынан қаза тапқан адамдардың аты-жөні түгел айтылады

Сапарғали акын өзінің барлық өлең, поэмаларын көзі тірісінде жатқа айтушы еді. Білісай туралы поэмасы акынның шығармалар жинағында толық басылмаған. Жарма ауданында бұл поэманы білетін кісілер болуы мүмкін. Білісай да Айқыз сияқты азамат соғысы тарихынан орын алатын адам

Аякөз қызыт гвардияшылар отрядының комиссары Сабыржан Ғаббасовты Айқыз бір қалада өскендіктен бала жасынан жақсы білетін. Айқыз кедей болса да, ешбір байдың есінінде жүрмеген, ешкімге бас иіп жалбарынбайтын, ары таза, жаны биік, өр мінезді, батыр жүректі, «от ауызды, ортақ тілді» кісі екен

Сергиполь қаласының шет жағында Айқыздың екі бөтмелі, тап-таза үйі болған. Тоғыз жолдың торабы Сергиполь үстінен өтетін, әсіресе Семей, Бакты жолаушалары көбінесе Айқыздың үйіне тұседі екен. Сондықтан Айқыз олардың неше түрлі әңгімесін тыңдаған, зерек келіншек естігенін көңіліне тоқпай білген

1917 жылы ақ патша тақтан құлады. Еңбекші халық мәз-мәйрам қуанысты, сүйінші сұрасып дүрлікті. Айқыз да ел қуанышының ортасында еді. Аякөзден мәйданға аттанған солдаттардың тірі қалғандары біртіндеп келе бастады, олардың

да өскелген жаңатығына Айқыз қанық еді, осылайша сана-сезім оянган. Айқыз азамат соғысын қарсы алды

1918 жылы сотдаттар арасында революциялық үгіт-насихат жүргізген Сабыржан патша әскерінен қашып, талай жерлерді кезген. Қазіргі Алматы, Фрунзе, Жамбыл қалаларында, Қазақстан, Қырғызстанның көп жерлерінде болған Одан Кавказ кеткен Кавказдан Қазан қаласына келіп, февраль революциясынан кейін Сібірдің бірнеше қалаларында тұрып, Семейде уақытша үкімет, Алашордашыларға қарсы күрескен

Аякөзде Совет өкіметін орнату үшін қарулы күреске жасырын даярлық жүріп жатады. Сабыржанның ең сенімді серіктерінің бірі және жау жағының құпия сырын біліп, жеткізіп тұратын қолайлы адам да Айқыз болды. Қала кедейлері Айқызды қадір тұтып, сыйлайтын, оның айтқан ақылын алып, сөзін тыңдайтын. Сөйтіп, ел арасында Совет өкіметін насихаттап, түсіндіріп қаладағы қазақ жұртшылығын революция жауларына қарсы күреске ұйымдастыруда да Айқыз нәтижелі жұмыс атқарған

Сабыржан Ғаббасов бастаған Сергиполь большевиктері қарулы көтеріліс жасап, билікті өз қолдарына алады. Сонымен 1918 жылы 12 мартта Аякөзде Совет өкіметін құрады. Революция жаулары совет үкіметіне қарсы күресін тоқтатпайды. Аякөзден қашып кеткен атамен Лигвинов Әлжандағы ақтың әскеріне барып, отряд алып Аякөзге шабуыл жасайды

Жасырын жүрген жауларды әшкерелеуде Айқыз ерекше көзге түседі. Айқыз күн сайын болып жататын жиналыстарында Сабыржанмен бірге жұрт алдында жалынды сөз сөйлеп, халықты жауға қарсы күреске шақырады. Тарихи поэмада Айқыз дұрыс суреттелген

Жаудың ендігі мақсаты стратегиялық мәні зор, үлкен бағианыс торабы Аякөзді алып, одан әрі Жетісудағы Совет өкіметін құлатып, Ташкентті басып алу еді. Аякөз қызыл гвардиясы күшті жауға қарсы ұрысқа әзірленеді. Қала еңбекшілері қаруланады, окоптар қазылып, қорғаныс шептері құралады. Осы жұмыстардың қызу ортасында Айқыз жүреді. Окоптағы жауынгерлерді ас-сүмен қамтамасыз ету, жараланғандарға жәрдем көрсету жұмысын Айқыз басқарған еді. Жау қалаға келіп кіргенде Айқыз қолына мылтық алып, көше ұрысына араласады

Семейде шығып тұрған актардың «Свободный речь» атты газеті 1918 жылғы 24 июль күнгі санында Аякөз ұрысы жайында: «Қызылдардың шіркеу мұнарасынан бізге қарсы оқ жаудыруы, қаланы атуымызды 12 сағат кешіктірді. Біздің қалаға кіргенде қызылдар қатты қарсылық көрсетті: әрбір үйден, терезелерден оқ атты. Әйелдерге дейін қолдарына мылтық алып, қарсы тұрды. Бекініс 36 сағатқа созылған ұрыстан соң алынды» – деп жазады. Сондықтан да қолдарына түскен Айқызды мейірімсіз жау көп азапқа салып, адам айтқысыз айуандық жасап өлтірді.

Қазақтың қаһарман қыздары Айкыз бен Білісайды, олардың Совет өкіметі үшін күрестегі ерлігін халық ешқашан да ұмытпайды.

Айқызды, Сабыржанды, тағы басқа Аякөз ерлерін жыр етіп, үлкен тарихи дастан жазған акын Қайырылхан Еркебаев 1917 жылдар дүниеден қайтқан. Оның «Сабыржан» деп аталатын поэмасы бұдан 32 жыл бұрын Семей қаласында шығып тұратын «Еңбек» атты әдеби альманахтың төрт кітабінде басылыпты.

Ұлы Октябрь революциясының жеңісі үшін күрескен ерлерді қандай қадірлейтін болсақ, солардың ерлігін жырлаған акын-жазушыларды да сондай қадірлеп, мұраларын жинап, зерттеп, кітап етіп шығару – біздің борышымыз деп білудіміз керек.

*«Қазақстан әйелдері», №1, 1970ж.*

\*\*\*

## **Жүз жыл жасап, ғасырдан ғасырға жеткен кітап**

**Жақсының аты өлмейді,**

**Ғатымның хаты өлмейді.**

*Халық мақалы.*

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының (1957) бірінші томындағы (33 бет) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» – деп басталған өлеңінің екінші шумағының алғашқы екі жолы:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда.

Ол тұрмас бастан жыға кісәйғанда, – деп басталады. Сол 33-беттің аяғында «жыға» деген сөзге: «Дулығаның артынан қаптап қоятын зат» – деп (!!) түсінік берілген.

Осы берілген «түсінік» 9 класка арналған «Қазақ әдебиеті» кітабында («Мектеп» баспасы, 1967) сол калпында қайталанған. Оқулықта берілген осы «түсінікті» сынап, белгілі бір әдебиетші (1968) былай деп жазады: «Жыға – дулығанын артын қаптап қоятын зат» (91-бет) – деп түсіндіріледі оқулықта. Сонда ол қандай зат: қатты ма, жұмсақ па? Кіпз бе? Темір ме? Түсініксіз, дәл емес. Дұрысында жыға дулығаның темірден, болаттан жасалатын етегі (?!), ол дулыға мен сауыт арасын жалғап, мойынды жауып тұрады (?!). бастан жыға қисайса өлгенің, пайда үшін әркім жолдас. – дейді Абай

Абай өлеңіндегі «жыға» деген сөзге берілген кейбір түсініктердің жайы осындай. Жыға деген сөз, жоғарыда келтірілген түсініктердегідей. «дулығанын артынан (артын) қаптап қоятын зат» болса, немесе «дулыға мен сауыт арасын жалғап, мойынды жауып тұратын» зат болса, Абай неге: «бастан жыға қисайғанда» – дейді? Акын «дулығаның артын қаптап» не болмаса «мойынды жауып тұратын» нәрсені, яғни қапталатын не жапқыш болатын затты айтып отырған жоқ. Қайта мойыннан жоғары, бас жакта болатын және шаншылып, тік тұратын затты айтып отыр.

Жыға деген қазақ тілінде және басқа шығыс халықтарының тілдерінде ежелден бар сөз. Қазақ жауын жеңсе: жау жығасы жығылды дейді. Жеңілген жауын біреу қолдағандай болса, жаудың жығылған жығасын көтерейін деп пе едің демей ме?

Осы мағынада қазақ акын-жазушылары да «жыға» деген сөзді қолданатыны мәлім. Мысалы М. Әуезовтың «Еңтік-Кебек» пьесасында өзі іздеп барып жекпе-жекте Кебектің қолынан қаза тапқан Есен батырға ыза болып, күйінген Еспембеттің: «... Есен бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазір де Тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы...». – деген сөзін еске түсірсек те жеткілікті

Жә, енді «жыға» деген сөздің тура мағынасы не? Оны біз кезінде кәрі құлақтардан, қарт акын шежірелерден естіп қалғанбыз. Дулығасының дәл төбесіне, құстың қауырсынынан, көбінесе, жылқының жалынан шок-айдар сияқты етіп қадайтын батырлардың салты екен. Дулығаның төбесіне шаншылтып, қадап қоятын ол затты «жыға» деп атаған. Ондай салт жалғыз қазақта ғана емес, әр елде де болған. Сол сияқты тақиясына,

бөрікіне, сөз келесіне тоты құстың, қырғауылдың қауырсынын сәндеп шанышып қоятын казак қыздарынын да әдеті болған. Ал, тоты сияқты сирек кездесетін құстардың қауырсыны қолға түспегенде, көбінесе үкі тағады. Қыздардың бас киіміне шанышатын құс қауырсындарын да «жыға» не «қарқара» деп те атайтын. Бұл жөнінде өз алдына әңгіме етуге болар еді.

Енді Абайдың:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда.

Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда, – деген өлең жолдарындағы «бастан жыға қисайғанда» сияқты сөз образдарының мәнін батыр тағдырына байланысты ұғынуға болады. Батыр жау қолынан қаза тапса, өлді деудің орнына жығасы жығылды деп, жолы болмай, жауынан жеңілсе, жеңілді деудің орнына жығасы қисайды деп, батырдың басына түскен істі оның жығасына ауыстырып (әдеби термині метонимия), баян ету халықтың дәстүрі болады. Ал, Абай: «Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда» дегенде, батырдың жеңілу ұғымын беретін метонимияны басқа мағынада қолданған. Яғни басыңда бағын, қолыңда дәулетің тұрғанда өзінің бас пайдасы үшін ғана сеніммен жолдас болып, басыннан бақ тайып, қолыңнан дәулет кеткен шақта, сырт айналып жүре беретін пасық жандардың опасыздығын әшкерелейді. Сонда Абай «бастан жыға қисайғанда» деп батыр тағдырына байланысты ұғымды, адамның басынан бақ тайып, қолынан дәулет кету мағынасында (метонимияның тағы бір түрі) берген.

Біз Абай өлеңіндегі «жыға» деген сөздің төркіні қайда жатқанын және «жыға» деген не екенін көрі құлақтардан естіп, ұққанымыз бойынша және сол сөздің қандай мағынада қолдануына қарап, өз түсінігімізді қысқаша баяндадық. Ал «жыға» сөзіне, жоғарыда келтірілгендей, «дұлығаның артын қаптап қоятын зат», немесе «дұлығаның темірден, болаттан жасалатын етегі» – деп түсінік берген жолдастардың қандай дәлелге сүйенгені бізге белгісіз. Мүмкін, ол кісілер де кейбір көрі құлақтардан естіп, білген болар. Ондай жағдайда тіл мамандары терең зерттеп тізген, сөздіктерге ғана жүгінуіміз керек.

Ең алдымен «Абай тілі сөздігіне» (Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1968) жүгінейік. Сөздікке «жыға» деген сөзге 277 бетте берілген түсінікте: «Жыға: бастан жыға қисайғанда. Бағы

тайғанда, басына қиындық түскенде...» делінген. Мұндағы берілген бар түсінік «Бағы тайғанда, басына қиындық түскенде» – деген ғана сөздер екен. Ал, «жыға» деген не? Оған түсінік берілмеген. Қазақ тілінің әр түрлі сөздіктерінен (қазақша-орысша, түсіндірме, терминологиялық, орфографиялық, этимологиялық, синонимдік т.б.) «Жыға» деген сөзді кездестіре алмадық. Тек профессор Сарсен Аманжолов марқұмның: «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959) деген кітабынан (133 бет) «жыға» деген сөзді таптық. Автор өзі зерттеген мәселесіне дәлел ретінде Н. И. Ильминскийдің: «Материалы к изучению киргизского наречия» (Казань 1861 г.) деп аталатын кітабынан 160 сөзді мысалға алыпты. Сол сөздердің ішінде «жыға, үкі (перо, которое носят девичьи на шапочке, фазанье или павлинье)» деген түсінік берілген.

Ең ақырында іздеген сөзіміздің толық түсінігін бұдан 100 жыл бұрын Петербургта басылып шыққан, Л. Будаговтың «Түркі – татар тілдерінің салыстырмалы сөздігі» («Сравнительный словарь турецко-татарских наречий») деп аталатын сөздігінен таптық. Сөздікте түркі тілдеріне басқа тілдерден, әсіресе, араб, парсы тілдерінен ауысып келіп, сініскен сөздер барынша мол келтірілген. Сөздіктің аталуындағы «татар» дегенге қарап, қазіргі ұғымдағы татар тілі айтылады екен деп түсіндіруіміз керек. XIX ғасырдағы ғалымдардың көбі «татар» деген сөзді шартты түрде, бүкіл түрік халықтары мағынасында қолданатын болған. Ал, қазіргі біздің түсінігіміздегі татар тілі сөздікте «Қазан диалектісі» деп аталған.

Будагов сөздігіне ең көп қолданылатын түркі тілдері ретінде Азербайжан, Алтай, башқұрт, казак-қырғыз, құмық, түрік, түркімен, ноғай, ұйғыр т.б. халықтардың тілдері кірген. Сонымен қатар түркі тілдерінің кейбір жергілікті диалектілерін, мысалы: бұқарлықтардың, кашкарлықтардың, кокандықтардың, Қазан және Сібір татарларының тілдері деп атап, жағырафиялық жер ыңғайына қарай жіктеп берген.

Сөздіктегі негізгі материал – мағлұматтар, мысалдар, үлгі-нұсқалар сол замандағы белгілі сөздіктерден: түркі тілдерінің түсіндірме және аударма сөздіктерінен, түрік-европа тілі сөздіктерінен, Ә. Навой, З. Бабыр шығармаларын, Н. Ильминскийдің жоғарыда аталған, казак тіліне арналған кітабынан, академик В. Радловтың «Түркі рулары әдебиетінің нұсқалары»

атты кітаптарынан, түркі тілдес халықтар фольклорының (ауыз әдебиеті) жинақтарынан т.б. елеулі еңбектерден алынған. Сондықтан Будагов сөздігі, түркі тілінде ертеде жазылған әдеби, тарихи шығармаларды терең түсініп оқи біту үшін, аса қажетті, көмекші құрал.

Будагов еңбегінде көптеген сөздердің туыс-төркіні түсіндіріліп отырылады. Түрлі термин (әкімшілік, заң, ғылыми, діни т.б.) сөздерге әрі қысқаша, әрі ұтымды түсінік беріледі. Жағырафиялық атауларға, эпос пен фольклор геройларының аттарына, түркі тілдес халықтардың әдет-ғұрып, салт-сана, шаруашылық-тұрмысына байланысты туған сан-алуан сөздерге түсінік беріліп, орынды мысалдар келтіріледі. Осы айтылғандардың бәрі Будагов сөздігін түрікше – орысша екі тілде сөздік қана емес, түсіндірме сөздігі, этимологиялық сөздік, бір жағынан, тіпті, энциклопедиялық сөздік деп бағалауға да болатындығын, белгілі совет тюркологі, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор А. Н. Кононов, ерекше атап айтады.

Енді, тарихи ерекше бағалы осы еңбектің авторы жайында бір-екі ауыз сөз айта кетейік. Лазарь Захарович Будагов 1812 жылы, апрель айында Астрахань қаласында дүниеге келіпті. Астрахань қаласында армян училищесін бітірген соң сол қалада гимназияда оқып, орта дәрежелі білім алады. Біраз уақыт Москва университетінде лекция тыңдайды. Лазарев атындағы Шығыс тілдері институтында, екі жарым жылдай арифметика пәнінен сабақ береді. Ақыры Казан университеті философия факультетінің шығыс тілдері бөліміне түсіп оқып, 1840 жылы бітіріп, алтын медальға және жазған диплом жұмысы ерекше бағаланып, кандидат дәрежесіне ие болады.

1840-1844 жылдары Тифлис (Тбилиси) гимназиясында азербайжан және парсы тілдерінен сабақ береді. 1845 жылы Будагов Петербургқа ауысып, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілі факультетінде және басқа оқу орындарында азербайжан және түрік тілдерінен лекция оқиды. Оқытушылық қызметімен қатар, 1861 жылдан бастап, Сыртқы Істер министрлігінің Азиялық департаментінде түркі, армян тілдерінің тілмашы болады.

Лазарь Захарович Будагов 1878 жылы 30 декабрь күні Петербург қаласында дүниеден қайтады

Л.З. Будаговтың өз заманында жазған талай ғылыми еңбектері, кезінде алтын медаль, ғылыми атак-дәреже әперген еңбектері әлде қашан ұмытылды. Оның атын тарихта мәңгібақп қалдырған бірден-бір еңбегі «Түркі – татар тілдерінің салыстырмалы сөздігі».

Сөздікте жиырмадан астам тілге байланысты ұшан-теңіз материалдар қамтылып, салыстыра зерттеліп, келтірілген сөздердің үлгі-нұсқалары, мысалдары орыс тіліне аударылып берілген. Түркі тілдерінен келтірілген сөздер араб алфавитінің тәртіп-ретімен тізіліп, араб әрпімен жазылады. Түгел болмаса да бірталай сөздердің орыс әрпімен жазылып берілуі араб әрпімен таныстығы жоқ оқушы қауымға сөздікті пайдалану үшін әжептәуір жеңілдік береді.

Сөздікте түркі тілдерінің ішінде, әсіресе, қазақ тіліне ерекше назар аударылуы қазақ сөздерінің соншама мол келтірілуі бізді қатты қуантады. Қадір-қасиетін сөзбен айтып жеткізуге мүмкін емес, сөздіктің дүниеге келгеніне бпыл дәл 100 жыл толып отыр. Будагов сөздігінің бірінші томы 1869 жыты, екінші томы 1871 жыты жарық көріп, сонан соң тек 90 жылдан кейін қайта басылды.

СССР Ғылым академиясының Азия халықтарының институты, қолға түспейтіндей болып кеткен, Будагов сөздігін фотомеханика тәсілімен (фотомеханический способ) бастырып шығарды. Көлемі 78 баспа табақ, 1241 бет.

Осы мақатаның басында айтылған, Абай өлеңіндегі «жыға» деген сөздің түсінігін Будагов сөздігінің I томының 437 бетінен табамыз. Сөздікте «жыға» деген сөз араб әрпімен жазылған да, қай халықтың тілінде қолданылатын сөз екенін білдіру үшін қысқартылған белгі қойылған. Мысалы, п – парсы, тур. – түрік, кыр. – қазақ деген ұғымды береді. Сөздің түсінігі орыс тілінде беріледі. Енді сөздіктегі түсінікті өз қалпында келтірейік: «п. тур. «жыға»... пух перьев, султан (бас киіміне қадап қоятын қауырсын, не жылқының қылы Қ.М.), носимый на чалме или на шапке, перья на шлеме, носимые храбрыми воинами, кыр. перо (фазана или павлина, которое носят девицы на шапочке), жыға шаншу, воткнуть перо (где нельзя найти фазановых перьев, втыкают флициновые).

«Жыға» деген, мысал үшін алынған бір ғана сөздің тарихы осындай болса, Абай және басқа акын-жазушылардың

шығармаларындағы, ауыз әдебиетіндегі кейбір сөздерге берілген қате түсініктердің дұрыс түсінігін Бұдагов сөздігінен табамыз. Дәл мағынасын толық түсіне бермейтін көп сөздеріміздің сырын ашуға да Бұдагов сөздігінің көрсететін көмегі үлкен. Ыбырай Алтынсаринның «Қол балалар оқытық!» атты өлеңінде «Аяншыт ат арымас, Білім деген қарымас» деген жолдардағы «қарымас» сөзінің дәл мағынасын әркім түсіне білмейді. Бұдагов осы сөзді шағатай, татар, түрік, азербайжан, казак тілдерінде қандай мағынада қолданылатынын салыстырып, көп мысалдар келтіріп отырып түсіндіреді. Мысалға келтірген «Гұмыр қарысадағы, көңіл қарымас (Если жизнь и стареет, за то сердце не стареет)» – деген мақалынан-ақ Ыбырай өлеңіндегі «қарымас» сөзінің мағынасын толық түсінеміз.

Батырлар жырында, тұрмыс-салт жырларында жалпы ауыз әдебиетінде көп кездесетін қазіргі оқушыларға мағынасы түсініксіз сөздердің сырын Бұдагов сөздігі айқындап ашып бере алады. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Ақжүністі сипаттағанда «Шашын дынданмен тараған қасы сарыжадай керілген» деген өлең жолдарындағы дындан, сарыжа сөздерінің түсінігін Бұдагов сөздігінен табамыз. Дындан, парсыша дондам, тіс деген сөз, казакша піл сүйсінісін жасалған тарақ деген сөз деп түсінік беріледі де «Ер Тарғын» жырынан былайша мысал келтіреді «Шашын дынданмен тараған, волосы ее расчесанные гребнем (Ер Тарғын)» Сарыжа сөзіне былайша түсінік берілген: кыр-жа-жай – лук (из которого стреляют), сарыжа – желтый лук (т.е. желтый рог, натягиваемый на лук), лук – башкирский». Осындай сөздердің мән-мағынасын түсінбесек, жырдың көркемдік қасиеті де ұғымсыз болып қала берер еді. Осы жырда екі түрлі мағына қолданылатын «берен» деген сөз бар. «Жеңсіз берен кінгісін», «балдағы алтын ақ берен қызыл қанға малмасам», «жау жағадан алған соң беренге батыр сыймады», – деп келетін жолдағы «берен» деген не? Ол сөзді де Бұдагов сөздігі түсіндіреді. Берен – (казакша) – жоғары сапалы барқыт батырлардың сауыт астынан киетін жібектен не барқыттан тігілген камзолы. Екінші түсінігі – ең жоғары сапалы болат, сондай болаттан соғылған қылыш, деп түсіндіре келіп, Бұдагов «балдағы алтын ақ берен, с золотую рукояткою сабля (белая) лучшая (Ер Тарғын)» – деп мысал келтіреді. «Ер Тарғын» жырындағы жігіттің мәрте мен едім сайдан шыққан қолаттай, ал асыл жәуһір белінде, пістемі көр де құрным көр, күзгіні көр де көзім көр, сандалды көр де

тісім көр» — деген өлең жолдарындағы қолат, мөрт, жоу һәр, пістө, күзгі, сандал т.б. сөздердің түсінігін де Будагов сөздігінен табамыз. Мұндай сөздерге қазіргі баспадан шыққан жырларда ешбір түсінік берілмеген.

Біз сөйлегенде, жазғанда көптеген сөздердің байыбына бармай, орынсыз қолданатынымыз да Будагов сөздігі мойындатады. Бұл мәселені өз алдына жеке сөз ету қажет. Сөздікке қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасына байланысты тұған талай-талай сөздерге түсінік беріледі. Мысалы, құдалық салтына байланысты (бауыздау, құда, жанама, құда т.т.), билік айтуға байланысты (тұсау кесу, ала жіп кесу сөздер де таттанады).

Қазақ тіліндегі, елдің бәрі бірдей мағынасын түсіне бермейтін, толып жатқан сөздердің сырын осы сөздік ашып береді. Мысалы, сояу, сыбай, шыра (көзім шырадай жанды дегендегі), сапалақ, жатқабай, самар, самқал, шонтай (оқшонтай), жайын (жайын ауыз), жайқамақ, түп тұқиян, тәріз, бұлан, боламан, бөсір, бортат, бұралқы, ораз-оразды («Ботса оразым, ботмаса қоразым», дейтін мәтел бар), аламан, ақсаң (Абаіда «Ескілік қичм» өлеңінде кездеседі), арыс, арса, алырақату, собалақ, сандал, сытқым, сылан, каттау, қастауыш, қалтан, қаба, құбыр, қырғу, құт, манат, бөдік, жытым, қысығ (малда болатын аурулар), бағы, кесепат, шоқан, шақан, күйез, (бой күйез, салауат, бадана, монтан).

Бір мақала көлемінде Будагов сөздігінің қазақ тіл білімі үшін, әдебиет, мәдениет қайраткерлері, журналисттер мен оқытушы, оқушылар үшін, жалпы қазақ интеллигенттері үшін зор маңызын айтып жеткізу мүмкін емес. Бәріміздің жауапкершілігіміздің үстінде, үнемі көз алдымызда болатын кітап.

Сол сияқты Будагов сөздігінен соң, іс-шала В. Радловтың бұкіл әлемге әйгілі «Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі» («Спыт словаря тюркских наречий») төрт том, 8 кітап болып (көлемі 178,75 баспа табақ, 8515 бет) қайта басылып шығып, қолымызға тиіп отыр. Бұл сөздікті де газет оқушыларымызға, реті келгенде арнайы таныстыруымыз керек.

Бұл мақаламызды Л. Будаговтың «Түркі-тағар тілдерінің салыстырмалы сөздігінің» жарық көргеніне 100 жыл толған құрметіне арнауды парыз деп білдік.

## Баймағамбет Ізтөлін

Қазақ Совет әдебиетінің алғашқы қарлығаштарының бірі. жалынды жас акын-революционер – Баймағамбет Ізтөліннің дүниеге келген күніне бүгін, 25 сентябрьде, 75 жыл толды.

Қыршын жас шағында революция жауларына қарсы күресте қан майданда қаза тауып, арманда кеткен талантты жас акынның өмір жолы кейінгі жылдарға шейін, қатың көпшілікке мәлім болмай келді. Бұл жөнінде Сәбит Мұқанов марқұм: «Біз әлі халқымыздың өткен өміріндегі қымбат оқиғалардың барлығын түгел зерттеп болған жоқпыз. Көп қымбаттарымыз әлі бізден тиісті бағасын алған жоқ. Сондай зерттелмеген қымбатымыздың бірі - Баймағамбет Ізтөліннің өмірі мен акындық қызметі» – дейді.

Сол Баймағамбет акынның өмір сапары, акындық қызметі тек 1957 жылдан бастап елге кеңірек мәлім болып, ардагер азамат, акын большевик әдебиет тарихынан құрметті орын алды.

Ұлы Октябрь революциясының қырық жылға толу мерекесі қарсаңында, 1957 жылы Баймағамбет Ізтөліннің өмірі мен шығармаларына арналған кітап басылып шықты. Ол кітапты құрастырған Баймағамбетпен бала жасынан бірге өсіп, біте кайынаскан замандасы, досы – Сәбит Мұқанов еді.

Сол кітаптың кіріспесінде С. Мұқанов: «Осы ұлы тойдың үстінде, революцияны қолынан жасасқан, социалистік құрылыстың іргесін қолынан қаласып, сәулетті сарайын қолынан құрысқан ерлерімізді біз аса зор құрметпен айтамыз. Бұл ерлердің бізбен бірге жасасып келе жатқандары да бар, күрес, іс үстінде қазаға, кейбіреулерінің ауыр қазаға ұшырағандары да бар. Солардың бірі – Баймағамбет Қанапияұлы Ізтөлін» – деп жазған еді.

Баймағамбет Қанапияұлы Ізтөлін, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданына қарайтын «Шәліңке» деген жерде 1899 жылы, ескіше 13-інші, жаңаша 25 сентябрінде дүниеге келіпті. Руы – Уак, оның ішінде Бұйдаы деген атадан. Әкесі Қанапия орта дәулетті кісі екен

Бала күнінде ауылдың надан молдасынан оқыған жылдарын еске алғанда, Баймағамбет: «Алты жыл алдында тізерлеп

отырғанмен, есімде ашы таяғынан басқа түгі де қалған жоқ» – дейді екен

Баймағамбет 14 жасқа аяқ басқанда Құрысы аталатын, жакын жердегі көрші ауылға, Уфа қаласындағы медресені оқып бітірген, ұлты башқұрт, Сейткерей Мағазов деген жаңашыл жас мұғалім келіп, сабақ бере бастағанда Баймағамбетте Мағазовтың мектебіне барып оқуға түседі.

Сейткерей Мағазов білімді, мәдениетті мұғалім болумен бірге акын да адам болады. Бала жасынан акындық өнерге құштар, өзі табиғи дарынды Баймағамбет сүйікті ұстазынан жаксы тәлім-тәрбие алып, акындық өнер жөнінен де үлгі-өнеге алып, көңіл-көзі ашыла бастайды.

Жас кезінен ауылдың суырып салма акын-жыршыларының өлең-жырларын құмарта тыңдап, құлағына құйып өскен, Баймағамбет өзі де қолма-қол екі-үш өлең айтып тастайтын импровизаторлық өнерге бейім болады. Оның он жасында өз әкесі Қанапияны мыскыл еткен бір ауыз өлеңі ел аузында сақталған.

Әкесі Қанапияның көрші ауылдағы біреуге бересісі болады екен. Қыстың күні. Бір семіз қара қойды шанаға сатып алып, Қанапия көрші ауылға қарай жүріп кетеді. Жолда бара жатқанда қара қой шанадан түсіп қалады. Оны Қанапия аңғармай қалады. Енді бір кезде артына қараса, қараңдаған бірдеме жүгіріп келе жатады. Оны қасқыр екен деп, атын айдай жөнеледі. Қойының түсіп қалғанын алдағы ауылға жеткенде бір-ақ білген Қанапия, қойын іздеп қайта айналып барса, қара қойды қасқыр жеп кетіпті. Сөйтіп елге күлкі болған әкесін мыскылдап, он жасар Баймағамбет:

Шанаға қара қойды басканың-ай,

Түсіп қап, қорқып одан қашканың-ай.

Қойыңды шын қасқырлар жеп кеткенде

Алақтап екі көзің сасканың-ай! – деп өлең шығарыпты.

Баймағамбеттің 13-14 жастарында қолма-қол шығарып айтқан «Ала торпақ», «Жәкі мен құжат» сияқты көптеген әзіл-қалжың, мыскыл-сықақ, өлеңдерін ауыл жастары жаттап алып, елге айтады. Жас бала шағынан өлеңді ауызша шығарып айтатын, «акын бала» атанған Баймағамбет, қолына қалам алып, өлеңді ойланып қағаз бетіне жазып шығару өнеріне Сейткерей Мағазовтан сабақ оқып, тағлым ала бастаған кездерінен бастайды.

Баймағамбеттің ұстазы – Сейткерей казактың тіл байлығын жоғары бағалап, терең түсініп, өз өлеңдерін таза казак тілінде жазады. Қазак тілін еркін меңгеріп алған талантты ақын Сейткерей ауыл ақындарымен айтыс бәйгесіне де түсіп, елге әйгілі болады. Ол ескі ауыл тіршілігіндегі соқыр сенім-нанымдарды, өрескел әдет-ғұрыптарды сынап, ащы ажуа, мысқыл-сықақ өлеңдер жазады екен.

Мектеппай деген, өзінше емшімін деп ойлайтын адам, қотыр болған тайына жасаған емін қотыр болып ауырған Құлқай деген ағасына қолданып, сақарға темекі араластырып қайнатып, сондай дәрмен емдеймін деп өлтіріп алады екен. Осындай надандық, өрескел уақығаны ажуа-мысқыл етіп, Баймағамбеттің ұстазы – Сейткерей өлең етіп елге жаяды.

... Ағаңыз Құлқай батыр опат болыпты.  
Иманын нәсіп етсін бар құдайым.  
Жоқ жерде ағаңызды өлтіріпсіз.  
Білмей-ақ дәрігерлік қып емдеу жайын

Хайуанша ем қылғанның мәнісі не,  
«Былтырғы жазылды» – деп қотыр тайын.  
Сақар мен темекіні қайнатыпсын.  
Ағанның қол-аяғын байлатыпсын.  
Толтырып бір қазан ғып, шәр-дәрілеп,  
От жағып, қызыл шоғын жайнатыпсын.

«Терлесе ем бойға қонады» – деп,  
Құнытпен үйді айнала айдатыпсын.  
«Аузыңа дәмін алып, суын жұт» деп,  
Бір талды қабығымен шайнатыпсын.

Құлқайдың себеп болдың ажалына,  
Шара жоқ, не дегенмен қазатыға  
Ертерек жазайын деп ойтапша едің.  
Сауға Болатнайдың базарына.

Қотырдан Қолқай батыр болған мұңдық,  
Жалынып «Қойыңдар!» деп еткен құлдық  
Адамды хайуандай ғып емдегендей,  
Кім естіп, кім көрді екен мұндай сұмдық.

Сейткерейдің ескі ауылдың әдет-ғұрпын, надандық мінез-құлтын әшкере ететін ажуа-сықақ өлеңдері елге жайылып кетеді. Оның осындай сын-сықақ өлеңдеріне ыза болып өштескен атқамінерлер патша әкімдеріне арыз жазып: «Солдаттан қашып, жасырынып жүрген адам» деп көрсетеді. 1915 жылы Сейткерей Мағазовты солдаттықа алып соғыс майданына жібереді. Бірінші империалистік соғыс майданында жүрген кезінде де Мағазов өзінің үлкен үміт күткен, талантты шәкірті – Баймағамбетке өлең мен хат жазып, шәкіртінің өлеңмен жазған жауап хатын алып тұрады.

Табиғатында үлкен дарын қасиеті бар Баймағамбеттің сана-сезімін оятып, ақыл-ойын өсіріп, жазушылық өнерге баутуда Сейткерейдің еңбегі көп еді. Ол Баймағамбетті жазба әдебиет үлгілерімен, татар әдебиетінің классик акын-жазушыларымен Ғ. Тоқайдың шығармаларымен таныстырды. Орыс тілін, әдебиетін білуге жол ашты. Көп тағлым беріп көзін ашқан ұстазынан айырылған Баймағамбет, оның көрсеткен жолымен өнер-білім қуады. Жеті жылдық орыс мектебінің 4-класына түсіп оқып жүрген кезін ел былай сипаттайды: «Бұл оқу екі жақтан қиыны болды. Біріншіден, орыстың төртінші кластағы он бір, он екі жастағы балаларының арасында, қой ішіндегі түйеше сорайып, ұзын сирағым кішкене партаға сымай, тірелген тіземді тактай тесіп жіберсе жаздаушы еді, далаға шыққанда балалар мазактаушы еді. Екіншіден, әкем каражат бермей, өзімнен оқуы төмен балаларға сабақ үйретіп тамақ асыраушы ем», – дейді.

Осы мектепте оқып жүргенде, 1916 жылы, орыс классиктері, Пушкин, Лермонтов, Некрасовтардың шығармаларымен танысады. Сол жылы Абайдың өлеңдер жинағын оқып, ұлы акынның шығармаларын жаттап атады.

«Жазу жұмысындағы менің алғашқы көрген ең зор мектебім Абай болды. Абайдың өлеңдерін оқығанда, мен оған дейін жазған өз өлеңдеріме өзім қатты ұяттым. Содан кейін жұртқа көрсеткім келмей, біраз өлеңімді отқа жағып жібердім», – дейді Баймағамбет.

1917 жылы Баймағамбет Троцк қаласына барып, мұғалімдер даярлайтын «Медресе Уазифа» деп аталатын оқуға түседі. Троцк ол кезде Колчак үкіметінің қолында болатын.

Осы кезде жасырын жұмыстағы большевиктермен танысып,

олардың революциялық істеріне жәрдемдесіп, тапсырмаларын орындайды, прокламациялар тарату жұмысына қатысады.

«Большевик, мақсаты не екенінен бұрын да аздап хабарым болатын еді. Троцкіде большевиктермен араласқаннан кейін саяси көзім кеңірек ашылды. Одан кейін мен большевиктердің кім екенін айқын түсініп, қатарына кіруді мақсат еттім», – дейді Баймағамбет Ізтөлін.

Оның сол ұлы мақсаты 1919 жылы іске асты. 1919 жылы декабрь айында Қызылжар (Петропавл) қаласында Баймағамбет Ізтөлін коммунистік партияның қатарына кіреді. Уездік ревком жұмысына араласқан Баймағамбет, оқу-ағарту саласында қызмет атқарады.

1921 жылы февраль айында, қазіргі Омбы, Түмен, Қорған, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау облыстарының он сегіз уезінде ақ армияның жасырынып жүрген офицерлері мен генералдарының ұйымдастыруымен бай-қулақтардың көтерілісі басталды.

Сол уақиғаның ішінде болған Сәбит Мұқанов былай деп баяндайды:

«Көтеріліс басталғанда Баймағамбет Қызылжарда еді. Бандалар көтерілісі Қызылжарда 1921 жылы 8 февраль күні мәлім болды. Сол күні қалада коммунистердің ЧОН атты (часті особого назначения) отряды құрылып, халықты бандалармен күрес жұмысына ұйымдастыруға кірісті.

Қатаны жан-жағынан қамаған қалың банды темір жолдарды бұзды, телеграф, телефон сымдарын киды. Сөйтіп қала күресшілерінің сырттағы советтік күшпен байланысын үзіп тастады. Күрестің бар ауыртпалығы қала ішіндегі ЧОН отрядының мойнына жүктелді.

Коммунисті, комсомолы, совет қызметкерлері бар ЧОН-дағы барлық адам саны жеті жүздей еді. Советтік күш жан-жақтан жәрдем келгенше, ЧОН адамдарының көпшілігі аянышты қаза тапты, солардың бірі - Баймағамбет Ізтөлін».

«Өмір мектебі» атты кітабында Сәбит Мұқанов осы контрреволюциялық көтерілісті толық баяндай келіп, өзінің әрі досы, әрі ұстазы - Баймағамбет Ізтөліннің аянышты қазасын тебірене жазады: «Өзімнің идеялық өсу жолымда зор міндетті адамымның біреуі, көп жыл қалтқысыз көңілмен жолдас болған қымбатты досым, партияның адал мүшесі, құрметті Баймағамбет Ізтөліннен айырылу оңай боп па!

Қызылжарда құрбан болған Коммунарларды жерлейтін шақта госпиталдан мен де жазылып шақтым. Әр жерде өлген Коммунарларды жинау жұмысына мен де аратастым...

Өліктерді жинаса жүре мен Баймағамбетті де іздедім. Оны таптым да... Сонда кескінінен таныған жоқпын, тек қана, үстінде қалған киімдерінің сімілтірі мен оң жақ санына тізесіне жоғары біткен үлкен кара меңінен таныдым... Қаланы басына көтерген у-шу жылаудың ішінде мен Ізтөліннің табытын көтеріп шықтым».

Сөйтіп Баймағамбет Ізтөлін 22 жасында қазаға ұшырайды.

Қызылжар (Петропавл) уездік партия комитетімен уездік ревкомның органы, орыс тілінде шығатын «Мир труда» газеті 1921 жылы 20-апрельдегі 81-санында Баймағамбеттің қазасына арнап жарияланған қайғылы хабарында былай деп жазады:

«Тағы да бір үлкен қазаға ұшырадық. Колчактан қалған ак бандаларға қарсы күресте Россия Коммунист (большевиктер) партиясының мүшесі, туған ұлты қазақ Баймағамбет Ізтөлін ерлікпен аянышты қазаға ұшырады!

Ол Федоров ауданындағы оқу бөлімінің инструкторы еді!

Аса сезімтал, заманына үн қосқыш ол революциялық қызу істердің қалың ортасында қайнап жүрді де, ғасырлар бойы надандық тұманы тұншықтырған туған елі – қазақты оятып, білімнің жарық сәулесіне жетектейді. Оның жарқын болашағымызға бастап шақырған ұраны мен осы жәйде айта-тын әңгімелері халқының ыстық жүрегінен мәңгілік орын алады.

Жолдас Ізтөлін бала шағынан қызуы лапылдаған өлеңдер жазған дарынды акын еді. Жылы лепті өлеңдерін ол халқын қараңғылықтан жарыққа бастауға арнады

Жолдас Ізтөлін енді біздің арамызда жоқ! Жеті миллион қазақ халқы енді газеттердің бетінен жас акын - Баймағамбет Ізтөліннің өлеңдерін оқымақ.

Ұйықта қымбатты жолдас!

Сенің өлеңдерің қабырыңды мәңгілік есте сақтайды, пролетариат сенің атыңды өз тарихының бетіне жазады!...»

Осы қайғылы хабарды, 1957 жылы жазған мақаласында келтіре отырып, Сәбит Мұқанов былай дейді:

«Бұдан 36 жыл бұрын (қазір енді 53 жыл), орыс тілінде жариялаған түрінен дәлме-дәл аударылған бұл мақалада

Баймағамбет Ізгеліннің кім екендігі айқын көрініп тұр. Оның казасын газеттің қатты қайғыра жазуында үлкен себеп бар. Баймағамбет Коммунистік партияға адал мүше болудың үстіне, советтік құрылыс ісіне белсене қатысып жүрген қыршын жас шағында аянышты казаға ұшырауының үстіне, Қазақ әдебиетінде Октябрь революциясы туралы бірінші сөз айтқан адамдардың бірі еді.

1920 жылдың басында, Омбыда Совет өкіметі құрыта сала қазақ тілінде «Кедей сәби» атты газет шықты. Сол газеттің алғашқы сандарының бірінде Баймағамбеттің пролетариаттық революцияны, еңбекші халықтың бостандығын советтік құрлысты шалқи жырлаған өлеңі жарияланды.

Бұл өлең қазақ совет әдебиетінің «әлібі» мен «бініне» жата-тын, кейін кең арналы өзенге айналған әдебиетіміздің алдын бастап берген кайнар бұлағының тасты жарып шыққан алғашқы тамшысына есептелетін шығарма.

Осы сияқты болашағы зор акынның қыршындай шағында казаға ұшырауы, әрине аянышты. Оның казасына «Мір труда» газетінің ерекше қынжылып қайғырған себебі де сондықтан.

Баймағамбеттің әдеби мұрасы бізге түгел жеткен жоқ. Қызылжарда контрреволюциялық көтеріліс бастатар алдында дейді Сәбит Мұқанов «Баймағамбет маған өлеңдерін жа-зып жүрген калың кітабын қаңда қояды ақылдасты. Соңғы рет ақтарып көрсек, қатыңдығы үш елідей жалпақ, кітап өлеңге түгелдей толған екен. Барлық көлемі, кемінен, бес-алты мың жот болу керек. Баймағамбеттің сол қолжазбасы сақталмаған. Арманда өткен қыршын жас акынның сақталған шығармаларының көлемі өте шағын, не бары жпырма шақты ғана өлең.

Бізге жеткен, әзірге табылған, акын шығармалары 10 жа-сында шығарған бір өлеңі, 14 жасында шығарған «Ала торпақ» атты өлеңі, 15 жасында шығарған «Жалғыз жілік» атты және «Соғыс» деген екі өлеңі, 1915 жылдан 1919 жылға дейін жазған бірнеше өлеңдері.

1914 жылы, 15 жасында бірінші империалистік соғысқа ар-нап шығарған өлеңінде бала акын

Россия, Австрия, Германия, Түрік,  
Соғыс қып биылғы жыл сатды бүлік  
Қант пен шай, киімдікті қымбат сатып,  
Сатды ғой қазақ, саған бұл ишшілік

Бір үлкен айтқандай ақ соғыс болды,  
Жұзінс Европа әскер толды  
Уақытша қан төгілер жеткеннен соң,  
Қойдай қып қырып жатыр мұнша қолды

Әскерді тұс-тұс жактан жиып жатыр,  
Өлікті мая-мая үйіп жатыр  
Ішетін арақтарын жауып қойып.  
Әр түрлі қарам істен тынып жатыр

Соғысқа қазақтағы беріп көмек,  
Үй басы шығын салды бір теңгелеп  
Қызметтен солдат деген аман болсаң,  
Қазағым, шығынсынба мұндайды етеп

17 жасында 1916 жылдың оқиғасына арнап ұзақ өлең  
шығарады Сот өлеңнен үзінді тыңдайық

Уа заман, мұндай болып кеткенің бе?  
Тарлықта қайран құн-ай өткенің бе?  
Жас-кәрі, артта қалған өншен мұңдық  
Көз жасын енді көл ғып шөккенің бе?

Дәурен-ай, шырақтай боп жана жанған.  
Сөне ме шыныменен болып жанған  
Елдегі емін-еркін жүрген күндер,  
Секілді ойлап тұрсаң бізден қалған

Бір тұман ашылмастай түсті басқа.  
Шалқыған жана өспірім қыршын жас  
Көрмеген қағу-соғу өңкей ғазиз,  
Болад деп ойлап па едің мұндай хас

Ылаңға ұшыраған біз бір дәурен.  
Болмады бір күнгідей көрген дәурен  
Жарқырап жана жанып келе жатқан,  
Сөне ме шыныменен жарық сәулесі

Үзбейік сондағы біз үмітті.  
Көңілді нықтап ұста берік, мықты  
Ылғи мұқай бергенше санаменен.  
Қайраттанып кетейік қайта тіпті

Халық басына төнген қайғы-қасіретті, мұң-зарды тебірене  
жырлап келіп, елінің өнер-білімнен қонже қалғанын айтып:

Болмады оқу-өнер елімізде.  
Мәз болдық түк шықпайтын ісімізге  
Мұсылманша, орысша жазған харып.  
Білмейтін толып жатыр ісімізде.

Өнерге болмай жастан әбден ыспар,  
Бұл күнде, уа дарига-ай болдық құштар.  
Махрұм боп біріндегі білмей қалдық.  
Пайдалы басымызға сондай іс бар.

Сағаты көңілімнің соқты жүріп.  
Қапамды шығаруға жатпай бұғып.  
Шыдамай уайымменен жаздым мұны,  
Біле алмай, қайтерімді іштен тынып.

Баймағамбеттің 1917 жылға февраль революциясына арнап,  
18 жасында жазған «Туғаныма», «Қалқамшырақ» өлеңдерін  
тыңдайық. «Отарба» атты өлеңіне Баймағамбет өзі: «Бұл өлеңді  
1917 жылы октябрь айында ауылдан Троицкі қаласындағы  
меліресе «Уазифаға» бара жатып, Петухово станциясынан по-  
езді бірінші рет көргенде жаздым» деп түсінік беріпті. Идеялық  
мазмұныны, түр-көркемдігі сайма-сай келетін акынның  
сатиралық өлеңі «Пысылдақ Омар». Акынның табиғат лирика-  
ларынан сақталған бір өлеңі «Тұнның басталуы».

Бүгінгі әңгімемізді Баймағамбет Ізтөлін тураты, Сәбит  
Мұқановтың қорытынды пікірімен аяқтаймыз. «Өсу жолда-  
рымыз» атты мақалалар жинағы кітабында Сәбит Мұқанов  
марқұм былай депті: «Қазақ Совет әдебиетінде Сәкеннің ізін  
ала шыққан екінші адам – Баймағамбет Ізтөлін. Оның бес-алты  
жыл бойы жазған көптеген өлеңдері де өзімен бірге өліп, тығып  
қойған өлеңдері актер Қызылжар қаласын басып алғанда, пәтер  
үйін өртеп жіберді. Әркімдердің қолында сақталған бірен-сара-  
ны. Баймағамбеттің қаламынан туған шығармалардың ұшығы  
мен пұшығы ғана кейін жиналып, кітапша болып басылған, сол  
аз ғана өлеңдердің өзі саяси және көркемдік жағынан қандай  
қымбат!...Егер барлық өлеңі түгел сақталғанда, Қазақ Совет  
әдебиетінің екінші Сәкені сол Баймағамбет болар еді!

Келесі кезекші кездескенше есен-сау болыңыздар!

*Семей. 22.09.1974 жыл.*

**Ардагер азамат, жалынды рево.попционер-бо.ьшевик  
(Нығмет Нұрмаковтың туғанына 80 жыл)**

Енбекші қазақ халқының қалың ортасынан шыққан жалынды революционер – большевиктердің бірі. Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында аянбай күрескен партияның адал ұлы, ардагер азамат – Нығмет Тәукебайұлы Нұрмаков 1895 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қу ауданында дүниеге келіпті.

Нығметтің әкесі кедей шаруа екен. Бірақ көңіл көзі ояу, жігері пысық, ел ортасында абыройлы, қадірлі адам болыпты. Заман ағымын аңғара білген әке келешегінен үміт күткен баласы Нығметті оқытып, білім беруді мақсат етеді. 1906 жылы Қу ауданында мектеп ашылғанда, өзінің үйін мектепке беріп, үй-ішімен сол мектептің күтуші қызметкері болып, Нығметті оқуға түсіреді. Өнер – білімге құштар, табиғи талантты, алғыр ойлы, зерек те зерделі жас бастауыш мектепте үздік оқушы болып, бітіріп шығады. Күткен үмітін ақтайтынына көзі жеткен әкесі оны Қарқаралы қаласындағы екі класты орыс - қазақ училищесіне оқуға түсіріп, интернатқа орналастырады. Училищені үздік оқып бітірген соң, Нығмет Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясындағы даярлық курсына оқуға түседі. Ол кездегі Омбыдағы мұғалімдер семинариясында Сәкен Сейфуллин бастаған болашақ революционер-большевиктер, қазақ жігіттері: Тауған Арыстанбеков, Жанайдар Сәдуақасов, Хамза Жүсіпбеков оқитын. Нығмет Нұрмаковтың Омбыдағы жақын жолдастарының бірі, белгілі революционер-большевик - Әбілхайыр Досов өзінің естелігінде: «Ол кезде Омбыда оқитын қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымы бар екен, басқарушы Сәкен екен, ұйым «Бірлік» есімді қолжазба журнал шығарады екен. Мен осы журналды суреттеп әдемілеу ісіне, қолдан көбейту ісіне артастым да, Сәкен арқылы, біртіндеп Омбыда жасырын қызмет атқаратын большевиктермен танысып, революциялық үгіт - насихат істерімен шұғылдандым», – дейді.

Сол ұйымның белсенді мүшесі, Сәкен Сейфуллиннің сенімді серігі, сырлас досы Нығмет Нұрмаков болады. Оның революциялық күрес жолы семинарияда оқып жүрген кезінен басталады.

Семинарияны үздік оқып бітірген соң 1915 жылы. Нығмет Нұрмаков бір кезде өзі шәкірт болған Қарқаралыдағы екі жылдық орыс-қазақ училищесіне мұғалімдік қызметіне келеді. Мұғалімдік қызметін атқара жүріп, еңбекші халық арасында революциялық үгіт-насихат жұмысын үдете береді.

1916 жылғы уақиға кезінде Н. Нұрмаков езілген еңбекші елінің жанашыры, шын қамқоры, ақ жүрек адат азаматы екендігін айқын танытады. Ол үгіт - насихат жұмысын місе тұтпайды. Соғыс майданының қара жұмысына алынған қазақ кедейлерімен бірге болып, олардың патша үкіметіне қарсы күреске ұйымдастыру мақсатын көздеп, соларға мынбасы болып баруға жіберуді сұрап өтініш береді. Нығметтің мақсатын сезген уезд басшылары оның өтінішін қабылдамайды.

Февраль революциясынан кейін Нығмет Нұрмаков уақытша үкіметке қарсы ашық күрес майданына шығып, саяси шыңдалған, нағыз санаты революционер, табанды қайраткер-большевик екенін көрсетті.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» кітабында: «Семей губерниясында өзгелер «Алаш» болып еліріп жүргенде, большевиктерге қосылған жалғыз Нығмет Нұрмаков еді. Нығмет Қарқаралы уезінде оқытушы еді. Октябрь төңкерісінен кейін Қарқаралыдан Нығмет маған жазған бір хатында бұй деген еді: «Сәкен, істерін қалай... Бұрынғы патшаның тепкісінде жаншылған хатықтарға теңдік беріп, адам санына санайтын жалғыз большевик партиясы екеніне көзім жетті. Сол себепті мен де большевик болдым...» деген еді. Міне, сол 1917-1918 жылғы ұты дүбір, ұты майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті «Алаштың» тілі болды. Семей губерниясы, Қарқаралы уезіндегі жалғыз Нығмет Ақмолаға – «Тіршілік» газетінің басындағы бізге хат жазып жатты», – дейді.

1918 жылы Қарқаралы қаласында уездік революциялық соғыс комитеті құрылғанда, Нығмет Нұрмаков комитеттің жауапты секретары болды. Сол жылы май айында ақ чехословак әскері мен ақ гвардия әскері қосылып, жас Совет өкіметіне қарсы күреске шығып, июнь айында Семей губерниясын басып алады. Қарқаралы уезінде де контрреволюция жеңіп, ревком басшылары, олардың ішінде Нығмет Нұрмаков тұтқынға алынды. Ол 1918 жылдың сентябрь айынан 1919 жылдың декабріне дейін тұтқында отырды. Қарқаралы еңбекшілеріне көмекке кел-

ген 65-қызыл әскер полкі Нығмет Нұрмаковты ажал тырнағынан азат етті. Қарқаралыда қайтадан Совет өкіметі орнаған соң, ол бұрынғы қызметін (ревкомның жауапты секретары) атқаруға кірісті.

1920 жылы Нығмет Нұрмаков Семей губерниялық соғыс-революциялық комитетінің жауапты секретары қызметіне тағайындалды. Сол жылдың 4 октябрінде Орынбор қаласында ашылған Бүкіл қазақстандық бірінші Құрылтай съезіне Семей губерниясынан делегат болып барған Нығмет Нұрмаков Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Екінші және үшінші сайлауда да Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды.

Қазақстанның үлкен мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмаков жалынды журналист те еді. Семейде қызмет істеп жүрген жылдары ол «Қазақ тілі» газетінде (қазіргі «Семей таңы») татай мақалаларын жариялап, партияның, Совет өкіметінің саясатын қазақ халқына түсіндірді. 1921 жылы «Қазақ тілі» газетінің 127 санында жарияланған «Әлсіз жаудың өлердегі аласұруы» атты мақаласында Нығмет Нұрмаков былай деп жазды:

«1917 жылы 25 октябрьде жерінен, фабрика, заводтарынан, құлданып қанын сорып отырған еңбекшіл кара жұмыскер, мұжыктан айрылған Россияның ұятын ақшаға сатқан меньшевик, эсерлер үш жылдай соғысып, ашық майданда Россияның кедейлерін және алмайтынына көзі әбден жеткен соң, сезімі аз кара халықтың ішіне өтірік-өсекті жайып шағыстырып, Кеңес өкіметіне қарсы жау қылып салмақшы.

Бұл құлардың мақсаты: жерді помещиктерге, фабрика, заводты фабрикант, заводшыларға қайтадан, жұмыскерлерден, сгінші мұжыктардан тартып әлермек.

Қалың тонның астынан жана шығып, қызғалдақ сияқты гүлденіп келе жатқан, басын көтеріп, «уһ» деп барлық кеудесімен жаңа дем алып отырған қазақ, ноғай, башқұрт секілді, өз алдына жаңа қалғылдап ел болып, отау тігіп отырған ұсақ ұлттарды орыстың кара жүрек жауыз байларының езгісіне-жеміне бермек. Эсер, меньшевиктер үш жылдан бері буынсыз қызыл тілдің күшімен кара халықты құтыртып, адастырып, өз өкіметіне өзін жау қылып сатып, қанға бояды. Өздерінің кімге дос, кімге қас екенін әбден білгізеді. Енді олардың түпсіз өтірігіне нанып,

артына елден шыққан өздері сықылды қыршаңқылар болмаса, еңбекшіл мұжықтан, кара жұмыскерден, әсіресе, казак сиякты ұсақ ұлттан ешкім ермейді, тойды.

Кеңес өкіметінің һәм ортақшыл (коммунист) партиясы өзінің камкоры, өкіметі, өз партиясы екенін, анық ак жолға бастайтынын сезді, білді.

...Меньшевик, эсерлердің бет алды лағып үрген татымсыз ку сөздерінің түк маңызы болмай, боска орынсыз калып отыр Қаншалык жығылған күреске тоймайды десек те, енді кулардың маңдайы таска тигендей болған шығар. Бұл кылықтардың бәрі кеудесінен жан шығарды, жан-дәрменмен істеген арпалысы, аласұру» – дейді.

Нығмет Нұрмаковтың саяси әлеуметтік тақырыпка, Совет өкіметінің алдында тұрған проблемалык мәселелері жайында орыс тілінде жазған он бестен астам көлемді мақалалары, жиырма үш рет съездерде, пленумдарда және сессияларда сөйлеген сөздері Москвада шығып тұрған «Власть Советов» және «Революция и национальность» журналдарында жарияланды. 1929 жылы оның «Қазақстан құрылысы» атты кітабы басылып шықты.

Нығмет Нұрмаков 1923-1924 жылдары Қазақ республикасының Заң Халык комиссары және прокуроры, ВКП(б) Қазақ Өлкелік Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып кызмет атқарды. 1924 жылдан 1929 жылға дейін ол Қазақстанның Халык Комиссарлары Советінің председатели болды. Осы кызметтерінің бәрін де Нығмет Нұрмаков Коммунистік партияның саясатын іске асыруда, Қазақстанның экономикасының, мәдениетінің жедел өркендеу ісінде орасан еңбек етті.

1929 жылдан 1937 жылға дейін Нығмет Нұрмаков Москвада болып, ВЦИК Президиумының мүшесі катарында ВЦИК жауапты секретарының орынбасары және ВЦИК Президиумының ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып, мемлекеттік үлкен кызмет атқарды. ВКП(б)-ның XI және XIV съездерінде делегат болды.

Коммунистік партияның адал ұлы, казак халқының ардакты ардагер азаматы, мемлекеттің, советтік қоғамның үлкен кайраткері Нығмет Тоукобайұлы Нұрмаковтың есімі ұрпактар есінде.

*«Семей таңы», 26.03.1975 жыл*

## Көпке ортақ көркем әдеби мұра «Жүсіп-Зылиха» дастаны жайында

XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басындағы дәуірдің ең көлемді, ең көркем, бүкіл түркі тілдес және басқа кейбір халықтарға ортақ, жазба әдебиет мұрасы – «Жүсіп-Зылиха» дастаны.

Жүсіп-Зылиха туралы мифтің тарихы ең ескі заманға кетеді. Жүсіп-Зылиха анызын терен зерттеушілер оның кейбір элементтерінің баяғы ассирия-вавилондардың Тамуза мен ингітар (біздің эраға дейінгі 3-4 мың жылдар бұрын) Сирофиникиялардың Адонис пен Астрата (біздің эраға дейінгі 2 мың жылдар бұрын) жайындағы мифтерге ұштасып жататынын айтады. Сол сияқты Жүсіп-Зылиха анызы ескі Египеттің, біздің эраға дейінгі дәуірден 3 мың жыл бұрынғы, Осирис пен Исипа туралы мифтерімен, ертегілерімен тамырласады.

Біздің эраға дейінгі үш мың жыл бұрын Жүсіп пен Зылиха туралы мифті жәуіттер (еврейлер) «Библияға» қосқан. Одан соң «Жүсіп-Зылиха» анызы христиандардың «Ветхий завет» аталатын кітаптарына, ал VII ғасырда «Юсуф сүресі» делініп, құранға кірген.

Кейінірек, орта ғасырда шығыс тарихшылары мен жазушылары: Әбу-Жағыфар Мухаммед ибн-Жәрир әт-Табари (839-923), Яролла Әбілкасым Махмұд бине Ғұмар Зінгәшәри (1074-1143), Ғизетдин Әбіл-Хасен Ғали ибне-Мухаммед, ибне-Әл-Әсір (1160-1234), тағы басқалары «Жүсіп пен Зылиха» сюжетіне түсініктер жазған.

Атақты Әбіл-Қасым Фирдоусидің (934-1002) «Шаһнама» эпопеясынан кейінгі, ақырғы жазған поэмасы «Жүсіп-Зылиха» скені белгілі.

Сөйтіп, Жүсіп пен Зылиха атына байланысты аңыз бүкіл әлемге әйгілі уақиға.

Біз ортақ мұра деп отырған «Жүсіп-Зылиха» поэмасы XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында жазылған. Көшіріліп, оқылып, ауыздан-ауызға ауысып жаттатып, біздің заманға жеткен. «Жүсіп-Зылиха» поэмасының әркім көшірген көптеген қолжазба нұсқалары түрлі кітапханаларда, жеке

адамдардың қолдарында сақталған. «Жүсіп-Зылиха» поэмасы қолжазбасының кейбір нұсқалары Берлин, Дрезден калаларының кітапханаларында да бар. Татарстан жерінен «Жүсіп-Зылиха» поэмасының әлденеше көшірме жазбалары табылған. Қолжазба көшірмелерінің ішіндегі ең құндысы Ғабдірахым Ғұсманұлы Ұтыз Имәни (1754-1834) деген акынның бұрынғы талай көшірме қолжазбалар салыстырып зерттеп, түпнұсқаға тән емес қосымшалардан арылтып, дұрыстап жазған нұсқасы болады.

Сол Ұтыз Имәни көшірген нұсқа Қазан қаласынан басылып тараған «Жүсіп-Зылиха» поэмасының ең сенімді, негізгі нұсқасы болып саналады. Поэма авторының өз қолымен жазылған түп нұсқасы табылмаған. 1824 жылы Ұтыз Имәни көшірген қолжазбада. 1839 жылы «Қисса-и Иосыф ғаләһи әс-сәлам» деген атпен, тұңғыш рет Қазан баспасынан кітап болып шыққан.

XIII ғасырдан бері қолжазба күйінде тарап, ауызша жатталып, сақталып келген «Жүсіп-Зылиха» поэмасы 1839 жылдан бастап, Ұлы Октябрь революциясына дейін жыл сайын дерлік, кітап болып шығып, халыққа жайылып, танылған. Поэма кейбір жылдарда екі не үш мәрте басылып отырған «Жүсіп-Зылиха» 1853 жылмен 1859 жылдың арасында 38 400 дана болып басылып шықса, 1886 жылғы тиражы 20 000 данаға жеткен. Шығыстану ғылымының ірі өкілдері «Жүсіп-Зылихань» әдеби-тарихи мәні жөнінен қымбатты мұра деп бағалаған. Поэmanın кейбір баспаларын М. Қазембек, И. Березин, И. Готвальд, В. Смирнов, Н. Катанов сияқты профессорлардың бақылап, басқаруымен шығуының өзі «Жүсіп-Зылихань» тарихи бағалы, жазба әдебиет мұрасы екенін көрсетеді.

«Жүсіп-Зылиха» поэмасын XIII ғасырдың басында жазған Ғали (Құл Ғали деп те аталды) деген адам. Татар тарихшы, әдебиетшілерінің зерттеу жұмыстарында Ғалидың өмірі жайында біраз мағлұмат берілген. Ғалидың туған жері бұрынғы Болгар мемлекетінің бір қаласы (Қышанда не болмаса Бараж ханның астанасы болған бір қала) болған. Ғали сол туған қаласында бастауыш білім алады. Оның ата-бабалары өз заманының оқымысты адамдары болған. Ғали кейін туған жерінен кетіп, Хорезмнің бір шәһәріне барып оқып, білім алады. Содан Хорезмдегі бір медреседе қырық бес жыл бойы (мәшһәрмен 1176-1220 жылдар)

сабак беріп, мүдәрріс болып тұрады. 1220 жыты монғолдар Хорезмді жаулап алғанда Құт Ғали кашып, Үргенішке келеді. Ал 1221 жыты монғол басқыншылары Үргенішке келгенде, ол казак даласына кашады. Ақырында өзінің тұған жеріне келіп, мөлшермен айтканда 1221-1248 жылдардың арасында дүниеден кайтады.

«Жүсіп-Зылиха» поэмасының сонында акын шығарманың кашан жазылған уақытын да айтып жазған. Онда:

... Рәжәй ай желәлі (календары) ұтызынан.

Тарих чөн атты юз тұкызынан... – деп поэманың жазылып біткен айын, күнін айтады. Ескіше һижра жыл есебімен айтылған. 609-жылды казіргі милади жыл есебіне аударғанда 1221 не 1213 жыл болып шығады. «Рәжәй ай желәлі ұтызынан» дегені – 26 декабрьге тура келеді.

Сонда Ғали «Жүсіп-Зылиха» поэмасы 1221 не 1213 жылдың 26 декабрінде жазылып аяқталған болады. Және поэма Хорезмде жазылған. Өйткені, жоғарыда келтірілген мағлұматтан Ғалидың 45 жыл бойы, яғни 1176-1220 жылдарда Хорезмде тұрғаны мәлім болды. Сөйтіп, «Жүсіп-Зылиханын» авторы Хорезмде оқып, білім алып, өмірінің көбін Хорезмде өткізген.

Құт Ғали казак даласында да болады. Ол түркі тілдес халықтардың өз тұсындағы тұрмыс-салтымен, жалпы тарихымен, тілімен, поэзиясымен жаксы таныс оқымысты-әдебиетші адам болған. Бұл халықтар тілі Ғали поэмасына мол әсер еткен. «Жүсіп-Зылиха» поэмасы татар әдебиеті тарихынан әлдеқашаннан құрметті орын алып, зерттеліп келді. Құт Ғалиды өздерінің әдебиет тарихындағы үлкен акынның бірі деп танып, оның «Жүсіп-Зылиха» поэмасын XIII ғасырдың басындағы жазба әдебиетінің ең бір үлгілі ескерткіші деп бағалайтын татар әдебиетші-ғалымдары. «Жүсіп-Зылиха» поэмасы «түркі телендә сөйләген күй кенә әдеби мұра» екенін де әділдікпен ашық айтады.

«Қол Ғалинен Урта Азия әбедияты белән таныш болуы, озан еллар Харезмдә дәрәс әйтүс анын үз теленә тәәсипсез калмаған. Анын әсәреннен теленә уйғур, гуыз, кыпчак, һәмбашка төркі халықлары телләарендәге сүзләрдә йогынты ясаған».

«Иосыф Во Зәләйха» поэмасының татар һәм ғомүман төркі телендә сөйләген күй кенә башка халықларының бұрынғы әдеби телләре һәм әбедияты тарихын өйрәнүдә зур әһәмияте бар» – дейді.

Ғалидың «Жүсіп-Зылиха» поэмасы жазба әдебиетінің тарихын шын ғылыми тұрғыдан карап, терең зерттеу мәселесін де ескермей кетуге мүмкін емес. XIII ғасырдың кесек әдеби-тарихи мұрасы. «Жүсіп-Зылиха» сюжетінің XIII ғасырға дейін ұзақ ғасырлық тарихы болса, XIII ғасырдан бері де созылған, көп ғасырлық тарихы бар. Құл Ғалиға дейін, оның тұсында, онан кейінгі замандарда да «Жүсіп-Зылиха» тақырыбына әр халықтың үлкен акындары шығарма жазған. «Жүсіп - Зылиха» көп елдердің әдебиетінде дәстүрлі тақырыпқа айналған ең әйгілі сюжеттің бірі.

Шота Руставели де (XII-XIII ғ.) «Жүсіп пен Зылиха» поэма-сын жазған.

Шағатай тілінде жазылған Насреддин-ибн-Бурханеддин Рабғузидың «Қыйсса-и-әл-әнбия» (1311ж.) кітабында Жүсіп-Зылихаға бір хикая арналған. Дүрбек 1409 жыл «Жүсіп-Зылиха» атты поэма, сол тақырыпқа Хиромни да (XIX ғ.) поэма жазған. Атақты тәжік-парсы акыны Әбдірахман Жамп (1414-1492) «Жүсіп-Зылиха» поэмасын жазған. XVIII ғасырдағы түркмен акыны Андатіб, Нұрмұхаммед Ғаріб – (1712-1780) «Қыйсса-и Иосиф» атты шығармасын кара сөзбен өлең аралас жазған. Түрік акындарынан Жүсіп-Зылиха тақырыбына Шәяд Хәмзә (XIII ғасырдың аяғы XIV ғасырдың басы) Хәмди (XI ғасыр) Яхия Бәк (XVI ғасыр) поэмаларын жазса, біздің заманда Назым Хикмет пьеса жазады.

Шығыстың белгілі акын, жазушыларының Жүсіп-Зылиха тақырыбына арнап шығарма жазбағандары, не болмаса олардың образдарын, өздерінің басқа тақырыпқа жазған шығармаларында пайдаланбағандары жоқ деуге болады.

Жүсіп-Зылиха образдары Батыс Европа әдебиеттерінде де жырланған. XIV ғасырда Испанияда «Жүсіп тұраты поэма» атты шығарма жазылған. Латыштың ұлы революционері Ян Райніста (1865-1920) Жүсіп-Зылиха тақырыбына өлең мен пьеса жазған.

Жүсіп-Зылиха туысқан татар әдебиеті тарихынан ерекше орын алады. XIII ғасырдың басында «Жүсіп-Зылиха» поэмасын жазған Құл Ғалидан бастап бұл тақырыпқа шығарма жазу татар әдебиетінде дәстүрге айналған деуге әбден болады. Соңа орта ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейін Жүсіп-Зылиха татар акын, жазушыларының, әдебиетші-ғалымдарының, тарихшыларының – бір де бірінің қаламынан қағыс қалған емес.

Мысалы, Ғали шайх ұлы Махмұдтың «Нәһ әл-фарadis» (1357-1358) атты шығармасында «Жүсіп-Зылиха» хикаясы берілген. Ғабдрахым Утыз Имәни (Татарстанның «Утыз Имәни» деп аталатын ауылында 1730 жылы туып, 1815 жылы сол ауылда қайтыс болған) Құл Ғали жазған «Жүсіп-Зылиха» поэмасының бірнеше көшірме қолжазбаларын зерттеп, түп нұсқасын анықтау тәжірибесін жасаған. Оның баласы Ахметжан Ғұсманов «Жүсіп-Зылиха» (1845-1846) поэмасын жазған. Құл Ғалидың «Жүсіп-Зылиха» поэмасының образдары XIV- ғасырдарда Хорезм Сәйд Ахмет Саяди, XVI ғасырда Мұхаммедияр, XVII ғасырда Мәула Құлн (Меллағол), XIX ғасырда Ғ.Кандалый (1797-1860), XX ғасыр басында Дәрмәнд (Закир Садықұлы Рәмиев – 1859-1921), Сағит Рәмиев (1880-1926) сияқты акын, жазушылардың шығармаларында үнемі аталып, айтылып отырды. Татардың кейбір акындры «Жүсіп-Зылиха» поэмасының өлең құрылысын пайдаланып, шығарма да жазады.

Ғабдолла Токай өзінің өлеңдерінде, макалаларында «Жүсіп-Зылиха» поэмасын сан рет еске алып, айтып отырған. Ол өзінің кейбір шығармаларын «Жүсіп-Зылиха» поэмасының құрылысымен де жазған. («Достарға бір сөз», «Жаз ғалам аттары» т.б.)

Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде де татар акын, жазушылары, әдебиет зерттеушілері Жүсіп-Зылиха тақырыбына үнемі оралып отырады. Мысалы, акын Кәрім Әмірн (карим Хұсайынұлы Әліпров - 1893) «Жүсіп-Зылиха» атты драма жазады. Құл Ғалидың «Жүсіп-Зылиха» поэмасының жеке бөлімдері «Татар поэзиясы антологиясында» татар тілінде (1956 ж.) орыс тілінде (1957 ж.) басылды. 1963 жылы поэма «Бұрынғы татар әдебиеті» кітабында басылып шықты.

«Жүсіп-Зылиха» поэмасы олар туралы аңыз қазақ халқына да сонау ерте заманнан таныс. XIII ғасырда жазылған «Жүсіп-Зылиха» поэмасы, ол дәуірде жіктеліп, әлі жеке-жеке халық болып қалыптасып үлгермеген түркі тілдес елдерге ортақ әдеби мұра біздің қазақ әдебиет тарихынан да орын алып зерттелуі керек.

Жүсіп-Зылиха образы қазақ акын, жазушыларының шығармаларында да ерте заманнан бері жырланып келеді. Мысалы, 1842 жылы «Бозжігіт» поэмасын жазған қазақ акыны, жан книскан достық, адал махаббат, шексіз сүйіскен шын

ғашықтарды дәріптегенде Жүсіп-Зылиха бейнесірін үлгі етіп  
жырлайды. Ол Бозжігіттің аузына:

..Бұрынғы өткен ғашықтай,  
Ақылын сенің керекті!  
Бөтен жарға қайырмай,  
Нәпсің тисаң керекті!  
Біздің үшін әр жерде  
Жаның қисаң керекті,  
Қылша көңілің бұзықтай,  
Ағарып жүр жүзіктей,  
Зылиха мен Жүсіптей  
Сабыр қылсаң керекті<sup>1</sup>, деген сөз салады.

Ғашықтық тақырыбына жазылған кнесса, өлең жырларда  
Жүсіп-Зылиханы қазақ акындары көп айтады. Міңсіз сұлулық  
сөз болғанда да қазақ акындарының үлгі етіп жырлайтын  
дәстүрлі образдары осы Жүсіп пен Зылиха болып отырады.  
Жүсіп пен Зылиха Ұлы Октябрь революциясына дейінгі қазақ  
жазба поэзиясында дәстүрге айналған, тұрақты образдар ретін-  
де жырланып келген.

Ыбырай Алтынсарин да (1841-1889) Жүсіп-Зылиханы өз  
өлеңінде мысалға келтіріп жырлайды.

Мактанба сұлу мын деп ажарына,  
Ажарсыз адамдарды ал назарыңа!  
Зылиха, Жүсіппенен сұлу өткен,  
Тұрмаған ажар ара ажалыңа!

Ақан сері де (1843-1913) ғашықтық Жүсіп пен Зылихадан  
мірас болып қалған деп оларды махаббат туралы жырында үлгі  
етіп алады.

..Ғашықтық халімді мен баян қылдым,  
Жатынын жүрегімнің басын шалған.  
Ғашықтық мен шығарған мірас емес,  
Жүсіп пен Зылихадан үлгі қалған. – дейді.

Өріп Тәңірбергенов (1856-1924) акын өзінің алғашқы акын-  
дық қадамында бастап жазған жастық-махаббат өлеңдерінде,  
кейінірек жазған поэмаларында Жүсіп-Зылиха образдарын  
үнемі келтіріп отырады.

---

<sup>1</sup> Образцы народной литературы Тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Собраны В.В.Радловым. Часть III. Киргизское наречие. Санкт-Петербург, 1870, «Боз жігіт», 342-бет,

Мысалы. Абайға еліктеп жазған «Әліп би» атты өлеңінің бір шумағында Әріп:

Хи, сіздің бар бейіненіз хор секілді.

Иран шаш, райхан қас, нұр кекілді.

Мысырда Қытмыр сатып алғандағы

Жүсіптей көрмедім деп жан өкінді. – дейді.

Жүсіп-Зылиха тақырыбына арнап поэма жазған акын Жүсіпбек Шейхұл-Исламұлы Айғожин. Ол өзінің поэмасын Ініжара есебімен 1315 жылы, Мұхarrәм айының 21 күні бітірдім деген. Жанаша жыл есебімен 1897 жылы 10 июнь сейсенбі күні аяқталған болады.

Жүсіпбек поэмасы бірінші рет «Қысса хазрет-и Юсуф илән Зылиханың мәселесі» деген атпен 1898 жылы Қазан университетінің типографиясынан басылып шыққан. Көлемі 90 бет, тиражы 4 800 дана. Жүсіпбек акын Жүсіп-Зылиха туралы басылған кітаптармен (Құл Ғали поэмасы, Рабғузидың «Қыйсса-и-әл-әнбиясы» т.б.) ел аузында ертеден айтылып жүрген аңыз-өңгімелермен жақсы таныс болған адам екені күмәнсіз.

Жүсіп-Зылиха хикаясының әлденеше ғасырлар бойы түрлі жұрттың ақындарының шығарматтарына тақырып болып жырланып, халыққа сүйікті шығарма болатын қасиеті неде еді?

Ұлы акын Фирдоусидің да ең ақырғы жазған шығармасы «Жүсіп-Зылиха» поэмасы болды. Акын поэмада бата Жүсіптің құл болып сатылып, бас еркінен айырылып, алыс Мысырға кетуін, оның көрген қорлық-зорлығын, тартқан ауыр азабын сезіммен тебірене жырлап, аянышты халде баяндайды.

Адам баласының тіршіліктегі ең қымбаты бас бостандығы, өмірдегі еркіндігі дейтін болсақ, сол қымбатынан айырылып, зар шеккен жанды – Жүсіпті Фирдоуси жыр етеді.

Поэмадағы Жүсіп, құрандағы, діни аңыздағы өмірден ерекше тұрған құдайдың сүйіктісі, пайғамбар Жүсіп емес. Фирдоуси поэмасынан, құл болып сатылып, Мысырға еріксіз кетіп бара жатқан жолында анасының қабірін көріп қамығып, шешесінің аруағынан жәрдем тілеп, жалбарынып, зар еңдирген жас баланы көреміз.

Поэмадағы осындай уәкіғалар патша, сұлтандардың езгісінде, құлдық халде болып жүрген бұқара халыққа түсінікті, жүрегіне жақын. Бұл сияқты халге ұшырап, ата қамқорлығынан

ада болып, құлдық бұғауына түскен жас бала Жүсіпке оқушы, тыңдаушы жұрттың жаны ашып, қабырғасы қайысатын еді Зорлыққа, әділетсіздікке деген ыза-кегі қайнайтын еді.

Фирдоусидың «Жүсіп-Зылиха» туралы Е. Э. Бертельс осындай пікір айтқан<sup>5</sup>. Фирдоусидың «Жүсіп-Зылиха» поэмасындағы жырланатын ғашықтық адал махаббат, шын достық, адамгершілік, әділеттік – бүкіл адамзат баласына бірдей тән нәрсе, қай халықтың, қай ұлттың болмасын әдебиетіне бірдей ортақ тақырып. Бұндай әйгілі тақырыптарды әр елдің ақындары әр дәуірде өздерінше қайталап жырлау, дүние жүзі әдебиеті тарихындағы ежелден келе жатқан дәстүр екені белгілі.

Құл Ғали ақын өзінен бұрынғы замандарда жазылған хикая, киссаларды, айтылып жүрген аңыз-әңгімелерді жақсы білген оқымысты адам.

Ол «Жүсіп-Зылиха» тақырыбын солардың ішінен тандап алып, поэма етіп жазған. Ғали поэмасының кіріспесінде: «Қиссалардан, хикметтерден көріктірегі, усанамдан (жалықпастан Қ.М.) тыңдауға дәмдірегі» деп бастайды. Ақын Жүсіп-Зылиха туралы және басқа кітаптарды көп оқыған тәжірибесі мол адам. Құл Ғалидің поэмасы композициялық құрылысы жөнінен, уақиғаны түйінде, тартыс желісін қызықты етіп дамыту жағынан өз заманындағы (XIII ғ.) үлгілі көркем шығарма. Поэмамын тілі бай, сөз образдары әсерлі, кейіпкерлерінің портреттері, ішкі сезім-сырлары шобер берілген. Әсіресе басты кейіпкерлер Жүсіп пен Зылиханың образдары сыртқы сипатымен, ішкі дүниесімен аса көркем жырланған.

«Жүсіп-Зылиха» поэмасында ерте замандағы халықтың сенім, нанымдары, түрлі түсініктері, әсерлеп айтылатын аңыздық сарындары да мол орын алады. Халық ертегілерінің уақиғалары да поэма сюжетіне ұштасып келіп отырады. Ақын Жүсіпті ағаларының құл етіп сатқан, көп қорлық көрген, зындан азабын тартқан, ақыры Жүсіп өзінің ынта-жігер, талабы мен ақыл парасатының арқасында Мысырға патша болып сайланғанын суреттейді. Ол патша болған шағында ел қамын ойтап, халықты төніп келе жатқан аштық апатынан аман алып қатуға бар күшін жұмсайды. Халықтың егін егуге, алтын-ала астық қорын жинауға шақырады. Мемлекет қоймасына астық толтырып сақтап, кейін елдің тамағы таусылып, аштыққа ұшырауға айналғанда халыққа астықпен жәрдем көрсетеді.

<sup>5</sup> Е. Э. Бертельс. Фирдоуси и его творчество «Фирдоуси» (934-1934). Ленинград, 1934, стр. 116

Жүсіп аш, жаланаптарға, құлдарға камкорлық жасап, олардың ауыр халін жеңілдетуге тырысады. Осы айтылғанның бәрі княз сияқты жырланып, әсірелей суреттеліп, асырып айтылса да, ізгілік ниетпен елдің арман тілегінен туған, өз дәуіріне лайық халықтық идея деуге болады.

Акын адамды құл етіп, басын саудаға салу, түрме, зындан азаптарын адамгершілікке жат қылықтар деп, гуманистік тұрғыдан сынап жазады. Жүсіпті сатқан ағаларын, оны зынданға тастаушы Мәлік сияқтыларды Жүсіп образына карама-қарсы ұнамсыз бойне етіп берсе, кайғы-қасіретті көп тартқан Жүсіптің әкесі – Жакып та шенеледі. Жүсіптей ең сүйікті баласының кайғысынан көзінен айырылған Жакыптың бұндай халге душар болуы, бір кездегі өзі істеген қаталдық үшін тартқан жазасы дейді акын. Ол Дина атты күннің Бәшір деген жас баласын құлдыққа сатып жіберген. Жакып енді соның сазаіын тартқан болады.

Татар халқы өзінің жазба әдебиеті тарихын Құл Ғали (XII ғ. аяғы XIII ғ. басы) акынның «Жүсіп-Зылиха» поэмасынан бастайды. «Жүсіп-Зылиха» поэмасының тілі XIV-XVI ғасырларда Еділ бойындағы түркі халықтары тарапынан тудырылған әдебиеттің тіліне негіз болған деуге мүмкін және Құтбидың «Хысрау-Шырын», Хорезмидің «Махаббат-Намә», Саядидің «Дастан Бабахан», Хисам Қиятибтың Хікаяті «Жұмжұма Сұттан» сияқты XIV ғасырда жазылған шығармалардың, одан соңғы Мәуля Құдый, Утыз Имәни сияқты XV-XVIII ғасыр акындарының тілдерінде «Жүсіп-Зылиха» поэмасы тілінен көп айырмашылық жоқ екенін татар әдебиетші-ғалымдары айтады. Әлбетте XIII-XVIII ғасырларда әдебиет тілі стихияға, жазушының қай диалект, басқа қандай тілмен көбірек таныс болуына, субъектив ұсталығына нық байланысты болған һәм жалпы тіл қалыптастыру үлгермеген бір кезде жоғарыда аталған жазушылардың әдеби шығармаларының тілдерінде айырмашылықтар болуы да ешбір ғажап емес. Соған көне әдеби шығармалардың тілдерін тексергенде, олардағы айырмашылықтарға ғана емес, бәлкі ортақ жақтарына да қатты назар аудару керек», – деп татар әдебиет зерттеуші ғалымдары дұрыс айтқан.

«Жүсіп-Зылиха» дастанына назар аударып, ортақ әдеби мұра ретінде жан-жақты терең зерттеу – қазақ әдебиетші ғалымдарының да алдында тұрған мәселе деп білеміз.

*«Семей таңы». №176*

*04.09.1976 жыл.*

## Қазақстан ақындары

Көп ұлтты Совет халқының ортақ тілінде, екінші ана тіліміз – ұлы орыс халқының тілінде, жақында ғана «Советский писатель» баспасынан шыққан «Қазақстан ақындары» («Поэты Казахстана») атты кітап қолымызға тиіп, бізді терен тебіренітіп, қатты қуантты.

Бұл кітап қазақ халқының ежелгі рухани байлығымен, бүкіл Совет Одағы халықтарын одан әрі терен таныстырып, таныта түсетін, қазақ ақындық өнерінің таңдамалы үлгілерінің тағы бір жинағы – асыл қазынасы.

Бұндай кітаптарды шығаратын орын, 1931 жылы Максим Горький ұйымдастырып, негізін салған, - «Библиотека поэта» деп аталатын көпшілік оқырман қауымына әйгілі.

«Библиотека поэта» кітаптарды «Большая серия» және «Малая серия» деген атпен шығарып тұрады. «Малая серия» деп аталатын кітаптар қалың көпшілік оқырмандарға арналады. Біз сөз етіп отырған «Қазақстан ақындары» кітабы сол «Малая серияға» жатады.

«Библиотека поэта» редакция алқасының мүшелері көп ұлттық совет әдебиетінің ағалық ақын, жазушы, әдебиетші-ғалымдары: Ф. Я. Прийма (бас редактор), И. В. Абашин, И. П. Бажан, Б. Г. Базанов, А. Н. Болдеров, П. У. Бровка, А. С. Бушмин, Н. М. Грибачев, А. В. Западов, К. Ш. Кулиев, Э. Б. Межелайтис, С. С. Паровчатов, В. О. Перцов, В. А. Рождественский, С. А. Рустам, А. А. Сурков, Н. С. Тихонов, М. Т. Турсун-заде.

«Қазақстан ақындары» кітабына кірген өлең-жырлар үлгілерін тандап, іріктеп беруші, кітапқа кіріспе мақала жазған, ақындар өмірбаянынан қысқаша мәлімет және шығармалардағы кейбір сөздерге түсіндірме берген, әдебиетші-ғалым – М. Мағауин. Өлең аудармаларын қараған Е. Винокуров.

«Қазақстан ақындары» кітабына XIX-XX ғасыр және бірнеше қазақ-совет ақындарының өлең, жыр үлгілері кіргізілген. Шығармалары орыс тіліне бұрыннан молырақ аударылып, басылып жүрген ақындарды бұл кітапқа қайталап кіргізбеу дұрыс болған деп білеміз. Және бес ғасырдың бүкіл қазақ ақындарын бір кітапқа сыйғызу да мүмкін емес.

Сонымен, кітаптың құрылысы «Поэзия казахских степей» деп аталған Мұхтар Мағанинның көлемді кіріспе мақаласымен басталады. Мақалада қазақтың ақындық өнер тарихына, ақын, жыраулардың шығармаларын жинау, зерттеу жөніндегі орыс, Европа ғалымдарының ориенталист, этнографтарының еңбектеріне тарихи шоту жасап, жырау, ақын дегендердің өздеріне тән ерекшеліктеріне ғылыми түсіндірме, сипаттама берілген. Бұл, әсіресе, орыс және басқа ұлт, халықтар оқырмандары үшін қажетті де қызықты.

Кітапта кіріспе мақаладан соң, XV-XVIII ғасырдың Қазтуған, Асанқайғы, Доспанбет Шатқоз (Шалқыз), Жисенбет, Ақтанберді, Үмбетай, Бұхар жыраулар мен Шал ақынның қысқаша өмірбаяндары, шығармалары іріктеліп берілген. Бұлардың тоңғау, өлең-жырларын орыс тіліне В. Рождественский мен В. Цыбин ақындар аударған.

Кітапта XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы ақындардың Махамбет, Жазық, Дулат, Шернияз, Шортанбай, Сүйінбай, Ақмолла, Біржан сал, Ыбырай Алтынсарин, Мұрат, Базар, Ақан сері, Шангерей Бөкеев, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Әсет, Нарманбет, Омар (Ғұмар) Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың таңдамалы өлеңдері жарияланған. Бұл аталған ақындардың көпшілігінің шығармалары қазақ оқырмандарына ежелден таныс.

Бұлардың ішінде «Қазақстан ақындары» кітабында тұңғыш рет екі өлеңі жарияланып отырған, қазақтың дарынды суырыпсалма ақын қызы Жазықты (1826-1863) атауымыз керек. Қазақ, башқұрт, татар халықтарына бірдей ортақ ақын Ақмолланың (Мұфтахетдин Мұхамедиярұлы, 1831-1895) өлең үлгілері «Ақмолланың түрмеде жатып жазғаны», «Көктем», «Жаз», «Күз», «Күн мен түн», «Сү», «Жел», «От», «Топырақ» атты өлеңдері бірінші рет орыс тіліне аударылып, «Қазақстан ақындары» кітабына кіргізілгені өте орынды болған.

Ақмолланың тұңғыш өмірбаянын жазып, қазақ тілінде жазылған өлеңдер жинағын, 1935 жылы бастырып шығарған С. Сейфуллин еді. Содан кейін ақын өлеңдері жеке кітап болып басылған емес. Ақмолла қазақ әдебиеті тарихынан орын алуға тиісті ақындардың бірі.

Көп жылдар бойы шығармалары жарық көрмей келген ірі ақындар Шәкәрім (Шаһкәрім) Құдайбердіұлының (1858-

1931). Мәшһүр Жүсіп Көпесовтің (1857-1881). Нарманбет Орманбетовтың (1860-1918). Омар (Ғұмар) Қарашевтің (1876-1921). таңдамалы өлең үлгілері. алғаш рет орыс тіліне аударылып. «Қазақстан акындары» кітабына жарияланып отыр. Кітапқа Шәкәрімнің он төрт өлеңі кірген.

Ақынның 21 жасында шығарған:

Гауһардай көзі,  
Бұלבұлдай сөзі.  
Жаннан асқан бір пері.  
Жүзі бар айдай.  
Мінезі майдай.  
Өзгеден артық сол жері.  
Дариядай ақыл мол еді,  
Жан ғашығым сол еді –

деп басталатын «Жастық туралы» (арнау өні бар) өлеңі. көлемі. мағына. мазмұны дұрыс сақталып аударылған. «Көрілік туралы»:

Бар болса бітім,  
Сен сөйле тілім,  
Жан менен дене бірінде...

деп басталатын өлеңінің құрылыс ерекшелігі сақталып, ұқыпты аударылған. Ақынның

Жпырма үш жасымда бұт өлең жазылған,  
Табытмай басында өзіне лайық ән,  
Мұңты. күйсіз. жесір боп жатыр еді,  
Мінеки. ойтанып өзі өні табылған, –

деп басталатын өлеңінің осы шумағы аударылмай, «Бақытсыз жүрегім жалаңдап жанып тұр...» деп басталатын екінші шумағынан бастап. өлеңге «Исповедь» деген ат беріп аударыпты.

«Язычник, что забот вовек не знал. за бога и дол каменный считал» – деп бастап аударған өлеңінің тұпнұскасы былай болып келеді.

Тәңіріні іздеп бір мұңғыл,  
Тас суретке шокынса.  
Өлсе де болып соған құл.  
Иманын бұзбай отырса.  
Атак, пайда іздемей.  
Ойында мактан жоқ болса.

Қиянатты көздемей,  
Қанағатқа ток болса,  
Молдесе-ау, оған таңданба,  
Сол кіреді бейіске,  
Екі жүзді сандалма,  
Сен қаласың кейісте!

Бұл өлеңде түгел және мазмұн. мағынасы сақталып аударылған. Ал. акынның «Өртейін деп отқа салғым, от жүрегім жанбады, жанды апарып жарға бердім, пара ғой деп алмады», дейтін 76 жол өлеңі, аударма да қысқартылып, 32 жол беріліпті

«Шаранамен туып едің, Боз оранып өтерсің» - (әні бар) деп басталатын сегіз шумақ өлең, түпнұсқаға сәйкес аударылған. Мұхтар Әуезов 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында: «Бұл мақалада біз Абай ақындығы туралы сретелі-кеш айтылып жүрген әр түрлі сөздерге, әр атуан жайлардың көбіне соқпаймыз. Біз тексеріліп зерттелмеген сонау бір саланы ғана сөз қылмақпыз. Ол Абай ақындығының, Абай шығармашылығының айнасы» - дей келіп, Абай ақындығының айналасын сөз еткенде: «Бірақ ақынның айналасы Абайдың өзі алған нәрді санау мен түгенденбейді. Екінші қатарда тұрған тағы бір атуан мәселе – Абайдың өзгеге берген нәрі турасында.

«Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында, не төңкерістен бергі қазақ ақындарына еткен әсерін айтамыз. Ол айрықша ұзақ талдауды керек етеді. Бергілер және дәл айналасы деген тақырыпқа сия да қоймайды. Сондықтан біз Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен бірнеше ақын туралы ғана қысқаша айтып өтеміз.

«Мұндай ақын төртеу: Оның екеуі Ақылбай, Мағауия Абайдың өз балалары, қалған екеуі Көкпай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері». (М.Әуезов – «Абай Құнанбасов». Мақалалары мен зерттеулер. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. Алматы – 1967. 231-245 б).

«Поэты Казахстана» кітабының кіріспе мақаласында Мұхтар Мағауин: «Среди литературов. окружавших Абая, наиболее плодотворно трудился Шакарім Құдайбердыұлы (1858-1931). Он оставил после себя значительное наследие, по которому можно судить о тенденциях развития казахской литературы конца XIX и начало XX века. Хорошо владевший арабским.

персидским, средневековым тюркским, турецким, русским языками. Шакарім был знаком не только со средневековой тюркской литературой, арбской, персидской классической поэзии, но и с русской, а так же (через русские переводы) – с западно Европейской литературой» – деп дұрыс атап көрсеткен. Осы айтылғандарды Шөкәрімнің кітапта берген «Смолоду язык турецкий изучил я не от скуки» деген өлеңі дәлелдейді. Сол алты ауыз өлеңін келтірейік.

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық бітім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жаркырап қараңғыдан туып күнім.

Оятқан мені ерте шығыс жыры,  
Айнадай айқын болды әлем сыры,  
Талпынып орыс тілін үйренумен,  
Надандықтың тазарып кетті кірі.

Танбаймын шәкіртімін Толстойдың,  
Алдампаз арам сопы: кәпір қойдың,  
Жанымен сүйді әділет, ардын жолын,  
Сондықтан ол несі терсең ойдың.

Толстой кәпір емес, кәпір-өзің,  
Дін емес, бәрі алдау – айтқан сөзің.  
Көңілің соқыр надансын, пейілің кара,  
Нұр жарығын қалайша көрсін көзің.

Көнбеймін дінді теріс бұрғанына,  
Сопының бара қойман құрбанына,  
Ақиқат сырымды айтсам, Толстойдың,  
Мын сопыны алмаймын тырнағына!

Адаспайсың ақылды, арлығы ерсең,  
Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.  
Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың,  
Алданбайсың артынан ере берсең.

*1905 жыл.*

Ақынның «Ноль» деп аталатын. 1914 жылы жазған, арнаулы әні бар үш ауыз өлені:

«Перо – ты родич мой задушевный друг», – деп басталып, жаксы аударылып берілген. «Қабағынан қар жауған, қараңғы бұлт жоғалды» деп басталатын 192 жол өленінің 48 жолы аударылыпты. «Адам немесе» деген ұзақ өлені – «Что такое человек» деген атпен аударылып берілген. 1917 жылы жазылған өлеңдерінен:

Бостандық таны атты, қазағым көріңдер,  
Арға не басшының соңынан еріңдер!  
Таң артынан хакикат күн шығады.  
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер!

деп басталатын өлеңі, тұпнұсқаға сәйкес «Взошла заря свободы» деп аталып, толық және дұрыс аударылған. Ақынның 1919 жылы жазған өлеңдерінен үш өлені аударылған. «Бұлт ән бұрынғы әннен өзгерск» деп басталатын өлеңінің бастапқы 20 жолы аударылмай «Қайран кайғысыз, қамсыз күндерім» дейтін жолынан бастап, 30 жолы аударылған.

«Ажалсыз әскер» атты өлең (әні бар) толық аударылған. Бұлт өлеңде ақын «Ажалсыз әскер» деп, өзінің жазып қалдырған, өлмейтін, өшпейтін асыл казынасын - әдеби мұрасын айтады.

Патшалар сансыз шығын қылады,  
Дайындап соғыс үшін әскерін.  
Аямай бірін-бірі қырады.  
Ел алар, оққа байлап жастарын.

Тұрақсыз шыр айналған дүние,  
Жұтады бәрінің де бастарын.  
Шын патша мен емес пе уайымсыз,  
Әскерім-өлеңім мен сөздерім.

Олардың патшатығы байымсыз,  
Көреді баянсызын көздерің.  
Ойлаңыз, біздің әскер өле ме?  
Қағазға бір басылып қалған соң,  
Бұлт мықты әскер емей немене,  
Жайылып талай орын алған соң...

Абайдың бас шәкірті, дарынды ақын, жазушы, тарихшы, ғатым, композитор, аудармашы, терең ойшыл – Шәкәрімнің

әдеби. ғылым мол мұрасын бұл арада сөз ету мүмкін емес. Оның шығармаларын марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан терең зерттеп, татдап, нағыз әділ бағасын беріп, толық басып шығару-әдебиетші, тарихшы, философ ғалымдарының борышы.

«Қазақстан акындары» кітабына кірген Шәкәрім өлеңдерін орыс тіліне аударған белгілі, талантты акындар – В.Рожественский мен В.Цыбиннің еңбектерін ерекше айтуымыз керек.

Кітап Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 1910 жылы жазылған үлкен бір өлеңі «Шайтанның саудасы» (Черттов торг) атты өлеңінің 28 жолы аударылып басылыпты. Түпнұсқа өлең – 240 жол.

Абайды жақсы білген ұлы акыннан көп тағылым алып, оның іргі өнегесімен өлең жазған Баймағамбет акын.

«Өзімді алма сөзімді ал» деген Абай  
Алмаса да сөз жазды талай-тала,  
Ағат болса ғапылын өтінемін.  
Сен соның інісі едің деме «пәле ай».

деп өзі Абайдың шәкірті болғанын аңғартады. Кітапқа Нарманбет Орманбетов акынның 1916 жылы жазған:

Сарыарқа сайран жерім-ай,  
Салқында самал белім-ай.  
Сандалдай тауым тізілген.  
Өлкеді өзен көлім-ай! –

деп басталатын және 1917 жылы патша тақтан құлағанда жазған:

... Күн күркіреп, жаз шығып,  
Бой жазып хатық өрген күн.  
Құлдықтан басы құтылып,  
Қатарға елім енген күн.  
Әлемді жұтқан айдаһар,  
Мерт болып, бүгін өлген күн! –

деген екі өлеңі толық аударылып жарияланған. (Аударған – В.Цыбин).

Омар Қарашевтың 1913 жылы жазған: «Қашан қадірі білінер». «Балапаннан бау тағып, талпынтып қолда өсірген, сұңқарларым сендерсің...» деген екі өлеңі, 1916 жылғы – екі өлеңі және 1917 жылы жазған екі өлеңі, барлығы – алты өлеңі орыс тіліне жаңадан аударылып, кітапқа кірген. Бұл өлеңдерді аударған В. Рожественский.

Кітаптың «Поэты Советского Казахстана» деп аталатын бөлімінде: С. Дөнентаев, Б. Күлеев, Т. Ізтілеуов, Ш. Иманбаев, Б. Майлін, С. Мұқанов, К. Аманжолов, Ж. Сапп, Т. Жароков және Т. Айбергенов өлеңдерінің аудармалары кірген.

Қазақ ақындарының өлең-жырларын орыс тіліне аударуға В.Рождественский мен В. Цыбиннан басқа 34 орыс совет ақындары ат салысып үлкен еңбек еткен.

Кітапқа кіргізілген «Біржан-Сара айтысы» жайында бірекі ауыз сөз айта кетпей болмайды. Кітапта Біржанның туған, өлген жылдары 1834-1897 жыл деп берілген. Қазақ Совет энциклопедиясында да солай жазылған (II том, 553 бет). Кітаптың «Примечаниясында» Сараның туған, өлген жылы 1860-1910 жылы делініп, көрнеу бұрмаланып берілген. Қазақ Совет энциклопедиясында (10 том, 28-29 беттер) Сараның туған, өлген жылдары 1878-1916 жыл деп көрсетілген және Сараға арнаған басқа мақалаларда да Сара 1878 жылы туып, 1916 жылы өлген делініпті. Оның үстіне, осы 1878 жылы туып-өскен елінде (Талдықорған облысы) Сараның туғанына 100 жыл толғанын мерекелеп өтті емес пе?!

Қазақ Совет энциклопедиясының 2 томының 555 бетіндегі мақалада «Біржан-Сара айтысы» 1871 жылы болған делінеді. Ол жылы Сара жеті-ак жаста! Осы айтылған тарихи деректерді еске алғанда, «Поэты Казахстана» кітабына «Біржан-Сара айтысын» кіргізбей-ақ, Біржанның өзінің әнмен айтатын өлеңдерінің таңдаулыларын берген дұрыс болатын еді.

Кітаптан орын алатын жөні бар бірталай ірі ақындарды бұл арада атап жатпаймыз. Ондай ақындар келесі жинақтан орын алатын шығар деп ойлаймыз. Кітап көлемі жағынан, жатпы көркемдеп баспаға әзірл. жөнінде көңілдегідей болып шыққан. Тек өкінішті жері тіражы – 25 000 – тым аз.

«Поэты Казахстана» - көркем әдебиетке жаны құмар, совет оқырмандарының сүйсіне, құныға оқитын кітабы деп білеміз.

*Семей.  
18.09.1978 жыл.*

## Ортақ борыш ой қозғады

«Қазақ әдебиеті» газетінің осы жылғы 21 март күнгі санында «Тотынама хақында» – деген атпен Мұхтар Наурызбаевтың мақаласы жарияланды.

Ал енді «Тоты наме» туралы газетте жазған пікіріне түсінік беру керек болады. М. Наурызбаевтың қолындағы (1891) кітаптың бірінші басылымы «Тоты наме кітабы» деп аталып, 1887 жылы Қазан университетінің баспаханасынан шыққан. 1892 жылы тағы да басылған. «Тоты наме» тұңғыш рет 1851 жылы басылып шыққан.

Түркі тілінен татар тіліне аударған Ғабдығали Файзыханұлы. Бұл кітапты Наурызбаевтың: «таза қазақ тілінде басылған түпнұсқа» – дегені үстірттеу айтылған.

«Тоты наме» дастанының тарихын зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша, оның әр кезде Үндістанда және Орта Азияда көшірілген қолжазба нұскалары көп болған. Соңғы жылдары «Тоты наме» дастанын арнайы зерттеп, диссертация жазған (1970) тәжік ғалымы А. Алімарданов бұл дастанның дүниежүзі кітапханаларында сақталған қолжазбалардың саны – 85 екенін ақықтаған. Оның ішінде 18 қолжазба Ленинград кітапханаларында сақталады.

Ал. Ә. Қоңыратбаевтың мақаласында «.. Бертельстің «Книга папугая» деп аталатын бір варианты мен қазақ тіліне аударып жүрмін» дейтін – атақты ғалым Е. Бертельстің парсы тіліне жасаған аудармасы болады. Бертельс аудармасы бірінші рет 1979 жылы, екінші рет 1982 жылы басылып шыққан. Ә. Қоңыратбаевтың қолында осы басылымдардың бірі болған. Біздің қолымызда екінші басылымы бар. Кітап былай деп аталады: «Зийа ад Дин Нахшаби. «Книга папугая (Тутынаме)». Перевод с персидского. Издательство «Наука». Главная редакция Восточной литературы. Москва – 1982 г. Жалпы көлемі 348 бет, тиражи 90 000.

Кітапта Нахшабидың өмірі туралы қысқаша мәлімет беріледі. «Нахшаби – это Насида (одновременно и литературный псевдоним), указывающая место его рождения. Родной его был Нахшаб – современный г. Карши в Кашкадарьинс-

кой долине Узбекской ССР». Туған мезгілі, мөлшермен XIII ғасырдың аяқ кезі. Жас кезінде Үндістанға кетіп, сонда тұрып, 1350 жылы өлген. Нахшаби Үнді философиясын, әдебиетін, тілін, т.б. ғылым салаларын зертеген оқымысты, жазушы. Кітапта «Тоты наменін» жазылту, бүкіл жер жүзіне тарату тарихы баяндалған. Нахшабидың «Тоты намеден» басқа еңбектері де аталып айтылады. «Тоты наме» қай жылы жазылғаны туралы: «На последних страницах книги Нахшаби сообщает, что закончил работу в 1330 г.» - делінген. Нахшабидың «Тоты намесіне» 52 әңгіме (дастан) кірген. Дастан парсы тілінде жазылған. Е. Бертельс Нахшабидың «Тоты наме» дастанын. Ленинградта сақталған қолжазбаларды ұқыпты түрде салыстырып отырып, 1920 жылы орыс тіліне аударған. Бертельс аудармасын А. Н. Толстой қарап шығып, мақұлдаған.

Аударма 1940 жылы Гослитиздат басып шығаруға қабылдап алған. Ұлы отан соғысы басталып кетіп, кітап басылмай қалып, соғыстан кейін іздестіргенде қолжазба көпке дейін табылмаған. Ақыры Е. Бертельс өлгеннен (1957 ж.) кейін көп жылдардан соң, 1974 жылы, қолжазба табылған. Сөйтіп, «Тоты наме» («Книга папугая») 1979 жылы бірінші рет басылып шыққан. Кітапта баспаға әзірлеген және сөз басын жазған ғалым, Е. Э. Бертельстің баласы – Д. Е. Бертельс.

Бұл дастан «Тотының тоқсан тарауы» деп аталып, ерте кезде қазақ арасында да ерте ретінде айтылып жүрген.

М. Наурызбаев жолдастың қолындағы «Тоты наме» кітабы, дастанның көп нұсқаларының бірінен, яғни түрік тіліндегі бір нұсқасынан Ғ. Файызхановтың татар оқырмандары үшін ынғайлап аударғаны болады.

Замандас ғалым Әлеубек Қоныратбаев енді ортамызда жоқ болғандықтан, М. Наурызбаев жолдастың «Тоты наме» хақында» деген мақаласына түсінік-жауап беруді өз борышым деп білдім.

«Тоты наме» кітабынан қазақ тіліне аудару аса күрделі мәселе. Ол үшін ең алдымен парсы тілін жақсы білу қажет болады.

*«Қазақ әдебиеті».*  
*06.06.1986 жыл.*

\*\*\*

## Акын аға, аяулы дос Жұмағали Саинның туғанына 70 жыл

Жұмағали Саинды алғашқы көріп танысқаным 1938 жылы май айында еді. Бұрын да «Бақыт жыры», «Алтын таң» атты өлеңдер жинағы арқылы сыртынан жақсы білетінмін.

1938 жылы май айында Жамбылдың әдеби қызметіне 75 жыл толуына арналған үлкен мереке болды. Сол мерекеге Семейден Сәдуа Машаков, мен және тағы біраз адам барған едік. Ол кезде мен Семей мұғалімдер институтының студентімін. 19 май күні Жамбыл Ленин орденімен наградталды деген хабар келді. Сол қуанышты хабарды Жамбылға жеткізу үшін, әр облыстан мерекеге келген жас акын, жазушылардың құрылған делегация ішінде Семейден акын Сәдуа Машаков өксіміз болдық.

Бізді Жұмағали Саин бастап, Жамбыл ағамыз жатқан үйге, Қатмақан Әбдікадіровтың пәтеріне апарды. (Ол үйде әуелі Сәкен Сейфуллин тұрыпты). Біз барғанда Жамбыл, қасында Орынбай акын бар, бау-бақшалы үлкен аулада, кілем үстінде отыр екен. Сәлем беріп, қуанышты хабарды есіттірдік. Жамбыл суырып сатып өлең айтып, біраз толғады. Жұмағали бәріміз Жамбылмен бірге суретке түстік. Ол сурет «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. Ашық-жарқын, ақ көңіл Жұмағали акынмен сол жолы жақын танысып, достасып кеттік.

Содан бір жыл өткен соң, 1939 жылы апрель айының екінші жартысында, Жұмағали Саин, қасында Жамбылдың талантты акын шәкірттерінің бірі, белгілі хатық акыны Саяділ Керімбеков (1895-1954) бар, Семейге келді. Соның алдында, 1939 жылы январь айында, Қазақстанның Жамбыл бастаған бір топ акыны СССР ордендерімен наградталған болатын. Енбек Қызыл Ту орденімен – Иса Байзақов, Асқар Токмағамбетов, «Құрмет белгісі» орденімен – Жамбыл Жабасев, Тайыр Жароков, Саяділ Керімбеков, Әбділда Тәжібаев, Әлжаппар Әбішев наградталған еді.

Жұмағали мен Саяділ Семей жұртшылығымен кездесулер, бірнеше қызықты әдеби кештерін өткізді. Көкек айының 28 күні болатын.

«Қала ішінде талай сайран сатдык қой, далаға, көгалға шығайықшы», – деді Жұмағали. Жаңа Семей қаласының

сыртындағы Шағыл деп аталатын далаға шығып, соруендеп, көгалға жатып сыр шертіп, әңгіме дүкен құрдык.

Көгалға төсімізді төсеп, әңгімелесіп жатқанбыз. Бір кезде Жұмағали басын жұтып алып:

«Әй Қайым, қағаз, қарындаш бар ма?» — деді. Қалтамда шәкірттердің жұқа дәптері, қара қарындашым болатын. Жұмағали ала сала сыдыртып жаза жөнелді. Сол арада қолма-қол, бөгелместен суырып салып, жазып шыққан өлеңін оқып шығып, маған берді. Бұдан 43 жыл бұрын қолма-қол жазған сол өлеңнің қолжазбасы әлі сақтаулы. Сондағы өлеңі:

Құлпырып жастық шақта жайнап тұрған.

Аспанда алтын айға құлаш ұрған.

Қартайып жас жеткен соң татай жүйірік,

Қайтадан келер ме деп арман қылған.

Біреулер өзі сүйген сұтуды айтқан,

Біреулер көпшен ойынап күлуді айтқан.

Біреулер құрыш канат көк дауылдай

Аспандап шарқ ұрып жүруді айтқан

Батғындай бала салы көзін айтқан.

Торғындай үлбіреген ақ маралдың

Гауһардай жалтылдаған көзін айтқан.

Ал, біз айтсақ қызыл гүлдей күнді айтамыз,

Жүректен ақтарылған сырды айтамыз,

Ақыннан Саяділдей толқып шыққан,

Балауыз, шырын дәмді жырды айтамыз.

Семейден Алматыға біз кеткенде.

Сағынар, сағынысар күн жеткенде.

Қайым-ау сен де бізді еске аларсың.

Досыңмен жүрек сырын тербеткенде.

Өрен жүйірік Саяділ, ақын Қайым,

Өткізген біз бұл жерде жаздың айын.

Әр кезде сағынышпен ойтасын деп

Өлең ғып бір-екі ауыз жазған — Саин.

*28.04.1939 ж. Семей.*

Сол сапардан кейін Жұмағалимен сырлас, жакын дос боп кеттік. Жұмағали май айына дейін Семейде болды. Семейде бірге тұскен суреттеріміз де сақтады. Соның артынан 1939 жылы 21-27 шоньде өткен Қазақстан жазушыларының екінші съезіне делегат болып барғанымда, Жұмағалимен шұркырасып көрістік.

Жұмағали Отан соғысына кеткенше, соғыстан кейінгі жылдарда да талай-талай кездесіп, достық көңілмен сырласып, сұхбаттасып жүруші едік. Дарынды акын – Жұмағали Сапнның жаркын бейнесі әрқашан да жыр сүйер қауымның, замандастарының көңілінде деп білеміз.

*«Қазақ әдебиеті». 23.07.1982 жыл.*

\*\*\*

### Сәдір акын

Сәдір – өлеңді қолма-қол суырып салып айтатын, нағыз импровизатор ақпа акын. Оның тілі үскідей өткір, сөзі мiрдiн оғындай, сексеуілдiн шоғындай. Сәдір шындықты айтуға келгенде ешбір жанның беті-жүзіне қарамайтын, ешкімнен қаймықпайтын, жасқанып жалтақтамайтын, жағымпаздық дегенді білмейтін – «от ауызды, орақ тілді» дейтін акынның өзі.

Сәдір акынның өлеңдерін 1950 жылы белгілі хатық акындары Төлеу Көбдіков пен Сапарғали Әлімбетов марқұмдардан естіген едім. Сол жылы октябрь айында Сәдірдің – өмірбаяны туралы біраз мағлұматты және өлеңдерін жазып алғанмын. Екеуі де Сәдірді көрген, жаксы білген, оның қолма-қол суырып салып айтқан өлеңін өз аузынан естіген және Сәдірдің атын ардақтап, акындық өнерін мадақтап ерекше айтып отырушы еді.

Сәдір Жәпексұлы 1845 жылы бұрынғы Семей уезі, Еңіреккей болысы (қазіргі Жарма ауданы) Қарасай деген жерде дүниеге келіпті. Сәдір сiңірі шыққан кедей болыпты. Ауылдас ағайыны Мәмбетжан байдан сауынға бие, мінуге ат алып, ақысына жалғыз спырының жыл сайынғы торпағын төлеп тұрады екен. Осыған орай акын Сәдірдің бір өлеңі былай басталады:

Сәдірдің мал дегенде торпағы бар.

Қарызшыл кедейіңнің қорқағы бар.

Бір торпакка көз тіккен екі мешкей –  
Қасқыр мен Мәмбетжанның ортағы бар.

Малға кедей болса да табиғи дарынды, сөз өнерінің өрен  
жүйрігі Сәдір ақын:

Атаңдым жас күнімнен Сәдір ақын.  
Татпамай өлең айттым алыс, жақын.  
Дәулеттен есе теңдік тімесе де.

Кеткен жоқ сөйлер сөзден жатқа қақым, –  
деп ақындық өнерді бар дүние-байлықтан артық көріп, ардақтап  
мактан етеді.

Еңбек елін қанаушы, жатып ішер дүниеқор – қарынбай бай-  
ларды, алаяқ атқамінерлерді нысанаға алып, әшкерлейтін ащы  
ажуа, сайқы-мазақ, кекесін-мысқыл өлеңдері Сәдірдің шын-  
шыл, нағыз сатирик ақын екенін айқын танытады. Ақынының  
ащы ажудасы шымбайына батқан жуан жұдырық, зорлықшылар  
оған қатты өшігіп, атарға оғы болмайды.

Қолына ұры ұстайтын Бектеміс дейтін бай Сәдірдің жалғыз  
қасқа сиырын ұрлатып алдырып, матын қуып барған Сәдірді  
аяғына да отыртпайды. Ұрланған малының төлеуін ала алмай  
Сәдір көп сергелденде түседі. Бір кезде ел арасының дау-ша-  
рын бітіретін Сыбан билері жиналып, көп дау-дамайдың басы  
болған Бектеміс байдың үйіне келіп түскен хабарды естіп сала.  
Сәдір де келеді.

Бектеміс: «Сәдір, хал-жайын қалай?» – деп көлгірсеңді. Ке-  
удесін ыза мен кек жыры кернеп келген ақын Бектеміске түйіліп,  
өлеңді түйдектете жөнеледі.

Болса да сақат, шашы ақ Бектеміс  
Басшысы ұрылардың нақ Бектеміс.  
Ұрлықтың ізі-түзін білдірмеуге,  
Түлкі мен сауысканнан сақ Бектеміс.

Ұрлаттың жалғыз қасқа сиырымды,  
Ешқашан атмасам да тыыныңды.  
Айырып үй-ішімді көк шатаптан,  
Таянттын, Бектеміс қу, бүйірімді

Зорлықшыл, өзін ұры, бай Бектеміс,  
Мал, жанға төрт түлігін сай Бектеміс.  
Таңдайы Сәдір шалдың кеуіп жүрсе,  
Сұрайсың менен не хал-жай, Бектеміс.

Білмедім Бектемістей бұзық қанды.  
Малына момындардын қызыққаны.  
Ақ малын іздеп келген кедейлердің.  
Көрмедім бірін маңға жуытқанды.

Тісің кетік, сакатын ақ жалмауыз,  
Құлағың сауысканнан сақ жалмауыз.  
Осы ісіннің сазаіын бір тартарсың.  
Менің айтқан сөзімді бақ, жалмауыз!

Тозакка біреу кетсе, Бекем кетер,  
Мойынын шынжыр артқан кекендетер.  
Тозакка осы Бекем кірмей кетсе,  
Тозак деген сөздерің бәрі бекер.

Акынның қаһарлы сөзі Бектеміс байдың істеген қылмысына айтылған қатал үкім сияқты болып, білерді өздерінің де өкменінен өткендей еді. Адуын акынның қайтпас қайсар мінезін жақсы білетін, оның сүйісктен өтетін құдіретті сөзінен үрейленіп, өздері де сактанып жүретін білер Сәдірдің пайда-сына білтік айтуға мәжбүр болады

\* \* \*

Бір жыты қыс қатты болып, мал көп қырылды. Сәдірдің өз елінің Берікбол деген сараң байы да жұтқа ұшырап, мың жарым жылқысынан 70-80 тұяқ қана қыстан аман шығады. Мал қайғысына батып отырған байға өзінің бастас адамдары көңіл білдіріп, келіп жатады. Бір күні Сәдір де барып, Берікболға былай деп «көңіл» айтады:

Өлуші мал өтеуші құдай болсын,  
Ендігінің ақыты былай болсын  
Бұрынғы бай «жок-жокка» құмар еді.  
Ендігі бай шық бермес шығай болсын!

Сәдір бірде-бір байға, мырзаға, ел билеуші атқамінерлерге жағымпазданып, мадақ өлең арнап айтқан акын емес. Акынның өмірін күн көріс кәсібіне айналдырудан мүлдем аулақ болған. Оның өлеңдерінде ескі әдет-ғұрыпты, кертартпа салт-сананы мадақтау, мақтау деген атымен жоқ. «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» өлең айта-тын ақындар Сәдірден аулақ қашып жүретін болған.

Біреудің оғаш мінез, жағымсыз іс-әрекетін естіп, білсе, Сәдір әдейі іздеп барып бет-жүзіне карамай, ащы сөзімен түйіреп, шенеп, жер-жеріне жетеді екен.

Өзінің ағайыны, атакты Әріп акынмен де Сәдірдің іздеп барып өлең сөзбен қағысқан жері болған. Сол жолы Әріптің Сәдірге айтқан «Қыздырма қызыл тілмен қыз өлтірген» деген сөзінің тарихына келейік. Жоғарыда аталған. Сәдірдің ағайыны, Махамбетжан байдың әрі сұлу, әрі ер мінезді өжет, Мәке деген қызы болады. Сол қызды Сыбан Сабырбай акын (Ақтайлақтың баласы) өзінің Жакып деген ұлына айттырып, қатың матын береді. Сабырбайдың тұңғышы – Қуандық акын («Абай жолы» романының бір кейіпкері, акын Төлеу Көбдіковтің шешесі), одан басқа: Төлепқан (акын), Сүйіндік, Жакып, Қоңыр деген балалары болған. Балаларының ішіндегі ең нашары Жакып болыпты. Жакып алпамсадай шой кара, мінезсіз, топас, сүйкімсіз адам екен. Сәдір Жакыптың жексұрын түр-тұлғасын, мінез-құлқын былайша сипаттайды:

Баласы Сабырбайдың кара Жакып,  
Жаксыдан жаман болып туған тантық,  
Арам ет, жуан қарын, пасық дене,  
Адамдық қасиет жок жүрген тантып.

Қарағым, айналайын, кайран Мәке,  
Құрбыңнан артық едің дара жеке,  
Түр де жок, мінез де жок, ақыл да жок,  
Кез болды-ау маңдайыңа кара теке.

Қарағым, айналайын, аппақ Мәке,  
Сұм Жакып Мөкенжанға лайық па,  
Халыққа мәлім болған саспақ теке,  
Жігіт бес Сыбанның құрығандай,  
Қызыңды кімге бердің, ей, Мәйкеке?!

Мәкеге тап болыпты осы сасық,  
Атуға ниет қыпты малмен басып,  
Мәкежан көргеннен-ақ шошып кетті,  
Лепірген жас жүрегі қатды жасып.

Мәкежан шошып кетті көрген жерден,  
Айттырып ата-анасы берген жерден.

Жакыпқа бармаймын деп ант-су ішті,

Өмірім өтсе дағы сергелденмен...

Сәдірдің өлсін бүкіл жерге жайылып кетеді. Акын өлсіндіе айнаға түскендей айнытпай суреттеген Жакыптың енді дәл өзін көрген соң, қыз одан безіп шығады. «Саспак кара теке» сияктанған Жакыпты жанына жакын да жолатпайды. Күйеушілеп келген Жакып осылай маскара болса да, қыздан күдерін үзбейді. Қызды көндірмек болып, арыздығына басып, тағы бір оғаш мінез көрсетеді. Бір түні түнде Мәке жатқан казак үйге ұрланып кіреді. Қыздың маңына жолай алмаған соң, ойтеуір бір белгі болсын деген жаман оймен, Мәкенің аяк киімін ұрлап алып кетеді. Ол аяк киім Мәкенікі емес, қыздың шешесінің мәсісі болып шығады.

Жакыптың осы дәрекі кылығын әшкерлеп, сайқы мазақ етіп, Сәдір былай дейді:

Мылтықтың сыртың «сұлу» сүмбісіндей,

Дөнен кара бұканың жүндесіндей.

Енесінің мәсісін ұрлап кетті,

Аңдыскан абысынды күндесіндей.

Жакыптың сырты толық денесін-ай,

Өзінше ойлап тапқан егесін-ай,

Мәсісін енесінің ұрлап кетіп,

Шіркіннің енесімен шенесуі-ай!

Мәсісін ұрлап алып енесінің,

Шіркіннің енесімен шенесуін.

Өзінше ойлап тапқан әдісі ғой,

Күтпек боп енесінен демесуін...

Өлсін елге тез тарап кетеді. Жалғыз Жакып емес, Сабырбай ауылы. Мәмбетжан байдың ауылының алдында маскара күлкі болады. Бұл уақиға, әсіресе, Мәке қызға айықпас қайғы-қасірет болып, жанына батып, жүрегін жегідей жейді. Құдандалы екі ауыл сергелден болады. Акырында Мәке қызды Жакыпқа еріксіз қосып, ұзату сөз байласады.

Жакыптан құтыла алмасына көзі жеткен соң, өр мінезді, қайсар қыз желбауға асытып өледі. Әріптін Сәдірге «Қыздырма қызыл тілмен қыз өттірген» дейтін сөзінің шындық тарихы осы айтылған уақиға болатын.

Бұл уақиға туралы Сәдірдің өлеңі көп болыпты. Төлеу мен Сапарғали аккынның естерінде сақталып қалған барын түгел келтірдік. Бұл уақиғаны олардың жақсы білетін себебі Сапарғали мен Садыр бір елдің адамы (екеуі де Сыбан), Төлеу Сыбанмен көрші Жәкіп – Төлеудің туған нағашысы. Төлеу акын өзінің нағашыларымен қатжыңдасып, әзіл өлең айта береді екен. Алпыс алты жасқа келген Төлелқан деген нағашысы (ол да акын) үйлерінде қонақ болып жатқанда:

Жасын бар қазір келген алпыс алты,

Алжытын алпысында атаң салты.

Дұрыс ту майі бірін мақау, бірін сақау.

Оңбапты нағашымның кейігі арты. – деп қатжыңдапты. «мақау, сақау» дегені Сабырбайдың кенже баласы жоғарыда сөз болған кара Жәкіп.

\* \* \*

Сәдірдің Боранқұл деген жалғыз ұлы орасан күшті, атақты батуан болған. Батыр баласының күш кәйіратына сүйсініп, масаттанған акын:

...Ақырып арыстандай топқа түссе,

Қара жер солкылдайды салмағынан.

Баласы бес байыстың бас қосқанда,

Құтыным, күш саулаған бармағынан, –

деген екен. Боранқұлдың күштілігі туралы ел аузында аңыз-әңгіме көп. Боранқұл патуан Ілияс Жансүгіровтің «Жолдас-тар» романының кейіпкерлерінің бірі Мұхтар Әуезов пен Ә. Тәжібаевтің «Ақ кайын» пьесаларындағы Дондағұлдың прототипіде осы Боранқұл. «Дондағұл дейтін түйе батуан» «Абай жолы» романында да аталады.

Сол Боранқұл түрмеге түсіп қалады. Оның тұтқынға алынуына Шәкет деген кісі себепкер болады. Шәкет Омарбекұлы Еңірекей елінің белгілі адамы. Әріп акынмен замандас. Семейде орыс мектебінде оқыған.

(Мұсылман діні бойынша, ақатты адам өмірінде бір рет қажыға бару – парыз деп есептелген). Егер өзінің қажыға (Меке, Мәдинаға) баруға мүмкіншілігі болмаса, орнына басқа біреуді жалдап жіберетін болады. Жалданып баратын адамы – «бәдел» (поломничество по найму) деп аталған. Жұмақан Жарқынбаев деген бай өзінің орнына Шәкетті бәдел қажы етіп жіберетін болады.

Боранқұлды патша әкімдеріне ұстап берген Шәкетке тісін қайрап жүрген Сәдір сапарға аттанғалы жатқан кезде:

Шәкетті құдай табар төрелесе,  
Сәдірді адам бар деп елемесе.  
Қажыға осы жолы бара алмайды,  
Жасаған екі аяғын өрелесе  
Шәкеттің келмей қалсын барғанынан,  
Мұхиттың топырақ тартсын аржағынан.  
Жалғызым приставтан келмей қалды.  
Сол құдың ұстап берген зардабынан. –

дейді. Сәдірдің осындай қатты қарғыс өлеңінен үрей ұшып, Шәкет бұл жолы қажыға бармай қалады. Кейін Боранқұл босап қайтқан соң, Шәкет кешірім сұрап, Сәдірдің аяғына жығылып, айып төлегеннен кейін қажыға барады.

Алып күшті, жайдары жарқын мінезді Боранқұлдың шаруаға, тұрмысқа икемі жоқ екен. Сәдір қартайып қалған шақта, жақсы көретін келіні қайтыс болып, Боранқұл Ертіс бойындағы жатақ татарлар ішіндегі екі ұл, бір қызымен қалған Мінсіз деген жесір әйелге үйленіп, ол келіні салдыр-салақ, әрі мінезсіз және сараң адам екен. Артынан еріп келген Садық, Сүбебек, Алтынжамал деген ересек балалары да тентек, беймаза болады. Сонда келіні Мінсіз бен Боранқұлға қатты кейіп Сәдірдың айтқаны:

Садық пен Алтынжамал, Сүбебегім,  
Осалдық бір құдайдан тілегенім.  
Қағылғанға соғылған кез болды ғой,  
Әйтпесе мен сендерді білер ме едім.

Кез болдың екі жақтан екі салқам,  
Ұқсатпай, қоксытатын Боран қатқам,  
Қарасам жан-жағыма көз жіберіп,  
Арқан-жіп, аяқ-табақ татқан-талқан.

Быт-шыт боп жерде жатыр аяқ-табақ,  
Мінсізім, қандай жаннан алдың сабақ?  
Бірдемеден-бірдеме деп тастар деп,  
Мен байғұс үндемеймін күрең кабақ.

Бірдемеден-бірдеме деп тастар деп,  
Ашуланса, сөзімен жеп тастар деп.

Бет ашылып алған соң, айтасын ғой  
Осы үйде алжыған бір көкбас бар деп.

Сәдірдің елден кетіп, Семей қаласына келген кезі 1891 жылы деуші еді Сапарғали мен Төлеу ақын. Ол жыл қазақша «қоян» жылы деп аталады екен. Сонда қыс аса қатты болып, ел ақсүйек жұтқа ұшырайды. Жұттың зардабын, әсіресе, Сәдір сияқты кедей шаруалар тартады. Аштыққа шалдыққан кедейлер, сахарда күн көрс алмайтын болған соң, жан сақтау үшін кәсіп іздеп, жаяу-жалпы Семей қаласына қарай шұбырады.

«Жұт жетп ағайынды» дегендей, дәл сол жылы болыс сайлауының да мерзімі жетіп, болыстыққа таласқан мансапқор жебір болыс, атқамінерлер жұттан жүдеген елді одан сайын күйзелтіп, берскесін алып, шырқын бұзады. Еңбекші елін қанаушы мансапқор атқамінерлер патшаның паракор ұтықтарының аузын атып, болыс болуы үшін қалталарына ақшасын басып алып, ат сабылтып Семей қаласына ағылады. Жалғыз баласы Боранқұтды жетектеп, аш арықтармен бірге Семейге Сәдір ақын да келген еді. Ел басына түскен осындай ауыртпалықты, күйзелген кедей шаруалардың аянышты хал-ахуатын, еңбек елін езуші, билеп-төтесуші озбырлардың мінез-құлықтарын шыншыл, сатирик ақын дәл сыпаттап, көркем суреттеп берген. Бұл тақырыпқа арнап айтқан ақын өлеңдері аз болмаған. Бірақ, түгел сақтатмаған. Біз Сәдір өлеңдерінің Сапарғали мен Төлеу ақынның естерінде сақталып қалғандарын келтіреміз

Кедейлер туған елден жосып келді,  
Тұрмыстан қысым көріп шошып келді.  
Топ-топ боп жол бойында айлап жүріп,  
Ақтабан шұбырын боп босып келді.

Болыс, би ел дәулетін шайқай келді,  
Тенселіп қос-қос атпен жайқай келді.  
Таласып болыстыққа ақша шашып,  
Пара алып шаруаларды жайпай келді.

Кедейлер тұрмыс қысып сасып келді,  
Салбырап нықтары жасып келді.  
Көк шалап ел ішінен таппаған соң,  
Өлместің қамын ойлап қашып келді.

Болыс, бiн тойғанына тасып келдi.  
Ақшаны жүздеп мыңдап басып келдi  
Қайтсек те болыстықты аламыз. – деп  
Байлықты ысырып қып шашып келдi

Семейге кырық кедей шұбап келдi.  
Көл кылып көздің жасын бұлап келдi.  
Қарны ашқан катын, бала қамы үшін деп.  
Кебір қайыр, зекет сұрап келдi

Семейге кырық кедей келдi шұбап,  
Тұратын баспана жоқ, кытып тұрақ  
Жанында тиыны жоқ такыр кедей,  
Мойнына дорба салды қайыр сұрап

Сәдір осы келген бетінде Семей қаласында тұрып катады  
Жылдан жыл жылжып өтіп жатады Баласы Боранқұл да ер  
жетіп, алып тұңғалы азамат, жауырыны жерге тимейтін орасан  
күшті атақты патшан болады

Сәдір әр жылы жаз айларында елге барып-қайтып жүреді  
1899 жылы өз елінің болысынан куәлік қағаз атуға барса, оның  
алдында ғана болыс сайлауы болып өткен екен Жанкөбек пен  
Салпы (Еркөбек) өзара болыстыққа таласып, акырында пат-  
ша ұлықтарына көбірек пара берген Рақыманқұл (Жанкөбек)  
бай болыс сайланып, оның орынбасары Сыбанның белгілі биі  
Торғай Данияров болыпты

Рақыманқұл – байлыққа мас, дүниеқор, сараң, шалақ ақыл,  
өркеуде, кекірі мінез, елге жұғымсыз адам екен Сәдір болыс-  
тан куәлік қағаз сұрап барса, Салпының ру басшыларымен  
салғыласып, жаңа ғана болыстық дәрежеге жетіп отырған оз-  
быр мінезді Рақыманқұл «Салпының қалада қаңғырып жүрген  
пәлекор қуларына куәлік бере алмаймын», – деп Сәдірдің  
сөйлеуге де мұршасын келтірмей, үйден қуып шығады Ке-  
удесін ыза мен кек керткен Сәдір «бір кезі келер» деп, қалаға  
қайтып кетеді

Соның артынан көп ұзамай, елге спымсыз болыс орны-  
нан алынып қалды Мансапқор, өр көкірек Рақыманқұл ақша  
жинап алып, болысты қуып Семей ұлықтарына келеді Бір  
күні Боранқұл базар аралап жүрсе, андай жерде ап үстінде  
әңгімелесіп тұрған Енурекей елінің адамдарын танып, қастарына

жетіп кетеді. Ортатарында тұрған Рақыманқұлды көре сала айқай салып, өлеңдете жөнесті. Базарда жүрген қала адамдары да жинала қалады. Сәдірдің Рақыманқұлға айтқан өлеңінен Сапарғалидың есінде қалғаны

Ассатау мағалейің м. сайқал болыс,

Кеселді кердеңдеген, кайқаң болыс  
Жұғымсыз мінезіңнен түсіп қалдың,  
Салпыға жұмысыңды қайтар, болыс

Әділдік Рақыманқұлдан табылмайды,  
Қаншама бұркессен де жабылмайды  
Үйінен сұтатырар шығымы жоқ.  
Қалайша сайтадыңдар Қарынбайды

Рақыманқұл кеселді адам кердеңдеген,  
Байтықпен қарнын сипап шермендеген  
Ақыл-ой өз басында болмаған соң,  
Өркімнен ақыл сұрап телмендеген

Атымен Жарқынбайдың сайтадыңдар,  
Шығыңға қанша малды байтадыңдар  
Екі айдан соң шартығың түсіп қалды,  
Аяғың соныменен жайладыңдар

Рақыманқұл, енді болыс бола атмайсың,  
Берсен де қанша пара онатмайсың  
Онан да жұмысыңды тез өткізіп,  
Семейдің қаласынан жоғалғайсың!

— деп сатиралық акын Рақыманқұлдың жер-жебіріне жетіп, жиналған жұрт алдында маскара етеді. Өлең ауыздан ауызға көшіп, ел арасына тез тарап кетеді.

Сәдір қара танымаған, қолына қарындаш, қалам ұстап көрмеген адам. Ол және домбыра тартып, шабыт шақырып айтатын да акын емес, кезі келіп қалған жерде өлеңді тұтқиылдан табан астында төгіп жіберетін, ерекше табиғи дарынды, импровизатор ақпа акын. Ойын, мұрат-мақсатын айтуға келгенде, алыстан орағытып лағып кетпей, төтесінен тұра, дәл қадап айтатын және жеріне жеткізіп айтатын акын. Оның өлеңдерінің мағына-мазмұнына ұқпасы мен ырғағы сайма-сай келіп, үнемі келісімді ботып отырады. Абайша айтқанда, өлеңді «бөтен

сөзбен былғамайды». Қолда бар өлеңдерінің өзінен-ақ Сәдірдің осындай ақындық қасиетін айқын танғмыз.

Қалада болған жылдары Семейдің бай, көпестері, әкімдері, молда, кожалары туралы айтқан өлеңдері көп болыпты. Сапарғали ақын Сәдірді соңғы рет 1912 жылы Семейде көргенін айтып еді. Және ақынның Семейдің «шолак етек» саудагерлері жайында айтқан бір өлеңін есінде сақтаған екен. Енді Сәдірдің сол өлеңін келтірейік:

Семейдің саудагері қызыл танау,  
Жегені тамағына ет пен палау,  
Жалғыз атқа шанасын жегіп алып,  
Жау малындай сабалап жүргені анау.

Өңшең қудың жеккені бір-бір қотыр,  
Тоты құстай сыланып қатыны отыр  
Кредит деп байлардан кездеме алып,  
Қырға барып сатады ойран-топан.

Қу жүреді ақшаны байдан алып,  
Число сайын өсімге майлап алып,  
Жолға шығып тұрады граждандасып,  
Мойнына бір-бір шәрпі байлап алып.

Қылтиған бір бешпеті әрі шолак,  
Бір саудадан басқаға келеді олак  
Орысша, казакша коса соғып,  
Адырайса, бермейді сөзге қонак.

Сәдір ақынның өлеңдерін білетін адамдар ел ішінде қазір де бар сияқты. Мен бұдан 22 жыл бұрын «Сәдір ақын» деген мақала жазып, өлеңдерін жіберген едім. Мақала ықшамдалған түрде және бір-екі өлеңі ғана «Қазақ әдебиеті» газетінде 16 август 1963 жылы жарияланған.

Ақынның дүниеге келгеніне 140 жыл толып отыр. Сәдірдің өлеңдері жиналып, өмірбаяны зерттелуі керек.

Ақынның жетістіктері, Жарма, Аягөз аудандарының азаматтары Сәдірдің сүйегі жерленген жерді анықтап, басына ескерткіш – белгі қою мәселесін және басқа шараларды ойланар деп сенеміз.

*«Семей таңы», №78  
23.04.1985 жыл*

## Нарманбет Орманбетов

Нарманбет – Абайдың атақты акын шәкірттерінің бірі. Абай бастаған казактың жаңа жазба әдебиеті тарихында, ұлы акынның өнегелі дәстүрін, заман талабына сай, дамыту жолында мағыналы мол еңбек еткен, табиғи дарынды, білімді, мәдениетті акын. Нарманбет өзінің бір өлеңінде:

«Өзімді алма, сөзімді ал» деген Абай,

Алмаса да, сөз жазды талай-татай

Ағат болса, ғапылын өтінемін:

Сен соның інісі едің деме «пәле-ай!» – дейді.

Акын «Абайдың інісімін» деп жай ғана айтып отырған жоқ. Нарманбет Абаймен аталас адам, ол да Тобықты. Тобықты ішінде «Дадан тобықты» аталады. Шөкәрім шежіресінде бытай деп жазылған: «...Тобықтының үлкен батасы Рысбектің үш баласы: Мұсабай, Көкше, Дадан... Дадан тобықты Қарқаралы уезінде екі болыс ел, өзге тобықты Семейпалат уезінде – бес болыс ел» (Шежіре 65 бет). Сөйтіп, Нарманбеттің «Абайдың інісімін» дейтін әбден жөні бар. Дадан тобықтының тарихта белгілі біі – Қараменде Нарманбеттің арғы аталары болады.

Нарманбет Орманбетұлы 1860 жылы бұрынғы Қарқаралы уезі, Балқаш болысында, Тоқырауын өзені өлкесінде Саға деген жерде туған. Алғашқы ақындық қадамында шығарған өлеңдерінен бізге белгілі осы ғана, басқа өлеңдері бізге мәлім емес.

Абаймен танысып, одан тағлым алып, ұлы акынды кемеңгер ұстаз, өз аға деп таныған Нарманбет, өзінің акындық сапарында Абай дәстүрін берік ұстаған. Нарманбет өлеңдерін, идеятық мазмұны жағынан болсын, көркемдік түр жағынан болсын, Абай үлгісімен жазған.

Акынның әзіл-қалжың, ащы ажуа, сайқы-мазақ сияқты өлең-жырлары, көбінесе уақыт күттірмейтін сәттерде, қолма-қол суырып салып айтылған. Осы мәселеге байланысты бір ғана мысал келтірейік. Нарманбеттің жерлесі, әрі замандасы, белгілі халық акыны Төлеу Көбдіков (1874-1954) өзінің естелік жазбасында, Нарманбеттің қолма-қол суырып салма акындық өнері жайында қызықты әңгіме айтады:

«Тұрсымбек деген бай ағайыны партияда (сәлдің талас-тартысын қайтады – Қ.М.) өзіне жолдас болып жүріп, бір күні.

Нареке, осы мен қандай кісімін?» – депті.

Сонда Нарманбет:

Сен бе, сен:

Тарбаң танау, тағансыз.

Жолдас болдым амалсыз.

Желбір танау, жел көтен,

Жеңілдігің бір төтен –

деген адамсың, – дейді. Тұрсымбек не дерін білмей сасып қалып:

Ал, өзіңіз қандай кісісіз? дегенде, Нарманбет:

Мен, құлжа мойын, марал бас.

Адам алдап ала алмас

Өн бойының бәрі сөз.

Кереге сақал, кер табан.

Керек қылсаң кел маған. –

деген кісімін, депті» (Төлеу акынның қолжазбасы менің қолымда сақтаулы Қ.М.) Осы келтірілген мысалдың өзінен-ақ, Нарманбеттің ұшқыр қиялды, терең ойлы, өрең жүйрік акындығын тани аламыз. Өзірге Нарманбеттің фото суретін кездестіргеніміз жоқ. Ал, өзі туралы айтылған осы өлеңі акынның тұр-тұлғасын, бет бейнесін көз алдымызға әкелгендей әсер етеді.

«Баласының болашағынан үлкен үміт еткен Нарманбет бп. Нарманбетті жеті жасынан бастап, ауыл молдасына оқуға береді. Ауыл молдасынан ескіше оқудың ауыр азабын басынан кешкен Нарманбет, алғашқы шәкірттік шағын өлеңмен суреттеп берген.

Әке іздеп бір молданы алып келді.

Құтты қыл деп Құдайға нанып келді.

«Екі айда баланың хат таныр» деп.

Аңқау шал арамазаға нанып келді

«Бісімілда» деп молда екен «Әлиф-биді».

Онан кейін көрсетті «тігі» мен «енді».

Телміртіп ақ қағазға әуре қылып.

Машақат басқа салды мұндай күйді. –

дейді. Сөйтіп, көп оқудың ауыр азабынан тайсалмай, тырысып оқып, ескіше хат танып шығады

Заман ағымын жақсы аңғарған әкесі, енді он жасар Нарманбетті, 1870 жылы Қарқаралы қаласындағы екі класты орыс мектебіне береді. Мектепте жақсы оқып, тәлім-тәрбие алып, орыс тілін үйреніп, орысша оқуға, жазуға төселеді. Орыс мектебін бітіріп алған соң, орыс акын, жазушыларының көркем шығармаларын құмарта оқып, өз бетімен ізденіп, білімін тереңдету жолына түседі.

Нарманбеттің алғашқы акындық қадамындағы өлеңдерінен жазылған жылы белгілі бір шумақ өлеңі ғана бізге мәлім. Бұл өлеңнің туу тарихын Төлеу акын былайша баяндайды: «Нарманбеттің әкесі Қарқаралы қаласына апарып, орыс мектебіне оқуға бергенде, сол қаланың тұрғыны, аққатты бір адамның үйіне пәтерге орналастырыпты. Екі қабатты үйдің астыңғы қабатындағы бір бөлмеде шәкірт бала Нарманбет тұрады екен. Нарманбет тұратын бөлменің үстінгі қабаттағы бір бөлмесінде үйінесінің бойжетіп қалған сұлу қызы тұрады. Байдың ерке қызы өзінің құрбы-құрдастарымен бас қосып, сауық-сайран құрып, ән салып, би билейтін болса керек. Осының бәрі астыңғы үйде тұратын жас шәкіртке ап-анық естіліп, жетіп жағады, көңілін елеңдетіп, сұлу қыздың сұңқылдаған әсем дауысы оның махаббат сезімін қозғап, тебіренетеді. Соның әсерімен Нарманбеттің 1874 жылы жазған өлеңінің бізге жеткен бір шумағы:

Ойнайды жоғарыда көкала үйрек.

Сол үйрек ойнаған соң ашыр бұйрек.

Армансыз дүниеден өтер едім.

Қол созып қоғажайда атсам сүйреп ..

Он төрт жасар боз бала акын, өзінің жастық махаббат сезімін сыпайы түрде, көркем суреттеп, бұркемелеп, жұмбақтап жырлайды. Алғашқы акындық қадамында жазған өлеңдерінен бізге мәлім шығармасы осы ғана.

Абаймен танысып, одан тағлым алып, ұты акынды кемеңгер ұстаз, әз аға деп білген Нарманбет, өзінің акындық сапарында Абай дәстүрін берік ұстаған акын. Ол өлең жазған көркемдік тұр жағынан болсын, идеялық мазмұны жағынан болсын Абай үлгісімен жазған.

Алғашқы жастық-махаббат, сүйіспеншілік сезім-сырларын суреттейтін өлеңдерін Абайға еліктеп жазғаны анық байқалады. «Бірінші хат» атты

Алтын бас, калқам, ақ маңдай,  
Гауһарлы жүзін жауһардай,  
Оймақ ауыз, ақша бет,  
Пісте мұрын, жез таңдай  
Таразы бойың, таптырмас ойың...,  
деп бастайтын өлені, әсіресе, мына бір өлені:  
Ілімді құс,  
Икемді ат –  
Салтанат  
Сүйкімді жігіт,  
Сүйкімді қыз –  
Кімге жат  
Қызметкер іні,  
Қылықты жеңге –  
Көңіл шат,  
Жағымды қатын,  
Жақсы бала –  
Бір мұрат.

*Семей. 24.12.1989*

\*\*\*

### **«Екінші жа.пықазақ съезі » (1917) гуралы** **Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі хақында**

Қазақстан қазіргі күнде егеменді, ерікті, тәуелсіз мемлекет болу жолына берік сеніммен қадам басып отыр. Бұл мәселе қазақ халқының ежелгі мұрат-мақсаты, арман-тілегі болатын.

Халқымыздың егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болу жолындағы ғасырлар бойғы күрес тарихы осы күнге шейін бұрмаланып, тарихи шындыққа қиянат жасалып, бүркемеленіп келгені қатын оқырман қауымға қазір мәлім бола бастады. Бұл мәселе туралы баспасөз жүзінде батыл түрде ашық айтылып, жарияланып, шындықтың беті біртіндеп ашылып келеді.

Қазақстанның бұрмаланып, бүлінген тарихымызды дұрыстап, қайта жазып, шындықты қалпына келтіру – нағыз тарихшы, әдебиетші ғалымдарымыздың, адал азаматтарымыздың абыройлы борышы.

Біз бүгінгі мақаламызда егеменді ел, тәуелсіз, ерікті мемлекет болу жолындағы тарихымыздың елеулі бір кезеңіне, яғни 1917 жылы шақырылған «Екінші жалпықазақ съезі» жайында сөз қозғамақпыз.

Екінші съез туралы сөзімізді бастардан бұрын, мәселе түсінікті болу үшін, ең алдымен «Алаш» деп аталатын партия жайында қысқаша айта кетуді дұрыс көрдік.

1917 жылы февраль революциясы жеңіске жетіп, патша үкіметі құлатылғаннан кейін, қазақтың белгілі зиялы қайраткерлері, Әліхан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Халел Ғаббасұлы, Жиһанша Досмұхамбетұлы, Халел Досмұхамбетұлыдары 1917 жылы сәуірде, облыстық қазақ сиездерін ұйымдастырып, өткізеді. Қазақ комитеттері құрылады. «Жалпықазақ съезі өткізілсін» деген қаулы қабылданады.

«Бірінші жалпықазақ съезі». Орынбор қаласында. 1917 жылы шілденің 21-26 күндері өткізілді. Съезде қаралған он төрт мәселенің бірі қазақтың саяси партиясын құру болады. Партияның аты – «Алаш» аталсын деп ұйғарылады. Партияның программасын жасау және қазақ автономиясын құру мәселесіне даярлық жұмысының жоспары белгіленеді.

«Екінші жалпықазақ съезінің» шақырылу мәселесін дұрыс түсіну үшін сол кезде баспасөз жүзінде жарияланған нақтылы тарихтық материалдармен танысуымыз қажет болады. Ең алдымен съезді жедел шақыруға себеп болған, сол дәуірдегі тарихи хал-ахуалды баян ететін деректі мағлұматтарды береміз.

«Қазақ» (Орынбор) газетінде 1917 жылы, қарашаның 14 күні жарияланған хабарлама-мақаланың қысқаша мазмұнын келтірейік.

– Заман жаманға айналды. Келешек қараңғы, қорқыныш зор. Осындай бүліншілік заманда, аяқ-асты болып, қорлықта қалмауымыздың қамын кеңесу үшін екінші жалпықазақ съезін шақыруға қаулы қытып, Орынбордағы оқыған қазақтар төмендегі телеграмды қазақ облыстарына және үйездеріне беріп отыр.

Телеграмма сөзі:

«Бүкіл мемлекет қазір бөлісімен жайылып кетті. Кешікпей талаң-тараж, қырғынға айналатын түрі бар. Алаштық, атыяуыздық, біреуге-біреу сенбеу күшейді. Әр адам, әр

халық, өз қамын ойлап, өзі-өзі қорғайтын күн туды. Бұл болашақ жатқан уақыттардың түбі неге соғатынын жалпы қазақ артық сезе қоймайтын шығар. Бұл уақыттардың түрі жаман. Қам қылман, қол қусырып отыра берсек, алдымен қазақ халқы сорлайтын түрі бар. Соның үшін біз жапымызды, малымызды қорғау жайын ойлау керек.

Өзімізді өзіміз қорғау үшін біз жалпы қазақ милициясын құру керек. Бұл мәселе шұғыл және аса зор болғандықтан, төменде қол қоюшылар, халыққа сенімді, құрметті ақсақалдарды және оқыған тарты шақырып, өз күшімізбен қазақ милициясын құру жайын кеңесуге, жалпы қазақ съезін жинауға қауып қылдық. Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасак, бүл ішкілік зорайып, қиыншылыққа айнап апта, қазақ халқы құрбан болаты. Сол үшін милиция құрудың үстіне, съезде қазақ халқының жұрттығын жоғалтпау үшін не қылу керек деген зор мәселе де қаралаты.

Алаш баласының басына бір сын күн туды. Өтінеміз, қалайда болса, 5-декабрыға қарсы Орынборға әр үйезден жұртқа қадірлі екі ақсақалдан және әр облысткой комитеттен екі оқыған кісіден жіберіңіздер...

Бұл телеграммада айтылған үйез басы екі ақсақал және облысткой комитеттен шақырылған екі зиялының үстіне, айрықша телеграм беріп, мына кісілер шақырылды. «Ұран», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттерінен және жана ашылған қауымдардан бір-бір өкілдерден. Қазы Ғұмар (Омар) Қарашұлы, қазы Қайырша Ақыметжанұлы, қазы Ғабдулла Ешмұхамбетұлы, Ақыметжан Оразанұлы, Қожахмет Оразанұлы, Құрамамбек Бірімжанұлы, Жаймұхамбет Жанқожаұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Басынараұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Халел Досмұхамбетұлы, Жаһанша Досмұхамбетұлы, Уәлихан Тапанұлы, Бакыткерей Құлманұлы, Жансұжа Мергенұлы, Ешешаш Арабаңұлы, Ораз Тәтіұлы, Шонан ақсақал, Отарбай қажы Қондыбайұлы, Ақыметкерей Қосыуақұлы, Нұрлан Қиянұлы, Нұрмакамбет Сағынайұлы, Шенгерей Бөкейұлы, Есенұлы қажы Маманұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Садық Қарныұлы, Сапар Науырызбайұлы және Ілияс қажы Жанараұлы.

**Съез шақыруыны комиссия ағзалары (мүшелері):**

**Әліпхан Бөкейханұлы,**

**Ахмет Баянұрсыпұлы,**

**Міржақып Дулатұлы,**

**Сағындық Досжанұлы,**

**Елдос Омарұлы.**

Осы шақыру бойынша съезге Қазақстанның барлық сегіз облысынан өкілдер келіп, «Жалпықазақ – қырғыз съезі» 1917 жылы, желтоқсанның 5-13 күндері Орынбор қаласында болып өтті «Сарыарқа» (Семей) газетінің 1918 жылғы, қаңтардың 25 күнгі 29 санында съез шақырушылардың, съезге келген өкілдердің аттары аталып, съезде қаралған мәселелер және «Жалпықазақ – қырғыз съезінің қаулысы» жарияланды

Съез бастығына сайланғандар Бакыткерей Құрманұлы, председатель, серіктері Әліпхан Бөкейханұлы, Хател Досмұкамбетұлы, Омар Қарашұлы, Әзімхан Кенесарыұлы, Хатшылары Дәулетше Күсепғалиұлы, Міржақып Дулатұлы, Сейідазым Кәдірбайұлы

– Съезде қаратуға қойылған мәселелер 1 Сібір, Түркістан автономиясы және Юговосточный союз туралы 2 Қазақ-қырғыз автономиясы 3 Милиция туралы 4 Ұлт кеңесі 5 Оқу мәселесі 6 Ұлт қазынасы 7 Мұфтилік мәселесі 8 Народный сот 9 Аудльное управление, 10 Азық-түлік мәселесі

Автономия мәселесі Түркістан автономиясының министрі Мұстафа Шоқайұлы Түркістан автономиясы жайында баяндады

Комиссия атынан Хател Ғаббасұлы ұлт автономиясы және милиция туралы баяндама жасады

Автономия туралы Хателдің баяндамасын тексеріп, октябрь аяғында Уақытша үкімет түскенін, Рүсін мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жок болған сон халық арасы бұзылып, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бұліншілікке ұшырап, күннен-күнге халықтың күйі нашарлауын және бұл бұліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуі мүмкін деп ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін үкімет керектігін ескертіп, съез бір ауыздан қаулы қылды

І Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семен, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Амудария бөліміндегі қазақ үйелдері, Закаспин облысындағы және Ал-

тай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірынғай. іргелі халқы қазақ, қырғыз, хал. тұрмысы. тілі бір болғандықтан өз атдына ұлттық, жерлі Автономия құруға.

II. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын.

III. Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі. суы. астындағы кеңі Алаш мүлкі болсын.

IV. Алаш автономиясының мизамын Бүкіл русиялық учредительное собрание бекітеді.

V. Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі. бүкіл мекемеде санына қарай орын алады. Алаш автономиясының қолында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт және мәдени автономия беріледі.

VI Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен, уақытша ұлт кеңесін құруға. мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып. 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. Алашордасының уақытша тұратын орны – Семей қаласы Алашорда бүгіннен бастап, қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады.

VII. Алашордасы халық милициясы.

VIII. Алашордасы тез уақытта Алаш автономиясының құрылтайын шақыруға міндетті болсын.

IX. Алашордасына съез тапсырады:

1) Ұлт қазынасына қарыз ақша алуға, 2) Өзге автономиялы көрші халықтармен одақтасу жайын сөйлесуге, бірақ мұның шарттарының бекітуші Алаш құрылтай.

X. Ұлт құрылтайына «Алашордасы» автономия мизамының жобасын даярлап кіргізеді.

Съез осындай қаулы қабылдайды Одан соң, автономияны қашан жариялау мәселесі сөз болады да, милиция мәселесіне тоқталады

Милиция мәселесі: Бұл мәселе халықтағы баяндаманы тексеріп қарап және осы күнде мемлекет ішінде бассыздық, таллан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз, қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін съез төмендегі қаулыны қабыл етеді:

Ешбір тоқтаусыз милиция түзеуге кірісу тиіс.

Қаулыда одан әрі қай облыста қанша милиция болатыны.

олардың еңбек ақысы, қару-жарак сатып алуға т.б. қажетті қаржы мөлшері көрсетіледі

Алашордасына сайланған адамдардың аттарын атап, тізімін бергеннен кейін Алашордасының бастығын сайлау тәртібі берілген.

Алашордасының бастығына: Әлихан Бөкейханұлы, Бакыткерей Құрманұлы және Айдарқан Тұрлыбайұлы тасқа салынды.

|                     | <i>Сайлаушы</i> | <i>Сайламаушы</i> |
|---------------------|-----------------|-------------------|
| <i>Әлиханды</i>     | <i>40</i>       | <i>18</i>         |
| <i>Бақыткерейді</i> | <i>19</i>       | <i>39</i>         |
| <i>Айдарқанды</i>   | <i>20</i>       | <i>38</i>         |

Сөйтіп Алашордасының бастығына Әлихан Бөкейханұлы сайланды.

Оқу комиссиясына сайланды:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. 2. Мағжан Жұмабайұлы. 3. Елдес Омарұлы. 4. Биахмет Сәрсенұлы. 5. Телжан Шоманұлы.

Халықтан милиция және оқу комиссия Алашордасының расходына жнылатын ақша әзірге ұлт қазынасы болып табылады.

Түпкілікті ұлт қазынасын түзеу Алашордасының міндеті.

Азық-түлік мәселесін және өкілдердің бұл туралы берген мағлұматын съез тексеріп, мынадай қаулы қылды.

1. Азық-түлік жұмысын сайланған земстволар ешбір тоқтаусыз өз қолына алады

2. Алашордасы әрбір облыстағы астықтың ұзын санын біліп, астығы жоқ жерге, астығы мол облыстардан астық алып беруге міндеткер.

3. Қырғыз-қазаққа сатып алынған астықты азық-түлік комитеттері тоқтатпас үшін Алашордасы қам қылады. Алаш автономиясы жақын арада жарияланатын болған соң, программада көрсетілген мүфтилік, народный сот, аульный управление съезде қаралмай кейінге қалды...

Ел ішінде народный сот ешбір жұмыс бітіре алмайды және халыққа сенімді емес. Ел ішіндегі ұрлық күннен-күнге күшейіп бара жатыр. Сол үшін ұрлықты тиятын уақытша сот құру және соттың тәртібін түзету Алашордасының міндетінде.

«Сарыарқа» газетінде жарияланған: «Жалпықазақ – қырғыз съезінің» қаулысының негізгі мазмұны осындай.

Жалпықазақтық екінші съез қабылдаған бағдарламасын күні кешеге дейін бүркеп, жауып тастап. «Алашорда» «дербес

автономия» дегенді жолға етті, буржуазияшыл ұлтшылдар өздерінің контрреволюцияшыл әрекеттерін бүркемелеу үшін «ұлттық» жалауды жамылды. ұлт мүддесін қорғағанды, дін демократияға сүйенді. Адамды адамның қанауына негізделген қоғамдық тәртіпті мәңгі сақтауға тырысты...»<sup>6</sup> деп, тарихи шындыққа қасақана өрескел бұрмаланып жазылып келді.

Ерлердей ұмтылып жергілік ұлттық автономия алып жатқанда, 6 миллион қазақ халқы, тұтас жері бар, қарап отырып қалса, жұрттығын жоғалтып, өзін-өзі тірідей көмгені. Еңша Алла! Сенеміз. Алаш туының астына жиылмайтын қырғыз-қазақ баласы болмас, тігілген Алаш туын құлатпас – деп Жасасын, Алаш автономиясы! Әлімқұн».

\*\*\*

«Сарыарқа» газетінің сол күнгі санында жарияланған Халел Ғаббасұтының мақаласынан: «...Ел басының милиция қызметіне алынатын жігіттердің аттанын, сайманын тездікпен дайындап, айтқан жеріне жеткізу керек. Қазақ-қырғыздың уақытша үкіметі – Алашорда» Алаш қаласына<sup>7</sup> келіп, автономиясын жариялағаннан кейін, қазақ-қырғыз балалары бағынған, үкіметіміз осы деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай, орындау керек.

Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, неше-неше киын қыстау жерлерден бұл күнге дейін аман өтіп, тарих жүзінде жоғалмайтын беріктігін көрсеткен Алаш ұранды қазақ-қырғыз балалары жұртқа түскен, мына өмір сынынан да аман-есен аяғын шатдырмай өтер деп сенеміз...

«Алаш туы астында,  
Күн сенгенше сенбейміз!  
Енді ешкімнің Алашты  
Қорлығына бермейміз!  
Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз.  
Жасайды Алаш, өлмейміз –  
Жасасын Алаш, жасасын!»

*Ғаббас.*

6 ҚСҰ-сы, I-том, 249 бет, «Алашорда» атты мақаланы қараңыз

7 Алаш қаласы – қазіргі Жанасемей қаласы, ерте заманда «Заречная Слободка» деп аталған, февралі революциясынан кейін (1917) «Алаш» деп аталады

Сөйтіп, Алаш автономиясы жарияланып, уақытша Алашорда үкіметі құрылды. 1918 жылы қыс ортасында Семейде казак жігіттерінен милиция ұйымдастырылды. Милиция баскарушы офицер ретінде, Семей мұғалімдер семинариясының оқушысы – семинарист Қазы Нұрмұхамбетұлы тағайындалды. Бұл кезде Қазы, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев бәрі бір класта, 3-курста оқитын.

Атты милицияларды жаттықтырып – ойнатып жүрген кезінде, большевик солдаттары, Қазыны атып өлтіреді. Осы уақығанын ішінде болған Бейімбет Майлин «Сарыарқа» газетінде, 1918 жылы наурыздың 18-күні, жарияланған «Тұңғыш құрбан» атты көлемді мақаласында қайғылы халды және сол кездегі жалпы ахуалды толық баяндап береді. Сондықтан бұл мақаланы түгел келтіреміз.

### Тұңғыш құрбан

Соңғы жалпыказак-кыргыз съезінің қаулысы бойынша, Семейде атты-жаяу милиция құрылған еді. Мұны соңғы кезде большевиктер ұнатпай, «Ойыныңды тоқтат, мылтықты бер» – деп, мінез көрсетіп жүрді. Оған біздің милиционерлер – корғаушылар өз жүректерінде ұлт сақтаудан баска ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы да келмеді, ойынын да тоқтатпады.

6 мартта таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз ойнап жатқан атты корғаушылардың жанына 10-15 солдат келіп, еш себепсіз мылтықты бір-екі басып қалады. Ешкімге оқ тимейді. Мылтық дауысы шыққан соң, бірлі-жарымды жігіт қашуға айналғанда, милиция бастығы, учительская семинария шәкірті Қазы Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айғайлап: «Қайда барасыңдар? Жазықсыз өлсек өлейік, бәрімізді қыrmас» деп, тоқтау айтып, өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық үстіне мылтық атылып, Қазының өзіне де, атына да оқ тиеді. Есіл жас сол арада жан тапсырады. Марқұмның жолдастары ботадай боздап, басын құшақтап, шуылдасты. Көрген, естіген жан қайғырды... Ертеңіне халық көп жиналып, жаназасы шығарылды.

Алғаш Алаш жолында құрбан болған жас бағыланды ұмытпасқа белгі болып қалсын деп екі рет суретке басылды.

(Бірі қанды кіпімісін жатқан халінде, екіншісі халық жаназа оқып сапта тұрғанда, табыттағы жатқанын).

Қабірге қойып, құран оқытып, болғаннан кейін Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі.

«Әлеумет! Мынау жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «ұлтым» деңдер деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы – би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Қарағым, Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ. Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек.

Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмеңдер. Мұның үй-ішінің міндеті сендердің мойындарыңда. Бір кішкентай көзінің қарашығы (бір жасар ұл баласы) қатыпты. Соны тәрбиелеп адам қыту, бәрінің – барлық Алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымандар, құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзіміз жетті. Алпыс жасқа келгенде, мұндай ұлы үшін жанын қыып, құрбан болатын азаматты көремін деп үмітім жоқ еді. Көрдім. Енді бүгін өтсем де арманым жоқ.

Қарағым, Қазыжан! Қадіріңді біліп құрметтей алмасак, кешу қыл, қош! Қабырың нұрлы болсын! – деді.

Жпылған әлеумет жылап, сніреп жіберді.

Сонан кейін Міржакып Дулатұлы тұрып мынаны айтты:

Мынау кім жатқан әлеумет,  
Жас қабырды жамылып?  
Мұнша ардақты кім едің,  
Тұрсындар бәрің жабығып?!  
Жалғызы ма еді біреудің,  
Тілеп алған зарығып?  
Баіы ма еді бұл елдің,  
Құрметтейтін жабылып?  
Би мен бектің бірі ме еді,  
Жылардай жұрты сағынып?  
Ханзада яки сөйіт пе,  
Қарашы шулар қамығып?  
Жоқ, әлеумет,

Бұл жатқан:  
Жалғыз да емес,  
Бай да емес,  
Би де емес,  
Бек те емес,  
Сейіт те емес,  
Хан да емес.  
Бұ санып жатқан жас қабыр  
Иесін мұның айтайын:  
Мақсұты ұлттың жолына,  
Туын ұстап қолына,  
Жас өмірін піда еткен,  
Жар-жолдасын күйзелткен,  
Алаштын адал баласы,  
Армансыз өлген данасы!

Жүректен жалғыз оқ тіген,  
Алаштын бұл құрбаны,  
Аяулы жолдас. Қазы жас,  
Қош бауырым, жолдасым!  
Армансыз сенін өз басың,  
Қабыл болып құрбаны,  
Алашты құдай оңдасын!..

Жиылған халық қамығып, көңілі босап көзіне жас алды.  
Бұлардан кейін Райымжан (Мәрсекұлы), Жанғали қажы,  
Мұстақым (Малдыбайұлы) сөз сөйледі

Ақырында Қазының бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек  
Аймауытұлы еніреп тұрып: «Жан бауырым, жолдасым! Қош  
бол, жасаған алдыңды өзіңе, артыңды бізге қайырлы қылсын!  
Талаптандың, талпындың, оқып қатарға кірдің. Бұл күнде мы-  
надай мезгілсіз қазаға душар болдың, өкінбе. Ұлтың үшін туып  
едің, ұлтың үшін өлдің. Кеудеңде бір ақ арманың кетті, ешкімге  
оқ атып, қылыш сұыра алмай, жазықсыз окка ұштың: тым бол-  
маса ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің. Қош ба-  
уырым, жолдасым, қош». — деп көзінің жасын тия алмай, сөзін  
өзер тоқтатты

Сөйтіп, 7 мартта бейсенбі күні Алаштын тұңғыш құрбаны  
баянды сапарына жөнелтіп, жұрты таркасты.

Сол күні біздің басшы азаматтар Қазының жолсыз өлгені ту-

ралы большевик бастықтарымен сөйлесті. Олар: «Біз мұндай жұмысты істе деп. ешкімге бұйырғанымыз жоқ. Өз бетімен істеп жүрген бұзықтардың жұмысы», — деп, оқ атқан солдаттарды айыптапты. Сонан кейін атушы солдаттар военно-революционный сотқа берілді.

Қазы марқұм жасы 22-де. Семей уйезі, Еңірекей облысында. Сыбан деген рудан еді. Семейден екі класты школды бітіргеннен кейін, бірер жыл бала оқытып, пұл жинап алып, 1915 жылы семинарияға түсті. Оны ендігі жылы бітіремін деп жүргенде, ұлт тілегін зор көріп, бірге оқып жүрген жолдастарымен милицияға жазылады. Қыс ортасынан бері атты милицияны басқарып тұрушы еді. Марқұм ақ көңіл, талапкер, жігерлі, ұлтшыл жас еді. Ұлтшылдығын көрсетті, ұлтының жолында жанын құрбан қылды. Жасаған ессін толтырып, кейінгі жастардан орынбасар шығарсын.

Басшы азаматтарымыз және областной қазақ комитеттері кеңесіп, марқұмның басына тас қоюға және жақсылап белгі бейіт салуға қаулы қылды. Қазының оқуға жасы жеткен бір інісі бар еді. Соны оқытуға стипендия ашты. Кәрі ата-анасына және қатын, баласына, жеті мың сом ақша бермек болды. Жастар ұйымы марқұмның жетісі толған күні жұртты шақырып, құран оқытты, дұға қылдырды.

Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты қатар. Бірақ біздің бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қытуымыз керек.

Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың бір баласы! Біз де сенің ізінде. Қош жолдасым! Бейімбет Майғин.

\*\*\*

### Алаштың алғашқы құрбаны

Тірі жанға қылмыссыз,  
Қисыны жоқ оққа ұштын.  
Қара өмірден, тұрмыссыз,  
Періште болып көкке ұштын.

Қандай жанға кастық қып,  
Кіммен бакка таластың.  
Жат жігерің жастық қып,  
Қаһарманы Алаштын!

Ойланып қал. шағында.  
Танба салдың жүрекке.  
Бірақ сенің бағыңды,  
Таппас ешкім тілеп те.

Әрі тұңғыш. әрі атак.  
Күнәсі жоқ мейман дос.  
Қонағыңды күтіп ап,  
Ұлттың ұлы. қош бол. қош!

*Сәбит Дөнентайұлы.*

Қазының өлімі, Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастарын да терең тебірентті. Омбыдағы «Бірлік» атты жастар ұйымының басшылары: Смағұл Сәдуақасұлы, Қошкө Кемелгерұлы, Ғаббас Тоғыжанұлы және Асхат Сайдалыұлдарының көңіл білдірген телеграммасы. «Сарыарқа» газетінің 1918 жылы, сәуірдің 15-күнгі санында жарияланды.

«От жанды, ұлт қанды, есіл қыршын жас Қазы бауырымыздың мезгілсіз қаза тапқанына өте қайғырамыз. Бірақ Қазының арманы жоқ: ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Жастарға жол-басшы жұлдыз, түпкі идея болды. Біздер Қазиды және оның үлгілі жолын ұмытпасқа. Құдай алдында, ар алдында уәде бердік. Сол уәдеге бірінші негіз салу үшін 20-апрельде қазақша ойын жасап, түскен саф пайданың жартысын, артта қалған бір жасар ұл баласының тәрбиесіне бермекші болдық. Және басқа уақыттарды жәрдем көрсетіп тұруға қаулы істедік. «Бірлік» қауымының жастары.

«Екінші жалпықазақ съезі». Алаш автономиясы. Алашорда үкіметі туралы тарихи шындыққа көзімізді жеткізу үшін, бұдан 73-74 жыл бұрын жарияланған деректі мағлұматтардың негізгі бір бөлігіне жасалған шолу-мақаламызды әзірге осымен аяқтаймыз.

*«Семей таңы», 17.12.1991 жыл.*

## Жалакорлық жарға жығалы

Өрине, қазіргі жұртты қатыгездік пен жауыздықтан, сұмбайылық пен сұмырайлықтың жан шошытар қандай түрін айтсаң да таңырқана алмайсың. Атып кету, шауып кету, жала жабу, пәле салу дегенінді екі күннің бірінде естіп жүрміз. «Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек» деп ұлы Абай айтқандай, осы алмағайып кезеннің өткінші кесепаттарына «әйтеуір бір тыйылар» деп қолды бір-ақ сілтеуге де болар еді, бірақ ол-мойын ұсыну, жауыздыққа жол ашумен бірдей екенін өткен тарихымыздың талай қайғылы кезеңдеріне куә болған біздер жақсы білеміз.

Қоғамның рухани қуатының мықтылығы да сонда – қанша уақыт өтсе де қылмыстың артын, пәлекордың бстін ашу, жалакордың атын атап, түсін түстеп, таңбалап беру екені белгілі. Жағылған күйеден аршып, жақсының – жақсылығын айту адамшылық парыз емес пе? Әйтпесе, тіршіліктің сәні де, мәні де болмас еді. Биылғы жылы адат ары тапғатып, пәле мен жаланың құрбандығына шалынған, сөйтіп, қадірлі есімдері өшуге айналған талай боздақтарымызды еске алып, әруағының алдында бас иіп, тәубеге келіп жатсақ – ол елдік мінез таныту, рухани тазарудың белгісі екені ақиқат. Көкірегінде сәулесі бар әр адам шейіт болғандардың қайғылы өмірін білген сайын жамандық пен арамдыктан жірене түссе керек. Бәрін уақытқа, қоғамдық құрылысқа жауып ешкім де құтылмайды, жасаған қиянаты үшін әркім құдай алдында, ар алдында, тарих пен заң алдында жауап беретінін сезіну, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, заң алшақтың туатынын білуі қажет. Бұл – өмір заңы.

Бірақ «Жамандық әркез тозбайды» деген Абай сөзінің шындығын «Қазақ әдебиеті» газетінің биылғы жылғы 13 мамырдағы санында жарияланған Қажытай Ілиясұлының бір топ өлеңдерін оқығанда тітіркене мойындадым.

Менің сөз сткелі отырғаным оның «Абаймен әңгіме» деген бір ғана «толғауы» туралы болмақ.

Иә, ақылы жетсе Қажытайдың да Абаймен «әңгімелесуге» құқы бар. Абайдың 150 жылдық мерекесі кезінде акын рухымен сырласқан, өмір жолына, өнеріне арналған талай көркем

туындылар, зерттеу еңбектері бейнелеу өнері саласындағы шығармалар жарық көріп, акын бейнесін толықтыра түскені мәлім. Сонымен қоса акынға жала жабушылар да соңғы октарын атып қалды. Әлем таныған ұлы адамды арсыздықпен қаралап, оны арақ ішкіш, маскүнем етіп көрсеткісі келгендер де өзімен қоса үрім-бұтағын нашакор етуші де, тіпті, оның тегінің казак екендігіне күдік келтірушілер де табылды. Баска да жала жапқандар бар. Бұл әрекеттің өнімсіздігін түсінген Ілиясұлы баска жолды тандапты. Ол бір кезде Абайға қол жұмсаған деп өмір бойы ұлы акынның мұрасын насихаттаған жазықсыз адамды қаралап, жымыскы ниетін жүзеге асыруға тырысқан Арасында өз мықтылығын жарнамалуды да ұмытпайды.

«Жалбақтап жүрмей, салмақтап жүрмін барлығын.

Ұйқымды шайдай ашатын еді зарлы үнің!..

Сенетінің де, келетінің де болар ма ем.

Туылсам егер, өз ғасырымнан сәл бұрын

Біреуі болдым «сөзіңді езден» қорғаштап,

Намысқа шабар, қарысса, шабар нәрлінің

Тарқаса кегін, айқасар едім, ендігі

Акын жолының кеңейту үшін тартығын!»

Осы екі шумақтағы мағынасы бұлдыр кейбір жолдарды айтпағанның өзінде «өз құныңды өзіннен кім сұрайды» деп шамырқанатын Абай «нәрлімін» деп кесуде соққан Қажытайды «өз ғасырынан сәл бұрын туылса да», «сөзіңді қорғаштадым» деп «қарысса» да оған «сенетіні, маңына келтіретіні» екіталай. Жарайды, бұны да қойшы. Ілиясұлының ойқыл-шойқыл сөздеріне мән бермей Абаймен дос, ниеттес адамдармен ол да дос, жауларымен ол да жау делікші.

Сонда «әділетті, нәрлі» акынымыздың Абаймен жауластырып отырғаны кім?

«Үйірсе, сойыл Оразалыдай қас жауың.

Бекер-ақ болған көрбала көзін ашқаның!

Беліннен сынса, күміс кісеннің ілгегі.

Түнеріп түсің, төңкерілген-ау аспаның!

Сілесі қатса, сілемін айтқан заман-ай,

Қылмысын қымтап, сұмпайы, содыр, тазшаның!

Сабатып қырдан, қаматып тынған басыңды.

«Құттығын» кара, сілқырын кара, ақшаның?!

Өзінді-өзін сілкілеп, алып шықпасаң,  
Айдатпак екен параға беріп, баспағын»

Ілиясұлы «толғауына» ғылыми дәйектеме бергенсіп, сонынан «Оразалы – Абайға қол жұмсаған содыр» деп тағы да шегелей түседі. Сөйтіп, бұрын-соңды Абайтану ғылымына беймәлім «жаңалық» ашып, ол айды аспанға бірақ шығарды. Елдің бәрі «шатасып» жүр екен. Бүкіл өмірін Абайға арнаған Әуезов те, акын өмірін зерттеген жүздеген ғалымдар да, естелік жазған ұрпақтары да, оқиғаның басы-қасында болған Абай замандастары да «босқа далбасалапты» Олардың бірде-бірі Оразалының есімін атамайды. Ал Қажытай «біледі». Бәлкім, кімнің қол жұмсағанын Абайдың өзінен сұрапмыз?

«Мұқыр болысының кектенсе жауыққан бір топ қазағы өршеленіп келіп маған тап берді Оларды бастап келген болыстың өзі Мұсажан Әкімғожин және Бейсембі Жақыпов, Әбен Бітімбаев, Әзімжан Исабаев, Рақым Өмірзақов дегендер еді. Әлгі тобыр маған жабыла бассалғанда, Жақыпов белбеуімдегі бәкімді, Әбен Бітімбаев басымдағы бөркімді жұлып әкетті, ал Рақым Өмірзақов алтын баулы сағатымды тартып алды. Сонан соң олар мені жерге жығып салып, қамшымен сабай бастады. Сол кезде Уәйіс Сопин дейтін қазақ өзінің денесімен менің үстімді жауып, әрі қарай сабауларына жол бермеді, соның арқасында ғана мен өрмен қарайғы соққыдан аман қалдым. Менің айқайлаған дауысымды естіп уезд бастығы киіз үйден жүгіріп шықты да, күзетші жасағының көмегімен жаңағы жапырлаған тобырды қуып жіберді», – дейді Абай өз қолымен Үкімет билігіндегі Сенатқа жазған шағым пікірінде («Абай және архив», «Ғылым», 1995 ж. 89 б.). Абай өзінің жауларын атап-атап айтып отыр. Тағы қандай куә дәлел керек, жарқыным? Бәлкім Ілиясұлы «тіссе терекке, тимесе бұтаққа» деп ұйқас үшін Оразалыны атай салған шығар? Жоқ олай емес. Абай өмірі кез келген көк атғының тәлкегіне айналатын ойыншық. Оразалы есімі күйелі қолмен былғайтын қолжаулық емес.

Сонымен, Оразалы деген адам тарихта болған ба? Болған.

Оразалы Тәйсемізұлы 1870 жылы туып, 1953 жылы қайтыс болған. Абай еліне аты мәлім, кеудесі шежіреге тұнған, жер тарихын, ескі сөздерді көп білетін, шешен тілді, парасатты сұңғыла адам еді. Ол кісіні мен 1943 жылы жазда Мұхтар Әуезов «Абай жолына» деректер жинау үшін Шыңғыстауға

барғанда Құндызды өлкесінде тұңғыш рет көрдім. Ұлы Мұхан ақсары жүзді сымбатты келген, кең маңдайлы осы қартпен ұзақ сырласып, Абай өміріне байланысты көптеген деректер жазып алды. Сонынан 1943 жылы 17 октябрьде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған очеркінде ол туралы былай деп жазды: «Өр көңілді өжетін өз көңілдің кернауын айтпай десе онда да Абай тап басып, таңба соғып, айтып кеткен болады. Сондайтық Абай ұлтысін өсіретіп айтып отыратын ірі әңгімешілер бар. Оның бірі – «Жүрек адырдағы» қарт қолхозшы Оразалы. Ол кісіден көп сөз естіп, көп тоқыған батасы – Кәмен. Мұның өзі оқыған өзі жазушы. Отан соғысынан жаралы болып қайтқан жас жігіт, әкесі білген әңгіменің көбін зор ынтымен айтады...» (М.Әуезов, 20 томдық ш.ж. 8-том).

1945жылы Абайдың жүз жылдық тойы өткенде Шыңғыстауда болған Мұхтар да, Ғабит те Оразалы қартпен арнайы жолығып, ұзақ сұхбаттасқанын көзім көрді. Елуінші жылдардың басында бұл қарттың үйінде мезгіл-мезгіл болып сырласқан Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Әбү Сәрсенбаев, Тайыр Жароков, Қайыңсай Жармағанбетов, Хамит Ерғалиев, Әбіш Жиреншин т.б. адамдардың ризашылық сөздерін талай естідім. Олармен бірге түскен фотосуреттердің біразы сақталған Оразалы Тәйісемізұлы Қоныр Көкше елінде старшын болғаны үшін 1928 жылы қуғын-сүргін көрген адам. Сол жылдары Шыңғыс ішінде саяқ өмір сүрген Шәкерім қажыммен ниеттес, тілектес болып, түн жамылып сырласқаны елге аян. Ол Абай ұрпақтары Исраил, Бердеш, Әрхамдармен көзі жұмылғанша дос болып, сыйласып өтті. Тобықты жұрты оны бүкіл ел болып ақтық сапарға шығарып салды.

Міне, осындай Абай өсиетін мұрат еткен қазақтың небір зиялылары құрмет тұтқан, аяулы адамды Ілиясұлының «содыр, сойқан» етіп, Абайдың жауы ретінде көрсетуінің сыры неде? Жазықсыз аруақпен неліктен жауласып отыр?

«Бақсам – басқа екен» депгі баяғыда біреу. Сол айтқандай, Ілиясұлының «толғаусымағындағы» қара ниетін Оразалы ұрпақтарына зорін төккен ғайбат сөзінен-ақ түсінуге болады.

Ермегі соның «керегін» елден қымқырып.

«Өнерлі» атанды, маскасын киіп, басқаның...

Дарынсыздардан, қарымсыздардан қол жынып.

Көрсетпей келген, өнері өте ақаның

Жауыздықтарға, ауыздық қажет, әйтпесе,  
Сұңғылалардың сөңуі – тіпті қас-қағым.  
Тағдырдың таңдап тырақылдықты жазуын  
Таңырқар едің, мысқылдап, көріп залымын.

Түлкіге шаппай, Төкенге шауып талтүсте,  
Сыбағасын «сыпырып» кеткен жауызың!  
Озбырлығы да Оразалының өзіндей,  
Жемтік көрді ме, ашады оқыс ауызын...»

Міне, осылайша, адам арына тиетін сөздерді қарша бора-тады. Дәлел жоқ, себеп жоқ. Сонда ол Оразалы ұрпақтарынан кімді айтып отыр?

Көмен Оразалынды ме? Қазақтың белгілі жазушысы, ондаған кітаптың авторы, баскасын айтпағанда, елге әйгілі «Абайдан соң» тетралогиясын, «Абайдан соңғы асылдар» атты трилогияны, «Абай еліне саяхат» сынды тарихи-публицистикалық кітапты жазған, абырой-атағы, талант-дарыны бір басына жетерлік адамды ма? Ол кімнің қазынасына түсіп, несін ұрлапты? Кімге зорлық көрсетіпті? Ұлы Мұханның демі үзілер шақтағы соңғы хаты сол Көменге арналғанын еске алсақ та оның қадір-қасиетін бағамдар едік қой!

Әлде, Рысхан Мусинді ме? Бүкіл елге аты әйгілі журналист, «Абай» журналын қайта тірілтіп, басшылық жасап отырған, құрметке бөленген, Семей өңірінің ардақты азаматы Рысхан бүкіл қажыр-қайратын халқы үшін жұмсаса, кімнің ақысын жепті?

Мүмкін Сұлтан Оразалын шығар? Жүздеген әдеби хабарларымен қазақ телевизиясындағы көркемөнердің кірпішін қалаған, бір ғана «Сұхбат» сериясымен мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихына үлес қосқан, белгілі қоғам қайраткері, әдебиет сын-ында, кітап басу ісінде, тіл саясатында елі үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматты ма? Оның «Абай елі» альбом-шежіресі ақын мерекесіне арналған сүбелі еңбек екенін бүкіл ел біледі. Мемлекет басшылары зиялы қауым арқылы бұл кітап әлемінің жетпістен асқан еліне тарап кеткенін, күні бүгінге дейін атыс-жакынға тарту-таралғы ретінде сыйланатынын айтып жату қажет пе? Ол кімге қиянат етіпті?

Ал осы «толғауда» Төкен Ибрагимовты шатастырғанын қай сасқанын? Мен білетін Төкен өзі алмаса, біреуге есе бе-

ретін жігіт емес. Онын не жазғанын жетік білетіндіктен бір ауыз сөзін басқа бірсу кемденіпті дегенді өзінен де, өзгеден де естіген емеспін. Бұны да «өтірікшінің күәсі жанында» дегендей. Ілиясұлының жапқан жаласы, жаққан күйесі, бір-бірімен тілектес, ниеттес адамдардың арасына қасақана от тастауға тырысқан әрекеті деп түсіну ләзім.

Аталарына тіл тигізіп, арына дақ салуға әрекеттенген Ілиясұлының бейбастық ісін Оразаты ұрпақтары сот арқылы да шешуіне болады. Бұл ретте осы «толғауды» басып отырған «Қазақ әдебиеті» де өз сөзін айтуға тиіс.

Хош, «намысқа шабар нәрлі» ақынымыз ұлы Абайдың атын жамылып осындай әрекетке барыпты. Бұны да ұлы ақынға жасалған кезекті қиянат деп ұғуымыз керек. «Абаймен әңгімелесу» үшін, жарқыным, ең алдымен өз арың таза ма, соны да бір ойлау керек шығар. Аруақты күнірентіп жүріп, киесіне қалма! Абай рухы:

«Ел де жаман

Ер де жаман –

Аңдығаны өзі елі», болатын пысықайлар мен «өтірік пен өсекке, бөйге атындай аңқылдайтындарға» кешірім жасамасы хақ.

*«Қазақ әдебиеті», №25, 24.06.1997 жыл.*

\*\*\*

### **Тұрлықан Қасенұлы** (100 жылдығына орай)

Дарынды ақын, талантты өнерпаз Тұрлықан 1902 жылы Семей облысы, Қандығатай болысы (қазіргі Жарма ауданы), Қарпанбұлақ ауылында Теректі дейтін жеріндегі ата қыстауында дүниеге келіпті. Тұрлықанның әкесі қалың Найманның Сыбан руынан шыққан қажырлы кайраткер, ақылды адамның бірі – Қасен. Меккеге екі рет барып, қажы атанған. Ислам діні адамшылықтың тірегі деп білген Қасен қажы діннің қағидаларын терең түсінген. Құдайға құлшылық негізі иман, иманның негізі, махаббат, ар, ұят, әділет деп, мұсылман болсаң иманды бол деп, елге үлгі-өнеге көрсетіп дін жолын насихаттаған. Сөйтіп, адамгершілігі зор, жаны биік Қасен қажы еліне қадірлі, абыройлы, атақты адам болған.

Тұмысынан зерделі, зерек бала Тұрлықан әкесінің жақсы өнегесін көріп, тәлім-тәрбиесін алып, ары таза, саналы, талапты адам болып өседі. Сегіз-тоғыз жасынан бастап, ауылдық мектептен оқып, білім алады. Өнерге құштар талапты жас домбыра тартып, ән салуға машықтанады. Сыбан Байғарадан шыққан. Ақтайлақ бастатқан он жеті акынның елге кең тараған өлең-жырлары жас Тұрлықанға күшті әсер етеді. Солардың өлеңдерін жазып алып, жаттайды. Кітап боп шыққан қисса-дастандары құмартып оқиды.

1909 жылы басылып шыққан Абайдың өлеңдер жинағы қолынан түспейтін ең сүйікті кітабы болады.

Тұрлықан 1920 жылы Семейге келіп, мұғалімдер даярлайтын сегіз айлық курсқа түседі. Құрсты бітірген соң ол 1921 жылдан 1924 жылға дейін төрт жылдай ауыл мектебінде мұғалім болған. Мұғалімдер даярлайтын құрстан алған біліміне қанағаттанбаған Тұрлықан 1925 жылы Семейдегі қазақ педтехникумына оқуға түсіп, техникумда үш жыл оқып, үй-ішінің тұрмыс жағдайына байланысты қызмет істеуге тура келеді. Сөйтіп, 1928-1930 жылдары Аялөз аудандық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқарады.

1930 жылы Семейде «Колхоз жастар мектебі» деп аталатын мектеп ашылды. Орысша «Школа колхозной молодежи» дейтін де, қысқартып айтқанда «ШКМ» дейтін. Осы мектептің мүдiрі болып Тұрлықан Қасенұлы тағайындалыпты.

Біз Ертістің сол жақ жағасындағы Жанасемей қаласында тұратынбыз. Орта жатақта Тінібай мешітінің жанында, Пушкин көшесінде төрт бөлмелі үйіміз болатын. Әке-шешем, екі кішкентай інім – бір үйде бес жан болатынбыз. 1930 жылы күз айының бір күні біздің үйге Тұрлықан келіп, әкеме сәлем беріп, үй ішімен амандасып, хал-жай сұрастырып, әңгімелесіп отырып, біраздан кейін Тұрлықан:

«Мұхамедқан аға, Сізге әдейі арнап келген шаруамды айта отырайын. Осы Жанасемей қаласында жаңадан жеті жылдық мектеп ашылатын болды. Сол мектепті басқару жұмысы маған жүктеліп, мүдiр қызметіне тағайындалып отырған жайым бар. Қалаға қызметке келетін болған соң, мұнда тұратын пәтер үй жағдайын сізбен ақылдаспақ едім», деді. Менің әкем:

«Мәртебен қайырлы, құтты болсын. Тұрлықан қарағым! Бөтен адам емессің, жан тартып, жақын көріп келгеніңе рах-

мет. Үй іздеп әуре болмай-ақ қой. Біздің үйде тұра бер, құдайға шүкір үй жетеді», – деді.

Тұрлықан ағамызды алғаш көргенім осы еді. Он төрттен он беске аяқ басқан кезім, әкем алпыста болатын.

Сөйтіп, 1930 жылы тамыз айы болса керек, Тұрлықан ағамыз Менке (Меңдіхаят-ред) жеңгемізбен екеуі Аякөзден көшіп, біздің үйге келді. Әке-шешем бұларды ақ көңіл, адал жүрегімен құшақ жайып қарсы алады, алдын ата даярлап қойған бөлмеге жайғастырады.

Тұрлықан менің әкемнің туған інісіндей Менке шешемнің сүйікті келініндей боп кетті. Көңіл күйлері жарасып, сыйлас-сырлас болған екі үйдің аяқ-табақтарына шейін аратасып, көбінесе бір дастарханның басында бас қосатын болды.

Кешкі уақытта Тұрлықан мен әкем екеуі оңаша әңгімелесіп отырады. Біз үлкен кісілердің сұхбатына қатыспаймыз.

Көңілі түскен кезде Тұрлықан ағамыз домбыра тартып, ән салады. Абайдың өлеңдерін, Әріп акынның өлең-жырларын жатқа айтады. Біз үй-шімізбен құмарта тыңдап, мәз-мейрам боламыз.

Тұрлықан сұңғақ бойлы, кең нықты, кеуделі, басын үнемі жоғары ұстап, тіп-тік жүретін, сымбатты адам еді. Тілге шешен, баптап, байсалды сөйлейтін, майда қоныр дауысы құлаққа жағымды, жарқын жүзді, ақ көңілді азамат болатын.

Мектеп жоғарғы жатақтағы Исабек дейтін байдың үйінде ашылды. Мен бесінші класка оқуға түстім. Мектептің (ШКМ) мүдірі және қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғаліміміз Тұрлықан ағамыздың өзі болды.

Қазақ тілі сабағында ең алдымен тіл деген сөздің мағынасын түсіндіреді. Қазақ халқы өнердің алды сөз деп білетінін айта келіп: «Өнер алды – қызыл тіл» дейтін халық макалын келтіре отырып, қазақ тілінің байлығын баяндап, ана тіліміздің өзіне тән ерекше жақсы қасиеттерін талдап айтып, құлағымызға құйып береді. Мұғалімнің әрбір сөзі соншама ұнамды әрі нанымды болғандықтан көңілімізге қона кетеді, оқушы шәкірттерін қызықтырып, ынталандырып, баурап әкетеді. Мұғалімнің айтқандарын қолымыздағы оқу кітаптардан кездестіре алмаймыз.

Тұрлықан мұғалім тіл туралы түсіндіріп, әбден ұғындырып алған соң барып, қазақ тілінің ережелерін түсіндіруге кірісетін.

Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, септеу... дегендерді қарапайым тілмен, акын-жазушылардың шығармаларынан мысал келтіріп, оларды сөйлем мүшелері бойынша талдап беретін. Тіл ережелерін түсіндіруге келгенде мұғалімнің қолданатын тәсіл-таламы, тамаша шеберлігі сүйсіндіріп, таңғалдырушы еді.

Әдебиет пәнінен сабақ бере бастағанда, алдымен әдебиет деген сөздің мағынасын айқындап, ашып түсіндіретін. Көркем әдебиеттің өзіне тән қасиеттерін анықтап, атап ұғындырып, жеріне жеткізе сипаттап беретін. Көркем әдебиеттің тарауларын айта кетіп, ақындық өнерді айрықша атап: «сөздің асылы - өлең» дейтін де, Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» дейтін өлеңін нақышына келтіріп, жатқа айта жөнелгенде жанымызды жадыратып жіберетін. Өлеңнің терең мазмұнын түсіндіріп, көркемдігін көрсетіп, талдап беретін.

Нағыз акын көргенін, сезгенін, айтайын деген ой-пікірін, ұнатқан, я ұнатпаған нәрсесін жайі жалаң сөзбен баяндап, дәлелдеп жатпайды. Көрікті бейнемен, кестелі көркем сөзбен суреттеп береді дейтін. Осы айтқандарының шындығына көзімізді жеткізу үшін Абайдың «Аттың саны» өлеңін мәнерлеп оқып беріп, жақсы атты ақынның қалай сипаттап, көркем суреттеп, жануардың жанды мүсінін көз алдымызға әкелгенін көрсетіп, ақындық өнердің қасиетін осылай түсіндіруші еді. Абай өлеңдерін жаттап, өлең сөздерін дұрыс айтуды үйретеді.

Абайдың табиғатты суреттейтін өлеңдеріне көп көңіл бөлетін еді. Әсіресе, «Қыс» өлеңіне келгенде, қысты: «Ақ киімді денелі, ақ сакалды адам бейнесіне суреттеу Абайдан бұрынғы және соңғы қазақ ақындарында болған емес деп түсіндіріп, «Қыс» өлеңінің ерекше көркемдігін сипаттап беретін.

Акын-жазушылардың шағын көлемді шығармаларын көрсетіп беріп, шығарма жазуды үйретіп, баулушы еді.

Тұрлықан ағамыз сабақ беретін ағамыз ғана емес, нағыз өнегелі ұстаз еді. Менің келешекте қолыма қалам алып, әдебиет жолына түсуіме игі әсер еткен, көп тағлым алған алғашқы ұстазым Тұрлықан Қасенұлы ағамыз болды. Тұрлықан ағамыздан екі жыл сабақ алдым, екі жыл бір үйде бірге тұрдық. 1932 жылы Болат дейтін баласы дүниеге келді.

Табиғи дарынды акын, әдеби сыншы, журналист әрі өнегелі педагог – сегіз қырлы өнерпаз Тұрлықан Қасенұлының бойы-

на біткен бар қасиетін бір мақаламен жеткізу мүмкін емес. Әйтсе де, өз халқының ән-күйін ерекше ыстық көңілмен, жан-жүрегімен сүйген Тұрлықанның әншілік өнерін атап айтуымыз керек. Бұл мәселе жайында тарихи деректі мағлұмат бар. Біздің үйде тұрған жылдары (1930-1932) Тұрлықан ағамыздың домбыра тартып, ән салғанын көрген едім.

Александр Затаевичтің 1931 жылы Алматыда басылып шыққан: «500 казахских песни и күйев Адаевских, Буксевских, Семипалатинских и Уральских с предисловием и 403 примечаниями автора» деп аталатын кітабы қолыма түсті. Кітаптың сөз басында 1926 жылы Семейге келетінін айта келіп: «Сначала я работал там в самом Семипалатинске, а затем выехал в Каркаралинскую степь!...», – дейді.

Тұрлықанды кітаптың «Семипалатинский отдел» деп аталатын бөлімінен кездестірдім. «...Хаснов Турлыхан» депті де, оның айтып берген он үш әнін нотаға түсіріпті. Затаевичпен кездескен кезде Тұрлықан казак педтехникумында оқушы болатын.

Александр Затаевич Тұрлықанмен қандай жағдайда кездесіп, қалай танысқаны жайында өте қызықты етіп, әдемі суреттеп жазыпты. Сондықтан Затаевичтің әңгімесінен өзі жазған калпында, өз тілінде шыркын бұзбай беруді мақұл көрдік.

«Проживая в Семипалатинске, я как то поехал, в поисках песен, на левый берег Иртыша в лежавший против нас казахский городок Алаш. Моста тогда в (1926 году) там не было и пересеч широкое полотно могучей полноводной реки можно было только на пароме или же на маленьком пароходике. Я выбрал второй, более быстрый способ передвижения и вскоре обратил внимание на одного юного лет 20 с небольшим казаха, спокойной и апатично глядевшего по сторонам и зажатого, как и я, в тесную массу разнохарактерных пассажиров, сгрудившихся в маленькой каюте

Когда же наш пароходик причалил к противоположному довольно пустынному берегу и публика стала расходиться, - я увидел, что молодой казах быстрыми шагами, не оглядываясь, двинулся по направлению к городишке, а вернее – к ряду глинобитных приземистых мазанок, расположенных насколько выше по течению.

Мне пришла мысль его окликнуть, - так как в этой обстанов-

ке я положительно не знал, куда же мне собственно идти и где чего искать. Молодой человек остановился и дальнейший путь к «городу» мы уже продолжали с ним вдвоем.

Я узнал, что мой спутник – мугалим Турлыхан Хасенов, и что к моему величайшему изумлению! – он меня хорошо знает, так как присутствовал при том, как я записывал песни его товарищей.

– А вы сами-то поете?

– Пою!

– Дадите мне несколько ваших песен?

– Конечно

– Так почему же вы ко мне не подошли сами, а готовы были уйти, ничем не выдав того, что меня знаете и моей работой интересуетесь?

Но на этот мой последний вопрос Хасенов вообще очень слабо изъяснившийся, по-русски, не мог уже ничего ответить. Вернее всего, что молодой скромный степняк просто стеснялся завести со мной знакомство по собственной инициативе и по природной замкнутости, ничем не выдал желания это сделать.

Таким образом только случай, только мой личный почин (отмечаю это в назидание молодому поколению собирателей песен!) дали мне счастливую возможность умножить свою коллекцию 13 очень ценных аульных записей, в работе над которыми я засиделся в Алаше до самой ночи, когда давно перестали курспровать и паром и пароход.

Пришлось нанимать в полном смысле слова – ушлый член, и на нем, всего за какой-нибудь рубль перевозной оплаты, испытать весь бодрящий риск ночного путешествия в описанных выше условиях, когда мои лодочники, два коренастых казаха, не только действовали с изумительной мускульной силой веслами, но даже влезли в воду, чтобы оттолкнуть нашу лодку от заросшего кустарником острова, куда ее гнало водоворотом. (288-бет).

Енді Тұрлықанның айтып берген әндерін Затаевичтің жазбасы бойынша атап өтейік.

«Ардак» – Бұл әнді Ғаббас Айтбаев пен Жүсіпбек Аймауытовтан жазып алғанын айтады.

«Сәулем-ай, сәулем», «Қайырма» – Бұл ән туралы Затаевич: «Очень красивая так и простоявшая в оперу, женская песня, полная глубокой грусти!...» дейді.

«Үрдай еккай», - Опять такі – чрезвычайно красивая женская песня. с богатейшей мелодией, переполненную печалью, – деп бағалайды.

«Түлкі тамақ» – «Женская песня».

«Қаракөз-ау» – Бұл ән туралы: «Женская песня», в которой слышится от звук великолепной песни «Үкілі қоныр үйрек» депті.

«Айбл» – женское имя.

«Аға жай»

«Айырылған»

«Ақ қайың»

«Лейлаш-ау»

«Сәулем-ай әлілэйім»

«Сәулем»

Сөйтіп, Тұрлықан бір ғана кездескен сәтте Затаевичке он үш ән айтып берген. Бұның өзі көркемдік жыршысы Тұрлықанның: өз өлеңін ән-күй қазынасын жетік білетін және туған халқының ән мен күй өнерін үлкен эстетикалық, терең ойшылдықпен бағалай білетін қасиетін көрсетеді

Затаевич жаздырған көп әннің ішінде Тұрлықанның өзі шығарған әндері де болуы әбден мүмкін. Бірақ, соншама кішіпейіл, сыпайы, биязы мінезді Тұрлықан өзінің ән шығаратын өнері жайында композиторға айтпаған болуы керек. Біз үшін тағы бір өкінішті нәрсе: Тұрлықан айтқан әндердің сөзін «өлеңнің» композитор жазып алмаған. Тегінде, Затаевич әннің сөзін жазуды мақсат етпеген.

Тұрлықанның он үш әнін Александр Затаевичтің жазып алып, тарихта қалдыруының өзі үлкен олжа.

*«Демократия», №2(24),  
ақпан, 2002 жыл*

\*\*\*

## ӨНЕР, ТЕАТР ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

---

### Театрдың жана ойыны

Театрымыз январьдың 14 - нен бастап Құсайынов Шахметтің үш актілі, алты картиналы «Боран» атты пьесасын көрсетіп жатыр, Шахмет драматургиялық білімі бар, театр мәдениетімен таныс жас драматургтің бірі.

Оның соңғы жылдарда жазған бірнеше комедиялары («Орақ үстінде», «Обыр», «Күлән» т.б.) колхоз-совхоз, өндіріс театрларында ойналып жүр.

Шахметтің еңбектерінің ішіндегі өзінше күрделісі осы «Боран» Пьесаның, оқиғасының тарихи дәуірінің қысқаша сипаты мынадай: азамат соғысының дәуірі. Қазақ даласында Алаштың аш қасқырдай атасұрған бандатары Колчакпен ауыз жаласып революцияға қарсы жанталасып күресуде. Революцияның ұлы күші, тасқындаған селі олардың үрейін атуда. Революцияның ұлы дабылы, нөсерлі дауысы Колчакты қалшылдатып алашты ақылынан адастырып жүрегін аузына, жанын мұрнының ұшына келтірді. Олар тұрған қасқырдай жау Арамдықтың, жауыздықтың сан алуан тәсіліне түскен, адамшылдық ардан айырылған кара жүрек қан ішерлер...

Автор осындай жағдайды көрсету үшін, жаудың образын: Алаш комитетінің бастығы Қоспанның (артист Жакенов Рысбек) ақтың штабының бастығы – Воронцовтың (артист Атаканов Н.) Колчак офицері – Еркожанын (артист Сарманов), алаш офицері Жасакбайдың (артист – Титаков М.) т.б. басынан көрсетпек болған

Бұлардың арқа сүйеген қазақ ортасындағы күші – қазақ байлары, ақ патшадан алғыс алған, мойнына қарғы салған обыр болыс Назар (артист Жолдын) сияқтылар.

Бұларға қарсы қойылатын положительный образдар – революционерлер. Пьесадағы басты геройтар Борис ысылған большевик (артист Б. Қалтаев), Боран Бористың жолдасы (артист Н. Абншев) Сабыр – оқыған жігіт, коммунист (артист – М. Өтемісов), Бадығұл – оқыған қыз (артистка – Г. Әбдірахманова). Пьесаның оқиға желісі қазақ халқының Боран бастаған революциялық ұлы күресін, большевик партиясының басшылығын, ұлы орыс про-

летарнатымен қазақ еңбекшілерінің достық бірлігін көрсетуге негізделіп құрылған. Қазақ жұмыскері Жұмаш (Ш. Қалтаев) кондуктор (Әбілтайев), Ефим – машинист (С. Қыдыратин) партизан - Әміржан (С. Сарсенов), Есім (Б. Сарсенов). Бұлар бір тілек, бір мақсаттағы, орыс, қазақ еңбекшілері.

Пьесада бұлардан басқа қиялшыл оқымысты жігіт Төспай (артист – Садақбаев) көрсетіледі.

Воронцовтың штабы алынуы, жаудың жеңілуі Қызыл Армия мен партизан отрядының қосылуымен оқиғаны аяқтайды.

Пьесаның құрылысы, қысқаша айтқанда, осындай.

Автор революциялық жолдағы ұлы күрестің бір белесін көрсету мақсатын алдына қойған.

Перде ашылды. Қасында Боран (Абишев), Сабыр (Өтемісов), Борис (Қалтаев) (шын беріліп).

Сібірдің шахтасының шыңырауында.

Име бас, ірілік қыл, шыда – шыда

Ауырлық бұғау түсер, кісен сынар.

Ашылар қараңғылық зындан құтар.

Бостандық қуанышпен құшақ жайып.

Ұстатар қытышыңды тұрысқандар!

*(«Сібірге хат». Пушкин пьесада толық келтірілген).*

Басты герой Бористың осы сөзімен пьесаның бірінші актісі ашылады. Артист Қалтаев Б. ысылған революционер практикасы мол, теориялық білімі терең, алғыр ойлы, тар жол тайғақ моменттерде жылдам ойлап жол тапқыш, елді ерте білетін, ер жүректі революционер, жалынды орыс большевикінің образын бере алмады.

Пушкиннің революциялық рухта жазылған жатынды өлеңін салқын қанмен, қоныр дауыспен жай тізбектеп айтып шықты. Пьесамен туратай таныс емес адамдар не айтып тұрғанын ұққан да жоқ болар. Қалтаев ұлы акынның өткір тілді, өршіл өлеңіне зрительдің назарын аударып, тиісті әсер беріп, елді баурап әкетуі керек еді. Көркем сөздің көркін поэзиялық қасиетін, құнды мазмұнын көрсете алмады.

Бұл актерға үлкен кемшілік. Актер көркем шығарманың жақсы орындаушысы болуы керек. Байділда өзінің әдебиеттік білімнің жеткіліксіздігін көрсетті. Пьесаның басынан аяғына шейін Борис бір қалыпта. Оның бір сәлт еткенін көрмейсің. Оның ойыны баяу бір қалыпта өтіп жатады. Актың штабына Та-

рабу хін болып келгенде де киімнен басқа өзгерісі жоқ. Байділданы осындай кемшіліктерге кездестіретін ізденудің атқаратын рөлінің өзгешелік жағына көңіл бөліп, оны зерттеу жұмысының аздығы ғой дейміз.

Борис революцияның ұлы дүбірінде қан майданда кайнап жүрген революционер большевик емес пе?!

Бұл рөлді атқару өте жауаптылықты тілейді. Тарихи жағдаймен жете танысуды революционер большевиктердің өмірін ісін терең зерттеуді керек қылады. Сонда ғана актер алдындағы міндетті толық түсініп, образ жасай алуы мүмкін. Байділданың қай ойынында болсын, бір сарынды сөз бұлтқаны, қоныр дауысы, қолайсыз қозғалыстар: орынсыз қол сілттеу, ретсіз жүріп кету (Боранға Омбы тұрмесінен қатай қашқанын баяндап отырғанда, актың штабында жүргенде т.б.) көп жерлерде кездеседі. Қозғалыстың да орны бар. Жэсть – (қол. бас. нық. және басқа дене мүшелерінің қозғалысы) адамның сезімін, ойын білдіру үшін, не сөйлеген сөздің мағынасын күшейту үшін керек нәрсе ғой. Кейде, тіпті, сөз орнына жүретін жері болады. Сондықтан сөзді ретсіз қолданудан пайда аз. Актерге аса қажет нәрсе мимика (бет құбылысы) мимика арқылы қайғыны, қуанышты, ашуды т.б. құбылыстарды бере білу. Міне осы мимиканы Байділданың бетінен көре алмаймыз.

Қазақ батырдың ашуын:

«Буырканды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тұрды» демей ме?

«Жарқын жүзді», «Жылы шырайлы», «Қабағын қарс жауып», «Көзі оттай жанып» т.т.

«Қайғың қыс, күлкің жаз» демей ме Абай Экраннан Чапасев, Щорс т.б. геройлардың, түрлі адамдардың әр жағдайдағы бет бейнесін, қозғалысын көріп жүр емеспіз бе! Осы айтқандардың бәрін көріп, біліп қана қоймай іс жүзінде керекті жерге үлгі ету керек қой.

Байділданың Борис рөліндегі тағы бір жетіспегендіктері оның Боран, Сабыр және басқа өз адамдарымен сөйлескенде революция жайында сөйлегенде, түсінік бергенде, іс тапсырғанда бір сарында, бір қатыпта қатып қояды. Артист революционер большевиктің бойындағы қасиеттерін түгел ашып бере алмады.

Бористың грим костюмі де келісімсіз. Партизандарды бастап келіп штабты алғанда да коржынып жабайы шолак фуфайкамен жүреді. Қызыл командирдің өзіне лайық киімі, асынған қару сайман, полевая сумка... қайда?

Пьесаның өзінде де көп кемшіліктер бар. Бористың іс әрекеті өте аз берілген, оны бұдан да көбірек көрсету керек еді. Жаңа автордың бұл жөніндегі үлкен бір кемшілігі бір актіде Жасакбай (Алаш офицері) өздеріне арест жариялағанда Борис Сабырға айтады:

«... Мына офицердің пух-прахын шығармасаң... ұтыламыз, орында!» дейді. Сол арада Жасакбай қолға түседі. Борис оның қару-жарак, офицерлік киімін сыпыртып алады. «біз үшін үлкен керекті бар», «әзірге осы сыйымен қала тұдарсың Алаш офицері»,— деп оны тірі қалдырады да «Жолдастар! бірінші план полковникке»,— деп кетіп қатады.

Тәжірибесі мол, революционер – большевик осылай ете ме екен? Сабырға жаңа ғана «пух-прахын шығар, ұтыламыз», — дегені қалай? Борис оны неге тірі қалдырады. Барлық планын естіп Жасакбай аман-есен қала береді. Бұл жер Бористың образына әсер етеді. Автор Жасакбайды неге тірі алып қалды! Бористарды әшкерелету үшін өлтірмеген ғой?! Оқиғаны Жасакбайсыз-ақ өрбіте беруге болады ғой.

Бориска берген автордың сөзі туралы бір-екі сөз.

Борис Боранды жігерлендіру үшін өзінің Омбы түрмесінен қашқанын айтады. Оның өзі де адамды сүйіндіретін, шындыққа жанасымды ерлік емес сияқты. Оның орнына революция көсемдерінің, азамат соғысының геройларының үлгілі істерінен, тар замандағы ауыр халдерінен мысал келтіру қолайлы сияқты және Бористың сөзінің негізі Батыс Еуропаға жататын сияқты. Бізше большевик партиясының революциялық күресінің тарихымен, оның көсемдері Ленин – Сталиннің аттарымен ұштасып жатқан, саяси мазмұны ашық, өткір тілмен сөйлеген дұрыс болар еді.

Бомаршенің Фигаросымен астарламай-ақ Сабырға конкретті тапсырма беріп, ол міндетті қалай атқару жөнінде тәжірибелі революционердің нұсқау бергенінен не зиян. Қайта Бористың образы бар жағынан ашылып, зритель алдында онан сайын айқындалмай ма!

Автордың кемшіліктері жөнінде айтатын сөзіміз көп. Оны

бұл мақалада толық жазуға мүмкін емес. Сондықтан басты образдардың ойынына тоқталғанда шамалап айта кетпекпіз.

Боран (Абишев) пьеса аттас басты герой. Автор Боран арқылы казак революционерінің азамат соғысының жалынды геройын көрсетпек болған. Бұл пісіп жетпеген образ. Боран ауылда тығылып жатқаннан басқа айтарлықтай ештеңе бітіре қоймайды. Оның казак даласында сонынан халықты ертіп, топ бастаған ұйымдастырушылық рөлі іс жүзінде көрсетілмейді. Ол көбінесе өздері көтеріліп жатқан қаладағы депо жұмысшыларының арасында болады. Пьесаның ішіндегі адамдардың аузында аты көп аталып жүргеннен басқа Боранның аса көрнекті істері толық көрсетілмейді. Сондықтан бұл образдың олқылық жақтары бар. Абишев Боранды ауылдың ер жүректі, бір кісіге әлі келетін, пұшпақ бөрікті, желбегей бешпентті казак жігітінің дәрежесінде көрсетті.

Актер Боранның революционерлік жақтарын толық ашып бере алмады. Актердің әлі де ойнауы керек.

Сабыр (М. Өтемісов) казак интеллигенті, коммунист «Борандағы» бір дұрыс көрсетілген образ осы Сабыр образы. Революциядан бұрынғы казак интеллигенциясы туралы автор дұрыс ұғым берген. Мысалы: «Амангелді» пьесасында, киносында казак интеллигенцияларының отрицательный образдары ғана (алашордашыл жаулар) көрсетіліп, казак оқығандарынан революцияшыл интеллигенттер жоқ есебінде қала берген. Ол қате.

«Боранда» алашордашыл оқығандарды, халық жауларын көрсетумен бірге, казактан шыққан интеллигенцияның халық жағындағы өкілі етіп революционер Сабырдың образы берілген.

Мәжіт өз образын дұрыс түсінген. Ол пьесаның басынан біртіндеп образдың сыр сипатын ашып көрсете білген. Оқиға шиеленісіп, кульминациялық нүктеге таяған сайын Сабырдың образы күшейсе береді. Оны Жасакбай әшкерелегенде Сабырдың сөйлеген революциялық жалынды сөзі халыққа күшті әсер етеді. Зритель қол шапалақтап қарсы алады. Воронцовтың қолынан қаза табатын жерінде Мәжіт дұрыс бере білді. Халық үшін күрес жолындағы табандылық, жау қолында қажымай, геройлық жолдан табаны елі таймай қаза табу адамның патриоттық рухын көтеріп жауға өшіктіреді. Сабырдың өзгешелік жағы бар. Ол жауды жетектеп, ертіп әкететін қу, өзі сөз тапқыш, сыртқы

құбытысы мен сырын жауып, ол сөзіне кімді болсын нандыра алатын сегіз қырлы адам. Мәжіт Сабырдың осындай жақтарын әлде болса ашыңқырап беруі керек.

Бәдіғұл – оқыған қыз. (Әбдірахманова) революциялық күресте болады. Бірақ, Бәдіғұл актың штабында. Алаш комитетінде алшандай аттап жүре береді. Оны ешкім елеп - ескермейді. Не істеп жүрген қызметі жоқ. Автор Бәдіғұлдың пьесадағы орнын дәлелді етіп бере алмаған. Оны Қоспанның не Ерқожаның туыс жағынан бір жақыны етіп көрсете отырып, революционерка етіп шығаруға да болады ғой. Жаңа коллекцияға байланыстыра отырып, Боран мен Бәдіғұл арасындағы махаббат мәселесін ашыңқырап көрсеткен дұрыс сияқты. Әрине, Бәдіғұлдың басынан қазақтың оқыған революционерка қызының бейнесін көреміз. Артистка Әбдірахманова пьесадағы көлемде рөлін дұрыс түсініп жақсы орындап шықты.

Төсбай (Садақбаев) оқыған қиялшыл адам. Ол әділдікті, адамшылдықты көксейді. Жауыздықтан жігіркенеді. Аласапыран уақытта ол жол таба алмайды. Батыл бір жолды ұстап іске кірісе алмайды. Ақырында революцияның айбындықты туының астына келіп, тұманданған ойдың, түпсіз қиялдың шырмауынан шығып, шындықтың даңғыл жолына – революциялық жолға түседі. Артист Садақбаев Төсбайдың рөлін негізінен дұрыс аткарып шықты. Артистің көңіл бөлетін Төсбайдың мынадай жақтары бар: Оның сыры сөзінде. Төсбайды ісі емес сөзімен ашып көрсету ғана болатындығы түсінікті. Сондықтан Омар оның сөзін халыққа толық жеткізуі керек. Төсбайдың сөзі жеңіл күлкінің сөзі емес, жеңіл сезімнен гөрі ақылға әсер етуі керек. Зритель Төсбайдың сырына қандай, сыртына күлетін болмасын. Артистің есіне алатыны осы жағы болуы керек. Алдына ашық мақсат қойып, сол үшін күресте жүрмеген адамның мағыналы іс - әрекетінің болмайтыны бізге мәлім. Төсбай алғашқыда солай. Ал кейін бүтіндей Борандарға қосылғанда Төсбай өзгерген адам, әділеттік жолға түсті. Артист осы жақтарына да көңіл бөлгені жөн.

Пьесадағы шиеленіскен оқиғаның күрес желісінің бір жақ қазығы отрицательный адамдар жағы. Олар революцияның жауы. Алаш комитетінің бастығы Қоспан (артист Жакенов Р.), актың штаб бастығы Воронцов (артист Атаханов Н.) Колчак офицері Ерқожа (артист Сарманов), Алаш офицері Жасакбай (артист Титиков) Назар болыс (Жолдін) т.б.

Автор осындай жаулардың шындық бейнесін, әрекеттерін пьесада толық аша алмаған. Қоспан. Алаш комитетінің бастығы оның предательдік рөлі әлсіз берілген. Оның казак халқын сатушы жаулығын іс жүзінде айқындап, адам жиіркенерлік бейнесін көрсету керек еді. Ол кіріп, шығып бостан бос жүреді. 4-картинадан кейін Қоспанның пьесада атқаратын маңызды ештеңесі жоқ, босқа жүреді. Ең болмағанда Сабырды өлтіруді Қоспанға берген жөн болар еді. Онда Қоспанның қолы қанданған жауыздығын көрер едік.

Артист Жакенов Р. өз рөліне сай костюм киіп, дұрыс гримделген. Пьесадағы аз іс әрекеті берілген рөлді айқындап көрсете алды. Бір кемшілік Алаш комитетінің кеңсесінде Қоспанның отыратын орны болуы керек қой дейміз. Хатшы мен екеу ара бір стол, келіспейтін сияқты.

Артист Атаканов Н. Ақтың штаб бастығы Воронцовтың адам қанынан сол ағызған, қорқау генералдың адам шошынарлық сұм бейнесін зрительдердің көз алдына әкелді. Ол тіпті адамдық бейнесінен айырылған зұлым, күле де білмейді, күлкісінен залымдықтың салқыны келеді.

Колчак офицері Ерқожа (Сарманов) пьесада ақыл, сезімінен адал болған, түйіткісіз бір қуыс кеуде. «Так точно!» деп тәштііп тұра қалғаннан басқа қолынан келері жоқ, жанды сурет. Артист Сарманов автордың Ерқожаға берген мінез құлқын, жүріс – тұрысын, аудармай орындап шықты.

Алаш офицері Жасакбай артист (Титаков). Пьесада бұған әжептәуір орын берілген. Бірақ, ол оп-оңай атдауға түсіп қалғыш, көз алдында жүрген жауын ұстай алмайтын олақ етіп көрсетіледі. 4-картинада Бориспен Сабырдың барлық сырын біліп тұрып, сөзін естіп тұрып еш нәрсе істей алмайды. Штаб солардың қолында емес пе?!

Титаков өз рөлін жап-жаксы атқарды. Тағы айтамын, Титаков сөзді аса жылдам сөйлеп ұғымына көп зиян келтіреді. Бет құбылысы, жүріс-тұрысы бұрынғы ойындарына кете береді.

Бірінші актінің, екі – картинасында Жасакбайдың киіп келген киімі аса ұнамсыз. Ол қазақтың жөні тұзу жабайы киімімен келу керек. Соншалық мүсәпір халіне жеткен жоқ қой.

Артист Жолдың, патшадан шен алған обыр болыстың образын толық бере алмады. Ол Жоламанға күш көрсеткен жерінде камшысын селтен-селтен еткізгеннен басқа ештеңе көрсете алмадық. Ескі ауылдағы әйеліне қоқаңдайтын Қодар еркектің

дәрежесінен аса алмады. Назардың Скобиннен жоғары екенін артист есіне алуы керек.

Автор отрицательный образдардың әлсіздік жақтарын ғана баса көрсетіп, бір жақтылық істеген. олардың айлалы сұрқия, қауіпті жау екендігіне көңілді аз бөлген. Қайта олардың жауыздықтарын ашыңқырай көрсетіп күшті күреспен жеңгізу керек еді. Тарихи шындықтың өзі де солай ғой. Ал, олар ылғи аңқау сияқты. Соғыс штабы жай кенсе сияқты әркім кіріп-шығып жүре береді. Тіпті Төспайлар түн ортасында штабқа келіп, жайбарақат шалқып отыра береді. Күзет жоқтың қасы. Ондай жаумен күрестің өзінде көп күшті керек қылмайды ғой. Жөніне кіріп алып сытырлата беруге болады ғой. Тарихи шындық бұлай емес.

Революция оңайлықпен орнаған жоқ. Ат бауырынан қан ағып, күшті күреспен, талай ерлер құрбан болып орнады емес пе?!

Пьесадағы аз ойындарымен көзге түскен артистер: Әбілтаев, Байырманов, Нұрикенова, Әлжанова.

Орыстың тәжірибелі кәрі жұмысшысы кондуктордың рөлін Әбілтаев атқарды. Бұл аз болса да оңай рөл емес. Көп ойландыратын нәрсе. Ол сырты аңқаусыған, байыбына бармай еш нәрсеге аяғын қия баспайтұғын көпті көрген көне. Осындай адамның психологиясын Әбілтаев жап-жақсы берді. Бұл жөнінде Әбілтаев орыс әртістерімен тығыз байланыс жасап, ойының тереңдей түсінуге болады.

Қазақтың қанауды көп көріп ашынған шалының рөлін Қасен тамаша атқарды. Қасен қазақтың қандай шалының рөлін берсе де атқара алатындығын біз көріп жүрміз. Қасеннің осындай артистік бейімдігін режиссер, әрқашанда есіне атуы керек. Нұркенованың ойынында осындай шықты.

Әлжанова өзінің болымсыз рөлімен артистік шеберлігін көрсетті.

Адамшылық армен саяси сезімнен жұрдай санасыз генералдардың құты Скобиннің рөлін Құлатаев ойлағыдай орындады. Ефим туралы бір-екі сөз. Ефим жұмысшы – машинист. Ол революцияға берілген саналы жұмысшы. Ақтарды иттің етінен жөк көреді. Қолына түссе жүндөй түтетін қайнаған кектің, қайраттың пәсі. Қыдыратын рөлін негізінен дұрыс атқарды. Қыдыратиннің ойынында «Ақ қайындағы» қара құстың екі алабы Жұасбек, Жойқынбектердің сарыны барлығы байқалады. Актер олармен Ефимді салыстырып, араларындағы айырмашылықты ойлағаны жөн.

Есім (Б. Сарсенов) қазақтың саналы сырбаз жігіті. Артист рөлін дұрыс түсінген. Әміржанның партизандық ісі пьесада көрсетілмеген. пьеса көлеміндегі дәрежеде Сләш жақсы ойнады. Жәкім, Жәмиланың пьесада алатын аса маңызды орындары жоқ. Бұл рөлдерді орындаушы артистер де жақсы атқарып шықты. Ойынның көркін алып тұрған тағы бір кемшілік массовкадағы кісінің тіпті аздығы. «Кавалерия! Артиллерия!» деп шаттанып қарсы алып тұрған, алынған штабтағы большевиктерге келіп қосылған қызыл әскер төрт-ақ кісі. Массовкадағы адамның да белгілі дәрежеде даярлығыда болуы қажет.

Ойынның сахна құрылысында көп кемшіліктер бар. Бірінші актінің бірінші картинасының көрінісі нашар. Үшінші актідегі I-картинадағы подвал аса төмен. Ойыншылардың еркін қимыл жасауына, көріне ойнауына мүлдем мүмкіншілік жоқ.

Екінші актідегі 3-картина станция өте дұрыс көрсетілген. Поездің жүрісі өте шеберлікпен берілген. Гудогын беріп, дүрсілдеп өтіп жатқан поезд зрительді тура станцияның басына алып барады!

Бұл мақалада пьесаның кемшілік жақтарына толық тоқтай алмадық. Ол Мақалада мүмкінде емес. Ойынды екі-үш рет көргенде алған әсерден тұрған пікірді, әсіресе, жеке актерлердің ойынының қандай дәрежеде шыққанын кемшіліктерді көрсетуді дұрыс көрдік.

Істегі кемшілік, жетіспеген жақтарымызды уақытында көрсетсек, уақытында түзеуге болады. Әрбір актердің ойынына дұрыс сын көзімен қарау – оның творчестволық өсуіне көмектесу деген сөз. Николай Островский сияқты атақты жазушымыз Шолоховқа жазған хатында:

«...Кемшілігімді бетіме ашық айтатын адал жолдасты іздеймін-ақ, біздің бауырларымыз, жазушылар, шын пейілімен айтады-ау, тек дос ренжі көрмесін дейді. Ал, шын дос шындықты бетіне беті-жүзін демей батыл айтуға міндетті. Жетістіктен гөрі кемшілікті баса айту керек» – дейді.

Творчестволық іс үстінде кездескен кемшілікті аша отырып, оны түзей отырып, театрымыздың мәдени дәрежесінің өсуіне ат салысайық.

Өркендеген елдің өскелең тілегіне сай іс істейік!

*«Екпінді», 28.01.1940 жыл*

## Қазақ театрының ойыны туралы

Искусствомыздың өзгеше бір саласы – театрдың әлеуметтік өмірімізде алатын орны үлкен. Біз театр сахнасынан өмірдің сан алуан жақтарын көз алдымызда болып жатқан уақиғалардан көреміз.

Шындық өмірде, қоғам өміріндегі адам арасындағы қарым-қатынасты шындық өмірдегі түрлі адамның бейнесін, мінез-құлқын, өмірге көзқарасын, таптық мақсатын, адамшылығын – іс әрекетімен, қимылмен, сөзбен, ішкі сезіммен беріп жүрген актерлер арқылы көреміз. Ақыл, сезім арқылы түрлі әсер аламыз.

Халық батыры үшін күрескен ердің ерлігін, қайтпас қайратын, қажымас жігерін, айдынды айбатын, отты жүрегін, жарқын жүзін көріп, жалынды сөзін естіп сүйсінеміз, рух аламыз. Адат нист, ақ көңілмен сүйіскен махаббаты кіршіксіз таза жүректі жастардың өмірін көреміз. Ескі өмірде еркіндікке бой ұрған, бақытқа жұмылған, адамшылықты аңсаған адамдардың арманын, тілек мақсатын, үмітін көреміз.

Адамшылықтың шегінен шыққан жауыздықтың несі – қаны да, жүрегі де, жүзі де қара жіперкенішті адамның ішкі сырын, сыртқы түрін, істеген ісін көріп жіперкенеміз. Ыза пайда болып, жүректі қозғайды, кегіміз қайнайды...

Театр ойыны зрительге осындай әсер етуі тиіс. Мұндай әсерді жақсы пьесамен жақсы әртістің ойыны ғана бере алады. Пьесаның характеріне қарай, оның идеялық мазмұнына байланысты, актерлердің образдарды жеткілікті етіп, айқындап, ашып беруіне қарап зритель белгілі дәрежеде әсер алады. Театр ойынынан алған әсер адамға ой туғызуға, белгілі көзқарасқа салуға тиісті. Олай болса театрдың тәрбиелік ролі өте күшті.

Ендеше актердің де халық алдында жауаптылығы зор. Әрбір актер өзінің атқаратын рөлімен халыққа тиісті әсер беруі керек. Сонда ғана актердің жасаған образы көрген адамның ойынан ұзақ уақыт шықпайды, тіпті, ұмытылмайды қалады.

Актер өзінің атқарып жүрген образының ақиқатына халықтың көзін жеткізіп сендіру керек. Әрине, ол мақсат актердің сахна өміріндегі ойын процесінде іске асады.

Ол үшін актер өмірдің сан алуан бай салатарын жете бітуге ұмтылуы қажет, атқаратын рөлінің маңызын, мақсатын, характерін, өзгешелігін тағы басқа жақтарын толық меңгеруі қажет.

Әдебиет жанрлары ішіндегі ең қыны пьеса. Басқа жанрларда, (мысалы: роман, әңгіме, повесть т.б.) автор өзі туралай қатысып, айқындап, барлық жағын өзі көрсетіп беріп отырады.

Пьесада ондай әсер берілмейді, жазушының қатысынсыз пьесадағы адамдардың өз аузынан сөйлеген сөзі, істеген ісі арқылы образдың сыры ашылады, мақсаты көрінеді.

«Пьесадағы кісілер тек өздерінің ғана сөзімен көрінеді, былай айтқанда пьеса кісілері жазу, суреттеу тілмен емес, тура сөйлеу тілмен жасатып отырады. Мұны ұғынып қою керектіңің керектігі, өйткені сахнада артистердің көрсетуінде пьеса фигуралары көркемдік қасиетті, әлеумет ішінде болатын шындықты әйгілеу үшін әрбір фигураның сөзі мейлінше түсінікті болғанынша өз алдына өзгеше болу керек. Тек сонда ғана пьесадағы әрбір фигураның автордың айтып беріп сахна артистерінің көрсетіп отырған түрінде ғана сөйлеп, әрекет істеуіне зрительдердің тек сонда ғана көзі жетеді»-деді данышпан жазушы Максим Горький. Міне, пьесаның осындай өзгешелік аса қыны жақтары толып жатыр. Сондықтан актерлерге қойылатын талақта зор.

Актер сахна шеберлігін толық меңгеріп өз ісіне толық мән бермей адамның ішкі сырын жан сезімін, ісін толық беретін көркемдік жағынан мінсіз, ашық, айқын аяқтатқан образ жасай алмайды.

«Таптық белгі сүйел емес, жүйке мида болатын, ішкі, биологиялық нәрсе», – дейді Горький.

Адамның бойындағы қасиетін тек сырт қозғалыс арқылы ғана беруге болмайтыны түсінікті нәрсе. Актерлеріміз өзінің атқаратын рөлінің өзгелік, жекелік жақтарына көңіл бөліп жасатқан образдың осы жағын айқынырақ көрсету қажет нәрсе. Актердің міндеті жазушының міндетінен ешбір кем емес, актер, жазушының берген сөзін жаттап алып қана образ жасамайды, ол мүмкін емес.

Актер өзінің творчестволық фантазиясына кең өріс бере отырып, өмір шындығына сүйене отырып ізденеді, ойланады, толғанады, көп қыыншылықтарға кездеседі... Осындай актердің творчестволық күрделі еңбегінің нәтижесінен барып, мінсіз образ жасатады. Сонда ғана актер жасаған образын сезімге өсерлі, ақылға қонымды, шындыққа жанасымды етіп бере алады.

Жаксы жасалған образ актердің өз творчествосы. Актер өзінің алдындағы зор міндетті орындап шығу үшін театр өнерінің бай практикасына өзінің актерлік талантын ұштастыра отырып теориялық жағын күшейтсе ғана іске асырады. көңілдегідей образ жасай алады. зрительді тәрбиелей алады. Бұл міндетті актер алдына қоймаса оның творчестволық өсу өрісі тар көлемде қала береді. Үйреншікті онай ұсақ приемдардан айналып шыға алмайды.

Актер өзінің творчестволық жұмысын кең ұғып, театр мәдениетін толық меңгере алса, теориялық жағынан өсуге батыл бой ұрса театрымыздың мәдени - дәрежесі өседі. Халықтың өскен тілегіне сай жұмыс істей алады.

Актер-театрдың өскен өрісін творчестволық күшін, мәдениеттік дәрежесін көрсетуші Жасыратыны жоқ, біздің артистеріміздің көпшілігінің теориялық білімдері өте төмен. Бұл жағына театр басшылары көңіл бөлмейді. Кейбір актерлеріміз өзінің азды-көпті практикасына қанағаттанып іс істейтін сияқты. Теориямен тығыз байланысты болмаған практикалық істің өрісі тар болатынын естен шығармау керек. Актердің творчестволық өсуіне жөн сілтеп, жөн-жоба көрсетіп, актерді үнемі баурап көмек көрсетіп отырушы – режиссер.

Режиссер-театрдың творчестволық жұмысының ұйымдастырушысы. Біз режиссердің осындай шын мағынасындағы ұйымдастырушылық жұмысын көре алмадық. Кейбір актерлер сахнада өзін қалай алып жүруді толық білмейді. Актерлерге өзіне сай рөл бөліп беру режиссердің жұмысы. Ол үшін режиссер әрбір актердің өзгешелік жақтарын толық білуге тиісті. Образдың дұрыс берілуіне рөл бөлудің эсері үлкен екені даусыз. Мысалы: Егер режиссер Семей театрында Төлегеннің рөлін Қасенге бермеген болса онда жағдай басқаша болар еді.

Қасен Төлегенді көрсете алды деп айтуға болмайды. Төлеген әрі сері, әрі батыр, өз бетінен қайтпайтын қажырлы, жайықтың ақмарал, аруы Жібек құшағын жайып қарсы алған Базарбайдың бағыланы. Ал, Қасеннің ойынында ондай Төлеген жоқ. Қайғыдан қабағы ашылмайтын, бос белбеу жігерсіз, салқын қанды, тұйық жігіт болып көрінеді.

Әрине, пьесадағы Төлеген образы поэмадағы халық жасаған образдан төмен дәрежеде екені де рас.

Бірақ, бұл рөл Қасеннің актерлік бейіміне лайықталып

берілмеген. Рөлді былай бөлудің актерге де келтіретін қолайсыз жақтары көп. Қасеннің «Еңлік-Кебек» те (Еңліктің әкесі), «Амангелді» де (Итпай), «Боран» да (Жоламан), сияқты шалдардың типін тамаша етіп бергендігіне ешкім таласпайды. Біз, бұл жерде «Қыз Жібек» ойынына толық тоқталғалы отырғанымыз жоқ. Режиссердің жұмысын мысал үшін айтып отырмыз.

Пьеса үшін сөздің маңызының зор екендігін, сөйлеу тілі жоқ жерде пьесаның болмайтындығын Горький қатты айтады. Актерлердің сөзді дұрыс бере білуіне, сөздің әр жағдайда әр түрлі сөйленіп, ішкі переживаниеммен ұштасып жатуына, сөздің зрителіге ұғымды, әсерлі жеткізілуіне ұқыпты болу актердің ең басты бір міндеті. Актер сөзін шала жаттаса оның жасайтын қимылы, істейтін әрекетіне де бөгет болады, образды толық ашып бере алмайды. Осы жағына режиссер зер салып бақылап уақытында түзеп отыруы аса қажет нәрсе. Бұл жөнінде кемшіліктер көп кездесіп жүр.

Пьесадағы әрбір адамның өз басына лайықты өзгеше сөзі болады ғой. Онсыз ол адамның өзгешелігі де ашылмайды.

Мен «Қыз Жібектегі» Бекежанның аузынан мынадай сөз естідім.

«Еділдің бойы ең тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге,  
Мал толтырсам деп едім  
Еңсесі биік ақ орда,  
Еріксіз кірсем деп едім.  
Керегесін қиратып,  
Отын етсем деп едім.  
Туырлығын кескілеп,  
Тоқым етсем деп едім!..», —

дейді. Бекежан Төлегенге ризалығын білдіріп, махаббатты жүрегін берген Жібекке ыза болғанда.

Бұл сөз ханға, патшаға қарсы халық көтерілісінің басшысы болған, сол көтерілістің идеологы, жалынды халық ақыны Махамбет батырдың Баймағамбет Сұлтанға айтқан сөзі. Бекежан Махамбет сияқты халықтың қамы үшін, қан майданға шығып ханға, бай, сұлтандарға қарсы күрескен ер емес. Махамбет пен Бекежанның үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бекежан халық ұғымында жағымсыз образ. «Еділдің бойындағы ең тоғайға

ел қондырып», елдің көсегесін көгертейін деп жүрген жоқ. Қайта жазықсыз жас жанның қанын төккен, қарақшы атанған жау ыздықтың бейнесі.

Махамбеттің геройтық, патриоттық рухта айтылған асыл сөзімен Бексжанның образын күшейтуге болмайды. Махамбеттің ол сөзі қызға ашуланған қызғаншақтың айтатын сөзі емес. Саяси мәні бар сөз!

Махамбеттің сөзін Бексжанға автор берді ме, жоқ театрда қосылған ба бізге белгісіз кім берсе де дұрыс деп айта алмаймын. Бұған режиссер мән беріп, ойлауы керек.

Театр коллективі сахналық өнердің шеберлерінің тәжірибелерінен үлгі алу, олардың еңбектерімен туратай танысу, әдебиет классиктерінің көркем шығармаларын, фольклорлық шығармаларды толық меңгеру, саяси білімін тереңдетумен ғана театрымыздың мәдениеттік дәрежесін көтеріп, анық творчестволық бастын көрсете алады.

Жеке актер сахнадан өзін-өзі көрсетуге ғана талпынбай коллектив болып театрдың халық алдында үлгілі жұмысын көрсетуге тырысуы керек. Биылғы сезонға театрымыз даярлықсыз кірісті. Қыс ортасында сахнада бұрыннан қойылып жүрген «Терек көл» мен «Қыз Жібекті» ғана көрсете алды. Тек 1940 жылғы январьдың 14-нен бастап қана «Боран» қойыла бастады. «Боран» жайында пікірімізді екінші мақалада айтпақпыз.

Театр ойынындағы кемшіліктерді уақытында айта отырып, жетіспегендікті уақытында жойып отыруымыз керек.

«Пайданы көрсен бас ұрып,

Мақтан іздеп қайғы алма!

Мініңді ұрлап жасырып,

Майданға түспей бәйге алма» – дейді Абай.

Театр ойынының кемшілігін дұрыс көрсетіп, актерлерге көмек берерліктей большевиктік батыл, әділ сын керек.

*«Екінші» 26.01.1940 жылы*

## Қазақтың тұңғыш ансамблі

Біздің заманымыз талант песін талап тұлпарына мінгізіп, қолына ұлы өмірге мандат берген – Сталин заманы. Сол талант песінің бірі Сара:

Көп ұлттын тілінен,  
Әсем назды үнінен,  
Дариядай тасып шалқыған,  
Ескектеген күйінен  
Токсан тоғыз толқыған,  
Жүз бұралған біннен...

Қазақстанның XX жылдық тойына арналған шашуын көрсету ге Семейге келді. Семей халқы қазақтың талантты кызы Сараның келуін асығып күткен еді.

Қазақстанның орденді халық артисткасы Сара Жандарбекова августың 28 нен бастап таскындаған талантының, өркендеген өнерінің жемісін Семей жұртшылығына зор абыроймен көрсетіп жатты. Қазақстанның XV жылдық ұлы мерекесінің құрметіне Сара өзінің ансамблі аз уақыттың ішінде құрып, халық алдына тартып отыр. Сараның соңғы уақыттағы бұл табысын Семей халқы құшақ жая, жыты жүрекпен қарсы алды.

Сараның репертуарына 20 ұлттың: Қазақтың, орыстың, грузин, украин, өзбек, тәжік, әзірбайжан, татар, башқұрт, қытай, карел-фин, кыргыз, монғол т.б. ұлттардың өлең, ән, билері бар. Жыпырма ұлттың тілінде өлең айтып, ән салып билеу ғана емес әр ұлттың өзіне тән характерін, мінесін ұлттық өзгешеліктерін, әр жағдайдағы (қуаныш, күйініш, сүйініш, махаббат, әр түрлі көңіл күйін...) ішкі, сыртқы қалпын сөзбен, әнмен, қозғалыспен бере білу әркімнің қолынан келетін нәрсе емес екені белгілі.

Әр ұлттың өзгешеліктерін игере білу үшін сол ұлтты шын сүйіп, оның сырына терең бойлап, жүрегін білу қажет болса. Сараның басынан осы айтылғандарды толық көреміз. Сараның 10 жылдай театр сахнасындағы, пәлестрладағы өмірі, қажымай, талмай халқы үшін еткен еңбегі өзінің тиісті нәтижесін берді. Сара казак халқының ұлт мәдениетін меңгере отырып, ұлы орыс халқының және басқа елдердің мәдениетінен үлгі алып, түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркем өнердің шыңына

өрлеп өсіп келе жатқан күшті таланттың иесі екендігі халыққа белгілі.

Сара казак биінің өсіп өркендеп, мәдениеттеніп, аяқталған мазмұнды сатыға жетуі жөнінде сүйсінерлік еңбек сіңірді. Қазак искусствосының 1936 жылы Мәскеуде болатын декадасында СССР-дің жүрегі сүйікті астанамыздың халқының, еңбекші халықтың ұлы көсемі Сталиннің алдында, қамқор анадай мәпелеп өзі өсірген, казак искусствосының зор табысын, казак әйелінің характерін асқан талантпен орындаған биі аркылы көрсете алды. Жұртшылықты сүйсіндірді, абыройлы атаққа ие болды. Сараның казак операларындағы, балеттегі билері оның классиктік балетаның сан алуан приемдарының шынына жетіп, толық меңгерген шебер биші екендігін көрсетті.

Мәскеуде казак искусствосының тамаша табысына ұлы көсеміміз риза болған жаркын жылы жүзі шабыгын шар тарапқа шарыктатқан, қиялын қиянға шығарып, көңілін көктем етіп, бойына жігер беріп, бұлбұлдай сайыратқан ақын ана Айманкүл:

... Театрда кешінде,  
Әнге басты Күләшім,  
Сара қызым жорғадай,  
Төселе жайды құлашын,  
Қуанып Мәскеу қол соқты,  
Қуаттап казак мұрасын,  
Сол қызықты көргенде,  
Тасыған судай сергіліп,  
Жарыла жаздап жүрегім,  
Қуандым айтсам расын, —

деп бүкіл халықтың қуанышын, шаттана соққан жүрегін жырлаған болатын. Биді толық меңгеріп алған Сара құлашын кеңірек жайды, ансамбль құрды. Сара ансамблінің репертуарын әр ұлттың халық қазынасының негізінде, құрған. Әнді бимен ұштастырып, сол ұлт әндерінің өлеңдерінің өзгешелігін, ұлттық характерін қозғатыс, мимика, жест аркылы аса шеберлікпен береді.

Толкынды күйдің тоқсан бұралған ырғағында, тасқындаған тасқынында, шалқыған қоныр сазында емін-еркін жеңіл қозғалыспен желпіне билеген Сара: бірде айдыңның ақ төсіндегі құс аруы ерке аққудай наздана қалқып, бірде шалқайып ұшқан қоныр қаздай шалқып, бірде сұмаң қағып сылдырап аққан күміс

бұлақтай бұрандап, бірде су төгілмей шайқалған жорғадай жөнеледі. Жорғалай, бірде канат құйрық су ылдап түлкіге төнген қырандай зуылдайды. Сорғалай жүз бұралып, тоқсан толғап, жұлдыздай ағып, ұршықтай үйіріліп, талшыбықтай бұралып билеген сан атуан билегі ынғайлылық, темперамент, билдің өте тамаша манерасы зрительдің сезіміне жалғасып, халықтың назарын өзіне аударып, сүйсіндіріп ертіп ала жөнеледі.

Музыканы терсең ұғып білеуі, билдің настроеніясын жақсы бере білу, лирикалық қалыптан комедиялық қалыпка көшудегі мастерлігі, билдің тағы басқа толып жатқан әр атуан техникасын толық меңгеруі Сара ансамблінің алғашқы тұңғыш қадамындағы табысының негізі болып саналады.

Сара тек қана биші емес, аса талантты драмалық актриса Сараның алпыстан астам бай репартуары өзінің бойындағы барлық өнерін көрсетуге көп мүмкіншілік туғызады. Сараның репертуары негізінен халықтың көңілді, шаттық ойын-сауық өлеңдерінен, жеңіл әндерінен құрылған.

Әр номерінде ұлттық костюм киіп шығуы халыққа күшті әсер етеді, сол ұлттың ұлттық бір белгісін көз алдына алып келеді. Сара репертуарына, тағы да көп жаңалықтар енгізбек.

Репертуарда біздің заманнан кірген өлеңдер аз. Мазмұнды, көңілді, күлдіргі өлең, ән билерді өз өмірімізден кіргізіп толықтыруға мүмкіншілік көп. Сараның ансамблі Қазақстанда құрылған тұңғыш ансамбль, бұт ансамбльдің алдағы кездегі сапары ұзақ. Тек қана Қазақстан көлемінде емес, басқа республикаларда да астана қалаларында да болмақ. Сараның, бізше, бір ойлантатыны қазақ халқының өткен өмірін, салт-сана, әдет-ғұрып көрсетерлік нөмірлер даярласа дейміз. «Дударай» сияқты белгілі әндердің, өзінің тарихы бар, белгілі авторы бар әндердің текстіне ұқыпты болып, дұрыс орындалуына зер салу қажет.

Сығанша («Ode, vest») өлең айтқанда киілетін киімнің сыртындағы картаның суреттері сыған ұлтының өткен өкінішті өмірінің бір белгісі сияқты ғой, сондықтан бұт жөнінде де ойланып, сыған ұлтының қазіргі бақытты замандағы өмірін өткен өмірге қарсы қоярлықтай нөмір даярлау керек сияқты. Аз уақыттың ішінде құрылған Сараның ансамблінің алғашқы қадамы болашағына күз!

Ансамбльдің составы жақсы құрылған. Қазақ халқының ертеден келе жатқан музыка аспабы біздің заманымызда үні

кеніген кобыз, домбыра, армян халқының музыка аспаптары тап бүгін төртеуінен құрылған квартет ансамбльдің өзіне сай лайықты. Қазақтың халық әндерімен күйлерін талантты кобызшы Жұмағали Қасымов тамаша тартады. Қобызға «Қара торғайды» калыктатып тартқанда әннің нәзік сыры адамның жүрегіне тербеп, көңілін көкке шарықтатып, жүрек сырының нәзік сезімін, жаз айында даланы жадыратып жырлаған қара торғайдың үніне ұштастырады. Ертеде еркіндікті көксіп, жаз айындай жайнаған шат өмірге, болашаққа зор үмітпен бой ұрған еңбекші қазақ халқының кең арналы, терең сырлы әсем әндерінің өзгешелік қасиеттерін кобыз арқылы халыққа жеткізе біледі.

Атақты халық композиторы кобызшы Ықылас күйлерін орындағанда күйдің сюжетін шеберлікпен бере біледі. Тар заманның тар қыспақ, тас камалына қарсы шауып, халқының қайғылы халіне, шерлі жүрегіне, ызалы жігер, қайтпас қайрат, қажымас ерлігіне өзі куә болған, зұлымдыққа қарсы өмір бойы алысып сол өмірдің сан кезеңдерін домбыраға күйіп тартқан халық композиторы Құрманғазының өскелең өршіл, ескектеген екпінді зорлықшыл қара күшке бас імейтін өр кезде өктем күйлерін талантты жас артист Сабыр Бірмановтың домбыраға тартуы оның өсу жолындағы болашағының зор үмітін көрсетеді. Гарзик Веризиян (тар), Барсек Петросн (бубин) қазақ халқының қазақ ән күйлеріне жалғас Армян, Грузин, Азербайжан сияқты туысқан елдердің ән, күйлерін тартқанда аса талантты пианист Сәтбаев ұлы орыс халқының және басқа елдердің классик композиторларының шығармаларын орындағанда, бауырлас елдердің түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркем өнері тоқсан тарау болып бір арнаға құйып жатқан, бір тілекті, бір мақсатты елдердің жүрегі бір соғып тұрғанын көз алдына әкеледі.

Қасымов, Бірманов, Черняев, Верезиян, Петросян жолдастар өздерінің бірлесіп орындайтын және жеке ойнайтын нөмірлерін кеңейте түскені дұрыс. Ол үшін ертедегі ән, күйлермен бірге совет композиторлары шығармаларының таңдамаларын репертуарға молырақ енгізгені жөн.

Бұлай ету Сара үшін де қолайлы жағдай туғызады. Сараның екі сағат бойы әрі білсіп, қолма-қол костюм ауыстырып отыруы оны қатты шаршататын сияқты. Сараның ансамблінің Семейге келуі біздің облыстық театрдың артистері үшін де өте пай-

далы, үлкен сабак, тамаша үлгі. Адамның әр жағдайдағы ішкі, сыртқы құбылыстарын табиғи шындық қалпында бере білуде Сарадан үйреніп, үлгі алатын жерлері көп. Театрымыздың жас балериналарының творчестволық өсуіне Сара ансамблі кен жол ашып бергендей болды.

Бүгін Семей жұртшылығы Сара ансамбліне қатты риза болып. Қуанышпен қарсы алса, ертең Сара ансамблі ел - елді аралап, тек Қазақстан көлемінде емес, СССР-дың әрбір республикаларында болып, қазақ көркем өнерлерінің тағы бір зор табысын бауырлас елдерге көрсетіп, оларды да қуантады.

*«Екпінді», № 204. 03.09.1940 жыл*

\*\*\*

### Ертеңінің куәсі

Семейдің облыстық театры өзінің алдағы өмірінің айғағы боларлықтай абыройлы табысқа жетіп, өрлеп өсу жолындағы кезекті кезеңінің тағы бір белесіне шықты.

Жеделдеп өсіп жпырмаға жеткен даңқты Қазақстанның қуанышымен қатар тойға ұласқан – Ұлы Октябрь революциясының XXIII жылдық мерекесіне Семей театры жақсы сыйлықпен келді.

Семей театрының сахнасында тұңғыш рет опера қойылды. Бұл қуанарлық іс. «Ер Тарғын» операсы біздің заманымыздан бұрын 500 жылдар шамасында болған оқиғаны көрсететін халықтың геройлық эпосынан алынып, қазақ халқының әңкіулерінің бай қазынасын толық пайдалану негізінде жазылған – геройлық опера

Халық поэмасындағы суреттелетін кейбір геройлардың операда көрінетін геройлармен арасында үлкен карама-қарсылықтар бар. Бұл жөнінде пікірлер айтылып та жүр. Баскасын былай қойғанда Ақжүністің залымдық, сайқалдығы халық тұдырған поэмадағы Ақжүніс образына көпе-көрнеу кайышы.

Халық поэмасында Ақжүніс алтын тақты аяққа басып, атасының батасын бұзып, халық сүйген батырды сүйіп, адамшылдықты ардақтап, Тарғынмен айнымас дос, айырылмас жолдас болады. Батырдың жалғыздықтан жапа шегіп, хандардың опасыздығының күйігін тартып күніреніп, ең далада сніренген ердің сүйсініші, ақылшы тірегі, сенімді серігі болатын

героиня, қызы емес пе еді? Ғасырлар бойы халық санасында осылайша берік орын алған ардақты адамның шаң жуымай келген образы емес пе?

Халықтық поэмалардың басқаларында да («Қыз Жібек» т.б.) жақсы әйелді үлгі еткенде Ақжүністі алмай ма?

Тарихи маңызы зор «Ер Тарғын» сияқты халық поэмасының халыққа белгілі героинясының атын қалдырып, затын жаймай-ақ та әйелдің отрицательный образын жасауға болады ғой. Қожақ жайында да осы пікірдеміз. Ол – халық поэмасының жағымды героинясының бірі. Ел сыйлаған ерді ер де сыйлайды. Тарғыннан Ақжүністі айырып алмақ болып ерлік намыспен ашу айдап келген Қожақ ақылына түсіп Тарғын мен Ақжүніске батасын бермей ме? «Батыр бастас» дейді халық. Қожақ міне осындай батыр. Адамшылығы зор батыр.

Тарғынға қарсы қоятын батырдың образын да Қожақсыз жасауға болмай ма?

Операның идеялық жағында осындай теріс жайлар бар. Әрине бұл жағдайлардан театрымыз аулақ.

Театр операда сахналық дейіствие операда ойнаушы актерлердің алдындағы міндет аса жауапты, өте ұқыптылықты, әр жақтылықты керек етеді. Операда ойнаушы актердің музыкалық білімі жеткілікті болуы қажет. Операдағы басым жағы музыкамен іштей ұштасып жатқан айтылатын ариалар болса, ол арианың өзін драматик дейіствиемен сәйкестендіріп орындап жүрген рөлдің ішкі сырын, сыртқы бейнесін, түрлі жағдайындағы әр алуан переживанияларды: қайғы, қуаныш, жұбаныш, махаббат сезімі, зұлымдық, қулық, геройлық т.б. моменттерді ойдағыдай орындап, халыққа тіпті әсер беру керек. Осы жайдың барлығын музыканың сырына қанып, терең ұға алған актер ғана бере алады.

Бұрын ойнап көрмеген, искусство мәдениетін толық меңгеріп, школадан өтпеген, кейбіреулерінің тіпті жалпы білім дәрежесінің өзі шаматы, талпынған балапандай жас актерлі театрымыздың алдында «Ер Тарғын» операсын меңгеру үшін осы жоғарыдағы айтылған көп күш керек қылатын кезеңдер жатты.

Театр коллективі өте аз уақыттың ішінде бар жігер, бар күшін сатып игілікті іс істеді. «Ер Тарғын» операсын негізінен меңгеріп, Семей жұршылығының алдына тартты. Операның

басты геройлары: Тарғын – халық батыры, адамшылық ардың, кайнаған кайраттың пәсі. Әділдік іздеп айналаға көз салған халықтың қадірлі ұлы, жауыздыққа жаны қас. Тарғын - жүзі жарқын, аңкылдаған ақ көңіл, адал жүректі ер. Ол шындық өмірді әділдікті іздеу жолында басынан өз заманындағы өкінішті сан белестерін өткізеді. Ақтықты, шындықты, сүйген батырдың сенгіш жүрегі зұлымдықтың, сырты сұту, ісі арам адамдардың опасыздық жауыздығынан жаратанады. Тарғын тек қана алып күштің пәсі емес, нәзік сезімнің, махаббаттың да ардақтаушысы.

Халық қолынан өз құтқының жоғары санайтын, опасыз хандардың арамдықтың ордасы болған алтын тақтың, арсыздың екі жүзділігінен жапа шегіп түнілген ызалы арыстандай, жаралы жолбарыстай батыр, кернеген кекті бойына жипіп, қажымас кайратпен белін бекем буып, әділдік іздеу жолында болады. Тарғын образы пессимизм сарынынан аулақ. Бұл халық геройының образы. Операда Тарғын образын артист Байділда Қаттаев ойнап шықты.

Байділда осындай ұлкен образды негізінен меңгеріп ала алған. Өзінде бар даусын музыкаға ұштастыра алған. Ол Тарғынның салқын қанды сабырлы, табанды кайраттылық жақтарын дұрыс берді. Өте аз уақыттың ішінде Тарғын образын бар жағынан бірдей тінсіз етіп шығарды десек ол қате болған болар еді. Байділда өзінің операдағы алғашқы адамымен болашақтағы зор үмітпен көрсетті. Ендігі ойындарында Байділдан күтетініміз: Тарғынның геройлық рухын күшейте түсуі, оқиғаның әр кезеңіндегі переживанияларын ажыратыңқырап беруі (қуаныш, күйініш, қанағат кайрат, махаббат т.б.).

Операның прологы жақсы шықты. Прологында Тарғынның Тарлан аттың үстінде болмауы ай! Өскен ел, туған жерінен айырылып, хандардың жауыздығынан безіп ел кезгелі тұрған батырдың баданасын баса бөктеріп мінген ер қанаты, жаны бір досы аты ғой.

Операда Тарғынға қарсы қойылған образ Ақжүніс зұлымдығы көркімен көмкерілген сайқал, өзімшіл, ханның еркін өскен ерке қызы. Ақжүністің қызғаншақтық өзімшіл мінезі, осы сияқты сан алуан құбылмалы мінездері операның әр кезеңінде көрініп, айқындалып, ашытып отырады. Ақжүніс образын ішкі сырмен, сезіммен сыртқы құбылыстарды қабыстыра отырып қана бере

ашуға болады. Акжүніс мінездерін көрсету үшін үлкен шеберлік керек. Әр жағдайдағы действие актердің терең ойлап істеген әрекеті арқылы ғана дұрыс беріледі. Акжүністің арамдық көлгірлігі, ішіне зор сақтаған монтандығы т.б. толып жатқан мінездерін өмірге жанасымды, адамға нанымды етіп бере алу ойнаушы артистка – Әбдірахманова Гүлсімнің алдына үлкен міндет қойды. Гүлсімнің бұрынғы ойнап жүрген рөлдеріне ұқсастығы жоқ. Акжүніс рөлін атқаруда оның көп ізденгенін көреміз. Гүлсім басқа актерлерге карағанда театр мектебінен өткен музыка жағынан да сауаттылығы бар артистка. Гүлсім Күләштің дауыс тонына қойылған өз дауыс тонынан алшақ жатқан музыканы да жақсы меңгерген. Операда айтылатын өз ариаларын ойдағыдай орындап шықты. Қысқасы Акжүніс образын Гүлсім меңгеріп ала алған.

Операдағы басты рөлдің бірі қалмақтың қызы – Тана. Ол адал жүрегімен Тарғынды шын сүйген бір елдің ардақтаған аруы. Оның мұңлы көңілінің, ауыр халінің тірегі Тарғын. Акжүністің қызғанақтық зұлымдылығының қорлығын да көріп жүргенде, барлық ауыр азапты тартқанда ата-анасынан, ел жұртынан айырылып, торға түскен торғайдай аянышты халдегі Тананың сүйгені де, сүйенгені де Тарғын. Оның басынан махаббатқа байланысты сан атуан драмалық жағдайлар өтіп жатады. Бұл рөлді атқарушы актриса Мүнира Құралшина. Мүнираның лирикалық сопрана тамаша дауысы бар. Өзінің лирикалық тамаша үнін музыкаға шебер қабыстырып Тананың ариаларын көңілдегідей орындайды. Мүнираның басты кемшілігі драмалық жағынан жеткіліксіздігі. Осы жағдайды еске алып, Тананың образын жасауда әлі де ойтаныңқырауы керек – Мүнираның тағы еске алатыны өлеңнің сөзін хатыкка жеткізіп, дұрыс айтуы. Мүнираның опералық жақсы актриса болуында дау жоқ.

Тарғынның досы бала батыр Балпан өзінің темпераментті простоталығымен жақсы ойнап шықты. Бұл рөлді атқарушы артист Сарсенов Сіләш.

Сахан рөліндегі артист Айтбакин бар ынтасын музыкаға ән сатуға ғана бөліп актерлік шеберліктің басқа жағынан қол үзіп алды. Сондықтан Сахан рөлін орындаушы Айтбакиннің ойыны эстрадалық дәрежеде қалды. Рас, Айтбакин ойынға даярлық жұмысқа кеш келіп қалдым дейді, әрине ол жағдай да оның атқаратын рөліне әсер етуі мүмкін. Драмалық действияға

ұштасып жатпаған арня актердің бір жақтылығын көрсетеді. Бұл қай актердің болсын есінде болуы керек.

Алпыстағы кәрі садақ қарт батыр, өр кезде Қожактың образын театрдағы ең жас актер Қайрамбаев дұрыс түсініп, жақсы ойынап шықты. Ана рөлінде ойнаған актриса Дүйсенова ойынын әлі де тереңдете түсуі керек. Ананың баласына махаббатын ішкі переживания арқылы беруге тырысу керек.

Артист Титаков Ақжүніспен Ханзада ханның баласы Қатан арасындағы дәнекерлік рөлін, хан ордасына шын берілген адамды көрсете алды.

Қатанның операда алатын орнына карамастан Ақжүніспен Тарғынға келіп жолығатын жерде аз да болса актердің шеберлігімен көрінуіне болатын сияқты. Бұл рөлдегі Омар Садақпаевтың біраз ойлануы керек. Жанға рөліндегі артистка Ахметжанованың тәртіпке қойылмаған дауысы бар. Ахметжановада драмалық жағы жеткіліксіз. Операның басынан аяғына дейін екі бүйірін таянған бір қалыпты позада қалады. Сыпыра жыраудың дауы аса төмен жатқан сияқты. Актриса С. Сакенова екінші қатардағы Ақжелен рөлінде көзге түсе алды.

Операда әрбір рөлдің характерлеріне сай ариалар берілген «Ер-Тарғын» операсын қоюшы Леонов Семей жұртшылығының алдында творчестволық зор еңбек етті. Оркестр составының көп жетімсіздігіне карамастан дирижер Коренковтың еңбек сіңіргені көрінеді. Аз жылдың ішінде театрымызда балет жөнінде көп жұмыстар істелгенін көреміз. (Балетмейстр Бриан). «Ер-Тарғын» операсында балет цехы да қуанарлық табыстарға жетті. Балетте өзгеше көзге түскен Воронина, Юсупова, Марениндер болды.

Театрдың художнигі Иванов жолдас сахна, костюм оформлениясы жөнінде творчестволық еңбек еткен. Театр сахнасында біз көрген тұңғыш опера театрымыздың келешегінің зор екенін көрсетті. Театрға жергілікті басшы орындар көңілін көбірек бөлуі керек. Болашақта опера театрына көшу жолындағы жас театр коллективі творчестволық көп жұмыстар істеу керек. Актерлік шеберлікті меңгеру, музыкалық сауатын күшейту, искусство өнерінің барлық жағынан жетілу - актерлеріміздің басты міндеті. Театр коллективінен халқымыздың күтіп отырғаны көп, сол тілекті ақтайтындай болайық.

*«Екінді», № 265. 15 қараша 1940 жыл*

## Жалбыр

1916 жыл. Бұл жыл қазақ халқының тарихынан ең елеулі орын алатын тарихи кезеңнің бірі.

1914 жылы жазда басталған бірінші империалистік соғыс Ресей революциялық қозғалыстың онан сайын кең өрістеп, етек алуына зор себептің бірі болып, патша үкіметін тас-талқан боп қуалау мерзімін жақындатса, сол революциялық қозғалыстың бір көрінісі қазақ еңбекшілерінің 1916 жылғы царизмге қарсы көтерілісі болды.

Қазақ еңбекшілерінің 1916 жылғы царизмге қарсы көтерілісін бастаған халық ортасынан шыққан адал ұлдар, ел қамын жеген еңіріген ерлер болды. Халықтың ардагері – Аманкелдідей батыр, большевик ел үшін еңбек етудің, халық үшін құрбан болудың айқын бейнесін қазақ халқына мәңгілік үлгі етіп қалдырды.

Міне, қазақ халқының осы көтерілісін бастап шыққан халық геройының бірі – Жалбыр еді.

Қазірде облыстық қазақ театрының сахнасында жүріп жатқан «Жалбыр» операсының негізгі темасы осы жоғарыда айтылған жайды сипаттайды.

Ойынды қоюшы - Қазақ ССР -на еңбегі сіңген артист Ибади Құлтаев «Жалбыр» операсын жұршылық алдына дұрыс жеткізу жөнінде өзінің режиссерлық міндетін негізінен дұрыс атқарған. Бұл жөнінде Ибадидың соңғы кездерде творчестволық өскендігін байқаймыз. Операдағы бас герой Жалбырдың рөлін атқарған артист Қалтаев Бөйділда: еңбекші елді майданға бастап шыққан өмір талқысын көп көрген, халқына ерік әперіп, бақытқа жеткізу жолында құрбандыққа басын берген халық геройының образын көрсетті. Жалбыр халқы мен бірге тар заманның талқысын көріп халықтың жауы кім, жосы кім екеніне әбден көзі жеткен адам. Ол жарлық шығарып отырған патша, оның жарлығын орындаушы бай болыстардың ниетін білуден қатар, тілі майда, іші арам бай, патшаның сойылын соққан ұлтшыл – байшыл Жақыптың да сырына қанық.

1916 жылғы халық көтерілісі қазақ халқының жауы кім, досы кім екенін айқындап ашып берді. Осы жайлар «Жалбыр» операсында да ел алдында тартылады. Жалбыр патша әскерінің

рахымсыз жазалаушы кара күшінің қаһарын көрсетсе де, Елемес, Хаднша тағы басқалар сияқты сүйікті серіктерінен айрылып ауыр қазаға ұшыраса да жабығып, жасымайды. Патшаның жазалаушы күші, казактың ішкі жауларының предательдігі халық көтерілісін тұншықтыра алмайды, онан сайын жігерлендіріп, жауға өшпенділік өртін лаулатып жандыра түседі. Жалбыр сол халықтың уәкілі болып, көз алдында оптимистік бейнесімен көрінеді. Қаттаев Жалбыр образын дұрыс түсініп, зріптегі жеткізе білді. Бәйділда өзінде бар даусымен арияларын жақсы меңгерген. Жалбырдың негізгі армиясы казактың халық әні (авторы Иманжүсіп) «Сарыарканы» Бәйділда өз даусының мүмкіншілігінше жақсы орындады.

Операдағы негізгі рольдер Елемес Қазақ ССР-не еңбегі сіңген артист Ибади Құлтаев, Хаднша артистка Жамал Шаймерденова. Бұл екі роль операның басынан аяғына дейін бір-бірімен байланысты. Екеуінің арасында басталған интрига операның негізгі мақсатына коллизияға ұштасып барып, героїлық трагедиямен аяқтайды. Осы екі рөлде ойнаушы артистер де образдарын дұрыс түсініп, творчестволық жолды ойдағыдай атқарып, дұрыс шешкен. Хадншаның ариялары көңілдегідей шыққан. Хаднша мен Елеместің қосылып айтқан «Құлагер» сияқты әндері халыққа әсерлі, жақсы орындалды.

Қайрақбай рөлінде ойнаушы артист Қаттаев Шегенің арияларын жақсы орындағанын атауға болады.

Сайым – артист Қыдыралын, Сүгір – артист Байырманов өз рөлдерін дұрыс атқарды. Сүгір рөлі әлі де күшейте түсуді тіледі.

Асат – артист Ешмұратов, Тебет – артист Тілеубаев екеуі де отрицательный типтер. Бұл екеуі де өз міндеттерін дұрыс түсініп, дұрыс атқарған. Бірақ жағымсыз бейнелерін тереңдете түсулері керек.

Артистка Әбдірахманова Қаламқастың рөлін Қаламқасқа тән барлық жақтарын камтып бере алады. Ариялары жақсы шықты. Жакып рөлі де негізінен дұрыс берілген. Операның жалпы хорлары жақсы орындалды. «Жалбыр» - опера. Әдетте операны тыңдаймыз ғой. Операда ең негізгі орын алатын музыка, ән, ариялар. Сондықтан операға баға да осы жағынан беріледі.

Театрымыздың коллективі, кішкентай ғана оркестрмен әсіресе ерлер жағының, ән жөнінде көп кемшіліктері барлығына қарамастан операны негізінен меңгере алған.

Қандай постановка болмасын массовканың орны өзгеше. Бұл жағынан «Жалбыр» операсында кемшілік көзге түседі. «Жалбыр» операсында художник П. Граховский жолдастың сибегінің жемісті шыққанын атап айту керек.

«Жалбыр» операсы қазақ халқының бостандық жолындағы күресінің, бақытқа бой ұрған талабының, батырлық ісінің кезінен көрсетеді. Халқымызды ерлікке рухтандырады. Жауды жек көруге, өз халқын, өз отанын шексіз сүйуге шақырады.

*«Екпінді» 30.04.1943ж.*

\*\*\*

## Үйлену

Орыстың ұты жазушысы Николай Васильевич Гогольдің «Үйлену» атты комедиясын облыстық қазақ театрының сахнасынан көруіміз қуанатын іс. Бұл театрымыздың зор табысы. Бұл комедияда «Өлі жандар» да суреттелген ак сүйектер өмірінің екінші бір жағы сипатталады. «Үйленуде» өмірі сұрғылттанып, азып, тозып бара ак сүйек чиновниктердің көпестермен жакындасып, жығытып бара жатқан жығасына сүйеу таппақ болғаны көрінеді. Комедияның негізгі тақырыбы үйлену, тұрмыс оқиғасы.

Комедияда үйлену, махаббат мәселесі, пайда табу, махаббатты саудаға сатып, байлаққа ие болу мақсатына негізделген. Сондықтан пьесадағы әрбір күйеу, өзін-өзі мактап өткізбек болады, саудаға салады, әрбірі саудаға түскен жанды «зат» есебінде көрінеді.

Подколесин – қызметкер, чиновник, өмірі кеңсе қызметінде өткен, таяз ойлы, шолақ ақыл, болымсыз шен-шекептеріне мәз, өмірден хабары жоқ, тұрмысқа икемсіз, өз бетімен еш нәрсеге аяғын қия баса алмайтын табансыз, жігерсіз, топас қуыс кеуде. Ол үйленбек болады. Өзінше сыртын түзеп әзірлік жасайды. Оның үйлену үшін тапқан дәнскері Фекла Ивановна – қаланың сәік-тесігін түгел ақтаған қу аяқ кемпір. Үйді-үйді кезіп, отырып қалған байсыз қызға күйеу, әйелсізге қалындық іздеуді кәсіп етеді. Оның да махаббат дегенде жұмысы жоқ. Бірін-біріне өтірікті, шынды айтып мақсаты өткізу. Осы Фекла Подколесинге қалындық тауып келіп, бой күйеу Подколесинді үйінен ертіп

шыға алмай отырғанда. Подколесиннің досы Кочкарев келеді. Подколесин Кочкаревқа өзінің үйлену ниетін айтпай жасырып жүрген. Подколесин досының үйленбек ниетінде скенін Фекладан естіп, және Фекланың тапқан қалыңдығының да егжей-тегжейін біліп алып, Фекланы қуып шығып, досын үйлендіру міндетін өз мойнына алады да, Подколесинді қалыңдығын көруге ертіп бармақ болады.

Комедияның екінші бөлімі Агафья Тихоновнаның үйінде өтеді. Агафья – уақытында күйеуге шыға алмай отырып қалған. отызға аяқ басқан таяз ақыл, дәулетмас көпестің шолжың қызы. Шені ұткен дворянға шығуды қиял етеді. Мұның жеңгейі Арина Пантелеймоновна – Агафьяның көпеске шығуына тілектес. Өзі шыққан табын көпесті мадақтайды. Бірақ, Агафьяға өктемдігі жүрмейді.

Агафьяға күйеу іздеп жүрген Фекла жетіп келеді. Бұл Подколесинге жеңгетай болудан құр қалып, Кочкарев киініп кеткен соң іздеп тапқан басқа күйеулерінің тілегінде болады.

Фекла Агафьяға алты күйеу тауып кайтқан. Әрине, Фекланың күйеулерді қызықтыратыны Агафьяның үй-жұрты барлығы, мүлкі мол көпестің қызы скендігі (Агафьяның әкесі өлген болады) алған күйеу байлыққа құп ете түсетіндігі. Күйеулердің де жоғарыда айтқанымыздай іздегені осы.

Осы кезде күйеулер келе бастайды. Янчища – экзекутер – мекеменің шаруашылық жағын басқаратын чиновник. Бұл өмірдің бәрін мүлікпен өлшейтін аюдай арбаңдаған дөрескі жан. Онда адамшылық ар, ұят, махаббат сезімі жоқ. Ол үйлену үшін қалыңдығының кім скенін, қандай адам скенін білгісі де келмейді, оның үйін, шаруашылық мүлкін есептейді. Дүниесі ауызға толымды болса, алатын жарының адамшылық қасиетінің қажеті Янчищаға керек нәрсе емес.

Өз ынғайына келмей қалған жерде кісіге тап беріп, арс ете түсуден де таймайтын адам.

Анучкин – әскері қызметтен босатылған жаяу әскер офицері. Бұл сол замандағы әскері тәртіптің сыртқы құрғақ әрскетіне ғана қалыптанған, сана сезімі өспеген, өзіне жоғарғы адамдар сөйтуші еді ғой деп, санасыз еліктейтін, алды-артын аңғармайтын жан. Ол алатын әйелінің француз тілін білуін тілейді, бірақ өзінің француз тілінен тұқте хабары жоқ. Алатын әйелінің француз тілін білуінің не үшін қажеттігін де білмейді.

Жевакин - аяғынан жараланған, әскери қызметтен босатылған теңізші. Ол Цпшлтияда болған. Сол жақта болғанын өзіне үлкен оқиға көріп, мақтан етеді. Бірақ, Цпшлтиядағы өмірдің сырынан түк ұқпаған көзіне түскен тау-тасты, орман-тоғайды, сол елдің қыздарын әңгіме етіп бөседі. Ол жақтағы шаруалардың не кәсіп істейтінінен де хабары жоқ. Өзінің батпамен шабатындай міні ойына да кіріп шықпайды. Агафьямен кездескенде өтірік айтудан жүзі жанбайды. Бұл соңғы екеуі де өмірден орнын таба алмай сандалған жандар.

Стариков - қонақ үй сақтайтын, көпес. Өзінің құлқының ойлаудан басқа, пайда іздеуден өзге қасиеті жоқ, қаба сақал мосқал, чиновниктердің алдында мүсәпір, сорлы. Міне Агафьяға келіп, сарапка түскен күйеулердің сиқы, сыр-сипаты осындай. Осылардың әрқайсысы қыз алдында өз қасиеттерін сынға салып, күйеу болуға құштар болғандар. Осылардың бәрінен құлығын асырған Кочкарев қыздың бетін Подколесинге бұрып, досын үйлендіруге көндіру жөнінде көп әрекет жасайды.

Агафьямен онаша кездескен кезінде Подколесиннің ынжықтығы онан сайын ашыла түседі. Ол анық қуыс кеуде, өзінің қалап алған мінез-құлқымен қыз алдына сынға түседі. Бірақ, қайтсе де күйеуге шығуға көз жұмған Агафьяны Подколесиннің ешбір мінезі жиіркендірмейді қайта оның «махаббатын» артылта түседі. Сөйтіп, екеуі Кочкаревтің «өжеттігімен» келісімге келіп, сол арада неке қидырып, той жасамақ болады. Ақырында табансыз Подколесин үйде онаша қалған кезінде терезеден секіріп түсіп, қашып кетеді...

Комедияның, оның кейіпкерлерінің қысқаша мән-жәйі осындай.

Ескі Ресейдің бір ғасырдан астам бұрынғы заманда өмір сүрген жоғарыдағы айтылған адамдардың бейнесін қазақ театрының сахнасынан көрсету аса жауапкершілікті талап ететін, артистердің творчестволық, мәдени дәрежесінің жоғары болуын қажет ететін нәрсе.

Бұл жөнінде ойын қоюшы театрдың көркемдік жағын басқаратын Леоновтың көп еңбек еткені көрінеді. Комедияда ойнаған Қазақ ССР-на еңбегі сіңген артистер Р. Жакенов, С. Қыдыралын (Подколесин), Г. Әбдірахманова (Фекла Ивановна), артистер Матыбаев (Жевакин), Садақбаев (Ягичница), Жаңбырбаев (Анучкин), Ешмұратов (Кочкарев), Қорамшина

(Агафья Тихоновна), Дүйсекіна (Арина Пантелеймоновна) жолдастардың көп еңбек етіп, көп ойланғаны, өз рольдеріне жауапты карап, басқа тарихи жағдайдағы, басқа орта, тұрмыстағы болған кейіпкерлердің сырын ашуда, саналы іс істегендіктері көрініп тұр. Бұлардың әр қайсысы өзі ойнаған кейіпкерлерінің мінез-құлқын түсіне білген.

Жакенов, Садакбаев, Әбдірахманова, Матыбаев жолдастар өздері ойнаған комедия геройларының бейнесін жұрт алдына көңілге қонымды етіп бере білді. Негізгі рольде ойнаған жоғарыда аты аталған артистер әр қайсысы бір-біріне ұқсамайтындай жол іздегендіктері Гоголь комедиясын ұға білгендіктерінен көрсетеді.

Әбілтаев Степан (Подколесиннің қызметшісі) ойнаған рөлінің бос белбеу, салдыр-салақтық жақтарын баса көрсетем деп, аса төмендетіп алған. Қимылы мас адамға ұқсап, сөзі елге мүлдем жетпейді. Бізше осы жағын еске алып, ойланғаны жөн.

Жолдин (Стариков) аса сылбыр, басқа адамдардың көленкесінде қатып қойған. Дунашка (Акылова, Өмірбекова) алаңғасар, тәрбиесіз, зыр жүгіріп, тау-тасқа жығылып жүрген, үй қызметкерінің бейнесін көрсетті. Бірақ, бір түрлі жеңіл әрекетті үсті-үстіне қайталай беруді ықшамдамаса, сахна өмірінің шегінен шығып кетеме дейміз.

Барлық ойынға қатысушы артистер Гоголь комедиясының жоғарыда айтқан терен сырына жету үшін үздіксіз еңбек етулері керек. Сырт қимылымен қатар, әсіресе ішкі дүниеге көбірек көңіл бөлу керек. Гоголь комедиясының ең басты қасиетінің бірі – сөзде. Сөзді өз орайымен, психологиялық жағдайымен байланыстыра білуді, сөздің елге жетуін қатты қарастыру керек. Гоголь кейіпкерлерінің сөздері бір ауызы елге жетпесе үлкен кемшілік.

Ойнаушы артистердің бір-бірімен ойын үстіндегі қарым-қатынасы жақсы шыққан. Бұл Гоголь комедиясының көрінуіне үлкен әсер етеді. «Үйлену» комедиясының негізгі идеясын театр коллективі көрсете алды дейміз. Бұл әріне жұртты қуантатын тұңғыш құтты қадам. Гогольдің бұл комедиясын мінсіз етіп шығару үшін әлі де еңбек ету керек.

Атап айтатын нәрсе кейіпкерлердің гримі көңілдегідей шыққан. Бұл жөнде Захаров жолдастың мол тәжірибесі көрініп тұр. Үлкен кемшілік костюм, бутафория, декорация. Бұл жағы

нашар болуы Гоголь пьесасының тарихына жаман дақ салып, ойынның көп есесі кетіп тұр.

Гогольдің «Үйлену» комедиясын менгеру орыс классиктерінің драмалық шығармаларын Абай атындағы облыстық қазақ театрының сахнасынан көрсетудегі тұңғыш табыс.

*«Екпінді». №45, 03.03. 1946 жыл*

\*\*\*

## Он бір белгісіз

Футбол ойынының туған жері Англия, деп есептеледі. Ағылшын футболшылары шетінен жыға жеңіп, жүлде алып, 1911 жылы Ресей футболшыларымен кездесіп, бәйгі бермей кеткен болатын.

Ол кезде ескі Ресейде футбол ойынына тиісті дәрежеде мән берілмейтін. 1945 жылы Англия футболшылары мен совет футболшылары футболдың туған елінде - Англияда кездесіп, шайқасты. Бұл кездесу екі елдің футболшыларына да үлкен сын кезеңі болды.

Ағылшын футболшыларымен айқасуға біздің ел Москваның «Динамо» командасындағы футболшыларды жіберді. «Динамо» командасын 1923 жылы тұңғыш ұйымдастырушы Ф.Э.Дзержинский болатын. ССРО спорт ойынына еңбегі сіңген мастерлер Михаил Якушин, Михаил Семичастный (Капитан) бастатқан Алексей Хомич, Всеволод Радикорский, Иван Станкевич, Всеволод Блинков, Леонид Соловьев, Борис Орешкин, Евгений Архангельский, Василий Трофимов, Василий Карцев, Константин Бесков Николай Дементьев, Всеволод Бобров және Сергей Соловьев сияқты советтің көрнекті футболшылары 1945 жылы Англияға аттанды.

Біздің «Динамо» командасы 1945 жылдың 4 ноябрінен 7 декабрге дейін Англияда болып, ағылшынның атакты футболшыларымен төрт рет кездесті. Совет футболшылары мен алғашқы ойынаған Англиядағы ең күшті футбол командасы Лондонның «Челси» клубының командасы болды. Бұл команданың ішінде ағылшын футболшыларының ең атактыларының бірі-Томас Лаутон болады. Футбол ойынының тарихында совет футболшыларының Англияның ең мықты командасы «Челси»

мен айқасуы 3:3 деген қорытындымен аяқталды. Екінші ойында «Динамо» командасы «Кардифф-Сити» командасымен ойнап 10:1 деген нәтижемен, «Динамоның» жеңісімен, үшінші ретте Англияның «Арсенал» атты командасымен кездесіп 4:3 деген қорытындымен, «Динамоның» жеңісімен, соңғы рет «Рейнджерс» командасымен ойнап 2:2 деген қорытындымен ойын аяқталады.

«Динамо» командасының футболшылары ағылшын футболшыларымен төрт рет айкасканда 19:9 деген қорытындыға ие болады. Сөйтіп совет футболшылары футбол ойынының туған жері Англияда ағылшынның жүзде бермейтін атакты футболшыларымен кездескен үлкен сында бүкіл әлем алдында мерейі үстем болып тамаша табыспен қайтты. Футбол ойынының тарихында жеңіліп көрмеген ағылшын футболистері тұңғыш рет совет футболшыларының басым күшін мойындады. Совет елінде спорт қандай дәрежеде екенін бүкіл әлем іс жүзінде көрді.

«Он бір белгісіз» (футбол ойынына екі жақтан он бір-он бірден кісі катынасады) пьесаның уақиғасы осындай өмір шындығына негізделген. Пьесаның авторлары В. Л. Дыховичный, В. Ласкин, М. Слободской (Либеретта) композитор Богословский (музыка) өмір шындығынан алынған, заңымыздың талабына сай тақырыптағы – оператта түрінде қызықты етіп жазған.

Ұлы Отан соғысында жеңіп шығып өзінің сарқылмас күшін, большевиктік идеяның үстем қасиетін бүкіл дүние жүзінс айқындап отырған Советтер Одағының табыстарына буржуазия әлемінің іші күйеді. Социалистік ұлы Отанымыздың алып тұтқасынан империалистер үрейлене қорқады. Империалистер, олардың қолшоқпары болып отырған әдебиеті, жазушы, журналистері Советтер Одағына арсыздықпен жала жауып, өтірік-өсектің қандайын болса да жапсыра беруге тырысады. Еліміздің шындық бейнесін бұрмалап көрсетуге жиіркенішті әдістердің қандайынан болсын қашпайды.

Сөйтіп, өздерінің әлсіздігін, сырты жылтырап, іші қалтыраған мағынасыз мәдениетінің кері кетіп бара жатқанын көрсетеді.

«Бұл жағдайда совет әдебиетшілері біздің совет әдебиетіне, социализмге жапқан жаланың, арамзалық жала өсектің бәрін тойтарып қана қоймай, оның үстіне, іріп-шіріп азғындауға бет алған буржуазиялық мәдениетті батыл мінеп, әшкерелеп отыруға міндетті» (Жданов)

Міне осы тұрғыдан карағанда «Он бір белгісіз» пьесасының тақырыбы казіргі күннің талабына сай жазылған

Совет адамдарының адамгершілік қасиеті. Ұлы Отанын шексіз сүйген жүрегі, халық алдындағы абыройлы борышын терең түсініп елінің талабына сай еткен ерлік істері пьесада қызықты сипатталған. Совет футболшыларының тамаша табысы, дандайсыған Англия футболшыларын жеңіп шығуы - совет азаматтарының ұлы қасиеттерінің бір көрінісі болды. Пьесада совет адамдарының жоғары идеялы, отаншылдық, халқына шексіз берілгендік қасиеті сипатталады.

Англия футболшыларының совет футболшыларына төтеп бере алмауының негізгі себебі, буржуазиялық мәдениет «... жеке капиталистік меншіктің қызметіне, қоғамның буржуазиялық жоғары тобының өзімшілік, құлқыншылдық мүдделерінің қызметіне жетілген» (Жданов)

Міне, «Он бір белгісіз» пьесасының идеясы, алдына қойған мақсаты осындай шындықты сипаттау. Осы мақсатты пьесаның авторлары совет футболшыларының Англия футболшыларымен кездесу оқиғасына негіздеп комедия-оперетта арқылы терең мағналы, тартымды, қызықты етіп шешсе білген.

«Он бір белгісіз» комедия-операттасын Семей жұршылығына өз сахнасынан көрсетуі театрымыздың музыкалы-комедия театрына айналу бағытындағы үлкен табысы.

Бұл пьеса театрымыздың бұрын-соңды қойып жүрген жана тақырыпқа жазылған музыкалы пьесаларының қай-қайсысынан болсын мазмұны терең, шын мағынасындағы комедия-оперетта. Артистерінің көбінде музыкалық білімі төменгі дәрежедегі, көпшілігі музыка мектебін өтпеген театрға «Он бір белгісіз» сияқты комедия-опереттаны қою, әрине үлкен сын еді.

Театрымыздың талапты артистер коллективі «Он бір белгісіз» комедия-операттасының идеясы мен мазмұнын, пьесаның өзіне тән ерекшеліктерін дұрыс түсініп, елеулі еңбек етудің творчестволық ізденудің нәтижесінде қуанарлық іс істеді.

Бұл жөнінде ойынды қоюшы театрдың бас режиссеры республикаға еңбегі сіңген артист Л. В. Леоновтың ерекше творчестволық еңбегін атап айтуымыз керек.

Совет футболшыларының жарқын бейнесін, адамгершілік қасиетін, отаншылдық сезімін артистеріміз жаксы көрсете білді. Әрқайсысының жеке өз бастарына тән ерекшеліктері бар, со-

нымен қатар бірге соккан жүрегі, бір тілек, бір мақсаты айқын көрінеді.

Совет футболшыларының ролінде ойнаушы артистер совет азаматына тән осындай қасиеттерін терең түсіне білген. Соның нәтижесінде өздерінің іс әрекетімен, сезім сырымен, көңіл күйімен елді тарта алатын дәрежеде ойнап, халық назарын өздеріне аударып білді (Артистер Ш. Мусин, Садақбаев, республикаға еңбегі сіңген артист Ш. Қалтаев, артистер К. Ешмұратов, Енербаев, Әбілтаев Ж., Жаңбырбаев, Ақылов т.б.).

Пьесадағы басты рөлдердегі ойнаған артистерден өздерінің артистік күшті талантымен ерекше көзге көрінген совет футболшыларының капитаны Комаровтың роліндегі – Шахан Мусин, футбол ойынын ерекше қадыр тұтып мадақтаушы ойын құмар Чашкин роліндегі республикаға еңбегі сіңген артист Рысбек Жакенов, Пан Станислав Грызман роліндегі артист Матыбаев болды. Бұл үш артистің пьесадағы орны да үлкен, өздерінің артистік қасиеттерін көрсетуге пьесада мүмкіншілік те көп. Мусин, Жакенов, Матыбаевтар пьесаның авторларының қойған мақсатын (замыстын) терең түсініп, өздері атқаратын рөлдердің ерекшеліктерін дұрыс ұғып, творчестволық іздену жолында көп еңбек етіп, ел сүйісінерлік образ жасаған.

Мусин салқынқанды, ұстамды, өз ісіне шын берілген, Англия футболшыларымен кездесудегі алдында тұрған үлкен сынды терең түсінген совет футболшысының тұлғасын жасаған. Совет азаматының қасиетін, отаншылдық сезім, сырын айқын аша білген. Сонымен қатар ол жеке өз басына тән махаббат сезімін, Колесниковамен жастық қарым-қатынасын тартымды етіп, адамгершілік тұрғысынан дұрыс шеше білген. Сөйтіп, Мусин әрі сенімді, әрі әсерлі образ жасаған. Мусиннің тамаша баритон даусы артистік талантына сай оның келешегі зор артист екенін айқындайды. Жакенов жарқын бейнелі, адал жүректі, ақкөңіл Отанына шексіз берілген совет азаматының тұлғасын комедиялық қалыпта көрсете білді. Оның күлдіргі түрдегі іс әрекеттері ішкі сезім-сырымен ұштасып жатады.

Ар-ұяттан ада, адамшылық қалыптан айырылған, елі де, Отаны да ақша болған поляк эмигрантының жіпкерінішті бейнесін Матыбаев күлкі етіп береді. Матыбаев өзі ойнайтын ролін дұрыс түсініп, ел сүйісінерлік артистік талантын көрсете білді.

Пьесадағы ағайынды Кузнецовтардың (Садақбаев, Ешмұратов) ерекшеліктері ашылмаған. Олардың бірінің сөзін

екіншісі қағып алып, бірің ойымен екіншісінің ойынын ұштасып жататыны елге жете көрсетілмеді.

Советтің пилот қызы Колесникованың (Нурбасва) ер жүрек мінезі әлі де ашылмаған. Жүріс-тұрысы, іс әрекеті ұшқышқа лайық емес.

Англияның дандайсыған футболшысы Стэнли Мак-Плюттің мінез құлқын, ұлттық ерекшелік қалпын Титаков толық аша алмады. Титаков театрымыздағы келешегінсіз үміт күтетін артисіміздің бірі. Бірақ, Титаковта творчестволық іздену әлі аз екеніне оның әрбір ойнаған рөлінде үнемі көрініп отырады. Ойнайтын рөлінің ерекшелігіне мән бермей Титаков әрбір ойынында өз қалпында, Титаков бұл жайды қатты ескеруі қажет.

Англияның Бэтти Стенвик сияқты репортерінің рөлін толық ашу үшін Әбдірахманова әліде ізденуі керек сияқты. Буржуазия елінің корреспонденттерінің негізгі мақсаты мен ниеті, олардың жалақорлық бейнелері елімізге белгілі нәрсе ғой. Совет футболшыларын «белгісіз бір он бір футболшылар» деп жариялап жүрген де солар

Ванда Брожевская рөлінің (Қалтаева) сырын, ішкі сезім қалпын аша түсу керек. Мисс Оливия Хичкок (Өміртаева) буржуазия мәдениетінің азғындай, іріп-шіріп бара жатқан бейнесі сияқты. Пьесадағы осындай басты образдың бірінің сыры әлі ашылмаған. Әрине, ағылшын, поляктардың толық бейнесін жасау оңай іс емес. Артистерімізден көп оқуды, ізденуді талап етеді.

Пьесадағы кейбір астарлы сөздер елге толық жетпейді. музыка мен өлеңдердің арасында алшақтық бар. Бұл жөнінде пьесаның қазақша аударушы Машаков, Исаков жолдастар аудармаларын әлі де қарастырғаны керек сияқты. Театрдың бас дирижері республикаға еңбегі сіңген артист Кореньков комедия-опереттаның ойдағыдай шығуына ерекше еңбек сіңіргенін, сол сияқты пьесаның көркі боларлықтай декорация жасай білген художник Ивановтың еңбегін атап көрсетуге болады.

«Он бір белгісіз» пьесасын қою театрымыздың творчестволық өсу жолындағы табысының бірі. Халықтың театрдан күтетіні көп, талабы зор. «Он бір белгісіз» пьесасын меңгеруі - театрымыздың ел үмітін ақтай алатынының күәсі.

*«Екпінді» 22.05.1947ж.*

## Қазақ театрының жаңа ойыны

Өзбек драматургі Абдулла Каххардың «Ауру тістер» атты комедиясы - Абай атындағы драма театрының биылғы маусымдағы жаңа спектаклінің бірі.

«Ауру тістер» - қазіргі күнде де семья мәселесінде, тұрмыста орын алып отырған, ежелгі салт-сананы, әдет-ғұрыпты ащы күлкімен, «қаһарлы күлкімен» (В Маяковский) әшкерелеуге арналған комедия. Бұл пьеса біздің социалистік қоғам өміріне жат жайларды аяусыз ажалап, қатал сынауға, әшкерлеуге бағытталған комедияның сатиралық түріне жатады. Пьесаның тақырыбы актуальды, саяси-әлеуметтік және эстетикалық маңызы зор, автордың бұл жөніндегі жетістігі жайында баспасөз жүзінде айтылып жүр.

Сонымен қатар пьесадағы елеулі кемшілікті айтпай кетуге болмайды. Ол кемшілік театр ойынына да белгілі дәрежеде әсер етті.

Пьесада ескі салт-санадан арылмаған, кара бастың камын ғана ойлайтын, жүксірын мінез-құлықтың құты болған жағымсыз кейіпкерлердің бейнесін олардың іс әрекетінен көрсеміз. Автор олардың әрқайсысына сезім-сырын айқын аңғартатын сөз де берсе білген. Бірақ, осы жағымсыз кейіпкерлерге қарсы қойылатын жағымды кейіпкерлердің дараланған көркем образы, белсенді күресі көрінбейді. Олар жағымсыз кейіпкерлердің көлеңкесінде қалып қойған.

Оның себебі пьесадағы күрес қоғам өмірінен окшаулай алынып, тартыс майданы негізінен окшаулау алынып, тартыс майданы негізінен үй-іші, отбасында болғандықтан деп ойлаймыз.

Енді пьесадағы автордың көздеген мақсатын, жеке образдың сыр-сипатын режиссер (Ә Матыбасов) және актерлер қандайлық дәрежеде меңгеріп көрсете алғанына тоқтайық.

Оқиға желісі тіс дәрігері Марасуль Хузурджановтың (артист Қ. Ешмұратов) көмелетке толмаған оқушы Нәсибаға (артистка Ақылова) үйлену әрекетінен және актерлер қандайлық дәрежеде меңгеріп көрсете алғанына тоқтайық.

Оқиға желісі тіс дәрігері Марасуль Хузурджановтың (артист Қ. Ешмұратов) көмелетке толмаған оқушы Нәсибаға (артистка

Ақылова) үйлену әрекетінен және Марасульдің көршісі, атқару комитеті председателінің орынбасары Заргаровтың (Қазақ ССР халық артисі С. Қыдыралын) бірінші әйелі Ақпаны (артистка Ақылова) үш баласымен тастап, Хұмарханға (артистка Нұрбаева) үйлену әрекетінен бастап иеленеседі.

Марасуль – Ешмұратов жоғары дәрежелі білім алған жас жігіт. Бірақ ол ұшқан ұясының шеңберінен шыға алмаған, ескі салт-сананың, өзімшілдік мінез-құлықтың құлы. Ол алған білімін қара бастың камына ғана құрал етеді. Сырты сыпайы, іші арам, тілі майда, мінез қылығы, ісі жат адам. Марасуль еңбек сүймейтін еріншек, айла-амалмен баю жолына түскен дүниеқор жан.

Пьесадағы жағымсыз басты образ Фатима да (Марасульдің шешесі) арам, дүниеқор, алыпсатар әйел. Сырт кісіге сырын білдірмеуге, жақсы сезімін тілін безіп, мейіандос жансып жалбақтай қалатын сұрқиялығы оның жеке сұрғындық бейнесін аша түседі.

Заргаров өзімшіл, даурықта, бюрократ әкім. Ол саясаттан тыс, тұрмыстан азған жан. Марасуль Насибана үйленуде Заргаровтың қызмет бабын, оның әкімшілік «абырғайын» пайдаланады. Заргаров сайқат әйел Хұмырханның бабын табу үшін Марасульдің байлығын пайдаланады. Міне, осындай азғындық жолда табысқан комедияның басты геройларының іс-әрекеті арқылы пьесаның идеялық мазмұны ашылады.

Комедияда басты рөлде ойнаған, жоғарыда аты аталған артистеріміз тәжірибелі, сахна өнеріне ысылған, жұртшылыққа белгілі актерлер. Олардың творчестволық табыстары сана алаңынан болсын, баспасөз жүзіннен болсын мәлім.

«Ауру тістер» комедиясында да олар өздерінің артистік қабілеттерін көрсете білді. Ойынды қоюшы жас режиссер Матыбаев жазушының ой-мақсатын ашуға өзінше ізденіп еңбек еткен.

Каххардың пьесасы комедияның сатиралық түрі дедік. Пьесада әр атуан кейіпкерлер бар екенін көрдік. Олардың өзіне лайық тілі, іс-әрекеті, мінез-құлқы бар. Адамның психологиясын ашып, оның толық тұлғасын көрсету режиссердің де, актердің де алдындағы аса жауапты іс.

Күлкінің де күлкісі бар. Ақпейіл адамның аңқаулығына, күлу бір басқада, азғын адамның ішкі сырына қайшы келетін

әрекетіне, сөзіне күлетін ызалы, ашы күлкі бір басқа. Насаттана, рахаттана күлетін шаттық күлкі, аяушылықтан туатын күлкі келескелі ажуа күлкі бар. Қыскасы күлкінің сан алуан сыры, сипаты болатыны мәлім.

Марасуль (Ешмұратов) мен Заргаровтын (Қыдыралын), Фатима (Әбдірахманова) мен Раңланың (Сәкенова), Насиба (Ақылова) мен Хұмарханның (Нұрбаева) мінез-қылықтарынан, сөйтпеген сөз, іс-әрекеттерінен туатын күлкі арқылы әрбір геройдың сыры ашығып отыруға керек. Марасуль, Заргаров, Фатималардың қылмыспен шектесіп жатқан істерінен, сайқал Хұмарханның мінез-қылықтарынан туатын күлкі-аяусыз, ашулы күлкі, мысқыл, ажуа күлкі болуы тиіс.

Адал жүрек, таяз ойлы Рахыланың «жаксылық» деп ұғып, жаманшылыққа тап болып адасуынан туатын күлкі - адасқан адал жандарға аяныш сезімінен туатын күлкі болуы керек. Бұл жөнінде комедиядағы образдарды тереңірек ашу үшін режиссер де, актерлер де әлі де іздене түсулері қажет.

Актер көруші жұтшылыққа әсер еткенде, күлкі шақырғанда, өзінің жасанды әрекеттерімен күлдіруден аулақ болғаны жөн. Ондай нәрсесі Станиславскийдің сөзімен айтқанда: «искусствоны сүймей, тек искусстводағы өзін сүюшіліктен» туатын жағымсыз әдет.

Пьесада басқа жағымды образдармен (Пулатжан, Вера, Назира) салыстырғанда Зухраға (Өмірбекова) молырақ орын берілген. Бірақ, бұл да бір жакты жасалған (жазылған) образ. Пьесадағы мүмкіншілікке байланысты Өмірбекова өз рөлін дұрыс атқарды. Бірақ, сөзді бір беткей ашулы айғаймен ғана бермей, мысқыл, ызалы кекесін сияқты жактарын жеткізуді де ескерген жөн.

Пьесада Пулатжанға да іс-әрекет берілмеген. Мұндай шала жазылған образ талантты артист Атакановтың құлашын кең сермеуге мүмкіншілік бермейді. Өсіп кете жатқан артисткалар Сағындыкова (Вера), Исова (Назира) ойнаған рөлдер де пьесаның өзінде шықпай жатқан бейнелер. Бұл автордың кемшілігі.

Нұрбаева «Жүрек сырлары» пьесасында Сурмахан образында ойнаған еді. Ал, «Ауру тістердегі» Хұмархан сияқты сайқал әйелді ойнағанда Сурмаханмен көп жерде ұқсастық байқалады. Бұл жайды келешегі бар артисткаға ескерткіміз келеді. Ондай

адамдардың мінез-құлық, іс-әрекетінде де ұжастық болуы мүмкін. Бірақ, әр адамның өзіндік жеке дара ерекшелігі болады. Актер, режиссер сол ерекшелікті дұрыс табуы керек.

Пьеса өзбек тұрмысын көрсетеді. Бұл жағынан карағанда өзбек жұртының өзіне тән ұлттық ерекшеліктері әлі жетпей жатыр. Режиссер мен артистер бұл жағын ерекше ескерулері керек.

Бұл жөнінде комедияға сөзі, іс-әрекеті аз болса да Ризмат рөлінде ойнаған артист Жарболовтың шебер артист екені аңғарылады. Комедияның сахна көркемдік жағын әлі де жақсартпа түссе, Өзбекстанның байы табиғатын көрсету жолын ойланса дейміз.

*«Семей правдасы». №79, 19.04.1957ж.*

\*\*\*

### **Байыргы театр**

Семей қаласында сахна өнерінің туу, даму тарихы да Совет өкіметі дәуірінде басталды. Семейдің оқытушы, оқушы жастары тұңғыш драма үйірмесін ұйымдастырып, қала жұртшылығына ойын-сауық көрсете бастады. Бұл үйірме кейін сахнаға пьесалар қою дәрежесіне жетті. Үйірмені тұңғыш ұйымдастырушылар сол кездегі совет мұғалімдері, партия, совет қызметкерлері болды. Атақты акын Иса Байзақов, әйгілі әншілеріміз Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков тағы басқалар үйірме жұмысына кезінде белсене қатысқандар.

Семейде сахна өнерінің өркендеуіне ат салысқан белгілі мәдениет қайраткерлеріміздің бірі, қазақтың тұңғыш режиссері, драматург Жұмат Шанин еді. Мұнда сахна өнерінің туу, даму тарихы Мұхтар Әуезовтің өсімімен тығыз байланысты. Жазушының тұңғыш пьесасы «Еңлік-Кебек» 1917 жылы алғаш рет Абай ауылында киіз үйде қойылса, кейін үйірмедегілер осы «Еңлік-Кебекті», театр сахнасында қойды. Үйірме Жұмат Шаниннің «Аркалық батыр», Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын да қойған.

Семейде қазақтың тұңғыш ойын-сауық кеші бұдан 46 жыл бұрын, 1914 жылы 13 февральда өткізілген. Ол кешті ұйымдастырушы Назипа Құджанова болған. Осы кеште «Біржан-Сара» айтысын сахнаға ыңғайлап қойған, Сараның рөлін

атқарған Тұрар деген әйелдің сауыққа қатысушы жұртты қатты сүйсіндіргенін, сол кеште оқығандардың айтысканын, қазақ әдебиеті жайында баяндама жасалғанын, Абайдың Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері оқылғанын, қазақ әншілерінің ән салғанын, әсіресе Әлмағанбет (Абай ауылыныкі) әншінің ерекше ел көзіне түскенін орыс тілінде шығатын газет толық жазған.

Осы аз ғана шолудың өзінен-ақ Семейде сахна өнерінің революциядан бұрын да дәстүрі болғанын аңғаруға болады.

1934 жылдан бастап маманданған театр болып отырған Абай атындағы Семейдің қазақ драма театрының артистер қатары келе-келе театр үлгісін бітірген жастар тобымен толықтырылды. Осы театрдың сахнасынан өсіп абырой, атаққа ие болған Қазақ ССР-інің 3 халық артисі, 13 еңбек сіңірген артисі бар.

Соңғы екі жылда театр М. Әуезовтің «Түнгі сарын», «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» пьесаларын, Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоты», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», Ә. Тәжібаевтың «Майра», «Жалғыз ағаш – орман емес» пьесаларын, Ш. Құсайыновтың «Кеше мен бүгін», К. Мұхамеджановтың «Үйленгің келе ме?» пьесаларын қойды.

Театрдың репертуарында еңбек драматургтері А. Қаххардың «Ауру тістер», Б. Рамановтың «Жүрек сырлары» пьесалары, классиктерден Гогольдің «Ревизор», Гольдониің «Екі мырзаға бір қызметкер» пьесалары бар.

1957-58 жылдары Алматыда өткізілген театр көктемінде бұл коллектив І дәрежелі дипломға ие болды, артистер Атаханов пен Сәкниеваға Қазақ ССР-інің халық артисі атағы, театрдың бас режиссері Отаровқа республиканың еңбек сіңірген артисі атағы берілді.

Театр қаланың ірі өндірістеріне, жақын колхоздарға барып ойын қойып тұрады. Артистер Байырманов, Сәкниева Абай, Шұбартау сияқты алыс аудандарға малшылар арасына барып концерт беріп қайтты. Театр артистері халық театрын ұйымдастыру жұмысына да үзбей көмек көрсетіп тұрады. Артист Матыбасев Абай, Жарма аудандарында болып, көркемөнер үйірмесіне басшылық етіп, «Қыз Жібек», «Еңлік - Кебек» пьесаларын, театрдың бас режиссері Омаров Ақсуат. Аякөз аудандарында болып «Белтірік бөрік астында» пьесасын қойып қайтты.

Артист Жаңбырбаевтың басшылығымен Семей педагогикалық институтының студенттері «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» пьесаларын қала жұртшылығының алдында көңілдегідей қойып шықты.

Артист Атаханов қаладағы мәдениет үйінде театр драма үйірмесіне, артист Жұмажанов, мектеп-интернаттың көркемөнер үйірмелеріне басшылық етеді. Халық театрына көмек көрсететін театрда тұрақты комиссия жұмыс істейді.

Қазір театр Ш. Құсайыновтың «Есірткен ерке» пьесасын қойғалы отыр. Поповтың «Семья» атты пьесасын әзірлеуде. Алдағы уақытта «Отелло», «Комисар Фаббасов» пьесаларын сахнаға әзірлемек. Семей театрының коллективі халық театрларына іс жүзінде көмек көрсетіп отыр

*«Социалистік Қазақстан», 10.04.1960 ж.*

\*\*\*

### **Республикадағы ең қарт мәдениет орындары**

(Семейдегі өлкетану музейі мен Гоголь атындағы кітапханаға 80 жыл)

Атақты саяхатшы ғалым Николай Михайлович Пржевальский Орталық Азияны зерттеуге арналған төртінші сапарынан қайта оралған жолында, Семей қаласына келді. Бұл бұдан 78 жыл бұрын, 1885 жылғы декабрь айының бесі күні еді.

Ол кезде Семей облысына Семей, Павлодар, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері қарайтын. Осы кең байтақ өлкені мекен еткен, халықтың тұрмысын, шаруашылығын, облыстың жағрафиялық жағдайын, тарих-мәдени жайларын зерттейтін ол замандағы бірден-бір мекеме – Семей қаласында 1878 жылы құрылған Статистика комитеті болатын. Статистика Комитеті 1883 жылы 24 сентябрьде (ескіше 11 сентябрь) Семейде тұңғыш мәдени-ағарту мекемесі облыстық музей ашып оның жанынан қоғамдық кітапхана ұйымдастырылды

Семей қаласында Николай Михайлович Пржевальскийдің көңілін аударған да осы мекемелер еді. Ол қалаға келген күні музейді барып көріп, кітапхананың жағдайымен танысады. Музей жанынан ұйымдастырылған кітапхана, ол кездегі Сибирь қалаларындағы кітапханалардың ең байынан саналатын. Семей кітапханасынан Л. Толстойдың, Салтыков-Щедриннің,

Пушкиннің, Лермонтовтың, Достоевскийдің, Жуковскийдің, Тургеневтің, Михайловтың, Гогольдің, Гюгоның, Диккенстің, Золяның тағы басқа орыс және дүние жүзі әдебиеті классиктерінің шығармаларын тауып оқуға болатын. Тарих, философия, табиғат таңу, тағы басқа ғылым салаларынан да кітаптар, сол кезде Россияда шығып тұратын негізгі журналдарды («Вестник Европы», «Наблюдатель», «Русский вестник», «Исторический вестник», «Новости», «Русская мысль», «Русская речь», «Новое время» тағы басқалар) Семей кітапханасы алдырып тұрған.

Н. Пржевальский, өзі Семейге келерден екі-ақ жыл бұрын ұйымдасқан музеймен кітапхананың жұмысына қатты риза болады. Саяхатшы-ғалымның құрметіне берілген қонақасы үстінде Н.Пржевальский Семей музейі мен кітапханасы туралы пікір білдіріп «Бұлар көңіл аударуға тұрарлық мекемелер, осы мекемелері үшін қалаға қайырлы болсын айтып және бұл мекемелердің алдағы уақытта онан сайын өркендей беруіне тілектестік білдіремін. Бұл сияқты қиыр шет аймаққа қуғындалып келген, оқыған, мәдениетті адамдар Отанынан мүлдем қол үздім деп сезінбейді, өзі өмір сүріп отырған ортаны, аймақты зерттеу ісімен шұғылданғысы келсе, жинақталған дайын материалды осы музейден табады. Бұл мекемелердің осы жағынан да маңызы зор», – деген екен. («Семипататинские областные Ведомости», №19,10 (V-1896)).

Н. Пржевальский бұл мекемелердің Қазақстанның кең байтақ, бай өлкесінің бірі – Семей облысын ғылыми зерттеу және халық үшін мәдени-ағарту жөнінен зор маңызы бар екеніне назар аударып, осы мекемелерді ұйымдастырып онда оның жұмысын жандандырып, адал қызмет етуші адамдар жайында ерекше атап айтады.

Н. Пржевальскийдің сөзіндегі: «Бұл сияқты қиыр шет аймаққа қуғындалып келген оқыған, мәдениетті адамдар», деп отырғаны – саяси қылмыс тағылып, Сибирьге жер аударылған революцияшыл орыс, украин, белорус, поляк, тағы басқа ұлттар интеллигенттері болатын. Бұлардың көпшілігі Россияның ірі-ірі қалаларындағы жоғары дәрежелі оқу орындарында әрқайсысы әр түрлі мамандық атуға даярланып жүрген студенттер еді. XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Сибирьге жер аударылған, орыстың революцияшыл интеллигенциясының көрнекті

өкілдерінің бірі – Евгений Петрович Михаллис (1841-1913) Семей қаласына 1869 жылы келіп, 13-14 жыл бойы осы қалада тұрған. Семейде 1878 жылы құрылған Статистика комитетінің тұңғыш секретары Е. П. Михаллис болған.

Семей облыстық музейімен Қоғамдық кітапхана ашу жұмысына, өзінің достары – Е. Михаллис, Н. Долгополов, А. Леонтьев, С. Горс, П. Лобановскийтермен бірге, Абайда белсене араласты.

Қазақ халқының тұрмыс салтын көрнекі баяндайтын көптеген заттар беріп, музейдің этнография бөлімінің негізін салысқан Абай еді. 1886 жылы 4 майда Абай Статистика Комитетінің толық мүшелігіне сайланды. Абайдың мәдени білім дәрежесінің артуына көмек берген музей жанынан ашылған кітапхана еді. Абай кітапхананың тұрақты оқушысы болады.

Шеттен келген саяхатшылардың да Семей облысының тарихымен мәдениет, шаруашылық жағдайымен жергілікті халықтың тұрмыс-салтымен танысқысы келсе, баратын жері облыстық музеймен қоғамдық кітапхана сияқты мәдени ағарту мекемелері болатын.

Сібірді зерттеп біліп, танысу мақсатымен сапарға шыққан американдық саяхатшысы, журналист Г. Кеннан мен суретшісі Фрост, 1885 жылы жаз айында Семейге келіп, музейді, кітапхананы барып көреді. Музейде олардың әсіресе көңіл бөлгендері этнография бөлімі болады. Суретші Фрост қобыздың, шамдалдың, тағы басқа заттардың суретін альбомына түсіріп алады. («Семипалатинские областные Ведомости», №19, 10/V – 1886 г.). Кеннан Семейде тұратын саяси жер ауып келгендермен кездесіп, сөйлескенде облыстық музейдің жанындағы кітапхана әңгіме болады. Сол әңгімеде А. Леонтьев Абайды сөз етіп, оның ол кезде қазақ ортасындағы мәдениетті, білімді адам екенін айтады. Бұл жөнінде Кеннан өз кітабында былай деп жазады: «Жергілікті кітапхана туралы бірнеше сұрақ қойғанымда, ол кітапхананың жер ауып келгендер үшін үлкен пайдасы болуымен бірге, жергілікті тұрғындардың да ой-санасын оятып, көңіл көзін ашатынын айта келіп, Леонтьев маған:

– Қазақтар да кітапханадан кітап алып, оқуға ынталы. Мен осында Бокольды, Мильді, Дрэперді оқитын бір ғалым қазақты білем, – деді.

– Бокольды және Дрэперді оқитын қазақ дейсіз бе? – деп танырқады бір студент

– Иә, иә, – деді Лсонтьев – Мен оны бірінші мәрте көргенімде индукция мен дедукцияның айырмасын түсіндіруді сұрап, мені қайран қалдырды. Сонынан байқасам, ол ағылшын философиясымен шұғылданып жүр екен және аттары аталған адамдардың кітаптарын орысша аудармалары арқылы оқып шығыпты. Өз бетімен оқыған ба? – деді тағы әлгі студент. Оған Лсонтьев:

– Мен онымен Дрэпердің «Европадағы цивилизация тарихы» деген кітабы бойынша екі кеш бойы емітхан атқандай әңгімелестім. Шынын айтуым керек, ол үлкен білімді кісі екеніне көзімді жеткізді». (Георг Кеннан – «Сибирь!», С-Петербург, 1906 ж. 91 бет).

Семей жұртшылығы үшін Музей мен кітапхананың сол кездің өзінде қандай зор маңызы болғанын осы әңгімеден аңғаруға болады.

Музей мен қазіргі Н. Гоголь атындағы кітапхананың тарихы бір-бірімен тығыз байланысты. Музей жанынан ұйымдастырылған кітапхана 1902 жылы 21 февральде (Жаңаша 4 мартта) Н. Гогольдің қайтыс болғанына 50 жыл толған күні, оқу залын ашып, ол оқу залын ұлы жазушының атымен атайды. Кейін кітапхана үлкейе бастаған соң, 1906 жылы музейден бөлініп, Н. Гоголь атындағы көпшілік кітапханасына айналды.

Музей мен кітапханаға ол кезде патша үкіметі мардымды қаражат бөлмеген. Бұт мекемелер халық ағарту ісіне берілген жоғарыда аттары аталған алдыңғы қатарлы, мәдениетті адамдардың ынта – жігерінің арқасында, солар ұйытқы болып ұйымдастырған мәдени қоғамдық ұйымдар қаражатымен халық игілігі үшін жұмыс істеп келген.

Октябрь революциясынан кейін музей мен кітапхананың тұрақты үйі де болмаған. Әркімнің басы артық үйлеріне ақша төлеп, бір үйден бір үйге көшіп жүрген. Музей мен кітапхана 1883 жылдан 1890 жылға дейін Статистика Комитетімен бірге Больше Владимирский көшесіндегі (қазір Совет көшесі) Землянишин дегеннің екі бөлмесіне орналасады. Статистика Комитетінің қаражаты көтере алмайтын болған соң музей мен кітапхананың «Бастауыш білім беру ісіне қамқорлық жасау қоғамы» 1893 жылы өз қарамағына алып, Петрова дегеннің үйіне көшеді. (қазіргі Совет және Жданов көшелерінің бұрышындағы үй). Абай сол 1893 жылы өзінің балалары – Ақылбай, Мағауия

үшесі осы қоғамның толық мүшелігіне өтеді. 1902 жылы 31 мартта Семейде Орыс жағрафия қоғамының бөлімшесі ашылды, музей мен кітапхана сол қоғамның қамқорлығына ауысады да. 1902 жылдан 1904 жылға дейін бұрынғы Омский және Мещанский көшелерінің бұрышындағы Зеньков деген кісінің үйіне көшеді.

Абайдың Семейде үнемі барып, кітап алып оқытын және орыс достарымен кездесіп, әңгімелесіп жүретін орындары осы айтылған үйлер. 1904 жылы музей бұрынғы Знаменский соборының жанындағы (қазір ол собордың орнында қазақ мектеп-интернаты тұр) Извеков дегеннің үйінде болады. 1921 жылы музей «Еңбек сарайының» (Дворец труда), қазіргі қалалық партия комитеті тұрған үлкен үйдің бірнеше бөлмесінде болып, тек 1924 жылдан бастап осы күнге үйіне тұрақты орналасады.

Сексенжылөмір сүріп отырған Семей музейі – Қазақстандағы байырғы қарт музей. Білімді адамдар ғылыми тұрғыдан қарап, ұқыптылықпен жүйелі түрде жинаған оның экспонаттары сан рет үлкен көрмелерге апарылып, неше мәрте мақтау алып, әр дәрежелі дипломдарға ие болған. Мысалы музейдің этнография бөлімінің экспонаттары 1890 жылы Қазан қаласындағы. 1896 жылы Нижний-Новгород (Горький) қаласындағы көрмелерде болып мақтау дипломдарын алған.

Алғашқыда музей жанында ашылған, екі-үш жүздей ғана кітап оқушы болған шағын кітапхана – Совет өкіметі заманында шын мағынасында көпшілік кітапханасына айналды. Қазір Семейдегі Н. Гоголь атындағы кітапхананың кітап қоры 200 мың томнан астам, 13 мыңнан артық оқушысы бар. Семей облыстық музейінің де ынталы көрушілерінің саны мол. Мысалы, 1911 жылы 2730 адам ғана көруші болса, 1961 жылы музейге 25 403 адам келіпті. 1963 жылдың август айына дейін музейде 17 990 адам болыпты. Музейге келушілердің саны көбейген болса, мәдени татабы мен талғамы өскен сол көпшіліктің музей жұмысына көңілі толмау, қанағаттанбауы да заңды.

Музейдің экспозиция жоспары жоқ. Экспонаттары ғылыми жөнінен орны толмас кейбір экспонаттар жоғалып кеткен. Семей облысының өткен тарихын, жаратылыс, табиғатын танытатын тарихи, археологиялық, геология, минералогиялық, зоология, ботаника, палеонтологиялық және тағы басқа экспонаттары азып-тозып кеткен. Музейдің негізгі бөлімінің бірі – этнография бөлімі мүлдем жойылып кеткен.

1902-1910 жылдардың арасында музейге түскен коллекциялық заттар саны: геология мен минералогия саласынан – 88, зоология – 156, ботаника – 29, этимология – 24, палеонтология – 21, археология мен тарихи заттардан – 289, нумизматика – 225, этнография – 59, фотография – 199 болған. Сонда 8-9 жылда орта есеппен жылына 121, айына 10 заттан музей қорына экспонаттар жиналып отырған.

1925 жылы – 112, 1926 жылы – 218, 1927 жылы – 833 экспонат жиналса, онан кейінгі жылдарда музей экспонаты толықтырылмаған. Бірлі-жарым түскен заттар болса, олардың дұрыс есебі де, сипаттамасы да жоқ. Музейдің архиві тәртіптелмеген. География Қоғамынан қалған аса бағалы кітаптар және сол қоғамның Статистика Комитетінің музейдің өзінің бастырып шығарған ғылыми, тарихи маңызы зор кітаптары дұрыс сақталмай, шашылған. Музей жұмысын білетін маман қызметкер жоқ. Музейдің тәжірибесі аз, жас қызметкерлеріне көмек жоқ. Кітап, архив қорын ретке келтіріп, сақтайтын орны да тар.

Музейді көруші жұрт аумақты кең аймақтың табиғат байлығымен танысқысы келеді. Халықтың басынан кешкен тарихын, өткен өмірін, шаруашылық мәдени хал-ахуалын, тұрмыс-салтын, аяқты заттың мұралар арқылы көзімен көріп, білгісі келеді. Кешегі ел басынан өткен ескі өмірі мен музейде танысқан адамға, әсіресе жас буындарға бақытты ұлы заманымыздың қадір-қасиеті онан сайын терең сезіліп, онан сайын арта түседі. Музейдің мәдени-тарихи орны, саяси ағарту ісіміздегі мәні де осында.

Бүгін Семей облыстық музейінің 80 жылдығын атап өткенде, оның жұмысындағы кемшіліктерінде қоса айтып, тиісті жергілікті басшы орындар музейге мән беріп, көңіл бөліп оның жұмысын жақсартуға іс жүзінде көмек көрсетеді деп сенеміз.

*«Ертіс» 25.09.1963 жыл*

## Құлақтан кіріп, бойды алатар

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Ленин орденді академиялық опера – балет театры өзінің биылғы жылғы жазғы маусымын Семейден бастап, 15 май күні Семейдің облыстық театрының сахна шымылдығын «Абай» операсымен ашты.

Абай атындағы опера-балет театры – халқымыздың ұлттық мақтанышы. Опера-балет театры - түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің таңғажайып тамаша табысының, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының салтанатты жеңісінің тұтқалы бір көрінісі.

Бұдан жиырма тоғыз жыл бұрын Москвада өткен қазақ көркемөнері мен әдебиетінің онкүндігінде Қазақтың мемлекеттік музыка театры, Астана театрының шымылдығын «Қыз Жібек», «Жалбыр» спектакльдерімен ашып, алғашқы құтты қадамының өзінде-ақ өнер шыңына шарықтап шырқай беретін күдіретті, өршіл күш-қуатын танытты. 1936 жылғы 6 майдағы мақаласында «Правда» газеті қазақ көркем өнерінің табыстарын әрі жоғары әрі әділ бағалап бытай деп жазған еді: «Зор табыспен өткен Қазақтың мемлекеттік музыка театрының халық творчествосы негізінде құрылған спектакльдері творчествомен айналысқан совет композиторына айта қаларлықтай үлгі көрсетіп кетті. Бұл социалистік реализм стилінде біздің ұлы дәуірімізге лайықты шығарма жасауға көмектесті. «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» спектаклінде естілген ондаған қазақ мелодиялары тыңдаушыларға Қазақстанның музыкалық халық творчествосының аса бай қазынасын ашып берді. Өз ісіне маман композиторлар үшін қазақтың музыкалық фольклоры саласындағы жұмыстан болашағы орасан зор».

Біздің көркемөнеріміздің қайнар бұлағы, нәр алатын суаты, ғасырлар бойы жасаған халықтың рухани қазынасы, асыл мұрасы екенін «Правда» газеті ерекше атап қазақтың музыкалық ұшан - теңіз бай мұрасын талғап, таңдап алып өнердің көркем өнеріміздің өсіп, өркендей беру жолында маңызы орасан зор екеніне өнер қайраткерлеріміздің назарын аударды.

«Қыз Жібек пен «Жалбыр» операларында бір жүзге тарта қазақтың ән-күйлері пайдаланылған болса, бір ғана «Ер-Тарғын» операсының өзінен сексенге таяу халық ән-күйлері орын алған. Композитор Е. Брусиловскийдің бұл опералардың

театр сахнасында ұзақ өмір сүруінің, көруші жұрттың әрқашан құмартып тыңдайтын сүйікті шығармалары болып калуының басты себебі – бұл опералардың нағыз халықтық негізінде жасалған қасиетінде. Осы опералардың тұңғыш ойнаған және қазаққа опера өнерінің негізін салушылар – Күләш марқұмның, Құрманбек пен Қанабектің, Жүсіпбек пен Манарбектің тағы басқа артистеріміздің ардақты есімдері бұдан отыз жыл бұрын бүкіл Совет одағына әйгілі болды. «Қазақ халқының бұлбұлы» атанған Күләштің атак данқы әлемге жайылды.

Содан бері Қазақтың Абай атындағы Ленин орденді Мемлекеттік опера және балет театры биіктен-биікке асып, өнердің шырақ шындына шарықтап, қарыштап, өрлеп-өсумен келеді. Театрдың өркендеп өсу жолындағы ең зор табысының бірі – опера өнерінде Абайдың ұлы тұлғасын жасауы. Мұхтар Әуезовтың либреттасы бойынша А. Жұбанов пен Л. Хамидидің жазған «Абай» операсы тұңғыш рет бұдан 21 жыл бұрын (24. XII-1944 жыл) қойылған екен. Содан бері «Абай» операсы әр кезде өңделіп, жөнделіп, шындалып отырғанын көреміз. Операны қоюшы – режиссерлар бай тәжірибелі, ежелгі сахна шеберлері. Қазақ ССР-нің халық артистері-Құрманбек Жандарбеков пен Қанабек Байсейітов.

Ұлы акын, кемеңгер ойшыл, халық камкоры – ағартушы, әрі композитор, Абай тұлғасын опера өнерінде көрсетуде негіз болған акынның өз шығармалары, Абай әндерінен қазақ халқының музыка өнерімен терең тамырласып, туысып жататынын таңумен бірге, орыс музыка мәдениетінің игі әсерін де айқын аңғарамыз. А. Жұбанов пен Л. Хамиді Абай мұрасын әрі орыңды, әрі шебер, творчестволық жолмен пайдалана отырып, «Абай» операсын жасаған.

Абай мен Мұхтардың жерлестері «Абай» операсын Семей театрының сахнасынан көруге көптен бері құштар еді. Опера өнерінің даңқты кайраткерлерімен кездесуді сағына күтетін еді. Сол сағына күткен сүйікті өнерпаздармен кездесу Семей жұртшылығына 15-май күні нәсіп болды.

Міне, театр сахнасының шымылдығы ашылды. Сүйген жары Ажарды (Қазақ ССР-нің халық артисі Шабал Байсекова) алып касып келе жатқан Абайдың акын шәкірті, адал досы Айдар (Қазақ ССР-нің халық артисі Әнуарбек Үмбетбаев). Олардың сонынан аш қасқырдай анталап қуып келіп қалған Ажардың

әменгері Нарымбет (Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген артист А. Мұсабеков) пен Жіренше би – (артист К. Бейсалиев) бастаған зұлымдар тобы. Олардың аузынан шығатын сөздері: «Ұста!» «Байла!» Қолға түскен екі ғашықтың мойындарына арқан салып, басына ажал төнген шақта Айдардың - Ә. Үмбетбаевтың Шыңғыстың шыңынан шырқап, сар даланы жаңғырықтырғандай «Абайлаған» дауысы. Ажардың – Ш. Бейсекованың жарымен қоштасқан ащы зары, суық түсті, мейірімсіз Жіренше – К. Байсалиев пен Нарымбеттің – А.Мұсабековтың зілді үндері ойын көрушілерге театр сахнасын ұмыттырып барады. Міне, Абай (СССР халық артисі Ермек Серкебаев) да келіп жетті. Оның қасында Көкпай (артист И. Нүсіпбаев), Әзім (артист Б.Қошмұхамбетов).

Абайдың өзі айтқанындай «Махаббат пен ғадауат майдандасқан» күрес басталды. Адамгершілікті адамның бас бостандығын, адат махаббатты қорғаушы, «мынмен жалғыз алысқан» ұлы акын Абай тұр сахнада. Оған қарсы ескі әдет-ғұрып, салт-сананың жоқтаушысы екі жүзді айлакер, даланың көкжал жыртқышы Жіреншенің жауыз тобы.

Абай операсының осылай шиеленісіп басталған драмалық конфликт-тартысы ойын көрушілерді, театр сахнасын мүлде ұмыттырып, қазақ сахарасында, Абай заманына алып кетеді. Біз ойын көрушілер емес, сол көріп, тыңдап отырған «Абай» операсы уақиғасының кайынаған ортасында араласып жүрген адамның күйіне түскендейміз. Опера ақыл-ойыңды билеп алып, сана-сезіміне құдыретті бір әсер етіп, терең тебірентер еді.

Көрушілерге мұндай әсер етіп, толқыту, опера уақиғасының күйініш-сүйіншіне бірдей ортақ етіп, адамның еркін билеп алу шынайы ақиқат өнерінің ғана сыбағасына тиген қасиет. Операға қатысушы ардақты артистеріміз сондай өнерін айқын-ақ көрсетті. Көркемөнердің қадір-қасиетін терең танытты. Өздерінің үлкен мәдениетті, профессионал сахна шеберлер екендіктерін, «құлақтан кіріп бойды алатын» әндерімен де терең сезім-сырлы драмалық ойындарымен де әйгілі еді.

Ермек Серкебаев – теңіздей терең ойдың, кең ақылдың, сергек сезімнің, қажымас қайрат-жігердің иесі, ұлы гуманист, халқының келешегіне шексіз сенген – оптимист, биік жанды ардагер адамзат, кемеңгер дана, ұлы акын Абайдың опера өнерінде кесек көркем образын, сыртқы тұр-тұлғасына шейін

ұқсата жасаған. Е. Серкебаевтың әлемге әйгілі, табиғи үздік дауысын әншілік өрен өнерін қайталап айтып жату артық та. орынсыз да болар еді. СССР халық артисі деген зор атақты өзі бәрін де баяндап тұр.

Асқақ дауысты, кең тынысы, әйгілі опера әншісі - Әнуарбек Үмбетбаев – адал жүрек, ақ көңілді жаңы таза, қызу қанды, жалынды жас ақын, Абайдың ең сүйікті шәкірт-досының ұмытылмастай сахналық образын жасағанына көңіл-көзіміз кәміл сенді.

Күләштің ең талантты мұрагерлерінің бірі – Шабал Байсекова орындаған Ажар образын көріп, таң-тамаша қалған. Түріктің алдыңғы қатарлы, белгілі жазушысы, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі Зекерия Сертель «Советтер Одағында болған 45 күн» деген кітабында, бұдан тоғыз жыл бұрын, Шабал туралы: «дауысының соншама шеберлігін айтып жеткізуге тіпті сөз таба алмадым» деген еді. Содан бері Шабалдың соншама сүйкімдірек бола түскенін, сахна шеберлігі онан да аса түскенін айтып жеткізуге біз де сөз таба алмай, халықты сүйсіндірген өнеріне рақмет, Шабал дейміз.

Екі жүзді, күншіл, пасық жан - Әзім образын ойдағыдай шығарған, драмалық ойынына тамаша дауысы сай Б. Қошмұхамбетовтың, Карлығаш рөліндегі Т. Әджиходжаеваның, Жиренше – Қ. Бейсалиевтың, Нарымбет – А. Мұсабековтың, әзілқой, ақын, жайдары мінезді Көкпай – И. Нүсіпбаевтың ойындары мен әндері көрушілерді дән риза етті. Сырттан билің тұлғасын көрсете білген, құмбірлеген кең үнді артист М. Толыбаев өз геройын дәл тапқан.

Біз, «Абай» операсына қатысушы әрбір өнерпазды - өз орнында, бірін-бірі толықтырып, толысып жатқан үлкен мәдениетті, үлгілі творчестволық коллективті көрдік. Әсем би-мен, әсерлі хор, сапарға алып шыққан жеңіл декорациясының өзі де «Абай» операсының көркі

Билік кезіндегі ескі жөн-жоралғы, ғұрып-салт та операдан ұтымды орын тауып, ерте заманның өзіне тән тағы бір көрінісін көз алдымызға әкеледі. Костюм, бутофория да заманына сай, тарихи дәлділікті сақтап, дұрыс жасалған.

Оркестрді, хорды, билді, бүкіл орындаушыларды шашау шығармай, шоктай ұстап басқарған, операға дұрыс бағыт берген дирижер, Қазақ ССР көркемөнеріне еңбегі сіңген қайраткер

– Т. Оспановтың шеберлігін ерекше атап, алғыс айтамыз!

Бұл жазып отырғанымыз сын мақала да, пікір айту да емес, «Абай» операсынан алған эстетикалық терең сезімінен туған қуанышка толы көңіл күйімізді білдіру ғана.

Құрметті қонақтарымыздың бұл тек бастамасы. Өлі де алты опера көреміз. талай қуанышка бөленеміз.

*«Ертіс» 18.05.1965ж.*

\*\*\*

### Қамар сұлу

Талантты композитор Қазақ ССР-нің өнерге еңбегі сіңген кайраткер Еркеғали Рахмадиевтің «Қамар сұлу» операсын Семей театрының сахнасынан тұңғыш рет тыңдадық.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы (1914 жылы жазылған) ертеден елге әйгілі, халықтың құштарлана оқитын сүйікті көркем шығармаларының бірі. Рахмадиевтің тырнақалды операсына негіз болған осы роман.

Композитор «Қамар сұлу» романының уақиғасына қазіргі заманның биік тұрғысынан қадағалай қарап, байсалды байымдап, терең толғанып, кең ойланып, құдіретті музыка тілімен тебірене жырлаған. «Қамар сұлу» операсы – революциядан бұрынғы, кешегі қазақ сахарасының хал-ахуалы, сол сахараның аяулы аруы Қамар мен келер жаңа заманның жыт құсындай. Ахмет сияқты жастардың кіршіксіз ақ көңіл, адал махаббаты, сүйініші мен күйінші, қуанышы мен кайғы-қасіреті жайында, өмірге құштар, жалындаған жас жандардың еркіндікке құлаш ұрған өршілдігі жайында музыка сазынан сыр шертеді.

«Қамар сұлу» операсы – композитордың талантына сай теориялық білімі жетіліп, тәжірибесі молығып, өнер майданында творчестволық талаптану жолындағы игі еңбегінің зейнеті.

Семей облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген, болашақ композитор Еркеғали жас шағынан өнерге құштар болып, өлең-жырға, ән-күйге әуестеніп:

«Құлактан кіріп бойды атар,

Жаксы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар.

Әнді сүйсең менше сүй» – деп Абай айтқандай, «жаксы

ән мен тәтті күйді» сүйіп, сүйгенін құлағына құйып, көңіліне түйіп өсті. Шебер домбырашы болды. Белін бекем байлап, өнер құу сапарына аттанып, Алматыға барып музыкалық училищенің оқуға түсті. Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірді. Тұңғыш музыкалық шығармаларын оқып жүргенде жазды. Жас композитордың Абайға арналған фортепьяналық поэмасын Москва тыңдады. «Аманкелді» атты симфониялық поэма, тағы басқа шығармалар жазды. «Қамар сұлу» операсын жазуға оқып жүрген шағында кірісіп, консерваторияны бітірудегі ұсынған диплом жұмысы «Қамар сұлудың» бірінші актісі болды.

Сол алғашқы диплом жұмысы, жас композитордың жалықпай-талмай, сүйген өнерін құйып, біліміне білім қосып, тәжірибесі молайып, классикалық музыка мәдениетін еркін меңгеру нәтижесінде үлкен операға айналды.

«Қамар сұлу» операсы – ұлттық музыка өнеріміздің социалистік реализм бағытымен өркендей өрге басып, үздіксіз өсуінің тағы бір тамаша айқын айғағы.

Еркін Рахматиев творчествосы қазақ халқының сарқылмас бай музыка мұрасының асыл қазынасынан нәр алып, терең тамырласып жатады. Маркстік-лениндік эстетика алдыңғы музыка өнерінің өркендеп өсуінің басты шарты, оның өмірмен, халықтың ой-арманымен, мұрат-мақсатымен тығыз байланыста болуында екендігін ерекше айтады.

Профессионалдық музыка өнерінің халықтың музыкалық творчествосымен астасып, тамырласып жатуы, - оның өзіне тән ұлттық ерекшелігін айқын танытатын негізі болмақ.

«Қамар сұлу» операсында осы аталған қағидалардың ескеріліп отырғанын айқын аңғарамыз.

Бұдан 43 жыл бұрын белгілі совет мәдениет қайраткері, академик Б. Астафьев, қазақтың ән-күйлерін жинап, зерттеуші – А. Затаевичке жазған хатында қазақтың халық музыка мәдениетін жоғары бағалап, былай деген екен:

«Мен әндердің көпшілігін зер салып, қарап шықтым. Бұл әндердің сонылығы, мотивінің логикасы, мелодиясы мен әшекейінің де заңды түрде үйлескен құрылысы ақыр аяғында, олардың ритмикалық әр алуандығы интонациялық байлығы – міне, мұның бәрі фольклорға қосылған үлес, зерттеуші үшін ұзаққа кететін үлес».

Еркін Рахматиев туған халқының ғасырлар бойы жасаған

тамаша музыка мәдениетін зер сала зерттеп, таңдап-талғап игеріп, өсіп келе жатқан композитор екендігінің алғашқы аршынды бір қаламын «Қамар сұлу» операсында көрсетіп отыр.

«Қамар сұлу» операсындағы образдарды театр сахнасында жандандырып, олардың ой-арманын, мұрат-максатын, күйініш-сүйінішін, сезім сырын жан-жақты айқындай ашып берген. қазақ сахарасының өткендегі өмір көріністерін көз алдымызға әкеліп, «құлақтан кіріп бойды алатын» әсем сазды ән-әуездерімен «көңіл құсын шар тарапка шарықтатқан» - жарқын жүзді, білік жанды, нәзік те сергек сезімді өрен өнер қайраткерлеріне ең алдымен рахмет-алғысымызды айтамыз.

Қамар – қараңғы қазақ даласында туған айдай ару (Қамар – араб тілінде ай деген сөз), ақ көңілді, адал жүректі, тәкаппер жанды, даланың ерке сұлуы, өр мінезді, табиғи дарынды ақын, махаббатын кіршіксіз сақтап, қара күшке қайыспай қарсы тұрып жатқан жауыздықтың құрбаны болған жалынды жас. Сұлттанмақмұт Қамарды:

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,  
Балауыз балбыраған тәні қандай,  
Ақыл, ой, мінез, көркі түгел келіп,  
Толыксып толып тұрған сәні қандай!

Еріткен іші-бауырыңды көзі қандай!  
Бал тамған майда бұлтұт сөзі қандай,  
Жұп-жұмсақ, бып-баязы ішке кіріп,  
Жайтандап жан күйдірген кезі қандай!

Талайы бозбаланың болған ғашық,  
Уай, шіркін! Болсайшы деп бізге нәсіп  
Егерде Қамарменен тіл қатысса,  
Құдай ұрып, жығ болар қара басып.

Операдағы басты образ – осы Қамарды СССР халық артисі Роза Жаманова қайта тірілтіп, көз алдымызға әкеліп, қатты толғантты, терең тебірентті. Операдағы музыкалық образды жеріне жеткізу жарқын бейнелеп, драмалық көңіл күйін, жан сезімін асқан шеберлікпен сипаттап берді. Қытымыр заманда арманына жете алмай, ескі салт-сананың құрбаны болған Қамардай арудың, жауыздыққа бас имей жатындап, жанып өткен өршіл жас сұлудың оптимистік образын жасады. Роза

Жамановнаның хатыққа танылған таланты жайында көп айтып созып жатудың өзі бұл арада орынсыз болар.

Малға мас, зорлықшыл Нұрым образын Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі А. Байтоғасов, кара жүрек дүниекеор Оспан образын К. Байсалиев, ізгі жүректі, мейірімді қамқор әке Омар образын Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі М. Мұсабаев, баксы образын И. Нұсіпбаев барынша кемеліне келтіріп, бейнелеп бергеніне көңілің толып сүйсінесің.

Қамардың сүйген жары Ахмет образын орындаған Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі, келешегі зор, үлкен үміт күттіретін артист дер едік. Н. Қаражігітов композитор мен либретто авторларының (Б. Тәжібаев пен Н. Баймұхамбетов) берген материалдарын барынша сарқа игеріп, өзінің өскелең өнерін анық танытты. Ахмет образында драмалық жағы бәсен соғып жатқан сияқты. Ал, Ахмет Сұлтанмахмұт романында:

«Ахмет ақыл, ой зеректігінің үстіне сөзге шешен ойдан шығарып, сурып-салып, өткір жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, кітап оқып, насихат айту болсын, бас бөйгі Ахметтікі еді. Соның үшін де елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп «Жәукенің баласын айт. Өне, Сондай болсайшы» деп, біреуге ақыл айтқанда, қызға Қамарды үлгі қылатын секілді, бозбалаға Ахметті үлгі қытып ұрсушы еді», – деп сипатталған. Қамар мен Ахмет бара-бар жандар. Операдағы Ахмет образы Сұлтанмахмұт суреттегендей бір жағынан кемеліне келіп жетпеген операның финалында Ахмет ұн-түнсіз, аңырап тұрады да қалады. Өршіл, оптимистік, сарында басталған опера, сол өршілдікпен аяқталуы қажет. Келешек Ахметтердікі емес пе? Сұлтанмахмұт романын:

«Апырмай! Жан дәрмен Ахметтің нағып қолы тиіп қалғанын білмеймін. «Бүйтіп аяған жанның» деп салды пышақты баксыға. Жығылған жерде теуіп-теуіп тастап, ұмтылды Нұрымға Қолынның ұшы тиер-тиместен-ақ оны да қызыл ала қан қылды...» – деп аяқтаған. Ал операдағы Ахмет образы романдағыдан әлдеқайда сәл, жасық шыққан. (Бұл Қаражігітовке арналған сөз емес). Жалпы операның либреттосында творчестволық батылдық аздау сияқты.

Операдағы орынды енгізілген бейнелер: Тезекбай, Тұяқбай, Қияқбай және Батым. Тезекбай образын орындаған артист К. Бактаев үлкен өнердің өсіп келе жатқан өрені екенін көрсетті.

Операдағы комедиялық екі персонаж Тұяқбай мен Қияқбай да (артист Қаракенов, Мұслим Асылбеков) сәтті шыққан.

Әсіресе. Қамардын жан ашыр аяулы. жақсы жөнгесі – Ба-лым образын әртіс Бақыт Әшімова тамаша шыншылдықпен. соншама нанымды. көңілге қонымды бейнелеп, үлкен актер-лік мәдениетін танытты. Оның көз жанарынан көңілі көрініп. жан сезімі сезіліп. тұрады. Тіпті оның жүрек лүпілін сезінесің. емін-еркін әсем назды үніне драмалық шеберлігі сай келген Әшімованың творчестволық өсу жолындағы жарқын келешегі қуантады бізді.

«Қамар сұлу» операсында ойнаған табиғи талантты. білімді. мәдениетті жас өнерпаздардың бүгінгісіне сүйсінеміз. бүгін ертеңгі шығатын биігін көріп. үлкен сеніммен қарап қуанамыз!

Ойынды қоюшы Қазақ ССР-нің халық артисі Қ. Байсейі-тов пен дирижер Қазақ ССР-нің өнерге еңбегі сіңген қайраткер Оспановтың «Қамар сұлу» операсының сәтті шығуына сіңірген еңбегін ерекше бағалаймыз.

*«Семей таңы» 25.05.1968 жыл*

\*\*\*

### **Қалам ұстатып, қанат бітірді**

Қазақ совет бастауыш мектебінен тәлім-тәрбие алып. қара таныған шағымда тұңғыш оқыған газетім – «Қазақ тілі», бүгін алғашқы санның жарық көргеніне алпыс жыл толып отырған қазіргі «Семей таңы» болды.

Біздің үй бұл газетті шыққан күнінен бастап (4 декабрь. 1919 жыл) жаздырып алып тұрады екен – Менің «Қазақ тілін» ең алғаш қолыма алғаным 1924 жылы еді. Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің дүниеден өтуіне байланысты 1924 жылы «Қазақ тілі» газетінде өте көп жазылған еді. Көсемнің өмірбаянында маған тұңғыш таныстырған «Қазақ тілі» болды.

Сол жылы ақындардың Ленинге арналған өлеңдері де газетте көп басылды. Солардың ішінде алғашқы қызыға. сүйсіне оқып. жаттап алып. декларация етіп айтып жүретініміз. 1924 жылы 12 апрельде газетте жарияланған «Ұмытылмас» (Ленинге арнап) деген өлең болды. Өлеңнің соңында «Жетім» деп қол қойыпты. Өлеңнің авторы Сәбит Дөнентаев екенін кейін білдік.

Газеттің 17 апрель күнгі санында «Қазақ тілі» басқармасында деген хабарда: «Осы мезгілге дейін қырда болған казактың жас ақыны – қаламгер кайраткер жолдас Дөнентаев Сәбит басқарманың жауапты қызметіне лайыктанып іске кірісті» – дегенді оқып, сүйікті ақынымыздың газетке келгенін біліп, қатғы қуандық.

Газеттің 1924 жылғы 27 декабрь күнгі санында жарияланған «Білдіру» деген хабарды оқығанда қуанышымыз қойнымызға сыймады. Онда былай деген: «Осы жылы 29 декабрьде Лұначар клубына казактың байтақ даласында өткен атакты сыршыл ақын Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының дүниеден көшкеніне 20 жыл толғанын еске түсіру үшін Семейдің «Географический обществосы» құрметтеп, ескерткіш кешін жасайды. Күн тәртібі: 1. Абайдың өмірбаяны...

Екі күн елегізіп, асыға күткен сол ескерткіш кешке үлкендерге еріп мен де бардым. Сөйтіп, Абайдың данышпан ақындық өмірбаянын Мұхтар Әуезовтің өз аузынан естіп, қандым. Ұлы ақынмен 25 жыл жолдас, дос болған Көкбайдың естелік әңгімесі Абайды көз алдымызға әкелгендей болды. Атакты әншілер Әміре мен Әлмағамбеттің тамылжытып салған Абай әндері «құлақтан кіріп, бойды алды».

Алғаш рет Сұлтанмахмұт Торайғыров, Иса Байзақов, Нұрлыбек Баймұратов, Мәжіт Дәулетбасов, Самат Нұржанов, Сәду Мақашовтың өлең, поэмаларын осы газеттен оқыдым.

Театр өнері, оның туып, өсу жолдары жайындағы М. Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал», «Еңлік-Кебек», Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесаларының Семей театры сахнасында ойналғаны туратысын мақалалар мен С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолында» пьесаларын Семейде ойнатылатыны жайындағы мақала, хабарлармен де таныстық.

Мұхтар Әуезов, Әбілхайыр Досов, Нығмет Нұрмаков, Ілияс Молдажанов, Шаймерден Токжігітов, Мәннан Тұрғамбасов тағы басқаларының мақалаларын газет бетінен құныға оқыдық. Орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевский мен казактың ұлы ғалымы Шокан Уәлихановтың шын достық қарым-қатынасын оқушы жұртшылыққа терең таныстырған да «Семей таңы» болды.

Елу бес жылдан бері үзбей оқып келе жатқан газетім – «Семей таңы» менің саяси сана-сезімімнің ерте оянуына игі әсер

етті. Советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм және халық достығы рухында тәлім-тәрбие алған екінші мектебім – «Семей таны» десем артық болмайды.

Ал, енді өзім жаңа талпынып, қолыма қатам алғанда, әдебиет әлеміне алғашқы қадамымды да «Семей танында» бастадым. Бұдан 42 жыл бұрын. 1937 жыл 24 март күні тұңғыш өлеңім – «Қуаныш жыры» осы газетте жарияланды. Содан бері сүйікті газетімізден бір сәт қол үзбедік.

Қырық екі жыл ішінде «Семей танында» жарияланған өлең-жыр, «әдеби-сын, зерттеу мақалаларым, әңгіме, очерктер, аудармалар, лекциялар жүздеп саналды. Жеке мен ғана емес, ғылым докторы, академик Әлкей Марғұлан, белгілі ғалымдар Мұсатай Ақынжанов, марқұм Қайыржан Бекқожинде алғашқы еңбек жолын журналист болып, «Семей танынан» бастаған.

Белгілі ақындар, жазушылар одағының мүшелері; Қайырлыхан Еркебаев, Тұрлыхан Хасенов, Сәкен Дайырбеков, журналист-жазушы Кәйкен Шамқин, ақын-журналист Бейсенғали Кірбестов, Самат Нұржанов, көрнекті ақынымыз Сәду Машақов өздерінің творчестволық сапарларына осы газеттен жолдама алды.

Сондықтан, шыға бастағанына 60 жыл толған үлкен мерекелі күн «Семей таны» газетін тәлім-тәрбие берген өнегелі мектебіміз, ұшқан ұямыз деп орынды мақтанышпен, зор құрметпен атап айтамыз.

*«Семей таңы», № 252, 04.12.1979 жс.*

\*\*\*

### **Халық бұлтұты**

Қазак совет көркемөнерінің таңшолпаны, опера өнерінің негізін салушылардың бірі, ұлы актриса, «қазақтың бұлтұты» атанған, бүкіл әлемге әйгілі әнші – Күләш Байсейітованың дүниеге келгеніне 2 май күні 70 жыл толады.

Атақты совет опера әншісі, Совет Одағының халық артисі Валерия Владимировна Барсова Күләштің өнерін ерекше бағалап: «Мен бұл әншімен парапар келетін, онымен салыстыруға болатын әншіні қанша ойласам да, таба алмадым. Оның өнері

тіпті ерекше ең мейлінше дара жаралған жан, қазақ әншісінің көмейінен әсем ән төгіліп тұр. Оның күмістей сынғырлаған дауысы әлдебір ғажайып құстың үйіне ұқсайды. Сондықтан Күләш Байсейітованың, ешбір көтермелеу емес, қалтқысыз-ақ «қазақтың бұлбұлы» – деп атауға әбден болады. Күләш Байсейітова – қазақ іскүстөвсіның мақтанышы», – деп жазды.

Күләш 1929 жылы 17 жасында театр сахнасына шықты. Содан жеті-ақ жыл өткенде, 1936 жылы 24 жасында СССР халық артисі атағына ие болды.

Совет көркемөнерінде ерекше еңбегімен танылғандарға «СССР халық артисі» деген атақ беру туралы» Үкімет қарары 1936 жылы 6 сентябрьде қабылданды. Сонда тұңғыш рет «СССР халық артисі» атағы үш адамға берілген еді. Олардың ішінде К. Станіславскіі, В. Немирович-Данченко, Е. Корчагіна-Александровская, В. Качалов, И. Москвин, А. Нежданона, Б.Щукин, А. Хорова және басқалары болса, солардың қатарында Орта Азия республикалары мен Қазақстаннан біздің Күләшта болатын.

Тегінде өнерге бейім таланттылар аз болмайды, солардың ішінде ерекше табиғи дарынды, өмірде сирек кездесетін феномен болады. Күләш өнер әлеміндегі жарқын жұлдыздай дара тұрған ұлы тұлға болатын. 1936 жылы Күләштің өнеріне сүйсініп, терең тебіренген Москва жұршылығы оны бірақ сөзбен: «Чудо» деп атаған.

Күләш (Гүлбахрам) Жасынқызы Байсейітова бұрынғы Верный (Алматы) қаласында дүниеге келген. Күләштің әкесі жасында домбырашы, әнші болыпты. Жігіт кезінде әйгілі әнші Әсет пен Балуан Шолаққа жолдас болып, ел аралап, серілік құрған кездері де болады. Күләштің ағалары да өнерден құр қол емес екен. Солардың бірі атакты әнші, кейін Қазақстанның белгілі халық артисі болатын Манарбек Ержанов еді. Күләш бала күнінен домбыра тартып, ән салуға құмар болып өседі. Айтбек деген ағасы гармонь тартып, ән салады екен. Күләшта ағасына еліктеп гармоньға қосылып, ән салуға машықтанады. Сөйтіп, болашақ артист өнерлі ортада үлгі-өнеге алып өседі. Бой жетіп, оқу оқып жүрген кезінде, қала жастарына драма үйірмесі қойып жүрген ойынға да қатысады.

Енді аз да болса, Күләштің театрға келу жолына тоқтала кету керек. Күләштің қыз күніндегі толық аты-жөні: Гүлбахрам Жасынқызы Бейісова.

Күләштің үлкен әкесі – Бейіс, туған әкесі – Жасын. Айтбек Бейістің кенже баласы. Бейіспен бірге туысқан – Ержан. Ержанның кенже баласы – Манарбек

Күләштің болашақ жары, жолдасы – Қанабек Байсейітов. Қанабек 1925 жылы Алматыға келіп оқуға түсіп, 1929 жылы педтехникумды бітіреді. Техникумда оқып жүрген кезінде Қанабек драма үйірмесінің жұмысына белсене қатысады. Үйірме «Арқалық батыр» пьесасын қоюға талаптанып жүргенде, техникум директоры ойынды қоятын режиссер болуға өзінің жақын жолдасы, бұрын «Еңлік-Кебек» пьесасын қойған тәжірибесі бар өнерлі жігіт Айтбек Бейісовты шақырады. Ойынды Айтбек қояды. Қанабек Арқалық болып, ойнайды. Осы ойынға Айтбектің шақыруы бойынша, қалада оқып жүрген інісі Манарбек те қатысып, үзіліс арасында көрермендерге ән салып береді. Сөйтіп, Қанабек Күләштің ағаларымен танысып, достасып кетеді. Айтбек Қанабектің өнерін ұнатып, оған театрдан кол үзбе деп ақыл-кеңес береді.

1927 жылы қалалық комсомол Комитеті ұйымдастырған жұмысшы-жастар театрының режиссері Қанабек болады. Осы кезде Айтбек арқылы Күләштің үй – ішімен де танысып, бір қыс сол үйде пәтерде тұрады Айтбек, Манарбек ағаларының досы Қанабекті Күләш ағасындай көріп кетеді. Қанабек өзі қойған ойындарға Күләшті де қатыстырып, ол «Исатай-Махамбет» пьесасында хан қызы болып, «Арқалық батыр» пьесасында қатмақ қызы болып ойнайды. Күләштің көркемөнерге алғашқы қадамы осылай басталған еді.

1928 жылы қазақ драма театры Қызылордадан көшіп, қазақтың өрен жүйрік, сегіз қырты өнерпаздар легі Алматыға келді. Олар Жұмат Шанин театрының директоры, әрі көркемдік жағын басқарушысы Жанбике Шанина, Әміре Қашаубасов, Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов сияқты таланттылар еді. Қанабек Байсейітов осы өнерпаздар легіне келіп қосылды. Жасынан өнерге жаны құмар Күләш театр ойынының бірде-бірін босатпайтын болды. Бұл кезде ол пединститутта оқып жүретін «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан, сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», – деп Абай айтқандай, өмірдегі орны өнер майданы екенін терең түсінген Күләш 1930 жылы қазақтың тұңғыш профессионал театрына келді.

«Менің актерлік жолымның ашылуына мемлекеттік казак драма театрының берген тәрбиесі көп. Онда мен актерліктің тұңғыш школасынан өттім», — дейді Күләш. Театр сахнасына алғашқы шаққаннан бастап, өзінің өнерге шексіз берілген ынта-жігерімен, ерекше еңбекқорлығымен көзге түседі. Б. Майлиннің «Майдан» пьесасында Пүліш рөлін, М. Тригердің «Сүнгіір» пьесасында Клавдияның, Н. Гогольдің «Үйленуінде» Агафья Тихоновнаның рөлдерінде ойнайды. Күләш өзі қатынаспаса да, театр ойынынан, репетициялардан калмайды. Театр өнеріне берілгені сондай, егер өзіне ұнаса, басқа артистер ойнайтын рөлдердің де сөзін жаттап алып жүреді. Қанабек Байсейітов Күләштің театрды бір қысылшан жағдайдан алып шыққанын айтады. Жұмат Шаниннің «Шахта» атты пьесасы қойылатын күні басты рөлдің бірі — Зейнептің рөлін ойнайтын артист Жан-бике Шанина ауырып қалады. Жұмат не істерін білмей, әбден қысытып, енді қайттық деп дағдарып отырған шақта, Күләш: «Ағай, рұқсат болса, мен ойнайын», — дейді. Таң-тамаша қалған Жұмат: «Не дейсің? Сөзін білесің бе?», — десе, Күләш: «Білем», дейді. «Мизансценасын да білесің бе?», — десе Күләш: «Білем» — дейді. Сөйтіп, Күләш Зейнеп рөлін ойдағыдай ойнап шығып, елді танқалдырады.

«Еңлік-Кебек» пьесасында Еңлік рөлін ойнаған Күләш өзінің актерлік шеберлігімен, әншілік өнерімен де танылады. Енді бір-екі жылдың ішінде театрдың ең басты артистерінің қатарынан орын алады.

1933 жылы сентябрь айында казактың ұлттық музыка театрын ашу жөнінде қаулы қабылданды. Ең алдымен музыка студиясы ұйымдастырылып, театр ашу даярлығына кіріседі. Бірінші музыкалы пьеса жазу Мұхтар Әуезовке тапсырылады. Мұхтар «Айман-Шолпан» пьесасын жазып, пьесаның музыкасын халықтың ән-күйлерінің негізінде И. Коцык даярлап, пьесаны қою Жұмат Шанинге тапсырылады. Күләш бастатқан музыка өнеріне бейімі бар драма театрының Құрманбек, Қанабек сияқты артистері музыка театрына ауысады.

1934 жылы 13 январь күні казактың тұңғыш музыка театрының шымылдығы «Айман-Шолпан» пьесасымен ашылады. Күләш Айман рөлінде ойнап, өзінің асқан әнші, үздік артистігімен сегіз қырлы өнерімен ойын көрушілерді терен тебірендіріп, сүйсіндіріп, зор құрметке ие болады. Арыстан

рөлінде Қанабек. Көтібар рөлінде Құрманбек ойнайды. Әсіресе, Күләштің өнеріне халықтың құштарлығы күннен-күнге арта түседі. Ойын күн сайын қойылса да, театрға ағылған халық бір толастамайды. «Айман-Шолпан» май айының он бесіне дейін 100 рет қойылды. Күләштің абыройы артып, атак-данқының елге кең тараған алғашқы кезеңі осы еді. Сөйтіп, Күләш бастатқан казак көркем өнерінің жас кайраткерлері алдағы уақытта опера өнерін емін-еркін меңгере алатынын айқын танытты.

1934 жылы жаз айында Б. Майлиннің «Шұға» пьесасы қойылды. Күләш Шұға рөлінде ойнап, тағы да өнерінің өрлеп келе жатқанын көрсетті. Сол жылы Күләш, Қанабек Байсейітовтерге (Бұлар үйлену тойларын 1933 жылы жасаған болатын), Құрманбек Жандарбековке, Қалибек Қуанышбасевқа және Серке Қожамқұловқа Республикаға еңбегі сіңірген артист атағы берілді.

Сол жылы музыка театры Семейге келіп, «Айман-Шолпан» пьесасын көрсетті. Күләшті тұңғыш рет Семей театрының сахнасынан көріп, дауысын естіп, «құлақтан кіріп бойды алатын әнін» тыңдап, тамашалағанбыз.

1936 жылы 17 май күні Москвада казак совет көркем өнерінің онкүндігі басталды. Сол күні Үлкен театрдың сахнасында «Қыз Жібек» спектаклі көрсетілді. Театр залы халыққа лық толы. Партия мен үкімет басшылары келді. Демьян Бедныйдың сөзін келтірейік: «Мен әлі жас казак театрының өзіме ғажайып сипырлы көріністей әсер еткен спектаклін ерекше бір толқу үстінде көрдім. Актерлердің дарындылығы, әсіресе ғажайып әнші Күләш Байсейітованың өзі жасаған образдағы адамды сипырлап алатын әсерділігі соншалық тамаша. Мен тіпті іштей қуаныш сезімімді білдіретін сөз таба алмадым. Бұл қуаныш біз көп кешікпей-ақ казак өнерін жаңа социалистік мәдениетті жасап жатқан ұлы одақтың бақытты халықтары өнерінің алдыңғы қатарынан көреміз деген менің сенімімнен тұып отыр»,- деп жазады.

18 май күні «Жалбыр» спектаклін Москва жұршылығына көрсеткенде Күләш – Қадияша, Қанабек – Сүгір, Құрманбек – Жалбыр рөлдерін ойнайды. Осы онкүндікте Күләштің атак-данқы шартарапқа шарықтап шықты. Күләш Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Онкүндік өткен соң үш айдан кейін Күләш Байсейітоваға СССР халық артисі құрметті атағы берілді.

Онқұндікте Күләштан басқа Еңбек Қызыл Ту орденімен Жамбыл, С. Сейфуллин, Т. Жүргенов, Қ. Жандарбеков, Е. Өмірзаков, «Құрмет Белгісі» орденімен Қ. Байсейітов, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, М. Ержанов, Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұлов, Шара нағрадалды.

Онқұндіктен зор табыспен оралған казактың жас музыка театрының ендігі алдына қойған мақсаты «таза» опера жасау еді. «Баскадай тәжірибе болмағандықтан алғашқы операны да халық музыкасы негізінде жасау қажеттілігі сөз болды. «Қыз Жібекті», «Жалбырды», «Айман-Шолпанды» нағыз опера етіп қайта жазу керектігі қозғалды. Бәрін де істейміз, жасаймыз деген батыл ниеттеміз. Қолдан келмейді-ау деген қобалжу жоқ, жаппай қуаныштамыз, өйткені онқұндіктің буы әлі басыла қойған жоқты», – дейді Қанабек Байсейітов.

Бұл кезде жаңа операның – «Ер Тарғынның» либреттосы жазылып бітеді. Либреттоны талқылау кезінде басқалар бірауыздан ұнатып, мақұлдайды тек Күләш қана жаңа пікір айтады.

«Мұндағы Ақжүніс бұрынғы Жібек пен Айман – бәрі тым біркелкі. Казак қыздарына ылғи жағымды бейне жапсыра бергенше, оларға да әртүрлі характер тауып берсек, күрделендірsek қалай болар еді? Бір спектакльдің өзіндегі Ақжүніс пен Тана екеуі де жағымды образ, ұқсас. Менінше оларға екі бөлек характер беріп, әрқайсысын ерекшелеген дұрыс», – деп, «Анда» сияқты классикалық операдан мысалдар келтіріп, өз пікірін дәлелдейді. Күләштің пікірі қабыл алынып, либретто авторы да мақұлдап, Ақжүніс образын жаңадан жазады. «Ер Тарғын» операсы 1937 жылы 15 январь күні тұңғыш рет театр сахнасынан көрсетіледі. Режиссер – Құрманбек Жандарбеков, Ақжүніс – Күләш, Тарғын рөлін Қанабек ойнайды. Өзінің берген ақыл-кеңесі бойынша жазылған, аса күрделі образ Ақжүністі Күләштің сахнада қалай көрсеткенін сыншы И. Кельт былай сипаттап жазады: «...Жоқ, Байсейітова Ақжүністің партиясын тек жәй орындап қана қоймайды. Оның бетіндегі әрбір бұлшық еті, әрбір қол сілтесі, бұрылысы, ызалы жіңішке қолдары, көзі-бәрі ойнайды. Тана бетіне караса, нәп-нәзік, аса сергек, одан еш көмегін аямайтын, оның жолында өзін құрбан етуге де дайын, ең жанашыр досы бола қалады, ал қатмақ қызы өзінше ойлана қалған сәтте Ақжүністің бет әлпеті де кенет өзгере қояды, әрі

жеп-жеңіл. әрі қорқынышты қимыл мен құдды бір жыртқыш құсша, өз жемтігінің үстіне төніп бара жатады». – дейді.

Терең ойты, ұшқыр қиялды актриса нағыз көркем образ жасау ісіндегі өзінің творчестволық тәжірибесін жастарға үлгі-өнеге ретінде айтып, ақыл кеңес беріп отырды. Мысалы: Ақжүніс образы тұраты «Ақжүніс образы Қыз Жібекке карама-карсы, ханның ерекше мінезді, сиқырлы, қызғаншак тәкаппар қызы. Бұл образға Қыз Жібектей халық поэзиясының лирикалық толғауына музыкалық лирикалы үнінен іздегенім жоқ Жоғары таптың қанаушы тұрмысынан, өмірден іздедім. Айтатын арияларының лирикалы гармоникасы рөлдің психологиялық теріс қасиетіне бағындырып, ішкі құбылысы мен сыртымды бірдей атып шығуға тура келді.

Әдетте теріс мінезді ойнау актерге жеңіл сияқты болса да, сыры мен сыртқы құбылысын көңілдегідей қатар атып жүру өте қиын. Кейбір актерлер теріс қылықты адамның рөлін ойнағанда бірыңғай сарынмен кетеді. Жалт-жұлт қимыл, бет-аузын тыржип, жоқ жерде монтансына көгірлену - адамда болмас тағы басқа мінезін орынсыз көрсетіп, қимылдарын өте шағын келте алады, штамп әсері осыдан тұады». – деп жазады.

Күләш «Біржан-Сара» операсында Сараның, «Абай» операсындағы Ажардың ұмытпас көркем образдарын жасады.

Басқа халықтардың операларын қазақ сахнасында көрген кездерінде де Күләштің творчестволық еңбегі ерекше еді. Ол қай халықтың болмасын нақ өзінің тұма қызын ойнап, сол халықтың өзіне тән қасиетін бейнелеп береді Татардың «Алтыншаш» операсында Алтыншаштың, азербайжанның «Наргіз» операсында Наргіздің, грузиннің «Дайро» операсында Маро рөлдерін ойнап, олардың естен кетпес образдарын жасады. Италия композиторы Пуччинидің «Чю-Чю-Сан» операсындағы мадам Баттерфляйдің рөлін ойнағанда оның үнін, музыкасын қатты ұнатып, Күләш: «Мен мұндай творчестволық күш бар деп ойламаушы ем, тіпті «Чю-Чю-Санның» сөзі мен музыкасы осы уақытқа дейін ұйықтап жатқан бір ішкі қатымды оятып кеткендей болды» – деген екен. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсында Татьяна тұтғасын келтіріп жасаған Күләштің тамаша талантына таңқалған, атакты режиссер, актер СССР халық артисі профессор Социалистік Еңбек Ері Ю.А.Завадский «Дәл мынандай Татьянаны мен бұрын көрген емеспін. Күләш – ұлы

адам, ұлы актриса!», – деген екен. Күләш Рубинштейннің «Демон» операсындағы Тамараны да өзінің Қыз Жібегінен кем ойламапты.

Табиғи дарынды, ағыр ойлы, ұшқыр киетды, сегіз қырлы өнерпаз Күләш профессионалдык музыкадағы опера сияқты синтетикалық күрделі музыкалы театр өнерінің биігіне шарықтап шықты. Күләш казактың ұлттык өнерін өркендетуге сан салалы нәтижелі еңбек еткен үлкен мәдениет қайраткері. 1938 жылдан бастап Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Бейбітшілік қорғаудың Бүкілодақтык комитетінің мүшесі, көрнекті қоғам қайраткері болды.

Совет үкіметі Күләш Байсейітованың еңбегін жоғары бағалады. Ол СССР халык артисі, екі рет Мемлекеттік сыйлық лауреаты болды, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен нағралталды.

Күләш Байсейітова өнерінің онан сайын өрлеп келе жаткан шағында, 1957 жылы 45 жасында дүниеден кайтты.

Күләштай өнерпазға өлім жоқ. Қазақтың бұлбұлының күдіретті үні құлағымызда оның жайдары жаркын бейнесі оркашан көңіл – көзімізде!

*«Семей таңы» №81, 30.04.1982 жыл*

\*\*\*

### **Семей театрының тарихынан**

Жарты ғасыр жасап отырған театрымыздың туып, өсіп, өркендеу жолының өзіне тән тарихы бар. Театр өнерінің түп негізі еңбекші халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениеті қорының асыл казынасынан үлгі-өнеге, нәр алып, театр өнері өрбіп, өсіп өркендемек.

Театр өнері жөнінде оның туып, өсу жолдары жайында Мұхтар Әуезов «Жалпы театр өнері мен казак театры» атты еңбегінде, «Театр - сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді құрғақ тілсз, құрғақ бұйрық тұғызбайды. Қай елдегі қай түрдегі өнерді алсақ та сән-салтанатпен ырғатып-жырғатып бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген

жок. Барлығы да болымсыз кішкене ұрықтан жайыты топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағылып, қағылған уақытта ғана бой жасап, өсіп-өнген. Әрбір өнер өзінің туып-өсу жолында, арнайы топырағы сияқты болған еліне міндетті. Ел тіршілігінің өткен күні, сол өнердің бойы өсуіне қажет болған шарттың барлығын берген болады.

Бұл қалден тысқары жолмен өскен ешбір ел жоқ. Қай өнерді алсақ та әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптік болып жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды» – дейді.

Біздің Семей театрының тарихы да осы айтылған шарттардың бәрін де басынан кешкен. Арғы тарихқа тереңдеп бармай-ақ, Ұлы Октябрь революциясының алдыңғы дәуірдегі сахна өнерінің алғашқы көріністеріне көз жіберсек, театрдың, драматик шығарманың алғашқы пайда бола бастауын айқын аңғарамыз. Мысалы, 1914 жылы 25 январьда Абайдың дүниеден қайтқанына 10 жыл толатын күні алдында ақынды еске алу кеші өткізілген. Сол әдебиет кешенінде, Қазақ әйелдерінен шыққан алғашқы мәдениет қарлығаштарының бірі, жазушы-журналист Нәзіпа Құлжанова, Абайдың өмірі мен ақындық өнері жайында орыс тілінде баяндама жасап, кештің екінші бөлімінде Абайдың өз өлеңдері, әндері орындалады. Осы кеш жайында «Айқап» журналында жазылған хабарда: «Бүркіт, қаршығалар көрсетіліп, қазақтың аң құмарлығы біраз сөз болды. Қазақ әйелдерінің қымыз сапырып, қонақ сыйлағандары көрсетілді. Қысқасы бұл кеште көрсетілген тамашаның барлығы да қазақ тұрмысынан алынған нәрселер болды.

Абайдың өлеңі айтылады деген хабарды естіп, қаладағы, қырдағы жнылған қазақтың көбіне билет жетпей қалды», – дейді. Кешті өткізу ісін қолға атып, ұйымдастырушылар Семейдегі жағрафия қоғамының мүшелері, алдыңғы қатарлы орыс интеллигенттері болғаны «Айқап» журналында ерекше аталып: «Біз өзіміз істеуге тиісті болған бір істі бізге орыстар істеп береді. Атақты ақын һәм философ Ибраһим Құнанбаевтың өлгеніне бныл он жыл болады. Ілгері басқан жұрт мұндай қадірлі адамдарының атағын шығару үшін, талай белгі істеген болар еді. Біздің көбімізге Абайдың кім болғаны белгісіз. Оның кім екенін бізге орыстар танытып жатыр», – деген. («Айқап», №4, 1914 жыл, 67-68 бет).

Міне, бұт Семей қаласында өткізілген қазақша тұңғыш әдебиет кеші. Кештің екінші бөлімінде қазақтың ақындық және музыка өнеріне арналған концерт беріліп, сахнаға қазақ әйелдері шығып, халықтың тұрмыс-салтын қонақ күту дәстүрін көрсеткен. бүркіт, қаршығатары мен құсбегілер сахнаға шығып, қазақтың аңшылық кәсіп-салтымен, құс салу – саят өнерімен көрушілерді таныстырды.

Осыдан бір жыл өткен соң, 1915 жылы 13 февраль күні, Семейдегі приказчиктер клубында қазақша үлкен ойын-сауық кеші болып, ол кеште Біржан-Сара айтысы театр сахнасына бейімделіп, музыкалық пьеса – инсценировка ретінде қойылады. Қазақша тұңғыш ойынын ұйымдастырып, қояшылар, сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ интеллигент жастары еді. Олардың ішінде: Мұғалімдік семинарияның қазақ тілі мен әдебиет оқытушысы Нұрғали Құлжанов, оныңзайыбы, жоғарыда аталған Назипа Құлжанова, оқытушы – әдебиетші, жазушы әрі ақын – Тахир Жомартбаев, мұғалімдік семинария оқушылары Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев тағы басқа талантты жас жігіттер, қыз-келіншектер болады. Қазақтың талантты әнші музыканттары, олардың ішінде Абай шәкірттері, әнші домбырашы, скрипкашы, ақын – Мұқа Әділханов, Әлмағанбет Қапсатөмов және Қали Бекбергенов, талантты жас әнші Қайықбай Айжағұловтар қатынасып, өнерлерін көрсетті. Ойының программасы қазақша, орысша екі тілде басылып, алдын - ала елге таратылған.

Аман сақталып қалған, әзірге қолымызда бар бір ғана программаға көңіл аударсақ, тақырыбының байлығына, идеялық-мазмұнының тереңдігіне көңіл толартықтай. Программаның мазмұнына көз жіберіп көрсейік. «Қазақша ойын» (ән-күй, өлең, жыр).

**Бірінші бөлім.** 1. Ән-күй өлең жыр-жайынан 1-2 ауыз сөз. – Құлжанов

2. Сара қызбен Біржан салдың айтысканы.

**Екінші бөлім.** 1.«Жаз» - Ыбырай Алтынсариннің сөзі. Орындаушы Назипа Құлжанова 2. «Ырғақты», «Татьяна», «Жарық етпес...» (әндер) – Әлмағанбетов Қапсатөмов. 3. «Қыс». Абай Құнанбаевтың сөзі – Тахир Жомартбаев. 4. Ән (домбыра мен мандалина) – Қаныш. 5. «Бұлбұл мен Есек» Абайдың сөзі – Қаныш Сәтбаев 6. «Аридаш», «Шілде», (ән) – Әлмағанбет хәм Қали Бекбергенов. 7. «Өсиет өлең». Алтынсариннің сөзі – Малдыбасв.

**Үшінші бөлім.** 1. Жанак пен баланың айтысқаны – Ғабдулхамит – бала хәм ақсақал (Әлмағамбет). 2. Күй (домбыра) – Мұқы ақсақал. 3. Батғожа білдің оқу дағы баласына жазған хаты. 4. Жай сөздер (Надандық жайларынан). 5. «Қалня». (ән). 6. «Қарға мен Түлкі», Алтынсариннің сөзі – 3. Саникин. 7. Скрипкамен қазақша ән

**Төртінші бөлім.** 1. Қазақ батыры. 2. Орал облысының келіншегі. 3. Торғай облысының келіншегі 4. Жетісу облысының келіншегі 5 Семей облысының келіншегі ақырында қыз-келіншек, бозбалатар ән салды. ... Жасаушы – Н. Құлжанова».

Бұл ойын жайында «Айқап» журналының 1915 жылғы 5 санында «Қазақша бастапқы ойын» деген тақырыппен үлкен мақала жарияланған. Мақалада ойынның программасы баяндалып, халықтың соншама көп жиналғаны, ойын көруге орыс оқытушылары, «Сибирская жизнь», «Семипалатинский телеграф», Барнаул газеттерінің тілшілері келгені айтылады. «Біржан-Сара» айтысының сахнадан қалай көрсетілгені былайша сипатталып жазылған:

«Сценаның төріне қазақ салтынша масаты кілемдер төселіп, оюлы отау - шатыр қойылған. Залдың (сахнаны айтады – Қ.М.) бір жағына қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ камзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене кара сақалды, кәмшат бөріктің шокпардай үкісін бұлғандатып, айғайды сала ән шырмап, Біржан шықты. Біржанның қасында салдарша кіпінген бес жолдасы да тұрды.

«Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері...» – деп шырмаған Біржан даусын естіп, қасында жеті-сегіз қыздары бар, бұрала басып былқылдап, Сара шықты. Үстінде оқалы қызыл камзол, атлас шапанын пығына жамытып, бүтін дүнианы бір тырнағына теңгермей келе жатқан сері қыз Сара екенін көрген жерде-ақ әркім білді. Екі нөкер сценаның екі жағына отырып, кезекпе-кезек ән шырмап айтысты. Сараның рөлін алған Тұрар ханым Қозбағарова рөлін ойнағаннан артық шығарды. Әсіресе, Тұрар ханымның сөзінің анықтығы, даусының мінсіздігі жұрттың ықыласын өзіне магниттей тартты.

4 - бөлім: Живая картина болды. Әуелі басына қалқан, үстіне темір сауыт киіп, қолына айбалта, найза ұстаған қазақтың батыры көрінді .. Орал, Торғай, Жетісу, Семей облыстарындағы қазақтың келіншектері формында шығып, жұртқа тәжім етіп

көрінді. Картиналардан соң, сценаның бір жағына қыз, келіншектер, екінші жағына бозбалалар отырып, кезекпе-кезек қосылып ән салды. Сөйтіп, той сықылды болып тарқады. Ойын өзі көңілді, қызықты болды.

Ойын туралы осындай мақала орыс тілінде, Томск қаласында шығатын «Сибирская жизнь» газетінің 1915 жылы, 52 санында да басылған. «Қазақша бастапқы ойынға» қатынасып, сахнада Сара рөлінде ойнаған Тұрар Қозыбағарова марқұммен көзі тірісінде әңгімелескенімізде, ойынның қалай даярланып, қалай қойылғанын толық баяндап айтып берген еді. Сонда ол ойынға Мұхтар Әуезовтің қатысуы жайында сұрағанымызда: «Ол кезде Мұхтар Семейде оқитын. 17-18 жастар шамасында болатын. Қанышта Семейде оқушы еді. Екеуі де тұңғыш қазақ ойынын дайындасуға аянбай кірісті. Мұхтар ән салып, өлең айтпағанымен ойынның программасын жасауға, әсіресе Абай елінен Әлмағамбет әншіні, Көкші елінен Мұха әншіні қатыстыруға көп еңбек етіп, театр сахнасын әзірлеуге көмектесті», – дейтін еді.

Қазақша осы алғашқы ойыннан соң, екі жылдан кейін 1917 жылы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, Абай ауылында, қазақ үйде көрсеткені елге мәлім. Жас жазушының тұңғыш пьеса жазуына 1915 жылы «Біржан-Сара айтысының» сахнада ойналып, көрсетілуі негізгі бір себеп болғаны, үлгі-өнеге бергені сөзсіз деп білеміз. Және Мұхтар Әуезовтің содан көп жылдар кейін 1926 жылы «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген үлкен мақала жазып, онда: «Біздің елде театр ерте күннен бар болатын. Рас, ол заманғы өнер бүгінгіше театр деп аталған жоқ. Бүгінгідей мәдениет шеңберіне кірген жоқ.

...Шынында ерте күнде ас пен тойда, ұлы жпында ізденіп, келіп өлеңмен әнмен айтысатын көп ақындар, өз заманында театр жасамай, не жасады?» – дегенде, Семей қаласында 1915 жылы қойылған «Қазақша ойын «Ән-күй, өлең-жыр», сахна өнерінің алғашқы тәжірибесі де ескерілген шығар деп ойлаймыз.

Қазақ театр өнерінің нағыз өсіп, өркендеу дәуірі тек Ұлы Октябрь революциясының жеңісінен кейін басталды. Революцияның алғашқы жылдарынан бастап Коммунистік партия мәдениетті дамытуға, өнерді өркендетуге зор салып отырды.

Ленин партиясының әкелік қамқорлығының арқасында қазақ халқының түрі ұлттық мазмұны социалистік мәдениеті, оның басты бір саласы көркемөнер жедел жетіліп, гүлденіп өсті.

Клара Цеткинмен әңгімесінде В. И. Ленин «Өнер халықтікі еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында ол мейлінше терең тамыр жоюға тиіс. Ол осы бұқараның ой-сөзімін және жігерін біріктіріп, оларды алға ұмтылдыру керек. Өнер олардың арасындағы шеберлерді оятуға және оларды өсіре беруге тиіс» – деген. (В. И. Ленин туралы есте қалғандар. Алматы, 1959. 507 бет)

1917-1918 жылдары Семейде орыс труппасы, қазақ, театр өнерпаздары, көбінесе бірігіп, халыққа театр ойынын көрсетіп, концерт бере бастады. 1918 жылдың көктемінде (май) орыс театры құрылды.

Колчактың ақ бандалар, Чехословак әскери бөлімдері эсерлер мен меньшевиктердің көмегіне сүйеніп, 1918 жылы 11 июньде Семейдегі жас совет үкіметін құлатып, қаланы басып алған соң, жас совет өнерпаздарының театр группасының жұмысы тоқтап қалған еді. Семейде Совет үкіметі 1919 жылы 1 декарьде түпкілікті орнаған соң, театр өнері жанадан жанданып, іске кірісті.

Қалада тұңғыш қазақ совет жастарының ағарту қоғамы – «Есаймак» құрылды. Бұл жайында Ғали Акбар Төребаев былай деп жазады: «1920 жылдың күз айы еді. Мұхтар Әуезовтің басшылығымен, Семей губерниялық ағарту бөлімінің Жанасемей қаласындағы кітапханасының жанынан тұңғыш ағарту қоғамы құрылды. Қоғамды «Есаймак» деп атаған еді. «Есаймак» қоғамының мақсаты – мәдениеттен артта қалған қазақ аймағын социалистік мәдениетке бастап, үлгі-өнеге көрсету, халық арасында мәдени-ағарту жұмысын ұйымдастыру, күшейту, елге эстетикалық тәрбие беру, сөйтіп партиямен совет үкіметінің Лениндік саясатын түсіндіру мақсатын көздеді».

«Есаймактың» қала сахнасында алғашқы қойған ойындары Мұхтар Әуезовтің қолжазба күйіндегі пьесалар еді. 1925 жылы февраль айында М. Әуезовтің «Ел ағасы» атты пьесасын «Сибирьский бурлак» клубының сахнасында қойып, затон жұмысшыларына көрсетілді. Сол жылы 13 мартта М. Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал» пьесасын сахнаға шығарыпты. Бұл жайында «Қазақ тілі» газеті (қазіргі «Семей таңы») 1921

жылы 29 март күнгі санында: «Осы жылы 14 мартта Семейде Свердлов ктү бында қазақша сауық кеші болып өтті. Бұл кешті Семейде болатын тұңғыш губерниялық әйелдер тойына арнап, Жанасемейдегі «Есаймак» ұйымы жасады. Тамашаға жас жазушы Мұхтар Әуезұлының жазған «Бәйбіше – тоқал» атты төрт бөлімді драма кітабы ойналды. Бұл драма бұрын дүние жүзіне шықпаған хәм ойналмаған шыт жаңа болғандықтан бұл туралы бірер ауыз сөз айтып кетпекпін», – деп хабардың авторы (мақаланың аяғында: «Сауықта болған» деген) бұдан әрі пьесаның мазмұнын баяндайды. Сонында, «Сауықтың өте әсерлі болғандығы сондай, драманы жазушы Мұхтар жолдас ойын бөлмесіне шақырытып, халыққа тыныстырылды. Сауықта болған халықтар ойыншыларға есепсіз алғыс айтып, бір түрлі көңілдері тасып, шаттанып, кайтты. Бұл сауықтан қазақ труппасының маңызын қазақ труппасы өркендеп жасайтынын, ілгердегі ісінің аса жемісті болатынын, ойнап жүрген ойындарының ең мандайы болып шыққанын, ойыншылар шын ынтасымен мойындарына артылған зор міндеттерін ілгеріде күдіксіз жақсы атқаратындығы айқын көрсетілді» – деген.

«Есаймак» ағарту қоғамының мүшелері. Уәли Тұрлыбеков, Құсайын Әубәкіров, Омар Бейсенов, Жүніс Сәлменов, Әбіл Бейсенбаев, Ахмет Әуезов, Кенжебек Құлғарин сияқты совет қызметкерлері, Ғали Акбар Төрбаев, Латиф Әшкеев, Фатиха Әшкеева, Кәбір Махмұтов, Өжен Махмұтова, Гүлбаһрам Тәуекелова, Сәруар Артықова сияқты бастауыш совет мектебінің жас оқытушылары, ағарту қоғамының басшысы – Сейтқазы Тоқымбаев болады. «Есаймақтың» талантты ұйымдастырушысы, қоғам жұмысын қызу қолға алып, ел көзіне көріне бастаған алғашқы қадамына 1921 жылы февральда «Ел ағасы» пьесасын театр сахнасына шығарыпты да мезгілсіз дүниеден көшіпті «Есаймак» мүшелері, жолдас-тары: Уәли, Шәкіман, Құсайын, Жүніс, Омар, Кәбір, Өжен, Кенжебектер. Сейтқазы қазасын «Қазақ тілі» газетінде (29-III 1921 жыл) қайғырып хабарлап, «Күйіншіті өлім» деген атпен некролог жарияланған. Онда: «Осы жылы 3 мартта қазақ жастарының халық ағарту «Есаймак» ұйымының бастығы Сейтқазы Тоқымбайұлы мәйірімсіз тағдырға кез болып, бауыры суық қара жерге тапсырылды. Сейтқазы Семей уәзі Көкен елінің қазағы жасы 22-де еді. Әуелі мұсылманша, одан кейін

двухклассный школге түсіп оқып, жігерлі, талапты қатарлы жастың бірі болып келе жатыр еді.

1918 жылы Уақ Серігіне мүше болып, шын ынғасымен қызмет қылып, кедейлердің басын біріктіріп, соңғы декабрь өзгерісіне дейін өнімді Уақ қарызда қызмет қылып тұрды. Жас қазақ жастарының басын қосып, басшылық қылып, «Есаймақ» ұйымын басқарып, не қылса да халықты ағарту жолына кірісіп, ақырғы деміне шейін қызмет қылып өтті.

21 февральда Затондағы қазақ жұмысшыларына сауық қойып, содан ауырып қайтты. тәуір болмай, бір жұмадан соң қайтыс болды. Есіл қыршын, жатынды жас жолдасымыз, сенің өлімің жүрекке кетпестей ауыр жара салып кетті. Дегеніне жетпей, арманда жас кеттің. Сенің мезгілсіз тағдырдың кермесіне кез болғанына жолдастарың болып қатты қайғырамыз, қамығамыз, күйінсеміз», – деген. (Газет редакторы М. Әуезов болатын және Мұхтардың «Оқыған азамат» атты әңгімесінің кейіпкері Мақсұттың прототипі – Сейітказы Тоқымбаев еді).

Қазақтың жас совет мәдениет қайраткерлерінің тұңғыш түлектерінің бірі – «Есаймақ» труппасы 1922 жылдан бастап. «Семей губерниялық Қазақ драма труппасы» деп аталды. Труппа 1922 жылы 30 декабрь күні «Еңтік-Кебек» пьесасын қояды. Ойын программасында: «Мұхтар Әуезовтің екінші рет түзетіліп басылған «Еңтік-Кебек» қайғылы халық (трагедия) Жанасемей қаласындағы губерниялық драма труппасы ойнады» – деген және программада: «Екінші бөлімде атақты Иса ақын мен труппаның әншілері өнерлерін көрсетеді. Ойын арасында духовой музыка ойнап тұрды. Труппаның бастығы – Әуезов, кешті басқарушы – Жаулықбаев» – деп жазыпты. «Еңтік-Кебек» пьесаның постановкасына. Ахмет Әуезов, Латиф Әшкеев, Гүлбаһрам Тәуекелова, Ахметбекова, Ахметбек Шықбаев, Сейіфолла Мұхамеджанов, Ғалиакбар Төребаев тағы басқа труппа мүшелері қатысканы жазылған.

«Алғашқы қадамында «Есаймақ» қоғамының жұмысшы Семей, Жанасемей, Затон, қала маңындағы тон-тері заводтарына мәлім болса, – дейді Ғ Төребаев, 1922-1923 жылдары уездік губернияға дейін қанатын кең жая бастады. Қарқаралы, Павлодар, Зайсан. Өскеменнен әншілер, ақындар келе бастады».

1922 жылы Зайсан уездік атқару комитетінің председателі қызметін атқарып жүрген драматург, режиссер, сегіз қырлы

өнерпаз – Жұмат Шанин Семейге келіп, драма труппасының жұмысын қолына алды. Атақты әнші, ақындар: Иса Байзақов, Әміре Қашаубасов, Нұрлыбек Баймұратов, Жүсіпбек Елебеков театр ойынына белсене қатысып, сахна өнерінің өркендеуіне ат салысты.

1922 жылға дейін баспадан шыққан пьесалар, әсіресе революция тақырыбында жазылған пьесалар болмай келсе, 1922 жылы Сәкен Сейфуллиннің: «Қызыл сұңқарлары» (1920 жылы жазылған) «Бақыт жолына» (1917 жылы жазылған) атты революция тақырыбына арналған пьесалар, 1922 жылы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек», 1923 жылы «Бәйбіше-тоқал» пьесалары жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

1922 жылы Семейде қазақ педтехникумы және партия совет қызметкерлерін дайындайтын оқу орындары ашылып, онда жүз елуге тарта қазақ жастары оқыды. Осы екі оқу орнының талантты оқытушы, оқушылары драма труппасының жұмысына ынта – жігерімен қатынасып, театр өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты.

«Қазақ тілі» газеті 1922 жылғы 2 декабрь күнді санында, «Дүйсенбі күні 4 декабрьде 1922 жылы Семей сахнасында бірінші рет бұрын қойылмаған сауық кеші қойылды. Тамашаға: «Қызыл сұңқарлар» – төрт бөлімді пьеса – Сәкен (Саудақас Сейфоллаұлының). Барлық түскен өнім аштық ізімен күресетін уездік комиссиясына берілді» – деді.

Сөйтіп, революция тақырыбына жазылған Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасы тұңғыш рет Семей сахнасында 1922 жылы қойылады. Сол 1922 жылғы 17 декабрь күні педтехникумда театр жастарының қатысуымен «Күншығыс» сауық кеші болады.

1922 жылдан бастап қазақ труппасы, театр ойыны соңынан ақындар айтысын, әншілер өнерін көрсетіп отыруды салтқа айналдырады. Ақын, әншілердің қатысуы театр ойынын онан сайын көркейтіп, жандандырып жібереді.

1922 жылғы «Қазақ тілі» газетінің беттерінен қазақ театры ойыны жайында жарияланған хабар, сын мақалаларды үздіксіз кездестіреміз. 1922 жылғы 22 февраль күні «Қазақ тіліндегі» «Қазақ сауығы болады» деген хабарда: «27 февральда Луначарский театрында қазақ сауығы болады. Драманың соңынан Иса ақынмен Беген елінен іздеп келген Жабайхан Дүбірұлы айты-

сады. Бұрынғы ойындардан қызық болады. Қазақ труппасы» - делінген. Газеттің сол жылғы 16 марттағы санында «20 мартта Луначарский театрында қазақ труппасы сауық жасайды. Иса акын мен Нұрлыбек акын айтысады. Барлық Семей әншілері ән сатады. Бұл ойын қазақтың жаңа жыл. Наурыз мейрамына арналып қойылады» - делінген.

1922 жылдан бастап, әсіресе Жұмат Шанин труппаны басқару ісін өз қолына алған соң, Семей драма труппасы профессионалдык бағытта болды. Труппа мүшелерінің актерлік өнерін шыңдап жетілдіру жөнінде, көзі тірісінде «Қазақ Станиславский» атанған (Құрманбек Жандарбеков сөзі) - Жұмат Шанин орасан зор еңбек сіңірді. Ж. Шанин пьесаны сахнаға әзірлеп қоюшы режиссер ғана емес, табиғи дарынды актер де бола алды. Семейде Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасы қойылғанда, пьесадағы басты кейіпкер совет үкіметін орнату жолында күрескен, революционер Еркебұланның, өзі жазған «Арқалық батыр» пьесасындағы Арқалық батыр рөлдерін сахнада өзі ойнап, сахна өнерінің үлгі-өнегесін көрсетіп берді. Труппа жұмысына талантты өнерпаз, Жұматтың әйелі Жанбіке Шанина да белсене қатынасты.

Қазақ труппасы өз бетімен ғана томаға - тұйық қалмай, Семей қаласындағы орыс театр труппаларымен бірігіп, халыққа өнер көрсетуді дәстүрге айналдырған. Мысалы, 1923 жылғы 11 январьдағы «Қазақ тілі» газетінде: «Серік үйінде сауық кеші болады» деген хабарды: «23 жылдың 12 январьда ноғай, орыс һәм қазақ ойыншыларынан құрылған сауық адамдары көрнекті ойын жасайды», - деген. Сауық кешінің программасы бай болған. Оның ішінде: «Атақты акындар Иса Алтайский (Иса Байзақов Қ.М.) мен Нұрлыбек Баймұратов бұрынғы аяқтаса алмай келе жатқан айтыстарын аяқтайды. Ноғайдың атақты әншілері айтысады. Басқа әншілер әр түрлі ән айтады. Әдемі сөздер сөйленеді. Музыка ойналады. Би болады. Басқа әр түрлі қызық ойындар болады. Ойынның тағы анық жайын білгісі келген адам көшедегі афишаларға қарау керек» - делінген.

Осы сияқты, 1923 жылы 19 ноябрьде, бірігіп өткізген қазақ-татар сауық кешінің программасы төрт бөлімнен болыпты. Татар труппасы «Тахир-Зухра» және «Ғалия Бану» пьесаларынан үзінді, қазақ труппасы: «Еңлік-Кебектен» үзінді және бір актілі «Айталы шал» пьесасын көрсетеді. Қалған бөлімдер халық

ән-күйлері, би, хор, көркем оқу, күлкі сатиралық шығармалар. Күлкі сатираны негізгі орындаушы Жұмат Шаниннің өзі болады. Ойынға Жанбіке Шанина, Иса Байзаков, Әміре Қашаубасов, Сәуір Арыкова, тағы басқа адам қатынасып, өнер көрсеткен.

Труппа мүшелерінің білім алу, тәрбие ісіне де көңіл бөліп отырғанын көреміз. Мысалы, «Қазақ тілі» газетінде (1923 жыл №11) мынандай хабар жарияланған: «Семейдегі қазақ сауықшылар ұйымы Орынборға оқу үшін жұрмек болған акын Иса Алтайскийдің пайдасына 8 февральда Мұхтардың «Бәйбіше-тоқат» атты кітабын ойнады. Ойнаушылар бұрынғы ысылып жүргендер болғандықтан ойынды өте көңілді стіп шығарды. Иса жолдас ойын жасап, қызмет еткені үшін рахмет айтып, әр түрлі сөз сөйледі. Сонан соң ұсақ түрлі ойындар болып, сағат 3 мезгілінде сауық таралды».

Семей қазақ труппасын сахна өнеріндегі үлкен бір табысы Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасын сахнадан көрсету болды. Пьеса тұңғыш рет 1924 жылы қойылады. «Қазақ тілі» газеті (1924 ж. №17 (416) спектакль туралы: «Осы жылы 30 январьда Семей қаласында «4-інші Октябрь» клубында Шанаұлы Жұмат жолдастың «Арқалық батыр» деген сауық кітабы ойналды» – деп бастап, пьеса жайында көлемді сын-мақала жазған. Мақаланы: «Бірнеше ойналып, әдебиетшілердің сынынан өткеннен кейін, «Арқалық батырды» Москваның үлкен театрында қойып ойнауға болады. Сауықта болған қауым «Арқалық батыр» кітабын ұнамды деп тапты. Кітапты шығарушы Жұмат Шанаұлы жолдасты сауық біткеннен кейін алаңға шақырып алып, қошамет көрсетіп, алақан шапалақтады. Осы «Арқалық батырды» ойнаған түні «Төртінші Октябрь» клубында тағы бір көңілді жаңалық болды. Ол жаңалық қазақ әндерінің музыкада ойналып отыруы еді. Бұл түрлі музыкада (оркестр – Қ.М.) қазақ әні ойналуы Семей қаласында бірінші болды. Музыкада қазақ әндері ойналып отыруы жиналған хатыққа өте көңілді болды», – деп қорытады.

Бұл кезде «Арқалық батыр» жеке кітап болып басылып шыққан еді. Семейде тұңғыш ойынды қоюшы режиссер де, Арқалық рөлін орындаған актер де Жұматтың өзі болатын. «Қазақ тілі» 1924 жылы 6 мартта «Арқалық батыр» қайта ойналды деген хабарда: «Осы марттың 15-де сенбі күні «4-Октябрь» клубында әуелгі ойналғанында халықтың көңіліне қатты

ұнамды болып өткен «Аркалық батыр» көптің сұрауы бойынша екінші рет ойналады. «Аркалық батыр» кітабы жарыққа жаңа шықса да, алғашқы көрінісінде-ақ қараушылардың көңіліне жакқан казактың тарихи тұрмысындағы болған елдердің ісін көрсете білген кітап», – деп жазады.

Сөйтіп 1922 жылдан бастап Семей казак труппасы кемеліне келіп, сахна өнерін меңгеру ісінде творчестволық табыстарға жетіп, профессионалдык бағытта өсіп өркендеді. 1922 жылдан бастап труппаның репертуары казак совет драматургтарының басылып шыққан пьесаларымен, революция тақырыбына жазылған С. Сейфуллиннің: «Қызыл сұңқарлар», «Бақыт жолына», М. Әуезовтің «Еңілік-Кебек», «Бәйбіше-токал», Ж.Шанниннің «Аркалық батыр» драмаларымен, «Торсыкбай ку», «Айдалы шал» комедияларымен толыға түседі.

Сол 1922 жылдан бастап «Қазақ тілі» газетінің бетінде театр ойыны, драматургия жайында мәселені жаксы түсініп жазылған байыпты сын-мақалалар жарияланып тұрады.

Жоғарыда келтірілген тарихи мағлұматтарды талдай келіп, әуелдегі «Есаймак» – халық ағарту қоғамы кейін казак драматруппасына айналып, 1922 жылы жартылай профессионал театр дәрежесіне жетті деген қорытындыға келеміз.

Сол профессионалдык дәрежеге көтерілудің құдіретін енді үш жылдан соң «Семей губерниялық драма труппасының» мүшесі – Әміре Қашаубаев бүкіл әлемге танытты. Ол әуелі Қазақстанның астанасы Орынборға шақырылып, өнер көрсетіп, оданіле-шала Москваға шақырылып, Москвадан Парижге аттанды. Бұл жөнінде 1925 жылы «Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Әміре» атты мақаласында Әлкей Марғұлан былай дейді: «Семей қаласындағы атакты әнші Әміре Қашаубайұлы, Мәскеудегі Халық ағарту комиссары, жолдас Луначарскийдің телеграмма арқылы шақыруы бойынша 15 июньде болатын Францияның Париж қаласындағы бүкіл дүние көрмесіне әр ұлттың ғұрпымен қойылатын үлгі әдебиет-сауығына («Этнографический концерт») 27 майда жүріп кетті.

Әміре есен-сау Париж қаласындағы әдеби-сауық көрмесінде ән салатын болса, Құншығыстың еліндегі Арканың сұту әндерін Европа композиторларына (әншілеріне) сұдулап түсіріп береді деген үміт зор». Бұдан әрі әншінің өз еліндегі өмірін біраз баяндай келіп:

«17 жылы, еркіндік қайнаған кезінде Әміре Семейге келіп, содан бері Семей сахнасында ән сатып, сарынының анық мағынаты екендігін талай рет көрсеткен еді. Әміремен қойылған сауық кешіне сатуға билет жетпей қалатын уақыттар да болатын. Әміре қырдың әлемі-сәнді әнін кейінгіге тапсыратын көзі.

Әміре мәдениетті елдердің сарынынан да үлгі алып, екі жақсыдан бір асыл шығаратын, қазақтың әнін, музыкасын алға бастыратын. оған түрлеп рух беретін сәулесі сарнап естін самал желі болуына сенеміз.

Осы жылы апрель айының ішінде Әмірені Орынбордағы қазақ азаматтары шақырып, ондағы Қазақстан съезінің уәкілдеріне арналған сауық кешінде де көркем әнін естірітіп қайтқан.

Мәдениет гүлінің бір жапырағы Әміренің аман жүріп қайтуына тілектеспіз»

Әміренің Москвада, Парижде болған сапары жайында жазуға орын тар болғандықтан және ол мәселе жөнінде әр түрлі айтылып, көп жазылып жүргендіктен, ол әңгімені кейінге қалдырып, теңдесі жоқ, әйгілі әншінің Семейге қайта оралуын хабарлаған «Қазақ тілі» газетіндегі (1925) «Әміре қайтып келді» деген мақаладан аз ғана үзінді келтіреміз.

«Париж көрмесіне ән сатуға барған Қазақстан әншісі Әміре Қашау байұлы августтың жиыrmасында Семейге қайтып келді. Француз газетінің сөзіне қарағанда, әсіресе, қазақ әнінен көп дөме күтуге болатындығы байқалады.

Париждағы француз тілінде шығатын «Комедия» газетінің 13-июльдегі санында жазады: «Қазақтардың сақарада айтылып жүретін үйреншікті әндерінен бірсыпыра әндерді Қашау байұлы салып көрсетті. Оның ән саласында бізге ұнасын деп, біздің Құнбатыс мінездерінен лау міну жоқ

Оның созытып шырқап салған айғайы, әсерлі, қоныр ырғағы қазақ даласының жерде қалмайтындығы оның поэзия аспанының кең екендігі туралы бізді ойландыруға жарайтын...» – дейді.

1925 жылы 20 августте Парижден Семейге оралған Әміре, арнаулы шақыру бойынша, сол жылдың күзінде Қазақстан астанасы – Қызылордаға аттанады.

Жұмат Шанин 1926 жылға дейін Семейдегі қазақ труппасын басқарып келді де, 1926 жылдан бастап қазақтың тұңғыш

профессионал ұлт театрының директоры, көркемдік жетекшісі, режиссері болды. Сөйтіп арнаулы шақырумен Семейден барған Жұмат Шанин бастатқан өнер қайраткерлерінің үлкен тобы, олардың ішінде: Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Латиф Әшкеев, Фатиха Әшкеева, Қалибек Қуанышбаевтар 1926 жылы 13 январьда Қызылордада ашылған казактың тұңғыш профессионал театрының шаңырағын көтерісті.

Жұмат Шанин кеткен соң, труппаның басшысы Ғ Төребаев болды. 1934 жылы Семей облыстық казак театры ашылғанда оның шаңырағын көтеріп, шымылдығын ашқандар Семей казак драма труппасының (бұрынғы «Есаймактың») байырғы мүшелері: Ғ. Төребаев, Қ. Максұтов, Ө. Махмұтова, Д. Есенжолов, С. Мұхамеджановтар еді.

Сөйтіп 1922 жылдан бастап жартылай профессионал театр дәрежесіне жеткен казак драма труппасының негізінде 1934 жылы ашылған Абай атындағы облыстық казак музыкалы-драма театрының осындай бай тарихы бар.

*«Қазақ әдебиеті», 04.05.1984 жыл*

\*\*\*

### Ұшқан ұямыз

Біздің білім алып ұшқан ұямыз – Семей педагогика институтының ашылғанына 50 жыл – жарты ғасыр толып отыр. Пединститут ашылардан бұрын 1934 жылдың аяғында ұйымдастырылған екі жылдық мұғалімдік институт болатын. Ол институт С. Сейфуллин есімімен аталатын. 1936 жылдың январында Петропавл (Қызылжар) қаласындағы мұғалімдік институт Семей қаласына көшіріліп, Семейдегі мұғалімдік институтқа қосылды. Сөйтіп, екі мұғалімдік институттың негізінде 1937 жылы Семей педагогикалық институты ашылды.

Пединститут ашылғаннан кейінде онымен қатар мұғалімдік институт 1951 жылға дейін өмір сүріп, 1267 мұғалім кадрын даярлап шығарды.

Мен өзімді институтымыздың 50 жылдық тарихының күәсі сияқты болған адамдардың бірімін ғой деп ойлаймын. Өйткені менің де осы институттың табалдырығын алғаш аттағаныма 50 жыл толыпты. 1937 жылы мұғалімдік институттың казак

тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түстім. Бұл факультет сол жылы ғана ашылған болатын. Факультетте 19 студент болды. Бұлардың басым көпшілігі көп жылдар техникумда, мектептерде сабақ беретін тәжірибелі мұғалімдер еді. Мысалы, аты республикаға мәлім болған педагог, белгілі артист әрі режиссер – Ғали Акбар Төребаев. Бұл кісі алғаш мектеп есігін ашқан шағымда (1924) бастауыш мектепте сабақ берген ұстазым еді. Содан ол үш жыл өткен соң, институттың филология факультетінде бірге оқыдық. Сол сияқты студенттің бірі, бір кезде мұғалімдердің семинариясында оқыған тәжірибелі мұғалім Мерусертжан Ягудин еді. Бұл екеуі де кейін көп жылдар институтта оқытушы болып, Төребаев қазақ тілінен, Ягудин орыс тілінен лекция оқыды. Жастары ұлғайған соң екеуі де құрметті демалысқа шықты. Қазір бұл адамдар ортамызда жоқ.

Бізбен бірге оқыған мұғалімдер М. Аскаров, С. Мұсин, Кәрібаев, Ахметовтар Ұлы Отан соғысы майданынан қайтып оралмады. Талантты акын Қ. Зәкіров Отан соғысында қаза тапты. Жаксы құрбы, жакын жолдасым, институтта үздік оқыған Қақабай Сүлейменов Отан соғысы майданында талантты, өнегелі офицер болып, үш орденмен наградталып, аман – есен елге қайтып оралған соң қайтыс болды. Қазіргі маған мәлім көзі тірісі – Аякөз қаласында тұратын Ақдари Оразалин ғана «елу жылда ел жана...» дегеннің бір мысалы осы.

Лекция оқыған терең білімді, тәжірибелі, өнегелі ұстаздарымызды еске алғанда, жарқын бейнелері көңіл-көзімізде тұратын: орыс тілінен сабақ берген О. Ф. Царевкая орыс әдебиетінен – Д. И. Ларин, профессор В. Совсун доцент Л. М. Церслыгин, педагогикадан – доцент Ш. Қоқымбаев, психологиядан В. М. Нефедов, тарихтан – Аюпов, Мишенькин, днаматтан – Поссуков марқұмдар еді.

Қазақ әдебиетінен лекция оқитын мұғалімдер бізді қанағаттандыра қоймаған соң біз, студенттер Алматыға Сәбит Мұқановқа, Есмағанбет Ысмаиловқа арнайы хат жазып, бізге келіп, лекция оқуларын өтіндік. Олар өтінішімізді қабыл алып, Семейге келіп, С. Мұқанов 18-19 ғасыр әдебиетінен Е. Ысмаилов 20 ғасыр және совет әдебиетінен лекция оқыды. Олардан кейін, белгілі жазушы Зейін Шашкин келіп, әдебиет теориясынан сабақ беріп жүргенде 1938 жылы жазықсыз жазаға ұшырады.

Бұл үш жазушы ұстазымыз да дүниеден кеткен адамдар. Институтымыздың 50 жылдық тарихымен бірге жасалып келе жатқандай, институтта өткен 50 жыл өмірінің алғашқы екі-үш жылын ғана еске атып отырмын.

Институтта оқып жүрген студенттік кезімде, 1937-1939 жылдары жазған өлеңдерім, әдеби сын мақалаларым газет-журналдарға жарияланды. 1940 жылы «Абай және акын шәкірттері» туралы мақалаларым жарияланып, кезінде, 1940 жылы СССР Жазушылар одағына мүше болып қабылдандым. Пединституттың филология факультетін бітірген соң да осы институттан қол үзгенім жоқ.

50 жылдық мерекесі тойланып отырған. Н. К. Крупская атындағы институттан білім алып, тәлім-тәрбие көрген сан саладағы түлектерінің бірі болғанымды мақтан етемін.

Институттың 50 жылдығын, Ұлы Октябрь революциясының 70 жылдық салтанатты мерекесі қарсаңындағы көтеріңкі көңіл, мерейлі қуаныш құшағына бөленген сәтте тойлатармыз. Семей пединституты Ұлы Октябрь революциясы жөнісінің арқасында қолымыз жеткен армандаған жетістік.

Халық ағарту саласында еңбек етіп жүрген мыңдаған маман мұғалімдер қауымын даярлап шығару ісіне республикамыздағы жоғары оқу орындарының бірі Н. К. Крупская атындағы педагогика институтының 50 жыл өмірі ішінде жиырма үш мыңнан астам мұғалім даярлап қатарға қосып отыр. Бұдан елу жыл бұрын 1937 жылы пединститутқа алғаш қабылданып, оны тұңғыш бітіріп шыққандардың саны қырық төрт адам болса, қазіргі кезде жиырма мыңнан асып отыр. Институтымыз өзінің елу жылдық мерекесін өзінің осындай елеулі жетістіктерге жетіп тойлап отырғанын асырмай да жасырмай да атап айтуымыз керек.

Ол үшін өзім көп жылдар қызмет істеп келе жатқан казак тілі мен әдебиеті кафедрасының тарихына тоқталып, мысал келтіргім келеді. Мен әуелі мұғалімдік институттың, одан соң педагогика институтының әдебиет факультетінде оқып жүрген кезімде және институтты бітіріп, әдебиет пәнінен оқытушы болып қызмет істеп жүрген алғашқы жылдарымда біздің кафедрада не ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы бар бірде-бір оқытушы жоқ еді.

Қазір біздің кафедрада казак тілі мен әдебиетінен лекция

оқытын филология ғылымының алты кандидаты, доценттері бар. Олар: Қинаят Шаяхметов – кафедра меңгерушісі, қазақ тілінің маманы, Жұмағали Шакенов (қазақ тілі), Арап Еспенбетов – институт филология факультетінің деканы, әдебиетші, Төкен Жұмажанова – тілші, әдебиетші, Қуандық Жүсіпов әдебиетші және Қайым Мұхамедханов – әдебиетші. Соңғы екеуі СССР жазушылар одағының мүшесі.

Бұлардың ішінде А. Еспенбетов пен Қ. Шаяхметов Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетінен оқып шыққан, өзіміздің кешегі шәкірттеріміз. Сол сияқты осы институттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде оқыған бір кездегі шәкірттеріміз Ғарифолла Есімов – философия ғылымдарының кандидаты, доцент, философия кафедрасының меңгерушісі, Дулат Сүлейменов – филология ғылымының кандидаты, доцент, институттың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, орыс тілінің маманы. Тіл-әдебиеті факультетін бітіріп, көп жыл институтта орыс әдебиетінен лекция оқыған факультет деканы болған, философия ғылымының кандидаты доцент Рымкеш Әбілкасымова қазір Семей облыстық партия комитетінің ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі.

Қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген тағы бір шәкіртіміз, әдебиетші, филология ғылымының кандидаты, орыс тілінде жазатын акын Мұрат Сұлтанбеков. Ол қазір мұғалімдер білімін жетілдіру институтында қызмет істейді.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында қазір қызмет істейтін филологтар Бағиға Сайтаубаева, Нұржанат Рахманова кандидаттық диссертацияларын жазып, қорғау әзірлігімен шұғылданып жүр. Тіл-әдебиеті факультетін үздік оқып бітірген Салима Қасымханова да біздің кафедрада істейді. Кафедраның енді бір мүшесі Жаксыбай Сарбалаев аспирантураны тәмамдап, кандидаттық диссертациясын жақын арада қорғамақ.

Қ. Жүсіпов пен Қ. Шаяхметов жақын уақытта докторлық диссертацияларын сәтті қорғап шығады деп кәміл сеніп отырмыз.

Институттың Тіл-әдебиеті факультетінде оқыған қазір астанаымызда қызмет істеп жүрген бұрынғы шәкірттерімізді еске алғанда филология ғылымының докторы Арғынов Хасенді, филология ғылымының кандидаттары Қалиев Ғабдолла мен Қалиев Серғазыны атап айтуға тиіспіз.

Оқып жүрген кездерінде-ақ көзге түсіп, келешегінен үміт күттірген шәкірттерін камкор ұстаздары ешқашан ұмытпайды. Сондай шәкірттерінің саналы, білімді, мәдениетті совет азаматы қатарында халқына қалтқысыз адат қызмет істеп жүргенін көргенде қарт ұстаздардың көңілі көктемдей күлімдеп, риза болып қуанады. Сондай мақтан етіп, атап айтатын адамдарымыз аз емес екен.

Ең алдымен жас ұрпақты тәрбиелеп, үздіксіз ұстаздық етіп келе жатқан белгілі педагог, республикаға аты мәлім жазушы СССР Жазушылар одағының мүшесі Кәмен Оразалинді атаймыз. Одан кейінгі бұрыннан журналист-жазушы Ғазиз Сапаевты, талантты акын, әрі журналист Мерғали Ибраевты айтуға болады. Бұл екеуі де СССР Жазушылар одағының мүшесі. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Ғизат Әлімжанов, мектеп директоры Төкен Құатбаев сияқты мұғалімдерімізді көптеп атауға болар еді.

Институттың кешегі түлектерінің үлкен бір тобы қаламы төселген қабілетті журналист болыпты. Солардың ішінен он төрті «Семей таңы» газетінің редакциясында істейді екен. Алты әдебиетші мұғалім Абай музейінің ғылыми қызметкері. Олардың ішінен З. Оразалина, А. Әубәкірова институт студенттеріне қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқып тұрады.

Партия, совет қызметінде жүрген мұғалімдер де баршылық. Бір кезде институттың Тіл-әдебиет факультетінде үздік оқытын студенттердің бірі болып, институтты бітіріп шыққан Хафиз Матаев – Абай аудандық партия комитетінің бірінші секретары, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Одан соңғы жылдарда институт бітірген мұғалімдер – Оразалин Самар, Екібаев Жаксыбай, акын Жанғалиев Төлеген қазір жауапты партия қызметкері.

Мәдени оқу-ағарту мекемелерінде қызмет істейтін тәжірибелі мұғалімдер де аз емес. Мысалы: Мұрат Әлин – техникум директоры.

Байқап отырсақ пединституттан білім алып шаққан адамдарымыз тек мектеп мұғалімдері ғана емес социалистік құрылысымыздың әр саласында еңбек етеді екен. Сондай адамдарды айтқанда олардың әр түрлі орындарда қызмет істеп жүргендерін анықтау үшін айтып отырғанымыз жок, қай салада болмаса да игілікті еңбек етуге қабілеттері барлығына көзіміз жеткендіктен, оқушы жастарға өнеге ретінде айтып отырмыз.

Оқушы жастарды еңбекке өнер-білімге, адамгершілікке тәрбиелеуде және патриоттық һәм интернационалдық рухта тәлім-тәрбие беру ісінде педагогика институтының міндеті қазіргі күнде ерекше зор екенін үнемі есте ұстап, қажырлы еңбек ету абыройлы борышымыз деп білеміз.

*«Семей таңы». № 208, 31.10.1987 жыл*

\*\*\*

### **Өнегелі өмір, өшпес мұра**

(Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған музыкалық хабар)

*Жүргізуші:* ССР Одағының халық артисі, ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қалибек Қуанышбаевтың дүниеге келгеніне 25-апрельде 90 жыл толды.

*Қалибектің суреті.* Әйгілі қазақ совет актері, ұлттық профессионалдық театр өнерінің негізін салушы, кайраткерлердің бірі – Қалибек Қуанышбаев. Қазіргі Қарағанда облысы, Қарқаралы ауданында, «Қаркопа» деген жерде 1893 жылы апрель айының 25-күні дүниеге келіпті.

Қалибек туысынан табиғи талантты, сегіз қырлы өнерпаз болады. Болашақ үлкен артисттің революциядан бұрынғы дәуірдегі алғашқы өнер сапарын Мұхтар Әуезов былайша сипаттайды:

«Қарқаралының кедейінен шыққан жас жігіт Қалибек Қуанышбаевтың сол кезде ел ішіндегі жуан шонжарға қарсы қолданатын мірдің оғындай бір құралы бар-ды. Ол құрал халық атаулының көп ғасырларда үнемі қолданып келген құралы, мұқалмас құралы болатын. Сол құралдың аты – халықтың күші, халықтың мысқыл, әжуасы еді.

Қалибек өз құралын ескі ауылдың неше алуан мешеулігін шенеп, шарыққа жанығандай етіп қайрап өсіріп жүрді.

Әжуа етіп мысқылдайтындары: пәлекор болыстар, жегіш обырлар, паракор тілмәштар, сопы молдалар, алдампаз алыпсатарлар және неше алуан кертартпа қырсық заңдарды қорғайтын атқамінерлер болатын. Қысқасы Қалибектің әжуалайтын адамы көп, бірақ Қалибектің өзі жапа-жалғыз. Сондықтан ол да өзінің

өнерін әр атуан етіп көбейте бастайды. Өзі күлдіргі әңгіме шығарушы, өзі акын, әнші, өзі домбырашы және өзі тамаша өнерлі орындаушы, айтар айтулы болып алады. Сонда да мұның күлкі еткендерінің саны көп, ол өзі әлі жалғыз. Сол себепті Қалибек енді бір өзі бірнеше кісіні қатар суреттейтін болады. Жапа жалғыз отырып, екеудің таласын, үшеудің керісін, берекесіз бесеудің жанжалын бір өзі орындай береді. Бұл жөнінде Қалибектің «Қыз ұзату» атты белгілі күлдіргі әңгімесін еске алсақ та жеткілікті.

Табиғи дарынды Қалибектің басынан кешірген өмір кезеңдерінде көрген, білгені, көңіліне түйгені де көп еді.

#### *Суреті.*

Қалибек өзі шығарған «Қыз ұзату» деген күлдіргі әңгімесін өзі ойнап көрсеткенде, бір сәтте кемпірімен кергілесіп отырған шалдың қалпына түсіп, қакылдай сөйлей кеткенде, ол аумаған осы шалдың дәл өзі болады. Енді бір сәтке шалына шаптыққан кереуыз кемпір болып, кемсеңдеп сөйлей кетеді. Ол кезде Қалибек кемпірдің дәл өзі бола қатады. Іле шала ұзатылып бара жатқан қыз болып, ауыл-аймағымен қоштаса бастағанда, қыздың даусын айнытпай салып сынсып, жылай да, жырлай да жөнелгенде, аумаған қыз болады. Бір кезде қасқыр алқымдап жатқан халдегі бұзаудың күйіне түсіп, мөңіреп, үрейлене өкіреді, сол сәтте қасқырға шөбеленіп, арсылдап жатқан іттің үргенін бұлжытпай салады. Сөйтіп бір сәтте жүз құбылып, ғажайып өнер көрсетеді. Осының бәрін соншама нанымды, аса бір әсерлі болып шығады. Көруді, тыңдауды жұртты мәз-мәйрам етіп, қапысыз қарық қылдырады.

Табиғи дарынды Қалибектің басынан кешкен өмір кезеңдерінде көрген, білгені, көңіліне түйгені де көп еді.

1916 жылы 22 жастағы Қалибек майданның қара жұмысына алынып, сонау Минск қаласының түбінде окоп қазады. 1917 жылы февраль революциясынан кейін ғана туған еліне оралады. Күйзелген ел ішінде тұрақтай алмай, кәсіп іздеп Омбы қаласына кетеді. Онда әуелде тері өңдейтін заводта жұмысшы болып істеп, одан соң ат айдаушы болады.

Омбы қаласында болған кездерінде өнерпаз, өнерге құштар Қалибек театр спектакльдерін қызықтап, ойын-сауықтан қатмайды. Цирк ойындарына барып жүріп, Қажымұқанмен танысады.

1920 жылы елге қайтып келіп, совет қызметіне белсене араласып, ауыл совет бастығы қызметін атқарады. Өзінің табиғи өнерінен де қол үзбейді. Қалибектің өзі тұдырған күлкі, әжуа, мысқыл-сатиралық әңгімелері ескі әдет-ғұрыпты, салт-сананы, мешешілікті әшкереп отырып, Оның өзі жасай алған бай да, қызықты репертуары болатын. Ол: «Қыз ұзату», «Өгіз сату», «Қарабай», «Сарыбай», «Қу құдайы» деп аталатын, елге әйгілі болды.

Өнерпаз Қалибектің атақ-даңқы елге мол жайылып, Қазақстан астанасына дейін әйгілі болды. Қазақстанда тұңғыш профессионал ұлт театрын ашу мәселесі шешілген соң, Семей губерниясынан сегіз адам, сол кездегі астана Қызылордаға арнайы шақырылады. Олар 1. Қашаубайұлы Әміре (әнші), 2. Байзақұлы Иса (акын), 3. Шанаұлы Жұмат (артист), 4. Мұнайтпасұлы Қажымқан (палуан), 5. Қуанышбайұлы Қалибек (артист), 6. Мұздыбайұлы Құсайын (артист), 7. Зерубай (цирк ойынын біледі), 8. Майра (әнші).

Сөйтіп, 1926 жылы 13 январь күні ашылған қазақтың тұңғыш профессионалы ұлт театрының шаңырағын көтерген бір топ өнерлі ел артистерінің бірі - Қалибек Қуанышбаев болды.

Театр шымылдығы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылған. Қалибек былай дейді:

«Мен театр сахнасында ең алдымен Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Қараменде қарттың Кебек батырдың олардан кейінірек майталман сөз шебері – Көбейдің рөлдерін ойнадым. Олардың образдарын жасау маған онша ауырлық келтіре қойған жоқ. Өйткені жасымда өзім көрген өмір шындықтары, ол рөлдерді әрі тартымды, әрі нанымды етіп орындауым үшін, маған көп жеңілдіктер келтірді.

*Майкекин кітабы, 16-бет.*

Мына суретте «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Көбей рөлінде Қалибек Қуанышбаев – сол жақтан екінші отырған.

Мұхтар Әуезов қазақ халқының өз тірлігінен алынған кейіпкер ішінде, Қалибек ойнаған, біріне-бірі мүлде ұқсамайтын үш адамды атайды. Ол үшеудің бірі – «Алдар Көседегі» мес-мешкей, жарым адам, жарым доңыз Шораяк.

Мына суретте Қалибек Шахмет Хұсайыновтың «Алдар Көсе» пьесасындағы Шораяк рөлінде.

*Екіншісі:* «Ақан сері – Ақтоқтыдағы» таза жаны бар, бірақ сұмдық ауыр тағдыры бар, үнсіз мылқау малай.

Мына суретте Қалибек Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтотыдағы» спектакліндегі Батуан рөлінде.

*Үлгісі* – халықтың ардақты ұлы акыны Абай. Қалибек Абай болып та, Құнанбай болып та ойнаған.

Оның осы рөліндегі ойыны туралы Ғабит Мүсірепов аз сөз түйіндейді, жеріне жеткізе тамаша пікір айтыпты. Ол бытай дейді:

«Менің осы күнге дейін есімнен кетпей қойғаны – Қалекен жасаған Абай мен оның әкесі Құнанбайдың бейнелері. Бұл да нағыз дарынның сиқырлы құдіреті болар.

Қалекен бүгін Абайды ойнаса – Абай, ертең Құнанбайды ойнаса – Құнанбай еді.

Мұхтар жасаған Абай мен Құнанбайдың кесек тұлғаларын айта келіп олардың бір-біріне карама-қарсы жақтарын осы адамдардың сахналық образын жасаған Қалибек туралы айтады.

*Ғабит:*

«Осындай тар өткелдері көп Аяқ басқа сайын дарын сыны түптеп келгенде карама-қарсы бейнелерді жасағанда Қалекен бір сүрінген емес. Абайына да сенесің, Құнанбайына да сенесің», – дейді

Театр өнерінің биік шыңына шарықтап шыққан Қалибектің 42 жыл өмірі қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының тарихымен тығыз байланысты.

*Қалибек суреті.*

Театрдың алғашқы қадамын еске алғанда Қалекен не бір қызықты әңгімелер айтатын еді Бір әңгімесінде ол бытай дейді:

«Біздің алғашқы сахналық ойындарымызда актерлардың аздығы әсіресе, әйелдер жағының жетімсіздігі көпкындықтарға соқтырып жүрді Сондықтан әйелдер рөлін көбінесе еркектер ойнайтынды.

Міне осыған орай айта кететін бір қызықты жай – жаз уақытында гастрольге шығып, ойын қойып жүрген шағымызда. Елүбай скеміз кейде кемпірлер рөлін орындайтынбыз Сол әдетпен бір күні тағы да кемпір қалпына түсіп қалыппыз Сөйтіп, ойын біткен соң біздерді бір үй құрметпен қонаққа шақырды. Біз сонда барып, жайтанып отырғаннан кейін үй иесі сөз бастап:

«Уа, меймандар Өздерін түгел-ақ келген екенсіңдер Ал жанағы өздеріңмен бірге сахнада ойнап жүрген бәйбішелер қайда?» – деп сұраған соң, мен отырып:

«Олар жастары егде тартқан карт адамдар ғой, жанағы ойыннан шаршап шыққан соң, тамақтан гөрі тынығуды жақсы көріп, жатқан жерімізге қайтып кетті», – деп едім, әлгі кісі, катулана:

«Е, олары несі? Әдейі шакырғанда келмегендері қалай? Бар тез ертіп кел», – деп баласын жіберуге айналды. Ұялғаннан амал ма? Біз барлық шынымызды айтып, әрең сендірдік

«Амал қанша, сол тұста театрдың мән жайын жете түсіне алмаған қазақ әйелдері ол жұмысқа селқос қараулары салдарынан сан рет сан соққанбыз.

Сондықтан да театрда қызмет істейтіндер, енді өз әйелін артистік қызметке тарта бастады. Олардың ішінде Серке-Қазимасын, Елубай-Зейнегүлін, Әміре-Оразкесін, Иса-Шарбануын, Жұмат-Жанбикесін, Әшкер-Фатихасын бір жылдың ішінде, уәделескендей-ақ түгел театрға орналастырды Ал, мендағы өз қасыма Қазиямды алып, театрда артистерге киім-кешек үлестіру қызметіне қойғыздым. Бұл 1926-1927 жылдардағы жай еді. Сонан соң-ақ, бірте-бірте әйелдер басы құрала бастап, біздер сахнадағы ойындарда көдімгі еркек қалпымызға қайта түскенбіз дейді» – Қалкен.

Қалибек Қуанышбасов театр сахнасында бір жүз алпыстан астам рөл ойнапты.

Кейде барын салып, ынталанып, Совет адамдарын ойнайды, кейде құлшына түсіп, құшырлана әшкерелей, хан уәзірлерді, атқамінер алаяқтарды ойнайды, кейде халық қамқоры болған дана адамдарды ойнай, өзінің көркем суретшілік өнерінің ерекше бір он қасиеттерін танытады.

Театр сахнасында Қалибек ойнаған жүздеген бас рөлдер бұл арада тізіп айтып шығудың өзі мүмкін емес.

Қалибектің өмірінің өзі көркем өнерге түгел берілген еді.

Көркем өнер оның өмірінің үлкен арқауы болды. Әрбір талабы, әрбір қамқор ойы, әрі сезімі республикасының көркем өнерімен туысып кеткен үлкен қайраткердің бірі Қалибек болды. Сол себепті өзінің социалистік Отанының мәдениет майданындағы ұлы міндет, ұлы істері Қалибек үшін оның өз басының ісінен әлдеқайда жоғары, бағалы орын алды.

Қалибектің ойнауы арқылы Қазақстанның көркем өнері өсіп піскендігін танытып, ұлы орыс халқының классикалық пьесаларын, Гогольдің «Ревизор», Островскийдің «Мысыққа күнде той болмас» және советтік пьесаларды да талай көрсетті.

Мына суретте Қалибек Қуанышбаев Гогольдің «Ревизор» пьесасындағы Городничий рөлінде

Мына суреттерде: Қалибек. Әуезовтің «Намыс гвардиясы» спектакліндегі генерал Панфилов рөлінде және Чирсковтың «Жеңімпаздар» спектакліндегі Виноградов рөлінде.

Қалибектің ерекше қасиетін айта келіп, Ғабит Мүсірепов былай дейді:

«Қалекен орысша оқымаған адам. Қазақшасының өзі де оқыған деуге үйлесе бермейтін шамада. Тегінде заты зейінді, зерек адам қараптан-қарап жүріп үйреніп кеткен болуы керек. Бірақ, енді адам өмірінен байқағандарымда, түйгендерінде түп жок қой, түп те адам өмірінің әрі зерттеушісі, әрі зергері сияқты еді».

Ленинград, Москва театрларында «Ревизорды» көрген адам аз емес шығар. Өмірінде қала бастығы дегенді көрмек түгіл, естімген Қалекен қала бастығының бейнесін сол театрлардан кем шығарған жоқ. Соғыс жылдары Алматыда сол екі астананың талай-талай бас режиссерлерді көріп таң қалған еді.

Атақты Шекспирдің «Отелло» және «Асауға тұсау» пьесаларында Қалибектің ойнаған рөлдері туралы Ғабит және былай деді

Мына суретте Шекспирдің «Асауға тұсау» пьесасының спектаклінде Байтиста рөліндегі – Қалибек Қуанышбаев.

Қалекен шет елдерге де барған емес. Венецияның Дож деген кім екенін, білген емес. Солай бола тұрса да, Венеция сұлуы Дездемонаның әкесі Барабанко мен адуын тентек қызы Катаринаның әкесі Байтистаның бейнелерін біріне-бірін ұқсатпай, екеуін де нанымды, екеуінде бейтаныс стип шығару Қалекеннің ғана қолынан келеді.

Қалекен үшін адам мінезіндегі қалтарыстар мен құбылыстар қайта-қайта оқылған, қайта-қайта жатталған кітаптай еді...

Қалибек 1937 жылдан бастап талай көркем фильм жасауға аянбай ат салысып, қазақ кино өнерін өркендету ісіне үлкен үлес қосты. Ол көркем фильмде ұлы Абайдың жарқын бейнесін көз алдымызға әкелді.

Қазақ халқының халық ортасынан қайнап шыққан сегіз қырлы өнерпаз, ұлы артист Қалибек Мұхтар Әуезовтің өнер майданындағы канаттас сенімді серігі, айнымас адат досы болды.

Қалибектің адамгершілік қасиетін аса жоғары бағалаған Мұхтар оны ерекше құрметтеп, жанындай жақсы көріп: «Біздің Қалекен» дейтін еді.

Халық Құрметіне бөленген Қалекенді, шексіз сүйген ел орыстың ұлы артисіне теңбе-тең балап: «Қазақ Щепкині» атанды.

Қунышбаев 1943 жылдан КПСС мүшесі болды.

Қалибек Қунышбаев халықтың зор сүйіспеншілігіне ие болды. Ол ССР Одағының 2 және 3 сайланған Жоғары Советінің депутаты болып сайланды. Коммунистік партия мен Совет үкіметі аса көрнекті совет актерінің еңбегін жоғары бағалады. 1936 жылы оған Қазақ ССР Халық артисі деген атақ берілді. 1958 жылы ол СССР Халық артисі деген құрметті атаққа ие болды. Қалибек Қунышбаевқа Абай образын жасағаны үшін СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қалибек Қунышбаев көп жылғы творчестволық еңбегі үшін Ленин, Еңбек Қызыл ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, Совет Одағының медальдарымен және Қазақ ССР Жоғарғы Совет Құрмет грамоталарымен наградталды.

Ұлы артист, аса аяулы адам, Совет елінің тамаша азаматы – Қалибек Қуанышбаев 1968 жылы 6 май күні 75 жасында дүниеден қайтты. Дарынды талант Қалибек Қуанышбаевтың есімі халық көңілінен терен орын алып, сақтала бермекші

*Семей, 5 май 1988 жыл*

## Тамаша тарихы бар техникум

Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын ең тұңғыш оқу орындарының бірі – Семей педтехникумының (қазіргі М Әуезов атындағы педучилище) ашылғанына осы декабрь айында 70 жыл толады.

«Қазақ тілі» («Семей таңы») газетінің 1922 жылы 24 декабрь күнгі санында басылған «Қазақ педтехникумының сауық кеші» деген хабарда былай жазылыпты: «Газеттің өткен сандарында Семейде казак педтехникумы ашылды деп едік. Сол мектепке астылы-үстілі 20 бөлмелі тас үй алынып, кем-кетік, сынған-бүлінгендері түзетіліп, ішіне электр орнатылып, оқухана, музей, сауық орындары құрылды. Оқушыларға тұратын орындар даярланды. Оқу декабрь айынан бастап жатыр. Оқушы шәкірт тоқсаннан артық. Оқытушылар қазақтан Әбікей Сәтбаев, Сейітбаттал Мұстафин, басқалары орыс пен ноғайдың ілгері қатардағы оқытушылары.

Осы мектептің ашу қуанышына 17 декабрьде педтехникумның шәкірттері мен ноғайдың ойнаушылары бас қосып, «Күн шығыс» ойынын жасады. Ойынға еркек, әйел көп келді.

Ноғай әйелдерінің сахнаға шығып билеп, мұңды дауыспен жырлауы, казак жастарының түрлі ән салып, әдемі сөздер сөйлеуі, жас акын Алтайский (Иса Байзақовты айтады – Қ.М.) мен Қарқараты ақынының айтысуы жылған көпке бір түрлі рұх берді».

«Степная правда» (қазіргі «Иртыш») газетінің 1922 жылғы 6 декабрь күнгі санында да техникумның ашылуы жайында жарияланған мақалада: «Согласно постановлению 3-го Губернского съезда Советов организованный в городе Семипалатинске Киргизский педагогический техникум приступил в своим занятиям

Сейчас насчитывается в техникуме 90 лишним слушательей, преимущественно из киргизской бедноты. Заведует техникумом замзав Губоно тов. Сатпаев но далее который выпадает весьма сложная задача организации школы и интерната. Шефом Кирпедтехникума является акцион. о-бо «Хлебопродукт», его Семипалатинское отделение. Надо сказать, что школе помогает

Губисполком. Школа, выпускающая киргизских педагогов, является продуктом самых настоящих требований времени, пожелаем же ей плодотворного успеха в деле подготовки красных педагогов для образовательной работы среди своего трудового народа».

1923 жылы Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары және Қазақстан Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары Абдолла Асылбеков Семейде болып қайтыпты. «Қазақ тілі» газетінің 1923 жылғы 25 марттағы санында жарияланған «Семей жайы» атты үлкен мақаласында А. Асылбеков көп-көп мәселелер туралы айта келіп, оқу-ағарту жайына тоқталып: «Оқу жұмысы елде нашар Семей қаласында оқытушылар дайындайтын мектебі бар Мұнда жүз шамалы қазақ баласы оқиды. Мұнын бастығы Сәтбаев жолдастың бұл іске шын кірісіп, ынталы жүрекпен істегендігінен Қазақ республикасындағы бірінші реттегі мектеп деп санауыма болады», – деп жазады.

«Қазақ тілі» газетінің 1923 жылғы 1 апрель күнгі санында «Үлгілі жолдас» деген атпен үлкен бас мақала басылған. Ол мақалада қазақ оқығандарының кейбіреулерінің белсене жұмыс істеуден бас тартып, қашкалақтап жүргені қатты сыналады да, одан әрі Әбікей Сәтбаевтың қызметі баяндалады. Сол мақалада: «Газетіміздің 23 санында Кіндіктен келген уәкіл Асылбеков жолдас біздің Семейдегі қазақ оқымыстыларына қандай баға беріп кеткендігін оқушылар байқаған шығар...» – дей келіп, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргендер сыналады да одан әрі:

«Оқушыларымыз қазақ оқығандарының бәрі осындай деп ойлап қалмас үшін, олардың ылғи жаман мінездерін айта бермей, қызметін сіңіріп, азаматтық борышын өтеп, міндетін атқарып жүрген оқығандарымыздың да бар екенін білдіру қажет. Бірақ бұлар саусақпен санарлық аз. Осы аз санның ішінде Асылбеков жолдас айтып өткен Әбікей Сәтбайұлы да кіреді.

Бұл жолдас 1920 жылдан бері қарай ұдайы оқу жұмысының жолында, Губерниялық оқу бөлімінің һәм тағы басқа орта дәрежелі қазақ мектептерінде қызмет істеп келе жатыр. Оқу жолындағы қызметкерлер қандайлық халде болып келе жатқаны жұрттың бәріне мәлім шығар.

Әбікей ағай сондайлық ауыр тұрмыстың бәріне мойынсұнып

көнді. Басқаларша жалтақтаған жоқ. Қарауында (үйі ішінен) әлде неше кісілер болса да, шыдамдылығын көрсетті. Азаматтық борышын өтеді. Өткен жылы аштарға жәрдем жию жұмысынан қайтқан соң, жана ашылғалы тұрған мұғалімдер даярлайтын орта дәрежелі казак мектебіне басқарушы болып белгіленіп еді. Бұл мектеп осы Әбікей ағайдың тырысып тыныштық таппай істегенінен ғана ашылып, жүздей шәкірттер оқып жатыр. Оқу бөлімінің беретін көмсі жетпейтін уақытта мектепте сондайлық үлкен үй түзеткізіп, қыстай мектепті отын-су жағынан мұқтаж қылмай, оқушылардың да хал-жағдайларын тексеріп, қолынан келген көмегін аяған жоқ.

Мектептегі мұқтаж оқушылар пайдасына, һәм, мектептің өз пайдасына әлденеше сауық кештерін жасады. Қайтсе де бұл мектепті алға бастырған Әбікей ағай.

Әбікей сияқты еңбегін сіңірген оқымыстыларымызда аз-ақ шығар. Жуырда губерниялық Аткару Комитетінің басқармасы бұл мектеп туралы Әбікей ағайдың баяндамасын тыңдап, мектеп жұмысын осындайлық қиыншылық уақытта көңілдегідей қылып жүргізгендіктен һәм Губаткомның бұл туралы тапсырған міндетін толығымен орындағаны үшін басқарма атынан газет арқылы үлкен рахмет айтуға және сый қылып бір миллиард ақша беруге қаулы жасады.

Әбікей ағайдың бұл сияқты еңбегін жалғыз Губатком ғана еске алып қоймас. Қазақ оқығандарынан пайда келтіріп отырған азаматтың кемшін кезінде бұл қызметі қазақтың тарихынан да орын алар. Қызмет істеймін деген азаматтарға Әбікей ағай үлгі болуына жарайды» – деп жазған.

Алғашқы оқу жылының қалай аяқталғаны жайында, техникум оқушылары атынан Р. Жаманғұлұлының: «Қазақ педтехникум курсының бастаушы жылын өткіздік» («Қазақ тілі, 1923, 27 май) деген хабары жарияланған.

Ол хабардың соңында былай дейді: «Оқу жағы өте қызулы болды. Атақты ысылған, тәжірибелі жоғары школды бітірген учительдер оқытты. Оқу басталғаннан жеті сағат күніне оқу болып, бір сабақ босқа өткен жоқ. Шәкірттердің бұрын жөнді оқымаған шала-шарпы білімділері жыл аяғында қанша ілгерілегені көрінді, білімдеріне сын қойып, үш бөлімдегі шәкірттердің бірен-сараны болмаса, екінші жылға шығарылды. 15 май оқу тоқтап, келешек сентябрь айына шейін демалысқа босатты.

Асылбеков жолдастың Қазақстанда бірінші мектеп деуге болады дегеніне недәуір шүкірлік қылдық. Жылдан жылға көркейіп, құралданып, өркендер деген сенім күшейді.

Оның бер жағында бұл жұмысқа айырықша баға беріп, жергілікті үкімет орындарының басқарушы адамдардың шамасынша кіріскендігі сөзше емес, іспен көрсетілді. Оқушылар да, басқарушылар да аса көңілді көзбен қарап, екпінмен кірісіп, мұқтаждықтан шығаруды, ағарту ісін күшейтуді мақсұт қылып, оның ойнайтын үйін де, кітапханасын да ашып беріп, тәртіппен өткізді.

Оқу таркайтын күні оқыған шәкірттер бұл іске көмек көрсеткен адамдарға алғыс айтысып, кеңес үкіметінің ұстаған жолын шын көргендей болып, жасасын еңбекшілер үкіметі десіп, тарасты.

Шәкірттер атынан: Р. Жаманғұлұлы»

1925 жылы 12 февральдағы «Қазақ тілі» газетінде басылған «Семейдегі қазақ оқытушылар техникумының қысқаша жайы» деген мақалада, техникумның 1922 жылы 4 декабрьде ашылып, әуелде екі негізгі, бір даярлағыш бөлімі болғанын, жалпы тарихын баян ете келіп,

«Үстіміздегі 1925 жылдың жазына қарай оқушылардың алды бітіреді. Күткен үміт, еккен егіннің жемісін жейтін уақыты

Негізгі төрт бөлімнің бәрі де ашылған. Биыл бітіретіндердің саны – 11, келесі жылда бітіретіндердің биылғы есебі – 17. Екі даярлағыш бөлімінің балаларымен барлығы 201 бала бар. Тәжірибе мектебінде 160, Барлығы 361 бала оқиды», – дейді.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында оқытушылар даярлайтын бір ғана Семей техникумында 1925 жылы 361 қазақ баласы оқыпты. Ұлы Октябрь революциясына дейінгі мұғалімдер даярлау тарихына сол ғана көз жіберіп көрейікші. Қазақстанда мұғалімдер даярлайтын бірінші мектеп 1883 жылы Орск қаласында ашылыпты. 1902 жылы Семейде мұғалімдер семинариясы ашылып, одан көп уақыт кейін: Орат, Ақтөбе, Ақмола, Верный қалаларында ашылды. Сонда 1883 жылдан бастап, Октябрь революциясына дейін бітіріп шыққан бүкіл қазақ оқытушыларының саны үш жүзден аспапты.

Енді Семей педтехникумының 1925 жылғы жайын баян ететін жоғарыда аталған мақалаға оралайық. Мақала техникумда барлығы 361 адам оқитынын айта келіп, бұлардың ортасында қазіргі істеліп, отырған іс мынау дейді:

1. «Лениннің өсиетін еске алып, ертең демалыс уақытында әр болысқа, ауылға шығып, қараңғы халықтың ортасына барып, мектеп ашып, хат танымайтындарды хат таныту. Бұның ұйымында 150 кісі. Алды осы бастан кірісіп жатқандары да бар. Әрдайым жиналыстар болып тұрады

2. Шаруашылық жолдарының әр түрлі керекті істерін үйрену үшін, халықты шаруа дүкендеріне жақындастыру туралы жасалған ұйымның 50 мүшесі бар.

3. Орталарында саяси істерді жүргізіп, әрбір жексенбі сайын жиналыс жасап, керекті мәселелерін шешіп отыратын ВЛКСМ бар. Мүшелері 70-тей.

4. Жалпы оқушылар арасында қабырғалық газет бар.

5. Кітапхана бар. Әрбір оқушы керекті кітаптарын алып тұрады. Бірақ жаңа әдебиет кітаптары аздау. 4 500-дей кітап бар.

6. Октябрь мейрамын қарсы алумен бірге Лениннің атына арналып бұрыш ашылған. Онда төңкеріс көсемдерінің жазған кітаптары бар

7. Пән бөлімдері: химия, физика, тас заттардың түстері (минералогия) сияқты ғылымдардың жексе-жексе бөлімдері бар.

8. Әдебиет бөлімі күшті. Жалпы оқушылар күшімен сауық кеші жасалып отырады. «4-Октябрь» клубында тағайынды қазақ ойнаушылары кем болғандықтан, 10 кісі соларға қатысады. Жұмысына бір рет ескі, жаңа әдебиет тәртібін қарастырып III-IV бөлімінің оқушыларымен әдебиет мұғалімі қазақтың әдебиетін тексереді.

9. Денсаулық жағы жақсы. Мектептің арнаулы дәрігерлері бар.

10. Мектептің арнаулы 21 мұғалімі, 4 жәй қызметкері бар».

Ашылғанына бір жылдан асар-аспас кезінде 1923 жылы Семей педтехникумының жұмысымен танысқан Асылбеков «Қазақ республикасындағы бірінші реттегі мектеп» деп бағаласа, содан 2 жыл өткен соң, 1925 жылы техникумның қаншалықты өсіп, өркендегенін жоғарыда келтірілген мағлұматтардан айқын аңғарамыз.

Семей қазақ педтехникумын 1925 жылы тұңғыш бітіріп шыққан он бір адамның оқытушыларымен бірге түскен фотосуреттерінен көретіндеріңіз: Әлкей Марғұлан – қазіргі атақты ғалым, академик, Мұсатай Ақынжанов – қазіргі тарих

ғылымының докторы, Сейфолла Мұхамеджанов – Семейде көп жылдар оқытушы болған, әрі артист. Семей театрының ірге тасын қалаушылардың бірі (қайтыс болған). Фанзова – осы күні пенсияда. Семейде тұрады. Айманов, Ш.Айманов, Асылханов, Аскаров, Бенсов, Балтабаев, Дүйсескін. Бұл соңғы жетеуі жайында мәліметтер бар, мұғалімдерден 25 адам бар. Олардың ішінде Әбікей Зейінұлы Сәтбаев – директор және орыс тілінің оқытушысы. Мұхтар Әуезов – әдебиет мұғалімі. Ғалиакбар Төребаев – қазақ тілі мұғалімі. Әміржан Ситдыков – қазір Алматыда, педагогика ғылымының кандидаты. Т. Кошкина – Алматыда тұрады (Қаныш Сәтпаев марқұмның әйелі), Е. Мертвцов – математика мұғалімі. И.Ф.Виноходов – жағрафия мұғалімі, С. Сироткин, В. Рябов – физкультура мұғалімі. Семейде тұрады. С. Иванов – музыка мұғалімі, Х. Мамырбаев, Н.Сүйіндіков, Н. Плотников, Н. Мичуріна тағы басқалар.

Әлкей Марғұлан Семей техникумында оқыған кезін, ұстаздарын еске алып.

«Ұстаздарымыз жақсы болды. Жас кезімде Семейде Ә. Сәтбаев, Сироткин, Виноходовтан сабақ тыңдадым. Виноходов географиядан сабақ беретін. Магелан бұғазының қай жерде екенін, Марко бұғазының қай жерде екенін. Марко Полоның жүрген жолын картадан көрсетуді сұрағанда: «Магелландай бол» деп тағлым айтып отыратын» – дейді.

Тұңғыш ашылған Семейдің қазақ совет педтехникумының тұңғыш директоры, терең білімді, жоғары мәдениетті, бай тәжірибелі ағарту ісінің көрнекті қайраткері Әбікей Сәтбаевтың техникумның шаңырағын көтеріп, оның жұмысына заман талабына сай ұйымдастыру, оң таңдаулы, алдыңғы қатарлы оқытушыларды іріктеп ала білудегі, оқу, тәлім-тәрбие жұмысын дұрыс бағытта жолға қойып, басқарудағы еңбегі ерекше зор болған.

Әбікей Сәтбаев мұғалімдер семинариясын Семей қаласында бітіріп шыққан соң, үздіксіз оқу-ағарту жолында қызмет еткен. Бірнеше жыл орыс-қазақ мектебінде оқытушы болған. 1910 жылдан 17 жылға дейін Павлодарда екі кластық училищенің директоры қызметін атқарған. Одан Семей семинариясында оқытушы болады. 1921 жылы Әбікей Сәтбаев губерниялық қазақ оқу бөлімінің басқарушы. Ал 1922 жылдан бастап 1927 жылға дейін Семей педтехникумының директоры және орыс тілі мұғалімі.

Ә. Сәтбаев орыс тілін қазақ балаларына оқыту, үйрету, орыс тілін екінші ана тілің деп түсіндіру ісіне ерекше көңіл бөліп, назар аударған. Қазақ мектептерінде орыс тілін екінші кластан бастап оқытуды жүзеге асыру ісінде де Сәтбаевтың зор еңбегі бар. Ә. Сәтбаевтың халық ағарту мәселесіндегі қызметін шағын мақала көлемінде баяндау мүмкін емес.

Семей қазақ педтехникумынан оқып, тәлім-тәрбие алған қазақ азаматтарының көбінің аты қазір елге мәлім. Олардың кейбірі өзім білетіндері: академик Әлкей Марғұлан, тарих ғылымының докторы, профессор Мұсатай Ақынжанов. 1941-1945 жылдары Қазақ ССР оқу министрі болған, қазір педагогика ғылымының докторы Ә. Сембаев. Қазақ ССР Ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаев, тарих ғылымының докторы Т. Шойынбаев, философия ғылымының кандидаты М. Божеев, белгілі журналист Ғайса Сармұрзин.

1922 жылдан бері бұл оқу орнынан қаншама мың оқытушы кадр даярланып шығып, қаншама мың жас ұрпақты тәрбиелеп шығарды десеңізші.

Біз техникумның тарихын, қазіргі жайын түгел шолуды мақсат еткеніміз жоқ. Тегінде бұл техникум тураты арнаулы еңбек жазуға болар еді.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ашылған Қазақстандағы оқытушылар даярлайтын тұңғыш қазақ педтехникумының (қазіргі М. Әуезов атындағы педучилище) тамаша тарихы бар техникумның жетпіс жылдығы қарсаңында, техникум тарихының әуелгі кезеңінен аз да болса мағлұмат беретін осы шағын мақаланы жазбауға дөтім шыдамады.

*«Семей таңы» №67, 02.06.1992 жыл*

## Естен кетпес еңбегі

Мен өз естелігімді Екейбай Қашағановтың көрнекті қоғам қайраткері партия, совет қызметкері ретіндегі зор еңбегін баяндай бермек емеспін. Оның адал азаматтығына мәдениетіміздің нағыз қамқоры екендігіне көзімді жеткізіп, көңілімді сендірген өзіме қанық болған қызметін ғана қысқаша баяндап жазбақпын «Естен кетпес ерекше еңбегі» деп отырғаным да сол.

1969 жылдың шілде айы болса керек. Семей пединститутында қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы – мен және орыс әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доцент Леонид Михайлович Перелыгин облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Екейбай Қашағановтың басшылығымен өткізілетін Абайдың туған күніне алдағы жылы 125 жыл толатын мерекесіне даярлық жасау жөнінде мәслихатқа қатынасуға жиналды. Сол мәслихатқа барғалы жатқанымызда мені институт ректоры Құрочкин кабинетіне шақырыпты. Барсам, ректордың қасында біздің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының бастығы отыр екен.

Ректорымыз бейне бір қуанышты хабар естірткелі отырғандай пішінмен:

– Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жабылады. – деп Қазақстан оқу министрлігінің телеграммасын оқып бергенде, төбеме жай түскендей болды. Не дерімді білмей бар айтқаным:

– Осыны дұрыс деп отырсыңдар ма? Бұл маскара ғой депін. Бастықтарыма менің сөзім орынсыз, оғаш көрінді білем:

– Министрдің бұйрығын бұзуға қақымыз жоқ – деді.

– Бұл министрдің ғана бұйрығы емес жоғарғы орындармен келісілген шешім ғой деп және бас ініп, мойын ұсынып отырғандарына көзім жеткен соң:

– Қазақ тілі мен әдебиеті факультетін жабу, қалай десеніздер де дұрыс емес – деп ыза қысып, сөзімді аяқтамай кабинеттерінен шығып кеттім.

– Перелыгин мені күтіп тұр екен, обкомға қарай жүріп кеттік. Қазақ тілі мен әдебиетін жабу туралы министрдің бұйрығы телеграммасы келгенін айтқанымда Перелыгин шошып кетті.

– Мүмкін емес.. Рас айтасын ба?

– Жана ғана министрдің телеграммасын ректорымыз оқып берді. – дедім.

Перелыгін қатты қынжылып:

– Ешбір ақылға сыймайтын іс қой, Абай мен Мұхтардың елінде қазақ тілі мен әдебиеті факультетін жабу не деген сөз... қалай түсінуге болады? Ғажап екен! Өзің қалай ойлайсың?

– Біздің институт басшылары министрдің бұйрығына мойынұсынып, құлдық ұрып отырғанына көзім жетті. Мен бұл бұйрыққа бейтарап қала алмаймын. Леонид Михайлович. Ар – намысыма ауыр тиеді. Әділеттік емес. Тіпті саясат жүзінде дұрыс емес деп білемін. Аяқсыз тастай алмаймын. Жоғарғы орындарға тіпті Москваға дейін жазсам ба деймін?!

– Дұрыс айтасың, Каюм, мен сенің пікіріңе қосыламын. қай жерде болмасын барынша қолдаймын, – деді сүйікті ұстазым. қазақ халқының, қазақ әдебиетінің адат досы Леонид Михайлович. Және:

– Бұл мәселені бүгін Қашағанов жолдасқа жеткізіп, ол кісінің пікірін білуіміз керек. Керек болса, Қашағановқа екеуіміз бірге айтайық, – деді.

Біз барсақ Қашағановтың кабинетінде кісі толып отыр екен. Екеуімізден басқа шақырылған адамның бәрі жиналған сияқты. Қашағанов мәжілісті ашуға ынғайлана бастаған кезде атып тұрып:

– Жолдас Қашағанов, бір сөз айтуға рұқсат етіңізші, – дедім.

– Иә, айтыңыз.

– Біз бүгін Абайдың туғанына 125 жыл толатын мерекесін өткізу мәселесін ақылдасуға жиналып отырмыз. Ал мен жаңа ғана адамның ар-намысына тиетін, жанға бататын жайсыз, суық хабар естіп келіп тұрмын.

Қашағанов сөзімді бөліп:

– О не хабар, ашып айтпайсыз ба? – деді.

Отырған жұрт абыржып қалды.

– Хабар сол, біздің институтта қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жабылсын деген министрдің бұйрық-телеграммасы келді. Абай еліндегі институтта қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлайтын бөлімі жабылып жатса, туғанына 125 жыл толатын мерекесін не бетімізбен тойлаймыз.

Үндемей тұнжырап, көзінің астымен қарап отырған Қашағанов басын көтеріп алды да менің сөзімді бөліп:

– Түсінікті жолдас Мұхамедханов, отырыңыз – деп келте қайырды да Абай мерекесін өткізуге даярлық жасау мәселесіне кірісіп кетті. Сөзіме мән беріп, өз пікірін айтпастан келте қайырып тастағанына іштей ренжіп қалдым.

Келер 1970 жылы Абайдың туғанына 125 жыл толатын мерекесін атак-даңқына сай өткізу мәселесін айта кетіп, Қашағанов мерекеге алдын-ала жасалатын даярлық жұмыстарына тоқталып, жиналған адамдармен пікір алысып, мәслихаттасты. Мәслихат аяқталып, ел тарай бастағанда маған:

– Сіз қала тұрыңыз. – деді. Обком хатшысы менің жиналыс алдында дүрсе қоя бергенімді орынсыз көріп, мінезімді ұнатпай қалды ғой, енді сол оғаштығымды бетіме басып, мойындатып барып, ақыл айтып көсемдік көрсететін шығар деп отырдым. Қашағанов ол ойлаған ойымнан шықпады. Жайдары жүзбен маған қарап, жымпып күлімсіреді де:

– Сіз бүгін шын ашулы екенсіз. Ал енді ашуыңызды басып, әңгіменізді жайлап айтыңызшы. – деді.

Көңілім жайланып, жадырап кеткендей болдым. Кең отырып емін-еркін әңгімеге кірістік. Институттың жайын өз хал-ахуатымды, 1939 жылдан бері қазақ әдебиетінен сабақ беретінімді қысқаша баяндап, еш нәрсені жасырып-жаппай, ең аяғы әкемнің 1937 жылы «халық жауы» ретінде құрбан боп кеткенін, өз басымнан көшкен қуғын-сүргінге дейін айтып, бар сырым мен шынымды ақтардым. Ақырында соның бәрінен маған қазір қатты батып отырғанын қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің жабылуы дедім.

Қашағанов сөзімді бөлмей үнсіз тыңдап отырды да:

– Е..., қазақ мектептерін жаппай жауып жатқанымыз аз болғандай, енді жоғары оқу орындарындағы қазақ бөлімдеріне ауыз сала бастаған екенбіз ғой, – деді кейіген пішінмен.

Қазақстандағы он бес пединституттың ішінен Семейдегі, Абай мен Мұхтардың еліндегі институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімнің ғана жабылуын қалай түсінуге болады?

Қашағанов аз ойланып отырды да:

Оны түсінуге болатын шығар. Егерде институттардағы қазақ бөлімдерін жабу мәселесін қолға алған болсақ, ең алдымен біздің институттан бастау, кеңінен ойлайтын «кеменгерлердің» ақылымен болған ғой, – деп кекесін күлкіге салды да:

– Абай мен Мұхтардың еліндегі институттың қазақ бөлімі жабылған соң басқа институттардағы қазақ бөлімдерін де жаба бастаса, олар оған реңжи алмайтын шығар. – деп жымды да, маған қарап отырып қалды Шыдамым төзбей:

– Сіз не ойлайсыз? – дедім

– Бұл қиын, күрделі мәселе. Қазір еш нәрсе деп те айта

алмаймын. Қазақ бөлімін жабу туралы министрдің бұйрық беруінің себебін біту керек, – деп ойланып қалды.

– Перелыгин екеуіміз Москваға жазсак қалай болады? – дедім.

– Перелыгин жазайық дей ме? Москваға жазғандарыңыз Алматыға қайтып келеді ғой. Алматының пікірін министрлеріңіз айтып отыр емес пе? – деді де, сәл кідіріп:

– Сіз ертең түстен кейін хабарласыңызшы, – деді. Сонымен әңгімеміз аяқталды.

– Ертеңінде өзінің айтқан уақытында, түстен кейін Қашағановқа соғып едім.

– Қазір келуіңізге болады, – деді. Барсам кешегідей емес өзгеріс бар сияқты қабағы қатыңқылау, бет бейнесінде салқын байсалдылық байқалды. Кейінген пішінмен қарады да:

– Бәрін бұлдіріп жүрген өздеріңіз екен ғой. Бұдан әлде қашан бұрын Семей облыстық оқу бөлімі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін маман оқытушылар даярлау жоспары асыра орындалды, енді Семей пединститутындағы қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің қажеті жоқ деп қаулы қабылдапты, сол қаулыны сіздің институт басшылары да мақұлдапты. Мақұлдау ғана емес, қазақ бөлімі жабылсын деген шешім алыпты. Оқу бөлімімен институттың ұсыныс, қаулылары обкомның бюросында қаралып, бюрода оқу бөлімі мен институттың қаулыларын қолдап, дұрыс деп тауып, қаулы алыпты. Мәселенің тарихы осылай екен. Осының нәтижесі өзіңіз айтқан министрдің телеграммасы болған ғой, – деді.

– Бұндай мәселені естіп, білген емеспіз, – дедім.

– Естімесеніз мәселе солай болған. «Тілеп алған арудың емі табылмайды» – деген осы болады, – деп қынжылды. Мен не дерімді білмей тұнжырап отырып қалдым. Сол үнсіздіктен кейін:

– Бұл мәселе бұл жерде шешілмейді. Мен ертең Алматыға жүремін, – деп орнынан тұрып, қолымды алды да, келген соң хабарласамыз, – деді. Басқа сөз болған жоқ. Мен «Жолыңыз болсын!» дедім де, қош айтысып шығып кеттім.

Арада бес-алты күн өтті ау деймін. Қашағановтың келгенін естіген соң, телефон соғып едім:

– Келіңіз, – деді. Қасына барып амандасып отырған соң:

– Институттарыңызда не жаналық болып жатыр? – деді де, ақырын ғана жымнып күлімсіреді.

– Не жаналық болсын. Жаналық сол алдағы оқу жылына оқушылар қабылдау туралы газеттерде жарнамалар жариялап

жатырмыз. Ол жарнамалардан, әрине қазақ тілі мен әдебиеті факультеті дегенді көре алмайсыз. – дедім

– Ештеңе етпейді. «Ештен кеш жақсы» – деген орыс ағайындардың мақалы бар емес пе? Мәселе дұрыс шешілді. Институттарыңызға хабар келетін шығар, қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне де оқушылар қабылдау жайында ректорыңыз хабарлама жариятайтын болар, – дегенде, қуанып кеттім де:

– Қазақ бөлімінің қайта ашылатынын ашық айта беруге бола ма? – дедім.

– Неге болмасын, болған істі болды дегенде, не дейміз? – деп, кенкілдеп күлді.

«Мәселе қалай шешілді» деп менде сұраған жоқпын. «Анда болдым, мында болдым» деген сияқты сөздерді айтып, игілікті іс тындырғанына мардымсып масаттанған Қашағановта болған жоқ. Жатғыз-ақ айтқаны:

– Абай мерекесіне әзірлену жұмысына кірісе беруіміз керек. Тағы бір бас қосып ақылдасу керек шығар – деді.

Қуанышым қойныма сыймай институтқа келіп, сыйлас жолдастарға жақсылық хабар естігенімді білдіріп, бастықтарымызға барсам:

– Бізге ешбір хабар келген жоқ. Қазақ факультетін қайтадан ұйғарса да, биылғы жылы іске аспайды ғой. Енді келесі оқу жылында болмаса, деген сияқты сөзбұйдаға салып, керенаулық көрсетті. Сөйтіп жүргенде бір күні Қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне 1969-1970 оқу жылына оқушылар қабылдау туралы баспасөз жүзіне қосымша хабарлама жариялансын – деген мазмұндағы министрдің бұйрық телеграммасы сарт ете түсті.

Егерде Екейбай Қашағанов болмағанда, 1969 жылы жабылған Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жабылған күйінде қатар еді де, мүмкін он алты-он жеті жылдан кейін қайта құру, жариялылық заманы басталған кезде қайта ашылған болар ма еді?

Қашағановтың қашанда «Естен кетпес ерекше еңбегі» дейтінім де сол. Қашағановтың Семей облысында обком хатшысы, облатком төрағасы болып, он бес жыл бойы (1964-1980жылдары) қызмет атқарған кездерінде мәдениет мәселесіне ерекше назар аударып, ден қойып сіңірген еңбегін атап-атап айту өз алдына бір жеке әңгіменің арнасы.

Екейбай Қашағанов төрешілік дертінен сау, кішіпейіл, ақкөңіл, адал жүректі асыл азамат еді. Оның жарқын бейнесі әрқашан көңіл көзімнен кетпейді.

*«Семей таңы». №43, 28.05.1994 жыл*

### АБАЙ ШЫҒРАМАЛАРЫНА ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

#### ӨЛЕҢДЕР

1) «Кім екен деп келіп ем түіе қуған» (1855). Бұл өлең бірінші рет Абайдың 1933 жылғы толық жинағында басылды (Абай Құнанбайұлы. «Толық жинақ». Қызылорда. 1933 жыл. 71-бет). Бұл өлең ел ішінің бір қариясының аузынан жазып алынған. Ол ақсақал жас жігіт күнінде ауылындағы бір әйелді төркініне ертіп барады. Төркіндері бір жауыр айғыр берсді. Жауыр айғырды алып келе жатып, Құнанбай ауылының жолда жатқан түйелерінің арасын аралап өтіп бара жатады. Оларды көрс салып, он жасар бала, Абай, ауылдан тайға мініп, шауып келіп, әлгілердің аты-жөнін сұрап алып, қайта бұрылып бара жатып, осы өлеңді, суырып салып айтқан екен. (Түсінік берген – Тұрағұл Абайұлы).

2) «Физули, Шәмси, Сәйхали...» (1858) Бұл өлең де бірінші рет 1933 жылғы толық жинақта басылған (71-бет). Бұл бір ауыз өлең Семей медресесінде оқып жүрген он үш жасар шәкірт Абайдың Шығыс акындарына сілктеп жазған өлеңі. Өзіне үлгі еткен атақты акындардың аттарын түгел атап келіп: «Мәдәт бер, я шағирі, фәрияд» деп сынып, «мәдәт» тілейді.

3) «Йүзи – рәушан, көзі – гәуһәр» (1858). Бұл да 1933 жылғы толық жинақта тұңғыш рет жарияланған өлең. Бұл өлеңінде де шәкірт акын, өзі ұстаз тұтқан Шығыс акындарының дәстүрімен, сұтуды мадақтап сипаттайды. Осы өлеңдерінің өзінен-ақ бала акынның араб, парсы, түрік әдебиетімен ерте танысканын көреміз.

4) «Әлиф деп ай йүзіңе ғибрат еттім» (1864). Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланған (71-72 бет). Абай бұл өлеңді Семей медресесінен оқып шығып, еліне қайтып келгеннен кейін, 18-19 жасында жазған.

«Әлифби» өлеңін араб алфавитінің реті бойынша жазып, арабтың жиырма тоғыз әріпінің әрбіріне бір жолдан өлең арнап, тіпті, араб жазуында қолданылатын белгілерін де өлеңге қосқан.

Навоида да сол араб алфавитімен тізілген ғазелдер бар екенін Мұхтар Әуезов айта келіп, «Бірақ ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы ұйқасты сөздердің ең соңғы дыбысын әлифби ретімен келтіреді», – дейді. Және жас акын Абай тек жігіттік, жастық сезімдеріне жаңа үлгі болғандай тың тұр ғана іздейді. Сол себепті «Әлифби» өлеңінде Навои ғазелдерінің кейбір сырт түрі, өрнектерін ғана алады.

Абай көп оқыған шығыс классигінің көбіне ортақ болған бір жай, махаббат сияқты сезімдерді жырлауда мистикалық сарындар да болады. Ғашықтықтың өзін Құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді. Абайдың қасиеті сол – жас шағының өзінде де, еліктеуші бола тұрса да, өзінің махаббаттық арман-шерлерін, тілектерін жырлағанда сопылық, мистикалық сарындарға бармайды.

Көп теңдеулерде кітапшылап, әсірелеп жырлап отырса да, «Әлифби» өлеңінің соңғы екі жолында:

...Үтірмен асты-үстілі жазу да бар.

Болуға асты-үстілі көнсең өзін, – деп келіп, Абай сүйген сұлуға арналған өлеңнің ең соңында нақтылы тілегін ашып айтады. Сезім, сана жағынан шығыстық сарыннан өз басының сау екенін танытады. Кейін аз уақыттың ішінде-ақ, өмір шындығына жақын өлеңді өз халқының анық халықтық тілімен жазып кететін Абай, мынау тұста тек аз уақыт қана өзінің көзі түскен және өзін жас шағында қызықтырған, таңдандырған үлгіге аз бой ұрады.

Абай терең сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен шығыс ақындарының ықпалына берілмесі де, өлең құру шеберлігі, тұр жаңалығы жөнінде бұл кезде де көп нәрсе табады.

Абайдың шығыс поэзиясына еліктеп жазған өлеңінің ең көлемдісі де, соңғысы да «Әлифби» өлеңі. Бұл өлеңнің бірінші рет 1933 жылғы жинақта жарияланғаны белгілі. Бірақ, өлеңнің қайда сақталып, қай жолмен бізге жеткені еш жерде айтылмайды

Латын алфавитімен басылған 1933 жылғы жинақтағы «Әлифби» өлеңінің көп сөздері кате басылып, мағынасы бұзылған Бір ғана мысал:

«Әліп, деп ай жүзіне ғибрат еттім,

Бігі, балайы (?) дәретіне (!?) ныспат еттім...». – деп басылған. Ал, 1939 жылғы жинақта (I-том, 34-бет) өлеңнің 1933-жылы кате басылған бастапқы екі жолы біраз түзетіліп басылған:

Әлифдек ай жүзіне ғибрат еттім

Би, бәләйі дәртіна ныспат еттім ...

Екі жинақта да «балайы» – «бәләйі», «дәретіне» – «дәртіна» деген сөздерге түсінік берілмеген.

1945 жылғы жинақта:

Әлиф дек ай жүзіне ғибрат еттім,

Би бәлаи дәртіна ныспат еттім... деп басылып, «бәлаи» деген сөзге: «Бәлаи – бәле, бәләлі деген мәнде» деп түсінік берген (6-бет). «Дәртіна» сөзіне түсінік берілмеген<sup>8</sup>.

1957 жылғы жинақта «Балай» деп басылып, бұл сөзге: «Ұлы, жоғары» деп түсінік берілген (I-том, 14-бет). 1977 жылғы жинақта да осы соңғы (1957) берілген түсінік қайталанатын.

«Балайы», «бәләйі», «бәлаи», «балай» деп бұрмаланып басылып жүрген сөздің дұрыс нұсқасы – бәля (арапша) – қайғы, бәлі, ауыр хал деген мағынада. Осы сөзге «Ұлы, жоғары» деп түсінік беру (1957, 1977) жинақтарда дұрыс емес. Ал, «Ұлы, жоғары» дейтін сияқты сөздердің мағынасын арапша газыйм деген сөз білдіреді. Арапша бәляи газыйм (ұлы бәле, зор бәле) деген сөз тіркесі (ғыйбарә) бар.

Жалпы «Әлифби» өлеңіне текстологиялық зерттеу жеткілікті жүргізілмеген 1933 жылғы жинақта өлеңнің бастапқы жолы «Әлиф, деп ай жүзіне ғибрат еттім», – деп басталса, 1939 жылғы жинақта: «Әлиф дек...» деп басылған 1943 жинақта да «Әлиф дек...» деп басылып, «Әлифдек» (Әліптей) деген теңеу – шағатайша (412 бет), – деп түсінік берілген. 1939 жылдан бастап, одан кейінгі жинақтардың бәрінде «Әлифдек» деп басылып келеді. Өлең жолын тұтас оқысаң, мағынасы «Әлифтей ай жүзіне ғибрат еттім» болады. Сонда сұлу қыздың жүзін (ай жүзін) араб әліппесінің бірінші харіпі (әріпі) «А – А» ға (арабша «Әлиф» деп аталады) теңеу көңілге қонбаса керек.

Сондықтан 1933 жылғы жинақта, «Әлиф, деп ай жүзіне

<sup>8</sup> бұл сөздің қай тілден алынғаны айтылмаған

ғыйбат еттім» деп басылғаны дұрыс болады. Яғни сүйген қызға арнап жазған хатын: «Әлиф деп» бастап, айдай жүзіне ғыйбат еткен.

1977 жылғы жинақта қате басылғаны анық көрініп тұрған сөздер түзетілді. Өлеңдегі араб. парсы сөздерінің негізгі жазылу түрі көрсетіліп, мағынасына түсінік берілді.

5) «Шәріпке». «Түнлікбайдың қатыны атық Шәріп» (1870). Бұл бір ауыз өлең ең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (72-бет). «Шәріп Түнлікбай дегеннің қатыны. Түнлікбай Абай ауылдарының көршісі болған» (Мұхтар Әуезов, 1933 жылғы жинақ, 72-бет).

6) «Абралыға». «Мен жасымда көп көрдім мұсылманды, кәпірді» (1876). Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (73-бет). Өзінің замандасы Абралы (1839-1920) дейтін адамның намаз оқығанда, құран аятын түсінбей, қара дүрсінге салып, бүлдіріп оқитын надандығын әжуа етіп жазған өлеңі. «Бұл өлеңнің аяғы ұзағырақ болса керек. Ол жерлері ешкімнің есінде қалмаған» (1945 жылғы жинақ, 412-бет)

7) «Жаксылыққа». «Аяғыңды аңдап бас, ей, Жаксылық.» (1880). Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (73-бет). Сол жинақта берілген түсінікте: «... Өлеңнің айтылған реті: 1880-жылы Абай Қоныр Көкше деген елге назначеннемен, атап сайлаумен болыс болғанда, Мырза деген таптың Жаксылық деген кісісі: «Борышымды елге бөліп салып, мені құтқар», – депті. Борышты болғанда, өзінің жарамсыз қылығынан борыштанса керек. «Сонда Абай айтып еді деп, Көкбай марқұмның жиған өлеңінің ішінде жазылыпты». – деген (323-324-бет).

Өлеңнің бастапқы жолы жинақтарда:

Аяғыңды аңдып бас, ей, Жаксылық, – деп басылып келеді.

Дұрысы:

Аяғыңды аңдап бас, ей, Жаксылық, – деп білеміз. Абай бұл арада: Жаксылықтың орынсыз талап етіп, аңдамай сөйлегенін айтып отыр. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» дегеннің мысалы сияқты.

8) «Сап, сап, көңілім, сап көңілім». Бұл өлең ең алғаш «Сана» журналының (Ташкент) 1924 жылғы 2-3 санында басылған (83-84-бет). 1933-жинақта «Жылы белгісіз өлеңдері» ретінде басылған (231-бет). Өлеңнің бұл басылған нұскасының көлемі 30 жол. Түсінік берілмеген. 1939 жылғы жинақта

басылған нұсқасы – 59 жол (231-232-бет). Бұл нұсқасы туралы: «Бұл Абайдың бозбала күнінде өзіне өзі айтқан өлеңі. Абай өлеңдерінің 1933-жылы шыққан жинағында алғаш рет басылған еді. Бірақ онда түгел табылмай, жарым жартысы ғана басылған болатын. Қазір сол олқытары түгелденіп, бірінші рет толық басылып отыр». – деген (231-бет).

Өлеңнің жазылу тарихы туралы толығырақ түсінік 1945 жылғы жинақта берілген: «... Мұхтардың көрсетуі бойынша, Абай өзінің жігіт шағында жазған көрінеді. Және сол жігіт шағынан калған өлеңдерінің ішіндегі ең көлемдісі, көркемі. ... Мұны бұрын Абай жас кезінде өзі ғашық болған бір әйелі – Сүгірдің қызына айтқан дейді екен. Бірақ, соңғы айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына емес, Сүйіндік қызы Тоғжанға арналған көрінеді. Жігітектер мен Құнанбай жаула-сып жүргенде, Абайдың қауіп-қатерге қарамастан бейнетпен барып жүрген қызы – сол Тоғжан. Ерболмен достығы да сол қыз арқылы болған, және Тұманбайдың айтуынша бұл өлеңдегі қыз Сүйіндік қызы екенін білдіретін:

– Қыз ағасы Әлібек

Ұстап ап дүре сатмай ма, – деген бір-екі жол өлең де бар екен. Жалғыз-ақ кейінгі айтуында ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен бұл екі жол өлеңді баспаға қоспадық. Соңғы нұсқасы Мүрсейіт жазбасынан алынған» (455-456-бет).

9) «Қансонарда бүркітші шығады аңға» (1882). Бұл өлең ең алғаш: «Қазақ ақыны Ибраһім Құнанбай ұғлының өлеңі» деп аталған жинақта басылған (С-Петербург, 1909 жыл, 14-бөлік, Аңшылық туралы, 71-72 бет). Бұл өлеңде Абай өз басынан кешкен, өзі көріп, терсең сезінген уақиғаны жыр етіп, толғана суреттеп, шыншыл шеберлікті танытады. Қансонарда аңға шығатын бүркітші – Абайдың өзі.

Абаймен жиырма бес жыл бойы айрылмас жолдас, айнымас дос болған, оның мінезін, әдет-салтын өте жақсы білген, көрген Көкбай былай баяндайды:

... Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, өнерді қызықтау сияқтының бәрін де көрді ... Аңшылықты жасында істеген. Сонда сол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында: бұғы, арқар, кіпк, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен, көп соғым сойыспен барып, бір ай, екі ай жүріп қайтады.

Ат құмар, құс құмар, аңшылыққа соншама құштарлық мінездері, Абайдың акындық қуатын онан сайын рухтандырып, шабытын шарықтатып: «Қансонарда бүркітші шығады аңға сияқты», әрі идеялық мазмұны, әрі көркемдік түрі түгел қабысып тұрған, қазақ халқының тұрмыс-салтына тән ерекше бір көрінісін көз алдына әкелетін тамаша өлеңін тудырған.

«Қансонарда» өлеңінде, – дейді Мұхтар Әуезов, – орыс халқының өмірінен, не орыстың классик поэзиясынан тұп-тура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз қазақ халқы мекен еткен қысы туралы, табиғат, бүркіт салуға салт атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы. Ермек үшін еңбек еткен ширақ, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар, көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелген. Осы адам тобының мінездері, аңшылықтағы тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық кесек әрекеттері, толып жатқан машық-мерзімі тұтас қазақтың өзіне тән тіршілігі боп шығады.

Шындыққа, нақтылы деректілікке ерекше мән берген акын реалистік дәстүр бойынша, өз шығармасының барлық бұйымын, бар тұрманын тұтас ету керек. Соның белгісін бұл шығармада Абай өзінің сөздігінен де айқын танытады. «Сонар», «қағушы», «қайтқан із», «бүркіттің қайқаң қағып аспанға шығуы», «түлкінің кере тұра қалуы», «үйірімен үш тоғыз» десу бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар акын қиятын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны тенеуді де табады. «Қар аппақ», «бүркіт кара», «түлкі қызыл» дей келіп, сол бір қайнаған қимылдарды қымсынған ұяң сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы да шеберлік айғағындай. Бұнда натуралдық үлгіде екі жайды: «ананы көр де, мынаны көр» деп ұқсата салу жоқ. Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистін ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі.

Өлеңнің он үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (71-бет) және 1922 жылғы (Қазан) жинақта (141-бет):

Кере тұра қалады қашқан түлкі, – деп дұрыс басылған.

1933 жылғы жинақта (74-бет) және 1939 жылғы жинақта (39-бет):

Көре (?) тұра қалады сонда түлкі, – деп мүлдем бұрмаланып басылған.

*1945 жылғы жинақта (12-бет):*

Кере тұра қалады қашқан түлкі, – деп 1909 жылғы кітап бойынша дұрыстатып басылған

Ең соңғы, 1977 жылғы жинақта «кере» деген сөз «көре» болып, қате басылған. Абайдың осы өлең жолының дәлдігін анықтап түсу үшін текстологиялық талдау жасаған болатынбыз.

Ақын бұл арада: аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан, құр қаша бергенмен құтыла алмайтынын білген түлкінің, жанын қорғау үшін, қайрат қылмақ болып, кере тұра қалған көрінісін дәл суреттеген:

...Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,  
Қандыкөз қайқаң қағып шыкса аспанға.  
Кере тұра қалады қашқан түлкі,  
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.  
Аузын ашып қоқақтап, тісін қайрап,  
О да талас қылады шыбын жанға.

Абай өлеңінің түпнұсқасы, осылай оқылғанда, дұрыс болмақ. Өлеңнің 13-жолы 1909 жылғы, 1922 жылғы және 1945 жылғы жинақтарда.

...Кере тұра қалады қашқан түлкі, – деп түпнұсқасына сай дұрыс басылған. (Қайым Мұхамедханов. «Абай шығармаларының текстологиясы жайында», 1959 ж., 11-14 бет). Өлеңнің отызыншы жолында:

...Ұқсайды қаса сұту шомылғанға, – дейді. Осы өлең жолындағы «қаса» деп басылып жүрген дөрекі сөзді Абай қолданбаған деп білеміз. Ақын бұл арада, нағыз сұтуды сипаттау үшін, терең де кең мағыналы «Хасса» деген араб сөзін қолданған. Хасса, хаса (арапша) – Бір адамның тек өзіне ғана тән сипат, өзінде ғана болатын қасиет деген мағынадағы сөз. Сондықтан өлеңнің бұл жолын:

Ұқсайды хаса сұту шомылғанға, – деп дұрыстап оқуымыз керек.

Өлеңнің отыз тоғызыншы жолы 1909 жылғы кітапта (71-бет):

Құсы да иесіне қоразданар,

Алпыс екі айлалы түлкі алғанда, – деп ақын сөзі дәл басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Құсы да несі де қоразданар. – деп құсы мен несі бірге қосақталып, өрескел бұрмаланып басылған. Абай бұларда «Алпыс екі айталы түлкі алған» бүркіттің несіне қоразданатынын бейнелеген. Ал құс несінің қоразданатын кезін:

«Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап,

Жасы үлкендер жанына байланғанда,

Сітке киіп тымақты, насыбайды

Бір атасың, көңілің жайланғанда, – деп жеке суреттелген.

Осылар сияқты бұрмаланып басылғаны анықталған сөздер түзетіліп, дұрысталды.

10) «Қақтаған ақ күмістей кен маңдайлы» (1884). Бұл өлең ең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (9-бөлік. Сұту ұрғашы туралы, 63-бет). Өлеңнің тақырыбы қазақтың бойжеткен қызының сырт көрінісін, пішін, мүсін, келбетін суреттеуге арналған. Жас атаулы қызығарлық, сүйсініп тамаша стерлік ерекше сұту қызды сипаттайды. Бұл өлеңде Абайдың анық жазушы акын екенін аңғарамыз. Бұнда сұту әйелді сипаттауда ең алғашқы жолдан бастап, айқын сезілетін тәртіпшілік бар. Әуелі қыздың пішінін айтады. Келісті біткен маңдайынан бастап, көзіне, қасына тоқтайды. Одан ары мұрнын, бетін атай келіп, аузына ауысады. Сұту тісін, бұлбұл үнді күлкісін айтып, аузына аз аялдап, содан ары мойнына, тамағына тоқтайды да, осыдан ары ұлы мүшесіне: жауырынына, пығына, бойына ауысады.

Жазба акын фольклор үлгісінен бөлек, ерекше жоба мен жазып отырғанын аңғартады. Ауызша шығарылған өлең болса, мұндайлық реттілік кездеспес еді. Әйелдің ішін пішінімен аралас жанды адам етіп теру қажет болса да, Абай бұл тұста өзінше үлгі көрсетеді. Ол – сұтудың сыртқы портретін береді. Ал адамның пішін-портретін арнаулы рет, әдіспен суреттеудің өзі де, жазушы акын айтарлық мәдениетті үлгі. Өлеңнің осы алғашқы күшті бөлімі сипаттау болады да, екінші бөлімінде, өзі суреттеп отырған қызға айтпаса да, жалпы қыздардың оғаш мінездері үстірттеу сыналады, жігіттердің де кейбір мінездері сыналып, оларға ақыл-өспет айтуға арналады.

11) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» (1885). Бұл өлең де ең алғаш 1909 жылғы жинақта (3-бөлік. Өзі туралы, 35-бет) басылған. Тұрағұлдың айтуында: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңді Абай Әбдірахман деген баласы Түмен қаласындағы реальный училищеде оқып жүргенде,

Мағауиняның. Құлбадан деген әйел баласы Семейдегі қалалық училищеде оқып жүргенде жазған. – дейді.

12) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 2-бет). Абай бұл өлеңінде ел ортасына бүлік салып жүрген тынымсыз атқамінерлерді ең алғаш рет сынға алып, бөліп шығара бастайды. Ел бұзарлар осылар деп әйгілейді:

...Сырттансынбақ, қусынбақ, өршеленбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.  
Арамдыкпен бар ма екен жұрттан аспақ.  
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе берсе ме жұрт менгермек.  
Адалдық, арамдықты кім теңгермек.  
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ.  
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек, –

деген өлең жолдарында елдің ортасында «жақсымын», «жұрт ағасымын» деп жүргендерге ең алғаш сын сөздер айтады. Бұл өлеңінде болыстықтың өзі де «қорлық», «иттікке» апаратын жол деп, қазақ ортасындағы әкімшіліктің өзінен қашу керек дейді.

Өлеңнің бастапқы екінші шумағының екінші жолы. 1909 жылғы жинақта. «...Тағдыр жоқ өткен адам қайта келмек», – деп дұрыс басылған болса (2-бет). 1977 жылғы жинақта: «...Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек», – деп басылып, «адам» деген сөздің орнына «өмір» деген сөз орынсыз берілген.

Осы өлеңнің оныншы шумағы барлық жинақтарда:

Ел бұзылса табады шайтан өрнек,  
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.  
Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек, –

деп басылып келеді. Өлеңнің мағына-мазмұны бірінші жолдағы сөздерге байланысты. Олай болса:

Ел бұзылса табады шайтан өрнек, – деген өлең қандай ұғым беріп тұр? Біздің түсінуімізше: ел бұзылатын болса, шайтан өрнек, яғни үлгі табады (алады) деген болады. Абай олай демесе керек. Өлеңнің осы шумағы Оразке және Сәдуақас жазбасында:

Ел бұзылса құрады шайтан өрмек,  
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.

Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Жеңдің ғой деп шайтанға берер көмек, – деп Абай сөзі дұрыс берілген деп білеміз.

13) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (4-бет). Абай осы өлеңінде атқамінер тобын айқынырақ, ашырақ шенеп, әйгілеп өтеді:

... Ант ішкен күнде берген жаны құрсын.  
Арын сатып тіленген малы құрсын.  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.  
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,  
Өз үйінде шертпеген паны құрсын, –

деп сол атқамінер ортасын «жүзі күйгір» деумен жиренішті топ етіп көрсетеді

Осы екі өлең туралы айта кететін бір жай бар. 1886-жылы қырық бір жасқа келген Абай өлеңдерін «Қартайдық, қайғы ойладық» деген сөздермен бастайды. Анығында, бұл жылдарда Абай қартайған жоқ. Оны жасынан ғана айыру керек емес, халық камкоры боп, азамат акын боп, осы жылдан бастап жазған сөздеріне қарасак, акын анық үлкен тартысқа барынша белсенеіп кіріседі. Бізаты ашумен, қайсар қайрат, өнімді қажырмен араласады. Сондықтан қажыған адамның әлсіреп, қартайып, ой қуаты, жүрек оты бәсеңдеген күйін көрмейміз. Олай болса жанағы «Қартайдық, қайғы ойладық» деген сөздерді Абай басқаша бір мән-мағынамен қолданады. Өсіптіші, сыншы, ұстаз болуға бекініп кіріскен акын халықтың анық ағасы боп, ақылшының тұрғысынан сөйлемек болады. Ел ұғымына қонымды бір «құлақ күйі» сияқты сәл сарыннан бастайды. Бұрынғы ақылшының көбі – көріден, атадан, ақсақалдан шығады деп түсініп қалған көпшілікке өзін де солайша жақсы етіп, тоқтаған, ой түскен, ел мұңшысы есебінде танытпақ боп, әдейі солайша бастайды. Болмаса, өз басының қажыры мен өнеріне қарасак, ол жылдарда құлшынып, өрлеп келе жатқан, қайнап өсіп, дами бастаған анық шабытты ақынның шалқып жанған жатынын сеземіз.

Ол жалын – ел жайына қарап отырып ызаланып, ширыға түсіп, күйінген ердің көкірегіндегі ашулы жалын болады. Ал, үлкен санадан туған қатты ашу мен қызулы жалын ескі де

көрілік нышаны емес. Кемеліне келіп отырып, кектенген күресті іздейтін, қуаты күшті жүректен шығады.

Рас, сол жүрек халық жайын ойлағанда, біресе ызаменен толқыса, бір кезде сол халық үшін қамырық мұңға да толады. Мұхтар Әуезов Абай өлеңін осылайша талдап, түсініктеме береді.

Осы өлеңнің 1909-жинақта дұрыс басылған кейбір сөздері, 1977 жылғы басылымда дұрыс берілмеген. Өлеңнің бастапқы екінші шумағының төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

... Мен қазақтан кегінді әперем деп, – болып басылған. Өлеңнің бастапқы екі жолында: «көп берем деп», «тек берем деп» келе жатқан екінді, әсерлі ұйқас ырғағы соңғы жолға келгенде «әперем» деп басылып, баяулап, әлсіреп қалған. 1909 жылғы басылымда:

... Мен қазақтан кегінді ап берем деп, – дұрыс басылған (4-бет).

Сол сияқты жетінші шумақтың төртінші жолы да 1977 жинақта:

... Мен қапсам бір жерінді бөксерем деп, – болып басылса, 1909 жылғы жинақта:

... Мен қапсам тап бір жерін бөксерем деп, – басылып, акын сөзі дұрыс берілген.

Тоғызыншы шумақтың үшінші жолы:

«Бар ма екен жай жүрген жұрт қанағатпен», – деп 1909-жылы дұрыс басылса, 1977 жылғы басылымда «жұрт» деген сөзді өзгертіп «жан» деген.

Оныншы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

... Жанын сатқан мал үшін антұрғаның, – деп дұрыс басылса (жан беруді, ант ішуді дұрыс айтып отыр), 1977-жинақта: «Арын сатқан» деп өзгертілген. Осы сияқты орынсыз өзгертілген сөздер түзетілді.

Сөз болып отырған осы екі өлең де:

«Қартайдық, қайғы ойладық...» деп басталады. Ал Сәдуақас жазбасында екінші өлең:

«Қартайдық, қайрат қайтты ұлғайды арман», – деп берілген. Осылай айтылуы дұрыс болар дейміз. «Қайғы ойладық» деген сөзді Абай екі рет қайталамаса керек.

14) «Қыран бүркіт не аймайды салса баптап» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық ту-

ралы. 50-бет). Бұл қоғамдық мән-мағынасы терең, ерекше бір көркемдік түрде жазылған өлеңі. Некен саяқ, сіпек кездесетін қыран бұркіт пен көп күйкентай, қарғаларды салыстырып, тұспалдап суреттейді.

Сіпек кездесетін қыран бұркіт – халық қамқоры, бірлі-жарым ірі қайраткер. Көп күйкентайлар, қарғатар – отаршыл орыс патшасының қолшоқпарына айналған көп пысық, атқамінер азғындар. Бұл өлеңнен «мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың өзін көреміз.

15) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 6-бет). «Қалың елім, қазағым, қайран жұртымда» акын өз халқының сол кездегі тарихи трагедиясын айта кеп дерттенеді, – дейді Мұхтар Әуезов. Жоғын жоқтап, мұнын мұндап отырғаны «Қалың елім, қазағы». Оны «қайран жұртым» деп, бар жанымен ынтыға сүйеді. Бұның қамын ойлағанда қамырыққа көңіл толады.

Абайды дерттендірген халқының басына түскен «тарихи трагедия» – «қалың елі қазағы» Ресей империясының отарына айналып, ерікті елдігінен айырылып, «өз матын өзімдікі дей алмайтын» халге душар болған қайғы-қасіреті еді.

Патша үкіметінің 1868 жылғы реформасы қазақ халқын, ұлттық және саяси жөнінен, правосыздыққа айналдырған нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық сипаттағы зұлымдық реформа болды. Елдің береке-бірлігін кетірді, салт-санасын бұзды. Патша әкімдерінің өктемдік әрекеті күшейді. Қазақтың өз ішінен шыққан шенқұмар, мансапқор сатқындар. «бас басына би болған қықымдар» көбейді.

«Өз қолынан ыркы кеткен» халқының «тарихи трагедиясы» Абайдың жанына батып, қанын қайнатты. Сөйтіп, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп туған халқының қамын жеп, жар салып, елінің бостандығын, ерікті еркін ел болуын көксеп отырып жазған өлеңінің ішінен:

«Өздеріңді түзелер дей алмаймын.

Өз қолыңнан кетпесе (!), енді өз ыркың», – деген сөздерді көргенде, өз көзіне өзің сенбей, секем алып абдырап қаласың.

Өз еркінен айырылып, «өз қолынан ыркы кетіп» отырған халқының «тарихи трагедиясына» дерттеніп өлең жазған Абайдың: өз қолыңнан ыркың (еркін) кетпесе, өздеріңді түзелер дей алмаймын дегі мүмкін емес, ешбір ақылға сыймайды.

Абай шығармаларының. 1909-жылдан бастап, барлық басылымын мұқият қарап шықтық. 1909 жылғы тұңғыш жинағында да: «Өз қолыңнан кетпесе ... (арабша жазылған)...». – деп басылыпты (6-бет). Сонан кейінгі. 1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдарынан бастап, ең соңғы 1977 жылға шейін:

«Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырың», – деп басылған Абай өлеңдерін көшіріп жазған адамдардың қолжазбаларын қарап шыққанымызда тек Оразке қолжазбасында ғана:

«Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырың.» – деп жазылған (Оразке қолжазбасы. Абай мұзейінің қолжазбалар қорында сақталады). Абайдың осы өлеңін бұрмаламай, нағыз дұрыс көшіріп жазған Оразке деп білеміз.

Абайдың ең басты, ең әйгілі өлеңдерінің бірі – «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің идеялық мазмұнына нұқсан келтіріп тұрған «Өз қолыңнан кетпесе» деп қате жазылып, қате басылып кеткен сөздің жетпіс жыл бойы (1909-1977) түзелмей басылып кетуін не деуге болады?!

Біз осы мәселені 1956-жылы жазып, 1959 жылы шыққан: «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты кітапшамызда жариялаған едік (35-40 бет), одан кейінгі Абай басылымдарында, ешкім елеп-ескерген жоқ.

«Өзің қолыңнан кетпесе енді өз ырың», – деп қате басылып келген сөзді: «Өз қолыңнан кеткен соң» деп түзетуіміздің дұрыстығын дәлелдейтін тағы бір мысал келтірс кетейік. Осы өлең орыс тіліне аударылған кезде, «Өз қолыңнан кетпесе» деген Абай айтатын сөз емес екенін жақсы түсінген, аудармашы ақын С. Липкин, орыс тіліне былай аударыпты:

Не надеюсь на исправление твое.

Коль судьбу свою в руки народ не берет<sup>9</sup>, – деп, Абай өлеңінің идеялық мазмұнын дұрыс берген.

Бұл басылымда:

...Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырың, – деп түзетіп басуды дұрыс көрдік.

Абайдың осы өлеңінің бастапқы жолы жинақтардың бәрінде.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», – деп басылып, сөз

<sup>9</sup> Абай Құнанбаев. Собрание сочинений в одном томе. Москва, 1954, стр. 48

ретінің орны ауыстырылып берілуі, өлеңнің ырғағын (ритм) бұзып, екпінін баяулатып, әсерін әлсіретіп тұрғаны анық байқалады. Ал, Оразке және Сәдуақас қолжазбаларында:

«Қазағым, қалың елім, қайран жұртым», – деп өлең сөздері өз ретімен дұрыс жазылған.

Абай бұл өлеңін өзінің қазағына арнап жазған соң, ең алдымен «Қазағым!» деп жар салып бастайды. Сондықтан өлеңді:

«Қазағым, қалың елім, қайран жұртым», – деп оқысақ, өлеңнің бастапқы «қазағым» деген бір ғана сөзінің екпінді әсері адамды селт еткізіп, сезімін қозғап, көңілін аударады.

Тегінде Абай сөздері орын ретімен дұрыс берілмесе, тыныс белгілері дұрыс қойылмаса, сол сияқты не бір сөзден, не бір әріптен мүлт кеткен кемшіліктер кездессе, ақынның асыл сөзінің мағынасы жойылып, көркем сөзінің көркі кетіп, шырқы бұзылады.

16) «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» (1886). 1909 жылғы кітапта басылған өлең (1-бөлік. Халық туралы, 7-бет). Ақын бұл өлеңінде: өз шаруасын ғана бағып, тыныш отыратын, ақатты, малды байларды атқамінер әкімсымақ, құпысықтардың жем етіп жүргендерін суреттейді. Өтірік пәле жауып, «бұтып-шатып» арыз беріп, момындарды қорқытып, еңбек етпей мал табу әрекетімен әуре болып жүрген бұзақыларды әшкерелейді. Бірсуді бірсуге айдап салатын пәлекорларды:

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,

Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып, – деп ашы ажуа етеді.

17) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 8-бет). Бұл шығармасында: 1884-жылы болыс сайлауы кезінде өз басынан кешкен көңілсіз уақиға, сол сайлаудан кейін онан сайын өршіп түскен, елдің берекесін кешірген ру тартысы, атқамінер әкімдердің әрекеті, ұрлық-қарлық, елдің азып-тозуы суреттеледі. Абай:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да.

Алдамаған кім қалды тірі жанда?, – дегенде, 1884 жылғы сайлауда бұрынғы дос болып жүрген: Оразбай, Жіренше, Күнту, Ерболдардың өзін алдап кеткенін айтады.

1977 жылғы жинақта өлеңнің бірнеше сөзі бұрмаланып, қате басылған. Бастапқы екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

«...Мұнан менін қай жаным ардақты деп»? – делініп дұрыс басылған (8-бет). Ал, 1977 жылғы жинақта, «жаным» деген сөз өзгертіліп, «жерім» деп басылған.

Төртінші шумақтың соңғы жолы, 1909 жылғы кітапта:

«...Ызаменен ыржайып күле атмай жүр», – деп дұрыс басылса, 1977 жинақта «ыржайып» деген сөз – «ыржынып» болып кеткен.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы кітапта:

«Ала жылан, аш бақа, күпіддектер.

Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр», – деп дұрыс басылса, 1977 жинақта: «Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр». – деп басылған. Ал «үлкеннен ұялмай жүр» деген сөз кейін келеді.

Ең соңғы шумақтың бастапқы жолын оқып көріңіз:

«Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,

Сұрамсақтар нәпсісін тыя атмай жүр», – дейді.

Жетінші шумақтың бастапқы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

«Бектікті (?) біреу бектеп(?) тұра алмай жүр,

О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр», – деп қате басылған. Бұл жолдардағы сөздер Оразке жазбасында және 1909 жылғы кітапта:

«Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр.

О дағы ұры-қарды қыра алмай жүр», – деп дұрыс басылған.

Осы өлеңнің бастапқы екінші шумағының әуелгі екі жолын келтірейік:

«Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда.

Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда».

Осындағы жыға деген сөзге 1977 жылғы жинақта: «Дұлығанын артынан қаптап қоятын зат», – деп қате түсінік берілген (I том, 53-бет). Дұрысында жыға – батырлардың дұлығасының төбесіне шаншылта қадап қойылатын зат. Жыға сөзін қазақ ауыспалы мағынада қолданған. Жаудың беті қайтса «жау жығасы қисайды» дейді. Жауын жеңсе «жау жығасы жығылды» дейді. Абай өлеңінде де «бастан жыға қисайғанда» деп, ауыспалы мағынада қолданылған, яғни адамның басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айтқан.

18) «Адасқанның алды – жөн, арты соқпақ» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (I-бөлік. Халық туралы. 9-бет). 1886 жылда сыншылдық, қоғамдық тақырыпқа арналған

өлеңдерінің бірі осы «Адасканның алды жөн. арты соқпақ» өлеңі. Бұл өлеңде де акын өзі көрген кемшілікті, жағымсыз жат мінездерді үлкен тұрашылдықпен қатты сынап, батыл шенейді. Бірақ, бұл өлеңде сынағаны, басқа көп өлеңдеріндегі сияқты атқамінер, болыстар емес, ел ішіндегі еңбексіз өмір сүретін жалқау, сұғанақтар.

Өзінде мал жоқ, еткен еңбек жоқ, тіпті өз үйінде ішіп-жейтін ас та жоқ, тек малы бар, асы бар ауылдарды қыдырып, тамақ асырап жүретін кер жалқауларды сынап, сөгіп әйгілейді:

Осындай сидан жігіт елде көп-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олак.

Олардың ойында жоқ малын бакпақ,

Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жакпақ, – дейді.

Қазақтың көшпелі ауылында болған жалқаулықты, еңбексіздікті ең алғаш өлеңмен суреттеп, арамтамақтық, кісінің асына көз сүзгіштіктің өзі де жатыпишерліктің бір түрі деп танытады. Әсіресе бай ауылды жағалап жүрген, жатып ішерлік әдетке сатынған жастарды ызамен айыптайды. Айыптап қана қоймайды, қамқорлық көңілмен: «көзіңді саппа, теріңді сат», «еңбегің ғана есенді әпереді», – деп ақыл айтады. Адамшылығыңды сақтауға, қорлықсыз, мазақсыз өмір кешуге жәрдемшің, сүйенушің сол еңбек қана болады дегенді көп үгіттейді.

Өлеңнің бастапқы екінші шумағының соңғы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

Қарсы(?) алдына жымырып келтірем деп,

Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ, – деп басылған.

Дұрысы:

Қас алдына жымырып келтірем деп, – (1909 жылғы жинақ, 10-бет).

Үшінші шумақтың бастапқы екі жолы, 1977 жылғы жинақта:

Жазды күні ақ бөркі бүктелмейді, ақ

Қолына бір сабау бар о дағы аппақ, – деп басылған.

Дұрысы:

Жазды күні ақ бөркі бүктелмейді,

Қолында бір сабауы бар, о дағы аппақ. (1909 жылғы кітап, 10-бет).

Өлеңнің ақырғы шумағының соңғы жолы:

Сәлемдеспей алыстан ыржаң қақпақ, – деп басылған  
1933 жылғы «Толық жинақта» (82-бет) және Мұрсейіт. Ораз-  
ке жазбаларында.

Сәлемдеспей жатып-ақ ыржан қақпақ, – деп дұрыс жазылған.  
Осындай бұрмаланған сөздер түзетіліп берілді.

19) «Бір дәурен кімді күнге – бозбалалық» (1886) Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 9-бет). Сыншы ұстаз ақынның жас буынға арнап айтқан өсиет өлені. Өлеңнің бастапқы шумағының төртінші жолындағы бір сөз 1977 жылғы жинақта дұрыс берілмей, бұрмаланып:

...Дейміз бе еш нәрседен қорғанатық. – деп басылған.

Дұрысы:

...Дейміз бе еш нәрседен құр қалатық. (1909 жылғы жинақ. 10-бет).

20) «Жігіттер, ойын арзап, күлкі қымбат» (1886). 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 12-бет) Бұл өлең де ұстаз ақынның жастарға, үлгі-өнеге ретінде, арнаған өсиет өлені.

Өлеңнің бастапқы үшінші шумағының төртінші жолындағы бір сөз 1977 жылғы жинақта дұрыс берілмеген:

Қырмызы қызыл жібек бозбалалар.

Оңғақ бұлдай былғайды бір дым тисе. – деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

...Оңғақ болса, былғайды бір дым тисе. – деп, ақын сөзі дұрыс берілген (12-бет)

Төртінші шумақтың үшінші жолындағы тағы бір сөз бұрмаланып берілген.

...Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп (?), – деп басылған.

1909 жылғы кітапта:

...Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп. – деп дұрыс басылған.

Бесінші шумақтың үшінші жолындағы бір сөз мүлдем бұрмаланып:

...Күншіліксіз(?) тату бол шын көңілмен. – деп басылған. 1909 жылғы кітапта

...Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен. – деп дұрыс берілген.

Оныншы шумақтың бірінші жолындағы тағы бір сөз бұрмаланып:

Көп жүрмес жеңсікқойлық әлі-ақ тозар. – деп берілген. 1909 жылғы кітапта:

Көп жүрмес жеңісқойлық тез-ак тозар, — деп дұрыс басылған.

Он төртінші шумақтың соңғы жолындағы бір сөз өрескел бұрмаланып:

... Ері ақылды, қатыны мінезді боп.

Тату болсарайыс(?) үстіндегі үй, — деп берілген және «райыс» деген сөзге «рахат» деп түсінік берілген (1977 ж., I том, 61-бет), «райыс» деген сөз қай халықтың сөзі екені айтылмаған. «Райыс» деп басылған сөздің түп- нұскасы — рәис арабша жазылған (араб сөзі) — басшы, бастық, басқарушы деген мағына беретін сөз. Абай, әрине, өлеңінде бұл сөзді қолданбаған. Ізірлеп зерттей отырып, бұл өлеңінде Абай қолданған араб сөзі — рияз деген сөз болады деген қорытындыға келдік. Рияз (арабша жазылған) «гүлбакша» деген мағына беретін сөз.

Сол сияқты он жетінші шумақтағы «сызданбасын» деп қате басылған сөз, 1909 жинақ бойынша, «сазданбасын» деп түзетілді.

21) «Патша Құдай сыйыңдым» (1886). 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 35-бет). Бұл өлең туралы Кәкітай былай дейді: «Өзге атыс ел құмар болып, Абайдың өлеңін жаздырып алып, жиылған топта Абайдың нәсіхатын, ұқса-ұқпаса да, құлақ қойып тыңдап отырғандарына карағанда, қайта ең жақын туысқан елі тобықтының көбі айтқан сөз, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлайтұғынына ыза болып жазғаны». (Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі: С.-Петербург, 1909 жыл, 110-бет).

22) «Базарға қарап тұрсам әркім барар» (1886) 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсійхәт туралы, 51-бет).

23) «Интернатта оқып жүр» (1886) деп басталатын өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсійхәт туралы, 51-53 бет). Өлеңнің көлемі — 154 жол. Абай өлеңдерінің екінші басылымында (Казан, 1922), «Интернатта оқып жүр» өлеңі ешбір өзгеріссіз, 1909-жинақ бойынша басылған (105-108 бет). Одан соңғы үшінші басылымда (Ташкент, 1922). Бұл өлең мүлдем өзгертіліп, «Интернатта оқып жүр» дейтін сөздерден бастап, 77 жол өлең қысқартылып, өлеңнің «Ғылым таппай мақтанба» дейтін сөзден басталатын 75 жолы ғана басылған. Өлеңнің қысқартылу себебі нақтылы ашып айтылмай, берілген

түсіндірмеде былай делінген: «Өзімізден болмаған себептерден. Семей интернатындағы орысша оқыған балалар туралы өлеңнің де біразы жіберілмеді» («Дұрыстау шылардан», IV-бет. «Абай Ыбырай Құнанбай ұлының таңдамалы өлеңдері». Ташкент. 1922).

Сөйтіп, Абайдың «Интернатта оқып жүр» дейтін көлемді тұтас бір өлеңі бұзылып, жартысы ғана жарияланған.

Ал 1933 жылғы «Толық жинақта» осы «Интернатта оқып жүр» деп басталатын бір өлең екіге бөлініп, соңғы екінші бөлімі (Ғылым таппай мақтанба. 77 жол) өз атдына жеке өлең болып басылған (87-89 бет), одан кейін өлеңнің бастапқы бөлімі (Интернатта оқып жүр. 77 жол) жеке өлең ретінде, жинақтың 91-93-беттерінде басылған.

1933-жылдан бастап, одан кейінгі барлық басылымдарда, 1933 жылғы жинақ бойынша, бір өлең екі бөлініп басылып келе жатыр.

«Интернатта оқып жүр» деп басталып, бөлек басылып жүрген өлеңде:

Интернатта оқып жүр

Талай қазақ баласы.

Жана өспірім, көкөрім,

Бейне қолдың саласы, — деп жас буынға жаны ашптын, қамқор ұстаз, аталық көңілін білдіре отырып:

Балам закон білді деп.

Қуанар ата-анасы.

Ойында жоқ олардың

Шарнағатқа шаласы, — деп интернатта оқитын балалар, туған халқының әдет-ғұрып, салт санасын жақсы біліп, түсініп, ел үшін еңбек ететін адам, азамат бола атмайтынын айтады. Бар талабы «прошение» жазу, шала зәкүншік, шалағай төрешік болу, соның салдарынан халыққа залалды адам боп шығатынын шенеіп айта келіп, өлең қазіргі басылып жүрген нұскасында:

Жеңіл көрме, бек керек

Оған да ғылым, оған да ой.

Қалайша, қайда өнуге... — деген сөздермен аяқталып, ақынның жастарға бермек ақылы айтылмай, үзіліп қалады.

1909 жылғы жинақта «Интернатта оқып жүр» өлеңі «... Қалайша қайда өнуге» деген сөзбен аяқталмайды:

... Қалайша қайда өнуге.

Ғылым таппай мақтанба.

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуге... – деп келіп акын айтатын ақыл сөзін өрістетіп әкетеді. Өлеңнің тақырыбы, композициялық құрылысы, идеялық мазмұны, көркемдік түрі, ұйқас, ырғағы – осының бәрі, екі бөлек болып басылып жүрген өлеңнің бір-ақ өлең екенін көрсетеді.

Қазақ совет энциклопедиясының бірінші томындағы Абайға арналған мақалада «Интернатта оқып жүр». – өлең туралы «Абай тұсында қазақ балаларына қолайлы оқу орыны мектеп-интернат еді. Соның бір-екеуі Семей қаласында болған. Абайдың «Интернатта оқып жүр». – деген өлеңі осы тақырыпқа арналған», – деп жазылған.

Шынында Абайдың өлең жазуына себеп болған Семейде ашылған бірер интернат емес. 1870-1880 жылдары: Павлодар, Семей, Қарқараты, Ақмола, Атбасар, Омбы, Қызылжар, Көкшетау қалаларында мектеп-интернат ашылған. Бұлардың барлығы қазақ халқынан алынған алым-салықтың есебіне ашылатын болған. Және патша өкіметінің бұл мектептерде қазақ баласын оқытудағы ниеті қараңғы елді ағарту емес, өзінің ояздық, облыстық әкімшілік кеңселеріне жергілікті халықтан көмекші боларлық тілмаштар, ұсақ чиновниктер әзірлеп алу мақсаты ғана еді. Отаршыл патша өкіметінің зұлымдық саясатын өте жақсы білетін Абай: «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге» деп, өзі үміт еткен қазақ жастарына жар салып, «Ғылым таппай мақтанба» деп өсиетін айтып, бағдарлы үлкен өлеңін жазған.

«Интернатта оқып жүр» өлеңінің 1909 жылғы жинақта дұрыс басылған кейбір сөздері 1977 жылғы басылымда өзгертілген. Мысалы, 1909 жылғы кітапта:

Аят, хәдіс емес қой.

Кәпір болдық демес қой, – деп басылса (52-бет). 1977 жылғы жинақта «Кәпір» деген сөз өзгертіліп, «Күпір» деп басылған.

1909 жылғы кітапта: «Көп орында көріне айтпа» деген өлең жолындағы «орында» сөзі өзгертіліп, 1977 жылғы жинақта «көзіне» деп берілген.

1909 жылғы кітапта:

Тұра сөзін айта алмай,

Қиық етуге бата атмай (52-бет) деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

...Қиық етуге бата алмай, – деп берілген. Сол сияқты дұрыс басылмаған кейбір сөздер түзетілді.

24) «Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ» (1886). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (16-бөлік. Аттың сыны. 97-бет). Өлеңнің жазылу тарихы Көкбайдың естелік әңгімесінде баяндалады. Абай Көкбайға: «Абылай мен Кенесарының өмір тарихтарын ұзақ әңгіме қылып айтып беріп «Осыны өлең қыл» дейді.

Ұзақ дастан жазып әкеліп, Абайға оқып бергенін айта келіп, Көкбай: «Осы өлеңнің ішінде Наурызбайға Меркениң бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол атты менің сөзімнен сынады да: «Мынауың шыға шауып, жайылып қалатын ат болған екен», – деп «Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген белгілі ат сынын шығарды. Басында мұның Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң: «Абылай - Кенесары» жырғына кіргізейін бе?» – деп сұрап едім: «Бұл шіркіннің өзі де месс болып кетті ғой», – деп кіргіздіртпеді», – дейді.

«Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінің жазылу тарихы осы.

1909 жылғы жинақтан бастап, одан соңғы барлық басылымдарда, акынның осы тамаша көркем шығармасының шырқын бұзып тұрған «бөтен сөздер» бар екені анық байқалады. Бұл мәселе жөнінде Мұхтар Әуезов: «Жалпы алғанда көптеген шығармалардағы Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша, жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық татдаулар жасау жолымен анықталмақ», – дейді. Мұхтар айтқан осы қағидатар бойынша, Абай өлеңіндегі сөздердің дәлдігін анықтап көруіміз керек. Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолы 1909 жылдан бастап, барлық басылымда:

...Ой желке үңірейген болса сағак, – деп басылып келеді. «Үңірейген сағак» деген көңілге қонбайтын сөз. Абай сағакты сипаттау үшін үңірейген деген сөзді қолданбаса керек. Абай өлеңін акынның көзі тірісінде (1897) көшіріп жазған Сәдуақас:

«...Ойдық желке, жіңішке келес сағак», – депті. Және, 1897-жылы Қазанда басылып шыққан «Князь бенен Загифа өлеңі» деген кітапшада Абайдың осы өлеңінің бір нұсқасын жарияланьпыты. Сонда біз сөз стіп отырған өлең жолы:

«...Үзіліп, ойлық желке, тұрса сағақ», – деп басылған.

Ал. Акан сері Құлагеріне арнап айтқан өленінде:

«... Атығай. Қарауылға олжа салған.

Бота тірсек, қыз сағақ сандал керім», – дейді ғой. Мұхтар көрсеткен жолмен текстологиялық талдау жасағанда, Абай сөзінің дәлдігі анықталады. Сондықтан Абай өленін дұрыс көшіріп жазған адам – Сәдуақас деуімізге болады.

Өлеңнің екінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

«...Қабырғалы, жотасы болса күшті», – деп дұрыс басылған. Одан кейінгі жинақтарда да (1922. Ташкент, 1933, 1939, 1945) өзгертілмей басылып келген өлең жолындағы «жотасы» деген сөз 1954 жылғы жинақта өзгертіліп, «жоталы» деп басылған. 1957 жылғы жинақта дұрыстатып, «жотасы» деп басылса, 1977 жылғы жинақта тағы өзгертіліп «жоталы» деп басылған.

1933 жылғы «Толық жинақтан» бастап өрессек бұрмаланып, Абай өленінің шырқын бұзып, бүлдіріп тұрған бір сөз барлық жинақтарда (1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1977, 1986) басылып келе жатыр. 1977 жылғы жинақтан (I том, 63-бет) өлеңнің төртінші шумағының соңғы жолын оқып көрсейік:

«...Күлте құйрық кыл түбі әлде келіп,

Көтендігі шығыңқы(?) аламайлы», – деп басылған. Көп мініліп, жегіліп, әбден арықтап, күш-қуаттан айырылып, тұралап қалған аттың көтені шығып кететін болар. Абай сөзі өрессек бұрмаланған дейтініміз осы. 1909 жинақта. (С.-Петербург, 97 бет), 1922 жылғы жинақта (Қазан, 2-басылым, 144-бет) және 1922 жылғы жинақта (Ташкент, 3-басылым, 180-бет). Абай өлеңі араб әрпімен дұрыс және анық басылған:

«...Күлте құйрық кыл түбі әлде келіп,

Көтендігі сығыңқы аламайлы», – деген.

Алтыншы шумақтың соңғы төртінші жолы. 1909 жылғы кітапта:

«...Белдеуде тыныш тұрысын байлап көрсек», – деп дұрыс басылған. Онан кейінгі жинақтарда да (1922, 1933), 1909 жылғы жинақ бойынша, дұрыс басылған. Ал, 1939-жинақта (I том, 63-бет) «тұрсын» деген сөз орынсыз өзгертіліп: «...Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек», – деп бұрмаланып басылған. Осыдан бастап, барлық жинақтарда (1945-1977) сол бұрмаланған күйі басылып келеді.

Өлеңнің жетінші шумағының бастапқы екі жолы 1909-жылдан бастап барлық жинақтарда:

«Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем.

Иек қағып, еліріп жүрсө әсем», – деп басылып келеді. Осы арада өлеңнің көркемдік қасиетіне. «жүрсө» деген сөз нұқсан келтіріп тұрғаны байқалады. Абай бір өлеңде бір айтқан сөзін екінші рет, орынсыз қайталамайды.

Сәдуақас жазбасында өлеңнің екінші жолы:

«... Иек қағып, еліріп басса әсем», – деп жазылған Абай сөзі дұрыс берілген деп есептеуімізге болады.

«Сүржекей» әнінің өлеңіндегі:

«Сүржекей, әсем басып, елендейсің» – деген сөздер. Абай сөзін Сәдуақас дұрыс көшіріп жазған деуімізге тағы бір дәлел дұрыс бола алады ғой дейміз.

«Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңінде әлі де текстологиялық талдау жасап, анықтауды қажет ететін сөздер бар.

25) «Жазды күн шілде болғанда» (1886). Өлең 1909 - жылғы кітапта басылған (11-бөлік. Жаз. 67-бет). Бұл өлеңнің бір нұсқасы (48 жол) 1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 7-санында жарияланған. Өлеңнің басында: «Семей оязы. Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбайұлының Баканас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі», – деп түсінік берілген. Өлеңнің соңында: «Кісіден үйреніп жаздым. Көкбай Жанатай ұғлы» деп басылған.

«Жаз» өлеңінің жазылу тарихын Көкбай баяндап берген. «1880-жылдан бастап. 1886-жылдарға шейін», – дейді Көкбай. - Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ, бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уәлаяты» газеті шыққанда, бірер өлеңін менің атыммен жіберді. Осы хәл 86 жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты.

Абай ауылының ең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы Баканас өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті, біз Абаймен бірге, бірнеше кісі болып артынан келдік.

Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Баканастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп: «Осы суретті өлең қылт» деді. Мен біраз өлең қылып едім жақтырмады да, өзі жазбақшы болды.

Сонымен үй тігіліп болып, бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім. «Өлең Көкшенің<sup>1</sup> бойынан асайын деді ғой», – деді.

Мен: «Асса басында мен қолқатанып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта атарсыз», – деп қалжыңдадым. Сөйтсем сол күні «Жазды күн шілде болғанданы» жазған екен. Оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ена алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: «Сен соғымыңа бір ту біне ал, мен енді өлеңімді өзім атайын», – деді.

«Жаз» өлеңіндегі ауыты Абайдың өз ауылы, Абайдың астындағы аяншылы, Абайдың Әбдірахметтен алған аяншыл Құрентөбел аты. Айқайшы шалы сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары – Ақылбай, Әбдірахман болатын. «Осыдан кейін өлеңді жип жаза бастады», – дейді Көкбай.

26) «Көкбайға» (1886). «Сорлы Көкбай жылайды». Бұл өлең ең алғаш Абай шығармаларының 1933 жылғы «Толық жинағында» жарияланған (93 бет). Өлеңді сақтап, жеткізген – Көкбай. Және осы өлең туралы Көкбай: «Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды» – дегенді мен қылып қойып, (Абай) өзін айтып еді», – дейді.

27) «Көжекбайға» (1886). «Жамантайдың баласы Көжек деген». Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы «Толық жинақта» жарияланған. Көжекбайға арнап Абайдың өлең жазу себебін Тұрағұл баяндап береді.

«...Көжекбайдың әкесі Жамантай», – дейді. Тұрағұл, үлкен қажыға (Құнанбайға – Қ.М) өкіл ата болып, біздің Ұлжан шешемізді өкіл қыз еткен екен. Тұыскандары жерге таласып, Жамантайды өлтіргенде қажы (Құнанбай) құнын келістіріп алып беріп, әкеден жас қалған: Көжекбай, Тезекбай, Мақаш деген үш баласын өз баласындай көріп еркелетіп, қанаттыға қактырмай өсірген екен. Сол Көжекбай біздің ел бұзылғанда, жеңген жакты жактайтын мінезбен, Құнанбай балаларының жауы жағына шығып, болыс болған Құнтумен құда болған. Біздің жау ағайынымыз Жігітек тобындағы Базаралы деген кісі, бізден кетіп, өздеріне еріп жүргенде, былай деп, Көжекбайды боқтапты: «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шығатын мысық келді, ененді ұрайын», – деп.

<sup>1</sup>Көкше- Көкбай руы. Бұл арада Көкбай, ыи айтқан. К.М.

Оның үстіне сол Көжекбай. 1885 жылы Құнанбай өлгенде: «Қажының басқа балалары жабық әкелмеді, болыспады», – деп Абайға оның бауырларын шағыстырмақ болған. «Көжекбайға» деген өлеңнің айтылу себебі осы айтылғандар.

28) «**Өкінішті көп өмір кеткен өгіш**» (1886). Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, 1939-жыпта тұңғыш жарияланған (I-том, 70-71 бет). Өлеңнің мазмұнына қарағанда, 1884-1886 жылдарда болған ел ішіндегі партиягершілік, таластартыстан туындайтын опасыздық көріністері байқалады.

29) «**Сабырсыз, арсыз еріншек**» (1887). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (I-бөлік, Халық туралы, 15-16 бет). Терең мағыналы ұзақ өлең: елдің берекесін кетірген, халықтың сорына біткен құ мен сұмның сан алуан жексұрын, жиренішті кескінін бейнелейді. Ел бүлдіруші атқамінер, арсыз арамтамақтардың, өтірікші, өсекші, екі жүзді бұзакылардың сойқанды әрекеттерін әшкерелеп, айыптап береді. Бұл өлеңінде елдің дұшпаны кім екенін таңбалап таныта түседі.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңіндегі кейбір сөздер 1977 жылғы жинақта бұрмаланып, қате басылған.

Басынан бастап санағанда оныншы, он екінші жолдардағы үш сөз дұрыс берілмеген:

«...Іс қылмай ма ол кісі».

«...Бір-ақ қарғып түсем деп», – қате басылған. Ал, 1909-жылғы кітапта:

«...Іс қылмай ма үлгісі»

«...Бір-ақ ырғып түсем деп», – делініп, дұрыс басылған (15-бет).

Отыз төртінші жолдағы өлең:

«...Пысық деген ат (?) шықты», – деп басылған.

1909 жылғы кітапта:

«...Пысық деген ант шықты», – деп, дұрыс басылған (16-бет).

Тағы осылар сияқты, 1977 жылғы жинақта қате басылған, екі сөз түзетілді.

30) «**Көжекбайға**». «**Бөтен елде бар болса, ежеттесін, сыйласын**» (1887). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (I-бөлік, Халық туралы, 16-18 бет). 1909 жылғы жинақта «Көжекбайға» деген тақырып қойылмаған. 1933 жылғы «Толық жинақтан» бастап «Көжекбайға» деп аталып, басылып келеді. Оған себеп,

«Сабырсыз, арсыз, еріншекті» жазып болып оқып бергенде, Абайдың қасында болып, атын ерттеп беріп жүретін жолдасы, Қарасақау деген (шын аты Құсайын): «Көжекбай қалды ғой» – деген екен. Сол сөз қамшы болып, «Бөтен елде бар болса» деген өлеңін Көжекбайға арнапты – деген сөз бар. (Тұрағұл берген мағлұмат).

Бұл өлеңді Мұхтар талдай келіп, мән-мағынасын ашып берген – сл ішіндегі атқамінер, бүліктің атын «Көжекбай» деп атап тұрып, соның бар мінезін, іс-әрекет, қимыл-құбылысындағы бейнесін сипаттап берген. Тынымсыз бүліктің бір алуан бейнесін қапысыз түгел түсірген және бір Көжекбай емес, көп Көжекбайдың психологиясынан жиынтық бейне жасаған.

Осы өлеңнің ішінде Абайдан кейінгі әдебиетке және халық даналығына афоризм есебінде қосып кеткен әлденеше шебер ақыл, нақыл, сыншылдық сөздері бар.

«Күн жауғанда қойныңда, күн ашықта мойныңда» немесе «Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ» – деген сияқты жолдардың жөні бөлек. «Ел бүлігі тобықты, көп пысыкка молықты» деген мәтел есепті жолдар да осы өлеңнен табылады.

Көжекбайлардың көмектесі, жемтіктесі кімдер екенін де осында ашып береді:

Орыс сияз қалдырса,  
Боғыс елін қармайды.  
Қу старшын, аш билер,

Аз жүрегін жалғайды. – дегенде, көжекбайлардың тамыры мен тегі қайда жатқанын танытады. Бұл – патшалық әкімшілігінің қазақ арасына орнатып отырған аппараты.

Пәле басы әкімшілік құрылыста, қоғамдық жаманшылықта екенін аша түседі. Жауыздық, жаманшылықпен алысуда ақын бұрынғыдан да құлшына түсіп, үдей бастағанын анық байқаймыз.

Өлеңнің 1977 жылғы жинақта қате басылып кеткен кейбір сөздері, 1909 жылғы жинақ бойынша түзетілді. Мысалы, өлеңнің ең соңғы жолдарындағы екі сөз:

Сенімсіз болды алашқа.  
Әлі күнге уайым  
Қызған жан жоқ ұялмай, – деп қате басылған.  
Дұрысы:  
Сыйымсыз болды алашқа.

Әлі күнге уайым

Қылған жан жок ұятмай (1909 жылғы кітап, 18-бет).

31) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1887) Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы. 31-32 бет). Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай: «Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай, тіленшілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қытып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмытылып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған» (1909 жылғы жинақ, 107-бет). – дейді.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» қазақ оқушыларына ертеден ойгілі, атакты, көркем әдебиетте Абай тудырған, биік тұрғы есебіндегі даңқты өлең.

Өлеңнің ең алғашғы сөздерінде өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жаңа бағдар жариялайды. Сөздің асылы поэзия екенін жоғары бағалаумен бірге, оны төмендетін олқылықтарды да алдымен айтады. Шын жақсы өлеңді ердің ері, данасы туғызады, – дейді.

Асыл сөздің басы: ең әуелі аят – Құран сөзі және хадис – пайғамбар сөзі, одан кейін бәйт-мысал, яғни өнегелі мысал өлең, – дейді.

Алланың өзі, пайғамбары, мұсылмандарға ұстаздық етуші әулие ғұламасы – бәрі де өлеңді қадірлейтінін айта келіп, Абай өзінің эстетикалық жаңа қағидасын жариялайды.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? – дегенде, өлеңнің мазмұны терең мағыналы, биік идеялы болып, сондай мазмұнына көркемдік түрі сайма-сай келуі нағыз ақындық өнердің қасиеті деп біледі.

Халықты тәрбиелейтін анық ақындық, ұстаздық сөз терең мағыналы, әрі көркем болуын талап етеді.

Осы өлеңнің үшінші шумағының екінші жолы. 1909- жылдан бастап, барлық жинақтарда:

Қосарлы бәйтсымал (?) келді арасы, – деп, басылып келеді. Осындағы «бәйтсымал» деген сөз түсініксіз. Бірге жазылып (басылып) тұрған екі сөздің алғашқы, «бәйт» деген араб сөзін яғни өлең деген сөзін бөліп алып оқысак, жеке қалған «сымал» деген сөз қандай ұғым береді? Ешқандай ұғым бермейтін, мағынасыз

сөз екенін көреміз «Бәйтсымал» деген сөз 1909- жылғы кітапта «бәйт сымал» (арабша жазылған) делініп, екі сөз ретінде, бөлек басылған

Осы сөздерге текстологиялық талдау жасай келіп, анықтағанымыз бәйт – өлең деген сөз дұрыс басылған да, «сымал» деген мағынасыз сөз қате басылып кеткен яғни баспада «с» әрпімен «м» әрпінің орыны ауысқан. Осы әріптерді өз орындарына келтіріп оқысақ «мысал» деген сөз болып шығады. Сонда қате басылып келе жатқан өлең жолын

Қосарлы бәйт мысал келді арасы, – деп дұрыс оқытын боламыз. Бұл сөздердің мән-мағынасы туралы жоғарыда жазылды.

Төртінші шумақтың екінші жолы

« Мүнәжәт уәлилердің зар наласы», – деп 1933 жылғы «Толық жинақтан» бастап барлық жинақтарда басылып келеді. Ал, 1909-жинақта (31-бет), 1922- жылғы жинақтарда, Қазан (61-бет), Ташкент (150-бет)

« Мүнәжәт ғалымдардың зар наласы»,– деп басылған «Ғалымдардың» деген сөздің «уәлилердің» деп өзгертілу себебі белгісіз, ешбір тұсінік берілмеген.

Тоғызыншы шумақтың төртінші жолы, 1933- жылғы жинақта (100-бет)

« Былжырақ көрінеді соларды аңдап» – деп,

1939 жылғы жинақта (79-бет), 1945 жылғы жинақта (55-бет), 1954 жылғы жинақта (56-бет)

« Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ» деп, 1957 жылғы жинақта (67-бет), 1977- жылғы жинақта (90-бет)

« Былжырақ көрінеді соларды аңдап, – деп басылған

Ал, 1909 жылғы жинақта (31-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, (62-бет, Ташкент, 152-бет)

« Былжырақ көрінеді солар даңдақ, – деп дұрыс басылған. Осы үш жинаққа (1909-1922) дұрыс басылғандығына, өлең шумағын тұтас оқып, зер салсақ көзіміз жетеді.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,

Жиса да бай болмапты қанша малды ап

Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,

Былжырақ көрінеді солар даңдақ

Ақын бұл жерде мал алу үшін байларды мақтанғын ақындардың өтені «қазаққа қадірсіз», «былжырақ», мағынасыз «даңдақ көрінеді» деп отыр.

Он бірінші шумақтың соңғы екі жолындағы екі сөз 1977 жылғы жинақта

Әншейін күн өткізбек әнгімеге (").

Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап. – деп дұрыс басылмаған. 1909 жылғы жинақта және 1922 жылғы жинақтарда

Әншейін күн өткізбек әнгімені

Тыңдар едің әрі сөзін мыңға балап. – деп дұрыс басылған

Осындай дұрыс басылмаған айқын көрініп тұрған сөздер түзетілді

32) «Назарға» (1887). «Мынау келген Назар ма?» – деп басталатын бір ауыз өлеңді Абай Қанай руының бір ақсақалы Назар дейтін кісі бір аттың майын сұрап келіп отырғанда айтыпты. Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы «Толық жинақта» басылған (101-бет). Өлеңді және бұл өлеңнің тарихын айтып берген кісі – Көкбай Жанатай ұлы.

33) «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – о!» (1888). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 32-33 бет). Бұл шығарма – Абайдың ақындыққа арналған тағы бір терең мағыналы, көркем өлең. Өлеңде ең әуелі адам басындағы қайғы-қасіретті, қуаныш-шаттықты, әдет-салтқа байланысты тұрған өлең-жырды және халық даналығын танытатын мақал, нақылдың баршасын да түгелімен мақұлдап, құптап өтеді.

Өлең қазақтың халық әдебиетінде, жақсы дәстүрінде қандай зор орын алатынын түгел теріп айтады. Кісісі өлген жан, күйзелген зар-шерін өлеңмен айтатынын, шат-шадыман қуанышын да өлеңмен әйгілейтінін, толып жатқан әдет – салт-та өлеңсіз өмір жоқ екенін атап айта келіп, осының бәрін анық халықтық қасиет деп бағалайды.

Өлең сөздің ерекше қадір қасиетін сипаттай келіп, халық дәме қытарлық, ел мұнына анық жақын ақындарға қоятын талабын танытады.

Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат сияқты атақты ақындарды сынағанда, «Өлеңі бірі – жаман, бірі – құрау» дегенде олардың ақындық өнерін олқысынып отырған жоқ. «Халықты алға бас-тар өнімді жолдары жоқ» (М. Әуезов) деп сынайды. Өлеңін қорыта келіп, ақын өз мақсатын

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ.

Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер.

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ, – деп жариялап, ұғындыра түседі.

Осы өлеңнің үшінші шумағының соңғы жолы 1977 жылғы жинақта:

...Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара, – деп басылған. Ал. 1909 жылғы кітапта (32-бет).

...Биде тақпақ, мақал бар, ойлап қара, – деп дұрыс басылған.

Сегізінші шумақтың үшінші жолы 1977- жылғы жинақта:

...Сүйенерлік (?) адамды құрымет қыл. – деп басылған.

1909 жылғы кітапта:

...Сүйісінерлік адамды құрымет қыл. – деп дұрыс басылған.

34) «Күз». «Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан» (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (12-бөлік. Күз. 68-бет). Сахара табиғатының өзгеше бір кезеңіне арналған өлеңінде ақын көшпелі қазақ ауылының күзді күнгі тіршілігін, жүдеген табиғаттың көрінісін суреттейді.

Осы өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолындағы қолданылған сөздер, дәлдігі жағынан алып қарағанда, анықтай түсуді қажет ететін сияқты.

Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма.

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан. – деген өлең жолындағы «жылқы ойнап» сөзі, ат, айғыры бар, биесі, құлын, тайы бар, тұтас бір тұлктің, яғни жылқының қимылын (ойнағанын) көрсетіп тұр. Сондықтан, «жылқы ойнап» деген соң, «бие қашып», «тай жарысқан» деген сөздердің бұл арада келетін жөні болмай қалады. Және де барлық жылқы түрлерімен ойнап кетпейді. Күздікүні шырғып ойнақ сап, ойнап кететін: саяқ ат, жас құлын, тайлар болуы керек. Сондықтан Сәдуақас жазбасында:

«Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма.

Ат ойнап, құлын қашқан, тай жарысқан. – деп Абай сөзі дұрыс берілген деуімізге болады.

35) «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» (1889). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта «Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан» өлеңіне жалғас, екінші өлең ретінде басылған (12- бөлік. Күз. 68-69 бет).

Өлеңнің жазылуына себеп болған жайды Тұрағұл былай баяндайды: «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» деген

өлеңді өзінің Тәңірберді деген ағасының ауылында, ағасы мен жетесінің Дінсіләм деген немересін тамағынды үйде отырып іш деп аңдып отырғанын, оның құрбыларымен бірігіп ішкісі келіп отырғанын көріп айтқан» (Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» деген қолжазбасынан)

Осы айтылған себептің салдарынан туған «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» өлеңі – Абайдың табиғатқа арналған өлеңдерінің ішінде көркемдік жағынан да, өмір шындығы мен мазмұн жағынан да ерекше тұрған шығарма.

Көшпелі шаруаның көп күйзелісін таныта келе, әсіресе, күздің ауыртпалығы кімге түсетініне айрықша көңіл бөліп, кедей ауылды бейнелейді.

Сараң бай мен бәйбішенің, кішкене баласын жас басынан сараңдыққа баулып, азғырып отырғанын көріп, ақын.

«.. Ол да өзіндей іт болсын, азғыр-азғыр!» – деп, ызалы жүректен қатал жазғырып, шенейді.

Өлеңнің осы тұстағы: «Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып», – деп басталатын екі шумағы (алтыншы және жетінші шумақ) 1909 жылғы жинаққа кіргізілмеген. Бұл екі ауыз өлең 1933 жылғы «Толық жинақта» қосылып, басылған. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: «Осы екі ауыз өлең бұрынғы баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәңірберді деген ағасының бала асырағанын көріп отырып айтқан», – дейді («Толық жинақ» 1933 жыл, 126-бет).

Осы екі ауыз өлең 1954 жылғы жинаққа тағы кіргізілмей, алынып қалған (1 том, 61-62 бет). Не себептен алынып қалыңғаны айтылмаған.

1954-жинаққа кіргізілмей қалған екі шумақ өлең, 1957 жылғы жинаққа қайтадан кіргізіліп, одан соңғы жинақтарда басылып келеді.

Осы өлеңнің 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған сөздерінің кейбіреулері, 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгертіліп берілген. Өлеңнің үшінші шумағы:

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,

Талтайып қақтана алмай, өле жаздап,

Кемпір-шаты бар болса қандай қиын,

Бір жағынан қысқанда жел де (?) азынап, – деп басылған.

1909 жылғы кітапта:

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,

Талтайып кактана алмай өле жаздап.

Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын.

Бір жағынан қысканда о да азнап. – деп басылып (68-бет), акын сөздері орны-орнымен дұрыс берілген.

Сегізінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

«...Байда бейіл, жатшыда мейір де жоқ», – деп, акын сөзі өз орнымен беріліп, дұрыс басылса (69-бет), 1977 жылғы жинақта:

«...Байда мейір, жатшыда бейіл де жоқ», – деп, Абай сөздерінің дәл тұрған орны ауыстырылып берілген.

Шынында: бейілі тар, сараң байға жатшы да мейірімсіз болмақ керек.

Осындай қате басылып, бұрмаланып берілгені айқын тұрған сөздер 1909 жылғы кітап бойынша түзетіліп, дұрыстатып берілді.

36) «Қыс», «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» (1888). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (13-бөлік. Қыс, 70-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы: «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деп қысты өлең қылғаны: 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар апрелдің басында ғана кеткен. Соны өлең еткен», – дейді, Тұрағұл.

Акын бұл өлеңінде қыстын өзін зор тұлғалы, тірі жанды бейне етіп сипаттайды. Бұл тапжылмай тұрған қимылсыз бейне емес, «басқан жері сықырлап», омыраулап келе жатқан, кесек әрекет жасайтын, «түсі суық» жанды тұлға. Ауыз әдебиетінде, бір мәтелде: «Қылышын сүйреп қыс келеді» деген ғана метафора болмаса, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде қысты қарт адам бейнесінде сипаттау болған емес.

Абай «Қыс» өлеңінде орыстың классикалық поэзиясымен байланысты, «мәдениетті бір стильді көрсеткенін», Мұхтар Әуезов атап айтады. Бірақ, Абай қысты, қазақтың кәдімгі көрі құдасына теңеу арқылы суреттейді. Абайдың қысы орыс әдебиетіндегі Аяз ата емес.

Мал баққан қазақтың кең даласының табиғатын ұлкен шеберлікпен, көркем суреттеп береді. Қысқы отардағы жылқышыны да, тебіндегі жылқыны да, оны торыған аш қасқырды да түгел атап өтеді.

«Қыс» акынның терең мазмұнды, ерекше көркем шығармаларының бірі. Өлеңнің он бірінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап, 1939-жинаққа дейінгі, барлық жинақтарда.

«... Борандай бұрк-сарк етіп долданғанда». – деп дұрыс басылып келсе. 1939 жылғы жинақта (I том, 83-бет) «борандай» деген сөз ешбір дәлелсіз өзгертіліп:

«...Бурадай бұрк - сарк етіп долданғанда». – деп басылған. 1945 жылғы жинақта 1939-жылғы өзгертілген сөз әуелгі қалпына келтіріліп «Борандай» деп басылған. Одан кейінгі 1977 жылға шейін шыққан жинақтардың бәрінде дұрыс басылып келген сөз, 1977 жылғы жинақта қайта өзгертіліп: «бурадай» деп басылған. Сол сияқты, өлеңнің он сегізінші жолы, 1909 жылғы кітапта (70-бет):

«...Титығы құруына тез такалды. – деп дұрыс басылып, одан кейінгі 1933 жылғы жинақта сәл өзгертіліп: «тез айналды(?)» деп басылған. Осыдан кейінгі жинақтарда: (1939, 83- бет, 1945, 59-бет, 1954, 66-бет):

«...Титығы құруына тез такалды», – деп 1909 жылғы кітап бойынша, дұрыс басылып келсе, 1957-жинақта (I том, 74-бет) тағы өзгертіліп:

«. Титығы құруына азак калды», – деп басылған. 1977-жылғы жинақта да: «...азак калды». – деп берілген.

37) «Құлембайға». «Уағалайқұмәссалям, болыс, мал-жан аман ба?» (1888). Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы «Толық жинақта» басылған (103-бет). Өлең Тұрағұлдың аузынан алынған. Өлеңнің айтылу тарихы: «Құлембай деген кісі дәулетінің аркасында болыс болып, 1888 жылғы шербішайың сиездегі түрін көріп айтқаны», – дейді Тұрағұл.

38) «Көкбайға» деген тақырып беріліп, ең алғаш 1933 жылғы «Толық жинақта» басылған «Бұралып тұрып» деп басталатын өлеңді Көкбайдың өзі айтып берген. Өлеңнің жазылу тарихы туралы, өзінің Абай туралы естелік әңгімесінде (1924) Көкбай Абайдың мінезін баяндап айта келіп: «Бойын бағып қымтырылып, «пәлен көрінем, тұтпен көрінем» деп қолдан пішіп жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын. Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңнің көбі маңайындағы жұрттың осындай мінездерінен туады.

Бір күні осындайдың тұсында, өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолында бір табак

қағаз бен қарындашты алып жатыр екен. «Не кылса да, өзімді өлең қылып жатыр-ау» деп ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

Бұралып тұрып,  
Бұыны құрып,  
Қисайта тартып мұрынын.  
Әсемсіп, сәнсіп,  
Білгенсіп, бәлсіп,  
Әр нәрсенің орынын.  
Керенау, кердең бір керім.  
Жақпайды маған сол жерің! –

деп өзімді өлең қылып қойыпты. Сонан соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып тастадым. Өлеңін өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді», – дейді.

39) «Желсіз түнде жарық ай» (1888). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 42-бет). Ұлы ақын осы жиырма-ақ жол шағын өлеңінде казак ауылының жазғы жайлаудағы бір түнгі тіршілік көрінісін асқан ақындық шеберлікпен көркем суреттеп берген. Жарық айдың сәулесі суға түсіп, дірілдеп тұрған жанды бейнесі, терен сайды құалап, тасқындап ағып жатқан өзен, қалың ағаштың сыбырласқан жасыл жапырақтары, жер жүзін құлпыртып тұрған көкөрай шалғын-табиғаттың сан алуан суреті, көз алдына келіп, көңіліңе қона кетеді.

Ауыл ұйқыға кеткен. Дүниенің жым-жырт тыныштығын, анда-санда үрген ит пен түнгі құзетшінің айтағы, оған қосыла кеткен тау жанғырығы ауық-ауық бұзып тұрғандай. Осындай түнде: бірін-бірі аңсап, ынтыққан екі жастың кездескен сәтін көріп, олардың жүрек дүрсілін естіп тұрғандай боласың...

Абайдың таңғажайып тамаша лирикасының қадір-қасиетін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Тек өзің оқыған шақта ғана, сүйсініп, терен сезінесің, ләззәт атасың.

40) «Ішім өлген, сыртым сау» (1889). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 18-бет). Бұл өлеңінде, доспын деп жүрген өңкей өтірікші, құнарсыз құлардың екі жүзді сұмдардың опасыздық кеселінен дерттенген ақын, өкінішті көңілдің шерін шертіп мұнаяды. Еңбек етпей «құрлық пенен құтыққа» сатынған ашкөз, арсыз арамтамақтарды әшкерелеп, әжуалайды.

Өлеңнің он тоғызыншы жолы. 1977- жылғы жинақта:  
«Берерменде береусің»(?) деп кате басылған. 1909 жылғы  
кітапта (19-бет):

«Берерменде бесеусің.

Аларманда алтаусың», – деп акын сөзі дұрыс берілген.

Жыырма бесінші жол:

«Қайта келер есікті» (1977) деп басылған. Ал. 1909 жылғы  
кітапта (19-бет): «Қайтып келер есікті», – деп дұрыс басылған.

41) «Күлембайға». «Болыс болдым, мінеки» (1889). Бұл  
өлең де 1909 жылғы кітапта басылған.(1-бөлік. Халық туралы,  
19-21-бет). Бұл басылымда «Күлембайға» деген тақырып жоқ.  
1933 жылғы «Толық жинактан» бастап «Күлембайға» деген  
тақырыппен басылып келеді.

Осы өлең 1889-жылы «Дала уәлаяты» газетінің 12-санында  
жарияланған. Өлеңге: «1888-інші жылда, май айында Ақшатау  
деген жерде Семей облысыменен Жетісу облысының шырбу-  
шайнай сияз болғанда бір ояздың ел билеушілерінің түрі». – деп  
түсінік берілген. Өлеңнің авторы аталмаған.

Өлең көп қысқартылып, өткір сөздері мұқалып, өзгертіліп,  
идеялық мазмұны бұрмаланып басылған.

Абай «Болыс болдым мінеки» деген өлеңінде ең алды-  
мен болыстың өзін сөйлетіп, оның жиренішті, жекесұрын  
кылықтарын өз аузымен айтқызады «Болыс болдым, мінеки,  
бар малымды шығындап» деп алып оңбаған сұрқия болыс өзін-  
өзі әшкерелей бастайды. Ол өзінің: өтірікшілігін, жалтақтығын,  
корқақтығын, екіжүзділігін өз аузымен айтып, ашып береді.

Шен-шекпенге сатылған азғың, мансапқор болыс атаулының  
бәріне тән маскара шындықты бір болыстың өз аузымен айтқызу  
Абайдың жаңадан тапқан өте ұтымды, шебер әдісі.

42) «Әсетке». «Біреуден біреу артылса» (1889). Бұл өлең  
1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 23-бет).  
онда «Әсетке» деген тақырып жоқ өлең. 1933 жылғы «Толық  
жинактан» бастап, «Әсетке» деп аталып, басылып келеді.

1933 жылғы жинақта берілген түсінікте: «Біреуден біреу  
артылса» деген өлеңді Әсет деген акынға айтқан. Мұны 1889  
жылы балалары үшін сақтаған еді. Әсет: терісі тар, ызакор, өзін  
өзі әлденелік көріп отыратын адам еді. Сол мінезінен шығарып  
айтқан (325-бет), делінген.

Өлеңнің төртінші шумағының екінші, үшінші жолы 1977  
жылғы жинақта.

«...Ісі жоқ... теріс пе, оң ба.

Тіленіп, телміріп ізденер», – деп басылған 1909 жылғы кітапта (23-бет):

«...Ісі жоқ ісі теріс пе, оң ба.

Тіленіп, телміріп ізденіп», – деп ақын сөзі дұрыс берілген Бесінші шумақтың соңғы жолы 1977- жылғы жинақта:

«...Не қылсын өнер ізденіп» деп басылған.

1909 жылғы кітапта (23-бет):

«...Не білсін өнер ізденіп», – деп басылған.

43) «**Мәз болады болысын**» (1890). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 21-бет) Өлеңнің жазылу тарихы туралы: «Мәз болады болысын» деген өлеңді, 1890-жылы Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстарға, білгерге шекпен, қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған. Өзіне де қосауыз мылтық сыйлап еді», – дейді Тұрағұл.

44) «**Білімдіден шыққан сөз**» (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 22-бет) «Білімдіден шыққан сөздің» қадір-қасиетін талапты, сапалы адам ғана түсінетінін атап айта келіп, талапсыз, ойсыз, жалқау, бойкүйіз желөкпелерді жерлеп, шенейді

45) «**Сегіз аяқ**» (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (8-бөлік. Сегіз аяқ. 60-62-бет). «Сегіз аяқ» өлеңі – кең көлемді, бай мазмұнды, терең мағыналы, ерекше көркем шығармаларының бірі. Әрбір шумағы сегіз жолдан келіп қайырылып отыратын, өзгеше жаңа түрмен жазылған өлең. Ақын осы үлкен өлеңінде: заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел камтып сипаттайды. Өзінің көп ойларын толғайды, сезім-сырын, көңіл-күйін шертеді. Ел іргесі сөгіліп, берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді. «қаны қайнайды, жаны ашиды». «Қайран елі қазағын» адал еңбекке, береке-бірлікке, достыққа шақырып:

Бірінді, казак, бірін дос

Көрмессең, істің бәрі бос, – деп, жар салады.

Атақты өлеңіне әдейі арнап шығарған, әйгілі әні де бар.

«Сегіз аяқ» өлеңінің кейбір сөздерінің жинақтарда дұрыс басылмай келе жатқаны байқалады. Төртінші шумақтың бесінші жолы, бартық жинақта.

«...Қайраттан беркін. – деп басылған Оразке қолжазбасында өлеңнің осы жолы:

«...Қайраттан бекін». – деп жазылған

Өлеңнің алтыншы шумағының бесінші жолындағы:

«...Табытын какқан». – деген сөздердің мән-мағынасын көпшілік оқушы түсіне бермесе керек. Абайдың ауыспалы мағынада қолданған осы сөзіне бұл жинақта түсінік беруді жөн көрдік.

Жетінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (60-бет):

«...Жан айма. кәсіп қыт». – деп дұрыс басылса, 1977- жылғы жинақта:

«...Жан аямай кәсіп қыт». – деп өзгертіліп басылған.

Он төртінші шумақтың екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

«...Жүз кісі сұмға» деп басылған,

1909 жылғы кітапта (61-бет), 1933 жылғы «Толық жинақта»(114-бет)

«...Жөн кісі сұмға

Өлі жетер заман жоқ. – деп. акын сөзі дұрыс берілген.

Он бесінші шумақтың сегізінші жолы барлық жинақта:

...Алқағанын зор қылмақ, – деп басылып келеді. «Алқағанын» деген көңілге қона қоятын сөз емес сияқты. «Алқағанын» деген сөздің орнына «алғағанын» деген сөзді қолданып. өлеңнің соңғы жолын қосып:

Қарғағанын жер қылмақ,

Алғағанын зор қылмақ, – деп оқысақ, дұрыс болса керек.

Қарғанын сөзінің түбірі – қарғыс, алғанын сөзінің түбірі – алғыс екені белгілі. Он тоғызыншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (62-бет):

Білгенге жол бос,

Болсашы қол бос. – деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта.

«...Болсайшы қол бос. – деп, өзгертіліп басылған.

Сол сияқты, жпырма бірінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (62-бет), 1933 жылғы жинақта (116-бет) және 1945 жылғы жинақта (74-бет):

«...Есітіп үнін». – деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

«...Естісем үнін». – деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Осындай. ешбір себепсіз. дәлелсіз өзгертіліп, бұрмаланып басылған акын сөздері түзетілді.

46) «Сәулен болса кеуленде» (1889). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсіхат тураты, 53-бет). Ақын бұл өлеңінде де халқының камын ойлап толғанады. Ел билеуші, ел ағасы, ақылды, кемел-кеменгер адам болуы керек дейді. Берекелі ел дәулетін табиғат байлығына балап сипаттай келіп, берекесі кеткен елді – «суы ашыған батпак көлге» тенеп бейнелейді.

47) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең тураты, 33-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихын Тұрағұл былай баяндайды:

Шаһкәрім кажының жас жігіт күнінде, кәрілікті жамандап, бозбалалықты дәріптеп жазған өлеңі болған. Көкбай: Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты деп өлең жазған. Сыбан руынан, Әріп деген өлең жазғыш жігіт «Зияда» деген дастанында қызды мақтамақшы болып, суреттегенде: көзі гәуһәр, негі алтын деп, осы сықылды асыл тастарды түсіне қарамай сұтудың өне бойына жапсыра берген.

Осы үш ақынға ой салып, ақыл айтпақшы болып, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңді жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп өлең жазып, біздің ақсақалды (Абайды. – Қ.М.) жамандайды. Біржанның арғын емес, керей екенін білмейді («Әкем Абай тураты» деген естелік әңгімесінен).

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің жазылуына Тұрағұл атап айтқан үш ақынның өлеңі себеп болғаны рас. Бірақ Абай үш ақынды сынаумен ғана шектелмейді, ақын мен ақындық өнердің міндеті туралы айта келіп, қазақтың талапты жас ақындарын үлкен мақсатқа бағыттап, жол көрсетеді.

Осы өлеңнің бірінші шумағының алтыншы жолы (бұл өлеңнің әрбір шумағы алты жолдан қайырылып отырады) 1977-жылғы жинақта:

«...Көңілінің көзі ашық сергегі (?) үшін, – деп басылған.

1909 жылғы кітапта (33-бет), 1933 жылғы жинақта (117-бет) және 1945 жылғы жинақта (77-бет):

«...Көңілінің көзі ашық сергек үшін, – деп дұрыс басылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1977 жылғы жинақта:

«...Кәрілікті жамандап, өлім тілеп, – деп басылған. Ал, 1909 жылғы кітапта (33-бет) және Мүрсейіт қолжазбасында:

«...Елде көрі жамандап, өлім тілеп, – деп берілген. Осылай басылғаны дұрыс болар. Өйткені Шаһкәрімнің.

Алпыстан ары бармаңыз.

Байқамай шал боп қалмаңыз, – деген өлеңіне орай айтылған ғой.

Төртінші шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (33-бет):

«...Қинамай қызыл тілді, кел, тіл ал, қой, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«...Қинамай қызыл тілім, кел тілді ал, қой, – деп, ақын сөзі мүлдем бұрмаланып басылған.

48) «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы, 42-бет). Көлемі шағын, мазмұны терең өлеңінде адам жайындағы ойын толғайды. Толық сапаты, нағыз сапалы адам болудың шартын айтады.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.

Сонда толық боласың елден бөлек», – дейді.

Абай осы өлеңнің мағына-мазмұнын, он жетінші сөзінде тартып, талдап береді.

49) «Ғашықтық, құмарлық пен ол – екі жо,» (1889). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңіне жалғас, яғни бір ақ өлең ретінде басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы, 42-бет). 1933 жылғы жинақта (118-119-бет), 1939 жылғы жинақта (102-бет) және 1945 жылғы жинақта (78-79-бет) бір ақ өлең болып басылған. Ал, 1954 жылғы жинақта «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» бір жеке (90-бет) өлең болып, «Ғашықтық, құмарлық пен ол – екі жол» (91-бет) екінші жеке өлең болып басылған. 1909 жылдан бастап барлық жинақтарда бір-ақ өлең ретінде басылып келген өлеңді 1954 жылғы жинақта екіге бөліп, екі өлең етіп басқан. Бөлу себебі айтылмаған. 1954-жинақтың «Түсініктер» бөлімінде: «37. Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінің тексі 1909 жылғы және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша (!) басылды (278-бет), – деп, жалған түсінік берілген.

1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта, 1954 жылғы жинақ бойынша басылып келе жатыр.

50) «Хор болды жаным» (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы, 43-бет). Ғашықтық

туралы бұл өлеңін, казак әдебиетінде бұрын ешбір акын айтып көрмеген, ерекше жаңа түр тауып жазған. Және жаңа түрде жазылған шығармасы оқушыға ұғымды, көңіліне қонымды болуын ойтап, өлеңіне лайық әдемі ән де шығарған.

51) «Сен мені не егесің?» (1889). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 43-бет). Ғашықтық тақырыбына арналып жазылған бұл өлеңінде опасыз жардан түңіліп, зар шеккен жас жігіттің шерін шертеді. Акын бұл өлеңіне тағы да бір ерекше шебер түр табады. Әр шумағы жеті жолдан қайырылып отыратын бұл өлеңді «жеті аяқ» деп атауға болатын сияқты. Өлеңнің тағы бір түр ерекшелігі: шумақтың әр жолындағы сөздердің саны, буын өлшеуі күрт өзгеріп отырады. Өлеңнің кейбір жолдары бірнеше сөзден құрылса, енді бір жолдарда бір ғана сөз бір жол болып келіп отырады. Осындай аса күрделі, жаңа түрмен жазылған өлеңіне арнап казактың ән өнерінде кездеспейтін, жаңадан ән шығарған.

52) «Айгтым сәлем, қаламқас» (1889) Бұл өлең, «Жігіт қызға айтқаны» деген тақырыппен, 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 44-бет) Ғашықтық тақырыбына арналған бұл өлең де өзгеше бір көркемдік түрмен жазылған. Ғашық жігіттің сезім-сыры, оның сүйген қызына жолдаған сәлем хаты арқылы баяндалады. Ішкі сезім-сырларын бүкпелемей, ашықтан-ашық ақтарып айтып отырған, казак ауылының аңқылдаған ақ көңіл бозбала жігітінің шын мінезі, дәл бейнесі айқын көрінеді.

Өлеңінің жетінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (44-бет):

«...Бой шымырлап, тән еріп», – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгертіліп:

«...Тән шымырлап, бой еріп», – деп басылған.

Соңғы оныншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (44-бет) және 1933 жылғы «Толық жинақта» (122-бет):

«...Аш бетінді, бір қарат», – деп, дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«Аш бетінді бер қарат», – деп қате басылған.

53) «Қиыстырып мақтайсыз» (1889). Бұл өлең де «Қыз жігітке айтқаны», – деп аталып, 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 44-45-бет). Бұл өлең қыздың өзіне ғашық жігіттің сәлем хатына қайтарған жауап хаты ретінде

жазылған. Қыз да, жігіт сияқты, өзінің сезім сырын бұркелемей, ашық айтады. Қазақтың ақ жарқын, ақытды қызының бейнесі көрінеді.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (44-бет) және 1933 жылғы жинақта (123-бет):

«...Иткор адам бола ма», – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

«Ит кор адам болар ма», – деп бұрмаланып басылған.

54) «Білектей арқасында өрген бұрым» (1889). Бұл өлең де 1909- жылғы кітапта басылған (9-бөлік. Сұлу ұрғашы туралы, 64-бет). Өлең сұлу қызды сипаттауға арналған. Бұл өлеңнен бұрын (1884) жазылған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінде де сұлу қыз суреттелген. Осыекі өлең бір-ақ тақырыпқа жазылған болса да, «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңінің өзіне тән өзгеше көркемдік ерекшелігі бар.

Өлеңнің алғашқы жолдарын оқи бастағанда: «білектей бұрымына» тағылған «шолпысы сылдыр қағып», асықпай әсем басып келе жатқан, кәмшат бөрікті, ақ тамақ арудың бейнесін көреміз. Сұлудың көзін жай ғана суреттеп қоймайды, нұрлы көздің «жүрекке ыстық тиетін» әсерін де сипаттайды. «Үлбіреген ақ етін», «ашық жүзін», «өдемі тісін», «бұраң белін», «сұлу бойын», «кішкене аяғын» түгел суреттеп, ерекше жаратылған сұлудың тұтас сымбатын көрсетеді.

Осындай сұлумен кездесіп, сұхбаттасу сәті түсе қалғандай болса, қандай күйге бөлсінетінін: адамның жасырын жан сырына дейін білетін, психолог акын және сипаттап береді. «Егер де қолың білегіңе тисе», «жүрегіңе лүпілдеп қан соғады» екен, «бетіңді тамағына таяп барсан», «шымырлап сүйегіңе бұ енеді» екен.

Осының бәрі төрт-ақ ауыз өлеңге сыйып тұр.

55) «Қажымас дос халықта жоқ» (1889). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінің жалғасы ретінде, бір-ақ өлең боп басылған. (1 бөлік. Халық туралы, 19 бет). 1933-жылдан бастап барлық жинақтарда екі бөлініп басылып келе жатқан өлеңде акын шын адал достың жоқтығын айтып, өкінішті көңіл күйін шертеді.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы 1977 жылғы жинақта:

«...Жаксы өмірім әуре еттің», – деп басылған  
1933 жылғы жинақта (136 бет) және 1945 жылғы жинақта  
(104 бет).

«...Жаксы өмірім әуре өттің», – деп дұрыс басылған Акын  
бұл арада жаксы өмірінің әуремен өткен өкінішін айтып отыр.  
Осыдан кейін келетін, төртінші жолда:

«Жар таба алмай бір тегіс», – дейді. Олай болса, өмірінің  
жаксы кезінде айнымас адал жар (дос мағынасында) таба алмай,  
мағынасыз әрекетпен өткізген өмір өкінішін айтып отыр деп  
түсінуге болады. Бұл арада, өмірдің мағынасыз іске (дау шар,  
талас-тартыс) беріліп өткендігін бір ғана сөзбен жеткізетін, кең  
ұғым беретін «әуарә» деген парсы сөзін қолданған. Әуарә (пар-  
сыша) – бір нәрсеге беріліп кету деген ұғым беретін сөз.

Қазақ тіліне парсыдан келген әуарә сөзі әуре түрінде  
қалыптасып, мағынасы біраз өзгеріп, сіңісіп кетсе керек.  
Қазақ әуре өттің демейді, әуре еттің дейді. Абай осы сөздің  
түп төркініндегі түрін де қазақ тіліндегі түрін де, өлеңінде  
қолданған. Өлеңнің төртінші шумағында:

«Жаксы өмірім әуарә өттің», – десе, бесінші шумағында:

«Дос құбылып әуре етер». – дейді.

56) «Жастықтың оты, қайдасың» (1889). Бұл өлең алғаш  
рет 1939 жинақта жарияланған (I том, 115-бет). Өлеңнің екін-  
ші шумағының соңғы, төртінші жолы 1939 жылғы жинақта  
(115бет), 1945 жылғы жинақта (105 бет), 1954 жылғы жинақта  
(121 бет):

«...Қолға ол түспес бойламай» деп басылса, 1957 жылғы  
жинақта (109-бет) және 1977 жинақта (141-бет):

«...Қолға ол түспес бойламай» деп басылған. Бұлай  
өзгертудің себебі айтылмаған. Өлеңнің мазмұнына қарағанда  
1939 жинақта дұрыс басылған деуге болады.

57) «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (жазылған  
жылы белгісіз). Бұл өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта  
жарияланған (I том, 237 бет). Берілген түсіндірмеде: «Мағына  
жағынан қарағанда, бұл екі өлең сияқты. Бірінші өлең алғашқы  
екі ауызда, қалғаны – екінші өлең. Бірақ, ұйқасына қарағандықтан  
ба, әйтеуір көшірушілер ерте уақытта мұны бір өлең қылып  
кеткен. Екіге бөлерлік мықты дәлеліміз болмағандықтан, сол  
ескі көшірушілердің ретімен бір өлең қылып бастық» (115 бет)  
деген. 1945 жылғы жинақта да, 1939 жылғы жинақ бойынша,

бір-ақ өлең ретінде басылған (262-263 бет), түсінік берілген (456-457 бет).

1954 жылғы жинақта өлең екі бөлініп, екі өлең болып басылған: бастапқы екі шумағы бір өлең (123 бет), қалған үш шумағы екінші өлең (124 бет). Екі өлең етілуі туралы түсінік берілмеген.

1957 жылғы жинақта, 1954 жинақ бойынша, екі өлең болып басылған (111, 112 беттер), «Мүрсейіт қолжазбалары бойынша басылды» (318 бет) деп түсінік берілген. 1977 жылғы жинақта да 1957 жылғы жинақ бойынша басылған.

Өлеңнің бастапқы шумағы махаббат тақырыбына жазылғандығы: «Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ» деген сөздерінен нақ анық көрініп тұр. Сондықтан бұл екі ауыз өлеңнің бастапқы өлеңге ешқандай байланысы жоқ екендігін: «Күшік ит бөрі ала ма жабылса да» деген сөздері көрсетіп тұр. Және Тұрағұлдың: «Күшік ит бөрі ала ма жабылса да» деген өлеңді Абай Оразбайлармен жауласып жүргенде жазған екен дегені бар.

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің екінші шумағының соңғы жолы 1939 жылғы жинақта (237 бет) және 1945 жылғы жинақта (262 бет): «...Қорлық пен мазағына табынса да», – деп дұрыс басылған болса. 1977 жылғы жинақта.

«...Қорлық пен мазағына табылса да (!). – деп мүлде қате басылған. Және жаңсақ түсінік берілген (386 бет).

«Табылса да» деген сөз, өлеңнің бірінші шумағының соңғы жолында:

«Саған жар менен артық табылса да. – деп, өз орнында жазылған. Келесі екінші шумақта, тағы «табылса да» деп, бір сөзді екінші рет қайталаудың қисыны да, орны да жоқ.

58) «Қара қатынға» (1889). «Қара қатын дегенге, қара қатын» деген бір ауыз өлеңді өзінің жолдасы, ертекішісі Баймағамбеттің бәйбішесіне қалжыңдап айтқан. Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы «Толық жинақта» жарияланған (137 бет).

59) «Бай сейілді» (1890). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы. 23 бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл «Бай сейілді» деген өлеңді ел билеген болыстарға наразы болып айтқан», – дейді.

Өлеңнің әрбір шумағы алты жолдан қайырылып отырады («Алты аяқ» деп атауға болады. – Қ.М.)

Өлеңнің екінші шумағының соңғы үш жолы 1909 жылғы кітапта (23 бет):

Ұрысса орыс,

Елге болыс

Үйден ұрған (арабша жазылған) ітке ұсап, – деп басылған. 1933 жылғы «Толық жинақта» да (137 бет):

«...Үйден ұрған ітке ұсап» деп, 1909 жылғы кітап бойынша дұрыс басылған. Және Тұрағұл «Ұрысса орыс, елге болыс үйден ұрған ітке ұсап» дегені: үйден таяқ жеп шыққан іт, тыстағы ітпен алыса кететін әдеті болады. Үйдегі кісіге ештеңе етсе алмай, ашуын тыстағы іттен алады. Оязнойдан сөгіс естіген болыс та, сол іт секілді, оязға ештеңе ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрысады, дегені». – деп толық әлі дәлелді түсінік береді.

1945 жылғы жинақта да (107 бет):

«...Үйден ұрған ітке ұсап» деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

«...Үйден ұрған ітке ұсап» деп, өзгертілген.

Бесінші шумақтың бастапқы екі жолы және төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (23 бет):

Шашты барын,

Берді малын

Боларында жұртына

Еміренбес ... – деп дұрыс басылса,

1977 жинақта:

Шашты малын

Берді барын

Боларында жұртына

Еміреніспес ... (?), – деп бұрмаланып басылған.

Жетінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы кітапта (23 бет):

..Тайса аяғың кім көмек, – деп, дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

..Тайса аяғың кім көмбек, – деп қате басылған

60) «Ем таба алмай» (1890). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (I бөлік. Хатық туралы. 23 бет). Бұл өлеңінде өз басының қайғысын жазады.

Осы өлеңнің бастапқы үш шумағынан кейін. «Жас жүрегім жанды менің» деп басталатын соңғы үш шумағы туралы

Тұрағұл: «Ем таба алмай» деген өлеңнің артына «Жас жүрегім жанды менің» деген өлең тіркеліп кетіпті. Ол өз алдына бөлек өлең. Бұл перевод болса керек еді», – дейді. Және «Ем таба алмай» өлеңі 1890 жылы, Абайдың 45 жасында, жазылғанын еске алсақ, «Жас жүрегім жанды менің» өлеңі текстологиялық зерттеуді қажет етеді.

61) «**Келдік талай жері енді**» (1890). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы, 35 бет). Бұл өлеңде ақылын алмайтын, сөзіне құлақ салмайтын көп наданнан көңілі қалып түңілген ақын: «Өзің жалғыз, надан көп» деп, жалғыздық мұңын шағады. «Өзелде тәңірім сорлы етті, арсыз сіммен зуре етті» деп күйінеді. Өзін қинаған іштегі қалған шерін шертеді. Терең ойларын толғап күніренеді. Сонымен бірге өзінің ақындық өнерін өзгеше бір тың тенеумен («Балапан құстай...») сипаттай келіп, шабытын шарықтата, сергіп, серпіле сөйлейді.

Ақынның бұл өлеңі де жана бір көркем түрмен жазылған. Өлең шумақтары біркелкі емес, ұйақтарының үйлесуі де өзгеше. Алғашқы шумақ алты жолдан басталып, сол шумақтың ақырғы жолындағы ұйқасқа, келесі төрт жолды, үш жолды шумақтардың үйлес келген ұйақтары тіркесіп отырады. «Бергенді», «ергенді», «желгенді» сияқты үйлес ұйақтар лекілдеп келіп отырып, өлең аяқталады.

Екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (35 бет).

«... Таба алмадық бір адам», – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«... Таба алмадық еш адам», – деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Ең ақырғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (36 бет):

«...Не ойтар едің өз басын», – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«...Не ойлар ең өз басын», – деп бұрмаланып басылған.

62) «**Өзеге көңілім тоярысың**» (1890). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы, 36 бет). Бұл шығармасында: өзге нәрсенің бәрінен көңілі қалып, түңіліп торыққанда, іштегі дертіне дәрмен болатын, жабырқаған жанын сергітетін жалғыз досы өлең деп білетінін әйгілеп, терең тебірене толғайды...

Осы өлеңнің жпырма алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (36 бет). 1939 жылғы жинақта (121 бет) және 1945 жылғы жинақта (112 бет):

«Не пайда бар, мың надан

Сыртын естіп тандансын», – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«Сырттан естіп тандансын», – деп қате басылған.

63) «**Кейде есер көңіл құрғырың**» (1890). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған. (3 бөлік. Өзі туралы. 37 бет). Бұл төрт шумақ шағын өлеңінде махаббат, достық жайында толғанып, сыр шертеді.

Өлеңнің басылуында кеткен: емле қатесі, тыныс белгілері түзетілді.

64) «**Жазғытұры**». «**Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы**» (1890). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта өз алдына жеке бір бөлік ретінде басылған (10 бөлік. Жазғытұры. 65-66 бет). Табиғат тақырыбына арналған бұл өлеңінде жылдың төрт маусымының бірі, көктем көркі суреттеледі.

Мал бакқан қазақ халқы үшін табиғаттың жадыраған, қуанышты бір мерзімі көктем көркін көтеріңкі көңіл күймен масаттана, масайрай жырлайды. Табиғаттың жазғытұрғы көрікті көрінісін: «Жер жүзін безендірген шебер тәңірінің» дүниеге төгілген «мейірбандық нұры» бейнесінде суреттейді.

Жазғытұрым жадырап, жайнаған табиғат аясындағы қазақ даласының тіршілігі ауыл аймағы, мал-жаны, көрі-жасының көңіл күйі, дәулеті өнген шаруа, егін еккен диханшы-еңбек елінің бейнесі, айдын көліндегі аққу, қазы, сайда сайраған бұлбұлы, тастағы байғыз, көкегі – бәрі-бәрі түтел көз алдына келеді.

Абайдың асқан ақындық қуатын, теңдесі жоқ суретшілік өнерін, әсіресе айқын көрсететін, табиғатты суреттейтін ерекше көркем өлеңдерінің бірі «Жазғытұры».

Өлеңнің бастапқы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (65 бет) және 1922 жылғы жинақта (Қазан, 132 бет). (Ташкент, 184 бет).

Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, – деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, – деп басылған.

Өлеңнің төртінші шумағы 1909 жылғы кітапта, 1922 жылғы жинақтарда, 1933 жылғы толық жинақта (142 бет):

Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,  
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,

Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта өлеңнің екінші және төртінші жолы:

Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.

Сыбдыр қағып бұрандап ағады су, – деп, бұрмаланып басылып, өлеңнің көркемдік түріне және мағынасына нұқсан келтірілген.

Өлеңнің бесінші шумағының төртінші жолы барлық жинақтарда:

Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,

Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз, – деп басылып келе жатыр. Шынында. Абай бұл арада: үйрек, қазға салатын ұшқыр қыран қаршығаны «көк дауылға» тенеіп, «баз» дейтін парсы сөзін қолданған. Сондықтан өлеңнің бұл жолын дұрыстап:

Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,

Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауыл баз, – деп оқыымыз керек.

Тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (65 бет):

...Адамзаттың көңілі күр көтерілер, – деп, акын сөзі дәл басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер, – деп басылған. Абайдың өзі қолданған, қазақтың «күр» деген байырғы сөзін «өсіп» деп өзгерту дұрыс болмаса керек.

Он бірінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

...Таң атқан соң шығарын күннің біліп,

Өңі қашар, бола атмас, бұрынғыдай, – деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта.

...Өңі қашып, бола атмас бұрынғыдай, – деп бұрмаланып басылған.

Он екінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (66 бет):

Күн – күйеу, жер – қатыңдық сағынышты, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Күн – күйеу, жер – қатыңдық сағынысты, – деп бұрмаланып басылған.

Он үшінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (66 бет):

Жан-жануар қуанар тойға еліріп, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Жан-жануар қуанар тойға елеріп, – деп бұрмаланып басылған.

Ендігі үлкен мәселе осы «Жазғытұры» өлеңінің композициясы, өлең құрылысының реті жайында Сәдуақас Мұсаұлы Шормановтың жазбасындағы нұскасын Абай жинақтарында басылып келе жатқан нұскасымен салыстырып қарағанымызда үлкен айырмашылықты көреміз. Өлеңнің көлемі жинақтарда да, Сәдуақас жазбасында да он алты шумақ. Шумақтардың кейбір жеке сөздері болмаса, жалпы мазмұн, мағына жағынан айырмасы жоқ. Айырмашылық өлең шумақтарының басылу, жазылу ретінде. Жинақтарда өлеңнің бастапқы бірінші шумағы:

Жазғытұрым қатмайды қыстың сызы, – деп басталса, Сәдуақас жазбасында өлеңнің бірінші шумағы:

Күн жоқта кісімінер жұлдыз бен ай, – деп басталады. Өлеңнің бұл шумағы жинақтарда он бірінші шумақ болып басылып келеді. Жинақтардағы бірінші шумақ Сәдуақас жазбасында сегізінші, екінші шумақ Сәдуақаста жетінші сөйтіп, он алты шумақ өлеңнің жинақтарда басылу рет мен Сәдуақаста жазылу ретіндегі айырмашылық үлкен.

Осы үлкен айырмашылықты көріп, білу үшін Сәдуақас жазбасындағы «Жазғытұры» өлеңінің толық нұскасын келтіруіміз керек.

Күн жоқта кісімінер жұлдыз бен ай,  
Ол қайтсін қара түнде жарқырамай.  
Таң нұрланып, болуын жаздың біліп,  
Өңі қашар, бола алмас бұрынғыдай.

Күн – күйсе, жер – қалыңдық сағынысты,  
Құмары екеуінің сондай күшті.  
Күн қырын жүрген кезде көп қожандап  
Ай, жұлдыз күйеуліктен көтін қысты.

Жаз таянып, жылы жел хабар беріп,  
Жан-жануар қуанар тойға еліріп.  
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,  
Жер күлімдер өзіне шырай беріп.

Күйеуін жер сағынған ала қыстай,  
Екеуі бір-біріне қосылыспай  
Жүздері рәушан карап нұрланғанда,  
Жер толқып тұрленеді тоты құстай.

Кемпір-шат шуақ іздер, бала шулар,  
Мал мазатсып, қуанып аунап-құнар,  
Әуеде жыршы құстар өлең айтып,  
Көктегі қиқу салар қаз бен құлар.

Жүгірер құлан, киік ой мен қырға,  
Шаттанып рахыманымен келген жылға,  
Көк шығып, көл жарылып қойнын ашса,  
Қонады аспандағы қаз бен тырна.

Жаздың көркі кіреді жыл құсымен,  
Жайраңдасып жас ойнар құрбысымен,  
Көрден жаңа шыққандай кемпір мен шал,  
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі,  
Жан-жануар адамзат анталысып,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Қырдағы ел ойдағы елмен амандасып,  
Күлімдесіп көрісіп, құшақтасып,  
Шаруа қуған жастардың мойны босап,  
Әзілдесіп сөйтесіп, қарқылдасып.

Түйе боздап, қой маңырап, қорада шу,  
Көбелек, құстар менен сай да ду-ду,  
Гүл мен ағаш майысып таранғанда,  
Айдаһарша бұрандап ағады су.

Көл жағалап мамырлар қу менен қаз,  
Жұмыртқа іздеп жүгіріп, бала да мәз,  
Боз бала ұшқыр атпен тастағанда,  
Жарқ-жұрк етіп, ілінер көкдауыл баз.

Құс қатарлап байлаған қанжығаға,  
Қыз жабысып бұрандап қылатын наз.

Жазға жақсы киінер қыз – келіншек,  
Жер жүзіне өң берер гүл – бәйшешек.  
Қырда торғай сайраса, ойда бұтбұт,  
О да үн қосар тастағы байғыз, көкек.

Жаңа бұтмен жамырап саудагерлер,  
Диканшылар жер жыртып, егін егер.  
Шаруаның біреуі ексу болып,  
Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер.

Жер жүзін безендірген тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.  
Анамыздай жер ініп емізгенде,  
Бейіне атаңдай үстіне аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген кара жерге,  
Рахметіне Алланың көңіл сенер.  
Мал семіріп, ақ пенен ас көбейіп,  
Жан-жануар көңілі өсіп ойнап-күлер.

Қара тастан басканың бәрі жадырап,  
Бір сараннан басканың пейілі өнер.  
Тамашалап карасаң тәңірі ісіне,  
Бойың балкып, ергіді іште жігер.

*Абайдың бұл өлеңі арнайы зерттеуді қажет етеді.*

65) «Асқа, тойға баратұғын» (1890). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (15 бөлік. Переводлар, 77-78бет). Өлеңнің басында: (перевод Лермонтовтан) деген. 1933 жылғы жинақта: Лермонтовтан деп аталып басылған (144 бет), 1940 жылғы жинақта (II том. Аудармалары мен кара сөздері. 86 бет), «Асқа, тойға баратұғын» деген тақырыппен басылған. Өлеңте берілген түсінікте: «Бұл өлең Лермонтовтан аударылған болар деген жору бар. Лермонтовтың бөлек өлеңдері, поэмаларында Абай өлеңдерінде айтылған сипат, ұғым кездеспейді. Мүмкін Абай Лермонтовты өте өзгертіп, өзінше бір сипат бере аударған шығар» (260 бет) деген.

1954 жылғы жинақта: «...Лермонтовта бұл шығарманың оригиналы жоқ» (294 бет) деп түсінік берілген. Одан кейінгі жинактарда да осындай түсінік беріліп, өлең Абайдың төл шығармасы ретінде басылып келеді.

Қалай дегенде де, әлі зерттей түсуді қажет ететін өлең

66) «Ата-анаға көз қуаныш» (1890). Өлең Ақылбайға деп аталып, 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланған (145-146 бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Мұхтар Әуезов, былайша мағлұмат берген:

«Ата-анаға көз қуаныш» деген өлеңді Ақылбай деген үлкен баласына ренжіп, талапты болмадын деп айтқан. Бірақ, Ақылбай күндегі өмірде талапты пысық болмаса да, Абайдың балаларының ішінде ең талантты болған. Бұл ірі акын және музыкант, домбырашы, скрипкашы, ән шығарғыш болған. Мұның шығарған екі үлкен әңгіме өлеңі бар, бірі «Дағыстан», бірі «Зұлыс» деген (326 бет).

67) «Тайға міндік, тойға шаптық» (жылы белгісіз). Бұл өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта жарияланған (238 бет). «Бұл бұрын басылмаған өлең» дегеннен басқа түсінік берілмеген.

1945 жинақта: «Тайға міндік тойға шаптық» (бұ да жазған жылы белгісіз өлең). Мүрсейіт қолжазбасынан алынып ең алғаш 1939 жылғы Абай жинағына енгізілген. Мұны Абай Әбдірахманның өліміне байланысты өзінің бір баласының атынан айтқан» деген түсінік берілген. Өлеңінің мазмұнына қарғанда, Абдрахман өліміне ешқандай байланысы көрінбейді.

Сол сияқты «Ақылбайға» деген, 1890 жылы жазылған өлеңге берілген түсінікте: «Бұл Абайдың өзінің тұңғыш баласы Ақылбайға, інісі Оспан өлгенде айтқан сөзі» деген. Ал Оспанның 1891 жылы өлгені белгілі. Және әлгі түсініктің сонында: Мүрсейіт жазбасында бұл өлеңнің аяғына осы өлшеумен жазылған:

Тайға міндік.

Тойға шаптық, – деген өлең келген секен. Онысы бөлек жіберілді», – дейді (1945 жылғы жинақ, 429 бет). «Ақылбайға» деген өлең 1890 жылы жазылған десек, сол өлеңнің жалғасы ретінде Мүрсейіт жазбасында жазылған «Тайға міндік» өлеңі де 1890 жылы жазылған болады. Олай болса, бұл өлеңді, 1895 жылғы Әбдірахман өліміне байланыстырудың тіпті қисыны жоқ.

«Тайға міндік, тойға шаптық», деген өлең сшкмнің өліміне байланысы жоқ, ауыл баласының жас шағынан бастап алған тәлім-тәрбиесін, көрген үлгі-өнегесін сипаттауға арналған өлең деп білеміз.

68) «Заманакыр жастары» (1891). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (I бөлік. Халық туралы. 23 бет) Бұл өлеңінде. керзаманның кеселді зардабынан азғындап бара жатқан жастардың адамшылыққа жат мінездерін аяусыз әшкерлеп. жеріне жеткізе шенейді.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта 23 бет: «Қосылмас еш бастары» деп дұрыс басылған болса, 1977 жинақта:

«...Қосылмас ешбір бастары». – деп өзгертеліп басылған.

Сол сияқты екінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (23 бет) және 1945 жылғы жинақта (120 бет):

«...Құр тілменен жыйғаны», – деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

«...Құр тілменен жыйғалы», – деп бұрмаланып басылған.

69) «Көзінен басқа ойы жоқ» (1891) өлең, 1909 жылғы кітапта басылған (7 бөлік. Замандас туралы. 58 бет). Надан адамның «Көзінен басқа ойы» болмайтынын қадап айта келіп. жалпы надандықты шенейді. Әсіресе. құлқының құты шала молдаларды атап әшкерелеп. аямай әжу алайды.

Өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (58 бет):

«Кітапты молда теріс оқыр.

Дағарадай боп сәлдесі, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«Дағардай (?) сәлдесі», – деп бұрмаланып басылған. Сол сияқты кәте басылған тағы бір сөз түзетілді.

70) «Жастықтың оты жалындап» (1891). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6 бөлік. Нәсихат туралы. 53-54 бет). Жастарға шын жаны ашптың, қамқор ұстаз бұл өлеңінде талапты жастарды алдыңғы бұзық ортаның адамшылыққа жат мінезінсн. «ақылы. ары тапшылардан» арашатап, ақылын айтады. «Сұм сұрқия, қу заман дағы» үміт етерлік жас ұрпақтың тағдырын ойлап толғанады.

Өлеңнің оныншы шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта және 1945 жылғы жинақта (123 бет):

«...Макгатып жұртын шұлатса», – деп дұрыс басылған болса. 1977 жылғы жинақта:

«...Мактанып (?) жұртты шұлатса» деп бұрмаланып басылған.

71) «Қызарып, сұрланып» (1891). 1909 жылғы кітапта басылған (4 бөлік. Ғашықтық тураты, 45 бет). «Қызарып, сұрланып» – Абайдың махаббат тақырыбына арналған айтулы шығармаларының ішіндегі, шын ғашықтың ең нәзік сезімін, ең терең сырын аса шебер, ерекше көркем сипаттаған өлеңі.

Сәті түскен бір кеште алғаш кездескен екі жастың, бар ақыл-ойы бір ғана махаббат сезімі билеп алған күйдегі бейнесін суреттейді.

Махаббат сезіміне беріліп, жүздері жүз құбылып, айтатын сөз таба алмай, дүпкіл қаккан жүрекпен, алып ұшқан қуанышты көңілмен сыр танытқан ғашықтар көз алдына келеді. Көркем табиғат аясында табысып, «үндемей сүйісіп», махаббат ләззатына «мас болған» жалындаған жас жүректерді көреміз.

Өлеңнің алғашқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (45 бет), 1922 жылғы жинақ (Қазан, 93 бет, Ташкент, 170 бет) және 1933 жылғы «Толық жинақта» (148 бет):

«...Дүпкілдеп жүрегі», – деп дұрыс басылған 1977 жылғы жинақта:

«...Дүпкілдеп жүрегі», – деп бұрмаланып басылған.

Қатты қуаныш немесе қатты қорқып сезімінің әсерінен жүрек жеңіл ғана дүпкілдемейді, күштірек соғады, дүпкілдейді.

«Болыс болдым, мінекі» өлеңінде де Абай «дүпкілдеп» деген сөзді қолданып:

Сасып қалдым, күн тығыз,

Жүрек кетті дүпкілдеп, – дейді ғой.

Екінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93 бет, Ташкент, 170 бет), 1939 жылғы жинақта (132 бет), 1945 жылғы жинақта (124 бет) және 1954 жылғы жинақта (148 бет):

«...Екі ғашық құмарлы», – деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«...Екі асық құмарлы», – деп бұрмаланып басылған.

Бесінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (45 бет), 1922 жылғы жинақта (Қазан, 93 бет), 1939 жылғы жинақта (132 бет) және жылғы 1945 жинақта (124 бет):

«...Тұмандап көздері». – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

«.Төмендеп (?) көздері. – деп мүлдем бұрмаланып басылған.

Сегізінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (45 бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан. 93 бет, Ташкент. 171бет):

«Көкірек елжіреп, – деп дұрыс басылып келген болса, 1933 жылғы жинақтан бастап, одан кейінгі барлық жинақтарда:

«Жүрегі елжіреп», – деп өзгертіліп басылып келеді.

Өленің бастапқы шумағында: «Дүгілдеп жүрегі» деп, үшінші шумағында: «Жүрекпен алысып» деп, «жүрек» деген сөз қисыны келген жерде екі рет айтылған. Абай бір сөзді бір өленінде орынсыз қайталамаса керек. Сондықтан бастапқы үш жинақта (1909, 1922): «Көкірек елжіреп» деп, Абай сөзі дәл берілген дей аламыз.

Тағы бір ойландыратын мәселе: «иығы түйісіп» деп басылып жүрген өлең жолы. 1909 жылғы кітапта: «Иығы түйісіп» (арабша жазылған) деп басылған. Өлең шумағын тұтас оқығанда, «Иығы түйісіп» деген нанымдырақ сөзін байқалады. Бұл арада ғашықтардың пықтары жай ғана жақындасып тиіскені айтылып отырған жоқ, түйіскені, яғни құшырланып құшақтасқаны суреттелгенін көреміз:

Иығы түйісіп,

Тұмандап көздері.

Үндемей сүйісіп,

Мас болып өздері, – деп оқысақ, Абай сөзі дәл орнына келетініне сенеміз.

72) «Көзімнің қарасы» (1891). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4 бөлік. Ғашықтық туралы, 45-46 бет). Бұл өленінде сұтудың көркін әсірелей суреттей, мінсіз мінезін сипаттайды. Сұтулық Құдайдың берген сыйы, «Көрік – тәңір дәулеті» деп мадақтайды. «Сұтуды сүймектік пайғамбар сүндеті», «Қадірлі дәстүр» дейді.

«Көзімнің қарасы» – арнаулы әнімен коса халыққа оң әйгілі өлеңдерінің бірі.

Өленің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (45 бет):

...Ғашықның (арабша жазылған) жарасы», – деп басылып кеткен. 1922 жылғы жинақтарда (Қазан. 93 бет, Ташкент. 172 бет).

Ғашығынның жарасы. – деп басылған. 1933 жылғы жинақта (150 бет). 1939 жылғы жинақта (134 бет). 1945 жинақта (125 бет) және 1954 жылғы жинақта (150 бет):

...Ғашықтың жарасы, – деп дұрысталып басылған.

1977 жылғы жинақта:

...Ғашықтық жарасы. – деп өзгертіліп басылған.

Үшінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (45 бет). 1922 жылғы жинақтарда (Қазан. 93 бет. Ташкент. 172 бет). 1933 жылғы жинақта (150 бет). 1939 жылғы жинақта (134 бет) және 1945 жылғы жинақта (125 бет):

...Қалкама сөз дайын. – деп дұрыс басылып келген болса,

1977 жылғы жинақта:

.. Қалқаға сөз дайын. – деп бұрмаланып басылған.

Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (45 бет):

Кең маңдай, қалың (?) шаш, – деп қате басылып кеткен.

Тек 1945 жылғы жинақта дұрысталып:

Кең маңдай қолаң шаш, – деп басылып (126 бет),

1909 жылғы баспасында мына бір екі жол:

Кең маңдай, қалың шаш.

Я бір кез. я құлаш. – делінген. Осындағы «Қалың шаш» бұл жинақта «Қолаң шаш» деп түзетілді деп түсінік берілген (430 бет). Ал 1977 жылғы жинақта:

Кең маңдай «қалың шаш», – деп басылып. Абай сөзі тағы бұрмаланған.

«Тоғызыншы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы басылым және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Кең маңдай қалың шаш. – деп түзетіліп берілді. Бұрынғы жинақтарында:

Кең маңдай, қолаң шаш деп басылып келген. – деп байыбына бармай, үстірт түсінік берілген (398 бет).

«Қақтаған ақ күмістай кең маңдайлы» өлеңінде сұтудың шашын:

«Қолаң қара шашы бар жібек талды». – деп сипаттайтынын еске алсақ та жеткілікті шығар.

73) «Менсінбеуші ем наданды» (1891). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7 бөлік. Замандас туралы. 58 бет). Жалғыздық тақырыбына жазылған шерлі шығармаларының бірі. Бұл өлеңін: «Көп наданмен атысып, айтқан ақылын алдыра

атмай, өнегелі өспітін тыңдата атмай, «Көнбеді ешкім сөзіме» деп әбден торыққан акынның дағдарыс мұнын көреміз.

Осы өлеңнің жазылу тарихи туралы Көкітай: «Абай соңғы уақыттарында елдің партиясынан да жалығып һәм айтқан сөзді ұғып, жұрт түзелетұғын сықылды емес екенін біліп, көңілі қалыңқырап, өзі сөзге араласпай, үйде жатамын», – деп жазғаны дейді.

Өлеңнің алтыншы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (58 бет) және 1933 жылғы жинақта (153 бет):

Жарлы емеспін, зарлымын.

Мұны ойла толғанып, – деп басылған болса. 1977 жылғы жинақта:

Оны да ойла толғанып, деп өзгертіліп басылған.

74) «Жұмбақ» (1890). «Алла мықты жаратқан сезім батыр». Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта (145-бет) жарияланған.

75) «Жұмбақ». (1891). «Қара жер адамзатқа болған мекен». Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта (155 бет) жарияланған.

76) «Жұмбақ». (1891). «Сыналар ей, жігіттер, келді кезін». Тұңғыш рет 1933 жылғы (155 бет) жарияланған.

77) «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» (1892). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 Бөлік. Өзі туралы. 37 бет). Акын бұл өлеңінде өз басының мұныны көңіл шерін шертеді. Ол мұң мен шер басына түскен ауыр қайғымен байланысты еді.

1891 жылы ең жақсы көретін інісі, сенімді серігі, Оспан қайғыс болады. 1891-1892 жылдар Абай үшін қайғы қасіретке толы, қаралы жинақта кезең болады. Сондықтан бұл жылдардағы шығармалары, көбінесе, өз басының қайғысынан туған, жоқтау сарындас зар, шер жыры болып келеді.

Өлеңнің жетінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (37 бет), 1933 жылғы жинақта (157 бет) және 1945 жылғы жинақта (136 бет):

«Антұрған көп бұл емес, – деп дұрыс басылған болса. 1877 жылғы жинақта:

«Антұрған көп пұт емес, – деп мүлдем бұрмаланып басылған.

78) «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» (1892). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік, Өзі туралы. 37 бет). Бұл төрт шумақ өлеңінде де жалғыздық мұны, түңілген көңіл шері шер-

тіледі. Өлеңнің үшінші шумағының бастапқы екі жолы 1909 жылғы кітапта (37 бет):

Сенісерге жар таба алмай.

Сенделеді ет жүрек, – деп басылса,

1977 жылғы жинақта:

Сенісерге жан таба алмай

Сенделеді ит жүрек, – деп басылған.

79) «Қайғы шығар ілімнен» (1892). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік, Халық туралы. 24 бет). Акын бұл өлеңінде де мұң менен түңілу сарынында толғанады. Бұнда «Көп наданнан» түңілу ғана емес, өзінен өзі түңілу қайғысы да қабаттасып келеді. Надандықты, бар жаманшылықты ақылмен, білім күшімен түзетуге болады деген сеніммен күреске бел байлаған кемеңгер, аянбай қанша еңбек етсе де, максатына жете алмайтындығына көзі жетіп, көңілі калып, түңіледі. «Қайғы шығар ілімнен», «Ыза шығар білімнен», «Қайғы мен ыза қысқан соң», «Зар шығады тілімнен» деп қамығады, шерлі мұңға батады.

Бұндай қасіретті уақиғаны жалғыз Абай емес, Абайға ұқсаған, әлемнің талай атакты қайраткерлері басынан кешкен болатын. «Қайғы шығар ілімнен» – Абайдың ең көркем туындыларының бірі.

Өлеңнің он алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (24 бет):

Болымсыз құлық тойымсыз

Болады балаң жөргекте, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Болды балаң жөргекте, – деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің жпырма алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (24 бет):

Қызық пенен тыныштыққа

Қазақ тұрмақ торықтап, – деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

«Қазақ тұрмас тұрықтап, – деп бұрмаланып басылған.

80) «Оспанға» (1892). «Жайнаған туың жығылмай» деген өлең «Оспанға» деп аталып, ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (158 бет). Бұл өлеңді кенже інісі Оспан қайтыс болғанда жазған. Жаксы көретін інісін жоқтауға арналған өлеңі жаңа бір көркемдік түрде жазылған.

Жоқтау жырында Оспанның адамдық қадір-қасиетін,

акжаркын мiнeзiн. адал азаматтығын. ерекше ерлiгiн. кайтпас кайратын, жомарттығын сипаттайды. Тiршiлiгiнде еш нәрседен бетi кайтпай, жалтақтамай. жабырқамай. жалындап өткен жас өмiрiн сүйсiнe суреттей келiп.

Жан бiткенге жалынбай.

Жаксы өлiпсiң. япырмай! – дейдi.

Өлең едел-жедел екiндеп келiп отыратын бiр ұйкас үйлесiмiмен жазылған, аллитерация тәсiлi аса шебер қолданылған.

Ерекше көркем, бас аяғы он алты-ақ жол. шағын өлеңмен ардагер азаматтың алып тұлғасын сымбаттап берген.

81) «Оспанға» (1892). «Кешегi Оспан, бiр бөлек жан» деген өлең де «Оспанға» деп аталып. тұңғыш рет 1933 жылғы жiнақта басылған (159 бет). Бұл Оспан кайтыс болғанда жазылған екiншi өлеңi. Бұл өлең де жаңа көркемдiк түрмен жазылған.

Өлеңнiң әр шумағы алты жолдан кайырылып отырады (сегiз аяқ өлеңiне ұқсас). Осы өлең түрiн «Алты аяқ» деп атауға болады.

Өлеңнiң төртiншi шумағының үшiншi жолы:

«... Жеке тартқан кеттi гүл» (?) деп басылып келедi. Осы жолдағы «гүл» деген сөз өлеңнiң мазмұнына қиыспайды және өлең ұйкасына келiнкiрмейдi

Сондықтан да «гүл» сөзiнiң орнына «ер» деген сөздi қолданып, өлең шумағын тұтас оқып көрсек, өлең дұрыс калпына келедi деп сенемiз:

Ел тамағын,

Жұрт азабын.

Жеке тартқан кеттi ер.

Сондай ердi.

«Ала бердi»,

Табар ендi бiздiң ел!

Осылай оқығанымыз дұрыс болар. «Гүл» деген дәл осы өлең үшiн «бөтен сөз» екенi өзiнен өзi айкын көрiнiп тұр.

82) «Кү.пiмсiреп аспан гүр». Бұл өлең алғаш рет 1940 жылғы Абай жiнағының II томында (аудармалар мен кара сөздерi) жарияланған (96-97 бет). Берiлген түсiнiкте: «бұл өлең қолжазбада Лермонтовтан делiнген. Лермонтовтан аударылуы ықтимал, бiрақ Лермонтовтың кай шығармасынан аударғаны мәлiмсiз» (261 бет) деген.

1945 жылғы бір томдық толық жинақта басылған (163-164 бет).

1954 жылғы жинақта басылып (I том, 186-187 бет), түсінікте: «Күлімсіреп аспан тұр» шығарманың тексті Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. Мүрсейіт қолжазбаларында Лермонтовтан делінген, бірақ қай шығармадан аударма екендігі белгісіз болып келіп еді. Соңғы кезде бұл өлеңнің оригиналы Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген шығармасы екендігі анықталды. Абай оны екінші шумағынан бастап аударған екен (орыс тілінде 2-5 шумақтары келтірілген, – Қ.М). Осы төрт шумақты Абай жалпы мазмұнының сақтап еркін аударған» деген (309-310 бет).

Өлең 1957 жылғы жинақтың II томында (аудармалар мен қарасөздер) Лермонтовтан деп аталып басылған (99 бет).

1977 жылғы жинақтың I томында, Абайдың өз шығармасы ретінде басылған.

83) «Ысытқан, суытқан бойынды бір көңіл» (1893). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4 бөлік. Ғашықтық туралы. 46 бет). Махаббат тақырыбына жазылған шағын лирика.

84) «Бой бұтпаң, сөзі жылмаң» (1893). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы. 24 бет). Бұл өлеңінде ел ішіндегі еңбек етпейтін, ел кезіп жүретін, құнсыз желбуаз қуларды әжуалап, шенейді.

Өлең «Кешегі Оспан» өлеңінің үлгісімен жазылған. Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (24-бет):

...Еш міні жоқ бендесіп, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Бір міні жоқ бендесіп, – деп орынсыз өзгертіліп басылған.

85) «Жаксылық ұзақ тұртмайды» (1893). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5 бөлік. Ой туралы. 47 бет). Бұл өлеңде жаксылық пен жамандық туралы ойларын толғайды. Әр шумағы сегіз жолдан қайырылып отыратын үш шумақ, жиырма төрт жол өлең. 1933 жылғы жинақта: сегіз жолды шумақ төрт жолды шумаққа айналдырып, үш шумақ өлең алты шумақ болып шыққан. Соңғы шумақтың. «Мақтанмен алдың мазамды» дейтін ақырғы жолы 1933 жинаққа кірмей қалған.

1939 жылғы жинақта өлең 1933 жылғы жинақ бойынша басылған. Бірақ бастапқы сегіз жолды шумақтың соңына.

Жер қорығыш желкек шал.

Желіп жүріп, боздайды, – деген екі жол қосып, он жолға айналдырып жіберген. «Бұл екі жол бұрынғы баспатарында басылмаған» деп түсінік берген (151 бет). Бұл қосылған екі жол өлең негізгі өлең мазмұнына қабыспайды және өленнің композициясын бұзып тұр.

Осы қосымша туралы 1945 жылғы жинақта: «1939 жылғы баспасына тұңғыш рет Мүрсейіт көшірмесінен алынып:

Жер қорығыш желкек шал.

Желіп жүріп боздайды. – деген екі жол өлең сөз кестесіне қосылған. Бірақ бұл екі қатар 1909 жылғы Көкітай мен Тұрағұл бастырған баспасында жоқ. Мұның мағынасы анық емес» деп түсінік берілген (433 бет).

86) «Баймағамбетке қағынының атынан шығарылған өлең» (1893). «Ажының жақсы кызы едім» деп басталатын екі ауыз өлең алғаш Абайдың 1933 жылғы жинағында жарияланған. Елаузында айтылып жүргенінен алынған. Абайдың Баймағамбет деген дос көршісінің алты ай-жаз әйелінің қасына бір жатпай, тентіреп кете бергенін мінеп, соның әйелі атынан қалжындап жазған өлеңі (1945 жылғы жинақ. 434-435 бет).

87) «Антпенен гарқайды, жылыса кенеске» (1894). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Хатық туралы, 25 бет). Бұл Абайдың 1894 жылғы болыс және билер сайлауы сиезі кезінде атқа мінер, ру басшылардың мінез-құлқын сөгіп жазған өлеңі. – дейді Тұрағұл.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет) және 1933 жылғы жинақта (164 бет):

Анттасын алқайды. – деп басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Анттасып алқайды. – деп бұрмаланып басылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет) және 1933 жылғы жинақта (164 бет):

...Басы ынғай кайқайды. – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

...Басы ақыр кайқайды. – деп бұрмаланып басылған.

Сегізінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет):

Пысықтар шалқайды. – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Пысыктар шайкайды. – деп бұрмаланып басылған. Ал «шайкайды» деген сөз тоғызыншы шумақта:

...Бірлікті шайкайды. – деп өз орнында тұр.

88) «Қарашада өмір тұр» (1894) Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы. 26 бет). Акын бұл өлеңінде құлқынның құлы құларды, ардан безген сұркия, алаяқтарды, желөкпе желбұаздарды, «кеудесі толған құлық ой» пысықтарды ашулы ажу амен әшкерлеп, аяусыз шенейді.

89) «Жасөспірім замандас қана қылды» (1894). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы. 26 бет). Бұл да сыншылдық тақырыпқа арналған өлең «Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп». «арын сатқан антұрғандарды» қатты сынап, әшкерлейді.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (26 бет). 1937 жылғы жинақта (166 бет):

Жамандық жыксылықпен оған бір бас, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Жамандық, жақсылықпен оған бір бас, – деп бұрмаланып басылған. Бұл өлеңнің жалпы көлемі төрт шумақ, жиырма төрт жол. Өлеңнің соңғы төртінші шумағы:

Бір сөзіз ат болады оның құны, – деп аяқталады. 1909 жылғы кітапта (26 бет) басылғаны да сол төрт шумақ. Оған соңғы басылымдардың бәрінде төрт шумақ өлең ешбір өзгеріссіз басылған:

1933 жылғы жинақта (166 бет), 1939 жылғы жинақта (156 бет), 1945 жылғыда (151-152 бет), 1954 жылғыда (180 бет), 1957 жылғы жинақта (161 бет).

Ал, 1977 жылғы жинақта жоғарыда көрсетілген барлық басылымдарда өзгеріссіз басылып келген төрт шумақ өлеңнің соңына бесінші шумақ болып, бір ауыз өлең қосылып басылған. Қосылған өлең мынау:

Малға сат, пайдаға сат кылығыңды,

Ылайла, ылай оймен тұнығыңды

Сонда өмірден алдамшы бола алмассың.

Ол білдірмей ұрламақ кызығыңды.

Бұл өлең Абайдың 1909 жылғы кітабында басылған «Көк тұман алдындағы келер заман» (6 бөлік, Нәсихат туралы. 55 бет. 1897) деп басталатын өлеңнің бесінші шумағы.

1977 жылғы жинақта (I том) берілген түсініктеме: «Өлеңнің

бесінші шумағы «Көк тұман алдындағы келер заман» деген өлеңінен атады. Мағынасына қарағанда осы өлеңнің қорытынды шумағы ретінде қабылданды» (406 бет) деген.

Ақынның төрт жыл бұрын жазған (1894) бас-аяғы түгел тұрған төрт шумақ жеке өлеңіне одан төрт жыл кейін жазылған (1897) тоғыз шумақ жеке өлеңінің бесінші шумағын жырып алып келіп, зорлықпен қоса салу, қай жағынан қарасақ та, ешқандай ақылға сыймаса керек.

Тура шынын айтсақ, Абайға жасалған көрнеу қиянат.

90) «**Ғашықтың тілі – тілсіз тіл**» (1894). Бұл екі ауыз өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4 бөлік. Ғашықтың туралы, 46 бет).

91) «**Әсемпаз болма әр неге**» (1894) Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6 бөлік. Нәсіхат туралы. 54 бет). Ұлы ұстаз ақын бұл өлеңін өзі үміт еткен талапкер жастарға арнаған. Тұған халқына қадірлі адам болудың, қасиетті адал азамат болудың сипаттарын суреттеп түсіндіре келіп, қауымға пайдалы жан бол: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деп, айқын жол нұсқап береді.

«Көп наданнан» көңілі қатып түнілсе де, жас ұрпақтан түңілмейді, үмітіп үзбейді, соларға сеніп, өсиетін соларға арнап айтады.

Ақынның бұл терең мағыналы, шебер жазылған көркем өлеңі қазақ жастарының әр буынына өшпейтін үлгі, өлмейтін өнеге ретінде тарай бермек.

92) «**Ескілік киімі**» (1894) дейтін өлең Абайдың 1909 жылғы баспасында жоқ және Ғылым академиясында сақталған Мүрсейіт көшірмесінде де жоқ. Өлеңді алғаш «Сана» журналы басады («Сана» – білім-әдебиет журналы, екі айда бір шығатын. Түркістан білім кеңесінің тілі. Шығарушы – қазақ-қырғыз білім Комиссиясы. Журналдың 1-саны 1923-жылы қаңтарда шыққан. Журнал Ташкент қаласында шығып тұрған. – Қ.М.). Абайдың 1933 жылғы толық жинағында (172 бет), одан кейін 1939 жылғы екі томдық жинағына енген.

1894 жылы Абайдың інісі Ысқақ қасына Қаржаубай дейтін шалды ертіп, Абайға сәлем беруге келеді. Сонда келіп отырған Қаржаубайдың киімдерін көріп, бөліне байлаған кісесін көріп, жазған екен» (Бұл түсінік 1945 жылғы жинақтан алынды (437 бет). – Қ.М.).

93) «Әбдірахман науқастанып жатқанда» (1894). «Я Құдай, бере көр, Тілеген тілекті». Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланды (168 бет). Елден аулық шетте қатты ауырып жатқан баласына мейірбан әкенің өлеңмен жолдаған сағынышты сәлем хаты.

1894 жыл акын өмірінің аса бір ауыр кезеңі болады. Болашағынан үлкен үміт еткен және сол күткен үмітін ақтайтынына көзін жеткізген шағында, сүйікті баласы Әбдірахман ұзақ ауыруға душар болып, төсек тартып алыста. Алматыда жатады.

Абай бұл баласын тәрбиелеп өсіріп, ауылда мұсылманша оқытып, сауатын ашқыған соң, Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Ол школды жақсы оқып бітіргеннен кейін, Түмен қаласындағы реальное училищеге оқуға жібереді. Көкітай былай дейді: «...Әбдірахман реальный училищені бітіріп, Петербургтағы технологический институтқа түсемін деп барғанда, онда Лосевский деген, бұл жақта ояз болған таныс кісі жолғып, соның советі бойынша Михайловский артиллерийский училищеге түскен».

Осы училищені 1892 жылы бітіріп шыққан соң, Ташкент қаласына қызметке жіберіледі. 1894 жылы қатты науқастанып, Алматыда тұратын Әбсәмет дейтін жиенінің үйінде жатады. Баласының осындай ауыр қайғыға ұшырағанын көрген әкенің қасіретін, тұңғық мұңға батқан күйіншіті көңіл күйін осы өлеңінен айқын көреміз.

Өзі шексіз сенген, бір Аллаға сыйынып тілек тілеуден басқа амалы жоқ акын шерлі жырын:

Я Құдай, бере көр.

Тілеген тілекті, — деп бастайды.

Өлеңнің сегізінші шумағының бастапқы жолы 1933 жылғы жинақта (168 бет):

Екі аяқ не қытып

Баскаша ауырып, — деп дұрыс басылған. Бұл арада Әбдірахманның екі аяғының ауыратын айтады.

Ал, 1977 жылғы жинақта:

Екі ай-ақ (!) не қылып... деп мүлдем бұрмаланып басылған. «аяқ» деген сөз «ай» (!) боп кеткен.

Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы 1933 жылғы жинақтан бастап барлық жинақта:

Жаралап ауыз ашты. – деп дұрыс басылмай келе жатыр. Бұл арада «жаралап» деген қате басылған сөз. Қате басылған сөзді «жарылып» деп түзетіп оқысақ өлең мазмұны дұрысталады. Олай дейтініміз бір аяғындағы жараның жарылып, ауызы ашылып, жазылып келе жатқаны айтылып отыр. Осылай түзетіп, өлең шумағын тұтас оқып көсерік:

Жарылып ауыз ашты,  
Жарасы жарасты.  
Жарасыз біреуі  
Неліктеп ұйқы ашты?

Бұл шумақтан түсінетініміз. Әбдірахманның бір аяғына жара шыққан, ол жара жарылып, бітіп «жазылып» келеді. Ал, екінші аяғы, жара шықпаса да («жарасыз біреуі») ауырып мазасын алып, ұйықтатпайды екен. Әбдірахманның наукасының жайын Абайға хат арқылы хабарлап, білдіріп отырған Мағауия болады.

Әбдірахман ауыр науқасқа душар болған соң, әкесіне хат жазып: «Мағауияны жіберіңіз» деген. Мағауия Алматыға келіп, науқас ағасын күтіп, қайтыс болғанға шейін қасында болған.

Абайдың өлең хатындағы сөздердің көбі Мағауияға арналып айтылған.

Өлеңнің он төртінші шумағының үшінші жолы 1933 жылғы жинақта (170 бет):

...Сақайып сау болсаң.

Сағынған өзіңіз. – деп дұрыс басылған болса.

1977 жылғы жинақта:

...Қатайып (!) сауыксаң. – деп бұрмаланып, қате басылған. Және: он төртінші шумақтың үшінші жолы «Мүрсейіт қолжазбалары негізінде» – Қатайып сауыксаң. – деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы жинақта:

Сақайып сауыксаң (?) – деп көрсетілген» (407-408 бет) деген түсінік берілген.

1933 жылғы толық жинақта Абай сөзінің дұрыс берілгеніне сенбей. Мүрсейітке жүгінетініміз қалай?

Мүрсейіт «сақайып» деген сөздің мағынасын түсінбей баырып, «катайып» деп өзінше өзгертіп жазып қателескен.

Сақау ауырудан жазылу, тәуір болу, сауығу деген мағынада айтылатын қазақтың ежелгі байырғы сөзі екені белгілі. Ал катау деген, сауығу мағынасынан алақ тұрған, басқа мағынадағы сөз екені беп-белгілі.

94) «Әбдірахманға» (1894) «Алланың рахметін. Яр тұтып әр неге». Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған. Бұл да Әбдірахманға арналған өлең. Өлеңде сүйікті баласының тілегін тілеп, Аллаға сыйынып жалбарынғанда, діни ұғым-нағымдарды, мұсылманшылдықтың дін кітаптарының өз тілін өзгертпей қолдана отырып толғанады. «Әбдірахман», «Яр тұт», «дұғаның қуаты» сияқты сөздер өлеңнің мазмұнымен қабасқан ұғымдар болып келеді.

Әбдірахманға арналған өлеңдері, әсіресе акынның өзінің дінге анық нанған адам екенін танытады.

Өлеңде қолданылған, жинақтарды дәл берілген араб. парсы сөздері дұрыс қалпына келтіріліп, түсініктер берілді.

95) «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» (1894). «Тілім, саған айтайын. Осы сөздің келісін тап». Бұл өлең де Мүрсейіт қолжазбасынан атынып (147 бет), тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (171-172 бет).

1933 жылғы жинақта басылған өлең нұсқасының көлемі он бір шумақ болса, 1939 жинақта (164-165 бет) тағы алты шумақ өлең қосылып басылған. Берілген түсінікте:

«Көзімнің нұрысыздан» бастап, аяғына дейін, бұрын басылмаған. Мүрсейіт көшірмелерінде «Тілім сағанға» жалғасын жазылған. Біз де сол күйінде қалдырдық. Ред.» делінген (165 бет).

Сөйтіп 1939 жылғы жинақта басылған өлең нұсқасының көлемі он жеті шумақ болып шыққан.

1945 жылғы жинақта өлең өзгертілмей, 1939 жылғы жинақ бойынша (он жеті шумақ) басылған (159-161 бет). 1954 жылғы жинақта да, 1939, 1945 жылғы жинақтар бойынша, өзгеріссіз басылған (I том, 193-195 бет).

1957 жылғы жинақта өлең екі бөлініп, екі өлең ретінде басылған. «Тілім, саған айтайыннан» бастап он бір шумақ жеке өлең болып басылған (169-170 бет).

Қалған алты шумағы «Көзімнің нұрысыздан» бастап, екінші өлең ретінде басылған (171 бет). Өлеңді екіге бөліп беру себебі айтылмаған. Берілген түсінікте: «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Көзімнің нұрысыз») өленінің текеті .. 1933 жылғы басылуы бойынша берілді» деген (335 бет). Ал шынында 1933 жылғы жинақта бұл өлең жоқ. Ол туралы жоғарыда айтылды.

1977 жылғы жинақта өлең 1957 жылғы жинақ бойынша басылып, сонда берілген түсінік қайталанған.

96) «Әбдірахманға Кәкітай атынан хағ» (1894). «Көзімнің нұрысыз». Бұл өлеңнің тарихы «Тілім, саған айтайын» өлеңіне берілген түсініктеме айтылады.

97) «Қыздарға» (1894). «Қойдан қоныр, жылқыдан торы Бәкен». Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (173-бет). Өлең Тұрағұлдың есінде сақталған. Бұл өлеңнің тарихы туралы Тұрағұл: «Еркежанды алған жылы (1894 ж. – Қ.М.), болыстық алған жылы болыстық сіез қытуға елге шыққанда, Қыздар атты бір құрдасы (1845–1932. – Қ.М.), олақтау адам еді, бейнебір менің әкем бұрын ішсе асқа, кісе киімге жарымай жүрген адамша, қалжыңдаймын деп айтыпты: «Биыл үлкен үйге кірген соң, тойынып, күйленіпсің ғой» деп.

Сол Қыздардың қалжыңына ыза болып, мына өлеңді жазған. Бірталай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап алып, отка салып жіберді. Бір-екі рет оқығандағы жаттап алғанымыз осы-ақ. «Қойдан қоныр, жылқыдан торы Бәкен» дегендегі Бәкен Қыздардың табы (руы. – Қ.М.). Ілекер, Бітімбай, Аталық, Жанкожа – сол таптың Қыздардан бұрын өткен жақсылары. Байұзақ – Қыздардың ағасы. Бірақ бұл кезде тұғырдан түскен адам. Дауылбай – қандыбалалқ ұры. «Айпар жайпар» жегіш, жұтқыш, жалмауыз деген сөздердің мағынасында. Шотқара Қыздармен тектес. Бәкен ішіндегі бір тап, оның Аткожа деген етті, жұғымды адамы болған. Сол сені ақымақтандырып жүр дейді. Досақ Бәкен ішіндегі Қыздардың табы». – дейді Тұрағұл.

Бәкен – шын аты Байбөрі. Шаһкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» дастанында: «Бәкен деп атап кеткен Байбөріні» дейтіні сол Бәкен (Қ.М.).

98) «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» (1895). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік, Халық туралы, 26 бет). Бұл төрт шумақ өлеңінде ел ішіндегі сөз тыңдай білмейті өзімшіл өркеуде, еңбек етпейтін еріншек, шаруаға қыры жоқ қықырларды әйгілеп шенейді.

99) «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» (1895). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік, Халық туралы, 27 бет). Ақынның негізгі басты тақырыптарының бірі еңбек. Бұл өлеңінде де еңбек адам үшін, бүкіл қауым үшін қадірлі іс екенін нәсіпхаттайды. Адам адал еңбегімен ғана ел-жұртына қадірлі.

сыйлы. «Тәуелсіз, талапсыз мал табылмайды». «жатға жүр, жат жерге кет, мал тауыл кел, малың болса сыйламай тұра алмас ел». «еңбек қылмас еріншек адам болмас» дейді.

Еңбектен қашып, құлық-сұмдыққа салынып, сыпайымсып, ел кезіп тамақ асырайтын арамтамақтарды әшкерлеп, аяусыз әжуалап шенейді.

Өлеңнің төртінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (27 бет):

...Ас берер ауыл іздеп жүрсін босқа, – деп басылса.

1977 жылғы жинақта.

...Ас берер ауылды іздеп жүрсін босқа, – деп бұрмаланқырап басылған.

Тоғызыншы шумақтың соңғы төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (27 бет):

...Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып, – деп басылған.

1922 жылғы Қазанда шыққан жинақта (44 бет), 1909 жылғы кітап бойынша:

...Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып, – деп өзгертпей басылған.

Ал, 1922 жылы Ташкентте шыққан жинақты баспаға әзірлеп, дұрыстаушылар (Хател Досмұхамедов, Уәлихан Омаров), өлеңнің осы жолындағы бір сөздің 1909 жылғы кітапта қате басылып кеткенін және сол қате басылған сөздің өлең мазмұнына нұсқан келтіріп тұрғанын байқап, тоғызыншы шумақтың төртінші жолын:

...Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып, – деп дұрыстап бастырған (82 бет). 1933 жылғы толық жинақта (175 бет):

...Антұрғанға қосылмай кел, кет қаңғып, – деп басылып, өлеңнің мазмұны бұзылған.

1939 жылғы жинақта (170 бет):

...Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып, – деп дұрыс басылған және берілген түсінікте: «Мүрсейіттің көшірмелерінде», «ант ұрғанға» дегеннің орнына «кездегенге» деп отырады. Біз Тұрашты (Тұрағылды – Қ.М.) қолдадық» деген (170 бет).

«Біз Тұрашты қолдадық» дегені: 1909 жылғы Абайдың тұңғыш жинағын баспаға әзірлеген Тұрағұл мен Кәкітай Мүрсейіт көшірмелерінде бұрмаланып, қате жазылып кеткен сөздерді баспаға берер алдында түзетіп, дұрыстап берген

болатын Сондықтан «Біз Тұрашты қолдадық» деп өте дұрыс айтылған

1945 жылғы жинақта (167 бет)

Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып, — деп басылып, өлең мазмұны тағы бұзылған Және «антұрғанға» деген Абай сөзінің орнына, Мүрсейіттің «Кезегенгесі» алынған

Берілген түсініктеме «Бұл өлеңнің соңғы екінші шумағының 4 жолы 1933 жылғы Абай жинағында

Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан,

Антұрғанға қосылмай кел, кет қаңғып, — делінген

Соңғы жол Мүрсейітте

Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып, — деп жазылған екен. жоғарғы осыған жуық Ал. 1909 жылғы Көкітай мен Тұраш нұсқасында

Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып, — деп басылыпты 1939 жылғы жинақта осы Көкітай мен Тұраш нұсқасы алынып-ты Бұл жолы

«Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып», болып басылды» деген (438 бет)

Бұндай негізі жоқ түсініктен ешнәрсе түсінуге болмай-ды 1909, 1922 және 1939 жылы дұрыс басылған Абай сөзін ешқандай себепсіз бұрмалап, өзгертіп «Бұл жолы «Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып» болып басылды дегенді қалай түсінуге болады? Бұлай болып басылудың себебі не? Дәлелі қайда?

1954 жылғы жинақта (198 бет)

. Антұрғанға қосылмай, кетсін қаңғып, — деп басылып «Тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша

Антұрғанға қосылмай, кетсін қаңғып, — деп қалдырылды Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында

Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып, — деп көрсетілген деген түсінік берілген (I том, 311 бет)

1957 жылғы жинақта (I том, 175 бет)

Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып, — деп басылған Берілген түсінікте «Тоғызыншы шумақтың ақырғы жолы 1909 жылғы басылуда

Антұрғанға қосылмай, кетсін қаңғып, делініпті Ал бұл жолы Мүрсейіт қолжазбаларында

Кезегенге қосылма, кел кет қаңғып, — делінген екен. Бұл баспасында өлеңнің мағынасына карап, осы екі нұскасын біріктіріп

Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып, деп қалдырылды» (337 бет) десе де, шынында 1933 жылғы жинақта басылған (175 бет) нұскасының қайталанып басылғаны көрініп тұр

1977 жылғы жинақта өлең жолы және түсінік 1957 жылғы жинақ бойынша өзгеріссіз қайталанып басылған

Абай өлеңінің осы бір жолының түпнұсқасын анықтап, ақын сөзін өз калыпына келтіру үшін ең алдымен өлеңнің мазмұнын, яғни ақынның айтқан ойын дұрыс ұғып, дәл түсінуіміз керек

Тоғызыншы шумақтың соңғы екі жолын зер салып, зерттеп оқысақ, Абайдың айтқан ойын дәл түсіне аламыз. Ақын, «Бұрандап жылы жүзін асқа саққандарды «антұрған» деп атап, әжуалап, шенсіді де, оқырмандарын сондай «антұрғаннан» сақтандырып «антұрғанға сен қосылма, антұрған өзінің антұрғандығымен қаңғып кетсін» дейді

Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан.

Антұрғанға қосылма, кетсін қаңғып, — деп оқысақ, Абай сөзі дәл өз калыпына келеді

1909 жылғы кітапта өлең жолының бір сөзі ғана сәл кате басылып кеткен «Қосылма» деген сөз «Қосылмай» болып басылып, «Бір құмалақ, бір қарын майды шіртеді» дегендей, «й» деген жалғыз әріп, өлеңнің мазмұнына нұсқан келтіріп тұр. Осы мұлт кеткен катені көре білген, 1922 жылғы Ташкентте басылған жинақты әзірлеп, дұрыстаушылар, Халел Досмұхаметов пен Уәлихан Омаров, түзетіп

Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан.

Антұрғанға қосылма, кетсін қаңғып, — деп дұрыстап бастырған

Түзетулері нанымды болғандықтан, дау тұғызбайды деп сеніп, түсінік беріп жатуды артық көрген

1933 жылдан бастап, Абай өлеңінің жолы, әр басылымында әр саққа жүгіртіліп басылып келіп, ең соңғы, 1977 жылғы «Ғылым» баспасынан шыққан жинақта

«Бұл басылымында өлеңнің мағынасы карап, екі нұскасын біріктіріп

Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып, — деп қалдырылды» деген (I том, 410 бет) Сөйтіп Абай «кел, кет қаңғып» деген

ауыр сөзді «антұрғанға» емес, жазығы жоқ оқырмандарына арнап айтқан болып шыққан.

100) «**Балапық өлді, білдің бе?**» (1895) Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік, Халық туралы, 27 бет). Көлемі он жол шағын өлеңінде адамның өмір кезеңдерін сөз етіп толғанады.

Өлеңнің бесінші жолы 1909 жылғы кітапта (27 бет):

...Кім біледі байғұстар, – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

...Кім біледі сен көпір, – деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің тоғызыншы жолы 1909 жылғы кітапта:

...Боталы түіе сияқты, – деп басылса,

1977 жылғы жинақта:

...Боталы түіе секілді, – деп басылған.

101) «**Лай сұға май бітпес көй өткенге**» (1895). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5 бөлік, Ой туралы, 47 бет). Бұл өлең акынның дін туралы ойларын толғайтын және өзінің дінге нануымын айқын сипаттайтын өлеңі.

Терең ойшыл өлеңінің басында «шарықтап шартараптан тиянақ таппаған көңіл» күйін, үлкен ақындық тенеумен суреттей келіп, мұсылманшылық дінге тоқтайды.

...Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі.

Өзіне құмар қылған оның әмірі, – деп, ішкі сезім сырын, сенім нануымын баян етіп, Аллаға бас иген шын мұсылмандығын танытады.

Аллаға оның жаратқан пендесінің «ақылы жете алмайды», ақыл оймен білім десе адасады – дейді:

...Хатыкка мақтақ ақылы жете алмайды:

Оймен білген нәрсеміз бәрі – дәһри, – деп түйді.

Абай бұл пікірін «Ғаклиат-ғасдикат» (38 сөз) деген еңбегінде де айтады:

«Алла тағала өлшеусіз, біздің ақытымыз өлшеулі, өлшеумен өлшеусізді білуге болмайды», – дейді.

Аллаға ешбір шүбәсіз, шексіз сенетінін тағы бекітіп айта келіп: «Сонда да оны ойламай тұра алмаймын» деп, ешу ақытта Алланы ойынан шығармайтынын, Құдайға барынша құмарлығын, құмарсыз құрғақ жалбарынуға (баска біреулер сияқты) қанағаттана алмайтынын мәлімдеп:

..Ақылдың жетпегені арман емес,

Құмарсыз құр мұлтуге тоя алмаймын. – дейді. «Мекен берген, халық қылған түп пенді – Құдайды. «Көксемей бола ма екен?!». «Және оған қайтпаксын, оны (түп пенді) ойламай, өзге мақсат ақылға тола ма екен?». –деп өлеңін қорытады.

Ақын бұл өлеңінде Құдайға, дінге көзқарасын жүйелі түрде, ашық, айқын жазған. Бұл өлеңнен қайшылық қарастырудың жөні жоқ.

Бұған дейін: «...ақынның мұсылманшылдығын шартты түрдегі мұсылманшылдық деп білеміз» деуге мәжбүр болғанымыз рас.

Өлеңнің үшінші шумағының соңғы екі жолы 1977 жинақта:

...Халыққа мақтұқ ақылы жете алмайды.

...Оймен білген нәрсенің бәрі-дәһрі, – деп басылса,

1909 жылғы кітапта (47 бет):

.. Оймен білген нәрсеміз бәрі-дәһрі, – деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта (223 бет): Халық деген сөзге – жаратушы, дәһрі сөзіне – дінсіз деп қана түсінік берілген. Бұл сөздердің қай халықтың тілінен кіргені айтылмаған. Дәһри деген араб сөзінің үш түрлі мағынасы бар. Соның бірі ахиретке сенбеуші, құдайсыз, дінсіз.

...Оймен білген нәрсеміз бәрі – дәһри, – деген өлең жолындағы дәһри сөзіне «дінсіз» деп, тура мағынасы бойынша түсінік берілсе (солай беріліп келеді) онда: «оймен білген нәрсенің бәрі – дінсіз» деген ұғым тұдырады, нәрсе дінсіз болып шығады. Сөйтіп ақын сөзінің мағынасы жойылады.

Абай дәһри сөзін «дінсіз» деген тура мағынасында қолданбаған. Ақыл жете алмай, құр оймен ойлап білген нәрсенің бәрі сенімсіз, екі ұшты, күдікті, тиянақсыз, күмәнді деген ойды айту үшін «дәһри» сөзін ауыспалы мағынада қолданғанын тарапып айтып, түсінік беру дұрыс болады.

102) «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (1895). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (5 бөлік. Ой туралы 48 бет). Ақын бұл өлеңінде адамның жаратылысы туралы ойларын, сезім сырын айқындап айта келіп:

«Мені» мен «менікінің» айырылғанын,

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес. – дейді. Яғни, адамның тәні «менікі» өлсе де, жаны «мені» рухы өлмейді деген ой-пікірін білдіреді. Осы осының дәлелі ретінде:

Өлді деуге сия ма, ойландыршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, — деп түйеді. Яғни, адамның өзі өлсе де, оның ақыл-ойы, рухани қазынасы өлмейді деген нанымын айқындап аңғарады.

103) «Әбдірахман өлгенде» (1895) «Арғы атасы қажы еді». Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта, «Құнанбайға Әбдірахман өлгенде» деген тақырыппен басылған (178-179 бет). Ұзақ уақыт қатты ауырып жатқан Әбдірахман 1895 жылы қарашада Алматы қаласында қайтыс болады. Ардақты баласы Әбіштің өлімі, жанкүйер інісі Оспанның өлімінен де ауыр, тағы бір қатын қайғыға батырады. Орны толмас қазаға өзегі өртеніп дерттенген мейірбан әкенің зар-шер жырларын тұтызады.

Әбіш қазасына арналған осы алғашқы өлеңі жоқтау сарынында жазылмаған. Өзінің: «Қайғы келсе қарсы тұр, құдай берме» дейтін қағидасы бойынша жазылған «Арғы атасы қажы еді», — деп бастап, өз әкесі Құнанбайдың барлық жақсы қадір-қасиетін сипаттай келіп:

Олар да тірі қалған жоқ.

Тірлік арты өлмек-ті.

Оны да алды бұт өлім.

Сабырлық қылсақ керек-ті — деп ауыр қайғыны ақылға жеткізіп, өзін өзі жұбатып, дертін дәрмен тапқандай болады.

Өлеңнің бастапқы екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Арғы атасы қажы еді.

Бейістен татқан (?) шәрбетті, — деп басылған.

Осы жолдағы «татқан» деген сөздің өлең мазмұнына нұсқан келтіріп тұрғаны анық байқалады. Абай өлеңдерінің көбін, соның ішінде дәл осы өлеңтің ертеден жатқа білетін Әрхам Кәкітайұлы Ысқаков: «Бейістен татқан» деп кәте басылып кеткен, дұрысы: «Бейістен татқай шәрбетті» болады. Абай әкесін «Бейістен татқан шәрбетті», яғни бейіске (жұмакка) кірген деп кесіп айтпайды, бейістен шәрбет татса екен (татқай), яғни орны жұмақта болса екен деген тілегін айтады, — дейтін еді.

Осы дұрыс берілген түсінік деп білеміз.

104) «Әбдірахман өлгенде» (1895) «Кешегі өткен ер Әбіш». Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (179 бет). Бұл өлеңінде енді Әбіштің өз басының адамдық қасиетін: мінезін, ерекше туысын, өнерін, «ғылымға зеректігін», мейірімділігін.

«боямсыз ақ көңілін». адат азаматтығын сипаттай келіп, акырында: «өлімнен жасқанбай» кеткен рухани ерлігін атап айтып:

Тағдырға тәбділ бола ма.

Сабырлық қылсақ керек-ті, — деп, тағы да өзін өзі жұбату мен тынады.

105) «Әбдірахман өлеңде» ((1895). «Тұт бойын ұят, ар еді». Бұл өлең де ең алғаш 1933 жинақта жарияланған (179-180 бет).

Бұл өлеңінде де Әбдірахманның өз басына ғана тән ерекше жақсы қасиетін шебер суреттейді. Адамгершілігі зор, өнерлі, оқымысты, терең ойлы баласының өмірден ерте кеткеніне қатты тебіренеді:

Замана неткен тар едін.

Сол қалқамды қоймаған — деп, өкінішті мұнын шертіп толғанады.

Өлеңнің бастапқы жолы 1933 жылғы жинақта (179 бет), 1939 жылғы жинақта (177 бет), 1945 жылғы жинақта (174 бет):

Тұт бойын ұят, ар еді, — деп дұрыс басылып келген болса.

1977 жылғы жинақта:

Тұла бойын ұят, ар еді, — деп басылып, өлеңнің көркемдік шырқы бұзылған

106) «Әбдірахман өліміне» (1895). Жырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды. Өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (180-182 бет). Бұл жоқтау өлеңінде Әбдірахманның өмірі, оның бойындағы таудай талап, өнер, білім және зор мағынадағы адамгершілік қасиеттер толығырақ баяндалып жырланады. Өзін «ескінің арты» ретінде бағалап, Әбдірахманды: «жана жолдың басшысы» болатын жас еді» деп өкінішті ащы арманын айтып тебіренеді.

107) «Әбдірахман өліміне» (1895). «Талаптың мініп тұлпарын, тас княға өрледін». Өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (189-190 бет) Бұл өлеңінде бұдан бұрынғы жоқтау жырларында айтылмаған, Әбіштің жақсы қасиеттерін кастерлеп сипаттай келіп: «Ел ішине сау келсең», «Тағлым айтатын ер едің», халқына «жол көрсетіп» барып өлмедің» деп арман етеді. Сөйтіп, Абайдың Әбдірахманды жоқтаған жырлары өз басының ғана қайғысы болып қалмай, жалпы қоғамдық қайғыға айналып отырады.

108) «Әбдірахманға». «Орынсызды айтпаған». Өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта басылған (239 бет). Бұл өлеңнің жазылған жылы белгісіз

Әбдірахманның бойындағы нағыз адамгершілік қасиеттер, өзі үміт еткендей казактың бар жас ұрпағына үлгі-өнеге болады деп білген Сондықтан 1894, 1895, 1896 жылдардан кейінгі уақыттарда, әр кезде Әбішке арнап жазған өлеңі-жырлары аз болмаған. Сондай шығармаларынан сақталғандарының бірі – осы өлеңі. Бұл өлеңінде Әбіштің турашылдығын, кішпейілдігін, бауырмалдығын, тағы да басқа жақсы мінездерін суреттейді. Және жас шағынан орысша оқып білім алып, көп уақыт орыс ортасында болса да, өзінің ұлттық қасиетін, дінін таза сақтаған адамшылдығын атап айтады.

109) «Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы». «Бермеген құлға қайтесін». Бұл өлең де алғаш рет 1939 жылғы жинақта жылы белгісіз өлеңдер ретінде басылған (240 бет). Бұл өзін жұбату өлеңінде:

Өмірін берген Құдайым,

Ажалын да беріпті, – деп, Құдайдың жіберген ажалына амал жоқтығын мойындап, тәубеге келеді.

Әбіштің алдында дүниеден өткен інісін еске алып, оның адамгершілік қасиеттерін Аплатон, Сократ, Хазірет Ғали сияқты тарихтағы ұлы адамдармен салыстыра келіп:

Оспанды алған бұл өлім.

Тәубе қылсақ керек-ті, – дейді.

Сол сияқты, әкесін де еске алып:

«Ескендір, Темір, Шыңғыстай

Мұсылманға атакты», – деп, қастерлеп, бағалай келіп:

Қажыны алған бұл өлім,

Сабыр қылсақ керек-ті, – деп, тәубеге келеді

110) «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы». Өлең бірінші рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (241-242 бет). Әбдірахман сияқты асыл жарынан айырылған жас келіні Мағыштың (шын аты Мағрифа, – Қ.М.) ауыр қайғыны көтере алмай, Құдайдан өлім тілеп өксіген, аса аянышты хәлі Абайға қатты батады. Аяулы келін баласына жоқтау айтып, ауыр қайғысын аз да болса жеңілдетпек болып, ұзақ өлең жазып, сабыр етуін тілеп, ақылын айтып:

Жылама, Мағыш, жылама.  
Алладан өлім тілемі!  
Қолдан ұшқан ақ сұңқар  
Қайта келіп қонбайды. – дейді.

111) «Әбдірахманның әйелі – Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау». Бұл ұзақ жоқтау өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (243-246 бет). Абай қайғылы келініне жоқтау айтып өлең жазса, өзіне жоқтау өлең шығарып беріп жұбатпақ болса да, Мағыш қатын қайғыдан айыға алмайды. Әбіштің жылына жетпейі Мағыш та қайтыс болады

112) «Оспанға», «Кешегі Оспан атасы кісінің малын жемепті». Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (180 бет). Бұл өлеңінде де Әбдірахманның қайғысына шалынып, Оспанды есіне алады да: «Оны да алған бұл өлім, сабырлық қылсақ керек-ті», – деп өзін өзі жұбатады

113) «Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай» деп басталатын өлең «Ғылым» баспасынан шыққан 1977 жылғы ең соңғы жинақта. «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» деп аталып басылған (1 том, 246-247 бет).

Абайдың бұл өлеңіне ешбір дәлелсіз ат қойып, айдар тағып: «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» деген – ақылға қонбайтын, ойжота айтылған, негізсіз жайдақ сөз. Баласы өлген белгісіз бір әйелге Абай жоқтау жыр шығарып берген деген бос сөз ешкімді де итандыра алмайды

Бұл өлең алғаш 1933 жылғы жинақта «Әкімбай өлгенде» деп аталып, «жылы белгісіз өлеңдер» ретінде басылған (232-233 бет). Өлеңге түсінік берілмеген

1939 жылғы жинақта да «Әкімбай өлгенде» деп аталып басылған (235-236 бет) Берілген түсінікте: «Әкімбай өлгенде» деген өлең дәлді Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ, басқа бір жақынының өліміне арналған ба, осы күнге дейін анық емес. Әкімбай – өз баласы, Ділдәдан туған Бұны Ыскак асырап алып, соның қолында жүргенде жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда, өзінің етбауыр жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан айтушылар Әкімбай деп ұйғарды деген» (275бет).

1945 жылғы жинақта да «Әкімбай өлгенде» деп, «жылы белгісіз өлеңдер» ретінде басылған (261-262 бет) «Әкімбай (1865-

1874) Ділдәдан туған. Абайдың баласы » деп түсінік берілген (487)

1954 жылғы жинақта «негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер» ретінде, тақырыбы аталмай, түсінік берілмей басылған (2 том, 143 бет)

Ал енді 1957 жылғы жинақтағы өлеңге «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» деген ойжота тақырып беріліп, 1895 жылы жазылған өлең ретінде басылған (1 том, 195-196 бет)

Берілген түсініктеме «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» («Көз жұмғанша дүниеден») Кейбір баспаларда «Әкімбай өлгенде» деген атпен басылды. Бірақ өлеңнің Әкімбайға, не басқа біреуге арналып шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай – Ділдәдан туған. Абайдың баласы Әкімбай бала кезінде 9 жасында қайтыс болған (1865-1874). Ал өлеңнің мазмұнына қарағанда, ересек, жігіт боп қалған адамға арналған сияқты» – деген (340 бет), ешнәрсе түсініп болмайтын «түсінік» берілген.

Өлеңге «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» деп тақырып берудің себебі қайсы, дәлелі қайда? Осы мәселеге түсінік берілуі керек емес пе?

Сөйтіп, Абайдың «Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай» деп басталатын Көлемі 40 жол жоқтау өлеңінің жазылу тарихы неше сәтқа жүгіртіліп келіп, ақыры Абай баласы өлген ойелге жоқтау шығарып беретін жыршы болып шыққан.

Мұхтар Әуезовтің «Тегінде Абай шығармаларының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша бабайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз», – дейтіні, – Абай шығармаларын зерттеу ісінде осындай шалағайлықтың, ойланбай айтылған өрескелдіктің, жауапсыздықтың салдыры екенін айтқаны.

1977 жылғы жинақта «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» («Көз жұмғанша дүниеден») Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы басылымына кіргізілген деген түсінік дұрыс емес. Шынында өлеңді ең алғаш Мұхтар Әуезов 1925 жылы «Таң» (Семей) журналының екінші санында (73-74 бет) жариялаған. Өлеңнің басында «Абайдың жарияланбаған өлеңдері. Бір немере інісі өлгенде айтқан», – деп анық, айқын түсінік берген.

Абайдың өз інісінің өліміне арнап жазған жоктау өлеңін 1957 және 1977 жылғы жинақтарда «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоктау» деп беруі шектен шыққан өрескелдік деменгенде, не дейміз?

«Көз жұмғанша дүниеден» өлеңін. 1925 жылы, «Таң» журналында жариялағанда Мұхтар «Бір немере інісі өлгенде айтқан» деп қана қысқаша түсінік беріп, ол інісі кім, кімнің баласы екенін атамаған

1940 жылғы жинақтың (2 том) «Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар» деген бөлімінің «Абай жайында Мәдиар, Қатпа, Әрхам т.б. айтқан әңгімелер» деп аталған тарауында «Көз жұмғанша дүниеден» өлеңінің кімге арналғаны туралы Мұхтар былай дейді: «Ән. дауыс сияқтыны Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен. Тәңірбердінің Мақұлбай деген баласы өлгенде Әйгерім Абай үйретіп берген дауысты айтып жүріпті» (291 бет)

Сөйтіп, өлеңнің 1933, 1939, 1945 жылдардағы жинақтарда, «Әкімбай өлгенде» деп аталғаны және 1957, 1977 жылғы жинақтарда «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоктау» деп аталып басылуы мүлдем дұрыс емес

Абай бұл өлеңді өзінің ағасы Тәңірбердінің (Тәкежанның) Мақұлбай деген баласының өліміне арнап жазған

Мақұлбай – Тәңірбердінің Қаражан деген екінші әйелінен туған ұлы

Мақұлбай ақылды, шешен, жақсы мінезді азамат болыпты. Осындай адамшылық қасиетін ұнатқан Абай, жақсы көретін інісі қайтыс болғанда, қатты қайғырып, жазған өлеңінде

Орамды тілді ауыздым,

Ақылға жүйірік маңыздым

Көп жасамай тез кетіп,

Көзімнің жасын ағыздың, – дейді

Мақұлоай 1869 жылы туған, 1891 жылы 22 жасында дүниеден өткен. Артында екі әйелі қалған, екеуінен де бала болмаған. Абайдың

Артына белгі қалдырмай,

Жал-құйрығын келте алды, – дейтіні де сол

Жоктау өлеңінде

Ата тегін мұндағы –

Орта жүздің ұлығы

Ана тегің ондағы –  
Өзен судың тұнығы.  
Екі асылдан қосылған  
Сом алтынның сынығы.  
Өлгенше естен қалмайды  
Өзгеші біткен қылығы, – деген сөздер бар.

«Ата тегің мұндағы» деп Құнанбайды айтса. «Ана тегің ондағы» деп Мақұлбайдың нағашысын – шешесі Қаражанның төркіні Кенжеғұлды айтады. Кенжеғұл найман ішінде Сыбан руының беделді адамы, белді білі болған. «Біржан – Сара айтысында Сараның аузынан айтылған өлеңде:

Кенжеғұл қазақ жетпес баласына

Төрт арыс билік айтқан арасына. – дейтін Кенжеғұл сол.

Мақұлбай өлімі. Абайдың оған арнап жоқтау жыр шығарғаны «Абай жолы» романында да суреттелініп жазылған («Еңісте» тарауы). «Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай!» өлеңінің жазылу тарихының шындығы осындай.

Өлеңнің тоғызыншы, он екінші, он үшінші және он төртінші жолдары «Таң» журналында (73 бет):

Ием қабыл алды-ау деп...

Күнәлі көңіл түйтпеді-ай

Ата тегің мұндағы

Ана тегің ондағы. – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Ием қабыл алды-ақ деп

Күнәлі көңілім түтпеді-ай

Ата тегі мұндағы

Ана тегі ондағы. – деп бұрмаланып басылған.

114) «Махаббат, достық қылуға, кім де болса тең емес» (1896). Бұл екі ауыз өлең 1909 жылғы кітаптың «Переводтар» деп аталған 15 бөлігінде «Перевод Лермонтовтан» деген өлеңдер тобында (80 бет).

1933 жылғы жинақта (186 бет) «Лермонтовтан» деп аталып басылған.

1940 жылғы жинақта 1933 жылғы жинақ бойынша басылған (99 бет). Берілген түсініктеме. «Бұл өлең қолжазбаларда Лермонтовтан делінген, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударылғанын анықтауға болмады, – делінген.

1945 жылғы жинақта (183 бет): «Махаббат, достық қытуға» деп аталып басылған (183 бет), Лермонтовтан делінген. Берілген түсінікте: «...қолжазба Лермонтовтан делінген. Бірақ дәл қай шығармасынан аударылғанын дәлелдеу қиын. Түбінде бұл өлеңнің аударма қатарына жатуы күмәнді» деген (442 бет).

1954 жылғы жинақта (2 том, 77 бет) басылған, ешқандай түсінік берілмеген

1957 жинақтың 2 томында (Аудармалары Басылған, 102 бет). Берілген түсінікте: Мүрсейіт қолжазбаларында Лермонтовтан делінген. Соған қарағанда бұл өлең «Ғашықтық іздеп таптыманың» екінші варианты сияқты. Бірақ Лермонтов текстінен тым алшақтау. Тегінде мұны аударма қатарына қоспай, Абайдың өз шығармасы деп санаған жөн», – деген (236 бет).

1977 жылғы жинақта бұл өлең Абайдың өз шығармасы ретінде басылған.

115) «Малға достық мұны жоқ малдан басқа» (1896). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы, 28 бет). Бұл өлеңінде: малдан басқа мақсаты жоқ, ардан кешкен ашкөз, тойымсыз, комағай, құлқынның құлдарының топастығын өткір сынмен әшкерелейді «Өзі шошқа, өзгені іт деп ойлайтын» онбағандарды ащы әжуалап, оңдырмай түйіреп, әйгілеп береді.

Патшалық отарлаудың зұлымдық саясатты тудырған, осындай онбаған, адамгершілікке жат жексұрын мінездерді жеріне жеткізе шөней отырып, еңбек елін адамгершілікке шақырып:

Үш-ак нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – дейді.

116) «Тугызған ата, ана жоқ, Тугызарлық бала жоқ» (1896). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы, 28 бет). Бұл үш шумақ шағын өлеңінде «Сұм заманда» азғындауға айналған ортаның мұнын толғайды. Өлеңнің екінші шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (28 бет). 1939 жылғы жинақта (182 бет) және 1945 жылғы жинақта (178 бет).

Толайын десе шара жоқ, – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Толайын десе шара жоқ, – деп бұрмаланып басылған.

117) «Бір сұлу қыз тұрышты хан қолында» (1896) Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы, 28-29 бет). Бұл өлең казак әйелінің өмірдегі аянышты бір кәліне

арналған. Өлеңнің бастапқы екі шумағы аңыз тәрізді уақиғаға арналып:

Етімді шал сипаған құрт жесін деп.

Жартастан қыз құлапты терең суға, – деп аяқталады.

Шалға тигісі келмеген жас сұлудың өлімге бас байлаған трагедиясы өлеңге кіріспе ретінде баян етіледі. Одан әрі малға сатылып, бай шалға еріксіз кететін жас әйелдің көрі күйеумен өтетін өкінішті өмірін суреттейді. Жас әйелді арылмайтын қайғы-қасіретке душар ететін пасық байларды «есерлер» деп таңбалалап, хайуанға теңеп шенейді. Әйелдің қайғылы хәліне адамгершілік және нағыз сыншылдық тұрғыдан карап, қазақ әдебиетінде тұңғыш сөз еткен акын Абай ғана екенін көреміз

Өлеңнің сегізінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (29 бет) және 1945 жылғы жинақта (180 бет):

...Дастарханның байлығын мактан көрсен, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Дастархан мен катынды мактан көрсен, – деп мүлдем бұрмаланып басылған. Акынның дұрыс тұрған сөзін бұрмалау себебі айтылмаған.

118) «Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5 Бөлік. Өзі тұраты. 48 бет). «Бұл өлеңді Абай өзінің балалары: Тұраш. Мағауия сағатты өлең қылып жазамыз деп жүргенде жазыпты». (1945 жылғы жинақ. 441-442 бет). Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (48 бет).

...Махаббат жок, тұрлау жок, келді, кетті, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Тиянақ(?) жок, тұрлау жок, келді, кетті, – деп бұрмаланып басылып, өлең мазмұнына нұсқан келтірілген. Абайдың «махаббат» деген сөзін алып тастап орнына «тиянақ» деген сөзді әкеліп қоюдың себебін дәлелдейтін түсінік берілмеген. Өлең жолында тиянақ мағынасын беретін «тұрлау» деген сөз тұрғанда, акынның «махаббат» деген сөзін өзгертіп, «тиянақ» деу ақылға қонбаса керек.

Сол сияқты өлеңнің үшінші жолының бастапқы жолы, 1909 жылғы кітапта:

Өткен өмір хабары – осы сыбдыр, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Өткен өмір белгісі (?) – осы сыбдыр. – деп бұрматанып басылған.

Сөйтіп өлең мазмұны тағы бұзылған.

Абай сағаттың сыбдырын құлаққа естілетін «хабар» деп дәл суреттеп берген болса, оны орынсыз өзгертіп, «хабарды» алып тастап, оның орнына «белгі» деген сөзді әкеліп қою, яғни, сағаттың құлаққа естілетін сыбдырын (дыбысын) көзге көрінетін нәрсеге айналдырып: «белгі» деп беру ешқандай ақылға қонбайды.

119) «**Көңіл құсы құйқы, жыр шарғарапқа**» (1896). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2 бөлік, өлең туралы, 33 бет). Бұл акынның ән өнеріне арналған өлеңі. Өз халқының ән өнерін өзгеше ыстық көңілмен сүйген Абай, әннің ерекше қасиетін сүйсіне сипаттап, жырлайды.

Адамды көп уайымнан, ауыр қайғы-қасіреттен айықтырып, сезімін сергітіп, қуат беретін қазақ әнінің құдіретін ерекше жоғары бағалап суреттейді. Әнді: өзінің ойына, акындық өнеріне қанат бітіретін сенімді серігі деп біледі. Бірақ терең ойлы, нәзік сезімді, шыншыл акын әннің бәріне бірдей бас не бермейді, сын көзімен қарап бағалайды: «Әннің де естісі бар, есері бар...», – дейді.

Қазақ әнінің тек өзіне ғана тән, ерекше қасиетін

Көбінесе ән басы келеді ашы.

«Кел тыңда!» деп өзгеге болар басшы, – деп, айқындап, атап айтып береді

Ән өнерін үлкен эстетикалық ойшылықпен Абайша көркем суреттеп сипаттау қазақ поэзиясында болған емес.

120) «**Адамның кейбір кездері**» (1896) Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы, 38 бет). Бұл өлеңінде акындық өнер туралы толғайды. Акындық – «Табиғат сыйы, Құдайдың берген сыйы», «Тәңірінің берген өнері» дейді.

Акындық шабыты келген шақтағы акын бейнесін суреттейді. Жайшылықта көптің бірі боп жүретін акынның шын шабыты келген кезде шарқ ұрып, шығандап кететін шақтағы ерекше бір құдіретті тұлғасын сипаттайды. Шабыт үстіндегі көрегендігін бүркіттің қырағылығына теңеп.

Қыранша қарап Қырымға,

Мұн мен зарды қолға алар.

Кектеніп надан зұлымға,

Шыыршық атар, толғанар. – дейді

Надандыққа, зұлымдыққа - барлық жаманшылыққа қыранша шүйіліп, тайсатмай, жалтармай аяусыз әшкерлеп, өз үкімін айтады.

Қазақ әдебиетінде. Абайдан бұрын, акынға немесе ақындық өнерге арнап өлең жазған адам болған емес.

Өлеңінің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (38 бет), 1933 жылғы жинақта (183 бет), 1939 жылғы жинақта (183 бет) және 1945 жылғы жинақта (178 бет):

...Кірлеген жүрек өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай, – деп дұрыс басылған.

Ал, 1977 жылғы жинақта

...Кірлеген жүрек өзі үшін (?), – деп басылып, өлеңнің мазмұны бұрмаланып бұзылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (38 бет) және 1939 жылғы жинақта (183 бет).

... Қуаттан, ойдан бас құрап

Еркеленіп шығар сөз, – деп дұрыс басылған. Акын бұл арада сөздің екі нәрседен: қуаттан, ойдан құралып шығатынын айтып отыр. Абай ақындық өнерді: «Қуат, Құдайдың сыйы», деп атаған (Толық жинақ, 1933 жылы, 388 бет).

1977 жылғы жинақта:

... Қуатты ойдан (?) бас құрап... – деп басылған. Өлеңнің мазмұны мүлдем бұрмаланып, бұзылған.

121) «**Көк ала бұлт сөгіліп, Күн жауады кей шақта**» (1896). Бұл екі шумақ өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (189 бет).

122) «**Рахымшалға**». «**Сұлу аттың көркі жал**» (1896). Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған. «... Өлеңді Абай Көжекбай дегеннің баласы Рахымшалға айтқан. Рахымшал жасында бос, болжыр екен және бала үйінде тәрбиесіз болған. Абай өз балаларына жаман үлгі беретін болған соң Көжекбайды қасынан көшірген. Бір жолы кешке дөң басында отырып, соның осындай бір мінезін көріп айтыпты Көжекбайды Абай өз қасында ұстап, асырап отырған (Абай шығармаларының толық жинағы, 1945ж, 443 бет).

123) «**Қатыны мен Масакбай**» (1896) Бұл өлең де тұңғыш

рет 1933 жинақта басылған (189 бет) Бұл өлеңді Абай Масакбай мен катыны атынан айтқан Масакбай Абайдың інісі Ысмақтың ауылдасы екен, әйелімен екеуі ұрсыса береді екен (1945 жылғы толық жинақ, 443 бет).

Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолы 1933 жылғы жинақта (189 бет) және 1939 жылғы жинақта (190 бет).

...Бүксіітіп, бықсыйтып, қоксыйтып келтірді, – деп басылған.

1977 жылғы жинақта.

Бүксітіп,

Бықсытып,

Қоксытып келтірді, – деп басылған. Түсінік берілмеген.

Үшінші шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Ас қылып бергенге

Шыдамсыз, сабырсыз, – деп дұрыс басылса.

1977 жылғы жинақта.

Шыдамас сабырсыз, – деп басылып, бұрмаланған.

124) «Күйісбайға» (1903). «Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға» Бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жинақта басылған (230 бет) 1945 жылғы жинақта бұл өлеңнің жазылу тарихы тураты: «Күйісбайдың туысқаны Серікбай деген кісі Көтібак, Әбілхайырдың бір айғырын ұрлайды Абай Күйісбайға сол айғырды тапқызып бер десе, орындай қоймапты. Айғырды бермей сөзбұйдаға сала берген соң айтқан екен. Күйісбай бұдан соң айғырды таптырып берген», – делінген (455 бет).

125) «Дүйсенқұлға». «Саудай-ай сауды алмадың-ау, сырқауды алып». Бұл бір ауыз өлең де алғаш 1933 жинақта «Мырзағұлға» деп аталып, жылы белгісіз өлеңдер қатарында басылған (231 бет). 1939 жылғы жинақта да белгісіз өлеңдер қатарында. «Дүйсенқұлға» деген атпен басылған (233 бет). Өлеңге берілген түсінікте: «саудай-ай сауды алмадың-ау» деген өлеңді бұдан бұрынғы баспада «Мырзағұлға» деп басып едік. Дәліінде ол Мырзағұл емес, соның ағасы Дүйсенқұлға арналған екен. Бұл Абайдың Жакып деген ағайынының күйеуден қайтып келіп отырған ауру қызын алса керек. Және катын тастағанда қыз алмай, ылғи байсыз отырған катынды алады екен. Сондай жайларына мысал етіп айтқаны», – деген (275 бет)

126) «Разакқа». «Мына үйде отыр Разак». Бұл өлең алғаш

рет 1933 жинақта, жылы белгісіз өлеңдер катарында, басылған (232 бет). 1939 жинақта: «Мына үйде отыр Разак» деген өлеңді Разак деген жігітке айтқан. Бұл Абайдың аймағындағы кожалар ауылының жігіті. Ол бір жылы Абай ауылына келіп, Абайдың өз үйіне бармай, өз құрбысы Әубәкірдікіне (Әубәкір – Ақылбайдың баласы, Абайдың немересі – Қ.М.) қонақ болып отырады. Сонда айтқан «Үлкен қожа» – Әуез» деп түсінік берілген (275 бет).

127) «Көк тұман алдындағы келер заман» (1897). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6 бөлік Нәсихат туралы, 55 бет). Бұл өлеңінде заман ағымы, адам өмірі жайындағы ойларын толғайды.

Бұдан екі жыл бұрын 1895 жазған «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңіндегі. «Мені» мен «менікінің» айтырылғанын. Өлді деп ат қойыпты өңкей бітмес. – деген ой пікірін мына өлеңінде:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі.

«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан.

«Менікі» өлсе өлсін, оған беки. – деп таратып, анықтап айтып, ұғындырып береді.

Терең ойлы, кең мағыналы бұл өлеңінен: Абайдың діндік нанымын, адамгершілік зор қасиетін айдан анық көреміз.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы екі жолы 1909 жылғы кітапта (55 бет).

Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бас,

Келер, кетер, артына із қалдырмас, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Ол күнде өткен күнмен бәрі бір бес (?)

Келер, кетер артына тұқ қалдырмас, – деп мүлдем бұрмаланып басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта

Әділет пен арлылық, махабатпен, – деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Әділеттілік, арлылық, махабатпен деп бұрмаланып басылған.

Осы төртінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

.. Ой жолдасын қабірден әрі өткенде, – деп басылған.

1922 жылғы (Қазан) жинақта (113 бет) және 1922 жылғы (Ташкент) жинақта (130 бет); 1909 жылғы кітап бойынша

.. Ой жолдасың қабірден әрі өткенде, – деп басылған. Одан кейінгі жинақтарда: 1933 жылғы, 191 бет, 1939 жылғы, 193 бет, және 1945 жылғы жинақта (190 бет).

.. Үй жолдасын қабірден әрі өткенде, – деп өзгертіліп басылған. Өзгерту себебі айтылмаған.

Ал. 1954 жылғы жинақта (2 том, 24 бет):

...Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, – деп басылған. Бірақ берілген түсінікте, «Үш жолдасың» деп басылды туралы еш нәрсе айтылмаған (263-264 бет) 1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта

.. Үй жолдасың қабірден әрі өткенде, – деп басылған. «Үй жолдасың» деп басылу себебі туралы түсінік берілмеген.

1909 жылғы жинақта және 1922 жылғы жинақтағы «Ой жолдасың, ..» деген сөздер өлең мазмұнына қабыспай тұрғаны байқалады.

Одан кейінгі жинақтарда (1933-1977): «Үй жолдасың...» деп басылуы ақылға тіпті қонбайды.

Ақын бұл арада үйдегі (тірі кездегі) жолдас болатын нәрсе туралы айтып отырған жоқ. Өлгеннен кейінгі ахиретке бірге баратын жолдас туралы: «.. жолдасың қабірден әрі өткенде» дейді. Сондағы жолдас болатын нәрселерді «Әділет, ар, махаббат» деп адамшылықтың үш сипатын айтып береді. Өлеңнің идеялық мазмұнын осылайша түсініп, «ой, үй» деген сөздер баспа қатесі деп біліп, «ой, үй» деген өлең мазмұнына қыспайтын сөздердің орнына, өлең мазмұнына сай келетін «үш» деген сөзді қолданып:

Әділет пен артылық, махабатпен.

Үш жолдасың қабірден әрі өткенде, – деп оқысақ, ақын сөзі өзінің дұрыс қалпына келеді деп білеміз.

Өлеңнің төртінші шумағына жатғаса келетін «Матға сат, пайдаға сат қылығыңды» деп басталатын, 1909 жылғы жинақтан бастап, 1957 жылғы жинаққа шейін басылып келе жатқан бесінші шумағы, 1977 жылғы жинақта «жасөспірім замандас қапа қылды» өлеңінің соңына тіркеліп басылған өрескелділік жайында жоғарыда жазылды

Өлеңнің алтыншы шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (55 бет)

Тән катып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Соны ойла, болады не сенікі? – деп дұрыс басылған болса,  
1977 жылғы жинақта:

Сонда (?) ойла, болады не сенікі. – деп бұрмаланып  
басылған, яғни, «Сонда ойла» – өлгеннен кейін ойла деген  
мағынасыздыққа айналған.

Сол сияқты сегізінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы  
кітапта:

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек, – деп дұрыс басылса,  
1977 жылғы жинақта:

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек, – деп басылған.

128) «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» (1897). Өлең  
1909 жылғы жинақта басылған (6 Бөлік, Нәсихат туралы, 55  
бет). Бұл өлеңнің бастапқы жолы Лермонтовтың «Не верь хва-  
лам и уверениям» деп бастататын өлеңіне ұқсайды, бірақ онда  
ғашықтың жайы сөйленсе, Абай жалпы адамгершілік, әділет  
жайында сөйлейді. Аударма емес» (1945 жылғы жинақ, 444  
бет).

129) «Алла деген сөз жеңіл» (1897). Өлеңнің бастапқы екі  
шумағы 1909 жылғы кітапта басылған (5 бөлік, Ой туралы, 48  
бет).

«Ақылға сыймас ол Алла» деп басталатын Қалған екі  
шумағы 1939 жылғы жинақта қосылып басылған (196 бет). Бұл  
негізінде, көлемі төрт шумақ бір-ақ өлең. Соңғы екі шумағының  
1909 жылғы жинаққа кіргізілмей қалуының нақты себебі бел-  
гісіз.

Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай Ысқақұлы  
былай дейді: Абай «Әсіресе Ихтықатқа бек мақкам еді. Не  
іс қылса да, не нәсихат айтса да, мынау Құдайшылыққа жөн,  
бүйтсе адамдыققа жөн дсущі еді. Ғибадаттың ең үлкені көңілдің  
тазалығы, адам баласына жаныашырлық дсущі еді. Сыртымен  
софысынып, тақуасынған кісіні қатты ұнатпаушы еді. Мұндай  
адамдар халық үшін ғибадат қылады. Халықпен шын көкірегі  
емес, қара жұртқа құрметті болмақтан басқасы жоқ дейтін.  
Құдайға шын көңілмен ғибадат қылған кісі хафиа<sup>11</sup> қылады деп,  
бұл туралы айтқаны

Алла деген сөз жеңіл.

<sup>11</sup> Хафи (арабша) Құпия деген мағынада. – Қ.М.

Аллаға ауыз жол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл –  
Өзгесі хакка жол емес.

(Абай Ибраһим Құнанбай ұғлының өмірі. «Қазак акыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлені». С-Петербург, 1909г., 106 бет).

«Ақылға сыймас ол Алла» дейді. Бұл ой-пікірін 38-сөзінде анықтап: «Алла Тағала өлшеусіз. Біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды». – деп ашып айтып берген.

Ақыл жетпейтін Алланы, түстеп таныстыруға (тағрипка) тіл де жетпейді:

Тағрипка тілім қысқа, ah! – деп өкінгендей болады.

Алланың бар екендігіне шүбә жоқ. «Барлығына шүбәсіз», өзі бар (мәужүд) нәрсеге қуә қажет емес:

Барлығына шүбәсіз

Неге мәужүд ол куә. – дейді.

Алланың барлығын ақыл да, адамның сезім мүшелері де (хауас) білмейді, тек жүрек сезеді:

Ақыл мен хауас барлығын,

Білмейдүр, жүрек сезедүр. – дейді.

Сөйтіп Алла туралы өзінің ой пікірін тұжырымдап, қорытып айта келіп, Алланың дінді өздерінше дәлелдеуші (мүтәкәллимін) мұсылман-теолог ғалымдарын, логикашыларды (мантыйкип) қатты сенейді.

Мүтәкәллимін мантыйкин

Бекер босқа сездүр. – дейді.

Өленнің алғашқы шумағының екінші жолы:

...Аллаға ауыз жол емес. – деп, төртінші жолы

...Өзгесі хакка жол емес – деп 1909 жылғы кітапта (48 бет).

«жол», «жол» деген сөздердің орны ауысып, қате басылып кеткен. Сол кітаптың соңында басылған Абай өміріне арналған мақаласында Кәкітай өленнің алғашқы шумағынын дұрыс нұсқасын:

Алла деген сөз жеңіл.

Аллаға ауыз жол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл

Өзгесі хакка жол емес. –

деп Абай сөзін дәл берген (106 бет).

Осы өлең шумағының екінші және төртінші жолы 1977 жылғы жинақта және одан бұрынғы жинақтарда:

...Аллаға ауыз жол (?) емес.

...Өзгесі хаққа қол (?) емес. – деп дұрыс басылмаған.

Бұдан 70 жыл бұрын (1923) Ілияс Жансүгіров. «Абай кітабы» атты мақаласында, 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан (3 басылуы) Абай жинағында кате басылған сөздерді көрсете келіп.

Алла деген сөз жеңіл.

Аллаға ауыз жол емес.

Ынтаты жүрек, шын көңіл,

Өзгесі хаққа қол емес.

Бұл екі жолдағы «қол» мен «жол» айырбасталып түскен. Абайдың бұл жыры кітаптың (1909 жылғы кітап. – Қ.М.) бастапқысында (кітаптың соңында басылған Кәкітай мақаласын айтады. – Қ.М.) дұрыс жазылған, кейін бұрмаланды. түзетілмеген. – деген еді («Тілші» газеті, 1923 жыл, 8 май, Алматы) Сонан бері осы күнге шейін түзетілмей басылып келе жатыр.

Өлеңнің үшінші шумағының төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

...Неге мәужүт ол қуа. – деп дұрыс басылмай, бұрмаланған.

Дұрысы:

...Неге мәужүд ол қуа. болады. Сол сияқты төртінші шумақтың бастапқы екі жолы:

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдүр жүрек (?), сездүр. – деп, тыныс белгісі дұрыс қойылмай басылғандықтан, өлең мазмұны мүлдем бұзылған. Тыныс белгісі «білмейдүр» дегеннен кейін, «жүректің» алдында қойылуы керек еді.

130) «Құр айғай бақырған, құлаққа ән бе екен?» (1897). Бұл екі ауыз өлең тұңғыш рет. Самат Әбішұлы Нұржанов бастырған: «Абай термесі» (Орынбор. 1916) атты жинақта жарияланған, одан кейін 1933 жылғы жинақта басылған (195 бет).

Өлеңнің екінші шумағы 1977 жинақта:

Өңкей надан антұрған

(Қанша айтса, жан ба екен)

Бос жүріп, қор қылған  
Өміріне сән бе екен? – деп басылған.  
1933 жылғы жинақта (195 бет):

...Бос жүріп құр қылған  
Өмірі кән бе екен? – деп басылған. («Сән бе екен» деген бірінші шумақта айтылған»). «Абай термесінде»:

Өңкей надан антұрған  
Не десе де жөн бе екен?  
Бос жүріп құр қалған  
Өміріне сән бе екен?, – деп басылған («Сән бе екен» деген бірінші шумақта айтылған). «Абай термесінде»:

Өңкей надан антұрған  
Не десе де жөн бе екен?  
Бос жүрсін құр қылған  
Өміріне сән бе еке? – деп басылған. Бұл өлең текстологиялық зерттеуді қажет етеді.

131) «Мен сөлем жазамын, Қарағым, қалқама» (1897). Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (195-196 бет): «Өзі әнмен айтылған өлең болуға тиіс. Кімге, не жайында жазылғаны белгісіз» (1945- жылғы жинақ, 446 бет)

132) «Соры қатың соққы жеген пышанамыз» (1897). Бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (196 бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл: «Дала уәлаяты» газетіне менің әкемді әкесіне ас бермеді деп жамандап, Кереку жағының біреуі: «Атадан бала туса игі, ата жолын құса игі» деп жазған. Сондайлардың мінезіне айтқан», – дейді.

133) «Ғабдиллоға» (1897). «Жазғұтұрым қылтқан бір жауказып». Өлең 1933 жылғы жинақта жарияланған (196 бет). Бұл өлеңді өз ауылындағы татар Ғабитқанның баласы Ғабдолла деген жігітке айтқан. Ол бір уақыт сауда істеп, мал тапқанына мастанып, білгіш кісіміп, қалай болса солай шалқып, сөз таластыра береді екен. Асып-тасып алған кезеңде – Абай, Абай дейсіңдер, осы Абайтарың кім өзі, – депті.

Соны естеген соң, ызыдан туған өлені. Сол кезде Ғабдолла отыз жастағы жігіт екен. Онын әңгімесінің ішінде болып, астамшылық сөзін естіп отырған. Абайдың он алтын жастағы немесері Әубәкір (Ақылбайдың баласы), қолма-қол суырып салып, Ғабдиллоға:

Ит ылықса, болса тоқ,  
Танымайды иесін  
Борбайыңды көтеріп,  
Өр бұтаға иесін.  
Екі ені бар айғыр да  
Таныпды ғой иесін.  
Тыныш жатқан кісіге  
Өзің келіп тиесін, – депті.

«Ғабидоллаға» деген өлең тұңғыш рет «Абай термесі» жинағында басылыпты. Өлеңнің бастапқы шумағының бесінші жолы «Абай термесінде»:

...Күз жеткен соң тамырын үстік шалып, – деп басылыпты.

1977 жылғы жинақта:

...Күз келген соң тамырын үтек шалып, – деп басылған.

134) «Құлактан кіріп бойды алар» (1897). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2 бөлік, Өлең тураты, 34 бет). Бұл акынның ән мен күйге арналған екінші өлеңі. «Құлактан кіріп бойды алар, жаксы ән мен тәтті күй» деп бастап, ән мен күйді тыңдап, тамаша етуші ғана емес, өзі құмартып сүйген «жаксы ән мен тәтті күйден» зор күш-қуат алатыны, музыка өнерінің әсері акындық шабытына шабыт қосып, шалқытатын қасиетін айтып, жыр толғайды.

Терең ойлы, сергек сезімді, ұшқыр князды данышпан акын бұл өлеңінде ән мен күй өнерінің барлық қасиетін көркем сөзбен, жеріне жеткізіп, суреттеп берген.

135) «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» (1897) Бұл үш шумақ өлең ең алғаш 1940 жылғы жинақта (2 том, аудармалары мен қар сөздері, 108 бет), Ю. Лермонтовтан аударған «Қасиетті дұға» атты өлеңнің соңғы үш шумағы ретінде басылған. Берілген түсінікте: «... Өлеңнің басқы он екі жолы Лермонтовтың «В минуту жизни трудную» деп бастататын («Өмірден тепкі көрсем жазығым жоқ») өлеңінің аудармасы: Ал өлеңнің «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» деген жерінен бастап, қалған он екі жолы Абайдың өзіне тән өлеңі көрінеді. Лермонтов өлеңінде айтылған ой-пікірді қосымша өлеңдерімен Абайдың өзінше толықтырғаны байқалады» (262 бет) деген

1945 жылғы жинақта (198 бет), 1954 жинақта (2 том, 38 бет) және 1957 жылғы жинақта (2 том, 112 бет) «Қасиетті дұға»

(Лермонтовтан) деп аталып, 1940 жылғы жинақ бойынша басылған.

Тек 1977 жылғы жинақта «Ерскше естен кетпес қызык кайда?» деп басталатын үш шумағы Абайдың өз өлеңі ретінде басылған. Берілген түсініктегі: «... 1957 жылғы жинақ бойынша берілді» (420 бет). – деген сөздері дұрыс емес

136) «Болды да партия, ел іші бұзылды» (1898) Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік Халық туралы, 29 бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл: «Болды да партия...» деген өлеңді де қыздарға шамданғаннан айтып еді», – дейді. Бұл көп себептің бір шеті ғана болуы керек. Өлеңнің тууына үлкен себеп болған мәселе туралы Мұхтар Әуезов былай дейді. «1898 жылдарға келгенде, Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе ел ішіне әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған сияқты. Бірақ, берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіз кірістірген уақытта, көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия.

Ел іші жарылды

Әуремін мен тыя.

Дауың мен шарыңды. .. – дейді.

«...Абай не қылса да бұл тартыс тыйылмайды» (1933 жылғы жинақ, 377-378 бет). Пәлестор атқамінерлер ақынға тыныштық бермей, мазасын ала береді.

Ортаға көп салдым,

Өзімде барымды,

Япырм-ай, неңді алдым.

Сау қоймай арымды, –

деп мұңға батып, толғанады

Өлеңнің үшінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (29 бет):

Ортаға көп салдым

Өзімде барымды, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Ортаға көп салдым.... – деп бұрмаланып басылған.

Сол үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

.. Япырмай, неңді алдым. – деп басылса, ал 1977 жылғы жинақта:

...Япырмау ненди алдым. – деп өзгертіліп басылған.

137) «Қуаты оттай бұркырап» (1898). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы. 39 бет). Бұл өлеңі ақындық өнерге арналған. Ерекше көркем, кең ойлы, терең мағыналы өлеңінде ақын сөзінің өзіне тән, өзгеше құдіретті қуатын сипаттап, толғайды.

Нағыз ақынның келісімді көркем сөзі сатқын ақылға, салмақты ойға қона қалмайтын, ең алдымен адамның жылы жүрегін, сергек сезімін қозғайтын қасиетін сипаттап:

Ақылмен ойлап білген сөз.

Бойына жұкпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз.

Бар тамырды қуатар, – деп суреттейді.

138) «Сұм дүние тонап жатыр, ісін бар ма?» (1898). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы, 39 бет). Бұл өлең туралы қысқаша түсінік берген Тұрағұл: «Сұм дүние тонап жатыр ісін бар ма?» деген өлеңді 1898 жылы тісі түскенде айтты». – дейді.

Өлеңнің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (39 бет):

..Желікпен жерге тыкпас кісін бар ма. – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Желігін (?) жерге тыкпас кісін бар. – деп бұрмаланып, өлең мазмұны мүлдем бұзылып басылған және 1909 жылғы басылымы туралы: «Бірінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

Желіккен жерге тыкпас кісін бар ма?! – деп басылып келген еді (420 бет), – деп шындыққа жаппайтын жалған түсінік берілген.

1909 жылғы кітапта:

Желікпен жерге шыкпас кісін бар ма? – деп араб әрпімен анық басылған. Одан кейінгі жинақтардың бәрінде, 1909 жылғы кітап бойынша:

Желікпен жерге тыкпас кісін бар ма? – деп басылған: Қазан, 1922 жылғы жинақ, 78 бет. Ташкент, 1922 жылғы жинақ, 114 бет. 1933 жылғы жинақ, 198 бет. 1939 жылғы жинақ, 205 бет. 1945 жылғы жинақ, 204 бет. 1954 жылғы жинақ (2 том) 43 бет.

Сөйтіп 1909 жылдан бастап, 1954 жылға шейін, 45 жыл

бойы дұрыс басылып келген Абай сөзі, 1957 және 1977 жылғы жинақта:

Желігін (?) жерге тықпас кісің бар ма? – деп мүлдем бұрмаланып басылып, өлеңнің мағына, мазмұны жойылған.

139) «Өлсем орным кара жер сыз болмай ма?!» (1898). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы, 39 бет). Ақынның бұл өлеңі туралы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев былай дейді:

«...Абай бала жасынан қазақтың тәуір жігіті партияда күшті боламын деп талап қылғаннан басқаны ойламай туған уақытта өсті. Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып, салак болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде өкініш түсіп, жасынан ғылым жолында болмай, қазақтың айғайымен жүргендіктен кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып яки ғибрат алмаққа жарамайтұғын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан, өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат әурешілікпен ойды ыза кернеп өткен хатам болса аяп, аз сөге көріндер деп жазғаны «Өлсем орным кара жер сыз болмай ма...» (Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі». С-Петербург, 1909 жыл. II-III бет).

Ұлы ақын келер ұрпаққа бар сырын ашып айтып мұншағады

Өлеңнің төртінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (39 бет):

Жүрегіңнің түбіне терең бойла, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

Жүрегімнің (?) түбіне терең бойла, – деп мүлдем бұрмаланып басылған.

Ақын сөзінің не себептен өзгертілгені туралы түсінік берілмеген.

1909 жылдан кейінгі барлық жинақтарда да:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла, – деп дұрыс басылған. Мысалы, 1933 жинақта (199 бет), 1939 жылғы жинақта (206 бет), 1945 жылғы жинақта (206 бет), 1954 жылғы жинақта (2 том, 44 бет).

140) «Жүректе қайрат болмаса» (1898). Өлең 1909 жылғы

кітапта басылған (5 Бөлік. Ой тұраты. 48 бет). Бұл өлеңінде «Жүректе қайрат болмаса. ұйқтаған ойды кім тұртпек» деп бастап, адамшылықсыпат туралы ойларын толғай келіп, надандықты шенейді. Өлеңінің ең соңғы шумағы ақын жинақтарында:

Атымды адам қойған соң,

Қайтып надан болайын.

Халқым надан болған соң,

Қайда барып онайын, — деп басылып келеді. Осы өлеңнің екінші жолындағы бір сөз. Оразке жазбасында басқаша беріліп:

Атымды адам қойған соң,

Қайтып хайуан болайын. — деп жазылған.

Абай осы арада «надан» деген сөзді қолданған ба, жоқ. Әлде «хайуан» деген сөзді қолданған ба? Осы сөздің басын ашып алу керек

Біз өлеңді бастан-аяқ қайталап оқып шығып Абай «хайуан» деген сөзді ауыспалы мағынада қолданған деп түсіндік.

Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы екі жолын оқып көрейік:

..Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек. — дейді.

Енді ең соңғы шумағының алдындағы өлеңді келтірейік.

Малда да бар жан мен тән.

Ақыл сезім болмаса.

Тіршіліктің несі сән,

Тереңге бет қоймаса. — деп келеді де. өлең былайша қорытылып, аяқталады:

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп хайуан болайын.

Халқым надан болған соң,

Қайда барып онайын.

Сөйтіп «хайуан» деген сөз ауыспалы мағынада қолданылғанына көзіміз жетеді және Абай бір ауыз өлеңінде. мағынасы бірдей бір сөзді яғни, «надан» деген сөзді қайталап. екі рет жазбайды. Сондықтан Оразке қолжазбасында Абай сөзі дұрыс берілген.

Абай өлеңдерін көшіруші басқа бір адам «хайуан» деген сөзді өз ойынша оғаш көріп. ол сөздің орнына. өлеңнің өзінде тұрған «надан» деген сөзді жаза салуы да мүмкін.

141) «Жаманбаланың баласы өлгенде» (1898) Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (218 бет) Бұл бір ауыз өлеңді «өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің баласы өлгенде айтқан» (1933 жылғы жинақ, 327 бет)

142) «Күн артынан күн туар» (1898). Бұл бір ауыз өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (218 бет). Өлең 1933 жылғы жинақта:

Күн артынан күн туар.

Бір күн дамыл еткізбес.

Ой артынан ой туар.

Желге мінсен жеткізбес. – деп дұрыс басылған болса.

1977 жылғы жинақта өлеңнің үшінші жолы орынсыз өзгертіліп

«Ой артынан ой қуар (?!), – деп басылған.

143) «Ауыру жүрек ақырын соғады жай» (1898). Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта, Лермонтовтан деп аталып, басылған (218-219 бет). Ешқандай түсінік берілмеген.

1940 жылғы жинақта (2 том, аудармалары мен кара сөздері) Лермонтовтан аударылған өлеңдер ретінде басылған (143 бет). Берілген түсініктеме: «Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспаларында «Лермонтовтан» деп келген. Бірақ Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғандығын анықтауға мүмкіндік болмады», – деген (265 бет).

1945 жылғы жинақта «Ауыру жүрек ақырын соғады жай» деп тақырып беріліп басылған (235-236 бет).

Берілген түсінікте: «Ауыру жүрек ақырын соғады жай» (1898) деген өлең Мүрсейіт қолжазбасында «Лермонтовтан» деп көрсетіліпті (98 бет, 63 бет). Бірақ бұл қай өлеңінен аударылғанын білу қиын. Бұл баспаға 1940 жылғы басылған нұсқасы алынды». – деген (451 бет).

1954 жылғы жинақта (2 том) басылған (49 бет) түсінікте:

Өлеңнің тексті Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынды», – деген (271 бет).

1957 жылғы жинақта (1 том, 227 бет) және 1977 жинақта (1 том, 285 бет). Абайдың өз өлеңі ретінде басылған Түсінік берілмеген.

Мұхтар Әуезов Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңдері туралы айта келіп: «Абайдағы «Ауыру жүрек ақырын соғады

жәй» дейтін өлеңі орысша «Большое сердце бьется ровно» деген өлеңімен сарындас шығады. – дейді. (М. Әуезов. «Абай Құнанбасов. Мақалалар мен зерттеулер». 967 ж. 192 бет).

144) «Есінде бар ма жас күнің» (1899). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы. 40 бет). Бұл өлеңінде, жасы студент асып бара жатқан ақын, қызықты жастық шағын өміріне еске алып, сағынышты көңіл күйін шертіп толғайды. Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40 бет):

...Үміті жақын көңіл ақ. – деп дұрыс басылған болса,

1977 жинақта:

...Үміт жақын, көңіл ақ. – деп бұрмаланып, орынсыз тыныс белгісі қойылып басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40 бет):

...Қасиет кетті, дос кетті, – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

...Махаббат кетті, дос кетті. – деп бұрмаланып басылған. «Қасиет» деген өз орнында тұрған «махаббат» деген сөзбен ауыстырылған.

1933 жылғы жинақта, 219 бет. 1939 жылғы жинақта, 210 бет, және 1945 жылғы жинақта, 237 бет. 1909 жылғы кітап бойынша:

...Қасиет кетті, дос кетті. – деп дұрыс басылған. Абай өзінен «махаббат кетті» деген шығар. Абайдың

Махабатсыз дүние дос,

Хайуанға оны қосыңдар, – дегенін еске алсақ та жеткілікті.

145) «Жүрегім менің қырық жамау» (1899). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік. Өзі туралы, 40 бет). Өзінің бас қайғысына арналған бұл өлеңінде: «князатшыл дүниеден» торығып дерттенген ақын, терен тебіреніп қайғылы көңіл күйін толғайды.

146) «Адам бір бок көтерген-боқтың қабы» (1899) Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6 бөлік. Нәсихат туралы, 56 бет). Өлеңнің бастапқы шумағында адам табиғатын, әдейі тұрпайылау сөздерді қолданып, сескендіре суреттейді. Адамды тәубеге келтіргісі келгендей болады.

Екінші шумағында, адам өмірі «бір қалыпты тұра алмайтын» айта келіп:

Адамды сүй. Алланың хикмәтін сүй.  
Не қызық бар өмірде онан басқа, – дейді.

Өлеңнің екінші шумағының екінші, үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (56 бет):

...Көз жетті бір калыпты тұра алмасқа.

Адамды сүй. Алланың хикмәтін сүй, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Көз жетті бір калыпта тұра алмасқа,

Адамды сүй. Алланың хикметі сөз (?), – деп өзгертіліп, бұрмаланып басылған.

147) «**Күшік асырап, ит еттім**» (1899). Адамның опасыздық оңбаған мінезін шенейтін бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (233 бет).

148) «**Сүйсіне алмадым, сүймедім**» (1899). Бұл бір шумақ өлең де алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222 бет).

149) «**Дұтбайға**» (1899). «Жытуы жоқ бойының, жылмайғаны не еткені» (1899). Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222-223 бет). Берілген түсінікте: «Жытуы жоқ бойының, жылмайғаны не еткені» дегенді Мұқыр болысындағы өзінің жақын досы Дұтбайға айтқан. Бұл бір болыс Мұқырдағы Көкшенің басты адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген әйел батасын, өз күйеуі (Дұтбайдың інісі. – Қ.М.) өлген соң, осы ағасы Дұтбай атып, Абайға күйеу де болған. Бірақ дос, жақын болса да, мінездерін ұнатпағандықтан осылайша өлең қылған», – деген (327 бет).

150) «**Нұрлы аспапқа тырысып өскенсің сен**» (1899). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (15 Бөлік. Переводтар, 85 бет). Өлеңнің басында «Лермонтов» деген

1933 жылғы жинақта «Лермонтовтан» деп аталып басылған (220-221 бет). 1940 жылғы жинақта (2 том) Лермонтовтан аударылған өлеңдер катарында басылған (144 бет). Берілген түсінікте: «Бұл өлең Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғаны белгісіз. Бұрынғы қолжазбасы мен баспаларында Лермонтов өлеңі деп келе жатқан соң, сол мақұл болар дейміз», деген (266 бет).

1945 жылғы жинақта басылған (239 бет) бұл өлеңге берілген түсінікте: «...Бұл да Мүрсейіт қолжазбалары мен бұрынғы баспаларында «Лермонтовтан» делінген. Бірақ дәл қай өлеңінен

екені белгісіз. Тегінде. Абайдың Лермонтов сарынымен жазған өз өлеңдері де аз болмауға тиіс пе деп шамалаймыз», – деген (452 бет).

1954 жылғы жинақта басылғанына (91 бет) берілген түсінікте: ...1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. Кейбір баспаларында Лермонтовтан деп көрсетілген, бірақ Лермонтовта бұл өлеңнің түпнұсқа жоқ» деген (289 бет).

1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта 1954 жылғы жинақтағы түсінік беріліп. Абайдың өз өлеңі ретінде басылған.

Өлеңнің бастапқы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (85 бет) және 1922 жылғы Қазанда шыққан жинақта (176 бет):

Нұрлы аспанға тіресіп өскенсің сен, – деп басылған.

1933 жылғы жинақта (220 бет) өзгертіліп:

Нұрлы аспанға талпынып өскенсің сен, – деп басылған.

1940 жылғы жинақта (II том, 144 бет):

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, – деп басылған. Осыдан кейінгі жинақтардың бәрінде 1940 жинақ бойынша басылған. Біз 1909 жылғы кітаптағы басылуын дұрыс деп білеміз.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (85 бет):

... Дәні толық, басы ауыр егіндей ақ, – деп дұрыс басылған. Одан кейінгі жинақтардың бәрінде (1922-1954) 1909 жылғы кітап бойынша дұрыс берілген.

Ал 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгертіліп:

...Дәні толық, басы үлкен (?) егіндей ақ, – деп басылған.

Бұл арада акын: дәні толық егіннің басы ауыр, яғни, салмақты болатынын айтып отырғаны түсінікті шығар.

151) «Жүрегім, нені сезесің» (1900). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3 бөлік, Өзі туралы, 40 бет). Акын бұл өлеңінде өзінің бас кайғысын толғайды, ішкі сезім сырын шертеді. «Әркімге тілек костық қой, бәрі алдамшы саудагер» деп, опасыздықты шенең, күйінеді.

«Кеңесерге адам жоқ», «жалғыздықтан жаман жоқ» деп мұнаяды.

Өлеңнің бесінші шумағының бірінші және үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40 бет):

Досты қайдан табасың.

Әрлі-бері шабасың, – деп басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Досты қайдан табарсың.

Әрлі-берлі шабарсың, – деп бұрмаланып басылған.

152) «**Көлеңке басын ұзартып**» (1895). Өлең 1909 жылғы жинақта басылған (3 бөлік Өзі туралы. 38 бет). Бұл терең сырлы лирикасында: табиғаттың бір бейуақ кезінде, күн батып бара жатқан шақта, акын көңілі де күнігірт тартып, мұңға батып, табиғатпен сырласқандай болады.

Өткен өкінішті өміріне «ой жіберіп» толғанады. «кім алдады, кім тоқпақ салды, соны санап», өкінішті көңіл шерін шертеді. Өлеңнің екінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (38 бет):

...Сұркыл тартқан бейуаққа, – деп басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

...Сұрғылт тартқан бейуаққа, – деп өзгертіліп басылған.

Өзгерту себебі дәлелденбеген.

153) «**Ұяламын дегені көңіл үшін**» (1901) Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік, Халық туралы, 29 бет). 1945 жылғы жинақта бұл өлең туралы: «Ұяламын дегені көңіл үшін» деген өлең Абайдың 1933 жылғы жинағында басылған. Одан бұрынғы баспаларында жоқ» деп қате түсінік берілген (454 бет).

Абай бұл өлеңінде: елінің мінез-құлқы бұзылып, адамшылық ар-ұяттан айырылып бара жатқан аянышты хәліне күйінеді.

Отаршыл орыс патшалығының зұлымдық саясатына, қазақты біріне бірін айдан салған әрекеті елдің береке-бірлігін кстіріп, аздырып-тоздырғанына жаны күйіп:

Туысканың достарың – бәрі екі үшті,

Сол себепті досыңнан дұшпан күшті

Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған.

Бұл не деген заманға күнім түсті, – деп, қаны қайнап, күйіренеді.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (29 бет):

Ар мен ұят ойламай тән асырап, – деп басылған болса. 1977 жылғы жинақта:

Ар мен ұят ойламай тәнін асырап, – деп басылып, өлеңнің көркемдік шырқы бұзылған.

154) «**Жапырағы қуарған ескі үмітпен**» (1901) Өлең 1909

жылғы кітапта басылған (6 бөлік, Нәсихат туралы, 56 бет). Бұл үш ауыз шағын өлеңінде өткен өкінішті өмірін есіне алып толғанады.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (56 бет):

Жапырағы қуарған ескі үмітпен.

Зыя ғып өмір сүріп, бос жүріппін, – деп дұрыс басылған.

1922 жылғы Ташкентте шыққан жинақта (134 бет) 1909 жылғы кітап бойынша:

...Зая ғып өмір сүріп, бос жүріппін, – деп басылған және «зая» деген сөзге:

«Зая (арапша зыяғ) босқа, бос кету, бос өткізу, жоғалту» деп Халел Досмұхамедов түсінік берген (278 бет).

Ал 1922 жылғы (Қазан, екінші басылуы) жинақта (115 бет), «знияғ» (зая) деген араб сөзін түсінбегендіктен болуы керек:

... Хиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін, – деп басылған. Бұдан кейінгі жинақтардың бәрінде (1933-1977):

...Қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін, – деп 1922 жылғы (Қазан) жинақ бойынша бұрмаланып басылған.

Екінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (56 бет):

Ой дәурен өмір емес бір көрген тұс, – деп басылған.

1922 жылғы (Қазан) жинақта (115 бет) және 1922 жылғы (Ташкент) жинақта (134 бет), 1909 жылғы кітап бойынша:

Ой, дәурен! Өмір емес, бір көрген тұс, – деп басылған. Бұдан кейінгі жинақтардың бәрінде (1933: 225 бет, 1939: 221 бет, 1945: 248 бет):

Ой дәурен, өмір емес, бір көрген түсі, – деп басылған.

Ал, 1954 жылғы жинақта (II том, 103 бет):

Ол дәурен өмір емес, бір көрген тұс, – деп өзгертіліп басылған. Өзгерту себебі айтылмаған.

1957 жылғы жинақта (239 бет) әуелгі нұскасы бойынша:

Ой, дәурен өмір емес, бір көрген тұс, – деп дұрыс басылған. Бірақ тыныс белгісі дұрыс қойылмаған. Берілген түсінікте: «... Екінші шумақтың бірінші жолы кейбір баспаларда:

Ол дәурен өмір емес, бір көрген тұс, – деп басылып келді. Бұл жинақта:

Ой дәурен өмір емес, бір көрген емес түс, – деп Мүрсейіт қолжазбаларындағы (1905, 1910) қалпы сақталды» деген (350 бет)

Ал 1977 жылғы жинақта:

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, – деп 1954 жылғы жинақ бойынша басылған. Берілген түсінікте: «...Өлеңнің тексті 1909, 1957 жылға жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша жіберіліп отыр». – деп (425 бет) дұрыс айтылмаған 1909 жылғы, 1957 жылғы жинақта қалай басылғаны жоғарыда көрсетілді.

Сөйтіп тек 1954, 1977 жылғы жинақта ғана:

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс, – деп басылған.

155) «Қуанбаңдар жастыққа» (1901). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (6 бөлік. Нәсіхат туралы, 56 бет)

Өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл былайша баяндайды. «Біздің елге Ысқақ Махмұдов деген ноғай ертеректе саудамен келіп, қазақтан қыз алып, қазақ ғұрпына түсіп, қазақ сықылданып кеткен, қазақ ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан қыз алып, қыз беріп құршаласып құда, құшақтасқан дос есебінде болған сол Ысқақтың туыскан немерелері Сыдық, Жабиполла деген екі жасы, бозбала балалар менін әкемнің үйіне келіп отырғанда, соларға арнап: «Қуанбаңдар, жастыққа» деген өлеңді жазған. (Тұрағұл Абай ұлының «Әкем Абай туралы» деген естелік әңгімесінен». – Қ.М.).

Өлеңнің бастапқы екінші жолы 1909 жылғы кітапта (56 бет):

...Елірме күлкі, жастыққа деп, – басылса,

1977 жинақта:

...Елерме күлкі, мастыққа, – деп бұрмаланып басылған.

Он екінші жолы 1909 жылғы кітапта:

...Данғойланып қақтықпа, – деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

...Данғойланып қаптықпа, – деп, тағы бұрмаланып басылған.

Он жетінші жолы 1909 жылғы жинақта:

Арсыз құмар болғандар

Опыр-топыр шақ-шұққа, – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Арыз (?) құмар болғандар. – деп. мүлдем бұрмаланып басылып, өлеңнің мазмұны бұзылған

156) «Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?» (1901). Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (6 бөлік. Нәсихат туралы. 56 бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл: «Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?» деген өлеңді де сол күні, сол жерде («қуанбандар. жастыққа» өлеңі жазылған уақытты айтады. – Қ.М ) қымыз ішіп, қызып отырғандарға арнап жазып еді» дейді. Өлеңнің бесінші жолы 1909 жылғы кітапта ( 56 бет):

Бойыңа сіңіп ұрт болған

Қызба бастық жасыңда, – деп дұрыс басылған, «ұрт» – араб сөзі.

1977 жылғы жинақта:

Бойыңа сіңіп өрт (?) болған... – деп кате басылған.

Жетінші жолы 1909 жылғы кітапта ( 56 бет):

Қызылшыл семіз жаз қымыз. – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Қызылшыл семіз жас қымыз, – деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің ең соңғы жолы 1909 жылғы кітапта (57 бет):

Қойныңда акша. колда қой.

Күзетке оңай. шошыма, – деп дұрыс басылса.

1977 жылғы жинақта:

...Күзетке оңай, шошынба . – деп басылған.

157) «Буынсыз тілін» (1901). Бұл шағын өлең алғаш 1933 жинақта басылған (227 бет).

158 ) «Тоты құс түсті көбелек» (1902). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған.

159) «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (1902). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5 бөлік. Ой туралы. 49-50 бет). Бұл шығарма Абайдың дінге арналған өлеңдерінің ең соңғысы. Дін туралы ойтарын қорытып айтқан түйінді пікірін білдіретін және анық діншіл акын екендігін айқын көрсететін өлеңі.

Өлеңін: «Алланың өзі де рас. сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас» деп бастап, Аллаға шексіз сенетінін әйгілеп, анықтап ашық. анық аңғартады. «Көп кітап келді Алладан. оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас» деп, сол келген көп кітаптың, яғни 104 кітаптың ішінен Алланы анық танытатын

төрт кітап – дейді. Бөліп айтып отырған төрт кітабы: Мұса пайғамбарға келген кітап – Тәурат (Талмуд), Иса пайғамбарға келген Інжіл (Евангелие), Дәуіт пайғамбарға келген Зәбур (Псалм) және Мұхаммед пайғамбарға келген кітап – Құран.

Барлық мұсылман өзінің мұсылмандығына иман келтіріп айтатын Құранның шартты аятын атайды. Ол аят мынау: (арапша жазылған)

Аманту білләһи. Уаматай кәтіһи. Уактубіһи. Уарслүһи. Уалләһум әлахр. Уалқадр хайре уашремін Алла тағалаһи. Уалбағз бағдал мәут.

Мағынасы: Аллаға сендім, барлығына, жалғыздығына план-дым. Және періштелеріне сендім және кітаптарына сендім және пайғамбарларына сендім. Соңғы күніне, яғни қиямет күніне сендім. Барша жақсылық, жамандық істер Алла тағаланың тағдырынсыз болмайтұғынына сендім. Өлгеннен соң тіріліп, сұрау беретұғынымызға сендім. Иманның осындай жеті шарты еске алынады. Алланың өзгермейтінін айта келіп:

Махаббатпен жаратқан адамзатты.

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп

Және сүй хак жолы деп әділетті.

Осы үш сүю болады иманн гүл

Иманның асылы үш деп сен тахкіптік біл, – дейді. Абайдың дінге нағыз нанымы, иман, адамгершілік туралы ұғымы, ой пікірінің түйіні осы өлеңінде анық, нақты баяндалған.

Үш сүюді таратып айта келіп:

«Осыларды бұзатын және үш іс бар», – дейді.

Иманды бұзатын үш істі:

«Пайда, мактан, әуеской», – деп атап айтып, «содан шошы» деп сактандарыды.

Дінге сыртпен емес, ішкі сарайыңмен, бар жан-дүниңмен берілу керек.

Руза, намаз, зекет, хаж талассыз іс.

Жаксы болсаң жаксы тұт бәрін тегіс, – дей отырып, бірақ «иманн гүл» – үш сүюді «бекітпей» тұрып ораза ұстап, намаз оқып, зекет беріп, хаж барғаның «татымды жеміс бермейді» дейді.

«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хак...»

«Құран рас Алланың сөзідүр ол», – деп сенімін, нанымын тағы да бекітіп айта келіп, өлеңін

«Алланың пайғамбардың жолындамыз», – деп қорытады

Абайдың адамгершілік зор қасиетін, ұлы гуманистігін, адамзат баласына бірдей ортақ данышпандығын осы өлеңіндегі:

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», деген сөзі тағы да айқындай түседі.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас (49 бет), – деп басылған. Сол сияқты 1922 жылғы жинақта (Қазан, 102 бет), 1922 жылғы жинақта (Ташкент, 146 бет), 1939 жылғы жинақта, 226 бет, 1945 жылғы жинақта, 252 бет, 1954 жылғы (2 том) жинақта, 109 бет, өлеңнің төртінші жолы 1909 жылғы кітап бойынша.

...Алланы танытуға сөз айырмас, – деп дұрыс басылған. Осы айтылған алты басылымда бірдей дұрыс басылып келген Абай сөзі 1933 жылғы жинақта өзгертіліп:

Алланы танытуға сөзі айырмас, – деп басылған

1957 жылғы жинақта (244 бет) және 1977 жылғы жинақта (303 бет) 1933 жылғы жинақ бойынша.

...Алланы танытуға сөзі айырмас, – деп бұрмаланып басылған

Өлеңнің екінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (49 бет):

Жарлықпен ол сіздерге сызды оларме, – деп басылған. Осы басылған қалпында оқып түсіну қиын.

1922 жылғы жинақта (Қазан, 102 бет).

Жарлықпен ол сіздерге, сіз оларға (?!), – деп басылуынан да еш нәрсе түсінуге болмайды

Ал 1922 жылғы Ташкент жинағында (146 бет):

Жарлық берді ол сіздерге сөзді ұғарға, – деп еркін түзетіліп, ұғымды етіп берілген. Бірақ ешқандай түсіндірме бермеген

1933 жылғы жинақта (227 бет), 1922 жылғы (Қазан) жинақ бойынша.

Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға (?!), деп қате басылған.

1939 жылғы жинақта (226 бет).

Жарлыкпен ол сіздерге сызды оларға. деп бір сөзді ғана өзгертіп, 1933 жылғы жинақ бойынша басылған.

Берілген түсіндірмеде: «Бұл сөз «сізді» деп те жазылушы еді. Мүрсейіт жазуын біз «сызды», «жазды» деген мағынада оқыдық (226 бет) деген

1945 жылғы жинақта (252 бет) және 1954 жылғы жинақта:

Жарлыкпен ол сіздерге сызды оларға. деп 1939 жылғы жинақ бойынша басылған.

1957 жылғы жинақта (244 бет) және 1977 жылғы жинақта, 1933 жинақта кате басылған. мағынасыз сөздерді қайталап:

Жарлыкпен ол сіздерге. сіз де оларға (!), – деп басылған.

Біз «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген. 1959 жылғы басылған кітабымызда сөз болып отырған өлең жолына 1909 жылғы басылым бойынша текстологиялық талдау жасай келіп. мынандай қорытынды пікірімізді жазған едік:

«Абай бұл арада. «Алла өзгермес. адамзат күнде өзгерер» дей келіп

«Жарлыкпен ол сіздерге сызды өлер ме» деп отыр. 1909 жылғы басылған өлең жолын осылай сәл түзеп оқысак түсінікті болар деп ойладық. Яғни. «Жарлыкпен ол (Алла) сіздерге сызды (жазды) өлерме». деп Алладан келген кітаптарды айтқан деп білеміз.

1922 жылғы (Қазан) жинақта және 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1977 жылдардағы жинақтарында акын сөзі дұрыс басылмай, мағынасы мүлдем жойылған.

1922 жылғы (Ташкент) жинақтағы Халел Досмұхамедов түзетуін Ілияс Жансүгіров те мақұлдап, 1933 жылғы жинақтағы мақаласында Абай сөзін Халелдің түзетуі бойынша:

Алла өзгермес. адамзат күнде өзгерер.

Жарлык берді ол сіздерге сөзді ұғарға. – деп келтіріпті (41 бет).

Өлеңнің төртінші шумағының бастапқы сөзі 1909 жылғы кітапта (49 бет) және 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 103 бет, Ташкент, 146 бет).

Құллі махлұқ өзгерер. Алла өзгермес.

Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес, – деп дұрыс басылған. Сол сияқты 1933 жылғы жинақта (228 бет), 1945 жылғы жинақта (252 бет), және 1954 жылғы жинақтарда да (109 бет):

Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес. – деп дұрыс басылған  
Әһлі кітап (арапша) діни кітаптардың (Тәурат, Інжіл, Құран)  
біреуіне сеніп дін тұтушылар деген мағынада.

Ал 1939 жылғы жинақта (226 бет), 1957 жылғы жинақта (244  
бет) және 1977 жылғы жинақта «Осы үш жинақта: «Әһлі кі-  
тап...» – деп қате басылған «Әһлі» сөзінің мағынасы. Мұлдем  
басқа «Әһлі» (арапша) қолға иеленген, қолға үйренген деген  
мағынадағы сөз.

Өлеңнің бесінші шумағы барлық басылымдарда:

Махабатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хак жолы осы деп әділетті. – деп басылып келеді.

«Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген  
кітабымызда (1959) өлеңнің төртінші жолының қате басылып  
келе жатқаны туралы пікірімізді келтірейік. «Мәселе осы бесін-  
ші шумақтың төртінші жолындағы қателікте. Осы соңғы жолға  
үніле қарасақ, мағына – мазмұн жағынан да, өлеңдік қисын  
жағынан да ойсырап жатыр. Абай сөзіне бөтен сөз араласып,  
бұлдіріп тұр. Біз өлең шумағын былайша оқысақ:

Махаббатпен жаратқан адамзатты.

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым, деп

Және сүй хак жолы деп әділетті.

Сөйтіп өлеңнің төртінші жолын осылай түзеп оқысақ,  
Абайдың өзіндік түпнұсқасы қалпына келеді деп сенеміз. Бұлай  
түзеу үшін біз Абайдың өзіне сүйсіндік. Осы өлеңнің келесі ал-  
тыншы шумағының бастапқы екі жолын оқып көрсек те жет-  
кілікті:

Осы үш сүю болады иманы гүл,

Иманның асылы үш деп сен тәхкнийк біл.

Біздің осылай түзетуіміздің дұрыс екендігін Мұхтар  
Әуезовтің 1934 жылы жарияланған «Абай ақындығының ай-  
наласы» деген мақаласында дәлелдей түседі. Мақаласында  
Мұхтар Абайдың қате басылып келе жатқан өлең жолын түзетіп  
жазып келтіріпті: «...діңдар көп мұсылманның бірі екенін дау-  
сыз, айқын көрсете отырып, солармен қатар:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп.

Және сүй хак жолы деп әділетті. – дейді (Мұхтар Әуезов. «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер». Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1967 жыл, 236 бет).

Өлеңнің оныншы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (50 бет), 1922 жылғы Қазан (103 бет), Ташкент (147 бет):

Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған, – деп басылған болса. 1933 жылғы жинақта (228 бет), 1939 жылғы жинақта (227 бет), 1945 жылғы жинақта (253 бет), 1957 жылғы жинақта (245 бет) және 1977 жылғы жинақта.

Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған, – деп басылған. Ал 1954 жылғы жинақта (110 бет):

Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған, – деп басылған.

Біз өлең жолының 1909 жылғы, 1922 жылғы жинақтарда.

Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған, деп басылуы дұрыс деп білеміз. Олай дейтініміз: Аллаға ғибадат ету, яғни табыну, құлшылық ету – тек имамдарға ғана емес, барлық мұсылман адамға тән нәрсе.

Осы өлең шумағының екінші жолындағы бастапқы үш сөз 1977 жинақта:

Хүсінзән мін (?) иманды білді, ойлаған. – деп дұрыс басылмаған. Дұрысы:

Хүснi занмен иманды білді ойлаған. Хүснi зан (арапша) – жақсы ойда болу, жақсы ой тұту деген сөз.

Он бірінші шумақтың екінші жолының ең соңғы сөзі 1977 жылғы жинақта басылмай қалған.

«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хак.

Мүмін болсаң, үйреніп сен де ұксап?! – деп басылып, ақынның айтпақ ой-пікірі аяқталмағандықтан өлеңнің мазмұнына жойылған.

Өлең жолының толық түпнұсқасы:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хак

Мүмін болсаң үйреніп сен де ұксап бақ! – деген болады.

Өлеңнің он үшінші шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (50 бет) және 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 104 бет, Ташкент, 148 бет):

«Мұсылман болсаң, әуел – иманды ойла», деп дұрыс басылған. 1945 жылғы жинақта (254 бет) және 1954 жылғы жинақта (111 бет):

Мұсылман болсаң, әуелі иманды ойла. – деп дұрыс басылған. Тек «әуел» деген сөзге бір әріп «і» әрпі артық қосылып кеткен.

Ал 1933 жылғы жинақтан бастап (229 бет), одан кейінгі жинақтарда (1939, 1957, 1977) «мұсылман» деген сөз өзгертіліп:

Мүмін болсаң, әуелі иманды ойла. – деп басылған. Бұлай өзгерту дұрыс емес. Абай «мүмін» деген сөзді өлеңнің он бірінші шумағының екінші жолында және ең соңғы он төртінші шумағының үшінші жолында, яғни, екі рет қолданған.

Сондықтан өлеңнің он үшінші шумағының бастапқы бірінші жолын, 1909 жылғы жинақ бойынша:

«Мұсылман болсаң, әуел иманды ойла» деп дұрыстап оқымыз керек.

160). «Жүрек теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» (1902)

Бұл үш шумақ өлең 1909 жылғы кітапта «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінің соңы ретінде бірге басылған (5 бөлік. Ой туралы, 50 бет). 1922 жылғы екі жинақта та да (Қазан, 104 бет. Ташкент, 148-149 бет) 1909 жылғы жинақ бойынша басылған 1933 жылғы жинақтан бастап, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінен бөлініп, жеке өлең ретінде басылып келеді.

1945 жылғы жинақта берілген түсіндірмеде: «...Тұраш (Тұрағұл) бұл өлеңді өз алдына бөлек сөз дейді. Сол себепті және мазмұны «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегенге сай келмегендіктен 1933 жылдан бері бұл өлең өз алдына бөлек басылып жүр деген (455 бет).

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап, 1957 жылғы жинаққа дейінгі барлық жинақтарда:

«Ар мен ұят сенбесе өзге қылық...», – деп дұрыс басылып келсе, 1957 жылғы және 1977 жылғы соңғы екі жинақта, өз орнында дұрыс тұрған «сенбесе» деген сөз өзгертіліп:

«Ар мен ұят сынбаса (!) өзге қылық», – деп мүлдем бұрмаланып басылған. 1977 жылғы жинақта: екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Ар мен ұят сенбесе өзге қылық, – деп басылып келіп еді.

Бұл жолы 1905, 1907 жылдардағы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық деп алынды, деген (427 бет), ақылға қонбайтын түсіндірме берілген.

Біз өлеңнің бұт жолының нағыз тұпнұсқасы 1909 жинақта дұрыс басылған деп білеміз. Және Мұрсейітке емес, Кәкітай мен Тұрағұлға сенеміз.

161) «Жатын мен оттан жаратып» (1903). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік, Халық туралы. 30 бет).

Абай өлерден бір жыл бұрын жазған терең сырлы, тамаша көркем шағын лирикасында: ақындық өнердің «Қуаты күшті нұрлы сөздің» ерекше қасиетін толғайды. Өлеңін табиғаттың құдіретін қуатын:

Жатын мен оттан жаратып,

Жарқылдап Рәғыд жайды айдар, – деп күннің күркіреуін сипаттаудан бастайды. Күн күркіреп, жаңбыр жауғаннан кейінгі көрікті көріністі:

Жасырып шығып гүл жайнар, – деп суреттеп, сонымен қатар табиғаттың адамды мерт қылатын қаһарлы күші нажағайды:

Жайына біреу келсе кез,

Белгілі жұмыс-сор қайнар. – деп сипаттайды. Одан кейін өлеңнің қасиетін сипаттауға көшкенде: «Қуаты күшті нұрлы сөз» деп бейнелеп суреттей келіп, өлеңнің қуатын табиғаттың күшіне теңеп, табиғатқа арнаған сипаттауын әдейі қайталап, енді өлеңге арнап: жатын мен оттан жаралған – сөз ұғатын қайсың бар? – дейді. Өлеңінің соңында «Қуаты күшті нұрлы сөздің» қадір-қасиетін білмейтін, сөзді ұқпайтын, пейілі тар, паракор, атқамінер «көп наданды», «ызалы жүрек, ащы тілмен» әшкерелеп, аяусыз қатты шенейді.

«Сұм заманнан» әбден көңілі қалып дерттенген ақын:

Несі өмір, несі жұрт.

Өңсең қырт бас қаңғырт, – деп ақырғы жазған шығармасын аяқтайды.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Жарқылдап Рағит жайды айдар, деп басылып, «Рағит» деген сөзге «Дін ұғымында найзағайды, жайды білейтін, күнді күркіретуші періштенің аты» деп түсінік берілген.

Дұрысы: «Рағит емес, Рәғыд (арапша) Күн күркіреу деген сөз. Құранның сүресінде Күн күркіреу деп аталады.

162) «Домбыраға қол соқпа, шымырлатып бір-бір-лен». Абайдың жаңадан табылған бұт өлеңі алғаш рет 1940

жылы «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында жарияланған. Онан кейін 1945 жылғы Абай шығармаларының толық жинағында басылған (273-274 бет).

Берілген түсінік: «Домбыраға қол соқпа» дейтін өлең Абайдың бұдан бұрынғы баспаларында басылған емес. Мұны 1940 жылы жазушы Қайым Мұхамедханов пен Архам Абай ауданының азаматы Рахымжан Мамырказовтан жазып алып, Ғылым академиясына тапсырған және 1940 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында басылды. Өлеңді сол Қайымның қолжазбасынан алып, бұл жинаққа тұңғыш рет басып отырмыз. Жазылған жылы мәлімсіз» (457 бет).

Ал 1977 жылғы жинақта: «Домбыраға қол соқпа». Бұл өлең ең алғаш рет 1940 жылғы жинаққа кіргізіліп, сонан бергі жинақтарда түгел басылып жүр. Өлеңнің мәтіні 1940 жылы Рахымжан Мамырқызыннан (Абай ауданы) жазылып алынған» (428 бет) деп әрі қате түсінік берілген.

163) «Ғалымнан надан артпас ұққанменен». Өлең алғаш рет 1945 жылы «Екпінді» газетінде қазіргі «Семей таңы» газеті 10-маусымдағы 116- санында және сол жылы «Майдан» журналының (Алматы) 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (274 бет). Берілген түсінікте: «Ғалымнан надан артпас ұққанменен» дейтін бір ауыз өлең бұл жинаққа тұңғыш рет қосылып отыр.

Бұл өлеңді 1940 жылы Архам Абай ауданынан тауып, Семейдегі Абай музейіне берген. Өлеңнің айтылу себебі: Тобықты ішінде Жуантаяқ Балғожа Бақанов дейтін кісі Ғабитқан дейтін молдамен «Мұқтасардың» бір сөзіне таласып, Абайдың алдына келіпті. Сонда айтқан екен» деген (457 бет)

164) «Түбінде баянды еңбек егін салған». Бұл өлең алғаш рет, жоғарыда айтылған «Екпінді» газетінде және «Майдан» журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған. Берілген түсінікте (458 бет). «Түбінде баянды еңбек егін салған» дейтін бір ауыз өлең 1940 жылы Ташмұхамбет деген Семейде тұратын бір қарияның аузынан жазылып алынған. Жазып алушы – әлгі Қайым Мұхамедханов. Қайымның айтуынша, бұл өлеңді Абай Тобықты Қарамырза Ташмұхамбет Бөшібаевқа қаратып айтыпты. Ол кісі өз елінен кетіп, Белағаш (қазіргі Белағаш ауданы) деген жерге барып, егін салып кәсіп

етеді екен. Сол кісі бір күні Абайға кездескенде, Абай осы өлеңді айтыпты. Өлең бұл жинақта тұңғыш рет басылып отыр», – деп дұрыс және толық айтылған.

1977 жылғы жинақта 1945 жылғы жинақта берілген толық түсінікті орынсыз қысқартып және бұрмалап: «Түбінде баянды еңбек егін салған». Ең алғаш 1945 жылғы жинаққа енген. 1940 жылы Ташмұхамбет дегеннің (Семей) аузынан жазылып алынған. Бұл өлеңді Абай елінен Белағашқа (Семей облысы) көшіп келіп, егін салып кәсіп еткен Ташмұхатбет Бәшібаевқа айтқан көрінеді» (Толық жинақ, 458 бет) деп кәте түсінік берілген.

165) «Әйелің Медетқызы, аты Ырым». Бұл өлең де алғаш рет 1945 жылы, жоғарыда да айтылған «Екпінді» газеті мен «Майдан» журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинаққа енгізілген (275 бет). Берілген түсінікте: «Әйелің Медет қызы, аты Ырым» деген бір ауыз өлең де 1940 жылы ел аузынан жазылып алынып, бұл жинаққа тұңғыш рет басылды. Жинақтаушы – Қайым. Архам мен Қайымның айтуынша: Абайдың замандасы Қайранбай дейтін жігіт кезінде әйеліне көңілі толмай, «әйел аламын» дегеніне қаратып айтқан екен» (458 бет) делінген.

1945 жылғы жинақта дұрыс берілген түсінікті 1977 жылғы жинақта берілген түсінікте тағы да өзгертіп, бұрмалаған (429 бет).

166) «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан». Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналының 2 санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылы жинақта басылған (275 бет). Берілген түсінікте: «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан» деген бір ауыз өлеңді де сол Қайым мен Архам ел аузынан жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырған. Қайымның айтуынша: бұл өлеңді Абай өзінің немерс баласы Әубәкір (Ақылбайдың баласы. – Қ.М.) дегенді жұмсап, Көтібак дейтін адамның «Бөстек» дейтін бүркітін сұратып алған, сол құсына қаратып айтыпты. Баспаға тұңғыш рет шығып отыр» (458 бет) делінген.

Ал 1977 жылғы жинақта берілген түсінікте, 1945 жылғы жинақта дұрыс және толық берілген түсінік өзгертіліп «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан». Ең алғаш 1945 жылғы жинаққа кіргізілген. Бұл өлең де ел аузынан жазылып алынған.

Абай Көтібак дегеннің «Бөстек» дейтін бүркітін сұратып алған екен. соған шығарыпты (Толық жинақ, 458 бет) деп бұрмаланып берілген (429 бет).

167) «**Мен боламын демендер**». Бұл өлең алғаш рет. 1945 жылы жоғарыда аталған «Екпінді» газетінде және «Майдан» журнатында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (275 бет).

Толық түсінік берілген: «Мен боламын демендер», деген өлеңді де сол Қайым мен Архам 1940 жылы жаңа Семейде тұратын Көкбайдың баласы Ахметқалидан (жасы 30-да) жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырды. Ахметқали қазір әскерде. Ахметқалидың айтуына қарағанда, бұл өлеңді Абай Көкбайға айтқан. Көкбай жасырақ кезінде әзіл етіп, Абайды сөйлетпек үшін:

Жүрісім, тұрысымның бәрі Абайша.

Абайдан кем боламын мен қалайша.

Көп зақун, азғана ақыл өзімде бар,

Ашылып көкірегім кең сарайша. – деп өлең айтыпты.

Жоғарғы өлеңді Абай Көкбайдың осы сөзіне қаратып айтқан екен. Жазылған жылы белгісіз. Баспаға тұңғыш рет түсіп отыр». (458 бет).

1977 жылғы жинақта, 1945 жылғы жинақта берілген толық түсінік өзгертіліп, бұрмаланып берілген (428 бет).

168) «**Ойға түстім, толғандым**». Бұл өлең де алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналының 2 санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (476 бет). Өлеңге берілген түсінікте былай баяндалған:

«Ойға түстім, толғандым» дейтін өлеңді жоғарғы алты өлеңмен бірге 1944 жылы Ғылым академиясына Қайым әкеп тапсырған. Бұрын баспа көрмеген. Қайымның айтуынша, бұл өлең Абай ауданының азаматы Жұмағазы Кенжебай дегеннің аузынан жазылып алынған. Жұмағазыдан Бәткен (Сағындықов. – Қ.М.) деген жас акын жазып алады екен. Бәткен мұны 1939 жылы Жұмағазының ескі кітаптарының бірінің сыртқы мұқабасына жазылып жүргенінен көшіріп алған. «Бір талай жері өшуге айналып, көмескі тартып қалған екен». – дейді Бәткен. Өлеңнің аяғына «Абай» деп жазылған екен. Қайымның қолына бұл өлең сол Бәткеннен 1940 жылдың маусым айында

түскен. Бұл өлеңнің ішінде мағынасы, қолданылуы күмән тудыратын бір сөз бар. Ол:

Аршып алып тастауға,

Апандағы саз емес.

Бәрі болды өзімнен.

Тәңірім салған наз емес, – дегендегі «наз». Мұны Қайым «наз» ба екен, жоқ «аза» ма екен деп жазады. (Мұхтар Әуезов. – Қ.М) «аза» болмас па деп белгі қояды, әзірше «наз» деп жібердік. Жазылған жыты мәлімсіз (458-459 бет).

1945 жылғы жинақта осы өлең туралы берілген толық және дұрыс түсінік 1977 жылғы жинақта мүлдем қырқартылып: «Ойға түстім толғандым». Бұл өлең алғаш 1945 жылғы жинаққа кіргізілген. Өлең мәтіні Жұмағазы Кенжебаев (Абай ауданы) дегеннің айтуынша жазылып алынған» (428 бет) деп өзгертіліп, бұрмаланып берілген.

169) «Жол көрмек, жоба білмес, жиһан кезбек». Бұл екі шумақ өлең тұңғыш рет 1977 жылғы жинаққа кіргізіліп (Бірінші том, 316 бет), берілген түсінікте былай делінген: «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек». Өлең тексі алғаш Зейнелғабиден ибн һәмیره әл-Жауһари әл-Омсақидің (1881-1920) 1909 жылы Уфа қаласында басылған «Насихат қазақия» деген рисаласында (трактат) жарияланған. Онда: «...ғұбрат айтып, ғылым, өнер іздеу хакында да мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі» (7 бет) деген ескертумен берілген. «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» өлеңінің ой сарыны тек өлең өрнегі жағынан алғанда Абайдың 1886 жылғы «картайдық, қайғы ойтадық, ұйқы сергек» деген өлеңіне жақын келеді. Тіпті осы аталмыш өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы:

Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек, деп берілсе, «Насихат қазақиядағы» екінші шумақтың соңғы жолы:

Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жакпақ, деген жолмен ой жағынан да, сөз жағынан да үйлес шығып жатады. «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» өлеңінің алғашқы шумағының үшінші жолындағы бір сөз толық анықталмағандықтан оның орны көп нүктемен берілді (429 бет).

\*\*\*

## ДАСТАНДАР

1. «Масғұт» (1887). Бұл дастан 1909 жылғы кітапта басылған (17 бөлік. «Әңгіме Масғұт». 98-100 бет). Көлемі отыз бір шумақ. бір жүз жиырма төрт жол өлен:

Ендігіге не сұрау бұл заманда.

Ақыт ой, ар намыс жок еш адамда.

Өлген мола, туған жер жібермейді

Өйтпесе тұрмас еді осы маңда, – деп аякталады.

Дастанның: «Сол Масғұт Халифаға уәзір боқты» деп басталатын екінші бөлімі (он үш шумақ, елу екі жол өлен) 1939 жылғы жинақта қосылған. «Масғұттың» бұл 2 бөлімі бұрын басылмаған» деген ғана түсінік берілген (252 бет). Екінші бөлім туралы 1945 жинақта: Нұсқасы Мүрсейіт қолжазбасынан алынған. Бұл дастан «Мың бір түн» жүйесіндегі әңгіменің бір түрі сияқты» делінген (459 бет).

1957 жылғы жинақта бұл дастанға берілген түсінікте: «Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында Тургеневтен» деп көрсетілген.

И. Тургеневтің «Восточная легенда» атты қысқа әңгімесі мен «Масғұт» поэмасының бірінші бөлімінің сюжеті бастан-аяқ дәл түсіп отырады. Бұл «Восточная легенда» мен «Масғұттың» шығыс елінің белгілі бір сюжеті негізінде құрылғандығын анықтайды». (355 бет) дей келіп, Тургеневтің 1878 жылы жазған «Восточная легенда» әңгімесі орыс тілінде келтірілген (356-357 бет).

Мұхтар Әуезовтің 1959 жылы шыққан «Әр жылдар ойлары» атты зерттеулер, мақалалар жинағында жарияланған (7-190 беттер) Абайдың өмірі мен творчествосы туралы үлкен монографиялық зерттеу еңбегінің «Абайдың поэмалары» атты тарауында «Масғұт» дастанына арналған түсініктемесін келтіреміз.

...Алғашқы тексеретініміз «Масғұт» поэмасы. Енді кітаптың 176 бетінен бастап, 177, 178 бетті «Абайдың екінші поэмасы «Ескендір» дегенге дейін көшіру керек....

Дастанның бірінші шумағының бастапқы екі жолы әр жинақта әр түрлі болып басылып жүр. Мысалы, 1909 жылғы кітапта:

Я. Алла, хұрметінде достың Махмұд.  
Тілге яр берілсін тұғры мақсұд, деп басылса,  
1922 жылғы (Қазан) жинақта:

Я. Алла, хұрметінде достың Махмұд.  
Тілге жардем берілсін, тұры мақсұд, – деп басылған (197 бет).  
1922 жылғы Ташкентте шыққан жинақта:

Я, Алла хұрметінде достың Махмұд.  
Тілге жәрдем берілсін тұра мақсұд, – деп басылған.  
Ал ең соңғы 1977 жылғы жинақта:

Я, Алла құрметіңе (?) достың Махмұд,  
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт, – деп бұрмаланып  
басылған.

Сондықтан 1909 жылғы кітапта:

Я, Алла хұрметінде достың Махмұд,  
Тілге Яр берілсін тұғры мақсұд.

Һарон Рашид Халифа заманында

Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұд, – деп дұрыс басылған  
Абай сөзін бұрмаламай дұрыс жазып, дұрыс оқуымыз керек.

Он төртінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта:

Ол жігіт сөзін ұғып тұра қалды, – деп дұрыс басылса.

1977 жылғы жинақта:

Ол жігіт шал сөзіне құлақ салды, – деп мүлдем бұрмаланып  
басылған. Бұт жолдың орынсыз бұрмаланғанын дәлелдей түсу  
үшін, осы өлең шумағының соңғы екі жолын оқып көрейік:

Ақ пен сары екеуін алмаймын деп.

Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

Сөйтіп, Абайдың «салды» деген сөзді, бір шумақ өлеңде екі  
рет қолданбағанын және қолданбайтынын көреміз.

Он бесінші шумақтың соңғы төртінші жолы 1909 жылғы кі-  
тапта:

«...Мәнісін айтсаң қайтер, жаным, сірә, – деп басылса, 1977  
жинақта:

Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә, – деп, акынның орынды  
тұрған «қайтер» деген сөзін өзгертіп басқан.

Жиырма екінші шумақтың екінші жолындағы «болдың» де-  
ген сөз өлеңнің ұйқасына қабыспай оған тұр:

Берсең қалар оларда несі ардың

Бермесен, сен-дағы ит бірге болдың (?), – деп 1909 жылғы

кітаптан бастап (99 бет) барлық жинақтарда басылған. Бұл арада өлеңнің шырқын бұзып тұрған «болдын» деген сөз. Бірінші жолдағы «ардың» деген соңғы сөзбен, екінші жолдың «болдың» деген соңғы сөзі мүлдем ұйқаспайды.

Бұндай жағдайда, Абай сөзін калпына келтіру үшін жорамал жасап, шартты түрде болса да, түзетіп оқуымыз керек. Сондықтан «болдың» сөзінің орнына «атандың» деген сөзді қолданып:

Берсең қалар олар несі ардың.

Бермесең сендағы ит бірге атандың.

Не өзің ит, немесе бар елің ит.

Дауасыз бір пәлеге міне қалдың, – деп түзетіп оқысақ, өлең дұрысталатын сияқты.

Жиырма төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (99 бет):

...Хан қаһар, қара халық қастық қылса, – деп дұрыс басылған болса.

1977 жылғы жинақта:

Хан қаһар, қара кісі қастық қыла.

Жиырма алтыншы шумақтың соңғы төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (100 бет):

...Басында ойлап, тегін де абайладым, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Басында-ақ ойлап тегін абайладым, – деп бұрмаланып басылған.

Жиырма жетінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

...Өміріңше артылсын, жанып бағың, – деп дұрыс басылған.

Ал 1977 жылғы жинақта:

...Өміріңмен артылсын, жанып бағың, – деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы шумақтардағы 1909 жылғы кітапта «хызыр» деп басылған сөз 1977 жинақта «кыдыр» деп өзгертілген.

Отызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

...Арашашы издеткен қатын, қыздан, – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Арашашы іздепті (?) катып, қыздан, – деп бұрмаланып басылған.

Отыз бірінші шу мақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Ендігіге не сұрау бұл заманда, – деп дұрыс басылған

1977 жылғы жинақта:

Ендігіге не сұрау бұл жалғанда (?), – деп, тіпті орынсыз, «заман» деп дұрыс қолданылған сөзді өзгертіп, «жалған» деп бұрмаланып басылған.

2. «Ескендір» (1900). Бұл дастан ең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (17 бөлік, «Ескендір әңгімесі» 100-103 бет).

Мұхтар Әуезов «Абайдың екінші поэмасы «Ескендір», – дейді. Поэманың негізі болған тақырыптың төркін-тегіне біраз шолу жасай келіп: «Шығыста Ескендір, орыс пен Европа елдерінің атауына Александр – бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі-дастандарында ерекше орын алған адам

Шығыс ақындарында.. Әзербайжанның атақты классигі Низами ғана өзінің «Ескендір наамасында» бұған шейін жеткен аңыздарды теріске шығарады. Ол анық тарихтық шындық бойынша Филікустың (Филипптің) өз баласы етіп жырлайды.

– Ескендірді, соңғы тапқан деректерімізге карағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды, тұтасымен сол Низамидың «Ескендір наамасынан» алған», – дейді.

Низамидың ең зор поэмасы «Ескендір нама» сансыз көп уақиғалардан, көп тарау бөлімдерден құрылған аса бай мазмұнды дастан екенін, толып жатқан шытырман уақиғалы, күрделі сюжеттер тарайтынын баяндай келіп:

«Ескендір нааманың» тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің тұн тарапына шеккен сапарына арналады. Ол сапарда Ескендір Әбулхаят суын (мәңгі тірлік беретін суды) іздеп барады

Тұн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында, сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы хызыр болады. Бұлар іздеген Әбулхаят суын хызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы Ақбоз атын да әрі суарып, әрі суға шомылдырады. Бірақ ғажайып су енді Ескендірге білдірмек болғанда, ғайып боп жоғалып кетеді. Сөйтіп, бар мұсылман аңыздарындағы мәңгі тірлік қылған хызырдың жәйін Низами өз поэмасында осылайша әңгімелеп дәлелдейді.

Сол тұн тарапта жүргенде, кезу үстіндегі Ескендірге сыры, жәйі мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жан Ескендірге өзгеше сыры бар кішкентай тас береді.

«Кейін ойлансан осы тастан көп сыр көресің, ой табасың», – дейді. Тұн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат, асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны, жанағы – тіптей тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде барлық өзге асылдың барлығын баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де, бар-бар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына хызыр келіп, бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілейіп, аспанға көтеріледі. Сонда Ескендір өзгеден бұрын өзі ойшылдық танытып, «Топырақтан біткен топырақтан ғана тыйым табады», – деп терен байлау жасайды.

Мінс, біздің білгімізше, Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған «Ескендір наматын» дәл осы тұсынан алынған. Бірақ, Абай поэмасын білетіндерге мәлім, жанағы әңгіменің желісін Абай өзінше өзгертіп, өсіріп алған, – дейді Мұхтар Әуезов.

Абай шығыс әдебиетіндегі ұлы классиктер баяндаған күйге түгел тоқтап, бағынып қалмайды. Ол аңызды өзінше, көп жағынан өмір шындығына жакындатып, реалистік стильге бұрады. Ең алдымен аңызды Еуропа тарихы мен мәдениетінен өзі білген Александр Македонский жағына қарай бейімдейді. Ескендірдің әкесі Абайда Филипп болып аталады. Тарихтағыдай оның астанасы Македония шәһәрі болады. Және де тарихтық дәл деректер бойынша, ертегілік хызырдың орнына Ескендірдің тәрбиешісі болған философ Аристотель кіреді. Сөйтіп, адамдар мен олар арасындағы мінез-қатынастарға Абай тарихтық шындықты негізгі арқау етеді. «Аңыздан бұрын тек кішкентай тастың (Абайда кішкене көз сүйегі) өзгеше сыры ғана сақталады.

Низами поэмасында, сол сияқты барлық шығыс поэзиясында, Ескендірді асыра дәріптен, «даналық» дәрежесіне жеткізетінін атап айта келіп, «Ескендір Абай поэмасында дәріптелмей, сыналады. Оған ақылшы болған Аристотель өзінің әмірші патшасынан сонауғұрлым биікте, анық қасиет иесі боп көрсетіледі. Бұл Абайдың өзі айтатын афоризм «бақпен асқан патшадан ми-

мен асқан кара артық» деген терең сырлы нақылға дәл келетін халдар.

Осы айтылған жайларға карағанда, Абайдың әкімшілікке көзқарасы бұрын мұсылман ғаламында болмаған жаңа сыншыл биік ойды танытады» – дейді.

Поэма туралы ой пікірін қорыта келіп: жалпы композициялық құрылысын алғанда «Ескендір» – Абайдың ең жақсы поэмасы «Масғұттай» емес, – дейді, – бұнда сюжеттік құрылыс бастан-аяқ бір түйіннің айналасында топталады. Адамдарының мінездері, істері арқылы біртіндеп ашылады. Соның ішінде «Ескендір» сияқты поэманың бас героіы шығарманың басынан аяғына дейін уақиға арқалығы болып отырады. Барлық суреттер, кездесулер мен қайшы келетін мінез, әрекеттер және түйінді ойлар – баршасы да бір Ескендірдің басына байланысты болады.

Поэманың ең соңындағы бірнеше шумақтарында Абай дидактикалық ойшыл өсиеттілік қорытындыны Ескендірден бөлек бір жайі етіп айтады. Бұнысы поэманың жоғарыда біз айтқан идеясына байланысты...

Поэманың шумағы, өлең жолдары, бұын өлшеуі, қолданылатын ақындық сөздігі бәрі де шешендік, нақтылық жағынан карағанда, Абайдың ақындық өнеріне сай келген<sup>12</sup> .»

Үшінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (100 бет):

Сұмдықпен ғаскер жнып қаруланды, – деп басылған.

1977 жылғы жинақта «ғаскер» деген сөз «әскер» деп өзгертіліп берілген. Тегінде Абай заманында қолданылған сөздердің қалпын өзгертіп, қазіргі заманға бейімдеп беру дұрыс болмаса керек.

Төртінші шумақтың бірінші және үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,

Шапқан елдің бәрін де бодам қылып, – деп дұрыс басылған болса,

1977 жылғы жинақта:

Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,

Шапқан жердің (?) бәрін де бодам қылып, – деп бұрмаланып басылып, өлеңнің мағына мазмұнына нұқсан келтірілген.

12 Мұхтар Әхезовтың түсініктемесі біраз қысқартылып берілді – ҚМ

Он сегізінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:  
... Аша алмады, қакпадан үміт үзді. – деп дұрыс басылса,  
1977 жылғы жинақта:

..Аша алмады қакпаны, үміт үзді. – деп бұрмаланып  
басылған...

Он тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кі-  
тапта:

...Бәрі де ала алмасты байқаған ғой, – деп дұрыс басылған  
болса, 1977 жылғы жинақта.

...Алысып әл келмесін (?) байқаған ғой, – деп мүлдем  
бұрмаланып басылған.

Жиырма бесінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітап-  
та (102 бет)

...Сыйым осы, патша, мынаны ал, – деп дұрыс басылған  
«патша» деген сөзді 1977 жинақта орынсыз, өрескел өзгертіп:

... Сыйым осы, есерім (?), мынаны ал. – деп басқан.

Жиырма алтыншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кі-  
тапта

Орамалды қуанып қолына алды,

Сый алдым деп хатқына қайта салды, – деп дұрыс басыл-  
са, өз орнында дәл айтылған «салды» деген сөзді. 1977 жылғы  
жинақта «барды» деп өзгертіп басқан.

Жиырма тоғызыншы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы  
кітапта:

Таразыны апкел де, сүйекті сал. – деп Абай сөзі дәл басылса,  
1977 жылғы жинақта:

Таразына әкел де, сүйікті сал. – деп өзгертіліп басылған.

Отыз бесінші шумақтың соңғы, төртінші жолы 1909 жылғы  
кітапта (103 бет):

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда, – деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда (?). – деп бұрматаған.

Ең соңғы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта:

Боюна өлшеп айтсаң, нең құрайды, – деп дұрыс басылған  
болса, 1977 жылғы жинақта.

Боюна өлшеп сөйлесең, нең құрайды, – деп бұрмаланып  
басылған.

3. «Өзім әңгімесі». Бұл дастан ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта. «Өзім-Әңгіме» өлең Мың бір түн ертегісінен» деп аталып басылған (245-257 бет). соңында «1896 жыл» деп көрсетілген, ешқандай түсініктеме берілмеген.

1939 жылғы жинақта. 1933 жылғы жинақ бойынша басылып берілген түсінікте. «Өзім әңгімесі» деген әңгімелі жырды бұның алдындағы жинақта да басып едік. Қазірде де басып отырмыз. Бас жағындағы біраз өлеңіне карағанда, бұл Абай шығармасы сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін жинағында осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкеліп кіргізген еді... Оның дәлелі осы өлеңді тауып беруші Ырысай ұлы Ысқақ деген Абайдың жақын туысканы «Өзімді» даусыз Абай сөзі депті. Ысқақ ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты болып, көп жинаған туысканның бірі екен. Ол «Абай мұны ерте уақытта өлең етіп бір жазған соң, қайта карамай тастаған еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғанмын», – дейді екен. Өлеңнің бас жағында кездесетін шикілеу жерлер, ескіріп, жыртылып қалған жазбадан Ысқақтың я шала көшіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажап емес» (275 бет) деген.

1957 жылғы жинақта берілген түсінікте «Өзім поэмасы» «Мың бір түндегі» (774-827 түндер) «Хасан зергер туралы әңгіменің» сюжет желісіне негізделіп құрылған.. «Мың бір түнде» басты кейіпкердің аты Өзім емес. Хасан. Шалдың аты Баһарам», – дейді. Және әңгіменің поэмада аяқтатмай қалған жері «Мың бір түн» ертегісі бойынша келтіріледі.

Түсініктемесінің соңында: «Шығарманың («Өзім» поэмасының. – Қ.М) тексін 1927 жылы М. Әуезов Ысырапұлы (?) (дұрысы: Ырысайұлы. – Қ.М) Ысқақ деген адамнан жазып алды (358 бет), – деп қате берілген.

«Өзім» поэмасы туралы 1957 жылғы жинақта берілген түсініктеме 1977 жылғы жинақта да қайталанған. Бірақ көп қысқартылып берілген. Енді Мұхтар Әуезовтың түсініктемесін келтіреміз:

«Абайдың 1933 жылғы жинағында алғаш рет басылған бір поэмасы – «Өзім».

Бұл поэманың тақырыбы .

183-184 беттерді көшіріп басу керек ...

Екінші шумақтың екінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Екеуі жетім еді әкесі өлген

Талаптан жетімбіз деп, бос жүрмеген, – деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта.

...Талаптан жетеміз (?) деп бос жүрмеген, деп басылып, өлеңнің мазмұн- мағынасы жойылған

Оныншы шумақтың екінші жолы 1933 жылдан бастап барлық жинақтарда:

...Торғын тон, алтын кемер (?) бір шал келді, – деп басылып келеді. Бұл арада «кемер» деген сөз өлеңнің мазмұнын бұзып тұр. Өлең жолында: шалдың кіген сәнді киімі суреттелетін болғандықтан өлеңді түзетіп:

...Торғып тон, алтын кәмәр бір шал келді, – деп оқысақ:

Торғын тон кіген, алтын белдік яғни, кәмәр буынған бай шал келген болып шығады. Акын бұл арада қазақтың белдік (белбеу) деген сөзінің орнына парсының «кәмәр» деген сөзін қолданған деп білеміз.

Кәмәр парсы тілінде әшекейлі белбеу деген сөз.

Он екінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақта.

Қарекетпен көз сүзбей күн көретін, – деп дұрыс басылған 1977 жылғы жинақта:

Еңбекпен көз сүзбей күн көремін, – деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Жиырма сегізінші шумақтың төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Кім көрсе, айтады аң-таң қалып, – деп басылып, өлең жолы толық болмай қалған.

Дұрысы:

Кім көрсе, сол айтады аң-таң қатып, – деп басылуы керек.

Отыз екінші шумақтың екінші жолы «нашалы» деген сөзден басталады.

Сырлассак, сұхбаттассак аулақ артық,

Нашалы боламыз ой сөйлеп шалқып.

Осындағы «нашалы» деген сөзге 1977 жинақта: «шөптің басына шығатын дән, түтінін шығарып, түтікпен тартады» деп мүлдем ақылға қонбайтын және өлеңнің мазмұнына қабыспайтын түсінік берілген (338 бет).

Біздің түсінігімізше, «нашалы боламыз ой» дегені: нашамызға

келеміз, яғни, көңілді боламыз деген ұғымда айтылған сөз болады.

Қырық жетінші шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы жинақтан бастап, барлық жинақтарда:

...Қол-аяғы байлауы жатыр жатғыз,

Темір шетік қапас боп тұрды үсте, – деп басылып келеді. «Шетік» деген сөз өлеңнің мазмұнымен мүлдем қабыспайды. Шетік (мәсі) аяқ киімінің аты және «темір шеттік» деген шеттік болмайды.

1933 жылғы жинақтардағы Абай өлеңдерінің текстің қайта қарап, қате басылған көп сөздерді түзеткен жазбасында Мұхтар Әуезов: «Темір шетік қапас боп тұрды үсте», (250 бет) ұғымсыз сөз», – деп жазыпты (Мұхтар Әуезов. «Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы. 1988 жыл, 38 бет).

Сөйтіп, «темі шетік», «ұғымсыз сөз» болып қала берген. Мұхтардан кейін бұл «ұғымсыз сөзге» ешкім көңіл бөлмеген.

Біз осы сөзге текстологиялық талдау жасай келіп, «шетік» деп қате басылып кейде жатқан сөздің дұрысы, «шеттік» болады деген қорытындығы келдік. Шеттік татар тілінен алынған сөз.

«Татарша-орысша сөздікте» «Чплек – клетка» деп түсініктеме берілген.

(«Татарча-русча сүзлек», Москва, 1966, 638 бет).

Сондықтан қате басылып, ұғымсыз болып келген сөзді түзетіп:

Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін.

Темір шеттік қапас боп тұрды үсте, – деп дұрыстап оқуымыз керек.

Тағы осы сияқты қате басылған бірнеше сөз түзетілді.

«Өзім» поэмасына бірде-бір басылымда текстологиялық зерттеу жасатпаған.

*1940-1990. Семей. Алматы.*

\*\*\*

## ТҮСІНІКТЕР

### Мақалалар мен зергізеулер

Баймағамбет Айтқожаұлы – «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының қолжазба қорынан алынған Баймағамбет мұсылманша жақсы сауатты, көп оқыған, көп білетін, сөзге жүйрік. Абай мектебінің ақыны Абайды көрген, Абайдан көп өнеге алған

Ақынның «Шың мақсұттар» өлеңдер жинағы 1915 жылы, Семей қаласындағы «Ярдам» («Жәрдем») серіктігі баспасынан басылып шыққан. Осы кітаптың қайта басылған нұскасына жазаған алғы сөзі Ақынның бірнеше өлеңдеріне әдеби талдау жасайды

**Айтыс** – 1945 жылы 30 наурызда «Екпінді» газетінде жарияланған мақала «Айтыс – ақынның ақындығын, қиялының ұшқырлығын, ақылының көлемін, ой-өрісін, тіл орамдылығын, тапқырлығын сынайтын бір сын кезеңі

Айтыс көрінген ақынның қолынан келмейді. Айтысқа өзіне-өзі сенімді топтан торай алғызбаймын деген саңлақ, жүйрік ақындар ғана тұседі», – деп айтыс өнеріне зор баға береді. 1945 жылы Семей облысында өткен ақындар айтысы туралы мәлімет береді

«Әдебиет және искусство» журналындағы кейбір құнсыз шығармалар – 1946 жылы 27 қазанда «Екпінді» газетінде жарық көрген «Әдебиет және искусство» журналының 4-санында жарияланған «Әдебиетіміздің жпырма бес жылы» деген бас мақалаға жазылған сын «Ақын, жазушыларымыздың еңбектерін дұрыс бағалап, әділ сынап, жетіскен жақтарын атап көрсетіп, кемшіліктерін айтудың орнына орынсыз мақтау «іргелі ақын», «күрделі еңбек» деп даурығу сияқты жауапсыз пікір айта салу әдетке айналған» – дейді. Бірнеше ақын-жазушылардың шығармаларынсын тезіне алады

**Ығылман ақын** – 1946 жылы «Екпінді» газетінің № 75 санында жарық көреді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі Ығылман Шөрсковтің өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы мәліметтер береді. Ақынның «Қазақтың өткен ақындары» өлеңіне және «Исатай-Махамбет» тарихи дастанының идеялық көркемдігіне, дастандағы Исатай, Махамбет бейнелеріне талдау жасалады

**Орыстың атакты мысалшы ақыны** – И Крыловтың өтгеніне 104 жыл толуына орай 1948 жылы «Екпінді» газетінің № 232 санында жарық көрген «Ұлы орыс халқының тамаша бап тілі өмір сүретін болса, Крыловтың данкы барған сайын арта бермек», – деген Белинскийдің пікір келтірсе отырып, «болашақты болжап айтқан данышпандық ойы адасқан жоқ»– деп түйіндейді Орыс әдебиетінің тарихында орыс жазушыларының ішінен тұңғыш дүниежүзілік данққа Крылов не болғанын және оның мысал жазудағы шеберлігі мен теңдесі жоқ жазушы екендігін айтады

Қазақ әдебиеті заманымыздың талабына сай болсын – Семейдің педагогика институтында қазақ әдебиетінің аға оқытушы болып жүрген кезде жазған мақаласы Мақала «Екпінді» газетінің 1947 жылғы № 95 санында жарық көрген

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің оқытылу бағдарламасы туралы революция алдындағы қазақ әдебиеті тарихының программасында да етеулі катетіктер, бұрмалаушылықтар бар Бұл кездегі қазақ ақындарының бәрі дерлік революцияшыл – демократтар болып сипатталған, ұлтшыл - байшыл ақындар, халық қамын ойлаған демократ деп сипатталып бағдарламаға енген деген ұшқары пікірді айтып қалады

Программадан Абайдан соңғы дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихындағы прогресшіл бағытты сипаттайтын Абайдың ақын шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Әріптердің орын атмағанына қынжылады Абайдан өнеге алып өскен ақын шәкірттері сол дәуірдің өзінде қазақ даласында прогресшіл бағыттағы әдебиеттің, ақындық мәдениетінің үлгісін көрсеткенін дәлелдеуге тырысады

**Абай музейі ұлы ақынның атына сай болсын** – 1955 жылы жазылған мақала Мақалада Абайдың әдеби музейінің ұйымдастырылып, құрылу тарихына тоқтала келе, оның экспонаттармен толықтырылғаны, кімдердің көмек қолын созғандары туралы жан-жақты баяндайды Абай музейі алғашында «Мемлекеттік әдебиет музейі» болып ұйымдастырылып, оның алдында Абайды зерттеу мен бірге қазақ әдебиетін зерттеу міндеті қойылғанын Осыған байланысты Абай музейінің қолжазба қорына Абайдың жарияланбаған 15 өлеңі, Абайды көрген адамдардың 50-дей естеліктері қосылғанын және Абайдың 10 жыл бойындағы басынан кешкен халін сипаттайтын архив мағлұматтары сияқты құнды материалдың кетігенін айтады

Сонымен бірге музей жұмысында орын алып отырған елеулі кемшіліктерді сынайды. Музей директоры Тұтқышевтың бағалы кітаптардың 900-дей томын әр библиотекаға таратып жібергенін ашына жазады.

**Лытыштың ұлы ақыны** – Латыш халқының атақты революционер ақыны Ян Райнистің туғанына 90 жыл толуына орай жазылған мақала. 1955 жылы «Екпінді» газетінің 11 сентябрьдегі санында жарық көрген. Мақалада Я. Райнистің өмірбаяны мен шығармашылығы жөнінде толық мағлұмат береді. Оның «Фаустты», Лермонтовтың «Демонын», Пушкиннің «Борис Годуновын» аударғанын айтады.

**Ибраһим Алтынсаринның таңдамалы шығармалары** – «Семей правдасы» газетінің 1956 жылғы 8 мамырдағы № 98 санында жарияланған. Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтында Ибраһим Алтынсаринның таңдамалы шығармаларын жарыққа шығуына байтанысты жазылған мақала.

Алты тараудан құралған Алтынсаринның таңдамалы шығармалар жинағының әрбір тарауына терең талдау жасалады. «Алтынсаринның орысша жазған еңбектерін қазақша аударып беруде әжептәуір еңбек сіңіргені байқалады», - дей келе «Қазақ хрестоматиясында» басылған қазақ ауыз әдебиет нұсқаларының бірталайы кірмей қалғанын, ал ол нұсқалардың Алтынсарин творчествосының нәр алған негізгі бір саласы болағанын айтады. Академия баспасы үшін кешірілмейтін текстологиялық қателер де кездесетінін де ескертеді.

**Екі кітап** – 1963 жылғы 24 тамыздағы «Ертіс» газетінде жарық көрген әдеби сын мақала. Мақалада Мұзафар Әлімбаевтың «Мақал – сөздің мәйегі» және Сұлхан-Саба Орбеллианидің «Ғибратнамасын» аударғанын қуанышпен хабарлап, кітаптың көркемдік сапасына көңіл аударады.

«Мақал-мәтелдің терең мағынасына сай, көркемдік, өлеңге тән қасиеті бар дей келе, басқа тілден мақал-мәтелді қазақшаға аудару мойынға жеңіл міндет алу болып табылмаса керек. Мақал, «Ұзын арқау, кең тұсауға» аударушыны жібермейді», - деп аудармашының шеберлігін ерекше атап өтеді.

Орбеллианидің «Ғибратнамасы» әлемге әйгілі, бүкіл адам баласына ортақ әдеби шығармалардың қатарынан құрметті орын алған, асыл мұра. Кітапта бір жүз елу екі әңгімені тартымды, тілге жеңіл кылып аударғаны баяндалады.

**Көрнекті ғалым** – әдебиетші – Көрнекті ғалым, қазақ әдебиеттануының білгірі, филология ғылымының докторы, профессор Бейсембай Кенжебасовтың 60 жылдығына орай жазылған мақала. 1964 жылы «Ертіс» газетінің бірінші қарашадағы санында жарияланған.

Мақалада ғалымның шығармашылық өсу жолына кеңінен талдау жасалады. «Ғалымның үнемі көп көңіл бөлетіп басты тақырыбының бірі – Абай. Оның «Абай туралы пікірлер» атты мақаласы 1935 жылы басылып, содан бері «Абайдың қара сөздері», «Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы», «Абай өлеңдерінің ритмикасы», тағы басқа бірнеше мақала жазды», – деп баға беріледі.

**Қаһарман қыздар** – Бұрынғы Семей облысының Жарма, Аякөз аудандарында ақ бандыларға қарсы күресіп, ерекше ерлік көрсеткен Білісай Байғаранова (Жарма ауданы), Айқыз Көшкінбасва туралы жазылған дерекнамалық мақала. Ерлік ісімен көзге түсіп, ел аузында, «Ер Білісай» және «Аякөздің Айқызы» атанған екі ару жайлы кеңінен толғап жазады.

Сол кездің өзінде-ақ Жарма мен Аякөздің екі ақыны Білісай мен Айқыздың ерліктеріне арнап поэма жазғандарын айтады. Қазақстанның белгілі халық ақыны бірі Сапарғали Әлімбетов «Ер Білісай» және Қайырылхан Еркебаев «Сабыржан» поэма жазғандарын баяндайды. Мақала 1970 жылы «Қазақстан әйелдері» журналының №1 номерінде жарық көрген.

**Жүз жыл жасап, ғасырдан ғасырға жеткен кітап** – 1971 жылы 28 желтоқсанда «Семей таңы» газетінің № 256 санында жарияланған. Петербургте басылып шыққан. Л. Будаговтың «Түркі – татар тілдерінің салыстырмалы сөздігінің» («Сравнительный словарь турецко-татарских наречий») мәні мен маңызы туралы айтылады. Будагов сөздігінің бірінші томы 1869 жылы, екінші томы 1871 жылы жарық көрді.

Сөздікте жиырмадан астам тілге байланысты ұшан-теңіз материалдар камтылып, салыстыра зерттеліп, келтірілген сөздердің үлгі-нұсқалары, мысалдары орыс тіліне аударылып берілген.

Сөздікте түркі тілдерінің ішінде, әсіресе, қазақ тіліне ерекше назар аударып, қазақ сөздері мол келтірілген. Ғалым: «Л.З. Будаговтың өз заманында жазған татай ғылыми еңбектері, кезінде алтын медаль, ғылыми атақ-дәреже әперген еңбектері

әлдеқашан ұмытылды Оның атын тарихта мәңгі-бақи қалдырған бірден-бір еңбегі «Түркі – татар тілдерінің салыстырмалы сөздігі», – деп тұжырымдама жасайды

Ибаймағамбет Ізтөлін – Қазақ Совет әдебиетінің алғашқы қарлығаштарының бірі. жалынды жас акын-революционер – Баймағамбет Ізтөлиннің дүниеге келгеніне 75 жыл толуына байланысты жазылған мақала.

Қыршын жас шағында қаза тауып, арманда кеткен талантты жас акын - Баймағамбет Ізтөлиннің өмірі мен ақындық қызметі туралы баяндалады Кейінгі жылдарға шейін, қалың көпшілікке мәлім болмай, тасада қалған өмір жолы жөнінде көптеген құнды деректер беріледі.

Ардагер азамат, жалынды революционер-большевик – «Семей таңы» газетінің 1975 жылғы 26 наурыздағы санында жарияланады. Көрнекті қоғам қайраткері Нығмет Нұрмаковтың туғанына 80 жыл толуына орай жазылған мақала Омбыдағы қазақ жастары құрған «Бірлік» ұйымның белсенді мүшесі, Сәкен Сейфуллиннің сенімді серігі, сырлас досы Нығмет Нұрмаков туралы айтылады.

**Көпке ортақ көркем әдеби мұра** – Мақалада «Жүсіп-Зылиха» дастаны жайында сөз қозғалады Дастан - XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басындағы дәуірдің ең көлемді, ең көркем, бүкіл түркі тілдес және басқа кейбір халықтарға ортақ, жазба әдеби мұра.

Атақты Әбіл-Қасым Фирдоусидің (934-1002) «Шаһнама» эпопеясынан кейінгі, ақырғы жазған поэмасы «Жүсіп-Зылиха» екенін, Шота Руставелидің де (XII-XIII ғ.) «Жүсіп пен Зылиха» поэмасын жазғаны туралы қызықты деректер келтіреді.

«Жүсіп-Зылиха» туралы аңыз қазақ халқына да сонау ерте заманнан таныс болғандығын дәлелдейді Мақала «Семей таңы» газетінің №176 санында 1976 жылы жарық көрген.

**Қазақстан ақындары** – «Советский писатель» баспасынан 25.000 тиражбен шыққан «Қазақстан ақындары» («Поэты Казахстана») атты кітапқа байланысты жазылған мақала. Ғалым, «кітап қолымызға тиіп, бізді терең тебіrentіп, қатты қуантты», – деп қуанышын жасыра алмайды.

Кітапта XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы ақындардың: Махамбет, Жазық, Дулат, Шернияз, Шортанбай, Сүйінбай, Ақмолла, Біржан сат, Ы. Алтынсарин, Мұрат, Базар, Ақан сері,

Ш. Бөкесев, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпесев, Әсет, Нарманбет, Омар (Ғұмар) Қарашев, С. Торайғыровтардың таңдамалы өлеңдері жарияланған. Ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлына, «Біржан-Сара» айтысына көңіл бөліп, тоқталады.

**Ортақ борыш ой қозғады** – «Қазақ әдебиеті» газетінің 1986 жылғы 21 март күнгі санында жарияланған Мұхтар Наурызбаевтың «Тоты наме хақында» деген мақаласына байланысты жазылған мақала. «Тоты наме» дастанының тарихына тоқтала келе, «соңғы жылдары «Тоты наме» дастанын арнайы зерттеп, диссертация жазған (1970) тәжік ғалымы А. Алимарданов бұл дастанның дүниежүзі кітапханаларында сақталған қолжазбалардың саны – 85 екенін анықтаған. Оның ішінде 18 қолжазба Ленинград кітапханаларында сақталған», – дейді.

«Тоты наме» авторы Нахшаби туралы деректер келтіреді. Мақала 1986 жылы аттыншы маусымда «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған.

**Ақын аға, аяулы дос** – мақала қазақтың белгілі ақыны Жұмағали Сапанның туғанына 70 жыл толуына байланысты жазылған естелік мақала. 1978 жылы Ж. Сапанның Алматы қаласында Жамбылдың жетпес жылдық тойында танысканы жөнінде баяндап, оның Семей қаласына келген сапар жайлы жазады. Демалып жүген кездерінде ақын шабыттанып табан астында өлең жазады, сол өлеңнің мәтіні берілген. Мақала 1982 жылы 23 шілдеде «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған.

**Сәдір ақын** – «Семей таңы» газетінің 1985 жылы 23 сәуірде № 78 санында жарық көрген. Халық ақындары Төлеу Көбдіков пен Сапарғали Әлімбетовтердің естеліктері бойынша импровизатор, ақпа ақын Сәдір Жәпекұлының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мол мағлұмат береді.

Сәдірдің атақты Әріп ақынмен де өлең сөзбен қағысқан жері болған. Әріптің Сәдірге айтқан «Қыздырма қызыл тілмен қыз өлтірген» деген сөзінің тарихына тереңірек тоқталады.

«Оның тілі үскідей өткір, сөзі мұрдың оғындай, сексеуілдің шоғындай. Сәдір шындықты айтуға келгенде ешбір жанның беті-жүзіне қарамайтын, ешкімнен қайғымқпайтын, жасқанып жалтақтамайтын, жағымпаздық дегенді білмейтін – «от ауызды, орақ тілді» дейтін ақынның өзі», – деп жазады.

**Нарманбет Орманбеков** – Абайдың атақты ақын шәкірттерінің бірі. Абай бастаған қазақтың жана жазба әдебиеті

тарихында, ұлы акынның өнегелі дәстүрін, заман талабына сай, дамыту жолында мағыналы мол еңбек еткен, табиғи дарынды, акын. Абаймен танысып, одан тағлым алып, ұлы акынды кемеңгер ұстаз, аз аға деп білген Нарманбет, өзінің акындық сапарында Абай дәстүрін берік ұстаған акын. Ол өлең жазған көркемдік түр жағынан болсын, идеялық мазмұны жағынан болсын Абай үлгісімен жазған. Мақалада бірнеше өлең талданады.

**«Екінші жалпықазақ съезі»** (1917) туралы - «Ұлттық көзқарас» айдарымен «Семей таңы» газетінің 1991 жылғы желтоқсанның он жетісінде жарияланған көлемді мақала Нақты тарихи деректерді келтіре отырып 1917 жылы өткен «Екінші жалпы қазақ съезінің» қалай шақырылғаны және өткені, съезде қаралған мәселелер мен қабылданған қаулы жөнінде қызығлық мәліметтер береді.

Сол жылдардағы «Сарыарқа» газетінде жарық көрген материалдардан үзінділер берілген.

**Жалақорлық жарға жығады** – «Қазақ әдебиеті» газетінің 1997 жылғы 13 мамырдағы № 25 санында жарияланған Қажытай Ілиясұлының бір топ өлеңдеріне байланысты жазылған мақала. Акынның өлең соңында берген «Оразалы – Абайға қол жұмсаған содыр» деген түсінігіне наразы болады.

«Оразалы Тәйсемізұлы 1870 жылы туып, 1953 жылы қайтыс болған. Абай еліне аты мәлім, кеудесі шежіреге тұнған, жер тарихын, ескі сөздерді көп білетін, шешен тілді, парасатты сұңғыла адамы», – деп нақты, дәлелді пікірлермен Оразалыны арашалап алады.

**Тұрлықан Қасенұлы** – Дарынды акын, талантты өнерпаз Тұрлықан Қасенұлының 100 жылдығына орай жазылған мақала. Табиғи дарынды ақын, әдеби сыншы, журналист әрі өнегелі педагог – сегіз қырлы өнерпаз Тұрлықан Қасенұлының бойына біткен қасиетін және қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген ұстазы жайлы еске алып, оның қоғамдық қызметіне тоқталады. Александр Затаевичтің 1931 жылы Алматыда басылып шыққан. «500 казахских песни и куйев Адаевских. Букеевских. Семипалатинских и Уральских с предисловием и 403 примечаниями автора» деп аталатын кітабынан үзінді келтіріп, Александр Затаевич Тұрлықанмен қандай жағдайда кездесіп, қалай танысқаны жайында өте қызықты мәлімет береді.

*Ғалым XX ғасыр басындағы Семейдегі қазақ театр өнерінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Оған театр жайлы жазған бірнеше сын мақалалары куә.*

**Қазақ театрының ойыны туралы** – Латын әліпбиімен 1940 жылы «Екпінді» газетінің 26 қаңтардағы санында жарияланған. Театрдың әлеуметтік өмірде алатын үлкен орнына тоқталады. Театр жұмысы жандану үшін әділ сын болу қажеттігін ескертеді.

«Жеке актер сахнадан өзін-өзі көрсетуге ғана талпынбай коллектив болып театрдың халық алдында үлгілі жұмысын көрсетуге тырысуы керек. Биылғы сезонға театрымыз даярлықсыз кірісті. Қыс ортасына дейін сахнада бұрыннан қойылып жүрген «Терең көл» мен «Қыз Жібекті» ғана көрсете алды», -деген сын айтады.

Театрдың жаңа ойыны – «Екпінді» газетінің 28 қаңтардағы санында латын әліпбиімен жазылған мақала. Семей театрында көрсетіліп жатқан Шахмет Құсайыновтың «Боран» атты пьесасын жан-жақты талдайды. Пьесаның идеялық мазмұнына, кейіпкерлер әлеміне және сол образдарды сомдаған артистерге жеке-жеке сараптама береді. Пьесаның қол жеткен жетістіктерімен, жіберген кемшіліктеріне тоқталады.

**Қазақтың тұңғыш ансамблі** – Латын әліпбиімен 1940 жылы «Екпінді» газетінің үшінші қыркүйектегі санында жарияланған. Қазақтың талантты қызы Сара Жандарбекованың жеке ансамблімен Семейге келіп қойған концерті жайлы баяндалады.

Сараның ансамблі Қазақстанда құрылған тұңғыш ансамбль және репертуарында 20 ұлттың ән-билері барлығын айтады. Жырма ұлттың тілінде өлең айтып, ән салып, билеу ғана емес, әр ұлттың өзіне тән характерін, мінезін ұлттық өзгешеліктерін, әр жағдайдағы (қуаныш, күйініш, сүйініш, махаббат, әр түрлі көңіл күйін. .) ішкі, сыртқы қалпын сөзбен, әнмен, қозғалыспен бере білу үлкен шеберлігіне тәнті болады.

**Ергенгінін куәсі** – Латын әліпбиімен 1940 жылы «Екпінді» газетінің 15 қарашадағы № 265 санында жарияланған. Семей театрының сахнасында тұңғыш рет опера қойылған «Ер Тарғын» операсы жайында сөз қозғалады. Тарихи эпостағы және опера желісі бойынша берілген кейіпкерлер салыстырылады. «Ер Тарғын» операсын меңгеру үшін театр коллективінің

өте аз уақыттың ішінде барлық жігері мен күшін сатып игілікті іс атқарғаны жөнінде жағымды пікір білдіреді.

**Жалбыр** – «Екпінді» газетінің 1943 жылғы 30 сәуірдегі санында жарияланған. Семей қазақ театрының сахнасында жүріп жатқан «Жалбыр» операсының мәні мен маңызы баяндалады. Оперاداғы әрбір кейіпкерге және оны ойнаған актер шеберлігіне баға береді.

«Жалбыр» операсын жұршылық алдына дұрыс жеткізу жөнінде режиссердің жұмысын дұрыс бағалайды..

**Үйлену** – «Екпінді» газетінің 1946 жылғы 3 наурыздағы № 45 санында жарық көрген. Орыстың ұлы жазушысы Николай Васильевич Гогольдің «Үйлену» атты комедиясын Абай атындағы облыстық қазақ театрының сахналауына байланысты жазылған. Бұл театрымыздың зор табысы», - дей келе. «Барлық ойынға қатысушы артистер Гоголь комедиясының жоғарыда айтқан терең сырына жету үшін үздіксіз еңбек етулері керек. Сырт қимылымен қатар, әсіресе ішкі дүниеге көбірек көңіл бөлу керек. Гоголь комедиясының ең басты қасиетінің бірі – сөзде. Сөзді өз орайымен, психологиялық жағдайымен байланыстыра білуді, сөздің елге жетуін қатты қарастыру керек. Гоголь кейіпкерлерінің сөздері бір ауызы елге жетпесе үлкен кемшілік» – деп қорытады.

**Он бір белгісіз** – 1947 жылы «Екпінді» газетінің 22 мамырдағы санында жарияланады. Өмір шындығына негізделіп, футбол тақырыбына жазылған пьесаны Семей театры сахналаған. Қоюшы Бас режиссер Л. Леонов. Пьесаның авторлары В. Л. Дыховичный, В. Ласкин, М. Слободской (Либеретта) композитор Богословский (музыка) «Өмір шындығынан алынған, заңымыздың талабына сай тақырыптағы – оператта түрінде қызықты етіп жазған», – дейді автор.

**Қазақ театрының жана ойыны** – «Семей правдасы» газетінің 1957 жылғы 19 сәуірдегі № 79 санында жарық көрген. Өзбек драматургі Абдулла Каххардың «Ағу тістер» атты комедиясын Абай атындағы драма театрының қоюына байланысты жазылған мақала.

Пьесаның тақырыбы актуальды, саяси-әлеуметтік және эстетикалық маңызы зор, дей келе пьесадағы елеулі кемшіліктерге тоқталады. Өзбек жұртының өзіне тән ұлттық ерекшеліктері әлі жетпей жатыр. Режиссер мен артистер бұл жағын ерекше ескерулері керек – деген пікір айтады.

**Байырғы театр** – «Социалистік Қазақстан» газетінің 1960 жылғы 10 сәуірінде жарық көрген мақала. Семейдегі казак театрының тұңғыш құрылуы мен оның даму тарихы туралы айтылады. Семейде сахна өнерінің өркендеуіне ат салысқан белгілі мәдениет қайраткері, қазақтың тұңғыш режиссері, драматург Жұмат Шанин және акын Иса Байзақов, әйгілі әншілер Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебековтер жөнінде мағлұматтар береді.

**Республикадағы ең қарт мәдениет орындары** – мақала Семейдегі өлкетану музейі мен Гоголь атындағы кітапханаға 80 жыл толуына орай жазылған

Семей қаласында 1878 жылы Статистика комитеті құрылады. Статистика Комитеті 1883 жылы 24 сентябрьде (ескіше 11 сентябрь) Семейде тұңғыш мәдени-ағарту мекемесі облыстық музей ашып оның жанынан қоғамдық кітапхана ұйымдастырған.

1886 жылы 4 майда Абай Құнанбаев Статистика Комитетінің толық мүшелігіне сайланды. Абайдың мәдени білім дәрежесінің артуына көмек берген музей жанынан ашылған кітапхана болады. Абай кітапхананың тұрақты оқушысы болған. Осындай тарихи маңызы бар оқиғаны құнды деректер келтіре отырып жазады.

**Құлақтан кіріп, бойды апар** – Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера – балет театры 1965 жылы 15 май күні Семейдің облыстық театрында «Абай» операсын қойған. Осыған байланысты 1965 жылғы «Ертіс» газетінің 18 мамырдағы санында жарық көрген мақала.

Академиялық опера балет театрының қойған шығармаларының ұзақ өмір сүруі, көрермендердің әрқашан құмартып тыңдайтын сүйікті шығармалары болып қалуының басты себебі – бұл опералардың нағыз халықтық негізінде жасалған қасиетінде, – дейді.

Қамар Сұлұ «Семей таңы» газетінің 1968 жыл 25 мамырдағы санында жарияланған. Талантты композитор Еркеғали Рахмадиевтің «Қамар сұлұ» операсы Семей театрының сахнасында қойылғаны жөнінде баяндалады.

Рахмадиевтің тырнақалды операсына негіз болған С. Торайғыровтың «Қамар сұлұ» романы. Композитор «Қамар сұлұ» романының оқиғасына терең толғанып, кең ойланып, құдіретті музыка тілімен тебірене жырлайды.

«Қамар сұлу» операсындағы образдарды театр сахнасында жандандырып, «құлақтан кіріп бойды алатын» әсем сазды ән-әуездерімен «көңіл құсын шар тарапқа шарықтатқан» - жарқын жүзді, биік жанды, нәзік те сергек сезімді өрен өнер қайраткерлеріне ең алдымен рахмет-алғысымызды айтамыз, – дейді автор.

**Қалам ұстатып, қанат бітірді** «Семей таңы» газетіне алпыс жыл толуына байланысты жарық көрген мақала. Газет жылы 1919 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілі» газетінен бастау алады.

Алғаш рет қазақ акындарының өлең, поэмаларын осы газеттен оқып, танысқанын, өзінің тырнақалды тұңғыш өлеңі де осы газетте жарияланғанын және академик Әлкей Марғұлан, белгілі ғалымдар Мұсатай Ақынжанов, Қайыржан Бекқожиндер алғашқы еңбек жолын журналист болып бастағанын айтады.

**Халық бұлбұлы** – «Семей таңы» газетінің 1982 жылғы 30 сәуірдегі №81санында жарияланған. «Қазақтың бұлбұлы» атанған, бүкіл әлемге әйгілі әнші – Күләш Байсейітованың туғанына 70 жыл толуына байланысты жазылған мақала. Табиғи дарынды, алғыр ойлы, ұшқыр қиялды, сегіз қырлы өнерпаз Күләш Байсейітованың өнердің биігіне қалай жеткенін, оның шыққан ортасын, ұстаздары туралы мағлұмат береді.

СССР халық артисі профессор Социалистік Еңбек Ері Ю.А.Завадскийдің «Дәл мынандай Татьянаны мен бұрын көрген емеспін. Күләш – ұлы адам ұлы актриса!», – деген пікірін келтіреді.

**Семей театрының тарихынан** – 1920 жылы Мұхтар Әуезовтің басшылығымен Семейде тұңғыш қазақ жастарының ағарту қоғамы – «Есаймак» құрылады. Ол 1922 жылдан бастап, «Семей губерниялық Қазақ драма труппасы» деп аталды. 1922 жылдан бастап, әсіресе Жұмат Шанин труппаны басқару ісін өз қолына алған соң, Семей драма труппасы профессионалдық бағытта болды.

Жұмат Шаниннан соң, труппаны Ғ Төребасев басқарады. 1922 жылдан бастап жартылай профессионал театр дәрежесіне жеткен қазақ драма труппасының негізінде 1934 жылы ашылған Абай атындағы облыстық қазақ музыкалы-драма театрының бай тарихы туралы жазылады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1984 жылғы 4 мамырдағы санында жарық көрген.

**Ұшқан ұямыз** – «Семей таңы» газетінің 1987 жылғы 31 қазандағы № 208 нөмерінде жарияланады. Семей педагогика институтының ашылғанына 50 жыл толуына арналып жазылған мақала. Жарты ғасыр ішіндегі институттың бай тарихын және онда еңбек еткен өз ісінің білгірі, тәжірибелі ұстаздар турлы тебірене жазады. Сонымен қатар өзі қызмет етіп жүрген қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасындағы мұғалімдер және оны бітірген шәкірттері туралы ой толғайды.

**Өнегелі өмір, өшпес мұра** – «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының қолжазба қорынан алынған. Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған музыкалық хабардың сценарийі. Хабарды жан-жақты әзірлеп, тыңғылықты даярлық жұмысын жүргізіп халық назарына 1988 жылы 5 мамырда ұсынады.

Қалибек Қуанышбаевтың актерлік шеберлігі, сегіз қырлы бір сырлы таланты жан-жақты талданады. 1926 жылы 13 январь күні ашылған қазақтың тұңғыш профессионалы ұлт театрының шаңырағын көтерген бір топ өнерлі ел артистерінің бірі - Қалибек Қуанышбаев болғанында айтады.

**Тамаша тарихы бар техникум** – Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын ең тұңғыш оқу орындарының бірі – Семей педтехникумының (қазіргі М. Әуезов атындағы колледж) ашылғанына 70 жыл толуына орай жазылған мақала. «Қазақ тілі» («Семей таңы») газетінің 1922 жылы 24 декабрь күнгі санында мақаладан үзінді келтіріп педтехникумның алғашқы қадамы туралы айтады.

1922 жылдан 1927 жылға дейін Семей педтехникумының директоры болған Әбікей Сәтбаевтың ұйымдастырушылық еңбегін ерекше бағалайды. Мұхтар Әуезов сынды ұстаздарды. Әлкей Марғұландай шәкірттер туралы мақтанышпен жазады. «Семей таңы» газетінің 1992 жылғы № 67 санында жарық көрген.

**Естен кетпес еңбегі** – «Семей таңы» газетінің 1994 жылғы 28 мамырдағы №43 санында жарияланған. Көрнекті қоғам қайраткері Екейбай Қашағановтың халыққа сіңірген азаматтық бір ісі туралы айтады. 1969 жылы Семей педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті факультетін жабу жөнінде Қазақстан оқу мистрлігінің бұйрығы шығады. Бұл бұйрыққа Абайдың 125 жылдық мерейтойын өткізуге әзірлік жүріп жатқан кезде

қол қойылған. Осыған наразы болған Қ. Мұхамедханов болып жатқан жайды Е. Қашағановқа жеткізеді. Мақала кейіпкері бар күш-жігерін жұмсап қазақ тілі мен әдебиеті факультетін алып қалады.

«Мәселе қалай шешілді деп менде сұраған жоқпын. «Анда болдым, мында болдым» деген сияқты сөздерді айтып, игілікті іс тындырғанына мардымсып масаттанған Қашағановта болған жоқ». – дейді.

## **II – бөлім**

Абай шығармаларына ғылыми түсініктер – Абайдың 169 өлеңі мен үш дастанына мәтіндік талдау жасалады. Ғалымның барлық санаты ғұмырын сарп етіп, өмір бойы індетте, жеріне жеткізе зерттеп жазған абайтанудағы еңбегінің қорытындысы. Абайдың өлеңдері мен поэмаларының мәтіндеріне ғылыми түсініктемелер жазу ғалымның ұзақ жылғы табанды еңбегінің жемісі. Ғалым терең энциклопедиялық біліммен және текстология ғылымының канондық негіздерін басшылыққа ала отырып Абай шығармаларының мәтін жеріне жеткізе зерттеп, бір ізге түсіруге ұмтылған. Аталған еңбек көптеген жылдар бойы дұрыс оқылмай, өзгеріске ұшырап жүрген Абай өлеңдерінің түпкі мағынасы мен мәнін ашуға негіз болған.

## МАЗМҰНЫ

### I – бөлім. Мақалалар мен Зерттеулер

|                                                      |     |
|------------------------------------------------------|-----|
| Баймағамбет Айтқожаұлы .....                         | 5   |
| Айтыс .....                                          | 15  |
| «Әдебиет және искусство» журналындағы кейбір         |     |
| құнсыз шығармалар .....                              | 18  |
| Ығылман ақын .....                                   | 23  |
| Орыстың атакты мысалшы ақыны .....                   | 29  |
| Қазақ әдебиеті заман талабына сай болсын .....       | 32  |
| Абай музейі ұлы ақын атына сай болсын .....          | 39  |
| Латыштың ұлы ақыны .....                             | 46  |
| Ибраһим Алтынсаринның таңдамалы шығармалары .....    | 50  |
| Екі кітап. Сын және библиография .....               | 54  |
| Көрнекті ғалым – әдебиетші .....                     | 61  |
| Қаһарман қыздар .....                                | 62  |
| Жүз жасап, ғасырдан ғасырға жеткен кітап .....       | 66  |
| Баймағамбет Ізтөлін .....                            | 74  |
| Ардагер азамат. жатыңды революционер-большевик ..... | 83  |
| Көпке ортақ көркем әдеби мұра .....                  | 87  |
| Қазақстан ақындары .....                             | 96  |
| Ортақ борыш ой қозғайды .....                        | 104 |
| Ақын аға. аяулы дос .....                            | 106 |
| Сәдір ақын .....                                     | 108 |
| Нарманбет Орманбетов .....                           | 118 |
| «Екінші жалпы қазақ съезі» (1917) туралы .....       | 122 |
| Тұңғыш құрбан .....                                  | 129 |
| Алаштың алғаш құрбаны .....                          | 132 |
| Жалақорлық жарға жығады .....                        | 134 |
| Тұрлыхан Қасеңді .....                               | 139 |

### Өнер, театр тарихы туралы

|                                |     |
|--------------------------------|-----|
| Театрының жаңа ойыны .....     | 146 |
| Қазақ театрдың ойыны туралы .. | 155 |
| Қазақтың тұңғыш ансамблі ..... | 160 |
| Ертеңгінің күесі .....         | 164 |
| Жалбыр .....                   | 169 |
| Үйлену .....                   | 171 |
| Он бір белгісіз .....          | 175 |

|                                                    |     |
|----------------------------------------------------|-----|
| Қазақ театрының жана ойыны . . . . .               | 180 |
| Байырғы театр . . . . .                            | 183 |
| Республикадағы ең қарт мәдениет орталығы . . . . . | 185 |
| «Құлақтан кіріп, бойды алар» . . . . .             | 191 |
| Қамар сұлу . . . . .                               | 195 |
| Қалам ұстатып, қанат бітірді . . . . .             | 199 |
| Халық бұлбұлы . . . . .                            | 201 |
| Семей театрының тарихынан . . . . .                | 208 |
| Ұшқан ұямыз . . . . .                              | 221 |
| Өнегелі өмір, өшпес мұра . . . . .                 | 226 |
| Тамаша тарихы бар техникүм . . . . .               | 233 |
| Естен кетпес еңбегі . . . . .                      | 240 |

|                                                             |     |
|-------------------------------------------------------------|-----|
| <b>II – бөлім. Абай шығармаларына ғылыми түсініктемелер</b> |     |
| Өлеңдер . . . . .                                           | 245 |
| Дастандар . . . . .                                         | 358 |
| Түсініктер. Мақалалар мен зерттеулер . . . . .              | 368 |

*“Ел-шежіре” Қоғамдық қорының президенті  
Дидахмет Әшімханұлы*

# **ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ**

## **КӨП ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ**

### **IX том**

Редакторы – *Қанат Әбілқайыр*  
Компьютерге теріп, корректуралық салыстыру  
жүргізгендер – *Найманбаева Жұлдыз, Ислямова Жайна*  
Компьютерде беттеген – *Медет Шаяхметұлы*  
Көркемдеген – *Жамила Айдос*

ИБ 101

Теруге 15.06.2011 жылы жіберілді.

Басуға 21.07.2011 жылы қол қойылды.

Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$  Шартты баспа табағы 20.

Есептік баспа табағы 24.

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс № 129.

«Жедел басу баспаханасы» ЖШС, 050030,  
Алматы қаласы, Красногорск көшесі, 71.